

# ҚАЗАҚ ДЕГЕН КІМ?



# Қазақ деген кім?

Авторы: Болат Жайдары

email: [bolat.jaidary@proton.me](mailto:bolat.jaidary@proton.me)

## Аңдатпа

«Қазақ» деген ұғым нені білдіреді? Көшпенділер не себептен пайда болды? Еркіндік түбі қайда жатыр? Әлемдік жаһандану науқаны кеңінен жайылған кезде, еліміздің келешегі не болмақ? Жалпы, еркіндікті сүйген Қазақтың баласына қайтпек керек? Елдің ойын мазалап жүрген осындай өзекті сұрақтарға, бұл кітапта күтпеген жауаптар беріледі. Қазақ тілінде сондай тақырыптар, осы уақытқа шейін жүйелі түрде жазылмаған еді.

Бұл кітапта Қазақтың идеологиясы қандай болу керек деген сауалға жауап беріледі. Болашағын ойлап жүрген, білімге құмар, көздері ашық оқырмандарға арналады.

**2026 жыл**

[www.armanai.kz](http://www.armanai.kz)

# АЛҒЫСӨЗ

Құрметті оқырман, бұл кітапты тек шындық көзі, ия болмаса фактілер тізімі деп қабылдамаңыз. Керісінше, арманшыл автордың қиялынан шыққан фантастика іспетті дүние деп қабылдағайсыз. Бұл кітапты оқу алдында, келесі ойларға мән беріп, ойлануға шақырамын. Әр адам адасып, қате тұжырым жасауы мүмкін. Және өзінің сондай қате көз қарасын айналаға жариялап, өз ойындағы түйіндемелерін ашық түрде айтып, елге таратуына толық хақысы бар. Егер де, кітаптың ішіндегі жазылған ойларын қате деп танысаңыз, онда кітапты жауып, қоя салуды сұраймын.

Бұл кітаптың жазылу себебін айталық. Қазір адамзат, жұлдызнама кестесі бойынша, екі мыңнан астам уақыт алған «Балықтар» дәуірінен асып, келесі дәуірге аяқ басып келе жатыр. Сол жаңа дәуірдің атауы «Су Құйғыш» дәуірі. Бұл дәуір де, өз кезегімен ұзақтығы екі мың жылдан астам уақыт алады екен. Дәуірдің атауындағы «Су» дегеніміз, ағып жатқан, шеті жоқ, ұшан теңіздей ақпарат пен мәліметтердің кеңінен таралуын білдіріп отыр. Бүгінгі күні адам басына, сәт сайын, мыңдаған ақпарат көзі түсіп жатыр. Сонда, адам баласы шеті мен шегі жоқ ақпарат әлемінде қалқып та, батып та жүр. Біреулер осы мәліметтер көлемінен шаршап, әбден мезі болған. Екінші біреулер, көптеген жалған ақпарат көзіне еліктеп, адасып кетіп бара жатыр. Дегенмен осы «Су Құйғыш» дәуірі, еш қайда кетіп қалмайды. Енді адамзат осы дәуірге икемделіп, үйренуі тиіс. Сол себепті, шексіз мол ақпаратты жіліктеп, оның ішінен керегін қалай алу туралы көп тәсілдері осы кітапта жазылған. Және әр адамға, ақпарат әлеміне үлес қосып, өзі де жазып қалдырған ізі, келешек өсіп келе жатқан ұрпағымызға үлгі болуы шарт. Сол түпсіз терең және шеті жоқ ақпарат теңізіне бір тамшы болса да, өзімнің үлесімді қосуын міндет көріп, осы кітапты жазуды қолға алдым. Сол еңбегім қалай болғанын уақыт сүзгісі көрсетеді деп сенемін. Әр адамның жазылған ойлары тікелей Ноосфера жүйесіне жазылып, мәңгілік жасай береді. Ал кез келген адам баласы өзіне керегін, осы Ноосферадан сұрыптап алып жүрер, деген бек сенім бар.

Алайда, кітап ішіндегі жазылған ойлар сіздің көңіліңізден шығып жатса, осы беттің аяқ жағында жазылған ғаламтордағы сайт/ауылы сілтемісін басып, рахмет сөзі ретінде, біраз тиын тебен ақша жіберсеңіз, нұр үстіне нұр жауар еді. Осы кітап үшін берер ақша мөлшерін, бар еңбекті қаншаға бағалауыңыз, өз құзырыңызда. Көңіл бөліп оқығаныңыз үшін мың рахмет!

Тағы айтарым, сізге де келген «Су Құйғыш» дәуіріне сәйкес болу үшін осы кітапты үлгі етіп алу керек. Өзіңіздің ойыңыздағы көзқарасыңызды ашық жазуды қолға алыңыз, деп шақырамын. Осы заманда біреуден ұялып, тіпті болмаса жасқанып ия болмаса өзгелерге жалтақтап, бар ойыңызды ашық айтудан қашпаңыз. Сіз жазған кітап, келешек ұрпағыңызға тапсырған аманат іспетті үлгісі болады. *Атамыз кезінде ешкімнен именбей, батылдық танытып, алғашқы болып кітап жазды. Содан бері біздің от басымызда үнемі барлығымыз кітапті жазуды әдетке айналдырдық* – деп, айтады ұрпағыңыз. Жалпы кітапті қалай жазуға болады деген қызықты кеңес пен әдістеме үлгісі төменде берілген еді. Осы жағынан да сізге бір көмегі тиер деген, үміт бар менде.

## «ҚАЗАҚ» сөзі не мағына береді?

«Қазақ» сөзінің тегі, «қазық» деген ұғымнан шығып тұр. «Қазық» сөзінің мағынасы өте күрделі және оны алдымен тиянақты түсіндіріп, өз бойына таққан мақсатын ашу керек.

Тура аударатын болсақ, онда «ОСЬ» деген орыс тіліндегі сөз келеді. Себебі қазықты айналу бар. Мысалы жердің өз қазығы бар. Және экватордың шеңбер алаңы сол жер қазығына 90 градуспен бұрыш болып керіледі. Жердің қазығы жайлы келесі тарауда жазылған. Жердің бетінде көптеген құйынды дауылдар жүріп отырады. Олардың да ішіндегі қазығы бар және ол қазығы бір орында тұрмай, үнемі жылжып отырады. Кең Атлант мұхитында басталған дауылды құйын, уақыт өтіп, үлкен болып өседі. Артынан АҚШ жағалауына жетіп, көп үйлерін және ғимараттарын қиратып, бұзады. Бұл да қазықтың ішкі мінезінің бір қырын сипаттап тұр.

Теңізде жүзетін кезде, айналаға көз жетер аймақтың барлығын су басқан. Күндізгі аспан ашықта күнге қарап, түнде жұлдыз арқылы жүзген кеме, бағытты анықтап отырады. Сондағы солтүстік жағында қозғалмай тұрған жұлдыздың атауы «Темір Қазық». Ал енді біздің Ұлы далаға қараңыз – ол да Тынық мұхиты тәрізді шеті жоқ теңіз. Түнде дұрыс бағытты табу үшін, тағы сонау Темір Қазық жұлдызына қарап білуге болады. Енді көшпенді елдің киіз үйіне көз салайық. Әр жылдың 365 күні бар. Жылдың өзі 4 мезгілден тұрады. Барлық мезгілдің 3 айға созылатыны белгілі. Енді көшіп жүргенде қай мезгіл біткелі тұр, немесе келесі мезгілге қанша күн қалды екен деп есептеу үшін шаңыраққа қараймыз.



Шеңбері айнала төрт мезгілге бөлінген, әр мезгілдің ішінде үш айлық шекара тұр. Онысы мезгіл арасының аусуын көрсетеді. Енді киіз үйді құрғанда, Темір Қазық жұлдызына қарап шаңырақты тұрғызатын болса – жұлдыздың қай тұсына келгенін бақылайтын күнтізбе дайын тұр. Шаңырақ ұстап тұрған ұықтарға қарап, шамасымен қанша апта қалғанын, мөлшерімен есептеуге болады.

Тағы мүшел жас деген ұғым бар, жыл санауы 12 жылды құрайды. Қазақша жыл қайыру кестесі бойынша жылдар бірінен соң бірі: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз жүреді. Оған қоса аспандағы жұлдыздар шеңберін 12 теңдей бөлікке жіліктеп, әр бөлшегін арнайы шоқжұлдызға таңып атап қойған. Сонда жыл басын есептеу үшін, көктем кезіндегі күн мен түн ұзақтығы теңесетін алғашқы күнді (**Equinox**) – жыл басы деп есептеген. Қазақшалап күн сәукелесі деуге болады. Жылына екі рет теңесетін кезде күн басына сәукелесі тағылады деп айтайық бізде. Күн сәукелесін киетін Equinox кезде, аспандағы күннің алғашқы

шұғыласы бір шоқжұлдыздың тұсынан шығады екен. Дәл қазір, біз екі дәуір арасында қалқып тұрмыз: 2110 жыл бойы балықтар шоқ жұлдызынан шыққан күн шұғыласы оны қалдырып бір 20-30 жылда келесі Суқұйғыш дәуіріне көшеді. Жер қазығы өзінің кезегімен, келесі Темір Қазық тәрізді жұлдызға тағы ауысады. Бұның барлығы аспандағы жұлдыз арқылы, жылдардың мезгіл тізбегін анық көрсетіп тұр, білген жанға. Ғарыштағы барлық күн жүесінің планеталары осылай көшіп жүреді. Шамасы 2147 жылдар бойы Equinox кезде күн сәукелесі, үнемі ақырын жылжып, бір шоқжұлдыздан келесі шоқжұлдызға ауысады екен. Жылына күннің сәукелесі мөлшерімен 12 градусқа қозғалады екен. Соған қарап қай дәуір екенін білуге болады. Күннің толықтай айналым шеңбері 12 бөліктен тұрады. Солай 2147 жылды 12-ге көбейтсе 25765 жылдық мерзімді қамтыды екен. Бұл күнтізбе Темір қазық, және күн мен түн теңесетін Equinox арқылы анықталады. Сонда Жер шардың қай мезгілде болғанын аспанға қарап осылай білуге болады. Ол туралы, арнайы бір реті келгенде бөлек тарауда анықтап айтармыз.


## Жұлдыздардың қазығы не?

Енді қазықтың астрономиялық сипатына қарайық. Күн тәрізді жұлдыздар қалай пайда болады? Алдымен сан алуан газдар мен ұсақ заттар, біздің көзге көрінбейтін қазықты ғарыш кеңістігінде айналып, жинала бастайды. Сондағысы жіпті ұршықпен иіру тәрізді, осы қазыққа газдар жинала бастайды да, содан жұлдыз пайда болады. Одан кейін әр жұлдыздан шыққан күл мен шаң тозаң шашырап, оларда келесі бір көзге көрінбес қазыққа барып оралады. Солай енді жаңа планета өз кезегімен құрылады. Кей ғалымдардың тұжырымы бойынша, күннің іші бос құуыс болып тұрады екен. Соған мысал ретінде құрт болған жәндікті алайық. Артынан ақ көбелек болатынын білеміз. Құрт өзінің сыртына тордан ұя жасап алады. Егер сіз, сол торымен жабық болған құрттың ұясын сындырып, ішіне көз салып қарасаңыз, іші бос қуыс болып тұрады. Міне сондай қуыстан мезгілі келіп болғанда, бір әдемі көбелек дүниеге келеді. Тура осылай әр жұлдыздың ішінде де құуыс бар дейді. Және сондай жерден көптеген құат көзі мен тіршілікке керек химиялық элементтер пісіп, жерге қарай ұшып жатыр.



Енді планетаны айналған шаң тозаң өз кезегімен жер серігін құрастырып Ай тәрізді болады. Иә болмаса, Сатурн сақинасы тәрізді шаң түрінде қалқып, осы планетаны айналып қалады, себебі салмағы әлі қазық болу дәрежесіне жетпей жатыр. Міне осы Сатурн сақинасына қарап, мысалы

ретінде қазықтың жетілуі, ер жетуі – немесе керісінше әлсіз болып айналасына тіреу бола алмай қалғанын көреміз. Қазықтың тік тұру немесе шалқаюы мүмкін – оған кез келген оқыс құбылыс әсер етеді. Мысалы Күн жүйесі планеталардың қазықтарына қарап, барлығы қалай еңкейіп бас игенін көруге болады.



Меркурий планетасы әлі еш әсер алмай, қазығы тұп тура айналуға. Ал Жер және Марс шары паң болып, қазықтары аздап танауын көтеріп тұр. Бәлкім жүз мыңдаған жылдар бұрын, бір алып тас келіп Жер бетіне соққанда, Жердің қазығы қисайған болар. Жердің қазығы тура сол Темір қазық жұлдызына нұсқап тұр. Марс тағдыры да соған ұқсап тұр – оның бетіне де сондай бір метеорит келіп құлаған сірә. Венера (Шолпан) мүлдем теріс айналып кеткен. Бәлкім оның қазығы басынан солай қалыптасқан шығар.. Бұл жерде Плутон, Уран қазықтары шалқасынан құлап жатыр. Демек сырттан келген ауыр тылсым күші осыларға соқтығып, қазығын екбетінен жатқызған болар, кім біледі? Біздің айға қарасаңыз – ол айналып тұрған жоқ – демек ішінде қазығы тауысылып қалды ма екен? Әлде басынан болмаған да шығар? Оны келешек зерттеулер анықтап жатар. Бәлкім күн қазығы атасы болса, жер және өзге планеталар күнге еретін қазық болып тұратын шығар («Ер» деген сөздің мағынасын осы жерден білуге болады, Жер планетаның қазығы Күн күшіне тәуелді болып соның жетегінде жүреді, сол себепті ол **ЕР** дәрежесіне жетті-мыс). Ал енді Айдың қазығы болмағаны – Жердің қазығы қысыр болғаны шығар, бәлкім? Соған қоса, Күнді айналып жүрген көптеген астероид және метеориттар баршылық. Олардың өз қазығы қалыптаспаған, құбылмалы траекториясымен айналып отырады. Міне осы астрономиялық тәртіпке қарап «Қазық» сөзінің мағынасын аша түскендей болдық біз. Күндегі қазық бүкіл планеталарға жол көрсететін компас тәрізді – олардың барлығына бағытын көрсетіп тұрғандай. Айтпақшы осы компастың өзі де Жер шардың магниттік тылсым күші, қазық тәрізді болып оңтүстік пен сол түстікті көрсетіп тұрады. Қазықтың атасы болады – ол басқаларға бағыт көрсетіп, еліктеп алып жүреді. Сол ата қазыққа тәуелді, соған еретін Ер Қазық болады, ол Жер мысалы, және өзге де планеталардың қазықтары. Өз кезегімен планеталар айналасына күш салып, бала қазық дәрежедегі серіктерін қалыптастыра салады. Немесе қысыр болып Ай тәрізді қазығы таусылған немесе әуелде қазығы жетілмеген серігі болуы мүмкін. Оның мысалы ретінде Сатурн планетасын айналған шаң тозаңды айтуға болады.

## Бізге оның не қатысы бар?

Енді адамдардың Қазықпен не байланысы бар деген сауал туындайды. Көшіп жүрген көне біздің аталарымыз жер таңдап қалаған төбесіне қазығын қағатын. Осы жерді мекендейміз деп, жылына төрт мезгіл көшіп жүреді. Немесе жаңа жерге ауғанда – алғашқы болып қазықты бекітіп қояды.

Сонда неліктен көшеді екен солар? «Кедей болсаң көшіп көр» деген мақалдың өзі айтып тұр ғой, көшу деген оңай шаруа емес. Өзіңіз бір ауылдан келесі ауылға көшіп көріңізші.. Осы күні, көлік барда, жүк таситын қызметшілер болса да.. Неткен азапқа толған, қиыншылығы мол дүние. Ал жылына төрт рет көшу деген тіпті оңай емес қой. Неше мың жылдар бойы солай көшіп жүретін тұғын, біздің аталарымыз. Демек көшпенділерді алдынан еліктіріп, шақырып тұрған, ал артынан итеріп қуалаған бір шама себептер болған. Солардың бетін ашып көрелік. Жер шалғай болғаны мен сол жер шөбі ауылдың адамдарын асырай алмайтыны бәрімізге мәлім. Бидай егіп, бақшасын салып, егіндік жасауға табиғат мүмкіндігі аздық етеді. Жаздың ыстығы, маса-шіркейі, шыбыны, қыстың дауылды бораны, көктемдегі су тасқыны, күздегі даланың өртке орануы, оған қоса тағы қасқыр, жылан, қара құрт, кенесі бар. Малға даланың шөбі жетпейді, сол себепті барлық малдың соңынан көшіп еріп, қазығын жаңа жерге апарып қағу – тіршілік қамы. Өйтпесе бар бала шағасы аштан қырылады. Тіпті солай жасаған күндері – тарихтағы аңыздар мен ертегілерден білетін біз: жұт келсе көшіп жүрудің өзі сақтап қалмайды ауыл елін. Міне осылай көшіп жүретін ауылдағы жұрт өз қазығын бойына ұстап, алып жүреді. Енді салыстырмалы түрде қамал, шәр, кент, қала тұрғындарына қараңыз. Олар еш жерге көшпейді, сол бір жерде тұра береді, және де өз қазығын алып жүріп еш жерге апармайды. Қаладан қайда барып пана іздейді? Оған не қауқары жоқ, тағы шамасы да келмейді ғой солардың. Және де қаладан ұлан байтақ сайын далаға көшіп кету – төрт ұйықтаса да түсіне кірмейтін іс. Кейде ойлаймын, қала шетіне барып тұрса болады да. Қазақстан картасына қарап, өзен сулар жағасында тұрып та өмір сүруге болады. Қазығын бір жерге қағып, қозғалмай тұра берсе де болар еді немесе. Міне осыдан әр көшпелі елдің ауғанда, алып жүретін қазығына қарап білуге болады. Керісінше қала тұрғындары өзінің қазығын бір рет қағып, содан кейін оған тиіспеген, уақыт өте онысы тіпті ұмытылып кете берген. Сол себепті, қалалық жұртқа қазық деген ұғым жат келеді – оның керегі де жоқ және қолданбаған еді әлмисақтан. Ал «Қазық» деген сөзді естігенде бүгін біз оған көненің жәдігері деп қараймыз, қалада тұрып. Қабатты үйде, жылжымайтын баспанада туып өскен біз, шынымен қазықтың бізге не қатысы барын білмейміз. Керісінше біздің аталарымыз үшін, неше мың жылдар бойы осы «Қазық» ұғымы «Ар», «Намыс» тәрізді, мағынасы өте зор болған еді. Соны еске салу үшін осы кітапты жазуым себеп болды.

Әйелдің қос бұрымды шашының ұзын болу себебі де мағыналы түрде осы шаңырақтағы қазан ошақ қазығына байланғанын білдіреді. Қыз бала некелескен соң, байға тиіп балалы болғанда сол үйдің ошағына өзінің өрілген шашымен кәдімгідей байланады. Төркінін аңсап оралайын десе өз балалары бар. Арқансыз аяқ қолы байлаулы. Ал жесір қалған ия болмаса баласы қайтыс болған қатын, шашын жайып жіберетіні – сол ұстап тұрған, тіреу болып байланған қазықтың құлағанын білдіреді, шашы содан босап кеткеннің көрінісі..

Жалпы сайын даланың жаратылыс табиғаты өмір сүруге қиын болады. Сонда неліктен қаладан қашып, дала кезіп, көшіп кете берген аталарымыз, қазығын арқалап? Осы сұраққа жауап берер алдында адамзаттың көне тарихына үңілу керек бізге.

## Алғашқы қалалар қалай пайда болды?

Сонымен көз алдыңызға елестетіп көріңіз, баяғы дәуірде өмір сүрген адамдарды. Әлі қала деген атымен жоқ. Адамдар ауылдарында тұрады. Екі ауыл арасы тым қашық болған, себебі ауылдағы адамдарды асырау үшін көптеген жер керек. Аңшылық және жеміс жинаумен күн көрген ел еді барлығы. Егін егу кейін басталды. Бір ауылдан келесі ауылға жету деген қиын шаруа, себебі жер шалғай. Және барғанда не істемексің? Олардың уақыты жоқ саған қарауға. Тек жылына бір рет, бәлкім екі рет барлық төңіректегі ауылдардың бас қосу рәсімі болады. Бүгінгі тілмен айтқанда жәрменке тәрізді елдің жиналысы. Сол кезде әр ауылдағы ақсақал ауылбасылары өз ара келісіп, бір басқарма етіп базар басын сайлайды. Оған жүктеген міндеті – осы базарды толық, уақтылы дайын етіп қою. Әр ауылдың мойынына міндет салады – кім қандай заттар әкелу керек, қандай қызметшілер керек болады, және қанша орынға лайық болуы шарт. Әр істің өз мерзімі бар және сол сияқты тағы басқа шаруаларды тындыру осы базар басының міндеті.

Адамдар бір жерге көп шоғырланса, көптеген қиындықтар пайда болады, солардың тек үшеуін мысал ретінде келтірейік. Алдымен осындай көп адамға жейтін азық түлік және ішетін су керек болады. Егер ағып жатқан өзен қасында болса, онда су мәселесі өздігімен шешіледі. Азық түлік сақтайтын қойма керек. Қойманы жасаған кезде тамағы шіріп кетпейтіндей етіп жасалуы шарт. Тышқандар тәрізді жәндіктер жеп кетпеу керек. Ұрлықшыларға да қарсы тосқауыл қажет. Келесі мәселе – ол тазалық. Дәретхана, қолын жуатын арнайы жері дайын болу керек. Және де барлық қоқыс, лас заттар сасып жатпай, уақтылы тазаланып тұру керек тағы, базар 1-2 ай уақыт алады. Күнделікті тамақ ішу, жуыну т.с.с. шаруалар көптеген қоқыс тудырады. Отын керек тағы тамақ әзірлеуге, одан шығатын күлі бар. Үшінші мәселе – ол барлығын ретімен орналастыру, жол жүру ережелерін бекіту. Адамдардың өз ара қарым қатынас амалдарын рәсімдеу, және соларын мұқият қадағалауы бар. Еркектер бір бөлек, әйелдер басқа жерде. Қариялар жоғары төрде, және беделді байларға бөлек төбе керек. Кедейлерге артаманырақ жері бөлінеді. Ауру сырқаттарға тағы бөлек. Ойын сауық жері тағы бар. Жиын өткізіп бұқара халыққа қауылысын жариялау – өзге бөлек жер. Сауда жасайтын бөлек жер бөлу, қоймаларға тағы бөлек орын керек. Мысалы ет сататын жерге, саудалап қыздардың моншағымен баса көктеп шығу, ерсі көрінер. Әншілер мен музыканттарға арналған ойын сауық жүргізетін жерге барып, сиырды ешкім саумайтын шығар. Барлық келген адамдарға жататын орын керек, жауыннан қорғайтын шатыр керек, түнгі кезде малды сақтайтын қорасы тағы бар. Ол заманда ақша деген әлі жоқ болған, елдің барлығы зат айырбастап, бартері мен саудаласқан уақыт еді.

Сүйтіп 1 ай өтеді, елдің барлығы базарлап, саудаласып, келесі жылға ақылдасып, ауылдарына қайта бастайды. Базардың қазығы алынады. Ал базардың ескі орны лас болып, шөбі тапталып, қоқысы шашылып қала береді. *Базар басына рақмет, келесі жолы кездескенше сау болыңыздар* - дейді дүйім жұрт. Уақыт өте орнын шөп басады, қоқыстың барлығы шіріп жерге сіңеді. Содан айнала 2-3 жылда таза табиғат аясы болып шығады. Солай өткен көп жылдар ішінде, адам саны көбейеді. Келесі жолы базар көлемі үлкейіп, одан зорғысын жасау керек. Енді базардың қазығы мүлдем басқа жерге қағылады. Сонда көзі ашық көреген базар басылары елге ұсыныс береді: *жылдан жылға әр жерден қазығын ауыстырып, жаңа базар тұрғызып әуре болғанша, нақты бір жерді бекітейк. Сол жерде мен өз тобымен базарға қараймын, барлық керек іс шаруасын тындырамын. Сіздерге де ауырлық азаяды. Жыл бойы өзіміз бұл жерде болысып, әрі тұрғызған*

үйлерге қарап, тазалап, жөндеп қоямыз. Сіздер тек дайынға келетін боласыздар. Бәрімізге де оңай болар еді. Міне осылай, жылда жаңа орынға қойылатын базар (жаңа жерге тағы қағылатын базардың қазығы бар), өз жерін нақты бекітіп салына бастайды. Қазығы бір жерге қозғалмастай болып қағылады базардың. Сол себепті енді ағаш үйлер емес, тастан қаланатын болады үйлері мен жатын орындары. Себебі ағаш бір екі жылда шіріп кетуі мүмкін. Өртеніп қалу қауыпы тағы бар. Ал тастан қаланған үйлер көп жылдар бойы іргесін көтеріп тұрады. Міне осылай алғашқы қаланың шымылдығы ашылған екен. Ал базар басылары тұңғыш қала әкіміне айналған деседі.. Тек жаңа қала, базар үшін ғана болғандықтан, қала адамдары ауылдығыларға әлі тәуелді, себебі барлық керек жарақ құралдарды ауылдар береді. Ауыл басылары толығымен қаланың әр тұрмыс көрінісін белгілеп отыратын, ал қала әкімі бұйрықтарды орындайтын әншейін қызметші іспеттес болған еді сол заманда. Енді ауылға көшелік, сол кездегі ауылдың тұрмысына көз салайық.

## Қала болмаған кезде ауыл тұрмысы қандай еді?

Осы кездегі ауылда тұратын халықтың тұрмысына қарайық. Бірден айту керек, өмір сүруі қиын болған еді. Ауруларға шалдығуы мүмкін, табиғат жағдайы қиындатып жіберсе, жерге өсімдіктер шықпай қалады. Қуаңшылық басатын болса – малға жем жоқ. Елдің бәрі аштыққа ұрынады. Сол себепті әр ауылда көргені көп, тәжірибесі мол, қариялар ішінен бір **ауыл басы**, және әйелдерден бөлек тағы **қатын басы** болған. Солардың айтқан бұйрығы елге заң. Қыз баланы тезірек күйеуге беруге асығатын, себебі бала туу керек. Ол заманда 10 бала көтерген құрсақтан, тек 2-3 жан ғана тірі қалатын, қалғаны бала кезінде шетінеп кетеді, ауырып қалады. Ешкім қыздан сұрамаған: кім саған ұнайды, деп. Қыздың қылығына қарап, соған мінезі лайық қай еркек бар – сол еркегі байы болады. Еркегі де бос отырмайтын, оған көп жұмыс артады ауылда. Жалпы ауылда еш біреуі бос отырмайтын, бәріне сай бір жұмыс тауып береді **ауыл басы** мен **қатын басы**.

Осындайда тек көріпкелдігі бар, шаман адамдар болса, тек соларға тыныштық бұйырады. Себебі солардың атқаратын міндеті өзгеше, өзінен басқалары оны түсінбейді. Бірақ қуаңшылық шығып, немесе бір ауруға шалдығатын болса ауыл адамдары – осы шаманы өз жанымен жауап беруі тиіс еді. Егер ем-дом таба алмаса, сондай шаманды құрбандыққа шалып өлтіретін еді. Жалпы шаман болған адамның өмірі қызық болатын – ол туралы бөлек тарау арнап, кейін айта жатармыз.

Сол кездерде ауылда абақты болмаған. Егер кім де кім заңды бұзып, айтқанды орындамаса, онда ескерту береді, қамшылап жазалайды оны. Онысы көмектеспесе – ондай адам ауылдан қуылады. Бірден өлімге жазғанмен тең. Себебі жалғыз кісі, ауыр табиғат аясында күн көре алмайды. Басқа ауылдар оны қабылдамайды, жападан жалғыз жүргенде, аяғын шығарып алса, ия болмаса тұмау тиіп ауырса, ия жыртқыш аңы жараласа – қасында қарайлайтын адамы жоқ. Бірден өліп қалады. Сондықтан **ауыл басына** қарсы шығуы, айтқанын орындамау – үлкен күнә тәрізді, зардабы ауыр еді.

Ауылдағы адамдар саны аз болса, елдер бірін бірі жақсы біледі, бауырмашыл болады. Біріне бірі қамқоршы болып бала кезден үйренісіп кеткен туысқандар. Ал адам саны көбейген сайын, өз ара алыстай береді. Бірін бірі түсінбеске барып – даулар көбейе түсетін. Алайда, кімге барып шағым айтасың? Қайда барып пана іздейсің? Міне осы кезде, жоғарыда айтып кеткен қала адамдары өте зор көмек болатын. Мысалы бір ауылда суретші жігіт бар делік. Сурет салайын десе – сол рұқсат жоқ ауыл басынан. Суретші жігітке қайтпек керек сондайда? Осы кездегі өнерін сүйген дарынды

адамдар, қалаға барып сол жерден пана табуға мүмкіндік туады. Сонда, ауыл адамы базарға бару үшін жыл бойы күтеді. Барлық қызық сол қалалық жерде ғана бар. Көздері жәйнап, базарлы күні қашан келеді деп, тағатсыздана күтетін еді. Ал енді өнер сүйетін қауым жұрт, кез келген уақытта қалаға баруға асығатын. Солай ауылдың жалқауларын, қолынан басқа шаруасы келмейтіндердің барлығын, әлгі қалаға қуып та жіберетін еді.

Сол заманның адамы қауымшыл болатын. Барлық бақытты күндерін, тұған ауылымен байланыс құрып өткізген. Ал егер сен бір себептермен ауылдан қуылсаң, ондай адам жүйкесіне әжеп тәуір травма тигендей, зілдей таңба түсетін санаға. Ауылға қарсы шықтым деген сөз, жерге өзі кіргізіп жіберетіндей ауыр еді. Сондайға шыдағандар бір өліп, тірілгендей қалыпта өмір сүрген.

## Қалаға кімдер барған сонда?

Қалаға әр жақтан, сан алуан адамдар келе бастайды. Көбісі бірін бірі танымайды, сол себепті өзгелерге жанашырлықты көрсету қажет емес. Көбісі тіпті психологиялық травмасымен келеді. Әлемге өкпелі жандар қаланы паналайды. Міне осындай адамдарға енді өз ара келісім жүргізіп, бірге өмір сүру қажет. Сондықтан алғашқы әлеуметтік ауызбаша келісім шарттар пайда болады. Бірін бірі танымайтын адамдар, тіпті өзге тілді болуы мүмкін жұрт, ымдасып келісімдер жасай бастайды. Дегенмен жалпы қала да, әкім де толығымен әлі ауылдың көмегіне мұқтаж. Ал ауыл басылар өз ара келісіп, қала әкімін сайлаған заман еді алғашқыда. Ауылдағы адамдар көбінесе жазғы айларда жұмыс істеп, қыс бойы жинаған азығын жеумен күн көретін еді. Себебі қыстың күні қандай жұмыс болуы мүмкін? Ал қаладағылар жыл мезгіліне қарамай жұмыс істей берген. Солардың бір мысалы темірші ұста. Отын жағып, темірін соға береді, жыл мезгіліне қарамай. Және де қалада ойын сауық атқаратын адамдар да пайда бола бастайды. Ақындар, әнші, биші, сиқыршылар дегендей. Жоғарыда айтқандай қала ішінде көптеген жұмыс пайда болады. Азық түлік қоймасы бар, лас су мен қоқысты тазалау, ережелер тәртібі. Және де сол тәртіп бұзғандарға абақты пайда болады. Тәртіп бар жерде міндетті түрде иерархиясы пайда болады. Ең жоғарыда басқарма отыр. Одан төмен орынбасарлары, одан кейін қолбасылар мен кеңесшілер, одан кейін менеджер сымақ атқарушылар. Тағысын тағы деп, солай тәртіп кестесі құрастырылады. Ал біз бәріміз білетіндей, осындай адамдардың өз ара басқару тәртібі құралған жерде, қулы жемқорлық пайда болады. Әділетсіздік орын алып, бетпақ алаяқтар алдыға шығады. Және де адамдар бірін бірі білмеген соң, қағазға бекіту амалдары керек болады. Әр адам өзінің аты жөнін таңбасымен белгілеп, өзіне тиесілі мүлікті, құқытарын, бекітетін еді. Біреуі саудагер, біреуі емші, тағы біреуі күзетші дегендей..

Әрине, адамы көп жиналған базарлы күндері, бартер мен сауда жасау қиын болады. Сол себепті алғашқы ақшаларды іске кіргізе бастайды. Бастапқыда алтын, күміс және де өзге зерлі бұйымды заттар ақша көзіндей қарастырылмаған еді. Алғашқы ақша орнына, бір қап бидай жүретін тағы. Мысалы сіз қалаға базарлап келдіңіз. Сізде бір қап ұн бар делік. Сол қапты әкімге тапсырып, сол қала қоймасына қалдырасыз. Орнына таңбасы басылған белгі береді, мысалы сізге 50 дана сирек кездесетін, таудағы арқар мүйізінен қажалған сақина делік. Енді соны иемденіп базар аралайсыз. Керек заттарды алып, есесіне сол сақиналарды төлейсіз. Бір сақинасы 1 кг ұнға тең делік. Сонау 50 сақинаны сатып, керек бұйым заттарға қол жеткізіп аласыз. Ал сізден сақинаны алған сатушы кейін, өзі сол қоймаға барып, есесіне ұн қапты алады. Сақинаны алған қойма жүйесі қызметкері, көзіңізше сақинаны сындырып жарамсыз етеді. Сонда әр базарлы науқан басында осындай асыл

сақиналарды көп етіп жасап қояды, және әр сақинаға арнайы таңба басылады. Бәлкім, мүлдем басқаша болған шығар саудасы сол көнедегі қалада, кім біледі.. Біз мысал ретінде ғана көрсеттік сізге. Өзіңіз қиялданып, базар саудасын қалай жүргізер едіңіз, әкім болғанда? Сол туралы өзіңіз ой қозғап елестетіп көріңіз..

Енді сіз сол қала әкімі болдыңыз делік. Әр науқан сайын сайлау жүреді – егер сіз жақсы қызмет атқарып, елдің көңілінен шықсаңыз, ауыл басыларын ренжітпей, қызметін адал етіп атқаратын болсаңыз, бәлкім сізді келесі мерзімге әкім етіп бекітер. Ал егер жоқ болса ше? Мысалы әр әкім, жоғары билікке ие болады, базар барысында. Кімге қандай жақсы орын белгілеуі, әрі кімге әдемі тауарларды ұсыну, дегендей көптеген қызметшілердің барлығы сіздің басты көңіліңізге қарайды. Қабақты сәл өзгертіп біреудің саудасын молайтып, келесі буреудің жолын жабуға күш бар бойда. Қоймада қаншама азық түлік жинаулы! Бағалы заттардың барлығына өзің ие, өзің патша. Сонау көне заманда осындай билікке қол жеткізген адамдардың қаншасы адал болған екен өз ісіне? Әр әкімнің басы ауыратын ең күрделі сұрағы – қалайда осы билікті ұстап қалу еді. Осы асыл орынға таласып, сырттан келген қызғаныш көздер көп болады. Қалай барлығынан озып, басты жұлдеге жетуге болады екен? Оның да талай тәсілі мен амалдары бар тұғын, соларды бір шолып өтелік.

## Қала әкімі болу қандайды?

Бүгін біз көп естиміз, әкімді ауыстыру керек. Сонда, баяғы заманда әкімдер орынын сақтап қалу үшін көптеген айла құрастырып, таққа жабысып күн бағатын. Не істейді екен, соларды тексеріп, ретімен тізбектеп өтелік. Себебі тұңғыш қалалары, сол кездегі заманнан, бүгінмен салыстырсақ, ештеңесі өзгермеген. Сол баяғы саясат, сол іші түтін болып, қопсыған қаптың аузы жабулы.

Алдымен қала әкімі өзі ғана білетін етіп, қала жұмысын ұйымдастырады. Өзіне берік әрі сенімді адамдарды, атқарушы қызметкер етіп, әр жерге тағайындайды. Мысалы үшін, қаланың ішетін су жүйесіне бір адам қояды, әкім бұйрығы бойынша суды тазалап ұстайды, немесе ластап, бүлдіріп жібереді. Сондай болса, қала ішіндегі суды тазалау үшін, көптеген жөндеу жұмыстарын жасауға мәжбүр боласың. Тағы бір адамды қойма басына қояды, егер керек болса, қойма іші таза болып, азық түлік сақталады. Ал егер жағдай қиындаса, тесіктерін ашып, ішін дымқылдатып, шірітіп те жібереді. Не болмаса тышқан, ат-жалмандарға жем етіп, құртып жібереді. Тағы солай, көптеген шаруаға қатысты, өзі ғана білетін құпия сырларын жасырып қояды. Егер де сондай бір күн туып, ауыл басылары кезекті бір жиналыста, осы әкімді орнынан алып, басқаны тағайындаса – сонда әлгі тағынан айырылған әкімі, сенімді нөкерлеріне белгі беріп, базарлы науқанды әбден бұзып, тауарларды шіріте бастайды. Мәселе көбейіп, іс насырға шапқанда, елдің ішіне сыбыс және өсек таратады – *ескі әкімді қайтарсын! Жаңа әкім қолынан боқта келмейді ғой!* - деп, елді дүрліктіре бастайды. Содан шарасы таусылған ауыл басылар, шұғыл түрде жиналып, жаңа әкімді орнынан босатып, ескісін қайтарады. Содан құда да тыныш, құдағи да тыныш болып, ескі әкім осындай, қитұрқы саясатының арқасында өзінің орнын берік ұстап қалатын.

Енді біз бүгінгі әкімдерге көз салайық. Біздің әкімдер солай жасамайтынына кім кепіл болады? Алғашқы шәр, қала 10-15 мың жыл бұрын қалыптаса бастады десек, содан бері әкімдер өзінің осындай саясатын, уақыт өте тек шыңдай түскен тәрізді.

Және де, қаладан шыққан тағы бір сұмдық – ол ұрлық және тонау еді. Әкім соны әдейі, жасырын түрде, қылмыс топтарын дайындаған еді. Егер адамдар әкім бұйрығына келіспей қарсы шығатын болса – ұрылар тонап кетеді өзін, ия болмаса зорлық-зомбылық етіп сабап, ұрып кетеді. Ауылдан кетіп қалған байқұс, қала тұрғыны кімге барып шағымданады? Кімнен ол әділдік іздемек сонда? Керісінше, ауылдағылар ұрлық, зомбылықты атымен білмейтін, себебі барлығы бір біріне таныс, туыс келеді. Тіпті ұрлық жасаған күні – оларды барлық ауылдағылар бірден біліп, тауып алады, және тез арада сазайын беріп, ұрланған заттарын қайтарып береді. Себебі ауылда барлық дүние мүлік жеке меншік емес, елдің бәріне тиесілі. Ал қалада ұрлап алса – оны қайтару қиын болады.

Осылай адамзат саны көбейген сайын қала пайда болады, және қала ішінде зорлық көрген жұрт, алғашқы болып әділетсіздікті көріп, одан елдің ашу ызасы көбейетін болған. Ал іші жанып бара жатқан адамның, шерін тарқатуға амалы жоқ болғаны сонша – өзіне у іздейтін болады. Осылай, алғаш шарап ішу әдеті қалыптаса бастайды. Себебі шарасыз қалған қала тұрғыны, өзінің іштегі шерін басуға тырысады, бірақ өзге амалдардың бәрі таусылған еді. Соған қоса қала тұрғындары, қарызға батып, жіпсіз қолдары байланады, себебі қала ішінде ешкім бірін бірі танымағандықтан, сенім сөз жүрмейді – тек қарызға ғана күн көруге болады. Бұл енді ақшаның, адамдарға жасаған қасыретті ықпалы солай еді. Сонымен ақшаның қоғамдағы атқарған міндетін бір ашып көрелік.

## Алғашқы ақша қалай пайда болды?

Алдымен бартер арқылы саудаласқан ел жұрттың, ақшаны қолдануға көшу себептерін айтайық. Бастапқыда, сауда үшін адамдардың ұстағаны, біз білетін ақша емес. Ол ақшаны басып шығару керек. Оған соншама темір, алтын, күміс қайдан аласың? Және де жалған ақша әкелсе – онысын қалай тексермек? Әуресі мол, шығыны көп, уақытты молынан талап ететін дүние. Сол себепті, оның орнына қарыз жазылатын, адам мойнына. Қала әкіміне барып, әр адам әлгі сақина тәрізді ақша сұрайды базарлық саудаға. Есесіне мойынға қарыз жаздырады. Ондай ақшасы тек базарлы күнде ғана жүреді. Одан кейін, оның құны жоғалады. Егер сен әкім қазынасынан сондай сақина ақша алсаң – сенің мойныңа қарыз жазылады. Сақина уақыт өте сынып, жарамсыз болса мейлі, мойынға жазылған қарыз өшпейді. **Сау басына сақина сұрап** жүргені сол. Сонда сізге қалғаны тек, осы қарыздан адал еңбек жасап құтылу, ия болмаса қаладан кетіп, енді қайтып оралмайсыз. Кететін болса қайда бармақ? Маңайда өзге қаланы әлі тұрғызған емес. Келесі қалаға жетерліктей адам саны әлі сонша көп те емес. Ауылдан кеткелі қай заман, ол жерге қайтып оралу әрі мүмкін емес, бір кеткен соң. Сонда қарызға батыру жүйесі қалай істеген екен – осының бетін бір ашып алайық, себебі бүгін де осы амал-тәсілдер бізге керек болуы әбден мүмкін.

Егер ауылдың адамы қарыздар болса, онда сол қарызы толығымен ауылдың мойнына жазылған. Мысалы, бір ауыл адамы базарлап келеді қалаға. Сонда базар ішінде сауда жасау үшін, қарызға ақша алады. Саудасын жүргізіп болған соң, әлгі алған қарызын қайтару керек. Егер сол қарызды бір себептермен қайтара алмаса, онда осы қарыз ауылдың басына аударылады.

Ойға жеңіл болу үшін қиялдап көрелік. Ауылдың тұрғыны, базарға өзімен бірге біраз заттарды әкелді делік. Атап өтсек, онысы жүннен бір неше қап, аңдардың терісінен бір неше бұма, және де орманда жинаған жидектен, бес қорабы. Осыны қаланың қоймасына апарып қояды. Есесіне, сақина тәрізді ақшасын алады қарызға. Жоғарыда айтқандай, ақша орнына құнды бидай қаптары жүреді, **Баға Инварианты** ретінде. Әкелген заттардың бидайға айырбастаса неше қап шығады?

Сол сомаға тең келетін ақша саналатын. **Конвертация**, деп айтар едік бүгін. Және де бұл жерде айырбастау курсы белгілеп қою керек. Басында әкімде билігі жоқ болған соң, ауылдардың басы жиналып, базардың мерзімін бекітетін кезде, осы айырбастау курсы да белгілеп қоятын. Сонау заманда елді алдап, саудадан пайда көру деген атымен жоқ болатын еді.

Әрине бастапқыда, барлығын өзімен тасып, базарда сататын еді. Бірақ өзіңіз ойлаңыз, адам көп, базарда екі ай жүреді. Барлық заттарды бір жерде сақтау керек. Оларды айырбастаған соң, өзіне керек өзге заттарды алады. Оларды сақтау керек, үнемі өзімен тасып жүруі, күзетуі қиын дүние. Әуресі мол шаруа ғой, соның бәріне ие болу. Ал егер қаланың қоймасына қойсаң. Ол жерде жата береді, керек кезде ғана барып аласың. Кей күндері сауда жүргізбей, қаланы аралап, ойын-сауық тамашалап кетесің. Сонда қолыңда ақшаң бар болса – керек затыңды сатып ала бересің. Осылай жасаған әлде қайда тиімді ғой. Ол кезде, елді алдау деген атымен жоқ. Барлық адамдар бір біріне сене тұғын.

Енді сауда жүргізген оншақты ауылдар бар, солардың барлығы делік, өз ара саудаласып шығады. Нәтижесінде 3 ауылдың адамдары қалаға қарыз болды делік. Қарыздың барлығын қала әкімі сол тиесілі ауылдарға жаздырады. Демек осы қарыздарды өтеуі үшін, ауыл жыл бойы азық-түлік ия болмаса қызмет көрсетіп, басқа да бұйымдарымен қарызын жауып қайтаратын. Өзінің мерзімі бар. Егер кедей ауылдар болса – оның қарызын бай ауылдар өздері көтеретін еді. Әр ауыл ішінде әлгі қарызды, өз ара бір шешім қабылдап, жоятын еді. Онысы енді ауыл басының өз құзырында.

Әрине қала әкімшілігі де ауылдарға қарыздар болуы мүмкін, бірақ ауылдар толығымен қаланы қамтып отырғандықтан, қарыз мөлшеріне сай, сол көмектің көлемі азайтылып, қарызды жабуға болады. Сол себепті, қаланың ауылдарға қарыздар болуы екі талай. Тіпті болған күнде, кешірім жасай салатын еді. Себебі ауылдарға қаласы керек. Бұл жерде тағы ауылдардың өз ара біріне бірі қарыздар болуы мүмкін еді. Және бұндай жағдайларды төменде ашып айтармыз.

Қарап тұрсаң, идеалды көрініс еді сол заманда. Тек қала әкімін ішінен бір ойы үнемі мазалайтын еді – қалай тағынан айырылып қалмау деген. Себебі қала әкімінде көптеген билік те бар. Ондай билік балдай тәті – бойда қуаты бар, ақылы сау кезде ұстап қаларсың. Ал кәрілік келсе ше? Онда жолын басар туысқан керек, міне осылай өзінің тұған інісін, ия болмаса тұнғыш баласын үйрете бастайды әкім болуға. Солай алғашқы **непотизмға** жол ашыла бастады. Қолда билік болған соң, билік бар жерде міндетті түрде құлдық пайда болады. Оны баяғыда Иса пайғамбар айтып кеткен еді. Солай біздің тұнғыш қаламыздың тұрғындары көбейіп, билік күшін арам ойымен ұстап қалу заманына келіп қалдық. Ал билікте, алдаумен үстемдік жүргізген адамы пайда болса, көлеңкесі тәрізді құлдық та, өздігімен шығады екен. Сол құлдықтың шығу салдарын ашып өтелік..

## **Құлдық деп нені айтамыз?**

Кез келген жағдайда, бар жауапкершілікті біреуге беріп қойғанды құлдық деп айтамыз. Әсіресе болашаққа деген жауапкершілік болса. Мысалы сіз автобуспен бір қаладан екінші қалаға жүргелі отырсыз делік. Сондағы аман есен жетуінде толығымен көлік жүргізуші шопырға сенім артасыз. Жауапкершілік толығымен шопырдың мойынында болғандықтан, осындай да шопырға бас ұрып құлдыққа бой ұсынасыз. Егер мысалы, сіз кеме арқылы теңізде жүзген кезде, құлдыққа бас ұрып кеме капитанына толығымен бағынасыз. Кемені сақтап қалу үшін, сізді өлтіремін десе де өз еркі.

Әрине бұндай мысалдар ерсі көрінуі мүмкін, дегенмен құлдық табиғаты осындайдан басталады. Көптеген жол апатында адамдардың өлгені жайлы естіп жатамыз. Сондағы пассажир адамдары, шопырға толығымен тәуелді болады емес па. Шопырдың құлы іспеттес келеді..

Оған тағы бір мысал келтірейік тарихтан. Ұлы отан соғысы басталған кезде, нацисттік Германия 1941 жылдың аяғына таман, Советтің біраз жерін басып алады. Сол кездегі жаулап алған жердегі партизан жасақтары соғысып жүреді, диверсия жасап немістерге. Солардың жалпы саны 20 000-ға таяу жасақ болған екен. Ал 1942 жылдың көктемі біткенде, 20 мың жасақтардан, тек **екі мың** ғана қалыпты. Сондағы, 10% ғана соғысын тоқтатпаған, қалған 90% жасақтары, әр себептермен жойылып кеткен еді. Сонда артынан зерттеп, неліктен сонша ма көп жасақтар жеңілді деген де, ашқан себебі мынау екен. Көптеген жасақтарда, әр бір жауынгер сарбазы, өзінің өміріне қатысты барлық жауыпкершілігін командир басшыға тапсыра салады екен: *Мен неменесіне бас ауыртып ойланамын? Командиры бар, комиссар бар, тіпті бөлімше бастығым тағы бар. Солардың басы ауырсын ойланып. Олар менен гәрі, әлде қанша ақылды ғой. Солар маған бұйрық берсе – менде орындаймын, тіпті өлімге баруға дайынмын. Ал бұйрық болмаса – мен демалып, жата беремін.* Міне осындай көз қарастан, сарбаздың құлдыққа өз еркімен бас ұрғанын көреміз. Осы айтылған жасақтарға немістер тыңшы жіберіп, бастық болған комиссар мен командирді, бір амалын тауып өлтірсе болғаны, қалған сарбаздар қауқарсыз отырып қалады екен. Не соғыс жүргізе алмайды, не шара істерін білмейді. Тіпті оларды ары қарай іздеп жоюдың керегі де жоқ. Себебі, олар ақыл иесімен құлдық сезімде қалған – бұйрық күтіп, өздігінен дәрменсіз болып отыра береді, орманда тығылып. Олардан еш қатер жоқ немістерге, еш пайда жоқ Советтерге.

Бүгінде осындай құлдық көз қарасты, «выученная беспомощность» деп атайды. Қазақша сөзінде «**жатталған дәрменсіздік**» деп, аударсақ болады. Көптеген жұмыс орындардағы қызметкерлерге қарап, солардың құлдыққа әбден бас ұсынғанын көреміз. Солары, осындай жаттанды дәрменсіз болғаннан, ешқашан бастығына қарсы сөйлемейді. Мекемедегі кең көлемді дәрежеде не болып жатқанын, өздігінен ізденіп көруге талпынбайды. Соларға тапсырма берсең – орындайды, қалай болса солай. Тапсырма бермесең – айлық жүріп жатыр деп, жата береді мұрын боғын шұқылап. Енді осындай **жаттанды дәрменсіздікті**, бойына қалай жинап алады адам баласы, деген сұрақ келеді. Негізі соны алғашқы зерттеп, ғылыми тұрғыда кәсіби әдістемесін жасаған нацисттер еді. Концлагердегі тұтқындарға, не бір жауыздық тәжірибе жасап, жанын әбден қинаған кезде, осы **жаттанды дәрменсіздікті** қалай адамға үйретуге болады екен деп, терең зерттеген екен. Және де, бүгін сол тәсілдер жер бетіндегі әр мектептерге енгізіліп, оқушы балаларға үйретілуде. Сол туралы бөлек тарау арнап айтатын боламыз. Енді соғыстағы партизандарға оралайық.

Қарсы жауласуды тоқтатпай, нацистерге маза бермей, соғысқан 10% жасақтар қандай екен – деп қарап еді. Ол жерде керісінше, сарбаздар құлдыққа бой бермеген екен. *Командиры білсе жақсы, дегенмен оған да көмек арқтық болмас. Мен бір жағынан демеп, көмектеспесем болмайды. Мен сол үшін жүрмін ғой, білмегенін үйрену керек маған. Командир жаудың амалын байқамай қалса қайтеміз, сол себепті маған да атсалысу керек. Үнемі дайын болуым керек, командирдің жолын басуға. Ертең мен де, сондай партизан жасағын құрастырып, командир боламын! Олар ертең қай жаққа жорыққа шығады екен, бәлкім бір күні осы өзен бойымен жүру керек болар – әрі бос жатпай, мен әзір соны зерттеп келейін, пайдасы тиер бәлкім ертең.* Осылай ойлаған сарбазда, командирден бұйрық күтіп жатпай, өздігінен ұмтылып, дайындалып жүреді. Мысалы немістері тыңшы жіберіп, орталық штабты жарып жіберді делік, гранатамен. Ішіндегі командирлер тобы жарақат алыпты. Сонда осындай «сен тұр, мен атайын» деген жігіттер ешкімнен бұйрық күтпей басшылықты өздері алып, жауапкершіліктен арылмаған екен.

Құлдық деген біз ойлағандай, күшпен кісендеп, мойынға қайыс қамыт кигізу емес. Құлдықтың бастапқы себебі – адам өз еркімен жауапкершіліктен бас тартып, шешім қабылдауын ерікті, өзге біреуге бере салу, деп білу керек. Мысалы бүгін де, біздің депутаттар заңдарды қалай шығарады, білесіз бе? Көп жерде заң алдымен шетелде дайындалады. Соны біз өз елімізде ратификациядан өткізіп рәсімдейміз, болғаны сол. Бұл да өз еркімен шет елдегі ұйымдарға бас иіп, қарсы шығуға дәрмені жоқ, аса білімі жоқ, көрегендігі жоқ болған соң, құлдық іспеттес емей немене? Мысалы Дүниежүзілік Денсаулық Ұйымы бізге эпидемияға қарсы екпе ұсынды, оның залалдығын білмей жатып, бас ұрдық. Тағы сол жаттанды дәрменсіздік па? Осыны ойында ұстаған дұрыс, еркіндікті армандаған азаматтарға..

Енді біз өзіміздің алғашқы қаламызға оралайық. Сол көне заманда осындай құлдыққа өз еркімен баруға дайын адамдар көп болатын. Олар өздері әкімге барып, оған бас ұрған еді – *ағатай, әкем, көкем! Айтқаныңды орындаймын – тек мені құлдыққа алшы!* - деп жалынатын еді. Әрине ешкім бастапқыда қастандық ойлап, жаман іске баруды күтпеген еді. Ондай қастандықты кейінде ғана жасай бастады. Оған да жетерміз әлі, сол кезде айтылатын болады. Қалаға барып, өзі құл болуға келіскенде, сондағы құлдардың меңзегені мынау еді – *қайдан тамақтанамыз, бас пана тауып, қайда барып жатамыз, қалыңдықты қайдан іздеп табамыз, нендей кәсіп арқылы күн көреміз – осының барлығына бас қатырып әуре болмай, әкімге тапсырдық. Сол бізге барлық жағдайдың күйін жасап берсе, біз оған мәңгілік құл болуға даярмыз!!* - Ал кей бір қала әкімі, осындай масыл болғандарды маңайына жолатпай, қуып шығатын шығар. Тек біздің қала әкімі ондай емес екен. Керісінше, билікке әбден құныққан тажал, осындай құлдардан өзіне тіпті жасақ құра бастайды. Ұрдажық баукеспелерді, ұрлық пен тонаушылыққа жұмсайтын болады. Егер қала ішінде тәртіп бұзушылар болса – дүре соғып, қатал жазалауды осыларға бұйырады.

Бұл жерде бір әңгіменің басын ашып өтейік, құлдық көзқарасқа қатысты. Біз көп естиміз ғалатор желісінде дауыласқан екі топты. Біреулер айтады – *қазақ жалқау, қойларды бағып жүре берген. Малыңдың соңында еріп жүру жалқаудың ісі ғой* – деп. Екінші бір тобы соларға қарсы шығып – *мал бағудың өзі көп еңбекті талап ететін шаруа, қасқырдан, қорғау керек. Қысы, жазы далада.* - деп, кері дау етіп, аргументтер тізбектеп береді. Сол себепті, осы жерде еңбек еткен жұмыстың бір неше түрін атап өту керек. Жұмыстың түрі көп келеді, солардың барлығын төрт топқа бөлуге болады:

1) **Қара жұмыс** (мал бағу, көлік айдау, күзетшілік) - бұл жұмыстың ерекшелігі, басты ауыртудың қажеті жоқ. Дене бойындағы қалыптасқан әдеті бойынша қимылдайсың, ойың мүлдем басқамен қиялданып, кете береді.

2) **Орта жұмыс** (мұғалім, аудармашы, тренер, инженер, жазушы) - бұл жұмыста белгілі әдеттер бойынша еңбек етесің. Жаңалық ашудың керегі жоқ, тек басқалардың бар жетістіктерін анықтап, үнемі заманға сай әдістемелерді үйреніп отыру керек, басты ауыртып. Сол үйренгенің бойынша жұмыс жасайсың. Бір үйреніп алсаң, біраз уақытқа азық болады. Сол уақыт ішінде, қалыптасқан әдет бойынша қимылдайсың. Мерзімі келгенде, жаңа әдістемені үйрену керек болады оған, ақыл ойды қинап.

3) **Ауыр жұмыс** (ғылыми зерттеулер, табиғат, қоғам, саясат заңдылықтарын зерттеу, ел тарихын анықтау, Құдайды тану) - бұл жұмыста, қалыптасқан әдет бойынша қимылдау тіпті мүмкін емес, солай істесең - адасқаның. Керісінше, үнемі жаңа көз қарас керек. Үнемі басыңды ауырту керек.

Бар уақытың зерттеумен өтеді, бәрі білетін затқа сын көзбен қарап, жаңа қырынан назар салуды әдетке айналдырасың. Басың ойланудан босамайды.

4) **Ең қиын жұмыс** - адамдарды басқару, елді ұйыта білу. Әрине, егер басқару нәтижесінде бар елдің тұрмысы жақсарып тұрса, болашаққа деген үміті өсіп, сол адамдарды ізгілікке тәрбиелеп тұрса, жаңа өсіп келе жатқан ұрпаққа осы өнерді үйрете білсе. Міне осы еңбек, ең жоғарысы деп есептеледі. Осымен ерінбей айналысқан адамдар нағыз еңбек қор.

Жоғарыда берілген төрт топтама жұмыстың қайсысы, құлдық көзқарасқа жатады, ал қайсы еркін адамға лайық екенін, өзіңіз ойланып шешімге келерсіз.

## **Қалада алғаш билік қалай пайда болды?**

Жоғарыда айтқандай, бастапқыда қала әкімінде билік болмаған еді. Ол толығымен ауыл басылар алқасына тәуелді. Бірақ уақыт өте, адам саны көбейеді. Ауылдар да өсіп, өніп, молая бастайды. Енді ауылдар көп, сол ауылдардан қалаға, бір жола көшіп келген адамдар саны да, бір шама өсті. Алғашқы саудагерлер пайда болды, олар үнемі саудамен күн көрмек жоспары бар. Темірші ұста тәрізді, әуесқой кәсіпкерлер де келе бастайды қалаға. Оларға қызметті көрсететін, мәдени және тамақтану қызметкерлері пайда болады қалада. Енді қаладағы базарға келетін ауылдар саны, бір шама өсіп те қалды. Сондай көп көлемді қауымға, базарды ұйымдастыру оңай шаруа емес әрине. Әкімге енді бір топ көмекшілер керек. Қаланың көлемі де едәуір өсіп кеңейді.

Бірақ сол баяғы сауал, мазалай береді әкімнің жүйкесін. Қалай билікті мәңгілік етіп, ұстап қалу және мұрагерлікпен заңды түрде баласына тапсырып кету. Енді біздің қала әкімі былай ойланып, мың толғанып, бір құлыққа бой ұсынады. Онысы әлгі, жоғарыда айтқан құлдарды жұмсап, елді тонау. Ауылдар мен қала арасы алыс жер, бір неше күндік жолы бар. Жолда таулы тастары, нулы орман, сайлар көп. Осы мекенде алғашқы болып қарақшылар пайда болады. Оны жасар алдында бірінші, сыбыс пен өсек таратады біздің әкім, ел ішіне – *ой бай, алыстағы шет елдерде жауыз адамдар бар деседі, солар жазықсыз адамдарды қинайды екен. Соларға қарсы шара қолданып, қолға түскендерін, ауыр жазалап жатыр екен деседі.* Содан кейін, елдің бәрі таң қалып, соны әр жерде талқылаған кезде, біздің әкім бір шаруасымен қаладан шығып кетеді. Құлық ойлаған әкім, алдымен өзін сабауды бұйрық береді сол құлдарына. Содан түнде зарлап, айғайлап, барлық елді басына көтеріп, қалаға біздің әкім қайтып келеді. Сондағы шулаған себебі – оны жауыз адамдар тонамақ болып, сабаған екен. Әкімнің үсті басы қан жоса, қасындағы көмекшілері де аямай таяқ жеген екен. Өлермен болып, әзер басын көтеріп тұр нөкерлері. Осындай сұмдықты көрген жұрт жағасын ұстады: *Бұл не сұмдық! Өткендегі елде тарап жүрген өсек, шын болғаны ғой. Енді біз қайттік?* Елдің бәрі дүрлігіп, ауыл басылар алқасына шағымданады. Сақтық үшін кері қарымта амалдарды қарастыру керек, бейбіт елді сақтау үшін, шара қолдану керек. Міне осы кезде біздің әкім қолын көтеріп, елдің алдында ұсыныс жасайды: - *қорғану үшін әскери сарбаздарды жинап, жауға қарсы тұра алатындай, жасақ тағайындау керек. Соларды өзім басқарамын. Тек маған, әр ауылдан көмек ретінде, демеу берсеңіз болғаны. Өзім зұлым қарақшыларды тауып жазасын беремін. Енді біздің жаққа келмейтін дей етіп, қуып жіберемін. Олардан өш алуға көмек беріңіз ағайын!*

Бұндай сұмдықты алғаш көрген ел жұрт бірден келісіп, ауыл басы алқасына ойлануға мұрша да бермеді. Солай әр ауыл енді, міндетті түрде, қалаға әскери жасақты қамтамасыз ету үшін, салық төлейтін болды. Ондағысы елге қорған болып, аспанымыз ашық болсын, сауда қайырлы болсын деген үміт еді. Бірақ сезген шығарсыз, біздің әкім бетпақ болғаны сонша, елге соны қамтамасыз етемін деп, уәде берген. Алайда, іс жүзінде керісінше, ауыл адамдарын тонап, әрі салық көлемін жылдан жылға көбейте берген. Күндердің бір күнінде, қаланы қоршайтын, тасты дуал жасатады. Басында жабайы аңдарға қарсы, кішігірім қаша болған еді. Енді міне сырттан тиген жау, бірден сындыра алмайтын, қыштан қаланған биік жар, салғыза бастады қала тұрғындарына. Кіре беріс жерде алып қақпа және күзетші сарбаздар қойылатын болды. Енді әкім рұқсат бермесе, қалаға кіру мүмкін емес. Ауыл басылары рұқсатпен кіретін болды қалаға. Осылай, салпаңдап жүрген біздің әкім енді қаһарланып, елге бұйрық беруді дағдыланды. Билік құрғұр не істетпейді адамға. Солай, атадан балаға құпия түрде, билік табиғаты үйретіліп, ұрпақтан ұрпаққа баяндалып, ауыса береді. Неше буын өтсе дағы, қала әкімі айнала ауылдарды қалай билеу керек саясаты, уақыт өте шыңдала беретін еді. Ауылдың адамдары аңғал болған соң, ешбір құлықты ойламай, сол әкімнің қандай зымиян екендігі, елге беймәлім болып қала береді.

## **Ауылдар енді қалаға қалай тәуелді болып қалды?**

Ауылдарды енді қайтып билесем екен, деген ойымен біздің әкім, атасы мен бабасы үйреткендей, ауыл арасына іріткі салып, біріне бірін айдап салатын болды. Өзіне ұнаған, ауыз жаласқан ауыл басыларымен келісіп отырып, соларға жеңілдік береді. Соларды көп ешкім тонамайды. Тонаса, қарақшыларды тез тауып, жазалап, зорлықпен алған мүлкін қайтарып береді. Ал егер ауылбасы, қасарысып келісімге бет бұрмай, аттың басын кері тартса, ондай кезде біздің әкім, сол ауылдың адамдарын жиі тонап, қалаға кіргізбей, және әскерді жабдықтауға арналған салықты ауырлатып жібереді. Міне осылай көптеген маңайдағы ауылдарды бағындырып, өзіне қаратып алады. Және де осы саясатын, өз баласына да үйретіп билікке қосады. Солай жылдар өтеді, ауылдар саны көп болады, елдің барлығы әкімнің қылығына үйреніп, кей бір ауылдары келіседі, кей бірі алысады. Елдің өмірі дария тәрізді, ағып кете береді.

Ауылдарға билік үстемдігін жүргізу үшін, тағы салықтарды көбейтетін болды. Енді салығы көп болғаны сонша, ауылдар толығымен қарызға әбден батып кетеді. Әкім болса, қарызды қайтаруға алғашқыда талпынбайтын. Тек әр жиналыстарда бәріне ескерту жасайды: *сол қарызды ұмытпау керек. Аталарың төлемей кетген еді, енді соны қайтаруы ұлдарына, мына сендерге жүктеледі! Өздерің білетіндей осы салықтың арқасында, әскери жасағымыз істейді. Олар болса бізді ұры қарылардан құтқарып, елге шет жақтан келген қарақшыларды жолатпай келеді. Бұл салықты сіздердің қауіпсіздік үшін жинаймыз. Өткен айда мысалы он бес қарақшыны ұстап жазаладық, бұл деген прогресс!* - деп өтірікті көпірте береді. Ал ауылдағылар сол «сен тимесең мен тименің» әлегімен, бұл сөздерді елемей көніп, жүре береді. Әкесі қарызды төлемеген, ұлдары тіпті қолын сермеп, үндемей құтыламын деп, қояды ішінен.

Бұл жерде тағы, ауылдардың өз ара, бір біріне қарыздар болуы мүмкін еді. Ондай кезде ауылдың басылар алқасы, өз ара ақылдасып, бір шешімге келетін. Тек кейін, ауылдардың саны көп болған кезде, әкімнің саботаж жасаған, қитұрқы теріс әрекеттерінің кесірінен, ауылдар өз ара келесімге келе алмай, шарасыз болған соң, сондай қарыз даудың шешімін, әкім өз құзырына бұрып алады. Мысалы «Сары емен» есімді ауылы, «Қара бұлақ» ауылына 100 қап бидай ұн қарыз делік. Олар

ортақ шешімге келе алмай қалды, араздасып. Онысы әрине әкімнің теріс ықпалынан деп білеміз. Сонда әкім өз құзырынан, әлгі қарызды «Қара бұлақ» ауылына өзім қайтарамын деп уәде береді. Онысы әрине өтірік, себебі барлық ауылдар қалаға қарыз еді ғой. Сондағы «Қара бұлақ» ауылы, қалаға 750 қап бидай қарыз делік. Әкім осы қарыздан 100 қапты өшіріп қояды. Міне осылай енді «Сары емен» ауылы, басында қалаға 310 қап бидай қарыз болса, енді соған тағы 100 қап жазады. Былай қарасаң, ауамен саудаласқан тәрізді көрінеді. Бірақ қарыз деген ұғымды, ауылдың жұрты жоғары құрметтеген, осындай саясатқа қарсы тұралмай қалған.

Осынша көп қарызды, ауылдар қайтара алмайды, деп көрінер бізге. Дегенмен, біздің әкім өзіне керек саяси өзгерістерді енгізерде, кей беделді ауыл басыларымен жеке сұхбаттасып, қолдауына келісімін алады, есесіне мойындағы қарыздың мөлшерімен азайтуға уәде береді. Жылдан жылға көбейетін қарызын азайтуға мүмкіндігі туған ауыл басы, еш қулықты сезбей келісе кетеді. Солай көпшіліктің дауысын алдын ала жинап алған әкім, ұсыныстарын жиналыста жәрия етіп, қолдау сұрайды кеңестен.

Сондай жаңа жобаларының бірі жарыстарды өткізу болатын. Айналадағы ауылдарға жар салып, жарысқа қатысуға шақырады. Бір жағынан елге ойын сауық, екінші жағынан ауылдағы еті тірі, білекті азаматтарды және қылықты қыздарды қалаға қарай шақыру. Бас жүлде ретінде көптеген сыйлықтар ұсынылады. Егер ауылдан шыққан батыр жеңіске жетсе, ауылдағы қарызы, сәл болса да азаяды. Сонымен айналадағы дарынды жұртты, өзінің қасына жинай бастайды біздің әкім..

Ауылдан алғаш қалаға келіп, жеңіске жеткен ер азамат, елдің мақтанышы болады. Ол жеңісі адал болды ма, әлде біздің әкім қабағымен ымдап, қазылар алқасына белгі беріп, әдейі жеңісті әперді ма, кім білсін. Әйтеуір, өзіне ұнаған белсенді қыздары мен ұлдарына жеңісті әперіп, қошаметіне жаудырады. Ал енді, соншама құрметке ие болған азамат, өз ауылына барып не істемек? Ауылда оны ешкім еркелетіп, жеңіп алған жүлде иесі деп пысықрмайды. Ауыл басы керісінше, оған көп жұмысты істетіп, сабасына түсіру керек деп қинайды. Жарысты әперген әкім болса, жеңімпаз ер азаматтың өзіне шақырту хабар береді – *келсең жарылқаймын, көптеген тамашалар сені күтіп тұр* – дегендей. Ондай жарнамаға кім болсада, келіспеу тіпті қиын ғой. Солай айналадағы ауыл елінен, мықты деген адамдарды қалаға жинаумен болады, біздің әкім. Содан, ауылдар саны тіпті көп болды, сол ауылдардың қарыздары да өсіп жатыр. Қалада өңкей жастар әскерде шынығады. Дайындық жасап, ешкім ауылдағыдай ауыр жұмыс жасамайды. Бос уақыттары көп, неше түрлі ойын сауықтар болады. Шарап ішу тағы бар.

Кеңселік құжаттарын толтыру көп жүреді. Ақша да енді күнде жүріп отырады. Баяғыдай, сынып қалатын мүйізден жасалатын емес, енді темірден қағылған теңгелер қолданатын болды. Әр темір теңгеде әкімнің таңбасы бар. Десе де темір ақшаның құны сол баяғы бір қап бидаймен өлшенеді. Бидай қабы бұл жерде «**баға инварианты**» деп аталады, экономикалық терминдерін қолдансақ. Сондағы алтын немесе күміс қашан қолданысқа ие болды, деген сауал туындайды. Әрине біздің қала әлемдегі жалғыз қамал еместі. Алыстағы елді мекендерде өзге де қалалар салынып, соларда өсіп өніп келеді. Мынау енді ауыл арасы емес, екі қала арасындағы базарлар ортасында жүретін саудаға қатысты, алтын мен күміс қолдана бастайды, себебі екеуі де уақыт өте тозбайтын металл екенін елдің барлығына аян. Және екі қала арасы тым қашық, сол себепті өз ара сауда жүргізетін болса, тек **дифицит** тауарларды ғана әкеледі. Қаласы болмаған кезде, ауыл адамдары өзіне керек дүниенің барлығын өздері жасаушы еді. Ал қаласы ашылғалы бері, кей заттарды қаладан барып, іздеп тауып, сатып алатын. Сонда, көрші қаланың базарына қандай заттарды апарасың? Не үшін сонша жерге сандалу керек? Сол кездің адамы қарапайым, тіпті қаладағылардың өздері ауылдан

шыққан еді. Не қызық іздеп барасың сондай қашық жерге? Жолы жоқ қыста, көктемде. Жаздың аяғында бір мезгіл болады, сол кезде ғана жолы ашық. Егер іздегені өздерінде жоқ дүние болса ғана. Ал ондай дүниені сатып алу үшін, тағы әлгі **баға инварианты** болған бидай қап өлшенеді. Және де, қапты өзімен бірге көтеріп жүрмейді – орнына алтын және күміс төлейді. Алтын сирек кездесетін, сол себепті көп елде күміс теңгелер жүретін.

Әрине біздің әкім зерек ақыл иесі болған соң, өзге қала әкімдерімен сауда жүргізіп, өз ара қарым қатынасты ұлғайту шараларын қолданады. Соның ішінде құдаласу. Қыз алысып, ұлды үйлендіру амалдары болатын. Соған қоса тағы, өзге қаламен келісіп, арнайы заттарды таптырмайтын етіп, қолдан **дефицит** жасап қояды. Содан екі қала арасына жол салынып, ережелері бекітіліп, алғаш заңдар пайда бола бастайды. Қарап тұрсаң әкім енді патша тәрізді билік иесі болды. Кім патшаға қарсы шығалады, ауылдағы адамдар ішінен? Міне осы кезде әкімнің билігіне таласып, бір қарсы шыққан құпия топ бар екен. Оларымыз, жоғарыда айтқан шамандар болатын. Осылай шамандар мен әкімдер арасындағы билікке таласы басталды.

## Алғашқы дін қалай пайда болды?

Шамандар туралы айтпақ бұрын, алдымен сонау кездегі, алғашқы адамдардың сенім-нанымдары туралы айту керек. Адамдар табиғатпен етене жақын болған соң, солар түрлі заттарға сыйынып, табынатын еді. Отқа, суға, тасқа, құстарға, аңдарға дегендей көптеген пұттары болған. Дегенмен осы кең көлемді нанымдық жүйесі, толығымен өз ара гармонияға ұмтылып, үйлесімдік жағына қарай бағытталғанын барлығы ішінен сезетін. Сол себепті, сенімге бола ешкім таласпайтын еді. Егер өтініші орындалмаса – демек табиғаттың заңы сондай. Және де, ішкі сезімі артық дамыған, аян қабылдайтын, көпшілік сезбеген үрдістерді алдын ала болжай алатын адамдар, елдің ерекше құрметіне ие болатын еді. Олардың не бір атаулары бар. Шаман, бақсы, көріпкел, тәрізді әр түрлі есімдерге ие. Осы жерде бір мысал келтірейік, Африкалық тайпаның қандай тәсіл қолданғанын, ғалымдар зерттеп жазып алған екен. 10-13 жастағы балаларды ауылдан алыс, адам да жүрмейтін жерге апарды екен. Әр баланың қасына, бір қария шалды қосып қояды және әр бала өзгелерден бөлек жүреді екен. Өз ара сөйлеспейді мүлдем. Аң аулайды, жеміс жидек жинайды, күнде өтеді, тек ұйықтағанда көрген түстерін, осы бала шалға айтып беру керек екен. Шал болса, сол айтқан түстегі оқиғаларды суреттеп, жазып қояды екен бір тастарға. Және де, осы түстерді бала жорып беру керек екен өз білгенінше. Содан бір ай өткен соң, барлығы ауылға қайтып келеді екен. Енді ауылдағы қария ақсақалдар, өз ара күнде не болып жатқаны туралы ақылдасады, жаңалықтарын айтып отырады. Егер осы болған оқиғалар ішінде, әлгі балалар жорыған түстеріне ұқсаған оқиға кездесетін болса – онда шал дауыс беріп, өзге қарияларға айтып береді осы жайлы, және салған суреттерін дәлел ретінде ұсынады. Содан барлығы ақылдасып, түстің жоруы дұрыс па, жоқ әлде қисынға келмейді ма деп, тексереді. Міне осылай өздерінің арасынан, көріпкелдік қасиеті бар әр жастарын іріктеп алады екен.

Енді баян қылған ауылдарымызға қайтып келейік. Шаман өтіріктің табиғатын жақсы сезеді. Сол себепті бір ауылдың шаманы біздің әкімнің қитұрқы амалдарын іштей біліп, қарымта амалдарын ойластырады. Ашық түрде жарияламай, алдымен жақсылап қамдану керек деп шешеді. Өз әдеті бойынша, сұрақтарды тізбектеп дұғасын оқып, пұттарынан сұрайды, түсін көргенде ішінен өзіне жауаптарын, аян арқылы күтеді. Бұл жерде, аян арқылы жауаптары келді ма, әлде өзінің ақылы

жеттіме, оны білмейміз әрине. Дегенмен, шаман қандай амалдарын ойластырғаны жайлы айтып өтейік.

Шаман, әдеті бойынша, кезекті бір жыр өлеңді дайындайды. Және де сол жырында, айналадағы болып жатқан оқиғаларды тізбектеп айта бастайды. Және де қаланың тұрмысын сипаттаған етіп, қала әкімін мақтап көрсетеді. Және, әкімге лайық қандай шаралар атқару керек екенін көрсетеді. Ішінде мысалы, әкім жақсы боламын десе, су рұхына сондай затты құрбандыққа шалу керек деп қояды. Қайтыс болған өлгендерге тағзым ету рәсімі етіп, кәрі еменге мынандай заттарды апарып қою керек, және де осындай бір жерге зиярат ету үшін, адамдарға арналған, бір алып тас орнату керек деп қояды. Егер соны істесе, табиғат рұхы демеу береді барлық елге, ал егер жасамаса, ол біраз шығынға батады-мыс. Алдымен, әкімге қиын емес тапсырмаларды жүктейді жыр арқылы. Біздің әкім, ойында еш жамандық сезбеген, өтініштерді орындайтын болады. Орындағаны үшін шаман оны мақтай түседі, мақтағанды кім жек көрсін? Солай уақыт өте, жырлар арқылы шаман, өзге шамандармен келісіп, тапсырмаларды ұлғайтып, ауырлата бастайды. Ал әкім енді бастарта алмайды, себебі көп жылдар бойы, елдің барлығы үйреніп қалған еді. Әдетке айналғаны сонша – елдің бәрі күтеді. Ал, қалай қарсы шығасың енді? Бір күні әкім өзі барып, шаман қариядан кеңес сұрайды:

*- Рухтардан демеу алған, аса құрметті шаман атасы! Күн жарық! Әлгі сізге аян болып келген зиярат ету тапсырманы орындау, маған қиын болып тұр. Бұл міндеттен қалай бастартуға болады екен?*

Сонда шаман жауап береді:

*- Көптеген ауылдарды қамқорына алған, аса беделді қаламыздың әкімі, бар болғайсың! Сенің өз мойыныңа жүктелген міндет ауыр екенін, баяғыдан білеміз. Ондай ауыр жүкті өзі шаршамай көтеріп жүруге, кімнің күші жетеді дейсің? Осы еңбегіңді ардақтап, саған демеу беруге киелі рұхтар атынан, көмек келгелі тұр. Бұл зиярат ету міндетті солай қабылдағайсың, батырым! Сенің арғы бабаларыңнан бастап әкің марқұмға дейін, бір де біреуі еш рәсімді өткізген емес еді ғой!.. - деп көзінің бір қиығын әкімге қарай салды шаман.*

Әрине өткізбеген, себебі алғашқы тапсырыстар, тіпті қиын емес болған бастапқыда. Содан кейін келесі әкім келгенде, тапсырмаларды аздап қана, қиындатып қойып еді. Оны атасы да қиналмай атқарған еді, сол үшін шамандар алқасынан, көптеген мадақ сөздер естіп кеткен еді. Әкім басын иіп төмен қарады, атасын есіне алып. Біздің шаман сөзін ары қарай жалғастырды.

*- Әкеңде марқұм көп еңбек атқарып еді кезінде. Неткен дарынды адам еді шіркін, десеңші. Өзің қарашы саған қандай керемет дамыған елді қалдырды, сеніп қалдырып еді. Ал асыл әкеңе қарап, бізде қуанып едік, рұхтарға өз атымыздан неше мың тағзым жасап, жалынды дұғаларымызды бағыштаушы едік. Мен түсінемін әрине – саған оңай емес, дегенмен өзің ойлап қарашы – ертең осының бәрін анау, өсіп келе жатқан тұңғышыңа аманат етіп қалдырасың. Сонда рұхтардың саған деген батасы керек болмайды ма? Ал егер зиярат ету міндетіңнен толық бас тартатын болсаң, қаланың тағдыры не болмақ? Осыны да ескеру керек. Көп түкірсе көл болады ғой, елдің қарғысы деген оңай емес, шырағым!*

Оған қоса тағыда біздің шаман, әкіммен алдын ала келісіп алған еді – елдегі тарихи жазбаларды жүргізуге рұқсат берсін деп. Солай қала ішінен орын тағайындап, қағаз және қалам алып, біздің шамандар болған оқиғаларды жаза бастайды. Сол жерде әрине әкімді мадақтап, аспанға көтеріп, көпіртіп, мақтау сөздерді, аямай жазатын. Бірақ қасына әдейі орын қалдыратын. Кейін әкім жасы

қартайған шағында, ауырып өлген соң, шамандар сол сақтаған жазбаларға әлсін әлсін өзгертулер енгізіп, өзіне керекті сөйлемдерді қосатын болған. Мысалы, жыр арқылы әкімге түрлі зиярат ету тапсырмасын береді – бұлақ басына тас орнату керек деп. Әкімге оны орындау тіпті қиын емес – нөкерлері мен құлдарына тапсырма береді – олар барып, тасты орынға қойып береді. Ал енді сол тасқа әкім өз таңбасын басу керек, деп қояды шаман. Оны да орындайды әкім. Содан уақыты өте шамандар, жазбаларына бір сөйлем қосады, осындай жылы әкім тапсырма жазып кетіп еді бізге, соны уақыты келгенде жариялайсыңдар деп. Сол тапсырма бойынша, тасқа осындай сөзбен жазу қалдыру керек: - *мен осындай да, осындай әкім, бұл таспен рұхтарға зиярат ету үшін, осындай амалдар жасап едім. Соның арқасында маған, осындай керемет көмек демеу болды рұхтардан! Келесі әкімдерге айтар аманатым – осындай рәсімдерді үзбей жасау керек, сонда билік тізгіні қолда берік болады..*

Осындай тәсілдермен, шамандар тамшылатып қойып, өздеріне керек тарихты жазып отырған да, өздеріне лайық емес тарихи жазбаларды мұрағаттардан алып, жойып отырған еді. Жылдар өтеді, енді ел жадысына әбден сіңіп кеткен амалдар, әдетке айналып болды. Және де, тарихта ешқашан әкімдер жасамаған рәсімдерді, толығымен әдетке айналдырып, *сенің аталарың осы әдеттерге берік болған еді!* - деп, әкімнің құлағына әбден құйып қояды, бала жастан. Ал енді жасамай көр соны.

Осылай, біздің әкім басы аңдамай, шамандар алқасына тәуелді болып қалғанын, өзі де байқамай қалды. Міне осы сәттен бастап, шамандар мен әкім арасындағы ірі байлыққа деген бәсекелестік, тайталас басталды. Шамандар ашық түрде әкімге қарсы шықпаған тіпті. Керісінше, тамшылатып құлағына құя береді өз мүддесін ойлап, құя береді. Осы әкім құлақ аспаса, келесі әкімге айтатын болады. Солай жылдар өтіп, шаман көптеген діни тарауларын ашып, елдің бәрін өзіне қарататын болды. Және де діни ағымдар өте көп, барлығында өздерінің табынатын кие пұттары дайын тұр. Шамандар алқасы өз ара келісіп алған еді. Бір ауылда құстарға табынады. Келесі ауылда аңдарға табынады. Солай барлық пұттарын, әр ауылға таратып берген шамандар, өз билігін елге жүргізе бастайтын болды. Содан бір күні, бақсы біреуі жар салады – *маған аян түсті! Әкім біздің рұхқа осындай амалдарды жасау керек, сонда бәрі жақсы болады* - деп қояды. Екінші ауылдық шаман келесі күні, өзге бір дауыс шығарады – *біздің рұхқа әкім осындай зиярат жасау керек еді, сонда көптеген жақсылық келеді елге!*

Біреуін естісе, біреуін естімей қалады әкім. Солай егер қала мен ауылдағы жағдай жақсы болса – онда әкімнің жасаған рәсімін өте дұрыс деп жариялап, елге жар салады: *Әкім жарады! Осындай аянды жерге тастамай, зиярат етіп еді – міне нәтижесін бәріміз көріп отырмыз! Рұхтарға өз басымен құрмет көрсеткені үшін, көп рахмет айтамыз! Және де лайым осы жолдан таймасын деп тілейміз!*

Ал егер де, жұртқа бір кесапаты бар қасіретті күндер туса, онда шамандар алқасы, барлық күнәні әкім мойнына жүктеп: - *біз айтқан едік, бірақ әкім құлақ аспады сөзімізге, сол себепті рұхтар бізді жазалапты мыс.. Аспан қаһарына тап болдық, енді содан аман қалу үшін көптеген сондай амалдарды жасау керек шұғыл. Бірақ біздің әкім осыған батылы жетер ме екен?*

Ондағысы, өте құпия және өте жасырын саясат жүргізгені. Шамандар еш қашан біз деп, алдыға шықпайтын, әрдайым тек әкімді алдыға тартады, егер жолы болса *кім жасады? Әкімі жасады! Шамандар емес, рұхтар қолдады.* Ал егер жолы болмай қалса, *кім кінәлі? Әкім өзі кінәлі, себебі рұхтарға дұрыс зиярат етпеген, амалдарын салқын көңілімен жасаған. Оларға керекті құрмет*

*бөлмеген еді* деп, шамандар өздері шетте отыра беретін, көзге көрінбей. Ал ел дүрлігіп шығатын болса, шамандар әкімге ақыл айтып, елге уағыз жүргізіп, жуып шайғандай, әкімді ақтап алатын, ел алдында. Есесіне әкім, шамандарға сол көмегі үшін қарыздар болып, әмірін жасауға мәжбүр болады.

Құдайға шүкір, сол кезде табиғаттан да, аспаннан да еш зиян болмаған соң, адамдар бейбіт және берекелі өмір сүрген еді. Өздері аңғал, және іші мейірімге толы, пейілдері адал болатын. Соның арқасында бұл жерде, адам саны тіпті көп болып, өскені сонша – енді оларға тамақтанатын азық түлік көзін, көп жасауға тұра келді. Міне солай, егіншілік дәуірі басталып, жаппай барлық жерде бидай егуді қолға алатын болды.

## **Егіншілік науқаны дінге не қатысы бар?**

Дін басындағы шамандар, биліктің тәтті дәмін сезіне бастаған еді. Бірақ елде азық түлік тапшы. Тойып жеу деген әлі мүмкін еместі, тіпті кей жылдары қуаңшылық басып, аштық болуы мүмкін. Ауру сырқаттары да азаятын емес, адамдар 40 жасқа жете алмай, не бір аурулардан өліп жатады. Мысалы, суық күндері аяғы суда жүргенін, жас кезінде сезбейді, ал 40 жасына келгенде, бойына жиналған суығы шыға бастайды, жүруге шамасы жоқ, жатып қалса егер, ондай адамға қарайтын көмекші жоқ. Сол сияқты аурулар көп заман еді. Медицина атымен жоқ, қайтсын енді. Ал тамақ жетпей жатыр бәріне. Бұл билік басында отырған әкімге де, және жасырын билік иесі шамандар алқасына да ауыр күндерді әкелуі мүмкін. Ондай кезде билікке ешкім қарамайды, сонша жылдар бойы тұрғызған иерархияны тас талқан етіп, жоқ қылуы мүмкін. Қайтпек керек сонда?

Бұл жерде айта кететін жәйт – ауыл арасында, кей бір адал пиғылды шамандар болған еді, олар билікке мүлдем қызықпайды, керісінше табиғат заңдарына бар ықыласпен көңіл бөліп, алғашқы заманның ғалымдары, іспеттес болатын. Олар өздерімен өздері, ауыл сыртында ғұмыр кешіп, әрі елде болып жатқан саяси тартыстарға қарамайтын еді. Және де көптеген сиқырға толы істер мен жаңалықтарды осылардан көп көретін, ел жұрт.

Жалпы шаман атағын алу оңай емес тұғын, сол кезде. Кез келген, кім көрінген, өзін шаман деп, айта алмайды. Айту аз, ел сену үшін оған дәлел керек – онысы бір неше рет сиқыр көрсетіп, елді тамсандыру. Және де бір көрсеткен сиқырды, уақыты келгенде қайталап көрсетуі шарт. Көрсете алмасаң шаман атағынан айырыласың. Ондайда ауыл адамдары сені бірден ауыр жұмысқа салып қояды. Ел қатарлы демалыс көрмей, сол ауылдың күйбең тіршілігімен әлек болып өтеді ғұмыры. Сондықтан, бей жәй ешкім өзін шаман деп атамайтын. Бірақ, кей бір адамдарда арқасы қозатын болған соң, сиқырларды көрсетуі мүмкін еді. Ол кезде елдің барлығы аңғал, сеңгіш келеді. Сол себепті, сиқырды көрсету қиын емес болатын, тек оған әр адамның мінезі лайық болу керек еді, себебі үнемі елді алдау мүмкін емес, оған ешкім шыдамас еді. Табиғатынан онда бір қасиеті бар адамдар ғана, шаман атағына лайық бола алатын. Және шаман атағын, өз баласына ол мұра етіп қалдыра алмайды, елдің көзі қырағы – алдағаныңды бірден сезіп қояды. Сондықтан, шамандар біріне бірі сыйластықпен қарайтын. Және де, өз ара таласу болмайтын еді. Егер сенде бір қасиет болса, өзіңе лайық пұтты таңдап, соның рұхына дұғаларыңды оқи бер, ешкім сенімен қарсылық бәсекелеспейді. Таласқа түспейді, бәлкім сенің рұхың мықты шығар, кім біледі? Шамандар саны да көп емес, басы көпшілігі ақсақалды қариялар, оларға қанша ғұмыр қалды дейсің? Сол себепті біріне бірі қамқор болуға тырысатын. Ел алдында сынап тұрмайды.

Міне осындай, ауыл сыртындағы шын пейілді бір шаман, елдің қамын ойлап, алыстағы жерден бидайдың бір түрін алдыртады, соны әр түрлі жолдармен зерттеп, жемісін мол қылатындай егін салу тәсілдерін ойлап табады, және соны елге айтып, көрсетіп, үйретіп береді. Шамандар алқасы алдымен соның пайдасына көздері жетеді. Нәтижесін өздеріне лайық етіп жасау үшін солары бір амалдарды ойластырып, жырлар жазып, елге тарата бастайды. Ондағы ойлағаны мынау еді: *Ау, ағайын сүйінші! Әкім көп жылдар бойы жалықпай жақсы зиярат еткені үшін, бәленшей атты рұхтың көмегі келді біздің елге! Енді міне, сендер барлығың егіншілік науқанына жаппай кірісіп, дәнекттерді бір арнайы тәсілімен отырғызу керексіңдер. Содан ерінбей еңбек ету нәтижесінде, бізге керемет жемісі нәсіп болады. Бұл деген түгеншей рұхтың көмегі деп біліңіз. Сол себепті, жемістің бір қомақты мөлшерін рұхтарға бағыштау міндет екенін ұмытпағайсыңдар! Ал енді барлықтарың шаршамай, іске бастаңдар, халайық!!*

Сүйтіп елді егіншілікке баулу науқаны басталады. Басында елдің барлығы әр түрлі істермен күн көретін еді, аңшылық, балық аулау, кішігірім мал шаруашылығы, жеміс жидек жинау, аздап егін салу дегендей. Ал бұл жолы, шамандар барлығын тастап, тек егіншілікке аусу керек деп жұртқа насихаттайды. Және де шынымен, бір неше жыл ішінде, жемісі мол болғанын сезген шамандар: *осының барлығы еңбек арқасы ғана емес, бұл жерде біздерге көмектескен киелі рұхтар көмегі бар. Сондықтан жемістің жарты бөлігін сол рұхтарға қайтару керек!* Деп уағыз айтады елдің бәріне. Ал өздері соған, көлемі зор қоймаларды дайындауға әрекет жасап, әкімді тартады ортаға: – *Біздің рұхтар саған көптеген молшылық әкелетін болды, барлығын сақтай алатын қоймалар дайындау керек шұғыл түрде. Және, қоймалардың ішіндегі азық түлікке ешкім тиіспеу керек, себебі оның иесі киелі рұхтар!! Біз өзіміз айтамыз, оны қалай жұмсау керектігін. Онысы ғайып әлемінің сыбағасы. Біздей тірілерге оған көз салу, күнә болады!!*

Әкім шамандардың бұйрығын орындауға кіріседі. Себебі қоймалары қалада ішінде болады, оған күзетші өзінің нөкерлері. Арманы сол ғой, тамақ тапшылығын жою. Аңғал адамдарға ол қай рұх екені бәрі бір, әйтеуір аштықтан құтқарса болғаны. Солай елдің барлығы атсалысып, егіншілікке көшеді. Құдай жарылқап, бір неше жылдар ішінде, жемісі мол шығатын болады, егін салған сол бидайдан. Және қуанышта шек жоқ, елдің барлығы өз еркімен, сол жемістің төл жартысын қала қоймаларына өздері апарып тапсырады. Қалған жартысын өз ара ауылдастар ішінде тең бөлісіп, шат шадыман күйге енеді. Аса ырымшыл адамдары, өз ауылындағы рұхтарға дұға бағыштайды. Міне осылай елдің бәрі, бұрын соңды болмаған мол азық түлікке ие болады. Осы жерде әр елдің шамандар алқасы, уағыздарын аямай рұхтарға зиярат етіп, дұғаларын жаудыра бастайды. Және де сол дұғаларына әдет бойынша әкімді де қосып, мақтауларын төгіп, асырып жібереді. Бұл зор молшылықтың себебі, рұхтарға тағзым ету деп, тағы да елге жар салады. Өйткені, келесі жылғы жемістің тең жартысына осы бастан құда түсіп, сырғасын салып қою ниеті бар. Қала әкімі болса қоймалардың сонша көп азыққа толғанын алғаш көргеннен масайрап, шамандардың мақтау сөзі легіне сеніп, шалқып отырады.

Осы жерде, мол егіншілікке жол нұсқап, жаңалықты ғылыми зерттеу арқасында ашып, елге тегін жеткізген, ауыл сыртындағы адал пейілді шаман екенін, елдің барлығы шаттанып жүргенде, түбі ешкімнің де ойына кірмеген еді. Ал шаман болса, елдің бағаламауына тіпті мән бермеген тұғын. Себебі көңіліндегі ойын басқа бір мәселе мазалаған еді, онысы мынау. Бастапқыда, әр ауылдағы адамдар өмірі қиындыққа толса да, еркін болатын еді. Қайда барамын десе де жолы ашық, әрі не істеймін десе де өз еркі. Және ауыл ішіндегі адамдар, өмірдің бар қиындығына, бірге қарсы тұру үшін бір біріне қамқорлық көрсетіп, мейірімге толы, ашық пейілдерімен ғұмыр кешетін. Ал енді

мына қала пайда болғалы бері, елдің барлығы қаланы аңсайтын болды. Және қаланың әр ауылға салатын ауыр салығы, елдің барлығын шаршатып жіберді. Бос уақыттары азая бастады. Және де, онысы аз болғандай, енді мына шамандар алқасы, өздерінің уағыздарын елге таратып, ауылдағы адамдарының ойлану еріктерін, толығымен өздеріне қаратып алды. Бұның арты еш жақсылыққа апармайтынын, іштен сезіп отырған шаман, үнемі қабағын түйіп, ойланумен өткізетін еді, әр бір кештерін. Міне сондай ойлардың арқасында, Тәңірі өзі жарылқап, елдің аштықтан арылатын бір жолын тапқан еді, бидайдың көп өнімін өсіру амалы. Бірақ соның тең жартысын, еш бір терін де төкпей, ауылдағы сөздерін көпіртіп, шамандары өздеріне алып кетті. Бұл енді нағыз тонаушылық қой! Жарайды, әкім мысалы еңбек етіп, қала тұрғындардың қамын ойлап, ауылға салықты салып жүр. Онысы тегін емес, өзінің алғыр және пысық басқару қабылетінен деп білеміз. Алайда мына шамандар, қолдарына кетпен ия күрек алмай жатып, шыққан өнім жартысына ие болды! Бірақ, кімге барып шағымданасың? Әйтеуір елдің іші тыныш болса игі. Берекемізден айырмасын деп, ішінен аспанға дұға тілектерін айтатын болды, адал ниетті шаман..

## Тойымсыз шамандарды қайтеміз?

Қарап отырсаң, қызық дүние болып жатыр біздің қалада. Шамандар жұрты, елден бөлек жүретін адамдар өзі, аса бір көп байлық та сұрамайды өзіне. Өмір бойы ауыр жұмыс жасамай, дұғаларын оқумен өтетін, еш кімге зияны жоқ қария адамдар. Сонда, саны көп емес адам, неліктен соншама байлықты өзіне басып алды екен? Тартып аламын дейтін, әскері жоқ әкім тәрізді. Билік айтамын дейтін, дәрежесі де жоқ ауыл басылар тәрізді. Сауда мен сатып аламын дейтіндей ақшасы да жоқ қолдарында, ірі саудагерлер тәрізді. Бірақ барлық байлықтың ірі жартысы, солардың құзырында. Және әкімнің әскері, соларды күзетіп жүр тағы. Әрине шамандардың өзінен сұрасаң, байлықтың барлығы рұхтарға арналады-мыс. Бірақ, елдің барлығы көріп отыр ғой: *рұхтар өздігінен тамақ ішпейді ғой, ал барлық байлық, шамандардың ауызына төгіліп жатыр. Және шамандар енді сол байлықты елге бермей, көрші қаладағы базарларға апарып, саудаға салып жүр, есесіне осы елге керек тауарлар алмайды ғой. Олар қайдағы бір ешкімге керегі жоқ, зергерлік бұйымдарды және алтынды алып жүр. Ол алтыннан елге пайдасы жоқ, ауызға салып жәтпейсің, көрпе жастық етіп жатпайсың, тіпті қожалықта бір іске де жарата алмайсың, құр бос жатқан суық темір сары түсті...*

Сонда шамандар алқасы, қандай қасиетімен елдің назарын өзіне қаратып алған еді, деген сауалға келеміз. Соның басын ашып алайық. Олар өздерінің атын ешқашан алдыға шығармайды, орнына басқаларды шығарады. Оның өзін әдемі етіп, жүзеге асырады. Мысалы шамандарға бір шаруаны жүзеге асыру керек делік, содан олар, алдымен сол әрекетті жырына қосып, көнеден қалған аңыз етіп жұртқа таратып, елдің жадысына сіңдіріп қояды. Сол жырында, осы әрекетті бір батыр адам жасапты екен, оған көп адамдар және рұхтар қарсы шығыпты, соған қарамастан біздің төл батыр табандылық танытып, өзінің қайсарлығы арқасында көптеген рұхтарға жағып, ұнап қалады екен. Содан кейін жоғары дәрежелі рұхтар, батырға көптеген күш беріп, демейді екен. Содан біздің ірі батыр, ойдағысын орындап, жүзеге асырады. Міне осындай аңыздардың көптеген түрін, бар елге таратып жібереді. Артынан елдің ішінен, өзін батыр болсам екен деген, амбицияға ие адамдарды іздеп, сырттан бақылап отырады. Содан кейін, әр ауылдағы шамандар, елге жар салады: *мен түс көрдім, маған аян түсті – осындай бір оқиға болғалы жатыр, мынандай рұхтар мазасызданып жатыр. Кім де кім осыған құлақ асып, рұхтарға бағыштап, ерлік жасайтын болса – көптеген ырыс нәсіп болады соған – деп.* Содан кейін, әлгі батыр адам өзін күштімін деп сезініп, жырдағы

амалды жасауға әрекеттенеді. Өзіне көп рұхтар көмектесіп жүр деп, ойлап сеніп отырады. Әрине барлық шамандар, осы жоспар жайында хабардар болған соң, өз жағынан астыртын, сол батырға көмектесуге тырысады. Кей уақытта жолы болмаса, елдің барлығы батырға, іштегі наразылығын айтады, шамандарға ешкім кінә тақпайды ғой. Ал жігіттің бағы жанып, шамандардың жоспарын сәтті орындаса, рұхтардың көмек бергенін, барлық адамдарға шамандар қауымы айтып отырады. Бұл жерде батыр емес жеңіске жеткен, бұл жерде рұхтар жағы батырға демеу беріп, өз жоспарын жүзеге асырды. Бұл бір тәсіл, шамандар қолданатын.

Енді тағы бір амалдары, елдің тарихын жазу еді. Жырмен дастандар арқылы, шамандар көптеген аңыздарды ойлап табады. Егер, бір елге жағымды оқиға орын алса, адамдардың ішкі ниеті емес, онысы рұхтардың шешімі болатын. Ал егер, жаман оқиға болса – демек ол да жаман адамдардың рұхтарға дұрыс көңіл бөлмей, солардың берген аяндарын елемей кеткенінде, деп жазып отырады тарихқа.

Және де, тағы бір тәсілдері – билік басында отырған әкімді, әр дайым мадақтау болатын. Қандай әрекет жасайтын болса да әкім дұрыс істеген, себебі онысы өзіне емес, рұхтарға керек дүние деп елге уағыздарын төгетін еді. Ал егер әкім қателік қылса – онысы, келесі жақсылыққа дайындығы деп, білу керек. Ел ішінен, рұхтарға қарсы шыққандарды әшкерелеу үшін, әдейі жасалған амалы. Ең бастысы, әкім үнемі рұхтарға дұға бағыштап, зиярат ету керек және құрбандық шалу керек.

Тағы бір шамандардың жасайтын әрекеті – көріп келдік қасиеті болған мыс. Аңғал елде шаманға барып, болжам беруін өтінеді. Шаман болса бірден келіспей, *екі аптадан кейін келер, әзір қолым бос емес*, деп қабылдамайды. Содан кейін екі апта ішінде, осы ауылдасы туралы барлық ақпарат көзін жинастыра бастайды, өзге шамандардан да, сұрастырып алады: *не көрдіңдер, не білесіңдер осы адам туралы*, деп. Содан, екі апта ішінде егер көп ақпарат жиналса – демек бұл шамандарға керек адам. Оған көп жақсылық тілеп, болжап береді, келесі жолы адам тағы келсін, деп. Ал егер адамның шамандарға еш пайдасы тимесе, оған жарым жарты болжамды айтып, анық еш нәрсені түсіндірмейді. Өзін екі ойлы етіп, кері қайтарып жібереді: *шырағым, киелі рұхтарға дұрыс көңіл бөлмейді екенсің. Құрбан шалу аздық келеді сенен. Алдыңда бір неше қиындықтар күтіп тұр да. Егер солардан сүрінбей өтсең жолың болады. Демек рұхтар сенен әлі үмітін үзбегені, көп сенім артып отыр. Ал егер қателік жасайтын болсаң, демек рұхтар сенен теріс айналып кетті мыс.*

Шамандардың барлық былықтарын көріп жүрген әкім, елдің іші дүрлігіп наразы болғанын өзі де сезіп жүр, содан не керек, ол кеңесші нөкерлерімен ақылдасып, қу шамандардың билігін, тартып алғысы келді. Байқап қараса, елдің барлығы әкімді қолдайтын сияқты, егер ол шамандарға қарсы шығып, байлықтарын тартып алса, және де елге тең етіп, таратып берсе. Өзіне де әрине қомақты мөлшерін алып қалады. Бұл әрекеті бұрын соңды болмаған еді.

Бір күні әкім, қаланың және аулдардағы елдің бәріне жар салады: *шамандардың жасап отырған теріс қылығы, елді тонаудың нағыз өзі! Өмірімізде алғаш рет осыншама көп азық түлік өсіріп, өнім алған кезде, олар жартысын өздеріне алып жатыр. Онысы тонау емей, немене? Рұхтарға сонша азық түлік керек емес қой. Осы күнге дейін рұхтар, олсыз ақ бар болғанын бәріміз білеміз, тез арада шамандардың бұндай әрекетін доғарып, өздері қателік жасағанын мойындау керек. Егер мойындамаса – ауылдан қуылып көзі ауған жаққа кете берсін! Қарсылық көрсетсе әскерім дайын – барлығын сабасына келтіреміз!*

Бұйырық берілді, елдің көбісі қолдауын көрсетті, және сол шамандар шатасқан шығар, райынан қайтып, өз қателігін мойындау керек деп, үміт еткен еді аңғал халық. Кей шамандары шынымен қателікті мойындап, өздерінің шатасқанын айтты. Бірақ, бір топ шамандары келіспей, қасарысып алды. Және әкімнің осы өрескел қылығына наразылығын айтып, рұхтардың қарғысына ілігетінін ескертіп, жар салды. Дегенмен ауылдағы адамдарға, одан келіп кетер ештеңе жоқ, шамандар ісін қолдамады. Ал қала адамдары шамандар мен, діні мен еш шатағы жоқ, толығымен әкімге құлдай еріктерін беріп қойған ау бастан. Әкім айтты – бітті, қала тұрғындары үшін заң іспетті. Сонымен қарсылық көрмей, әкім өз дегеніне жетіп, қарсы шыққан шамандарды ауылдардан қуып жібереді көзі түскен жаққа қарай. Қайта келмесін деп шарт қойған, егер қайта оралса, қамшымен дүрелеп соғатынын ескертті оларға.

Солай, енді әкім тақ иесі болып, өзін патшадай сезінетін болды. Әкімге қарсы шығатын да батыр көрінбейді маңайда. «Әй!», дейтін әжесі, «қой!», дейтін қожасы жоқ. Не қылам десе, еркі өзінде. Уақыт өте біздің әкім, ойына келгенін істейтін болды. «Көрген көргенін істейді, көрмеген ойына келгенін істейді» - демекші, біздің әкім де, елге тізесін батырып ауыр салықтарды қоятын болды. Қала әкіміне кім қарсы шыға алады? Қаланы қоршаған жар қабырғасы биік, қақпасында қарауыл бекініп тұр. Өз әскерімен келіп, кез келген ауылды тонап кете алады, бергені алдынан, бермегені жолынан, тартып ала береді. Еш кім бел буып, тәуекелге бекініп, қаламен күресуге ынталы емес. Қан төгу, адам өлтіру деген, болмаған заман әлі. Әр адамның өмірі, құнсыз бағалы. Себебі ауыру сырқаттан көп адамы өлетін. Балалар да жастайынан көбісі шетінеп кетеді. Сол себептерден, кей бір ауыл адамдары қолын сілтеп, бар дүниесімен алыстағы жерлерге көше бастады. Міне осылай кітап басында айтқан едік, адамдар өз қазығын көтеріп, басқа жерге көшіп, қазығын да алыстағы жерге қағып қоятын болды.

## **Бетімен кеткен әкімге кім тоқтау салады?**

Бір екі жыл өтіп, әкім байлық пен билікке әбден құнығып кеткен еді. Ойына келгенін істетіп, бар уақыты бос әзіл мен сауықты тамашалауға жұмсалатын болды. Елдің басын күшпен билеп, үрей сала бастайды. Көнбегендерін қамшылап ұрады, көшіп кетемін дегендеріне тез тосқауыл қойып, орта жолдан қайтарып әкелетін болды. Заң да жоқ, тәртібі те жоқ, әкім орынбасарлары да ойына келгенін жасай бастайды, себебі бастығынан үлгі алып отыр.

Осы кезде қарсылық көрсеткен шамандардың бір тобы, өзге бір қалаға барып, сол жердің әкіміне ұсыныс береді: *Осындай бір қала бар, сол қалада мол өнімді беретін бидай түрі бар. Егер әкімді тақтан тайдырып, билігін тартып алсаң, байлығына өзің ие боларсың өзге қалалармен саудаға жақсы көмек болар еді, - деп қолқа салады.* Бірақ екінші қаланың әкімі, өз әскерімен барып, өзге қаланы басып алуға еш бір көңілі бұрмады. *Өзімізде тындыратын шаруа бастан асып жатыр, алыстағы жерге барып, күшпен өзімізге еш абырой таппаймыз. - деп жауап қайырды.* Содан не керек, шамандар енді қайтеміз деп жүргенде, алыстан келген саудагердің өсегінде естіп қалады: *неше айлық жүретін қашық жерде, бір қатыгез патша бар екен, осы патшасы айналадағы бар қалаларды күшпен бағындырып, өз құзыретіне қаратып алады екен деп. Келіскенін жарылқап, қасарысып келіспегенін, қан жоса етіп жазалайды екен.*

Осы біз әңгіме етіп отырған аймақтың, көптеген су өзендері бар, мекен екен. Сол жерде ауылдар өсіп өніп, ауылдар маңында бір неше кішігірім базарлы қаласы тұрғызылған еді. Енді әлгі зұлым

патша туралы естіген шамандар, тұған еліне қарғыс пен жамандық тілеп, әлгі қаһарлы патшаны шақырып көрмекші, біздің ауыл жаққа. Күшпен, жаман әкімін тақтан тайдырып, сазайын беруін аңсайды. Сондай жоспармен олар жолға аттанып патшаны іздемекші. Бір неше айлар бойы арып, жүдеп әйтеуір патша елінің шет жағына жетіп те қалады. Бірақ өзі күзетшілерге ұрынып, барлық ойларын қарауыл басына айтып береді. Сонысын естіген нөкер басы, жедел хат жіберіп астанаға, пошта кептерін қолданады. Тез арада жауабы келеді – «әскер дайын, жорыққа аттанамыз», деген. Міне осылай бір екі жыл өткен соң, біздің шамандар бөтен бір елдің патшасын, қалың әскерімен алып келеді өз ауылдарына. Жол жөнекей, патшасы тағы біраз, өзге қалаларды жаулап алады. Ол кезде қалың әскерге қарсы соғысу деген атымен жоқ. Қала тұрғындары шетінен қорқады, егінші ауылдағы адамдар, тіпті қалаға жаны ашымайтын болған заман, себебі салық салмағы өте ауыр. Сондықтан, келген қалың қолды жауларға, ешкім тойтарыс бере алмай қала деген бірден беріліп, патшаға қақпасын ашып жіберген. Соғыс дейтін соғыс та болмады.

Біздің әкім байғұс қарсы әрекет жасайық деп, елді шақырып еді оған ешкім құлақ аспады. Қалың қолды халық көзі ауылдарда тұрады, олардың барлығын өзіне теріс қаратып алған еді. Ал қалада қару ұстап, қарсылық көрсететін адамдар тіптен жоқ. Барлық нөкерлері, ауылдың жуас ия аңғал адамдарына ғана күші жететін. Одан өзге қала ішінде бау кеспе ұры, қарақшылар болған еді, тек бұлар түнделетіп, жасырын түрде қимылдайтын. Ештеңені сезбеген бейқам адамдарға ғана бары жабылатын. Ал сауыт киген, сақ құлақ жауынгерлерге ашық соғысуға батылы бармайды. Сондай қарақшылар, жаудың келетінін ести сала, бірден қаладан тайып тұрған. Сондай жағдайға дұшар болған біздің әкім, боғын пышақтап қалады. Амалы жоқ, шарасыздығынан патшаға бас иіп, тізе бүгіп беріледі.

Патшасы бірден өзіне берік адамдарды әр жерге белгілеп, әкімді тақтан тайдырып, қаладан қуып жібереді. Және барлық салық көзін, орталық астанаға жібересіңдер деп, бұйрық шығарады. Оған қоса барлық ауылдарға, егіншілік саласына жаппай кірісіп, өнім мөлшерін көбейтуін талап етеді. Орындамай, қарсылық көрсеткендерін жазалауы үшін, астанаға жөнелтетін болды. Және барлық ауылдардан әскери жасағы үшін, жастарды өзімен бірге аманатқа алып кетемін деп, жар салады. Шамандар болса, енді билікке қол жеткіземіз дегенде, олардың діни амалдарына тиым салып, ел қатарлы жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Міне осылай, байлыққа құныққан, өзі келісімге келе алмай қалған, қаланың билік иесі әкім және құпия билік тізгінін ұстап отырған шамандары, құр алақан болып қалады. Бір кездегі жоғары дәрежелі мансапқа қол жеткізген, аяқ қолын жылы суға малып отырған ауылдың қошқар мүйізді серкелері енді ел қатарлы, ауыл жұмысына салынып, жүдеп те, ауырып, күн көрістері әбден нашарлайды. Бей жәй жатқан ауылдағы қарапайым жұрт, бір кездері аштықтан құтылдық енді деп, көздері ашылып еді, соңы барлық тапқандарын алыстағы астанаға жөнелтіп, өздері қайтадан аш жалаңаш күйге түседі. Және осындай жағдайға біздің қаласы емес, айналадағы оншақты қалалары мен соларға тиесілі барлық ауылдары, толығымен дұшар болады. Бейбіт және берекелі ғұмыр кешіп жүрген осы байтақ елдің тұрғындары, сондай ауыр қасыретті, елімізге әкелген шамандарға лағынет пен қарғыс айтумен болды.

Осындай қиын кезеңде, бір топ ауылдар ғана сыртта қалып, еш қасыретке ұрынбады. Олары кім десек, әлгі кезінде ауыл әкіміне бағынбай, алыс жаққа қазығын алып көшкен ауылдары болатын. Міне осылай, алғашқы қазығын өзімен бірге алып жүретін, болашақ көшпенділердің басы солай қалыптаса бастады. Әрине олар тек алғаш рет көшіп, ендігі ары көшпейтін болайық деп тілейтін еді ішінен. Деген мен табиғатқа етене жақын болған сондай адамдар зұлым патшадан, жексұрын әкімнен де, тіпті жалмауыз шамандардан да, алыс жүргендіктен еш жаманшылыққа ілікпеді.

Солай біраз уақыт өткен соң, біздің алаяқ шамандар қаумы көптеген ауыртпалыққа кезігіп, біраз жылдар қиналумен өтеді күндері. Патша заңы бойынша ескі пұттар сындырылып, жаңа рұхтарға зиярат ету керек екен. Ол жаңа рұхтарына ешкім қарамайтын болған соң, елдің барлығы шетінен жабайы деп есептелетін болды, патшаның заңы бойынша. Жабайы елдерге, еш бір діни әрекет те керек емес, деп қалды. Енді барлық әрекет тек патша заңымен жасалады екен. Ешқандай рұх пен перілер араласпауы керек екен. Әкім де билігінен айырылып, қалада қарапайым қызметші болып күн көреді. Келімсек жаңа әкім, өз тобымен қаланы басқаратын болды. Онысы бос сөз болған, іс жүзінде олар барлық жақсы істеп тұрған жүйелерді бұзып, тонап, қиратып жібереді. Көп жылдар бойы тұрғызылып, қалыптасқан қала ғимараттары азып, тозып, бұзыла бастайды. Оны жөндеуге ешкім мүдделі де емес. Келімсек билікке оның еш керегі де жоқ. Ата бабаларының асыл мұрасы етіп қалдырған, барлық байлық пен билігі, көз алдында ыдырап жатқаны, ескі әкім жанына ауыр тиеді, қан жылатады, бірақ қолдан келер шама жоқ. Көніп, сөніп қалады.

Соғыс құмар патшасы, осы ауылдың жастарын, әскери жасақ етіп алып кетеді, алайда онысынан ештеңе шықпады, себебі біздің ауылдың жастары, адамға қарсы қастандық жасай алмайтын еді. Алыстағы көршілес патшалықтарға соғыс ашамын деп, қалың әскерімен, алыс сапарға аттанған патша, жол жөнекей жылан шағып, мерт болады. Мұрагер бір баласы патшаның тағына отырып, жорықты жалғастырмақ еді, бірақ одақтас көршілері кері қайтып, бұлар соғыс алаңында ойсыра жеңіледі. Әскері соғыс алаңынан жан сауғалап қашып, бәрі бытырап кетеді. Біз білетін аймақтан жиналған жастар қараусыз қалып, өздігімен ауылдарына аман есен оралады, екі жыл ішінде.

Патшаның немересі, келесі жорыққа дайындалу амалдарына кірісіп, қайтадан барлық жерлерден әскерге керек азық-түлік, жастарды және қару жарағын жинастырады. Сол кезде аспаннан қалың жауыны жауып, найзағай ойнап, таудағы тас селі өтеді. Содан маңайдағы өзен сулары арнасынан тасып, жер көктің барлығын су басады. Жолдардың барлығын шәйіп кеткен соң, аралық қатынас мүлдем тоқтатылады. Артынан, өзен сулары өз арнасына қайтып, жері кебетін кезде, барлық лас қоқыстың легі, қала ішіне жиналыпты. Қоқысы шіріп, сасып бықси бастайды. Соны тазалайтын, жинайтын ескі әкімшілік жоқ. Жаңа келген патша өкілдері, өз бетін аулақ қылып, байқамағанып жүре береді. Ит, тышқан және құзғын құстары, қоқысты қазбалап, одан ары ластай түседі. Содан көп ұзамай жаман ауруы шығып, обадан қала тұрғындары ауырып, өле бастайды. Жақын жатқан базарлыққа баратын, барлық ауылдар елі, сол жаман ауруға шалдығады. Елдің аурудан қырылып жатқанын естіген патша әскері қашып, енді гәрі бұл өңірге жоламайтын болды. Саудамен жүрген елдің барлығына ескерту беріліп, бұл аймақты толығымен айналып өтетін болды көрші адамдар.

Аурудан шалғайдағы ауылдары ғана аман қалады, себебі олар тағы көшіп кетеді алысқа. Соларға ілесіп, біздің алаяқ шамандар мен ескі әкім де қосылып, аман қалады. Ауылдағы адамдар, әкімді және шамандар алқасын басында қабылдамай, қуып жіберейін деп, ниеттеніп еді, тек пейілі адал шаман елге бірәз ақыл сөздерді айтып, райынан қайтты дүйім жұрт. Сондағы айтқаны мынау еді: *- осы шамандар алқасы мен біздің қала әкімі көп қателік жасап, одан өздері көп қиындық көріп келеді. Оның зардабын барлығымыз көрдік. Алайда, бұлар емес қой біздің жауымыз. Бізге қарсы шығатын әлгі зұлым патша бар, соны ұмытпаңдар! Әзір олар бізге жете алмай жатыр, бірақ уақыт өтер, бір неше жылдан кейін сол зұлымның әскері қайтып келеді – онда біз қалай төтеп береміз оған? Ал біздің шамандар алқасы мен әкім бірігетін болса, біз ел болып қарсы шығатын алып күшке айналамыз. Сонымен өзімізге еркіндікті сақтап қалуға мүмкіндік туады. Және егер шамандар алқасы алаяқтығына қайта оралса, әкімде өз міндетін адал атқармайтын болса, еш болашақ жоқ онда бізге. Соны жадымызға сақтап алайық, халайық!*

Содан, не керек. Шамандар өз сабасына түсіп, өз қателіктерін түсінді және әкім де енді елге адал болуды мақсат қылады өзіне. Және соны ұрпақтарына аманат етіп қалдырады. Шамандар алқасы сол аманатын үнемі ту етіп, келешек барлық әкімдерге жеткізуге уәдесін береді. Содан, көптеген жылдар өтіп, ауылдар саны тағы өседі. Айналадағы қалалар тұрғызылып, енді әкімін әділ сайлау арқылы ғана тағайындайтын болды және шамандар соны қадағалап, бәріне тең ережесін бекітеді бірден.

Екінші жағынан, көп жылдар бойы әлгі зымиян патшаның ұрпақтары, көне кәсібіне берік болып, зұлымдығын тастамай, уақыты өтісімен іскерлігі шыңдала түседі. Сол себепті, жеріндегі барлық қалалар мен ауылдарды бағындырып, көрші елдермен соғысып, жүре береді. Содан тыңшы сауда өкілінен хабар келеді: - *әлгі оба болған өңірдегі ауылдар қайтадан өсіп, өніп, өздерінде бір неше қала тұрғызыпты. Және сол қалалардағы елдің барлығы, өзін тым еркін сезінеді екен. Патшаға бас ией, астана билігін мойындамайды екен, себебі еркіндігі қымбат оларға.*

Сол хабарды ести сала, патша астыртын тыңшыларын жіберіп, осы еркін ауылдар жайлы барлық ақпараттарды жинастыра бастайды. Бірден әскер жіберейін десе, әзір көршілес елмен ұзақ соғыс жүріп жатыр, қалың әскер шалғайда. Қол астындағы нөкерлерімен барайын десе, патша жеңіліп, қашып кетті деген өсек елге жайылса, астанада көтеріліс болуы әбден мүмкін. Маңында жүретін уәзірлеріне мүлдем сенімі жоқ. Сол себепті, соғыстың аяқталуын күтуге мәжбүр болады. Патша жақсылап қамданып, астана құзырынан еркін қалған ауылдарды, бір жолата басып алмақ жоспар құрай бастайды. Міне осылай, зұлым патшалық пен еркіндікті сүйетін ауылдар арасындағы, теке тірес басталады.

Осыны алдын ала болжай білген пейілі адал шаман, кезінде айтқан болатын шамандар алқасына. Сол кезден бастап, біздің шамандар алқасы дайындық жұмысын қамтумен, әр күндерін өткізетін болған еді, көп жылдар бойы.

## Соғыс деген қандайды?

Жалпы соғыстың табиғатын зерттеп, ашу керек бұл жерде. «Война есть продолжение политики, другими средствами.» - деп айтқан екен, бір кезде атақты Карл фон Клаузевиц. Оны қазақшалап аударсақ: «Соғыс, өзге тәсіл арқылы жүретін саясаттың жалғасы» - деп, айтар едік. Алайда бұл сөзді негізге алып, жаңағы ойды өзгеше жолымен өрбітуге болады: «бейбітшіліктегі саясат көзі, өз кезегімен соғыстың бір түрі болып келеді, тек қолданатын тәсілдері қан төгіс тұдырмайды».

Егер патша өз жағдайын қан төгіске жеткізбей, өзіне керегін еш соғыспай алатын болса. Біз онда соғыс болмады деп, айтар едік. Ал егер керегін алу үшін тізесін батырып, елге күш көрсетіп, қан төгіске апарса – біз соны соғыс болды деп, айтамыз. Осы жерде қателік шығып тұр, себебі соғыс деген қан төгіс үшін жүрмейді. Соғыс мақсаты: өзіне керек дүние мүлікті, жерді, әр түрлі табиғи әрі энергетикалық ресурстарды, сонымен қоса адамдарды иемденіп алу. Осындай мақсатына қан төгіссіз, күшпен емес, алдап, сулап жететін болса, бұнысы да соғыс түрі болып есептеледі. Бірақ суық түрінде өткенін сипаттаймыз. Ал осының барлығын шайқасып алса, сонда біз ыстық соғыс деп айтар едік. Осыны жақсылап түсіну керек. Сонда патшаның келесі әрекеттері, оқырмандарға түсінікті болады.

Сонымен әлгі патша, тыңшылары жеткізген бірәз ақпараттарға көзін салып, басындағы жоспары бойынша әскер жібермек ойынан бас тартады. Әскерді жіберудің еш қисыны жоқ болады, себебі еркін ауылдары, әскерге қарсы соғысамыз деп, дайындалып жүр екен. Әлбетте патша әскері, көп жылдар бойы соғысу тәсілдерін жақсы меңгеріп алған еді. Еркін ауылдардың жасақтарын жеңуі қиын болмас еді, патша нөкерлеріне. Бірақ егер соғыс ашатын болса, ауылдар шайқасатын болса, сол маңайдағы ауылдардың көмақты бөлігі одан бетер алысқа көшіп кетеді. Мына еркін ауылдар жатқан аймақтың өзі, бір неше айлар жүретін алыста жатыр. Егер олары көшіп кетсе, арасы тіпті шалғай болады. Сонда қан төгілген аймақта кім қалады? Кім жер жыртып, егіндік салады?

Жергілікті адамдар көшіп кетсе, өзінің құлдарын қалдыратын болса, еркін ауылдардың партизан жасақтары келіп, ойран салып отырады үнемі, соларды қорғау үшін, патша өз әскерінен бір мың басыны, сонау айдаладағы аймаққа, арнайы жіберу керек болады. Соны көрген басқа аймақтағы әкімдер ел ішінен ірітіп, өсек таратуы мүмкін: *біздің патша әлсіз болды, қайдағы бір алыстағы, ешкімге керегі жоқ аймақты бағындыра алмай, арнайы жасақ жіберіпті, мың басымен.* Ондай өсек тарамалуы үшін қан төгіске жеткізбеу керек. Сол алыстағы аймақты шайқаспай, өз құзырына келтіру керек. Сондықтан патша бас бармағын шәйнап отырып, еркіндік сүйген ауылдарға, және солардың базарлығы өтетін қала әкіміне арнайы елшілік жіберіп, бөлек сауда заттарымен керуен шығарады. Сондағы жоспары, елге келісім шарт бекітіп, еркін ауылдарды бығындырып көру еді. Сауда арқылы әкім мен белсенді ауыл басыларына пара беріп, сөзімен көндіру үшін. «Жары биік қамал бекіністен, қалың әскері өте алмайтын кезде, алтын мен күміске толған екі қапты көтерген есек, өтіп кетер» деген, көнеден қалған мақалың, содан шыққан тәрізді.

Зұлым патшаның сондай амалын, алдын ала қарастырып қойған шамандар алқасы, кері қарымта жоспарын, өздері дайындап қойған еді. Әкім, патшаның елшілігін қарсы алып, екі жақты келісім мазмұнын өз пайдасына өзгертіп, келісімге қол қойдырады. Осы келісімі бойынша, патша әскері еркін ауылдарға рұқсатсыз жоламайтын болды, және де өзге патшалықтардан қорғайтын болады. Қаланың саясатына араласпай, еркіндігін құрметтейтін болады. Егер патшаға көмек керек болса, осылай елші жіберіп, ақша немесе басқа да заттармен, сатып алатын болады. Сол үшін үнемі, екі арада сауда керуені жүретін болсын. «*Бұндай келісімді астанаға қалай апарамыз, патша біздің басымызды алады ғой*» дегенде, әкім өз тарапынан бөлек түсініктеме береді: *біздің елде өздерің білетіндей, жаман ауруы тарап еді. Содан әлі зардап шегіп келеміз, сол себепті абай болу керек осы жерге келетін барлық адамдарына. Бізден шыққан бидай өнімі де, зиян болуы мүмкін, оның тазалығына кепіл бола алмаймыз. Сол себепті осындай шектеу керек. Әйтпесе ауру, патшаның астанасына тарап кетсе, жаман болады ғой.*

Шынымен солай ма, әлде жоқ па, оны кім келіп тексермек? Осындай жері шалғай алысқа, астана жақтан өз еркімен келетін ақымақтар жоқ деп, ішінен ой түйді, патша елшілері. Әкелген қымбат сауда бұйымдарын, беделді ауыл басыларына пара қылып берейін деп еді елші мырза, бірақ оған әкім рұқсатын бермеді. Барлық заттарды толығымен, елге тегін таратып берді және сөзімен, осы заттары, патшаның елге берген көмегі, әрі кешірім сұрағаны деп, айтады. Міне сол амалдарымен еркін ауылдардың, патшамен терезесі тең дәрежеде, келісім жүретін еді. Елшілік болса, ондайды мүлдем күтпеген еді. Себебі қай қалаға барса да, өздерін жоғары ұстап, өзге қала әкімдері, үнемі басын иіп, түрлі пара беруге құнығып қалған еді. Ал бұл еркін қала мен еркін ауылдар адамдары өздігінен пара беруді жат көреді. Және ешкімге басын имей, адамның бетіне тура қарап отырады және орнынан тұрмайды, өздері. Сондай еркіндік қылықтарды өмірінде алғашқы көрген елшілер абдырап, сасып қалған еді.

Бәлкім басқа ауылдардың адамдары бөлек шығар деп, елші өзге ауылдарға барып, көруге рұқсат сұрайды. Оған ауылдар арасы тым алшақ, көп уақыт жолда жүріп қаласыңдар деп, айтады. Және қасқыр, аю, қабылан тәрізді жыртқыш аңдары көп, ұзақ жол жүруі қауыпты болатын. Содан, еш нәтижеге қол жеткізе алмаған елшілік тобы, өз жөнімен астанасына қайтып, жүріп кетеді.

Елшілік тобы ақордаға оралып, патшасына барлық болған жағдайды айтып береді. Келісім шарт мазмұнын көрген патша, әбден ашуланады. Көрші жатқан өзге патшалықтармен соғысқанда, тегі осындай қиындық көрмеген, өз еліндегі қайдағы бір алыс аймақтан соны көремін деп, ойламаған еді. Бірақ, қолынан келер не шара? Әзірше осыған көніп, басқа амалдарды ойластырады. Себебі, күш салайын десе әлгі ауылдар қазығын көтеріп, көшіп кетуі әбден мүмкін. Оларды далада қуып жүру, мүмкін емес еді. Жері шалғай, жолдары жоқ, табиғат жағдайы қалың әскермен ұзақ жолды сапарға, еш мүмкіндік бермейді.



Өзге елді бағындыру үшін, соғыс жүргізу тәсілдерді, алты топқа бөлуге болады. Бұл жерде 6 деп көрсетілген, ыстық қару амалын қолдану қолайсыз, себебі еркіндік аймақтағы адамдарды қырып салатын болса, орыны ойсырап қалады. Оны басқа елімен толтыру мүмкін емес. Еркін ауылдары көшіп жүріп, қарымта соғыс ашады, соларды сайын далада қуалайтын шамасы жоқ. Сонымен, 5 деген тәсілді көрейік. Бұл да әзірше қолдануға келмейтін амал, себебі еркін ауылдар арақ, шарап ішпейді. Оны керек қылмайды. Алдында айтқан едік, арақ ішу тек қала тұрғындарында болатын, себебі қала жұрты, құлдық санаға әбден құнығып кеткен. Көкіректері қуыстанып, ішіндегі шерін осындай улы заттармен ғана басатын еді. Ал еркін ауылдарға бұнысы, мүлдем жат пиғыл. Келесі 4 деген тәсіл – сауда саттық арқылы, қаланы қарызға батыру еді. Ал біздің еркін ауылдар кезінде

қарыздың көкесін жақсылап көрген болатын, сондықтан бұндай алдамшы тәсілге, көңілдері сақ келеді. Патша үшін, әзірше мүмкіндігі тек осы 4-ші тәсілмен ғана шектеліп тұр. Одан жоғары 1-3 тәсілдері зұлым патшаға беймәлім, ол жәйлі кейін, анықтап айтатын боламыз. Енді патшаның, 4-ші экономикалық қаруын қалай жұмсайтыны туралы айтпақ бұрын, алдымен патшалық қалай бас көтерді – соны көрсетейік.

Әзірше біз тек ауылдар мен қала арасындағы қарым қатынасты бейнеледік. Шамамен осы 15 - 30 ауылдары, ірі бір қаланы орталық еткен еді, соны аймақ деп белгіледік. Ары қарай өз ретімен бір неше аймақтары бірігіп, өзінің өлкесінде орталық ордасын құрайды, өлкеде болған қала әкімдері арасында басым түскені, өзін осы өлкенің патшасы деп, жариялайды. Өзінің қаласын, астана деп белгілейді, және отырған сарайын, «ақорда» деп атайтын болған.

## Патшалық деген қандайды?

Сонымен алғашқы патшалық қалай пайда болды, соның бетін ашайық. Патша деген ұғымы нені білдіреді, соған көңіл аударайық. Ал ауылдағы адамдарға патшаның не керегі бар, деген сауалға жауап берейік. Ойланып көргендері, айтар еді бірден: *демек патша көрсете алатын қызметті, әкім қамтамасыз ете алмайтын болған соң, елдің барлығы осыны патшадан күтеді.* Ол қандай қызмет болуы мүмкін – *әрине әкімге тоқтау салып, билігін шектейтін күшті болуы шарт.* Егер патшасы, әкімнің билігіне ештеңе жасай алмаса, ондай патшаның керегі де жоқ болар еді. Ондай патшаны әкімдер де, және ауылдағы тұрғындар да мойындамас еді. Енді осы ойға негізделіп, біз болған жағдайды баяндап көрелік.



Әрине жер бетінде әр түрлі жағдайы болған еді, кей бір әкімдер соғысып күшпен алған шығар өз патшалығын. Айналадағы барлық бәсекелестен жеңіп, әкімдердің көзін жойып жалғыз өзі патша тағына отырған шығар. Бірақ біз айтып отырған патшалық, солай құрылмаған еді. Біздегі өңірде, көптеген қалалар, өз ара тату қарым қатынас жүргізіп, саудасын әділ өткізетін. Еш бір әкімі, өзге әкімдерге қастандық ойламаған еді басында. Себебі жері шалғай, аймақтар арасы тым алыс және жолдардың жоқтығы. Баяғы замандарда, дауылды күндері көп болатын еді. Боран соғып, жердегі

топырақ құмды көтергенде, көзге ештеңе көрінбей кетеді. Сол себепті бүгін болған жолы, күндік боран кесірінен, толығымен жабылып қалатын еді. Енді жаңа жолды табу керек. Оған қоса, ағаш ормандағы өрті жиі болып тұрады, сол себепті айналаның барлығын түтін басып, көзге көрінбей кетеді. Адасып кетуің оңай. Шаң мен құм көтеретін боран мысалы, біздің Қазақстан және Ресей жерлерінде, 100 жыл бұрын тұрған елге таңсық емес еді. Сондай бораннан сақтау үшін, терезеге жабатын қосымша ілгіштерді орнату әдеті осыдан қалған.

Міне осындай табиғаты ауыр жерде тұрған соң, әр қаланың әкімі бәріне көмектесуге тырысатын еді. Ал дәрежесі тең билік басындағы адамдар жиналыс құратын болса, әрине өз жағына тартып, ортақ шешімге келуі оңай болмайтын еді сол кезде. Сондықтан жеке ақылдасып, әкімдер алқасы ішінен ең тәуірі деп, ақылды деген, мықты біреуін таңдап, соған басты билікті ұсынатын. Қалай ауыл басылары әкімді сайлайтын еді бірігіп, тура солай, әкімдер де өз кезегімен, ішінен лайықты деген патшаны сайлайтын болды. Және осы патшаның қаласын, астана деп тағайындап, тұратын сарайына «ақорда» деген ат қояды. Содан, патшаға тиесілі міндеттерді бекітіп, әр қаладан салық ретінде көмектесетін заттары мен қызметтерді тізімге белгілеп қояды. Міне осылай алғаш патша сайланып, қала аралық шаруаның барлығын өз мойнына алып, елге қызмет көрсеткен еді.

Содан көп жылдар өтеді, патшасы өмірден озып, таққа лайық мұрагері отыратын болады. Уақыт өте, көп зұлымдық ойлаған патшасы, өзінің тағын ұстап қалуы үшін, көршілес патшалықтармен араздасып, соғысқа жол ашады. Әкімдер алқасы жаумен соғысу үшін, өз елдеріне ауыр салықты салады, елдің барлығы наразылық білдіре бастаған кезде, біздің зұлым патшамыз, қалың елімен әкімдер арасына тұрып, елге жар салады: - *ау, халайық! Әкімдер сіздерге өз билігін асырып, күш салғанын білемін, сол себепті мен әкімдерге қатаң ескерту жасап тиім саламын. Ереже бұзған әкімдерді жазалайтын боламын, себебі маған сендердің қиналмай өмір сүргендерің аса қымбат қой! Сондықтан, сендер маған қолдау беріңдер, сонда мен сендерге адал қызмет жасап, елімізді жсаудан қорғап, әкімдерге басы көз боламын!*

Аңғал халық әкімге қарсы күштің пайда болғанына дән ырза болып, әрине патшасын қолдаймыз деді. Әкімдер сондай саясатқа қарсылық көрсете алмай, бастарын иіп көнді. Солай зұлым патша, елдің қолдауына ие болған соң, алғашқы соғысты тез арада тоқтата білді. Осыған қуанған халық, патшаны ақ киізге көтеріп, мадақтау өлеңдерді арнайтын болды. Енді әр бір ауылдағы адамы қит етсе: *патшаға арыз жазамыз, сен әкімді жазалаймыз* – деп шығатын болды. Патшам болса енді әкімдерді өзіне қарату үшін біраз қитұрқы саясатын жүргізе бастады. Келіскен әкімдер сыбайлас болып патшамен бірге қимылдайтын болды, ал осындай жалмауыз саясатпен келіспеген әкімдері орнынан кетіп, биліктен аластап қалды. Солай патшам дегеніне еркін қол созып, ойына келгенін жасайтын болды. Әрине кей кезде, көрші патшалықтармен соғысу керек болғанда, елдің алдына шығып, өтініш білдіріп, халықтың қолдауын сұраған еді. Сол себепті, осы халыққа зұлымдығын көрсетпеуге тырысатын еді, бұл патшалар.

Ауылдар халқы болса өз кезегімен, әкім және патшаға қарсы шарасыз болған соң, көнуден басқа амалдары қалмады. Және көшіп кететін жерде жоқ, себебі қайда көшіп барсаң да сені басқа қала әкімі күтіп тұр. Ал егер өзге патшалыққа көшемін десең – зұлым патшаның үнемі соғыстарының кесірінен, көршелес патшалықтар осыларды жек көретін, өздеріне жолатпайтын мүлдем. Осылай ауылдағы адамдарға өмір сүруі қиын болды, қайда барса да Қорқыттың көрі қазулы тұратын.

Қала әкімдері алғашқы феодал болып сезініп, әрі ауылдағы адамдарға басынатын болды. Жұмыс істетіп, құлдай көріп, барлық өсірген өнімдерін тартып алатын болды. Ондай тәркілеу саясатын,

жоғарыда айтқандай, қарызға батыру арқылы жүргізетін еді ауылды жерлерде. Қала ішінде тіпті еркіндік жоқ, қала тұрғындары өлермендей күнін кешетін, таң атқаннан кеш батқанға дейін ауыр жұмыс істеп, күн көретін.

Жалпы бұл жерде, қалалық өмірдің адамға зияндығын бөлек айта кету керек. Ауылдағы адамдар табиғатқа етене жақын болған соң, көп балалы отбасыларды құрайтын. Ал сондай отбасы қалаға көшкен соң, олардың балалары қалада ер жетіп, өз кезегімен тұрмыс құратын кезде – көп балалы бола алмайтын, себебі қала ішінде балаға қарауы, тіпті мүмкін емес еді. Содан, бір екі бала тапса игі. Олардың барлығы ер жетпей жастайынан аурып, түрлі сырқаттардан өліп қету әбден мүмкін. Солай қала адамдары қартайып, өлгенде артынан ұрпақ та қалмайтын болған еді. Одан қаладағы адам көзін ауылдағы елдердің көшіп келетіні арқасында толтыратын. Және салыстырмалы түрде ауылдағы адам саны әлде қайда басым түсетін, қала тұрғындарынан.

Енді орайы келген соң, бүгінгі қала тұрғындарының өз ахуалын айта кету артық болмас. Еуропа қалаларында ХХ ғасырда зерттеу жүргізіп көрген еді, жеке отбасы неше буын болып өмір сүреді екен, ұзағынан. Содан зерттеу барасында байқағаны жаппай саны, қала тұрғындары 4-5 буыннан аспай, жоғалып кетеді екен жер бетінен. Оны қарапайым мысалмен айтайық. Ауылды отбасында 10 бала болыпты делік, есептеуге ыңғайлы болсын деп, 10 санын белгіледік. Бәрімізге аян, біздің ауылдастарымызда көп балалы отбасылар жиі кездеседі. Сонымен, ата анасы және түгел баласы қалаға көшіп келді. Әр баласы ер жетіп өздері тұрмыс құрады, балалы болады. Алайда бұлардың бала саны 10 емес, көп дегенде 5 баласы ғана болады. Сонымен  $10 * 5 = 50$  адам немерелер. Бұл қаладағы, екінші буын деп айталық. Енді, немерелердің өздері ер жетіп тұрмыс құрайды, балалы болады, бірақ осылардың барлығы қалада туып өскендіктен балалар саны үшке әзер жетеді екен. Бұл статистика. Сонымен  $50 * 3 = 150$  шөбересі болды. Сол шөбере буыны ер жетіп, өз кезегімен тұрмысын құрады, бірақ бұлардың бала саны 1-2 ғана болады екен. Ал бір екі баламыз тек өз әке шешесінің орнын ғана басады. Сонда адам басының көбейуі деген мүмкін емес. Әрі келесі буын шөпшегі, тіпті балалы болудан бас тартады екен, себебі ондай жауапкершілікті мойынға алғысы жоқ. Бала орнына ит, мысық, құс тәрізді жәндік ұстайды. Және өздері жасы жетіп, өмірден озған соң, ауылдан көшіп келген отбасы осылай толығымен жер бетінен ғайып болады екен, артынан ұрпақ қалдырмай. Осылай қалаға, ауылдағы адамдар көшіп келіп, қала санын үнемі өсіреді екен. Және тағы ғалымдардың байқағаны – егер қыз бала жастайынан, адамдарға лық толған көрінісін көзбен көріп, өсетін болса: автобус, поезда, метрода, мектепте, дүкендерде, көшеде. Осы қыздың ішкі психикасында өзгерістер пайда болады екен: **маған Ана болу қауыпты, себебі осы айнала жерде менің құрсағымдағы балаға тіптен орын жоқ қой!** Осындай оймен өсетін қыз баланың нәрестелі болу мүмкіндігі күрт азаяды екен. Және Ноосфераға осындай ойлар легі көп жазылатын болса, соның салдарынан қала тұрғындарына ауыр кесірі келіп басуы мүмкін. Қалалы тұрғындар осыны ескеру керек, міндетті түрде...

Ал біз жалғастырайық тарихымызды. Жалпы, қаланың дамуы негізі саудаға тәуелді болатын, сол себепті саудасы қалың жүретін, жолдар бойындағы қаласы тез дамып кететін. Міне осылай сауда қасында орналасқан бір патшалық тез дамып, көп ұзамай маңайындағы бар өзге патшалықтарды өзіне бағындыра бастайды. Мезгілі келгенде біздің зұлым патшаның еліне де кезегі жетіп, қалың әскерімен жау келеді және көп ұзамай жаулап алады осы патшалықты. Енді бұл аймақта, өзге бір алып сауда империясының боданы болып қалады. Бодандығын мойындаған, әлгі зұлым патшасы алып империяның жергілікті өкілі болып, тағайындалыпты. Империя ханы өзін, барлық елге күн сәулесіндей шуағын шашып, ыстық күнде шөл қандыру үшін, су беретін «**Суверен**» деп атайды. Ал бодан болған елдің патшасы, хан сөзіне еретін, «**Сюзерен**» деген атаққа ие болады. Осындай

өзгерістер билік басында болып жатса да сол халық үшін ештеңе де өзгермеген еді. Себебі қалай әкімдер ауыр салық жинап жүрген еді, сол тәртіп өзгермеді. Қалай зұлым патша әкімдердің басы болып отырғаны – солай отыра беретін де, билігін жүргізіп. Тек енді барлық жиналған салықтың көп мөлшері, империя астанасына жөнелтілетін. Және зұлым патшаға, аз бөлігі ғана бұйыратын. Солай зұлым патша енді бар білгенін, ішкі ақылын, империя мүддесіне жұмсайтын болды. Және империяның, өзге бодан болған өңірдегі сюзерен патшаларымен таласатын еді.

Осылай біраз жылдар өтіп кетеді, содан империя қызметшілері, әлгі басында айтып кеткен еркін ауылдар туралы естіп біледі. Барлық ақпаратты зұлым патша айтып берген болатын. Содан олар, осы еркін ауылдарды империя құзырына келтіруді ойластырып, өздерінше айласын жоспар етеді ішінен. Соның бір тәсілі, экономикалық соғысы (суық соғыс түрі, қан төкпей, шайқаспай керегін алу) болатын. Соны қолдану ерекшеліктерін айтып өтейік.

## Экономикалық соғысу тәсілі қандай?

Экономикалық соғыстың бірден бір тәсілі өзге елді қарызға батыру болады. Деген мен ол бүгінгі амалдар ретінде жиі қолданылады. Мысалы Қазақстан шет елдерден көптеген қарыз алады. Осы қарыздардың көлемі жылдан жылға өсіп, енді қайтару тіпті қиын болды. Оған қосымша тағы бір салық түрі қосылады, онысы қарыздың жылдық пайызын өтеу. Енді біздің Қазақстан жұрты, сол пайыздарды төлеуге көптеген ақшасын жұмсап жатыр. Сонда елдің сыртқа берер қарызы болған соманың жылдық пайыз мөлшері, 10 миллиард АҚШ доллары болды делік. Міне осы ақшаны әр сырттағы өзге елдер, біздің елімізге инвестиция етіп, қайта сала бастайды өз атынан. Сол шет ел инвестицияларға, еліміздің жер байлықтарын тырнап, қазып алады. Бұл экономикалық соғыстың маңызды бір тәсілі. Осы жерде біздің ел қарыздан бастарта алмайды, себебі халықаралық заңдар бар.

Ал алғашқы патшалықтар болған кезде, еркін ауылдар мен сауда империя арасында бұндай тәсіл қолдану мүмкін емес болатын. Себебі еркін ауылдар ешқандай қарызды мойындамас еді. Мықты болсаң шауып ал деп, қасарысып тұрып алады біздің ауылдар. Империяның өкілдері онысына не жауап берерін білмей қалды. Содан олардың ойлап тапқан тәсілі мынадай болды. Жергілікті жер табиғат жағдайы жақсы болған соң, олар осы жерде егін шаруашылығын өндіріп даму мақсатпен көптеген адамдарды осы жаққа шақыра бастайды: *А-у халайық! Біздің елде керемет аймақ жері бар екен. Сол жерде бидай өнімі жақсы өседі. Және осы жердің халқы еркіндікті сүйеді. Кім де кім осы аймаққа көшіп келетін болса, оларға көп жеңілдігі беріледі. Осы аймақтың мекені тым алыс, сол себепті алдымен жол салып, көпір тұрғызу керек. Және ел базарлығы өтетін қаласын қайтадан жаңартып, құрастыру қажет. Ишетін су құбырын салу керек. Қала көшелер жүйесін жөндеу керек. Жұмысы бастан асады есесіне бидай өнімі өте жақсы шығады. Бізге жұмыскер адамдар керек, және өз атымыздан біраз құлдарды жібереміз. Егер құлдары, жақсы жұмысын жасап, адал еңбек жасайтын болса, құлдарға бостандық беріледі. Кімде кім еркіндік аңсап өсы жерге көшемін десе, тез қимылдау керек.*

Ондай жарнамаға, алып сауда империясынан көптеген адамдар қызығып келетін болды. Және де өз әкімдерінің қатыгез ықпалынан қашқан ауылдағы қарапайым тұрғындар көп болды. Және осы тәсілімен, еш бір соғыс ашпай, қан төгіске жеткізбей, империяның әкімшілігі аймақтың қомақты жерін, өзіне қаратып алады. Аймақтағы барлық ашық жерлерге егіндік салып, көп өнімді алатын

болды биліктегі қызметшілер. Қаланың де тұрмысы өзгеріп, көптеген ірі ғимараттары тұрғызыла басталады.



Осы суретте Шибам есімді, Йемен жеріндегі көне шаһардың бейнесі, шамасымен 15-ші ғасырда бой көтерген дейді. Барлық салынған үйлері, толығымен қыш пен сылақ кірпіштен тұрғызылған еді. Әр бір көп қабатты үйдің сырт көрінісін қарап таң қаласың. Батпақ мен қыштан осындай көп қабатты тұрғын үймен кеңселерді салу деген неткен өнер десеңші! Егер адам баласы өзіне керек мақсат қоятын болса міндетті түрде жасай алады. Осындайда тек өзге адамдары кедергіні жасап, аяқтан шалмаса игі. Осы суретке қарап, баяғы қалалардың тұрмысын елестетуге болады. Бәлкім біз баяндап отырған қаламыз осындай болған шығар, кім білсін. Егер жер сілкінісі болмаса, суы қалың нөсерлі жауын жаумай, өзендер өз арнасынан шықпай, тасқын болмаса, көптеген қалалар сақталар ма еді осы кезге дейін, осы көне заманнан. Суреттің сол жақ төменгі жерінде, бір үйдің жартылай құлап қалған бетін қараңыз, еш бір темірі, әрі ағашы жоқ ішінде. Толығымен тек, қыш пен батпақтан тұрғызылған.

Ал біз өзіміздің аймақ жеріне оралайық. Содан, не керек. Еркіндікті жақсы көретін аймақты көп ауылдар маңына, көптеген адам легі келе бастайды. Жергілікті тұрғындарға, соларға қарсы тұру қайда. Амалсыз солар тағыда өз қазығын көтеріп, одан ары алысқа қарай көше жөнеледі. Себебі жаңа келген адамдар мен жаңа қала әкіміне сенім жоқ. Өздерінің еркіндігін сүйген осылар, енді қитұрқы сауда империяның саясатына алданбауға бел бұған.

Жылдар өтеді, бидайы көп өнім беретін болған аймақтың қаласы жақсарып, әкімі және патшасы өздерінің ауыр салмағын елге батырып салады, **Еркіндік** аласыңдар деген уәжі тіпті ұмытылып қалады. Елді тонау және қинау жүре береді. Және онысы империяның бұйрығы деп, барлық елге жеткізеді: *Біз емес сондай жалмауыз, онау алыстағы империяның ханы бізді осыған мәжбүрлеп отыр. Өйтпесе әскерімен келіп жазалауы мүмкін. Бас көтергендерді абақтыға қамап қинайды, ауыр жазалайды екен.* Енді сауда империяның тұрмысы нығая түседі. Және империя ішіндегі өз ара билікке деген тартысы күшейіп, елдің жалпы наралызығы, уақыт өте көбейе береді. Империя әкімшілігі аймақтар арасына іріткі салып, бір патшаны екінші патшаға айқастырып, айдап салып отырады, және арасында өзін бейбітшілік қорғаушысы етіп, көрсетуге тырысады. Солай әр елдің санасын алдаумен, айналаға өз үстемдігін жүргізіп отырған империя билік басы.

Міне осы кезде еркін ауылдар ішінен бір көреген шаман шығып, бүкіл империяға жырларын көп шығарып, тарата бастайды. Ондай жырларында әділдік пен еркіндікті сүйген батыр азаматтарды дәріптеп, олардың қиялдарын әдемі сөздерімен сипаттап халық жадысына астыртын ойын енгізе бастайды. Және де еркіндіктің ыстық лебін әр адамның жүрегіне жеткізуге тырысатын еді. Бірақ біз жоғарыда айтқандай, құлдық сезімі деген өте ауыр нәубет. Құлдық күшпен келмейді, құлдық адамның өзіне тиесілі жауапкершіліктен бастартудан шығады. Солай, көп жылдар бойы империя құзырында өмір сүрген адамдар, өздерін толығымен осы цивилизация жетістіктеріне түбі сіңісіп кеткен болатын. Мысалы, қалай күн көреміз? Қалай өзге патшалар мен әкімдерінен қорғанамын, қалай өзіне керек заттар мен бұйымдарды табамын, ертең не істеймін, деген ойдан әбден қорқып қалған жұрт. Еркіндік іздеп, айдаладағы ауылдарға баруға мүлдем бас тартады. Жоғарыда бөлек айтқандай, еңбек етіп жұмыс істеудің түрлерін өзі төртке бөлуге болады. Сондағы алғашқы екеуі қара жұмыс пен орта жұмыс көздері, қала тұрғындарына өте ыңғайлы болатын істер. Барлық бас ауыртатын жұмысты биліктегі әкімшілік иелері өз құзырына аударып алған, төмен қара халыққа бұйрық ретінде айтып отырады. Ал қала тұрғындары, билік берген тапсырмалардың салдарынан туындайтын жауапкершіліктен мүлдем босатылған еді: *біздің шаруамыз жоқ, біздікі бұйрықты орындау міндет. Ал нәтижесі не болмақ – оны бізден емес, бастықтардан сұрау керек. Жоғары әкімшілікке бару керексіз, бізді мазаламаңдар!* - деп шығады жұртшылық, құлдық санаға батып. «Сен тимесең мен тименің» кебі. Ондай елден қолдау көрсеткен адамдары шықпады, соған қоса империя жағынан қарымта амалдары жасалып отыратын. Сонысы қала мен бодан елдердің өмір салтын мақтау, және сырттан келген еш жаудың қауіпі жоғын, алдыға тартады: *Азық түлік көзін көп алдық, елде сауда жақсы жүріп жатыр. Елдің саны өсіп жатыр. Сондай керемет империя ішінде тұрғанға не жетсін!* Бірақ дегенмен, еркіндік туралы жырлары елдің ішіне кең таралып, әр бір аймақтары өздерінің дербес болуын қалайтын еді. Оған қоса империя басшылары әлсіздік танытып, көптеген дөрекі амалдар жасап, айналадағы әкімдері мен бодан елдердің патшасын да теріс қаратып алады. Бұл енді заңды құбылыс болатын, себебі әділдік жоқ жерде, билік алаяқтар мен қорқақтар мекені болады. Тақ маңайында ауыз жаласып жүреді өзі. Шындық пен елдің өсуін армандайтын қолбасшы серкелері алыстатылады астанадан. Сол еркіндігі насихатталған жырлар ішінде, әділетсіздікке қарсы тұрып соғысу амалдары мен мысалдар келтірген еді, көреген шаман арқасында. Жоғарыда айтқандай, Ұлы Отан соғысында, шайқасуды тоқтатпаған партизандардың көз қарастарын тағы еске алайық. Осындай белсенді азамат болуға шақыратын жырларды шаман көп етіп, елге таратып еді. Ондай ойлары елдің санасына әбден сіңіп кеткені сонша, әкімдері мен патшалары ашық соғыспайық десе де, сол елді мекендегі тұрғындары, бой бермей ашық түрінде наразылығын көрсете бастайды, орталық билікке. Енді қарсы шыққанға, империя қызметшілері жылы сөзбен басу айтудың орнына күш қолданып, ел ішінде қарсыласу отын ұлғайтып жібереді, жанған от жарқырай бастайды. Империя ханы әлсіз болған соң, күндердің бір күнінде осы алып сауда империя құлдырап, тарап кетеді. Барлық ел ішінде азаматтық соғыс басталады. Бірі біріне

қатты ызаланған патшалар әлі келгенше, өздеріне тиесілі жер мен байлықты, тез тартып алғысы келді. Ел ара саудасы деген мүлдем тоқтап қалады. Содан табиғат жағдайы нашарлап, азық түлік тапшы болды, елдің барлығында аштық көзі пайда болады. Осы жерде тек еркіндік көзі ауылдар ғана еш тауқымет көрмей сол бәз баяғы ата дәстүр салтымен, алыстағы аймақтар елде емін еркін ғұмыр кешіп жүрген еді.

Жылдар осылай өте берді, еркіндікті сүйген адамдар осы ауылдарға іздеп келіп қосыла берді. Ал құлдық санамен өсіп үйренген адамдары, қала ішінде ғұмыр кешіп, ия болмаса қала маңындағы ауылдарда ауыр жұмыс істеп, қала билігіне толығымен тәуелді болды. Ел еркін көшпей күндерін көретін еді. Және біз жоғарыда айтқан оқиғалары тағы көп рет қайталана берді, қайталана берді. Солай, ауылдар базарлық үшін маңайына қала тұрғызады, қалалар бірігіп патшалық құрайды, ол патшалықтар өз ара сауда немесе соғыс пен қарым қатынас жүргізеді, артынан билік әлсіреуінің кесірінен ішінен ыдырап, елдің тұрмысы жаппай құлдырап кетеді. Содан айналған дүниесі, тағы солай қайта айналып келіп, барлық оқиға басынан басталады. Сүйтіп жүргенде, енді еліміз Қола дәуіріне жетті. Сол кездегі адамдар жылқыны үйретіп алған, және ер тұрманы мен аттың әбзелін жасап, соғысу тәсілдері мүлдем өзгереді. Садақ пен жебе, найза мен қылыш, шоқпар мен қалқан, дұлыға мен сауыт қолданған әскер пайда болады. Жоғарыдағы айтылған сөздерім кіріспе ретінде болған. Қола дәуірінде шын көшпенді елдер пайда болады және, қала цивилизация мен еркіндікті сүйген көшпелі цивилизациялар арасындағы қарым қатынас туралы тарихын бастайық. Ол кезде көшпенді елдердің бастапқы ұстанған заңы болатын. Оны біз бүгін мақал ретінде айтып жүрміз: **«Малым жаным садағасы, жаным арымның садағасы»**, деп. Киелі мақалды өзіне ата заң етіп, қабылдаған көшпенді елдері, сайын даланы мекендей бастайды..

## Дала тарихы қалай басталды?

Көнеден келе жатқан тарихтың басында аса көптеген мемлекеттер болатын, олар өз ара соғысып, уақытша одақ құрып, бірге жауға қарсы шығып, одан сертінде тұрмай, алдаумен бірін бірі жеңіп, соғысумен өткен заман еді. Сол кезде барлық адамдар жасаған кәсібіне қарай, бір неше дәрежеге жіктеліп бөлінетін. Басында билікке қолын жеткізген патшалар тұқымы. Және өздерін жеке дара ұстайтын дін өкілдері, осылардың ішінде емшілері, бақсылары, көріпкелдер. Кез келген дін өкілі патша маңайын жағалап, күнін көретін. Егер патшасы тақтан айырылса, дін өкілі де бірге кетеді. Сол себепті, дін өкілдері патшаға марапат айтуды, әбден дағдыланып алған. Содан кейін, саудаға әбден машықтанып алған делдал адамдары, оларды ескі сөзбен, «сарт» деп атайтын. Содан кейін қызметшілер, олардың ішінде барлық әнші, биші, сиқыршы, ойын-сауық жүргізетін жұрты. Оған қоса жазу, сызу, сурет салу, құжат рәсімдеу дегендей, сол сияқты қауым жұрт. Олардан сәл бөлек тұрған кәсіби өнердің адамдары болатын. Ұста болған, сәулетші, құрылыс мамандары, бұлардың әр жасаған туындысы жеке дара жүретін, хас шеберлер қауымы. Содан кейін, төбесі бөлек, туын жықпаған, табиғатынан жау жүрек, соғысқа икемі бар, жауынгерлер қауымы. Олар ата тегін биік және берік ұстап, атадан балаға мұра етіп ауысатын, соғыс өнерінің қолбасшылары. Содан кейін, ауылды жерде егіншілік пен жеміс жинайтын жұмысшы қауым. Осылардан кейін, қоғам ішіндегі ең төменгі сатыда болатын құлдар еді.

Әрине қазір бізге, біреу күшпен осылай барлық адамдарды, өзіне сай келетін дәрежелі деңгейіне бекіткен, деген ойы келуі мүмкін. Бірақ бастапқыда олай болмаған еді. Және әр кәсіптің маманы, өзі білетін жұмысының қыры мен сырын құпия түрде, ұрпақтарына үйрететін заман еді. Темірші

өз баласына темір балқыту құпиясын үйретеді, емші емдеу шөптерін айтады баласына, ал патша өз баласына патша болуды үйрететін болған еді. Осылай адамға кәсіби жолы ашылатын еді. Енді соған қарай әрекет жасау үшін, жас түлектің икемі болу керек. Әр адам, өзінің жеке басының ізгі ақылымен, ниетімен, мінезімен және еңбекқорлығымен сол дәрежеге жететін. Мысалы шеберлер қауымына бойындағы дарынымен ғана қосылатын еді. Және ерінбей бір ұстаздың шәкірті болып тәлім алған адам ғана іске лайық болатын. Бұндай дарынды өтірік жасай алмайсың. Осы сияқты, жауынгер ержүрек болуы керек, қолына қару алу үшін. Әр қызметші, өз кәсібіне сай әр қызметті дұрыс көрсетпейтін болса, тез арада сенім таппай, қол құсырып, далада қалады. Енді сауда деген тіпті, нағыз конкуренциядан өткен адам ғана жоғары дәрежеге жете алатын. Егер ол аңғал болса, адамдарды сыртынан бірден танымай, алданып қалса, сауда жүргізу мүмкін емес-ті. Сол билікке жақын патша тұқымын алсақ, олардың ерекше бір қасиеті болған еді: онысы, көп елді бір біріне араздастырып айдап салу, және үкім жүргізіп, билік шешімдерді айту. Былай қарасаң бұнысында тұрған еш қиындық жоқ сияқты. Алайда, патшаның берген тың бұйрығы, талай елдің тағдырына ықпалы зор болатын. Егер дәрекі саясат жүргізетін болса, нәтижесінде барлық елдер өзіңе қарсы шығады, онда тақтан айырыласың. Сол себепті әр патшаның отырған тағы берік болмайтын. Тек елдің қамын біліп отырған адам ғана тізгінді қолында берік ұстай білген. Жігерсіз, ақылсыз адам тақта ұзақ отыра алмайды.

Бұл жерде тек кеңсе қызметкерлері мен ауылдағы шаруалар ғана бойында өзге дарыны болмаған соң, құл дәрежесіне түсіп кетпеу үшін, күн көріс амалы етіп қызметін жасап, дәрежесіне сай етіп жүретін еді. Ешқандай дамуды ұнатпайтын және келешекті жоспарлап үйренбеген, терең ойлану арқылы басын ауыртқысы келмейтін, ауыр жұмысты жасап, барлық өмірлік тағдырын өз еркімен қожайынға тапсырған адамдары, құлдық дәрежеге баратын еді.

Кей адамдар соғыстан қолға түскен жауларды, құл қылатын деп айтуы мүмкін. Бірақ тереңге ой жүгіртіп ойланатын болсақ, ер жүрек батыр еш қашан, өзінің құл болуын мойындамайды. Үнемі қарсыласып өтеді, және де өз сөзіне берік болған батырлар, әр кезде адал жауынгер болатын еді. Сондай адамға керісінше жауынгерлік жұмысты ұсынатын. Сол сияқты әр қолынан өнері тамған шебер, тұтқын болып келсе – оны да бойындағы шеберлігі үшін құлдықта ұстамай, бас еркіндік беріп, өзіне лайықты дәрежеге көтеріп, өз қаласының тұрғыны қылатын еді. Егер саудагер болса, соны саудагерлер алқасына қабылдап, кәсібін жалғастыратын еді. Діни өкілдері болса, өз дініне берік болады. Ондай адамды құл жасау тіпті мүмкін емес, зияны болмаса еркіндікке жібереді ия болмаса бірден өмірін қия салады. Бұл жерде ауылдағы адамдардың тағдыры қызық болатын еді, себебі шаруа адамы ешкімге зияны жоқ болатын. Біреудің жеріне өздігінен бармайды, керісінше өз жерінде өмір сүріп жүреді. Егер оны құлдыққа алып кетсең, одан келер пайда шамалы, себебі қолынан жер жыртудан басқа іс келмейді. Жерден айырғаның – өлімге қиғаның. Ал жер жыртып еңбек істесе, онда мол жеміс өнім болады, сонысымен қымбат еді ауылдағы шаруа. Ал сен жерін бірге көтеріп алып кете алмайсың. Сол себепті жердің иесі кім болған, сол ауылдағы шаруаның еңбек жемісін тұтынады. Сондықтан әр қала әкімі, өзінің маңайындағы ауылдарды қорғап, жеке меншігі ретінде қарайтын еді. Және әр қаланың байлығы, айналадағы осындай ауылдардың көп санымен, және солардың беретін өнім көлеміне қарай, бағалайтын заман болатын. Егер мысалы табиғаты жылы, суы мол, егістік көлемі кең болса, жылына төрт - бес рет өнімді беретін күрішті өсіретін болса – шығатын өнімі де әжеп тәуір көп болатын. Сондай қаласы мықты болады, өзіне жақсы жауынгерлерді жалдап қорғану үшін көп әскер жинай алатын. Ал егер таулы жерде болса, ия табиғаты суық жерде орналасқан, қала тұрмысы ауыр болады, себебі өсіретін өнімі жоқ, жері тар, бірақ сырттан келген жауы бұларға бармайды – себебі таулы жерде соғысу әлде қайда қиын болатын. Ал ашық жерде орналасқан қаланы басып алу оңай келеді.

Жоғарыда айтқандай, соғыстардың тоқтамайтын себебі, әр бір жас, жау жүрек батыр өз кәсібінің маманы болуға армандайтын, және дәрежесін дәлелдеуге құмар. Жері тар қалалар өзіне көп өнім алғысы келеді, ал азық түлікті мол өсіретін аймақтар жауышылыққа аса құмар емес, әлсіз келеді. Сондай кезде соғысатын адамдар, тек әскери лауазымы барлардың арасында шайқасатын. Еш бір жауынгер бостан босқа, өзге саладағы адамды тонамайды, өлтірмейді. Егер солай, кей жазықсыз адамға қастандық көрсетсе, сонда бау кеспе қылмыскер атанып, еш бір елде өзіне пана табалмай қалады. Ондайларды «сұмырай» деп атаған еді, және елден қуып жіберетін: *қайда барсаң, сонда бар. Саған бізден қайыр жоқ.* Сондай, жаман атты болғысы келмейді еш кімнің. Керісінше ашық соғыста өз өнерін көрсетіп, адал жолымен атақ іздеген заман болатын еді. Себебі, айтылған сөзге берік болу керек – өтірігің шықса, әскери адамға жазасы өлім болады.

Сонымен не керек, соғыс деген тек жауынгер адамдарға қатысты ермек болатын еді. Мысалы екі қала, келісімге келе алмай қалды делік. Сонда екі жақтан соғысатын әскері дайындалады. Ондай кезде барлық адамдар шет жағалай жүріп шайқасатын жерден алыс кетеді. Қала бекінісі сырттан келген жауға төтеп бере алмайды, себебі оған арналмаған болатын. Қаланың қақпасы, тек айнала жағы ауылдарды өзіне жібермеу үшін ғана жасалған. Қаланы азық түліктен айырып, ішетін суын ластап жіберсе, қаладағы халық бірден қақпаны ашып жібереді, ешкім өз жанын қала тағдырына байламайтын еді сол заманда. Ауылдағы адамдары, тіпті сондай соғыстарға мәнін бермейтін еді, себебі олар кеше Мырқымбай әкімге тиесілі ауылы болса, ертең Сиқымбай әкімнің ауылы болып шығады. Егінді өнімін қалай қалаға тапсыратын, солай тапсыра беретін, қожайыны ауысқанынан ауылдағыларға келіп кетер ештеңе жоқ. Дегенмен ол заманда ауылды адамға еркіндік берілгенді, егер жау жүрек батыр боламын десең әскерге қосылсаң болады. Егер өнерге дарын болса, қалаға барып, өзіңе ұстаз тауып соған шәкірт боласың. Егер ауылдағы ауыр қара жұмыстан шаршайтын болсаң қалаға барып, өз басыңды ауыртып қызметші кәсібін игеру керек және бәріне мүләйімсіп қызмет көрсету керек болады. Сондайға ауылдың адамдары жиі бара бермейтін, себебі тәкаппар мінезі бар ғой ауылдағыларда.

Осыдан, қалалардың өз ара соғыстары тоқтамайтын болды. Кеше бауырлас болған ағайындылар, енді бір біріне өштесіп, соғыста қырыла бастайды. Соғыс деген нағыз жауынгер, хас батырларды жалмап кетеді. Ал орнына қорқақтар ғана қалып, өмірін сүре береді. Және мысалы бір батырдың баласы шайқаста жеңіске жетіп, қаланы өз құзырына қаратып алса, оның төл ұрпағы осы қаланы билейді. Уақыт өте мінездері өзгеріп, соғыс кәсібіне бармай, билік құмар болып ұсақтана береді. Өтірік айту, жүрек жарды шындықтан қаша бастайды, адалдықты ұмытады. Осыны байқаған кей азаматтары адалдықты пір тұтып, шындықты сүйетін қоғамды қалаймыз деген арманға, ынтызар болады. Және осындай қоғамды аңсаған шамандар мен жыршылар, саф ойларын жырына салып, елге тарата бастайды. Көптеген данышпандар осы туралы ойланып, толғанып, ұзақ қиялға үңіле бастайды. Және айналадағы табиғаттан, өздеріне мысал іздеп аян күтеді.

Көзі ашық, көкірегі ояу, қаһарман азаматтардың тағы ойлағаны, ұрпағының құл болмай, еркіндік желіне сусындап өскенін арман қылады. Билік үшін таласқа араласып, арсыз қылықтарға барып, қаланың тар жерінде, ағайынды бауырлардың өз ара қан төгіске мәжбүр болатынын сезіп, білген еді. Осындай қасыреттен аман қалудың қандай жолдары бар екен, деп. Көп ойланып, толғанатын еді. Осы жерде, әр адамның алдында таңдау тұрады. Билікке қол созып, бағын көру немесе билік тағынан бас тартып, өзінің ұрпағына еркіндікті қамтамасыз ету. Сіз нені таңдар едіңіз?

## Көшпенді ел қалай пайда болды?

Қаладағы адамдардың тұрмысы белгілі болды. Егер, келешегі туралы ойламасаң – қалада тұрып ғұмыр кешуі, әр адамы үшін нағыз идеалды жол. *Келдің, жедің, нәпсіні тойдырып, рахат өмірге баттың, ойын-сауығы мол, терең ойланып бас ауыртудың қажеті жоқ. Барлық заңдарды қала билігі ойластырып, өзі жасап қойған. Осы заңмен күн көресің, артыңда ұрпақ қалды ма, жоқ із қалмады ма, бәрі бір!* – деп ойлайтын адамдар үшін, қала өмір салты нағыз керек дүние. Табиғат жағдайы мүмкіндік берсе азық түлік көзі мол шығады, аштық болмайды. Еңбек көзі етіп әкеңнен қалған кәсіпті мұра етіп жалғастырасың, содан қала тұрғыны нәпақа тауып күн көреді. Және сол қаланы азық түлікпен қамтамасыз ететін көптеген ауылдар болады, және сол ауылдың адамдары егіндік өсіріп, жер жыртып, өнімдерін қалаға апарды. Осы ауылдардың адам саны, қаладан әлде қайда көп болатын еді. Егер сырттан келген жау болса, қаласы ішіне тығылады. Сол жерден пана іздейді. Алайда, ауыл тұрғындары толығымен, осы қалаға тәуелді болатын. Әр күні қалаға қарап қалған. Ал қала билігі ауыл адамдарын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отыратын болған.

Енді осындай тұрмыстан бас тартып, өзін дербес санайтын, еркіндікті сүйетін жандар, жеке қала ішінде өзіне бақыт таппаған еді. Себебі, адамдар көп тұратын қалада, билікке деген бәсекелестік бар. Талас тартыс бар жерде, үнемі алаяқтары алдыға шығады, себебі адал жандар қитұрқы айла мен жалған сөз айтуға бармайды. Және де осындай қалада билікке келген күннің өзінде, тақ иесі болып тұрса да, өзінен өрбіген ұрпағы сондай адал және арын сатпайтын мінезге берік болуы екі талай. Билік деген бәрін аздырады да, алаяқ болуды үйренген соң ұсақталып, ұрпақтың бәрі қала ішінде атымен жоғалады. Сол себепті ондай ақылды адамдар қаладан безіп, өзінің қазығын алып жүріп, сайын далаға қарай көшетін болған. Көшіп жүрген адамдарға, егіндік өнімі тамақ болмас, себебі жерді жыртатын болсаң, әйтеуір бір қаланың әкіміне тәуелді болып қаласың. Сол себепті, әр түрлі мал шаруашылығымен айналысуға тура келеді. Әрі сондай кәсіпте адам саны көп керек болмайтын. Мысалы, жердегі егіндікпен күн көретін болса, бір шаршы километр жерден 10 мың адам, өзіне азық таба алады. Ал малды бағатын болсаң, ондай тар жерде он адамға азық көлемің жетпейді ғой. Сол себепті, 10 мың көшпенді адамдарды, малдың өнімдерімен қамту үшін, он бір мың шаршы километр жайылым жер, көп болмас еді. Солай өзінің малын бағып, кең көлемді ну жерде адам саны аз болған соң, ағайын арасындағы жанжал мүлдем жоқ болады. Сыйластықпен ғұмыр кешіп, біріне бірі қамқор болған көшпенділер, еркін көшіп жүретін еді.

Тағы бір мысалды келтірейік. Он ағайынды болған екен. Әр қайсы ақылы дамыған, көкірегі ояу, артында қалың туысқан жұрты бар екен. Ақшасы да көп, әскері де баршылық және өзінде сенім артқан шамандары мен жыршылары бар. Содан не керек, қаланың тағына лайық әкім табылмай, осы 10 ағайын енді қала билігіне таласып, біреуі таққа отырмақ екен. Сонда қалған 9 азаматтың алдында таңдау шығады: ия олар таққа таласып бірін бірі қасқырдай талап, жеп қою керек, және осындай тәсілді үлгі етіп, өз ұрпағына мұра қалдырады. Қалада тақ жалғыз, айналада одан басқа тақ жоқ. Егер патшаға қызмет етуге уәде берсе, демек барлық немере ұлдары, біреудің ұлдарына қызметші болатындай тағдырға, бастарын байлайды. Әрі болмаса билік тартысынан бас тартып, қаладан безіп кету керек. Осыны алдын ала ойластырған 10 ағайын, қаланы өзгелерге қалдырып, қазығын көтеріп, түгелімен сайын далаға көшіп кетеді екен. Және де барлығы өз басына хандық құрып, еркін өмір сүруге бел байлайды. Ұрпағына сонысын да үлгі етіп қалдырады. Өз арасында

таласпаймыз деп уәде береді. Және сырттан келген жау болса, тез бірігіп қарсы шығатын әскери одақ құрады.

Табиғат аясында ғұмыр кешкен, еркіндікті ту етіп ұстайтын жыршылар мен шамандар, ой қиялы шабыт беріп, армандарын өлеңдерге салып, елге жаяды. Міне осылай, тұңғыш көшпенділері жер бетінде алғаш қадам басатын болды. Әрине, бұл жерде кездейсоқ бір адамдар, ауыр тағдырының тәлкегіне түсіп, елден опық жеп бас сауғалап, арық малын бағатын адамдары туралы айтпаймыз. Керісінше, ақыл санасы өте бай, және әскери күші бар, Ата тегін құрметтеген, еркіндікті сүйетін адамдарды айтамыз. Ондай адамдар қаланың бәсекелесіне шыдай біліп, тіпті мықты әкім болуға әбден лайық еді. Егер ел қатарлы, басқа мүйізді серкелер мен тұяқты сақалар тәрізді, тақ билікке таласып жүрсе, өз сыбағасын жібермейтін өте ақылды адамдарды айтамыз. Міне сол адамдар, өз еркімен осындай қалалық өмірден бас тартып, саналы түрде сайын далаға көшіп кеткен еді. Әрі жалғыз көшпей, қасындағы өзіне еретін барлық ел жұртты, бүкіл дүниесімен бірге көшіріп алып кеткен еді. Және сондай қадамды шарасыздықтан емес, керісінше ақыл ойы пісіп – жетіліп, жеке өздеріне бақытты жолдың тапқанын сезінгендіктен және де қасындағы дос жораға соны ынталы түсіндірген соң, осындай жолға тәуекел етіп барғандарды айтамыз. Бұл шешімде қабылданбаған еді асығыс. Керісінше, біраз жылдар бойы дайындалып барып, өзіне лайық деген, көшіп жүретін жерді тауып, малға жайлы және шөбі шұрайлы болған мекенді тапқан соң, өздері барып отырған адамдарды айтамыз.

Сонымен қоса, шамандар тобы қала өмірінен аулақ кетіп, талас тартысқа қатысудан безіп, өзінің жүйкесін тоздырмай, жанды қинаймай, біреудің орнына таласуды жек көрген, жандар еді. Солар ұлы көшті шын көңілімен қолдап, өз ішінен осындай қадамға дайындық амалдарын жасаған еді. Соларды тізбектеп айтып өтейік. Ондағы жасағандары мынау еді. Тұрақты қаласы жоқ, көптеген малды бағып жүрген ел жұрт, өз тарихын және тілін ұмытпау керек еді. Соны ел жадында бекіту үшін шежіре тағайындалды. Кім қай ру тайпадан тарайды, кімнің аталары қай жерді мекен еткен деп, жер атауларын осы шежіреге енгізеді. Және өлген аруақтарға тағзым етіп, солардың жатқан жерлерінде күмбез, тасты мазар қаланып, белгілеп қояды. Сол аруақтардың жатқан жері, адасқан барлық жұртқа қазық іспетті жол көрсетеді. Аруақтарға арнау, сый құрмет өте жоғары болуын ел жадысына құйып, қастерлі әдет ғұрып қалыптастырады. Және ұлы даланың мектеп университеті іспеттес қисса, жыр, дастан, ертегілерді халық жадысына құйып, ел арасына таратуға тырысқан. Онысы тағы, елдің ойда сақтау қабылетін жақсартады және терең сөздің мағыналы ой байлығын арттырады, елдің тілін сақтайды. Жер шалғай болған соң, ел арасы үзілмесін деген, көптеген ара қатынас жолдарын тауып, соның барлығын әдетке енгізіп, халық дәстүрін таратады. Содан болар «қатын» деген сөз, елді бір біріне жақындастыру ниетімен, әйел жанға берілген биік атақ-міндет тәрізді болған еді. Оған қоса әр ауылға тиесілі таңбасы мен өрнек үлгісі қалыптасады. Сырт киім пішіндері, кімнің қай өңірден екенін бірден танытындай етіп, және ауылдың ішінде қай дәрежеде жүргенін белгілейтін үлгісін қалыптастырады. Сол заманның адамдары келген күйде алдындағы адамға көз тастап, бірден анық білетін болған еді, кіммен кездесіп тұрғанын. Одан бірден лайық сөз тіркесін қолданып, тілдесіп, көңілін таба алатын еді.

Осы жерде тілдің дамуын ерекше атап ету керек. Еркіндік тегі - алдымен адамның ойындағысын ешкімге жалтақтамай, көзге тура қарап, ашық айтудан басталады. Ал табиғаттың ішіндегі болып жатқан құбылыстарды зерттеп, оларды дұрыс сипаттап, оған тиесілі атауын белгілеуі еркін елдің нышаны. Соған қоса, қоғам ішіндегі орын алған әр бір құбылысты жасырмай, ашық айтудың өзі еркіндік болар. Мысалы біреу алаяқтық жасап, таққа таласатын болса – оны ашық айту еркіндік. Егер біреу қорқып, сатқындық жасайтын болса, оны лайықты сөзбен әшкерелеп, сол енді қайтып

қайталанбасын деген ниетпен жазасын беру де, еркіндік нышаны. Ал қуаныш пен ізгі істі қолдау үшін, соған лайық мадақтау сөзін тура көзге айту да, шын еркіндік. Сондықтан көшпенді болған алғашқы адамдар, өз қазығын көтеріп, осындай еркіндікті аңсап келген еді сайын далаға. Көзбен көргенді еркін сөзімен айту құқығын, бойына сақтап қалу ниетімен. Бұнысы ең әуелі жыршылар мен шамандар үшін ауадай қажет болған еді. Қалада артық сөз айтсаң, шер басың бәлеге қалады, себебі билік басындағылар жетіп келіп жазалауы мүмкін. Сол себепті, ойыңдағыны астарлап, екі ойлы сөзбен айту керек. Онысы өтірік айтқаннан не айырмашылығы бар? Ал даланың адамдары сөзін бұқпай тура айтады. Содан қалыптасқан мақал бар еді: *бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ* – деген.

Енді «Жеті Ата» ұғымын ашып өтейік. Біздер бүгін, жеті атасын өзімізден бастап, өмірден өткен ата бабаларымызға қарай санаймыз. Ал негізі санау тәртібі бөлек болатын еді. Жеті атаны өзінен бастап, жоғары қарай үш буын есепке алынады: әкесі, атасы, бабасы. Содан кейін өзі болып төрт буынды белгілейді. Қалғаны өзінен тарайтын ұрпаққа ауысады: баласы, немересі және шөбересі. Оған бір мысалы, белгілі Әл-Фарабидың толық есімін қараңыз: Әл-Фараби Абу Наср Мұхаммед ибн Узлағ ибн Тархан. Абу Наср Мұхаммед – әкесі. Узлағ – Атасы және Тарханы – бабасы болып келеді. Осыларды Әл-Фараби өзі жақсы білген соң, өзінің ұрпақтарына солардың әр өмірбаянын, еркін айтып бере алатын еді. Сонда өзінің немересі және шөбересіне бүкіл жеті атасын баяндап, жырлап айталатын еді. Осындай толық есім тізбегін айту әдеті болған кезінде. Соның арқасында әр адам өзінің жеті атасын жақсы таныған екен. Кім қандай адам болғаны, не арманы болған еді, жетістіктері қандай еді.

- 1) Бабасы
- 2) Атасы
- 3) Әкесі
- 4) **Азаматтың өзі**
- 5) Баласы
- 6) Немересі
- 7) Шөбересі

Мені осылай әр азамат, Жеті атасының дәл ортасындағы буыны болып есептеледі. Себебі ол осы аталған адамдарды өз көзімен көрген болатын. Сондықтан өзінің шөберелеріне нақты шежіресін тарқатып айтқан кезде, көзімен көргенін, айтып отыратын еді: *шөберелерім, мені тыңдағайсың! Сендердің жетінші аталарың осындай адам болған еді. Мен ол кісіні кезінде өз көзіммен көрген едім. Ол кезде мен сендер сияқты бүлдіршін жаста едім. Осы кісінің сендерге айтқан аманаты бар, соны құлақ асып, зейін қойып тыңдағайсың!* - деп, өзінің бабаларының айтқан сөздерін, өзі құлағымен естігенін, атасы енді шөберелеріне айтып отырады. Және сөзін жалғастырып, осылай деген: *- сендер ертең өсіп, ер жетесіңдер. Балалы шағалы болып, тұрмыс құрасыңдар. Еркіндік ғұмыр кешіп, немере шөбере сүйесіңдер. Сол кезде өз немере шөберелеріңе менен осындай өсиет сөз жеткізіп айтасыңдар!* - солай өмірден түйген ақыл өсиеттерін айтуы, әр адамға шын міндет болатын. Және, еркін өскен көшпенді елдің баласы, ұйықтар алдында әжесінің ауызынан қиялды ертегі емес, өмірде шынымен болған, өзінің аталарының өсиет сөздері мен ғұмыр баянын, тұған аталарының ерлігі мен жетістіктерін естіп, тәрбиеленетін еді. Оның барлығы шежіреге жазылып қойған еді. Осы шежірені, әр туысқан өз жадысында сақтай білген. Бұл сайын даладағы қазығын қалаған жеріне қағатын, еркін көшіп жүрген адамдардың салты болған еді. Сонда көз алдыңызға енді елестетіп көріңіз сол дәуірдің жас баласын. Бала отыр жерде, қасында әкесі жүр және атасы отыр, ал бабасы оның көзінше атасына нақыл сөздер айтып жатыр. Сонда атасы үндемей тыңдап

отыр, өз әкесі шыр көбелек жүгіріп жүр, шаруасымен әлек болып. Сондай тәрбиені, бала кезінен көрген адам, өзі де шындықты қастерлейтін болары анық. Өз кезегімен бала осы дәстүрді сақтап жүретін еді.

Осыған қоса, еркіндік не үшін керек адам баласына? Әрине бақытқа толы, мәнді және мағыналы ғұмыр кешу үшін керек. Бұл жерде сонда бақыт өзі не – деген сауалға жауап беріп көрейік. Өмірі бір мағынаға толы болып, қиындықтардан мойымай, қуанышқа толы ғұмыр кешетін адам, нағыз бақытты сезінетін еді. Жоғарыда айтқандай: «**жаным арымның садағасы**» деген ұстанымымен өмір сүрген адам, ешкімнің ала жібін аттамай, біреуге қастандық жасамай, және ешкімнің жаман қарғысына ілікпей жүрген сол, өзін бақытты сезінетін. Демек, ренжуді тез тарқатып, айналадағы адамдарға кешіріммен қарап, жүрегінің таза қалауымен жомарттық жасаған адамы, өзін бақытты сезінетін. Ондай бақытты күндерін қуанышқа толтырып, толық өмірін мерекелі тоймен өткізетін еді. Қазақтың бүгін бізге жеткен неше түрлі тойлары бар. Жер бетінде, осыншама тойлары басқа халықта барма екен, түге?! Әр қадамға арналған жеке той атауы шыға келеді. Солардың барлығы міне осы еркіндікпен ғұмыр кешкен, көшпенділердің ұзақ тарихында қалыптасқан еді. Осындай өмірдің күндерін мәнді әрі мағыналы құндылыққа толтырып, өзінің ұрпағына сонысын үлгі етіп, үйрете білген адам, өзін бақыттымын деп ойлаған болар. Міне осы ниетпен, шамандар тобы елге насихаттайтын еді. Көшпенді елдің өмір салты қалыптасып, соларды әдетке айналдырып, сайын даланың мәдениетін құрған еді және жыр арқылы елге жыраулар таратқан.

Көшпенді болудың қажеті тағы мынадан білінеді. Қазығын қозғамай, бір орында тұратын болса, онда үй ішін дүние мүлікке толтырып, өмірдің мәні соған ауысып кетеді. Ертең біреу осы жиған тергенімді алып кетсе қайтемін деген күдік тағы бар, жүйкені жеп тұрған. Және әр өмірдің түпті мағынасы, дүние жинаған қоңызға айналуына әбден мүмкін еді. Ал көшетін болсаң артық дүние жинамайсың, себебі жол жүргенде артық салмағы керек емес. Осы өмірдің өтпелі екенін сезініп, тек нағыз керек заттарды ғана алып жүресің. Содан көшкенде, өз қазығыңды алып баратын жері белгілі болған соң, жолға шығасың. Уақытты бос кетірмей, осындай көшке дайын болуды алдын ала қамданасың. Көшкенде жұлдыздардың өзі, адамға бағыт көрсетіп тұрады. Жылдың мезгілін сол Темір қазық жұлдызына қарап білетін еді.

Осындай мағыналы салтымен ғұмыр кешкен адамдардың өмірі, кімге болсада қызықты ғой. Сол себепті қалалықтар осыны біліп естіген соң, барлық ауылдарын көшпенді елдерге көшіріп, алып кеткісі келетін. Мысалы қала әкімі дөрекі саясат жүргізіп, ауыр салық салып, елді көп қинайтын болса, сол елдің адамдары қашып кетуді ойластырып, сайын далаға басын тартатын әдет шығара бастады. Соған тосқауыл қоямын деп, әр қаланың әкімі неше түрлі амалдарды қарастыратын еді. Солардан бізге анық жеткен әдемі мысал, сол әлемге әйгілі Қытай еліндегі ұлы қорған бекеттері. Сонда еркіндікті аңсаған халықты тоқтатуы үшін, қорған салудан басқа амал таппағанына қарап, еркіндікпен өмірі өткен көшпенділердің, қала тұрмысына қандай әсер бергенін аңғаруға болады. Кім де кім Қытай еліне барып, ұлы қорған жарына шығып көрсе, оқ ататын терезе жағы өз еліне қарап тұрғанын байқауға болады. Және осы қорғаны еш уақытта, сырттан келген жауға тосқауыл болмаған еді. Оны тарихтан жақсы білеміз. Бұл қорған бекетін салу ұзақ жылдарға созылады. Ал қала өмірін сақтап қалу үшін, одан ықпалды айласын ойлап табу керек еді. Сондай әдістердің ең мықтысы болған, діни сенім нанымдарды қалыптастыру еді.

Келесі тарауда біз, діни наным жүйесінің қалай дамығаны туралы айтамыз. Осыны жақсы білген адамға, бүгінгі діни ықпалдың қайдан шығатынын, түсінуге зор көмек болады.

## Дін арқылы елді билеу қандайды?

Сол кездегі қалада тұрған данагөйлердің, ойлап тапқаны әр түрлі діни сенімдер еді: *Көзбен емес, іштегі сезім арқылы ашылатын, ғайып әлемінде көптеген күштер бар, соларға сену керек және тағзым етіп, зиярат қылу керек. Сонда рұхты күштер адамдарға көмекті беріп, жарылқайды. Егер зиярат етуден қашып, елемейтін болсаңыз, онда рұхтар сені жазалайды,* - деген уағыздар, қала тұрғындарының арасында таралып, көптеген діни ағымдарға жол ашылады. Әр адам енді өз құдайына құрбандық шалып, жиған тергенінен жеке бөлігін алып, діни өкілдеріне тапсыру керек еді. Осы діни өкілдері билікке қол жеткізіп, қауымға жол нұсқап, адамдардың тағдырын шешетін міндетті атқаратын болды. Осылай түрлі дінге сенген адамдары адамзат тарихында алғашқы құл ететін, зұлымдықтың қасіретіне жол ашады. Онысы, өзге адамды өлермендей дәрежеде жек көру болатын еді. Тіпті адами қатарынан шығарып, сондай кәпірлерді құлдан төмен санайтын болған. Сондағы жек көрудің себебі: *оның құдайы қате, ал менің құдайым шынайы болғандықтан,* - деп еді.

Осындай нанымдары неге қала ішінде бірінші пайда болды деген сауал келеді ойға. Оның себебі құлдық санада бір неше ғасырлар бойы өмір кешкен қала тұрғындары, алып әлем алдында деген, өзінің бойындағы бүкіл жауапкершіліктен, толығымен бастартқан тобырға айналып үлгерген еді. Керісінше, даладағы көшпенді адамдардың сенімінде, жауапкершілікті өзінің мойнына алу түп дәстүрге айналған еді. Сол себепті көшпенді адамға, өзге діни сенімде жүргенді адам қатарынан шығарып, құлдан төмен көруі, күнә болып есептелген әсте. Мысалы, екі көшпелі ауыл адамдары бөлек екі дінге сенетін еді делік. Содан ол, алыс ауылды аймаққа көшіп кетеді, пәлесінен ауылақ болып. Алысқа көшкен соң өз ара екі ауыл арасында еш қақтығыс болмайды. Және де уақыт өте, табиғат жағдайы, біріне бірін кешірімді болуды үйретеді. Себебі бір жолы түсіп, осы алыс жаққа барсаң, әлгі ауылдан басқа ешкім жоқ. Ал демалуға зар болған жолаушы, қандай болсын көмекке көніп, одан бастартпайды ғой. Содан, бірін бірі көрсе болды қуанатын еді. Баяғыдағы араздықты бірден ұмытып, көшпенді елдің жұрты кекті еш сақтамайтын еді. Ал қала тұрғындары көзі ауған жаққа көшіп кете алмайды. Сондай еркіндікті білмейтін болған соң, солар үшін төл дінін қорғап, өзге діндердің өкілдерін адам құрлы көрмеуі, үйреншікті әдетке айнала бастайды. Діни саладағы қызметшілердің ықпалынан, қаланың адамдары өз дініне берік болуды үйренеді. Содан еш адам, оңайшылықпен өз жерлерін тастап кетпейтін болған. Міне, алғашқы діни ағымдардың адамзатқа жасаған қастандығы осылай болатын. Енді жылдар өтеді, дінге әбден сенген ел, жауапкершілікті дін өкілдеріне нұсқап, өзінің санасын құлдық көз қарасқа икемдеп, өзге діндегі адамдарға өшпес ызақорлықпен қарайтын болады. Өміріндегі барлық жапа шеккен күндердің себебін, өзге діндегі адамдардың кесірінен деп, есептейтін болған. Және дін үшін, өзге адамды еш аямай, мал ретінде жұмсауы күнә емес, тіпті әшейін күнделікті іс деп, саналатын еді.

Мысалы билікке құмар әкім және патша зұлымдық жасайтын болса, онысы таққа талас үшін деп айтуға болады. Енді өзінде еш байлығы жоқ, санасы құлдық сезіммен уланған, жауапкершіліктен жұрдай болған тобыр адамдардың, сонша жауыз болғаны, осы теріс діни ықпалдан. Оның себебі тұрмысы ауыр болған адамға, өзінің осындай тағдыры үшін кінәлайтын адамды іздеп табу керек. Неге біз осындай қиын ғұмыр кешеміз деген сауалға, діни қызметшілер керек жауапты дайындап қойған еді: *Оның себебі, өзге діни сенімінде жүрген адамдар екен. Солардың бізге ойлағаны тек жамандық, біз бірігіп соларға тойтарыс беру керекпіз.* - деп, уағыздарын айтып отырады. Міне, осындай саяси үрдістің нәтижесінде, енді қала аралық соғыстары өте ауыр және қатыгез жүретін болды. Мысалы бір қала әскері жеңіске жетсе, барлық тұрғындарды уағыздап өз дініне ауыстыра

бастайды. Және дінін өзгертуге қарсы болған адамдарды жаппай құлдыққа айдап кететін болды. Солай, бір дінге сенетін адамдар өз ара бірігіп, жер бетінде алғашқы мемлекеттер пайда болады. Дін - мемлекеттің тұғырын берік ұстауға, өз ықпалын көрсетіп тұрған заман басталды.

Алғашқы мемлекеттің пайда болуы, елдің үйіп, бір патшаның қасында бірігіп орналасуы осы дін жүйесінің арқасында басталған. Діни рәсімдері тағайындалып, елдің бәріне насихатталатын. Дін жүйесі, жаңадан құрылған мемлекеттің қаңқасы болып бекітіледі. Себебі дін тұрғысынан қараса, билік жоғарыдан берілген екен, және барлық осы дінге ортақ халық, билік иесі болған патшасын құрметтеу керек. Ал қара халық, патшаның кез келген бұйрығын «Ләп-пай, тақсыр!», деп даусыз орындау керек. Күмәнсіз орындау керек. Сол елдің сенімін нығайту үшін, діни өкілдері көптеген сиқырларды, дайындап қоятын болған. Фокус жасап, елдің барлығын таң қалдыратын және соны елге діннің мықтылығы етіп көрсететін. Оған, осындай мысалды келтіруге болады. Базарлы күні ел алдына бір неше соқырлар мен аяғы жүрмейтін мүгедек әкеледі. Содан діни рәсімдерді жасап, ел алдында дұға оқылады, соның арқасында соқырлардың көзі ашылып, мүгедек адамда аяғынан басып, өзі жүріп кетеді. Осыған тәнті болған ел, рұхтарға құрмет көрсетіп, діни адамдарға сенімі арта түсетін болған. Оған қоса, өзге дінге сенетіндер және еш дінге мүлдем сенбейтін, патшалық тұрғындары адам құқықтарынан айырылып, құл дәрежесіне түсетін болды, немесе патшалықтан қуылатын еді. Онысы азық түлік мол болып, адамның саны үнемі өсетін болғанның арқасы. Сол себепті, патша билігі және діни адамдар, қарапайым тұрғындардың санын көпсінбейтін еді. Егер біраз елді қуып шықсақ, орнына жаңа буын жастар келеді деп, сенетін. Жалпы патшалық ішінде, жұмысқа салатын адам әр уақытта табылатын.

Содан кейін діни өкілдер барлық болған оқиғалардың тарихын өздері жазатын болды. Егер кімде кім тарихты жазамын десе, оған тосқауыл қойып, сөзін діни цензурадан сүзгілеп шығаратын еді. Жалпы қалада, тарихты тек діни жүйеден рұқсатын алғандар ғана жазатын болды. Оған қоса сол қала жұмысын атқару үшін, есеп қисап жүргізу керек. Көп кеңсе қызметкерлері, тағайындалатын болды соған. Осылай бюрократия жүйесі, алғашқы қадамдарын жасап, бой көтере бастаған қала ішінде. Міне солай, бюрократия жүйесі алғашқы рет, барлық қала ішіндегі жұмыс легін өз атына ептеп, қаратып алатын болды. Соның арқасында патша көптеген міндетінен босап. Тек көршілес патшалық елдерімен соғысу амалы ғана, толығымен патша мойынында және әскери адамдардың толық құзырына жатады. Сол себепті осы бюрократтар жүйесі мен діни жүйесі әскери адамдарға бағынышты болатын, себебі керек жарағын қамтамасыз етпей барлығы биліктен айырылып, өзге дін өкілдеріне құлдыққа түсетіні әбден мүмкін еді. Осындай жүйеде тек саудагерлер ғана өздерін емін еркін сезінетін еді. Себебі қай дін болмасын, ия қай патшаның әскері жеңіске жетпесін, бәрі бір сауда тоқтамайды және барлық билік адамы ия әл қуаты мол шонжарлар, сауда заттарына аса зәру келеді.

Міне солай мемлекеттер қалыптасып, өз ара сауда саттық жүргізетін болды. Егер де саудаласпай, әскерінің арқасында, өзге елді жаулап алуға мүмкіндік туып жатса. Соны ерсі көрмей, әскерімен жаулап алатын еді. Содан қорқатын елдердің патшалары өз ара одақтастық құрауды қолға алатын болды. Ал одақтас елдер арасында, діни ара қайшылық болмау керек, себебі сонысы әскери одақ құруға зиянын келтіреді. Содан, діни жүйе өкілдеріне тапсырма беріледі – төл діндерін өзгертіп, діни басылары өз ара келісіп, одақ ішіндегі елге жағымды етіп, бар дінді икемдеу керек.

Ал көшпенді елдердің ішінде керісінше, дінге деген толық еркіндік берілген. Дінге бола араздық жасамай, барлығына есік ашық болатын. Және дінге берік болып, сенудің өзі де, сол кезде керегі шамалы болған себебі әр адам өзіне керегін табиғаттан алатын еді. Ол үшін керегі еңбек, жалқау

болмау және адамдар арасындағы қарым қатынасты молынан ұлғайту еді. «Адам күні адаммен» деген мақалдың шыққан түбі осыдан. Егер, өзге адаммен тіл табыса алатын болсаң, сауда жасап, керегіңе қол жеткізесің. Ал көшпенді елдің адамдарына, өзге адамның сенім-нанымы өзі қандай екені, тіптен маңызды емес. Еркіндіктің тағы бір нышаны, осындай шаруада білінетін еді.

Сол кездегі қалалық тұрғандырына, діннің жасаған ықпалы, елдің барлығын «өзіміз» ия «бөтен» деген, екі топқа бөлетін болды. Осындай поляризацияның салдарынан, көп қаланың қоғамы өзге қалалардың тұрғындарын жек көретін болған. Бірақ есесіне сондай діні мықты қаласы негізінде, алғашқы мемлекет құрылып. Тағы аясында елді ұйытып, жиналуына себепші болатын. Айтса да, діни сенімдер ел ішінде кеңінен таралып жатқанда, дін өкілдері шықпаған еді, билік басына. Дін ықпалы, тек жеке дара отырған патша билігін әлсірете бастады. Тақ дәрежесіндегі билікке құмар болған қауымдар шыға бастады. Сондағы тақ аясында үш саланың өкілдері жүретін тағы: әскери қолбасшылар, дін өкілдері және саудагер қауымы. Төртінші потенциалды күш иесі – құжаты мен іс қағаз жұмыстарының иесі бюрократия жүйесі, әлі толық жетілмеген соң, осы билік тартысына қосылуға күші әлсіз болатын еді.

Жоғарыда айтқандай, дін өкілдері билікке басы қолы жетпеген болған, себебі халық діни наным сенімдерге, алғаш қадам басатын кезі ғана. Әлі діндердің басым көпшілігі құбылмалы болып, өз ара бірлестік жасамайтын кезең еді. Ал саудагерлер қауымы өте күшті болатын. Осы саудагерлер әскери ұландармен бәсекелесіп, нағыз билікке жақын тұрған еді. Және ол заманда соғыс ашудың себебі, біреуді жек көріп, кегін қайтару үшін жасамаған еді. Соғысты ашудың басты себебі, әлсіз елді күшпен басып алу, болатын еді. Мысалы, әкімге саудаласып, тиін тебен санау арқылы, керек заттарға қол жеткізу тым ұзақ шаруа және алданып кетуі әбден мүмкін еді. Ал күші басым болса, әлсіз патшалықты жаулап алады, еш бір ақша қаражат шығармай. Әлі жеткен патшалық өкілдері, мол дүниеге бірден қарық болады. Сол себепті, әскери элита билік басына тым жақындап, қоғам ішінде, ең мықты күшке айналған еді. Патшаның өзі осы әскери элитаға сүйене отырып, сол тақ тізгінін ұстаған заман болды. Негізі патшаның күні, әскери қолбасшыларға қарап қалудың себебі мынада еді. Мысалы ақылды патша, 30 жасында таққа отырды делік. Ол кезде адам көп болса 50 жыл жасайды, содан кейін түрлі аурулардан сырқаттанып қалады. Енді патшалықты тұған ұлына тапсыру керек, ал ұлында патшаға керек тәжірибесі жоқтың қасы. Міне осындай жағдайда, жаңа патша өзіне керек өмірлік тәжірибе жинағанша, қасында басы көз болып, қарайласатын күшті ер адамдардың болуы ауадай қажет. Ал егер, әскери элитаның ескі патшаға наразылығы болса, онда патшалық көлемінде кішігірім ереуіл жасап, тақ мұрагерін биліктен аластап жіберуі мүмкін.

Соған қоса, патшаның билігі жайлы айтатын мәселесі, ол жалғыздық. Әр патша жалғыз отырады тағында және патшалығы тек бір қаламен шектелетін болған. Осы заманда бір қаладан құрылған патшалықтар ғана еді. Оның себебі, екінші қалаға әкім керек. Бір адамы екі қалаға басы көз бола алмайды. Әрі екінші қаладағы әкім, өзі де билікке құмарлығы қозып, патша болғысы келеді. Сол себепті, өзге патша билігін мойындамай, шамасы келсе ашық қарсыласып. Жоқ шамасы келмесе, үнемі астыртын қарсылық білдіріп, аяқтан шалуға ұмытылады. Сондай себептерден бір қаланың екінші қалаға үстемдігі тек сөзбен ғана жарияланатын, ал іс жүзінде еш патшаның билігі жүрмей қалатын. Өзге қаланың әкімі бұйрықтарды елемей, қарамағындағы елге, өзін патша **мен** деп, жар салып отыратын. Одан кейін, халықтар арасындағы дінге сенімі өсіп, санаға әбден сіңіп кеткенде ғана, жағдай өзгере бастайтын болады.

## Дін, әскер әлде сауда күшті ма?

Сонымен жылдар өте, барлық әлсіз патшалықтар толығымен жоғалып, жердің бетінде тек күшті мемлекеттер қалыптасатын болды. Әлсіз патшалықтарын қысқа мерзім ішінде, жаулап алуға көп мүмкіндік болған еді. Бірақ мықты патшалықты, оңайшылықпен жаулап алуға шамасы жетпейді. Оның себебі, сол елдің діни сенімдері берік болатын. *Шеттен келген жауға бар ел тұрғындары қарсы тұрып, өзге діндегі кәпірлердің, біздің таза әрі шынайы дінімізге зияны келтіруі мүмкін,* - деп ойлаған еді. Барлық қоғам жабылып, осы жауға тойтарыс беру керек деп, жұмыла жұдырық күшіне айналады. Енді, сондай патшалықты жеңу, оңайға соқпайды әрі көп уақытты талап етеді. Егер соғыс ұзаққа созылып кетсе, екі жақты де әлсіретіп жібереді. Сонда өзге патшалықтар, осы соғысқа араласып, барлық жеңісті өздеріне тартып алуы да мүмкін. Содан, мықты патшалықтар өз ара соғысудан бас тартып, саудаға көшеді. Және сондай мықты елдердің арасында, еркіндікті сүйген көшпенді елдер өмір сүрген тұғын. Көшпенділер қала тұрғындарына аса жоламайтын еді. Тек сауда үшін ғана араласып, басқа шаруаның барлығын өздері жасап, өмір сүретін.

Оған қоса мықты мемлекеттер арасында соғысқа жол бермеудің тағы бір себебі бар, онысы бүкіл патша халқына соғыстың ауыртпалығы, ауыр салмақ болып түсетіні. Тозған елің ондай патшаны өз тағынан айырып, дарға асуы мүмкін. Міне осы кезде, әскери топ биліктен аласталып, бірінші орынға саудагерлер шықты. Ал саудагерлері, өздеріне көмекке көшпенділерді шақыратын болды. Басында көшпенділер, саудагерлердің керуенін қорғап жүретін еді. Содан кейін, көшпенділердің әл қуатын біліп көрген әскери элиталары, көшпенді елді өздерінің соғысу саясатына шақыратын болды. Ал көшпенді елдердің соғысқа икемді болатын күшті қабылеті дүниеге мәлем еді. Себебі көшпенді елдер ақшаға сатылмайды, соғыс алаңында табандылық танытып, ашық далада ұтқыр шайқасу өнерімен, қаланың әскерінен басым түсетін. Солай көшпенді елдер күш алып, мемлекет арасындағы шайқастарға қатысатын заман басталды.

Саудагерлер өздеріне билік тізгінін алу үшін, көшпенді әскерін шақырып еді, бірақ осы жоспары теріс шығыпты. Оның нәтижесінде әскери элиталар барлық қызығын өздері көретін болды. Олар осы көшпенділерді айдақтап, көршілес патшалықтарға үстемдігін жүргізе бастайды. Ал енді осы кезде көшпенділер, өздерінің мықтылығына көзі жетіп. Қаланың элиталары әлсіреп, енді барлық билікті өздеріне алғысы келетін болды. Сүйтіп, патшадан тақты тартып алып, көшпенді елдердің өкілдері таққа өздері отырады. Ал қаланың әскери элитасы толығымен, күшті көшпенді елдердің өкілдеріне ауысатын болды. Содан көшпенділерді қалаға шақыруы ешкімге де береке әкелмеді.

Патша тағынан айырылды, саудагерлері билікке жете алмай қалды, және барлық қаланың әскери элитасы, көшпенділер алдында әлсіз болды. Оларда биліктен аласталып, билік тізгіні енді күшті көшпенділерге ауысатын болды. Ол кезде көшпенділер тек дін өкілдеріне қысымды жасамайтын еді, себебі дала заңы бойынша дінге еркіндік берілген. Дін өкілдерінен, көшпенді жұрты зиянын көрмеді. Ал сонысы бекер тұғын, себебі бұндай саяси соқырлық, дін өкілдеріне жол ашып берді. Содан кейін діни басыларына, билікті қолға алуы оңай болды.

Осы жерде, енді биліктің табиғатына көз салып көрелік. Себебі осы күні, бізге билік дегені атақ, ия болмаса көп ақша, немесе барлығына бұйрық беру мүмкіндігі деп көрінеді. Онысы үлкен қате және елдің санасының адасқандығы. Шынтуайтына келгенде, әр биліктің табиғаты мүлдем басқа жолымен анықталады. Адамға осы жоғарыда тізілген ешбіреуі де керек емес, егер ол ойлағанын жүзеге асыратын болса, сонда билік тізгіні қолында. Ал атақ, жоғары лауазым, немесе көп ақша

билікке апармайды. Керісінше, кімнің қолында билік тізгіні тұр, ондай адам биліктің арқасында, барлық жоғарыда айтылған дүниені жинай алатын болады. Түсінікті болуы үшін біраз мысалдар келтірейік.

Мысалы бір патша болды делік, өзі ақымақ болыпты. Бірақ қасындағы уәзірі өте ақылды болған делік. Елдің барлығына патшасы бұйрық беріп, патшаға елден көптеген сыйлықтар әкеледі және патшаның барлық бұйрықтары орындалатын, елдің даму қарқыны жақсы болған делік. Сырттан келген әр адам, осының барлығы патшаның арқасы деп, ойлайтын шығар. Бірден, осы патша өте ақылды деп, тұжырымын жасайды. Ал енді осы патша ақымақ болғаны сонша, дөрекілігі басына шауып, аузына келгенін сөйлейтін болды. Бірақ ақылды уәзір астыртын саясатты жүргізіп, көрші елмен соғыс ашады. Ондай соғыс кесірінен, ақыр аяғы байғұс патша тағынан айырылып қалады. Содан ақылды уәзір екінші бір ақымақ патшаны таққа отырғызады, және соған кеңес беріп елдің дамуын жалғастырды. Сонда нағыз билік кімде екенін әр адамға анық көрініп тұр да. Енді келесі мысалды келтірейік. Тағы бір патшасы болыпты, ақылы бар, дегенмен ол толығымен әскери топ элитаға тәуелді еді. Егер қолбасшылардың айтқанына құлақ аспайтын болса, тағынан айырылып қалады, себебі барлық күзетші нөкерлері оны сатып кетуі мүмкін еді. Ал әскери элитаның өзі бір тұтас күш болмаған еді. Олары өз ара таласатын әрі бір неше күшті топтарға бөлінген еді. Сонда қандай мәселе болса да, бір дауыстан өз ара келісім жүргізуге мүмкін емес болған. Сондай кезде саудагерлері өз ара ақылдасып, әскери қолбасшыларға пара беріп, көңілін тауып, өздеріне керек шешімді шығарып алатын еді. Бұл жерде сонда, билік тізгіні толығымен саудагер тобы қолында болатын еді. Ал патшалық ішіндегі халқы болса, аң таң болып жүретін: *неге патшасы осындай қолайсыз шешімдер қабылдап жүр? Содан патшаға пайдасы жоқ. Тіпті әскери қолбасшыларға да, лайықсыз болып тұр шешімдері. Тек саудагерлері байлыққа кенеліп, өз саудасын домалатып жатыр*, - деп ойлатын болады. Тағы билік негізін көрсететін келесі мысал келтірейік. Бір қалаға жаңа әкім келді. Өзі ақылы бар адам. Енді ол, қала тұрмысын жақсарту үшін, бәріне көптеген ірі тапсырма береді. Ал қызмет атқаратын әкімшілік өкілдері, ақылы таяздау болған. Олар берілген тапсырманы қалай жасау керек екенін, түсінбей отырып қалады. Осыны көрген әкімі, күні бойы барлық қызметшілерді аралап жүреді. Жаман істегенін жұмыстан босатып, орнына басқа адамды белгілейді. Соларға нені қалай істеу керек екенін айтып көрсетуі мен, барлық уақыты өтеді екен. Сонда әкімнің қолында билігі болып, қол астында істейтін адамдары дәрменсіз болған соң, оның шамасы да шектелетін болды. Бұл жерде әкім қолында билік бар деп айтсақ та, қолдан келер бар шамасы аз болғандықтан, ондай билікті тіпті билік деп айтуға келмейді. Мысалы, арнайы уақыт бөліп, қаланың есті азаматтарын жинап. Соларды 15-20 жыл бойы жақсылап оқытып, сонда олар әрине әкім берген барлық тапсырмаларды шашып тастайтын еді. Алайда, әкімде сондай уақыты жоқ қой, демек билік те жоқ.

Міне осылай, көшпенді елдің өкілдері, қала саясатына мүлдем икемі жоқ, өте аңғал болатын еді. Соны дін өкілдері пайдаланып, билік тізгінін өз қолына алатын болды. Ресми түрде олар барлық бұйрықтарын көшпенді елдің өкілдерінен шығарады және оның орындалуы төмендегі әкімшілік қызметшілерге беріледі. Әкімшіліктегілері болса, әр қадамды дін өкілдерімен барып ақылдасып: *жабайы көшпенділер, біздің дінге зиянын келтірмей ма екен?* - деп. Сонда дін өкілдері өздеріне лайық шешімдерді қолдап, лайықсыз шешімдерді бюрократияға салып, орындалуын создырып, түрлі себептермен жасатпай қояды. Міне осылай жылдар өтіп, көшпенді елдің күшті азаматтары толығымен қалалық өмірге ауысып, көшіп жүруді мүлдем ұмыта бастайды. Қарап тұрса басында әскери күштің арқасында, қала билігін оңай жеңіп алған көшпенділер, ұзақ мерзім ішінде, билік тізгінін беріп қояды. Ұрпақтарын осы дін өкілдерінің тәрбиесіне тапсырып, енді келешек патша өсіп ер жеткенде, өздерінің көшпенді өмір салтынан мүлдем бастартып, қалаға бәрі сіңіп кетеді.

Осындай нәтижені көрген көшпенділер, ат басын қала тұрмысынан алыс ұстауға тырысатын еді. Себебі қалалық өмір қолжетімді оңай болғанмен, кез келген көшпенді өкілін, асап жұтып алады.

Осылай, көп жылдар бойы өткен соғысы мен билікке тартыс жүріп жатады. Есесіне, жер бетінде адам саны көбейе түседі. Әлсіз мемлекеттер толығымен жұтылып, орнына алып және күш қуаты мықты, бір неше қалалары бар, саудасы асып тасып жатқан, мемлекеттер бой көтереді. Және сол алып мемлекеттердің арасында, кең аймақты жерлері бос жататын. Және сол бос жерде көптеген көшпенді ел, еркіндікке берік болып, көшіп жүретін болған. Егер көшпенділер арасында мықты батырлар шықса, олар даланы тастап, қалаға барады. Әскери күш болып жалданып, көршілескен елдермен соғысатын еді. Жоғарыда айтқандай, патшалық ішінде билікке таласатын үш тобы бар: әскери элита, саудагерлер қауымы және дін өкілдері. Жылдар өте, дін өкілдері астыртын әрекетті жасап, барлық билікті өз қолына алатын болды. Сондағы қолданған тәсілі мынадай еді. Өз ара әр патшалықтар соғысады, сонда жеңген жағы барлық байлыққа ие болып қалады. Ондай соғыстың кесірінен, жеңіліске ұшыраған елдегі көптеген бай және қуатты адамдары кедейленіп, ауыр жапа шегетін. Алайда кейбір өзге патшалықтар, дін өкілдері арқасында өз ара келісім жүргізіп, шіркеу бекеттеріне тиіспеуге келісетін болады. Ондай зиярат ететін жер киелі болып есептеледі. Сондай келісім арқасында, барлық патшалық алтыны мен бағалы бұйымдары, сондай киелі бекеттерінде сақталатын болды. Сондай бекетті жаудан қорғау үшін, арнайы биік тау шатқалында, ия болмаса үлкен көл ортасындағы аралда, немесе қалың әскерге жетуі қолайсыз жерде орналасатын болды. Және соны қорғау үшін дін өкілдері өзіне жасақ жалдап, дін жолындағы жауынгер елі қарауылда тұратын. Осындай байлық сақтайтын қоймалар пайда болған соң, соғыстан үрейленген байлары, өз байлықтарын дін бекеттеріне әкелетін болды. Соның арқасында, дін өкілдері бай болып билік тізгініне қол жеткізді. Ал діни бекеттері алғашқы банк іспетті, елге қызмет көрсете бастаған еді. Әрине, әр бір діни мекемесі жеке патшаға ғана бағынады, сол себепті қызметін патшаға көрсетіп жүретін. Артынан тағы ірі саудагерлер мен әскери элитаның қолбасшыларына көрсете бастайды.

Осындай мүмкіндікті көрген дін өкілдері ұзаққа созбай, барлық айналадағы патшалықтарға жеке хабар жіберіп, діни бірлестік құруға шақыратын болды. Солай, көптеген діндердің түрлері өз ара біріге бастайды. Егер бір патшалықтың дін өкілдері бірігуден бас тартатын болса, онда бір соғыс барысында, сондай патшалық тез жеңіліп қалады, себебі өзге дін өкілдерінен демеушілік болмай қалады. Одан арман, осындай діни бірлестіктер өз ара келісіп, әдейі соғысқа жолын ашып, қарсы келіспеген діни топтардың көзін жоюға тырысатын болған. Халық арасында ондайларға лағынет айтып, аса қаты өшпенділікпен қырып тастайтын еді. Жалпы жерде, алғашқы аяусыз адам өлтіру амалдары, осы діндарлардың кесірінен болатын. Соны қазіргі көптеген тарихшылар аса айтпауға тырысады. Бірақ адам психологиясы осыны айқын көрсетіп тұр, егер соғыс тек ақша мен байлық үшін жүрсе, онда тек әскери элита ғана соғысып, қалғандары шетте шәйін ішіп, соғыстың қашан аяқталуын, күтіп отыратын еді. Егер соғысы жер үшін болса, сонда жеңілген жұрт, алысқа көшіп кетеді және ешкімді өлтірмеуге тырысатын. Ал егер соғыстың себебі діни араздық болса, сондай кезде ешкім аяушылықты білмейтін. Кәрі мен жасы, әйелі мен еркегі, байы мен кедейі, діни адам ия саудагер екен деп, ажыратпайтын. Барлығын өлтіріп, жоқ қылуға тырысатын. Содан, осы діни соғыстың салдары ауыр болатынын, барлық ел қауым білетін еді. Міне осылай көптеген арам дін өкілдері өз ара келісімдерді жүргізіп, құпия шарттарды бекітіп сақтауға уәде береді. Онысы діни бекеттердегі алтынды тонамау. Соғыс басталып, діни бекетіне қауіп қатер туындап жатса, жатқан алтындарды өзге дін бекетіне құпия түрде апарып, уақытша жасырып қояды. Және екі патшалық өз ара соғысатын болса, сол екі патшалықтың дін өкілдері біріне бірі үнемі көмектесіп тұруы игі еді. Осындай шарттарға келіспеген патшалықтары, жойылып кетеді көне тарих сахнасынан. Әрі келіскендері, билік тізгінін қолында ұстап, байлыққа кенеліп, ғұмыр кешеді. Бұл жерде тағы бір

затты ескеру керек, еш бір дін өкілі өзге патша халқына, өз дініне уағыз айтып, үгіттемеуі керек. Мысалы бір ел жыланға табынса, ондай елден қыран бүркіт рұхына табынуды талап етпеу шарт. Солай әр дін өкілі, өзіне тән пұттарға табынып жүретін болған еді.

Енді жердегі көптеген патшалықтарда, діни күші басым болған соң, жер бетінде көптеген діндер тарайтын болды. Солардың ең мықтысы, тарихтан бізге жеткен жазбалардан білгеніміз әрине, ол Зороастризм ілімі болатын. Оның қалаушысы Заратуштра есімді, данагөй кісі дейді тарихшылар. Осы діни ілімнің ерекшелігі – олар алғашқы болып, Құдай жалғыз деген ұғымды ұсынады. Міне осы қағиданың елге таралуының арқасында, енді дін өкілдері өз ара бөлінетін болды. Бір топ дін өкілдері Құдай біреу деп айтса, келесі топ діни басылар: олай емес деп айтатын еді.

Және де Құдай біреу деген топтағы дін өкілдері өз ара тағы екі топқа бөлінді, солардың өз ара не айырмашылығы бар, сол туралы ой қозғайық.

## Құдайға сенудің қандай жолдары бар?

Мейлі адам Құдайға сене ма, жоқ әлде рұхтарға табынама, жоқ әлде өзінің піріне жалынама, бар сондағы айтатын, өтініштерінің екі түрі ғана болады. Басым ел көпшілігі бірінші түріне жатады. Олардың айтатын өтініші осындай: *Ия құдыретті күш иесі, сен маған ананы әперші, ия мынаны әперші. Тіпті мен өзімде білмеймін зой, не керек екені өзіме. Сен менен гөрі жақсы біліп тұрсың зой, сол мені бақытты ететінді маған берші!* - деп сұрайды. Және құдайды бір адами қалпында елестетіп, соның уақыты жоқ. Сол себепті үнемі дұға оқып, сұрай беру керек, сонда бәлкім, бағы жанса, қиялындағы ойлап тапқан құдайы, оған көңіл бөліп, назар салатын шығар. Сол сәтті, үміт үзбей күту керек мәңгілік, - деп ойлайды. Онысы енді кішкентай баланың, ата анасынан еркелеп сұрайтын көрініске ұқсас болады: *Маған балмұздақ әпер, кәмпит әпер, көлік сатып алшы, атақ даңқты пара беріп алшы, әкелші, берші, алшы* – деген, арман өтініштер. Сіздер қайдам, өз басым осындай өтініштерге еш бір құдырет күші жауап бермес, деп ойлаймын. Себебі әр көмек сұраған адам, ішінен өзі өзгеруді ойлап тұрған жоқ, керісінше өзін қинағысы жоқ. Іштей саналы дамудың керектігін сезініп тұрған емес. Дайынға бас салып жүгіреді. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретіндер. Кім оларға көмек беретіні белгісіз.

Енді өтініштердің екінші түрін айтайық. Ондай адамдардың саны аз келеді негізі. Және олардың өтініші былай болады: *ия Жаратқан ием, осы әлемді сен ермек үшін емес, арнап ұлы жоспармен жараттың, білем. Менде саған қызмет етуді армандаймын, сол себепті көмек бере алатындай болуым керек. Менің қалауым емес, саған керегін үйреніп алайын. Сен ойлағандай, маған тиімді дәрежеге жетілуім керек. Ол үшін талай өнер мен білімді меңгеріп үйренуім шарт. Және өзімді өзгертуге, бар жігерімді жұмсауға бармын. Сенен сұрайтыным, сондай білім саланы таңдауға маған аян берсең және соны үйреніп жетілуге, маған аз күш беріп, демеу көрсетші. Сол кәсіпті меңгеріп, сенің жоспарың бойынша еңбек етіп, осы әлемге бір үлесімді қосайыншы мен де!*

Осындай оймен, Құдайға сөз айтқан адам ішінен берік сенімді болады. Құдайға айтылған еш бір тілегі, елемей қалмайды. Құдыреті күшті Жаратқан ием барлық өтініштерді естіп отырады. Және әр тілекке сәйкес жауабын береді, себебі оның мейірімділігі шексіз. Құдайдан келген әр жауапты естіп түсіну үшін, адам өзі ішінен өзгеруге дайын болуы керек. Ал сондай өзгерістері, бірден тез болмайды. Ол адамның өзінің ниетіне байланысты. Осындай өтінішпен әкесіне өз баласы келіп,

жалынса сіз қалай қабылдар едіңіз? - *Әке білем, менің жақсы болғанымды қалайсың сен. Әрі сол үшін, маған қандай қасиеттерді дамыту керек. Осыны маған айтшы. Есесіне мен оны үйреніп, саған өмір бойы көмекші боламын. Сен бастаған жолды жалғастыру міндетім, әрі атқаратын едім. Және осындай үлгіні келешек ұрпағыма да, аманат етіп жеткізер едім.* Бұндай сөздері ата анаға нағыз керек дүние болар еді, бұл тәрізді сөздерді баласынан күтпеген әкесі жоқ шығар жер бетінде. Онда неге балаларымыз осындай сөз айтпайды? Неге біз әкелерімізге осыны айтпадық? Соның жауабын оқырман өзі ойланып, ізденіп көрсін. Ал біз Құран ішінен, осыған лайық үзінді келтіреміз: *«егер Мен туралы сұраса, Өте жақынмын, қашан Маған өтініш етсе тілеуін қабыл етемін. Ендеше олар да әмірімді қабыл етсін. Және Маған сенсін. Әрине тура жол тапқаны сол болар еді»* (2:186).

Ал біз жалғастырайық. Сонымен мысалы, Тәңірім осындай өтініштің екінші түріне қажет көмек беремін десе, онысы қалай болатыны жәйлі айталық. Алдымен адам ақылы қалай жұмыс істейді, соны ашып көрелік. Адамның болмысы үш нәрсеге бағынышты: (1) дененің мұқтажын қамту, (2) ақылдың айтқанымен жүрі және (3) эмоцияларға бағыну. Осы үш орталығы, адамға жеке билігін жүргізуге тырысады. Және әр уақытта, соның біреуі басым болып, адамның толық көңілін өзіне аударып, дене мүшiлеріне ие болып, елiктiрiп әкетедi. Сондай сәттерде адамы өз тәніне қожайын болмайтыны хақ! Мысалы қарын ашатын болса, азық түлік іздейді. Енді азық түлік іздеген кезде есіне бір ойы келіп, тамақты ұмыттырып, сол ақылдың ойымен басқаға ауысып кетеді. Одан өзге адам сөз айтып, іштегі эмоциясы тасыған кезде, аштық пен ақылды ұмытып, мүлдем кері әрекет жасап кетеді. Содан кейін сабыр шақырып, өзінің тәніне қожайын болып, ақыл иесі болады. Енді артынан ақылға салып ойланып көрсе, ондай қылықтарды жайшылықта мүлдем жасамайтын еді. Демек, өзін өзі билей алмайтын сәттер болады екен өмірде. Осындай оқиғалар бәрімізде болған, білем. Ондай кезде біз өзімізді ақтау үшін айтатын жауабымыз: *білмей қалдым, өзімді еш ұстай алмадым, есім шығып кетті, жыным келді!*, т.с.с. Ондай сөздерді, зейін қойып қарайтын болсақ, барлығының айтпағы біреу ғана: өзіне өзі сол сәттерде қожайын болмағанын көрсетеді. Әлгі үш мұқтаждық күштің біреуіне ерік беріп, өзі бір сәтке болса да, барлық бойдағы жауапкершіліктен бастартты. Оны біз тағы «өзіне өзі ие болмай қалды», деп айтамыз. Міне осылай адам баласы, өмір бойы сол үш мұқтаждың айтқанын екі етпей жасап өтеді, және өзі олардың айтқанынан аса алмай, ғұмыр кешеді. Керісінше есін жоғалтпай, осы үшеуінің қалауын бақылап, олардың өз ара келісімде болуын қадағалайтын болса, онда өзіне өзі қожайын болып, сол сезімді тізгінде ұстап, өзін ақыл иесі – немесе есті азамат болып, атай алады. Жалпы «есті» деген сөздің мағынасы әлгі үш мұқтаждықтың жетегінде жүрмейтін, өзіне ие бола білген адамды айтады. Есті адам, алдына қойған мақсатына жету үшін, осы үш мұқтаждықты тізгіндеп, басынан асырмай қолдана біледі. Және Тәңірім көмек ретінде аян түсірсе, тек осындай есті адамға беретіні хақ. Себебі, өзін ұстай алмайтын, жауапкершіліктен қашып, эмоцияға берілетін адамға аян беруден еш көмек болмайды ғой. Немесе тәннің мұқтаждығын бірінші орынға қойып, нәпсінің құлы болған адамы, қандай да ақыл кеңеске назар аудармайды. Немесе ақылы ескі білім арқалап, жаңа өнер мен ғылымға үнемі ұмтылмайтын адамның, аян қабылдауы екі талай. Себебі ақылдағы білімді жаңартпай, өзгерткісі келмейтін адамнан не қайыр күтеміз? Енді осы үш мұқтаждың табиғатына назар салайық. Хәкім Абай айтқандай: Нұрлы ақыл, ыстық қайрат және жылы жүрек!

Әнфал сүресінен үзінді (8:29): *Егер Алланың сөзімен жүретін болсаңдар, Алла сендерге жақсы мен жаманды айыратын қабілет береді, және қателіктеріңді жойып жарылқайды. Алла зор кеңшілік иесі.*

Сондағы **тән мұқтаждығын**, жігер/қайрат арқылы шыңдау керек. Бойдағы нәпсісі, осы жігердің күшімен бағындырылады. Сондағы ең қолайлы әдісі, тәнді іске үйретуде, күнделікті әдіс арқылы ептеген қадам жасап, дағдыландырып, әдетке айналдыру болады. Мысалы біз күнде тіс жуамыз, қолымызды сабынмен жуамыз. Бала кезден соны әдетке айналдырған соң, адам баласына сондай әдеті еш ауырлық етпейді. Ал егер сіз бірден, қомақты істі тындырамын деп талпынсаңыз – одан ештеңе шықпайды. Себебі қолдың икемі жоқ, дұрыс әдісін меңгермедіңіз және аздап күшенсеңіз болғаны, дене бойыңыз шаршап, ауырып шығады. Сондықтан, ептеп қадам жасаған адам, күнде жаттығатын болса, денесі соған лайық дағдыланып шығады және ешбір ауыртпалықты сезінбей, үлкен көлемді жұмысты кедергісіз атқаратын болады. Соған бір әдемі мысалы: шет тілін үйрену. Егер бірден үйренемін десеңіз – онда басыңыз ауырып, шаршап, аз уақыт ішінде жерігіп кетесіз. Одан кейін қолды сілтеп, маған шет тілді үйрену бұйырмады деп, Құдайға бағышталған күпірлік ойлары бойға тарайды. Ал егер күнде, тіл үйренуге жалықпай 30-40 минут алтын уақытын бөліп дағдылансаңыз, 5-10 жыл ішінде, қиналмай сөйлеп кетуге болады. Онымен қоймай, сол тәсілмен әр 5-10 жыл сайын жаңа тілді үйренуді өзіңізге мақсат етіп қойсаңыз. 60 жасында, 6 тілді білетін боласыз. 90 жасыңызда еш қандай ұмытшақтық ауруға шалдықпай, 9 тілде еркін сайрап, жүретін боласыз. Енді өзіңіз есептеп ойлаңыз: адам баласы өзіне тән қанша дүниеден қол үзіп отыр, егер осы жігер/қайратты қолайлы жолымен қолданудың әдісін білметін болса. Тіпті басынан осындай әдетті дұрыстап, бала кезден бойына қалыптастырмағаны үшін. Және, кез келген өнерді үйреніп алмағандығынан.

Келесі, **ақылдың мұқтаждығы**, барлық болған істерді қисынға салып, логика тәсілімен шешуге тырысады. Жалпы, қазақ сөзінде осындай сөз тіркестері бар: есеп шығарудан, оқушы боз балаға тапсырма берілді делік. Сонда әкесі дәптерді алып, баласына сөз айта алады: - мына формуланы есептеу керек; немесе: мына формуланы санау керек; Сондағы **Санау** мен **Есептеу** сөздерінде не айырмашылығы бар дегенде, біз ақылдың екі жолымен ойлану тәсілін айтамыз. Санау рационалды түрде жеңіл шешім іздеп, өз ара салыстырып, қолайлы жолын ұсынады. Тек жауапкершілікті өзіне алмайды. Мысалы сананың міндеті: *оңға қарай барсаң жаяу тез жетесің, дегенмен жолы нашар, аяқ киімнің батпақ болуы мүмкін. Ал солға қарай барсаң, автобус көлікпен жетесің. Таза тас жолмен жүресің, тек аялдамада көлікті көп күтіп қалуың мүмкін.* Бұл кезде ақылдағы сана адамға бәрін сұрыптап, қисынға салып өлшеп берді. Дегенмен соңғы шешімді Иесі қабылдайды. Кім сол ақылдың иесі? Бәлкім эмоцияға беріліп, іштегі сезімі ашуға жамылып, жауабын жындар айтар ма екен? Әлде нәпсінің құмарлығы басым болып, тән ляззатын аңсаған денесі айтар болар жауабын? Әлде баяғыдан білімін жаңартпаған, ескі жолға дағдыланған ақылы, тереңге ой салуға жалқауланып, ескі әдетіне салынып, жауабын айтар ма екен? Осылай ойланып қалған адам, осы сәттерде өз денесіне қожайын болама? Әлде жауапкершіліктен қашып: *осылай болып қалды енді міне! Мені білесің ғой, мен ылғы қате жолды, бірінші таңдап қоямын ғой..* - деп, өзінің өзгеруге жігері мен ақылының жетпегенін алдыға тартады. Ал бұндай жолға түспей, өз өміріне қожайын болуға әбден мүмкін. Және соны бала кезінен бойына үйретіп алуы да қиын емес әрине. Әрине, осының әдістерін білсе болғаны. Ондай әдістер туралы сөзді, кейін көрсететін боламыз. Әзірше айтарымыз, сол мұқтаждыққа берілмей, оның тізгінін ұстау үшін үнемі білім үйрену керек, өмір бойы. Көптеген адамдары керісінше, жас кезінде ақылы жеткеніне қанағат етіп, одан кейін жаңа білімге ұмтылмайды. Тіпті басын ауыртқысы келмейді, осындай кезде ақылы әлсіз болғаны, қате ұсыныстар беруі мүмкін. Соны ескеру керек. Жалпы бір күндік өмірің қалса, бір аптаға жететін кітап алу керек, өмірінің соңғы сәтіне шейін, оқу білімін жақсарту үшін.

Үшінші мұқтаждық көзі, **эмоциялардың еліктірер күшін** сипаттау үшін, соның іш құрылысын айту керек. Эмоция жалпы не? - деген сауалға жауап берелік. Соны айтар алдында, біз бір мысал

келтірейік. Сонымен сіз ну орманға барып, адасып қалдыңыз делік. Содан кешке қарай бір жылы үңгірді тауып, осы жерге түнеп шығу ойымен кіресіз. Іші бос әрі еш кім жоқ екен және түнгі бар жауыннан қорғайды екен. Одан қатты шаршаған болып, ұйықтап қалдыңыз делік. Түнде, денеңіз суық сезген еді басында, артынан жылы болып, рақаттанып ұйқыны әбден қандырып аласыз. Ал түсіңізде тіпті, қалың көрпе мен жұмсақ жастық бар екен деп сезіледі сізге. Содан қалың көрпені жамылып, жұмсақ жастыққа басыңызды салып, жатыр екенсіз түсіңізде. Енді таң атады, ұйқыны қандырып, оянған сіз, көзді ашып қарасаңыз – қасыңызда бір алып қара аю жатыр екен. Сондағы түсіңізде көрген қалың көрпе мен жұмсақ жастық, осы аюдың аяқ қолдары мен қарыны екен. Сіз басыңызды осы аюдың қарнына салып, түнімен қол аяғын құшақтап, жылы жатқан екенсіз. Енді осындай көріністі қиялдап көріңіз. Аю екенін білген кезде, сізден қандай эмоциялар шығу керек еді? Осыны зейін қойып, ойланып көріңізші асықпай. Бұл көріністе, эмоцияның не екенін жақсы көре аласыз. Енді соны толығырақ ашып, талдайық. Егер сондай кезде, сіздің сезімдеріңіз қалай деп, сөзімен айтып беруін сұраса, сізге 1-2 сағат уақыт керек шығар, барлық іштегі сезімдері мен ойларды ауызша сөздермен, айтып беруі үшін. Ал эмоцияңыз болса, сол кездегі бойдағы барлық құбылыстарды бірден ашып, көрсете алады. Сол қас қағым сәтте, еш секунд уақыт ойланбастан, іштегі сіздің түпсанаңыздан, бір эмоция шығып, соны көрсете біледі. Мысалға қарап эмоцияның сипатын айталық. Сонымен, әр Адамда ақылы бар, санасы бар, және **түп санасы** (подсознание / subconscious) бар. Адам ақылымен санасы арқылы, бір уақытта максимум шамамен 14 іске көңіл бөле алады. Және осы 14 істің 7-8 тармағын міндетті түрде, өмір қауіпсіздігіне бөлек жұмсайды. Бойыңыздағы ақылыңыз, тіпті сізден рұқсат сұрамайды ол үшін, себебі онысы инстинкт арқылы ағзаға жазылып қойған рефлекс тәрізді. Сонда сізде қалған, 6-7 істі ғана бір уақытта, көңіл бөліп қадағалау мүмкіндігі. Оны мысалы, көлікті жақсы жүргізетін адам да біледі. Ескі көлікті айдаған кезде жүргізуші адам, екі аяғымен екі педаль басып отырады. Бір қолымен рульды бұрап, екінші қолымен жылдамдық тізгінін ауыстырып отырады. Бір көзі алға қарап, екінші көзін айна арқылы артына және екі шетіне салып отырады. Құлағымен радионы тыңдап, ауызымен жолаушыға өсек бірдеңені айтып отырады. Осы берілген көріністен, адам табиғаты бір уақытта тек 6-7 іспен ғана айналыса алатынын көре аламыз. Барлық адамның есте сақтау қабылеті шектеулі. Көп затты жиі қолданбайтын болса, жылдам ұмытады. Енді Жаратқан ием, адамға тамаша көмек беретін амалы ретінде, түпсананы берген еді. Ондай адам өмір бойы естігенің әрі білгенін осы түпсанаға жазып отырады. Және түпсананың, көптеген ақпаратпен жұмыс істей алатын қабылеті бар. Ақпараттың өзіне анализ жасап, іштегі бойға жазылған алгоритмдар арқылы синтез жасап, оған ең қолайлы шешімді тез арада, эмоциясы арқылы ашып жеткізеді. Түпсана өзі, шегі жоқ есептеуіш компьютер тәрізді, көптеген мәліметтерді тез игеріп алады, және ішіне жазылған алгоритмы арқылы, есеп жасап береді. Түп санамен жұмыс істей алатын адамы, көптеген жетістіктерге ие болады. Тек ол үшін түп санаға, алгоритм ережелерін алдын ала жазу керек. Сондай ережелері жазылған кесте «**Ұнар**» деп аталады. «**Нравственность**» - орыс тілінде. Алгоритм ережелері және оңай негізі: кез келген затты, оқиғаны, ақпаратты қисынға салып, тексеру керек. Содан кейін, оған «**жақсы**» ия «**жаман**» деген баға беріп, өзіне ұнайыма, жоқ әлде ұнамайды ма деп, белгілесе болғаны. Егер болған оқиғаны мәнді деп есептемей қалса, соны елемей, ішінен анализ жасамай, бағаламайтын болса. Сондай ақпарат түпсанаға барып, бағасыз енгізіледі. Ондай бағаланбаған сөз түпсананың ішіндегі, «**Бейсана**» бөліміне түсетін болады. Орысшасы «**Безнравственность**».

Міне осы жерде, кез келген адамның санасындағы көп құдайы бар ма, немесе бір құдайы бар ма екен, деген ұғымды атап өту керек. Сонымен жоғарыда жазғандай, діни ілімдердің көп түрлерін екіге бөлуге болады деп айтқанмыз. Бірін көп құдайға сенетіндер, және екіншісі жалғыз құдайға сенетіндер деп белгілейміз. Осының мағынасын тереңдетіп ашып көрелік. Ол үшін бір мысалды айтайық. Бір жігіт көшеде жүріп қараса, бейтаныс бөлек жолаушы темекіні жерге тастады делік.

Ондай қоқысты арнайы жерге апару керек қой, жерді ластамай. Соны көрген жігіт, ішінен дұрыс қорытынды жасайды – *мынау деген «жақсы» амалына жатпайды ғой, керісінше «жаман» іске жатады, тәрбиесіз жолаушы неме екен.* Деп, ішінен ой түйіндейді өзіне. Сондағы болған оқиға толығымен түпсанаға жазылып жатыр және жігіттің, болған оқиғаға берген бағасы да, түпсанаға жазылып қояды. Бәрі идеалды болды әрине. Әр адам солай, ішінен баға беруі тиіс негізі. Ал енді бір екі сағат өткен соң, жігіттің бастығы, кездейсоқ алдынан шығып қалады делік. Екеуі де аман саулық тілеп, әңгімелесіп тұрады біраз. Содан кейін, жігіттің бастығы темекіні шегіп тұрып, әлгі жолаушы тәрізді жерге тастай салады, қоқыспен жерді ластап. Сондағы біздің жігіт осы оқиғаны көзімен көріп тұрып, дауыстап қарсылығын білдіру тұрмақ, тіпті ішінен бастыққа еш наразылық ой сезінбейді. Және болған әрекетке еш бір теріс баға бермейді. Керісінше: - *ол енді бастық қой, ештеңесі болмас, бір шылымды тастаса, әлем қирап қалмас енді.* Деп, ішінен түйін қорытынды шығарады және артынан болған оқиғаны ұмытып кетеді. Бірақ түпсана барлық болған жағдайды ішіне жазып отырады. Сонда оның ішіне, жігіттің берген бағасы «жаман» емес екен. Демек оны «жақсы» деген бөлімге салу керек. Бірақ, бір екі сағат бұрын тура осындай оқиғаны өзі мүлдем басқа бағамен сипаттаған еді, жігітіміз. Енді түпсанаға не істеу керек? Бұл жерде нағыз екі жүзді болып, бір біріне қайшы көзқарасы (**екі қайшы баға**) түпсанаға жазылып тұр. Орысша айтқанда «**двойные стандарты**» деп, аталады сонысы. Және өкініштісі, біздің жігіт осындай екі жүзді көз қарасына еш бір қиналмай, ішінен ұят сезімдерін көрсетпеді. Бұл жеке ғана мысал. Ал әр адамда басынан күніне, осындай жағдайлардың жүзі өтеді. Жылына он мыңдаған екіжүзді тұжырымдар, түпсанаға жазылып қояды. Ал 30-40 жасқа жеткен адам ішінде, осындай екі жүзді бет, бір біріне қайшы бағалар берілетін, қорытынды түйіндер саны, мүлдем шексіз болады. Осындай ақпараты, молынан жазылған түпсанаға, не істеу керек? Қалай анализ жасап, ішіндегі алгоритм бойынша нендей шешім шығару керек соған? Міне осы жерде, біз адамның санасындағы бір құдайы емес, көп құдайының барын, көріп отырмыз. Әлгі жоғарыда айтылған діни ілімнің көп құдайы барлар, осындайдан шығып отыр. Демек, уағыздалған діни ілімде, осыған қарсы тұрарлық тосқауылдың жоқтығы анық көрініп тұр, шындық іздеген адамға. Түпсанаға жазылған екі жүзді, біріне қарама қайшы бағалардың болғаны, адам жүйкесін тоздырып, ағзасына түрлі ауруларды әкеледі.

Солардың әлемге ең көп тарағаны **Шизофрения** деп аталады. Егер түп санаға осындай екі жүзді қайшы баға берілген түйіндер көп болса, адамның түпсанасы ғана емес, ақыл ойы есінен адасып кетеді. Осыдан өзіне жүйке ауруларын шақырады. Енді осы айтылған ақпаратты ескере отырып, Құдайдан ақыл кеңес сұраған адамға, қандай аян беруге болады? Егер адам бойының түпсанасы бейсаналық түрде, көптеген шатастыратын бағаларымен толып жатса, сондай адамға кеңес беруі мүлдем пайдасыз. Себебі қай уақытта қандай эмоциясына беріліп, не бір сезім жетегінде адасып кететіні беймәлім. Кеше жақсы деп отырғаны, бүгін жаман болып шығады. Және ертең қайтадан жақсы болады. Осындай құбылмалы адамға ақыл айту - бос әурешілік. Және сондай адамдарың, өздерін өздері адастырып жібереді. Бұл кезде түпсананың жұмысын, ұшақтағы автопилот жүйесі функциясына ұқсатамыз. Мысалы Бойнг тәрізді алып ұшақты жерге қондыруы, адамға өте қиын болады. Сондай міндетті автопилот жүйесі алады. Сонда ұшқыш үш түрлі амалын тандай алады. Біріншісі автопилотты өшіріп, барлығына өзі қарап отырады. Бағы жанса аман есен жерге қонар. Ол дегеніміз, Құдай берген түпсанадан мүлдем бастартуы. Сезімдер легіне мүлдем құлақ аспауы тәрізді. Қандай эмоция болса да, оларды елемей – дегені. Екінші мүкіндік, бүкіл жауапкершілікті толығымен автопилотқа беріп қою. Өздігінен ештеңе жасамау. Егер осы сапарға шығар алдында, барлық ақпарат ұшаққа сапалы етіп жазылып қойса, және жол жөнекей ешқандай оқыс оқиғалар болмай, қауіпті жағдайлардан аман қалып, ұшақ автопилоты өздігінен жерге қонар, немесе қона алмас. Бірақ ұшқыш өзін жауапты деп есептемейді, себебі автопилот оған бағынбайды. Сонысы эмоцияларға толығымен беріле салу, деген сөз. Түпсанадан қандай эмоция шықса, соған желігіп,

өзіне өзі жауап бермей, жүре беретін адам болады. Және үшінші амалы, ұшқыш тәртіп бойынша, барлық керек ақпаратты автопилотқа дұрыс енгізілгенін, өзі қайтадан тексеріп шығады. Әрі, жол жөнекей болған оқиғаларды ескеріп отырып, автопилот жұмысын қадағалап отыра алады. Сонда автопилот, ұшақтың барлық хәлін айтып береді, және егер қауіпті жағдайы туындаса, автопилот жұмысын келесі дәрежесіне, ауыстыруы мүмкін. Мысалы, сырттағы желге соққысы қатты болса, ұшу биіктігін өзгерте салады. Енді осыны адамға салатын болсақ, әр адам да эмоцияларға бірден берілмей, сол эмоцияның шыққан негізін тексеріп, соған қисын көз қараспен көңіл бөліп, шешім жолын өзі қабылдайды. Мысалы, кеше бір әйелмен дүкенде ұрысып қалды делік. Енді бүгін, сол дүкенге бару керек, тағы да. Түпсанадан ашу шақырған эмоция легі шыға келеді. Алайда, ақылға салып, кешегі әйелі бүгін қайтадан кездесетіні екі талай. Сол себепті, өзге адамдарға қатты ауыр сөз айтудың еш керегі жоқ шығар деп, түпсанаға кері байланыс беру керек те. Түпсанамен күнде осылай жұмыс жасауды, адамға міндет ету керек. Егер адам ақыл ойдың, аман болуын ойлайтын болса.

Енді сізде құрметті оқырман, Тәңірге жалынып, өтініш айтар алдында, сондай ақпаратты ескеріп жүресіз. Және дұға айту алдында, Құдайдан мынаны тілеген артық болмас: *У-а, Жаратқан ием, алем қожайыны, аса қамқор және ерекше мейірімді, маған түпсанадағы барлық ақпарат легіне баға беруге көмектес, және ұнар ішіндегі жаман ия жақсы бағаларды түпсанадағы жазылған барлық оқиғаларына дұрыс қоюды көмектес, және сондай бағасын қоймаудан сақтай гөр және бір ақпаратқа екі қайшы бағаны қоюдан аман ете көр.* Ал жақсы, енді идеалды болудың жолын көрсетелік. Себебі, жер бетіндегі діни ілімдердің даму жолдарын сипаттау үшін, жадымызда осы жағын ескерген абзал. Сонымен адам баласына, бойындағы ақылы мен санасына ие болу міндеті жүктелген. Онда әр адам баласына, әлгі үш мұқтаждықтың жетегінде еліктеп кетпей, оларға құл болып адаспауы үшін, қайтпек керек? - деген сауалға жауап берелік.

Сонымен, біз адамның бойындағы үш мұқтаждықтың табиғатын аздап болса да, ашып көрсеттік. Енді әр адам, осы үшеуіне мұқият болу керек. Абай айтқан сол сөздерді, тағы келтірейік: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Осы үшеуі не үшін керек адам баласына деген сауалға, жауап беріп көрелік.

## **Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек!**

Енді қиялға беріліп, көз алдымызға жас жігітті елестеп көрейік. Жігер/қайратын тез шынықтыру үшін, ол күнде жалқауланбай әрекет жасайды екен. Мысалы, шет тілін үйрену қажет екен. Және есептеуіш компютер тілін білу үшін, алгоритмдарын игеру керек. Сонда бұл жігіт, бірден ондай комақты ақпараттың көлемі, басына сыймайтынын біледі. Сол себепті, өзіне осындай күнделікті ереже қабылдайды, бір екі сағат бойы, сол тақырыптарды үйренуге жұмсайды. Алғашқы күндері жалқаулығы басып, кітапқа телміріп, қарап қана отыратын еді. Еш нәрсе түсінбей, ұйқысы келіп, есінеп отырады. Бірақ қайраты жібермей, өзіне берген уәдесі бойынша, әрекетті айналдырып тез әдетке, күнде оқып отырады. Бейне көріністерді тыңдап, қолына қалам алып, көп қағазға берген тапсырмаларды жазып, орындауға тырысады. Шынын айтсақ, солай бірінші жылы өтеді. Ауызға толтырып айтатындай, ештеңесін үйрене алмады. Енді әрине, терминдерін үйреніп, кей сөздерді жақсылап, жаттап алғаны рас. Бірақ көшеде, шет тілінде еркін сөйлесуге шамасы жоқ болып тұр. Және есептеуіш алгоритмдарын да, жақсылап түсіне қойған жоқ. Ондай кезде, кей бір адамдар қолын сілтеп, *«қойшы осыны!»* - деп, орта жолдан тастап кетуі мүмкін. Бірақ әлгі жігіт намысқа

тырысып, өзінің оқуын жалғастыра берді. Күніне екі сағат деген көп уақыт емес. Бір шытырман, Голливуд шығарған бейне фильмді көруге осы уақыты кетеді, қарап отырса. Жоқ көшеге шығып, достарымен әзіл қалжың айтуға, қыздармен қыдыруға, тіпті содан да көп уақыты кетеді. Осылай екінші жылы өтеді. Енді жігіттің үйренгені мол болды. Шет тілінде еркін, жаңалықтар қарайтын болды. Және өзге елдің адамдарымен, ғаламтор арқылы сұхбат жүргізіп, өзі хат жазып отырады. Сондай күндердің бірінде оған бір шет елдік танысы хабарласып, жұмысқа шақырады, онлайнда сол жұмысты жасауға болады екен. Және жігіттің үйреніп жүрген алгоритмдары бойынша, көп кәсіби маман керек екен бір компанияға. Солай осы жігіт, өзіне қосымша жұмысын тауып алады. Енді ол, осы қалыптасқан әдеті бойынша, келесі тілді меңгеруге кіріседі. Және өзі де біліп отыр, тәжірибе бойынша соны үйренуге, кемінде үш жылдай уақыт керек екен. Осыны біліп, тәуекелге бел буып, бастайды. Және енді күнделікті, 1-2 сағат уақытын жұмсар кезде, тәуліктің арнайы бір сағатын таңдайды. Мысалы кешкі сағат 23:00. Үйдегі барлық туысы осыны біліп, ондай уақытта мазаламайтын болады. Бұл жігітте алдын ала дайындалып, оқитын орынды тазалап, арнайы оқу сабаққа арналған дәптер мен қаламды, керек ақпарат көзін шығарып қояды. Тіпті ағзаның өзі де осы уақытқа ішінен дайын болуды, үйреніп алады екен. Жылдар өткен сайын, енді жігіттің өзіне сенімі әжептәуір өсіп, кез келген кәсіп болсын, өнер саласы болсын – бір неше жыл ішінде, оған уақыт бөліп, меңгеріп алатынын іштей біліп жүреді. Қолынан келмейтіні жоқ екен деп, ел айтып отырады.

Енді, **ұнар** мен **түпсанаға** ауысайық. Бұл жігіт, күнде өзінің эмоцияларын қадағалаумен болады. Тіпті кей күндері, арнайы уақыт бөліп, жеке бөлмеге кіріп, жарық шамды қоспай, көп дыбыстар шығармай, артық қимыл жасамай отырады, ойларын тыңдап. Медитация тәрізді істі жасағандай болады. Солай тыныш отырған кезде, ақыл ішіндегі ойлары ағылып, төгіле бастайды. Ішкі ойды асықпай зерттеп, әр ойдың шыққан себептерін тексеруге тырысады. Өткен неше күндер ішіндегі оқиғаларды есіне қайта салып, анализ жасайды және түпсанадан шығып отырған эмоцияларына зор мән беріп, тексеріп отырады. Міне солай, әдет бойынша өз жадысын ақтарып отырған кезде, түпсанадағы жатқан қатпар-қатпар бағалар, көз алдына шығып отырады. Және оларың екі жүзді, өз ара қайшы екенін, өзі де сезіп, байқап отырады. Міне енді сол болған оқиғаларды қайта қарап, әр қайсысына дұрыс және бірдей баға беруге тырысады. Алғашқы жылдары жігітке соны жасау мүлдем қиын болатын, себебі ақыл мен сананы тәртіпке салуы, өте қиын шаруа. Өзіне шынымен қожайын боламын деген адам иесі ғана, сондай жұмысты атқара алады. Солай, біздің ер жігіттің жігер/қайраты мықты болған соң, бір неше жылдар ішінде осы тәсілді жақсы меңгеріп алады өзі. Содан түпсанадағы өзіне беймәлім болған көптеген ақпаратпен оқиғаларға қайшы баға берілгені белгілі болады. Енді соларды үнемі тазалап, дұрыс баға беруін тоқтатпайды. Осындай анализдер жасаған сайын байқағаны, көптеген қайшы бағалардың шығу тегі, өзінің ойлану әдетінен болар. Сөйтсе, бір адамға ойындағысын бір жақты айтса, келесі адамға ойындағысын, керісінше жақты етіп айтатын әдеті бар екен. Онысы енді, нағыз өтірік айту деп аталады. Мысалы, достары жаңа тақырыпты талқылап жатқанда соларды жақтап, келісіп отырады. Ал жұмыстағы әріптестерімен осы тақырыпты талдаған кезде, қарсы болмайын деп, керісінше жақты болып шыға салады екен. Соны байқаған жігіт, енді өтірік айтпау жолдарын өзіне үйрете бастайды. Солай өзі өткен шақты ғана қоймай, күнделікті тіршілік істерінде де, бейтаныс және таныс адамдарға өтірікті айтпауды, әдетке айналдырады. Басында қиын болып, қысылатын еді. Алайда, жылдар өте, оған да үйреніп алады және қасындағы достары мен әріптестері, бұл жігіттің шындық айту қасиетіне таң болып, үнемі сол қасиетін мақтап, алдыға тартады.

Солай бір неше жылдар өтеді және күндердің бір күнінде, біздің жігіт Жаратқан иемге бар көңілі ауып, өзін мазалап жүрген тақырып бойынша өтінішін айтады. Тәңірден көмек сұрайды, осы бір

өтінішін орындауға және аян күтеді. Бұл жерде әрине Құдай көмектеседі ғой, оған дауымыз жоқ. Бірақ осы жолы, Құдайдың ойлағаны көмек беруімен шектелмеген. Жігіттің бойындағы қайраты мен ұнары жақсы дамыған еді. Оны одан ары жақсарту үшін, түсіне бір аян келеді. Бір бейтаныс ғалым адамға, қол үшін беру туралы. Құдай ешбір жанға, күші жетпейтіндей істі жүктемейді ғой әсте. Сонымен аяңды қабыл алған біздің жігіт әлгі бейтаныс ғалым адамды іздейді. Тауып алады және көмек ұсынады. Бірақ осы ғалымға арнайы бір кәсіп маманы керек екен. Біздің жігіт ондай кәсіпті білмей шығады. Содан ол, көмек беруге шамасы жетпей ойланып, отырып қалады. Көмек іздеген ғалым адам, өз жөнімен кете береді. Ал біздің жігіт енді, өзіне осы мамандықты үйренуді мақсат қояды. Сонымен кәсіп игеремін деп, ғаламтордан көптеген қажет ақпарат іздейді. Сөйтсе барлық ақпараттың көзі, мүлдем өзге тілде жазылған екен. Шет тілді білмейді екен. Содан кейін, біздің жігіт осы өзге тілді үйренуге шешім қабылдап, онымен қоса ғалым айтқан кәсіпті игеруге тырысады. Қайтадан бірінші жыл бойы еш нәрсесін түсінбей жүреді. Содан кейін, тағы бір жыл өтеді. Екінші жылдан кейін, тілмен әлгі кәсіпті аздап болса да, үйреніп алады. Өзін мазалаған ірі тақырып екі жыл бойы шешілмей қала береді. Әйтеуір сабыры арқасында және күнде түпсананы тазалау арқылы жүйкесін сақтап, ойлаған жоспарын арқалап келеді. Содан, үшінші жылы кәсіпті меңгеріп, сонымен қоса тілді де жақсы үйреніп алады. Осы кезде, өзін мазалаған сұрағы мүлдем ауырлап кетеді. Енді қайттым дегенде, оған бір адам хабарласады да, көмек сұрайды – *әлгі жаңа кәсіп бойынша үйрете аласың ба?* - деп. Содан осы жігіт, көп адамға кәсіпті үйретуін бастайды, және сонымен қоса өзге тілден аударып, бір неше оқулық әдістеме жасап, тегін ғаламтор желіге, шығарып қояды. Сонымен қоса түсініктеме бейнелерді жазып, оларды жәриялап жүреді. Күндер өткен сайын осы жасаған ақпараты, көптеген адамдарға жақсы көмек болып шығады. Сол бөлек шаруамен шұғылданып, қызығына кіріп кеткен жігіт те, өзінің көп жыл бойы мазалаған тақырып бойынша шешу жолын табалмай жүреді. Содан бір күні, әлгі ғалым адам енді осы жігіттің өзіне жолығады. Себебі ол кәсіпке қатысты көп оқулық әдістемелерді көріп, соның авторы кім өзі деп, іздеп келеді жігітті. Содан біраз кәсіп туралы сөз қозғап, әлгі адам сұрақ қояды – неліктен біздің жігіт, сол кезде ғалымға көмек ұсынғаны туралы. Жігіт болған жағдайын айтады, өзін мазалаған тақырыпты айтып, есесіне осы адамнан көмек сұрау ниетін білдіреді. Сонда ғалым оған ғылыми бір ізденістің қорытындысын айтып, сол туралы ақпарат көзін нұсқап, сілтемесін жібереді.

Зерттеу жұмысында көптеген ғылыми терминдері бар екен. Егер жігіт, әлгі кәсіпті игермесе, осы жазылған сөйлемдердің көп жерін түсінбей қалар еді. Ал енді үш жыл ішінде өзі үйренген білімі арқасында, өзін мазалаған тақырып бойынша іздеген шешімін тауып алады. Міне осылай, біздің жігіттің әлгі бейтаныс адамға көмектесе алмай қалғаны, алғаш түрткі болды. Соның салдарынан өзі ізденіп, біраз ақпаратты шет тілінен аударып, оқулық шығарып, елге өзі тегін таратып бергені – көптеген адамға зор көмек болып, солардың осы кәсіпті игеруіне септігін тигізді. Нәтижесінде, Құдайдан көмек келіп, тілегені орындалып, мазалаған тақырыбы тез шешіліп кетеді. Және, өзіне жақсы достар тауып, кәсіби жұмыстарын жалғастыруға көп жұмыс мүмкіндіктері ашылады.

Міне осылай, өзіне мақсат қойған адамы, өмір бойы жігерін қайрап, ақылымен жаңа білім игеріп және ұнар арқылы түпсанадағы екі жүзді бағаларды, тазалап жүргені арқасында, Тәңірі жіберген аяңдарды бірден аңғарып, алдына қойған мақсатына үнемі қол жеткізе біледі. Осы әдісті қолына алған әр бір адам, өміріндегі көптеген қиыншылықтарға сүрінбей, Жаратқан иемнен көмек алып, шешімін әр дайым таба алады. Бұл жерде, өмірдегі қиыншылық тұғызатын мәселенің барлығын, тоғыз топқа бөлуге болады. Онысы мынау.

- 1) Жеке басының мүдделеріне қатысы бар қиындықтар;
- 2) Туысқан, отбасы, достар арасындағы, күйбең тіршілікке қатысты қиындықтар;

- 3) Қаржы және кәсіби салаға қатысты қиындықтар;
- 4) Таптық (бай – кедей, жеке меншік - қоғамдық) көзқарастағы қиындықтар;
- 5) Түрлі ұлттар арасындағы қарым қатынасқа қатысы бар қиындықтар;
- 6) Діни салаға қатысы бар қиындықтар;
- 7) Жалпы мемлекеттік дәрежедегі қиындықтар;
- 8) Бір неше елге қатысы бар регионалды қиындықтар;
- 9) Жер бетіндегі барлық адамзатқа қатысы бар қиындықтар;

Негізі өмірде болатын барлық қиындықтарды, өзінің ықпалына қарай, жоғарыдағы тізім ішіндегі біреуіне жатқызуға болады. Және әр қиындықтың шешу жолдары, өзіне сай білім деңгейін талап етеді. Саны төмен салаға қатысты, білім көлемі аз да болса керек. Әлгі саны жоғарылаған сайын, адамға қажет білім көлемі өсе түседі. Және ең жоғарыдағы саланы алсақ – ондай дәрежедегі көп қиындықтарды шешу үшін, білімнің ұшаң теңіз деңгейіне шығу керек. Алайда, қай топ қиындық болмасын, егер адам басына күн туса, соны шешу керек. Осы жерде кез келген адам, екі жолдың біреуін таңдайды – ия жауапкершіліктен қашып, кедергіні байқамағанып, елге өтіріктен шештім деп шығады. Бұндай қадамның себебі, ондай адамдар өзінің қателігін елдің алдында мойындауға батылы жетпейді және өзінің іштей өзгеруіне дайын емес. Ал өзгеруден қашқанда үнемі өмірден опық жеп, күндері өкінішпен өтеді. Міне сондай адамы, құлдық сананың иесі болады. Және жер бетіндегі алғашқы құлдардың пайда болуына солар себепкер. Осындай көзқараспен өмір сүретін жандардың болғаны, басты себеп. Егер айлақор бір адам, билікке құмар болып, бүкіл әлемді өзім билейтін патша боламын десе, оған осындай көзқарастағы адамдарды молынан табу керек. Және соларға, жауапкершіліктен құтылу амалын ұсынып берсе болғаны. Сондай құлдық санадағы көп тобыр, өз еркімен сол құды таққа шығарады және өз ара таласып, оған қызмет көрсетуге асығып келеді.

Енді керісінше, егер қиыншылықтан қашпай, жауапкершілікті өз мойынға алып, Құдайдан көмек сұрап, кедергі болған шаруаның шешу жолын іздеуге кірісетін болса. Сондай жолды таңдаған әр адамға қиындық, өмірден тәлім алатын сабақ іспетті келеді. Себебі жоғарыда айтқандай, адам өз ішінен өзгеруге дайын болғанда, жаңа білімге ашық келеді. Өзі істеген қателікті мойындап, ішкі анализ арқылы өзіне қорытынды жасап, осал жерін реттеуге кіріседі. Және, сондай батыл шешім арқасында өзі дамып, өзгелерге үлгі болады және көптеген рұхани байлыққа кенеледі. Өзгерудің себебі, әр қиындыққа сай шешу жолының білім көзі болады. Сондай білімді игеру үшін, өмірдің өзі адамды жаңа ғылымды ия болмаса жаңа кәсіпті үйренуге мәжбүрлейді. Онымен қоса, сондай ауыр жолды таңдаған адам, еркіндікке толы ғұмыр кешеді. Жоғарыда айтқан едік, Жаратқан ием әр адамға, қолынан келмейтін қиындықты бермейді. Және басына келген әр бір қиындық, соның дамуына апаратын жолдардың бірі. Осыны есте сақтау керек. Және осындай көз қараспен өмірін қастерлеген адамның мойынына, ешкім құлдық қамытын кигізе алмайды.

Біз айтып отырған дәуірде, әлі «мемлекет» деген ұғым қалыптаспаған еді, «ұлт» деген түсінік те, белгісіз болған заман еді. Діни көзқарастары әлі барлық адамдарға тарай қоймаған еді. Және дін өкілдері, өздерінің қандай қуатты құралдың иесі болғанын, әлі білмеген уақыт. Сол себепті адам өмірінде, тек 1-ден 4-ке дейінгі топтағы қиындықтар ғана кездесетін. Жалпы тізімдегі әр топтың шешу әдістеріне қатысты, көптеген білім саласына жататын ақпаратты меңгеру керек. Солардың ұзын санын тізбектеп, кейін көрсететін боламыз. Тіпті әр қайсысына арнап, жеке тарау жазамыз әлі. Және шешім іздеудің, адамзат ойлап тапқан, ең қолайлы жолы: **Диалектика** есімді, ғылыми пәлсапалық әдістемесі жайлы, арнайы бөлек айту керек. Себебі соның ықпалы өте зор. Ал қазір, тарихымыздың әңгімесін жалғастырайық. Себебі біз, діни өкілдерінің әлемдегі алғашқы, барлық

адамзатқа жасаған, ықпалын айтпай өте алмаймыз. Діни жүйенің ықпалы жайлы, ашып айтатын тұсына жетіп қалдық. Оны айтпай, адамзат тарихын және көшпенділер өмірін түсінуі тіпті қиын болады. Себебі осы дін өкілдерінің ықпалымен, көшпенділер өз қазығын арқалап, сайын даланы кезіп көшуге мәжбүр болады.

## **Діни ілімдерінің ықпалы қандайды?**

Діни жүйесі туралы сөз айтар алдында, осы кездің әлемдегі әлеуметтік жағдайын ашып көрелік. Сонымен, жер бетінде көптеген қала пайда болған. Әр қаланың сыртында, одан әрі көп ауылдар орын алған еді. Және қалаға тәуелді ауылдарда тұратын адам саны, қалалықтардан 10-15 есе көп болатын еді. Себебі статистика бойынша, қаланың бір адамын азық түлікпен қамту үшін он адам жер жыртып, егін егу керек. Сондай қалалары, өз ара соғыстар мен арбау саясатының арқасында бірлік одағын құратын болған, және айналадағы қалаларды күшпен басып алуға, тырысатын еді. Міне осылай, бір неше қаладан тұратын патшалықтар өзі пайда бола бастады. Сондай патшалық ішіндегі элиталық күштердің, алтын таққа күресі тоқтамаған. Қала ішіндегі күшті топтардың үш түрі болатын. Солары әскери элита, саудагер қауымы және діни өкілдері. Патшаның әскері, қолы жетер айналадағы барлық қалалармен сауда немесе соғыс амалдарын жүргізеді. Жеке патшалық ішінде, бәріне ортақ діни жүесі қалыптасатын болды. Сол дін арқасында көптеген қалалар өз ара соғыспай, керісінше бірігетін еді. Осы жерде діни ілімінің зор ықпалы халықты тез ұйытып, бір тұтас қоғамға айналуына себепші болады. Дін арқасында «Мемлекет» деген ұғым пайда болады. Сол себепті, енді қала арасындағы тақ пен билікке талас азайып, елдің барлығы патшасын құдай таңдады деп, сенетін болған еді. Және діни бекеттері, ақша мен байлық сақтайтын алғашқы банк қызметін атқаратын болған.

Сол заманда, дін әлі кеңінен тарамай жатқан кезде, соғыс деген тек әскери адамдардың арасында ғана өтетін еді. Барлық халыққа, соғыстан келетін зияны болмаған, себебі ешкім соларға зорлық етіп, қол көтермейді. Ауылдағы адамдары, өзінің мойнына артқан салығын төлеп жүреді. Бүгін бір патшаға төлесе, ертең өзге патшаға төлейді. Осыдан енді, дін пайда болғалы керісінше соғыс кезде, зардабын барлық халық көретін болған. Себебі жеңген адамдары өзгені кәпір санап, адам құрлы көрмеген еді. Содан, жеңілген жақ ия өзінің дінін ауыстыру керек, ия болмаса көшіп кету керек. Келіспейтін болса, түгелімен қырылады. Міне осылай, бір жағынан діни ықпалы халықты біріктіретін күшке айналса, екенші жағынан, қарсы болған адамдарды геноцид жасап, көп өлімге апарды. Соғыс бар жерде әрине көшпенділер әлбетте араласып жүреді. Себебі соғысқан екі жақ та, соларды өзіне жалдамалы әскер ретінде шақыратын еді. Сонда бір атадан тарайтын көшпенді тайпаның бір руы, шайқастың оң жағында қатысатын болса, сол тайпаның екінші руы қарсы қол жағында шайқасатын болған еді. Содан шайқас бітіп, соғыс аяқталған соң, әлгі бір тайпаның екі руы ауылына қайтып. Барлығы бірге тойларға қатысып, бірінің ерлігін біріне мақтан етіп, мерей дастарқан басында әңгіме етіп отыратын еді. Соғыс тәсілдері жойқын болғалы бері, әр ауылдағы жер жыртумен айналысатын халықтары, қала маңайына шоғырлана бастайды. Бөлек дін аясында басы қосылған патшалықтар, өз ара әскери одақ құрып алып, өзге жерлерді басып алатын болды. Содан кішігірім патшалықтары мүлдем жойылып, оның орнына алып мемлекеттер, пайда болды. Және әр мемлекеттің пайда болуы, тікелей осы діни ықпалының арқасында болған еді. Екі көрші мемлекет бір біріне жақын тұрса, үнемі соғысатын. Соғыстың салдарынан патша аралық жердің барлығы ойран болып, сондай жерден бүкіл елдер көшіп кететін де, екі алып мемлекет арасында кең жерлері босап қалады. Сол себепті екі мемлекет арасындағы ара қашықтығы алыс болатын.

Сондай үлкен аймақтарда, еркіндікті сүйген көшпенді елдер ғана мекендейтін, олары өз қазығын көтеріп, малын айдап жүретін еді. Мысалы алып бір мемлекеті соғыс жорығын бастайтын болса, көшпелі жұрт қалың әскердің дүбірін алдымен естіп қалатын. Содан кейін, барлық мал мүлкімен әскердің жолынан алыс жаққа көшіп кетеді. Содан мемлекеттің әскері ұзақ жол жүріп, өзге үлкен мемлекеттің әскерімен соғысады. Содан жеңілсе қашады, ал жеңетін болса, онда діни бөтен елдің бәрін тонап, байлықты алып кетеді. Әскерді сол жерде тастап кете алмайды, себебі көп көршілес мемлекеттер сырттан келіп, өзінің жеріне басып кіруі әбден мүмкін. Ал екі мемлекет арасы алыс болған соң, қарым қатынас жасау көп уақыт алады. Содан уәкілін қалдырып, үйіне қайтады. Көп ұзамай, жеңілген елдің ішінде ереуіл көтеріліп, тағайындаған уәкілді тақтан айырып, олар өзінің ішінен шыққан элита өкілін таққа отырғызады. Жеңілген мемлекет өзінің тәуелсіздігін жариялап шығады. Содан кейін, қайтадан екі мемлекет арасында саудагерлері қатынас жасап, көшпенділер осы саудагерлердің керуендерін күзетіп жүреді. Осы жерде тағы айту керек, егер көрші мемлекет соғысатын болса, барлық ауыртпалық қарапайым халықтың басына түседі. Соғыс көп созылатын болса, ауылдағылар әбден қиналып кететін. Сол себепті, көптеген егінші ауыл адамдары бәрінен безіп, көшпенділерге көшіп кететін. Міне осылай, көшпенділердің алғашқы мінез сипаты, бойда қалыптасады. Онысын бүгінгі сөзбен көрсетер болсақ: **нейтралитет** деп, айтуға болады. Екі жақ күрескенде, барлық соғысқа қарсы болған адамдары, көшпенді тұрмысты таңдап, қазығын бойда арқалап, көшіп кететін. Жер жырттып, егін егу емес, мал шаруашылығымен айналысуға ауысады. Сонысы жан сауғалап, амалсыздықтан таңдаған өмірлік жолы. Ал көшпенді ішіндегі батырлары керісінше, соғыс бар жерді майңайлап жүретін, және бар соғысқа қатысуға өзіне абырой көретін. Себебі жеңіске жетсе, қала ішіндегі көптеген байлыққа кенеледі. Әрі қаланың белсенді элитасын қозғап, ішінен өзіне орын алады. Атақ құмар жауынгер көшпенділер, ондайын жақсы көреді ғой. Ал басым көшпенді жұрты, пәлесінен аулақ деп, еркіндікті бағалап, өскен бала шағасын арқалап алыс жаққа көшіп кететін. Ауылдағы егінші халықтың, жаппай көшіп кеткенін көрген патшалар, босқындарға тосқауыл қойып, жібермеуге тырысатын. Жоғарыда айтқандай, соның жеке мысалы Қытайдың ұлы қорғаны болатын. Осыншама қаражат жұмсап, ұзыннан созған бекеттер салуына қарағанда, соғыстан қашқан халықтың саны өте көп болған екен деп, тұжырымдауға болады. Ал қаладағы таққа таласқан соғысы, тоқтаған емес мүлдем.

Басында айтқандай, алып мемлекеттердің арасында соғыс болса дағы, діни жүйесіне тиесілі көп мүлік, әр соғыста аман қалатын болған. Онысын діни өкілдері өз ара келісіп алған еді алдын ала. Және көптеген жылдар бойы, елдің арасына уағыз айтып: *біреудің діни ғимаратын бұзып, ішіне кіріп тонайтын болсаң, – ашуланған рұхтың қаһарына ілігесің. Сені аруақтар қарғыс атады, -* деп қойған. Оған қоса, көптеген сиқыр көрсетіп, елдің ішіне үйрейлі аңыздарды көптеп таратып жүретін. Сонысы мемлекет тұрғындарының санасына еніп, әбден сіңіп кеткен еді. Одан бұл діни өкілдерінің жағдайы, әр соғыстан кейін тек жақсарып отырған заман келді. Барлық білім көзі тек діни мектептер мен кітапханаларда сақтаулы. Әскери элитасы жеке соғыс пен шайқасқа қатысты білімді өздеріне сақтайтын. Саудагерлер қауымы қаржы мен қарыздар туралы және жеке байлық тізімдерін сақтайтын білімді дәріптейтін. Ал діни өкілдері, әлемдегі барлық білімді жинастырып еді. Өздері ішінен үйреніп, ғылыми жаңалықтарды ашуға талпынатын. Себебі биліктің ең мықты және үстемдігі зор түрі - тек білімді адамның қолында еді. Сонысын баяғы заманда, діни өкілдер алғашқы болып түсінген. Ағылшындардың **«Know How»** - деген сөзінің шығу тегі, осыда жатыр ғой. Осы сөздің мағынасын аударатын болсақ: *мен білемін, сен білмейсің! Сол себепті, сен маған тәуелді боласың. Айтқан бұйрығымды орындайсың!* - деген сөз еді.

Осылай, діни топтардың билікке алғаш келген уақытта, оларға тыңғылықты білім көзі ашылады. Алғашқы болып, бұнысы ежелгі Мысыр елінде мекендеген діни қауымда болған екен. Сонысын,

көнеден қалған ескі жәдігерлерге қарап, анықтай алдық. Бәлкім Тәңірі бұйрығымен, періштелер жіберген аян арқылы шығар, бәлкім өзге планеталарды мекендейтін жандардың көмегі есебінен жіберілген шығар, әлде тіпті өздерінің ақылы соған жетті ма екен. Анық кімнен келгені белгісіз.

Бірақ саф білімнің алғаны нағыз шындық. Себебі сол заманнан бастап, әлем тарихында көптеген өзгерістер басталады және сол кезден жазылған тарих, бізге жетіп келді аман есен. Енді осы ұлы білімнің негізін шолып өтелік. Сонымен жоғарыда айтқандай осы әлемді есептеп, Тәңірім нақты жоспарымен жаратқан. Және адамды бұл әлемге Халифа етіп тағайындады. Адамның мойынына міндеттер жүктелген, соның ең басты міндеті қызмет қылу. Қызметтің ең маңызды түрі, әділдікті сақтау!



Әділдікке қарсы шығу – Құдайға қарсы шығу деп, есептеледі. Сонымен қоса, осы әлем негізі үш тұғырға сүйеніп, жаратылған:

- 1) Материалды дүние;
- 2) Ақпарат көзі;
- 3) Жүректегі ішкі мөлшері сезімі.

Бұнысын мысалмен түсіндірейік. Егер сізге тұрғын үй салу керек болса, оған құрылыс материал керек – ол **бір**. Және үйдің үлгісінің сызылған жобасы керек, ол ақпарат көзі, **екі**. Сонымен қоса, әрекет қылғанда, әр амалы ішкі сезімнен тұратын, мөлшерінің түсінігі керек, онысы **үш**. Сондай сезім болмаса, бір жері артық, бір жері кем ия болмаса тіпті, сүйкімсіз болып шығады, салынған үй.

Тағы бір мысал: екі аспазшы адам, бірге жүріп, бірдей кітаптар оқыған. Бір ұстаздан тәлім алған. Енді екеуінің алдына бірдей рецепт берілген делік, тамақ жасауға. Бірдей жеміс пен асқа керегін алдына қояды. Және екеуіне бірдей тамақ жасауға тапсырыс береді. Тағы, тағам рецепті (ақпарат көзі) мен сол асқа керек азық қоспалары (материал), келесі суретте бейнеленген қос өрім жылан тәрізді болады. Енді жүректегі мөлшері сезімі, әр аспазда бөлек келеді. Сол себепті, дайындаған тамақтың дәмі өзгеше болары анық. Бірінші аспазшысы, өзінің ішіндегі мөлшері сезімі арқылы, тұздығын көбірек салады. Екінші аспазшысы, өз ішіндегі мөлшері сезімінің ықпалымен, майын көбірек құяды.

Бүкіл дүние, осы үш негізден тұрады. Сол туралы жазылған алғашқы дәлелі болып, көне Мысыр мәдениетіне тиесілі жәдігерден көріп отырмыз. Бұның атауы: **Кадуций (Кәдесі)**.



Ежелгі Мысыр дінінде, **Hermes Trismegistus** деген құдайы болған екен. Қазақша айтқанда: **Үш Сиқырлы Ерім-Ес**. Суреттегі таңба, осы Ерім-Естің белгісі болады. Оның үш сиқырлы дегені, жоғарыда айтқан, әлемді құрап тұрған, үш тұғырына арнап аталған еді. Енді бұл суретте біз тек екі жылан басын ғана көріп отырмыз, және екі қанаты мен бір басы. Үшінші тұғыры кәне деген сауал шығады. Онысы былай болады. Екі айналған жыланы материал мен ақпаратты белгілейді. Солар өз ара үйлесіммен, жоғары қарай дамып, өсіп жатыр екен. Бірін бірі өзбай, екеуінің теңді болуына, осы үшінші тұғыр деп айтқан, мөлшері сезімі келеді. Егер мөлшері сезімін қолданып, екі тұғырды бірдей дамытатын болсақ, сондай адамға қанат бітіп, аспанға ұшатын қасиеті пайда болады. Ал енді ортасындағы басы, осы үш тұғырдың иесін көрсетіп тұр екен. Енді сол мөлшері сезімін анықтау үшін, біз Құрандағы Әл-ФУРҚАН сүресін келтірейік. Негізі Әл-Фурқан сөзінің өзін араб тілінен қазақшаға аударатын болсақ, «**дұрыс пен бұрысты айыра білу қасиеті**» деген мағына береді.

Әл-ФУРҚАН сүресінен үзінді (25:2): *Көктер мен жердің патшалығы Онікі. Алла, ешкімді бала қылып алмады да, Соның патшалығында ешбір ортағы жоқ. Сондай-ақ, әр нәрсені жаратып, оның өлшеуін белгіледі.*


Осы жерде нақты айтылған еді, әр нәрсені жарату үшін, өзінің мөлшері (өлшеуі) болуы хақ. Ол сыз ештеңе жаратуы мүмкін емес. Осы мөлшері сезімі, адамның жүрегінде. Құдай берген, іштегі жан арқылы сезіп, адам баласы тани алады. Сонымен, Құдай жолында боламын деген адам, осы үшем болған тұғырдың аясында, өзінің ғұмырын құрастыруы керек. Және сол үшін, Абай айтқан

үш қасиетті өмір бойы дамытуы шарт: Жылы жүрек (мөлшері сезімі), ыстық қайрат (материалді тәні), нұрлы ақыл (ақпарат көзі).

Осыған қоса тағы, мәңгілік белгісін айтып өтелік. Біз білетін, бүгінгі замандағы мәңгілік бейнесі осылай сызылады:



Алайда бұл қате таңба, себебі бұнысы мәңгілік тығырыққа тіреліп, шығатын жолды таба алмай, азаппен өтетін көріністі береді. Егер мысалы, сізге белсебет арқылы, сондай шеңберден шықпай, үлкен алаңда теуіп жүр деп айтса. Шаршап қалсаңыз демалып, ертең тағы тебесіз. Солай өмірдің жартысы өтеді деп айтса – бұл нағыз азап қой. Ал енді салыстырмалы түрде, шын мәңгілік таңба бейнесіне қараңыз. Табиғатқа сай келетін мәңгілік сипаты, және мәңгілік дамуды көрсетіп тұр:



Енді осыған, біз үшін киелі болған Қазық ұғымын салып көріңіз. Сондағы спиральдің ортасында қазық қағылады, және соған оралып, барлық дүние болмысы келіп жиналады. Бұл жерде өмірлік тәжірибе де бар, ақыл мен парасаттылық та бар. Және ең бастысы, өзінің қазығы берік болса түп тұғыры да шайқалмайды, себебі іргетасы нық орналасқан. Тағы киелі бейнеге қарап байқасаңыз, сабырлық үні аңқып тұр ғой! Мысалы, бір үлкен дәрежеге жету үшін, сізге көптеген амал жасап, еппен қимылдау керек. Сондай кезде аяқ астыңдағы негізі мықты болады. Ал егер әліне қарамай, жоғары секіремін десеңіз, сонда біреуге тәуелді болып қаласыз. Бұл да, өз кезегімен, құлдың табиғатын жақсы көрсетіп тұр. Соған мысал: сізге бір жұмысқа орналасу керек делік. Сол жерде ағылшын тілін талап етеді. Сіздің, осы тілді білу деңгейіңіз төмен болды делік. Енді жоғарыдағы ұлу шиыршығына сәйкес, үш төрт жыл бойы, күнде 1-2 сағат уақытын бөліп, үйренуі керек екен. Сонда бойыңызға, үйренген тілдің негізі қаланып, сөйлеу қабілеті жиналатыны анық қой. Ал сіз, біреудің көмегіне арқа сүйеп, соған ақшалай пара беріп, өтірік біледі деген сертификат бет, алып қоясыз. Ал енді жұмыс барысында, біреу тексеріп қалса қайтесіз? Сол көмекшіге барып, жығыла жалынасыз және соған тәуелді болып, өтіріктің кесірінен, өзіңізді құл дәрежесіне түсіресіз.

Сонымен тарау басындағы, сол Мысыр елінің діни өкілдерінің күші, қалай қалыптасқаны жайлы айталық. Жер бетіндегі көптеген мемлекеттер тәрізді, Африкадағы Ніл дарияның бойына ұзынан созылған, алып мемлекет қалыптасады. Солар, өзге мемлекеттерімен үнемі соғыс жүргізіп, сауда жасап күн көретін еді. Алайда, жоғарыда айтқандай, осы елдің дін өкілдеріне білім көзі ашылып,

соның арқасында, елді қалай басқару керек екені белгілі болады. Сол білімнің негізі мынады еді. Барлық ақпарат көзі бізге үйреткені бойынша, мемлекет тұрғысында биліктің үш-ақ түрі болады дейді. Онысы Заң шығару билігі, Атқарушы билік және Жазалайтын Сот билігі. Бізден жасырып қойған, тағы екі билік көзі бар. Солар осы үшеуінен жоғары тұрады және тасада қалған екі билік көзі, бәріне мәлім болған үш биліктің негізін құрайды.


## Құпия екі биліктің көзі қандайды?

Мемлекет тұрғысынан биліктің бес түрі болады дедік. Енді соны түсіндіру үшін мысал айталық. Сенат пен Парламент заңдарды шығарады. Осы ең жоғарғы билік көзі болып есептеледі, алайда елестетіп көрелік. Мысалы заң жобасын дайындау аясында, эксперт/сарапшы тобы жұмыс істеп, алғашқы нұсқауын жасау керек екен. Сондай сарапшылар ішінде бір болмайтын ілімнің өкілдері отыр делік, мысалы кейінгі кезде жер беті тегіс, аспандағы жұлдыз емес, сол жағылған шам екен деп, сенетіндер делік. Осындай көзқарасымен жиналған топ сарапшылары, қандай заң жобасын дайындамақ екен? Қалай ойлайсыз? Тағы бір мысал, адамдарды құмырсқа сияқты жұмыртқадан өсіріп шығаруға болады екен деп, сенетін адамдары бар делік. Жасанды жатыр дайындап, ішіне адамның ұрығын салып қояды екен, және дүниеге келер алдында, ДНК жүйесіне өзгеріс енгізіп, қалаған қасиетін дамытып шығаруға болатын нәрестені, бақшадағы көкеніс тәрізді, жеке өсіруге болады деп, ойлатындар дейміз. Енді осындай көз қарасымен, ар ұятын ұмытып, Құдайға қарсы әрекеттер жасауға баратын адамдардан, өзі қандай заңдарды күте аламыз? Өткенде өз жынысын өзгертуге рұқсат беретін заң шығарған еді біздің заңгерлер. Солар қандай көзқарастың иесі екен, деген сауал туады. Немесе өзге мысал. Баяғыда, Франция елінің ұлттық ғылыми академиясында метеориттерді зерттеуге тиым салған екен. Себебі тастары, аспаннан еш қашан құламайды-мыс, деп үкім шығарған екен. Содан, бір оншақты жылы өткен соң, Париж қасында метеориттері көп болып, аспаннан жерге құлапты. Соны көзімен көрген Франция ғалымдары, өз райынан қайтып, әлгі кереғар заңды қайтарып жіберген екен. Тағы бір мысал айталық, өзі бүгінгі күннің мысалы. Бәріміз Совет өкіметін жақсы білеміз, сол мемлекетте «Құдай жоқ!» деген ұран бар мектептерде оқытылатын еді. Осындай сенім арқылы өскен, «Құдай жоқ!» деген ұранмен миллиондай ұрпақ, ер жетті. Солар Парламентке шығып, қандай заңдарды қабылдауы мүмкін?

Осы мысалдардың барлығына қатысы бар, әр адам бойындағы жақсы қасиеті шығып тұр, онысы адамдардың дүниеге деген көзқарасы. Әлемге қарасты дүниелік танымы. Осы әлемнің мызғымас заңдылықтарына, іштегі қалыптасқан сипаты. Мысалы егер, көп адамдарға үгіт насихат арқылы, сізге керек дүниетанымдық көзқарасты үйретіп жіберсеңіз – сондай адамдар, миына сіңіп қалған дүние танымдық көз қарастың негізінде, сізге керек заңдарды өздігінен шығаратын болады. Ары қарай, сондай адамдарға күзетші керек емес болады және сіздің мүддеңізді қорғап, тіпті өлгенше күресуге дайын болады адамдар. Бұндай құлдардың түрі, ең қолайлы болады. Себебі олар өздері сеніп қалған соң, құл санада екенін сезінбейді. Және өзінің емес, жаман біреудің қалауын жүзеге асырып жүргенінен бейхабар болады. Сонымен біз, жоғарыда айтылған, бәріне мәлім үш билікті басқаратын күшті атайық. Онысы – **Идеалогия** екен. Ал енді осы идеалогияның өзін түбі қалып тастыратын ең күшті билік көзі бар – **Концепция**, деген. Оның тек екі түрі болуы мүмкін:

- 1) Ия Құдайға сену, сенім арту және ар мен ұятты қастерлеу керек.
- 2) Ия болмаса, Құдайға қарсы шығып, бүкіл әлемді алдап, арбау саясатын жүргізу.

Осы екеуін бірдей ұстап жүруі, мүмкін емес ешкімге. Әлде адам баласы ар мен ұятты қастерлеп, әрекет жасайды. Ия болмаса, ар мен ұятты жерге тастап, өзгелерді алдаумен күн көретін болады. Енді осы екеуінің біреуін таңдаған соң, соған лайық етіп, Идеологиясын қамту керек. Соны білу үшін діндегі көп құдайы ма, жоқ әлде екі жүзділікті көп ететін, мың құдайы бар ма екен, деп біз тексеріп көреміз.




Сондағы алғашқы болып, сол биліктің бес түрін түсінген топ, көне Мысыр еліндегі діни өкілдері болатын. Соны біз, олардың тасқа жазып кеткен жазбаларынан көріп, біліп отырмыз. Біздің жыл санауымыздан бұрын, XIV ғасырдың соңы, XIII ғасырдың басында (шамамен 3350 жыл бұрын), Мысыр елін билеген фараон Рамзес II және Хетт елінің патшасы Муваталли II арасында, шайқас болады. Сонда Мысыр әскері, өзге мемлекет жеріне басып кіріп, соғысады. Нәтижесінде жеңіске жете алмай, біраз әскері мерт болып, өз еліне қайтқан соң, тасқа жазып қойған: *Әлемнің барлығы бізді жеңілді деп ойлайтын шығар, алайда біз жеңіске жеттік. Соның дәлелі болып, тастағы осы жазбалар, ғасырлар бойы жариялап тұрады.* - деген екен Рамзес II.

Әрине кез келген адам айтуы мүмкін, қандай жеңісті айтып отыр деп. Алайда, осы Мысыр елінің дін өкілдері қолданған тәсілі, ол заманда керемет күшті болған екен. Дін өкілдері Құдайға қарсы шығу жолын таңдап, соған қатысты үгіт насихатты өз халық арасында жүргізе бастайды. «Құдай жоқ» деп, солары тура айталмаған соң, өз елінде құдайдың көптеген түрлерін ойлап тауып, біраз құдайларды біріктіретін пантеон шығарады. Және сол әрекетімен, бүкіл халықтың санасында екі жүзділік тұдырып, елдің жүйкесін бұзатын қылық бастады. Өздері болса, жеке екі топқа бөлініп, Мысыр елінің екі жағында тұратын. Жоғарғы Мысырда, Фивы деген қалада жеке топ орналасқан еді. Ал төменгі Мысыр елінде, Мемфис есімді қалада екінші топ дін өкілдері орналасқан еді. Әр топтың құрамы он адамнан тұратын, және топтың бастығы, 11-ші адам болып отырады. Сондағы олардың жұмыс тәсілі мынандай еді. Мысалы, мемлекетке қатысты бір мәселесі шығып тұр екен делік. Сонда топтың бастығы қарамағындағы 10 адамға тапсырманы беретін. Ішінен ақылдасып, уақыт бөліп, зейін қойып, сол тапсырманы жан жақты зерттеп, түрлі болжам жасайды, әрі шешу

жолдарын қарастырып қояды. Содан топтың бастығы осы мәліметтерді жинақтап, өзінің әріптесі болған, екінші топтың бастығына барады. Екі бастық бас қосып, өз ара ойлап тапқан болжаммен шешімдерді талқылайды. Егер ойлаған болжамы мен таңдаған қолайлы шешімдері бірдей болса, демек солар дұрыс бағытта келе жатқандығын көрсетеді. Ал егер екі топ айтқан қорытындылары біріне бірі қайшы болып шықса, демек кей бір заттарын байқамағаны. Сондай кезде, өзіндегі бар мәліметтерді тағы да бөлісіп, қайтадан өз тобының ішінде ойлануға кіріседі.

Содан кейін қайтып келіп, тағы қос бастық ақылдасып, өз ойларын тексереді. Осындай тәсілдері біздің сөзбен айтқанда, **Диалектика** ғылымына жататын амалдарының бірі. Жалпы, Диалектика өте керемет әдістеме. Ол туралы кейінгі тарауларда айтармыз. Міне солай екі топтың шешімі бір жерден шыққан соң, егіз топтың дін өкілдері ортақ шешімге лайық, ел арасында үгіт насихатын жүргізіп, халықты алдын ала соған дайындайды. Және Мысыр елінің патшасы болған Фараонды керекті ақпаратпен қамтып, орындауға тиіс мақсатын, айтып береді. Сонысын енді құдайлардың берілген бұйрығы деп келтіреді. Фараон енді, сол құдайлардың сүйікті ұлы болған соң, осындай маңызды тапсырманы орындауы тиіс еді. Фараон өзінің ерекше тұлға екенін бала кезінен сезініп өскен, әрине дін өкілдеріне құлақ асып, айтқандарын екі етпей орындауға тырысады. Міне солай діни өкілдері атақты шахмат ойыны тәрізді, өздерінің және көрші елдерінің тағдырымен ойнауға кіріседі. Және неше жылдар бойы тәжірибе жинап, өздеріне сенгені сонша, ашық түрде сонысын тасқа жазып кеткен екен. Сонысы енді, өздерінің сол замандағы білімі ең жоғары екенін көрсетіп тұрғандай. Солармен қарсыласатын еш бір өзге мелекеттер болмағаны ғой маңайында.



Жоғарыдағы суретте, екі топтың бастығы үлкен болып, көрсетіліп тұр. Бастары адам емес, сенім артқан, Фивы және Мемфис қаласындағы көп құдайларының бейнесі. Әр топтардың бастықтары өздерінің құдайларының атынан сөйлеп, төменгі сатыдағы өкілдеріне бұйрықтар айтып, тізгінді ұстап отырады. Әр топтың ішіндегі 10 адам, сол дін өкілдері. Таз басты болып, олар екі жағынан бейнеленіп тұр. Солар өз кезегімен Фараон мен өзге мемлекеттің патшасына уағыз айтып, тізгіні қолдарында. Ал екі мемлекет патшалары, әскерін соғысқа жіберіп жатыр. Және төмендегі қалған халық, өздерінің құдайларына дұғасын айтып, өз жағының жеңісін тілеп отыр. Бұл екі жақты дін өкілдері, өздерін «**Иерофант**» - деп атаған. Және топтың екі бастығы, өздерін «**Ұлы Иерофант**» деген. Иерофант сөзін қазақшаға аударсақ, «келешекті болжай білетіндер», деген ұғымды береді. Енді осы екі топ иерофант өкілдері, өздерінің қолында билік тізгінін қалай ұстап отырғаны және елді билеу қуатын, еш бір өзге жандарға қалай бермегенін, айтып өтелік.

Осы күні әлеуметтік желіде көп жазылатын тақырып – үйдің ішінде кім қожайын, еркегі ма, әлде әйелі ма, деп сұрап жатады. Ескінің жолын қолдаған жұрт, еркекті алдыға тартады. Әрі заманауи тәрбиімен өскен жастары, әйелді де көтеруге тырысады. Негізі сауалдың жауабын, ерлі зайыпты екеуінің жынысынан іздеудің керегі жоқ. Кім өз келешегін болжай біліп, алдын ала дайын болып шықса. Көрегендігі басым болып, ешкіммен таласпай, үйдің қожайын дәрежесіне даусыз шығып алады. Мысалы, ауылдағы бір отбасы жаңадан тұрмыс құрды делік. Енді, бір үш жылдың ішінде қалаға көшуі мүмкін делік. Соны әйелі ішінен сезіп, ойын түйді делік. Күйеуіне айтса, ол елемей қолын сілтеді делік. Әйел ешкімге айтпай, енді қалаға көшудің тиімді жолын қарастырып, алдын ала дайындалатын болды. Күндегі бос уақытында қаланың қай жерінде пәтері арзан, бала бақша мен мектебі қолайлы, және өзіне де, жолдасына да, тиімді жұмыс орын іздеу мен болады.

Содан, жұмыс орынға бірден қабылдануы үшін, бір неше әдістемелер мен қыр сырларын үйрену керек екенін біліп алып, үш жылдың ішінде осыны ғаламтор арқылы ізденіп, қарастырады. Және күйеуіне де қолайлы жұмыс тауып, соған керек қабылеттерін үйренуі үшін, осы ауылдағы білгір адамдарымен келісіп, өзінің күйеуін сол кәсіпке бауылып, жұмысқа кіргізіп қояды. Енді үш емес төрт жыл өтті делік, ауылдағы тұрмысы нашарлап қалғаны сонша, ауылдағы жұрт жаппай қалаға қатынайтын болды, және өздеріне нәпақа іздеп, арзан жұмысқа қанағат етіп, жалданып жүреді.

Солай күндердің күнінде, күйеуі әйеліне өз ойындағысын айтады: - *ауылдағылар қалаға барады, тиін тебен тауып жүр, менде барып, бағымды сынап көрсем деймін* – деп. Сонда әйелі, өзі төрт жыл бойы дайындалғаны бар, күйеуіне біраз ақпарат айтып, жолын сілтеп, баратын кәсіп орынға жолын көрсетеді. Және соларға қандай жұмысшы керектігін айтып, бірден сол жаққа тез баруын ұсынады. Ер жігіт, әйелін тыңдамай, өзім білемге салынып, ауылдастарымен бірге кетеді де, күні бойы еш жұмысты таба алмай, құр қол қайтады. Одан келесі күні, тағы сондай жағдай болмасын деп, әйелі айтқан жаққа барса, ол жерде шынымен жұмысшы тапшы екен. Өзінің төрт жыл бойы үйренген кәсібі, шұғыл қажет болып шығады. Содан бұны жұмысқа алып, бірден келісім шартқа қол қояды. Енді жұмысы тұрақты болған соң, әйелі де қамданып, балалардың мектеп бітіргенше ауылда болып, содан барлық отбасымен, жазда қалаға көшіп кетеді. Осы жерде енді, билік тізгіні кімнің қолында болғанын оқырман өзі де, біліп отырған шығар. Таразы екі жағын тең ету үшін. Келесі мысалды айталық. Балалары мектепте оқып жүрген кезде күйеуі жұмыстан, бірге істейтін әріптестерінен естіп білгені бойынша, келешекте балалардың шет елде оқығаны, өз болашағына орасан көп мүмкіндік береді. Соны ести сала, бұл әйеліне ойын айтады. Әйелі өзінің балаларын, шет елге жіберуге қорқып, қарсы шығады. Сонда күйеуі, өзі қамданатын болады. Алдыда әлі үш жыл бар, сол уақыт ішінде балаға қандай білім сала керек болады, нені осы бастан үйрену керек екенін алдын ала біліп, балаға үйретумен болады. Содан үш жылдан кейін мектеп бітірген кезде,

әкесінің дайындығы арқасында баласы үздік бағамен оқуын тәмамдайды. Сол құжаттарды алып, әкесі бір неше шет елдік жоғары оқу орындарына тез өтініш жіберіп көреді. Және біраз елдердің елшілігіне барып, сырттай емтихан тапсырып көреді. 4-5 жерге барғанда, екі жерден грант ұтып алады. Солай әкесінің көрегендігінің арқасында, баласы шет елге оқуға кетеді, грант ұтып алып. Енді баласына барып келемін деп, әкесі мен шешесі бірге сапарға дайындалатын болды. Тағы ол жерде, кімнің қожайын болғанын көруге болады.

Міне солай, биліктің негізін ашқан соң, жоғарыда айтқан екі иерофант тобына оралайық. Себебі осы екі топ, диалектика әдістемелерін жақсы меңгеріп алғанның арқасында, болашақты болжап, көрегендігі мықты болғаны сонша, Мысыр елінде билік тізгінін мықты ұстап отырған еді. Және айналасындағы мемлекеттерді біріне бірін айдап салып, барлық пайдасын өздері көріп, отырған еді. Онысын қалай істеді екен деген сауалға жауап айтып көрелік. Ең алдымен осы екі иерофант топтары, өзінің ішінен дарынды балаларды іздеп жүріп, болашақ ізбасар бола алатындай түлекті дайындауды қолға алады. Кез келген патшасы, ұзақ болса 50-60 жыл ғұмыры бар. Содан кейін ол өмірден өтеді, оның орнын басқан ұрпағы, әкесіндей дарыны жоқ болып, елді басқара алмай зар қалады. Содан дін өкілдері, басқаруға лайықты кандидаттарды, алдын ала бір нешеуін дайындап қояды. Егер патшасы сырқат болып ия соғыс кесірінен өліп қалса, сонда осы кандидаттар өз ара таққа таласып шығады. Солардың ішінен, кім діни өкілдеріне қолайлы, соған міндетті түрде тақ бұйырады екен. Онысы енді, дін өкілдерінің айтуы бойынша, құдыреті күшті құдайларының зор арқасы екен мыс. Содан егер дін өкілдері арқылы, осы құдайларының айтқанын бұлжытпай, тез орындайтын болса, сонда тақтағы ғұмыры ұзағынан болады мыс. Әр бір кандидат өкілін арнайы бір мақсатқа мүдделі етіп, дайындап отырады. Мысалы, бір топты саудаға бейім етіп өсіреді. Ал екінші топтағы түлектерді, соғысқа арнап тәрбиелейді. Тағы бір топты, алыстағы елдермен сауда дипломатиялық қарым қатынас жүргізуге дайындайды. Тағы бір топты ғылыми терең зерттеулер жүргізуге құмар етіп, шығарады. Сол сияқты, әр түрлі мақсатқа дайындаған түлекті кандидаттар, үнемі дайын болып отырады. Одан кейін мысалы, көрші елде патшасы ауырып, өзі өлгелі жатыр делік. Сол жерге емшіні, дәрігерді ауруға көмек беру үшін жібереді. Егер көмегі тиіп жатса, онда сол жерден өздеріне лайықты орын тауып, жоғары лауазымды орынға, дін өкілдерінің өз тыңшы көздері болып отырады. Дер кезінде біреуге у беріп сырқат етеді, біреуге керісінше ем дом амал көрсетіп, сауықтырып жібереді. Тура солай, осы иерофант өкілдері арнайы қыздар дайындаумен айналысады. Оларға керек арнайы білімдерді үйретіп өсіреді.


Сонда егер бағы жанса, осындай қыз көрші елдің патшасына, тұрмысқа шығып, жұбайы болады. Егер бағы жанбаса, жеке патша маңындағы қуатты элита өкілдерінің көңілдесі болып, патшалық ішінде болып жатқан өсектерді жинап, иерофанттар тобына дер кезінде хабарлап отырады. Және көршілес мемлекеттер ішіндегі, болашақта таққа таласуы мүмкін деген адамдарын да, іздестіріп отырады. Мүмкін болса, солардың барлық тәрбиесін өз қолына алып, өздерінің пұт құдайларына сендіріп өсіреді. Сондағы айтатын сөзі: *егер сен осы құдайларға, өзіңе керек өз арманды айтсаң, және зиярат етіп, құлшылық жасайтын болсаң – сонда жеке арманың орындалып, өзің мықты болып шығасың. Тек сол тілегің орындалуы үшін, осындай амалдар жасауы керек. Және бұл өте құпия ақпарат. Соны ешкімге айтуға болмайды!* - деп, басын айналдырып салады. Бала кезінен, көп рет осы адамға арманын орындауға, астыртын көмектесіп алған соң, сондай баланы өскенде осының барлығы құпия деп, сендіріп қояды. Және оны иерофант өкілдерінен басқа, ешкімге тыс жармай өз ара құпияда ұстайды. Әрине егер, таққа бұл кандидаты қолайлы болып шықпаса, онда ештеңесі болмайды. Тек құпия болған қиялдағы армандар легі орындалмай қалады. Және сондай адамды дін өкілдері, өз мүддесіне қарай жұмсап жүреді. Ал егер осы кандидаты таққа ие болып, иерофант мүдделеріне керек адам болып шықса, онда соған астыртын билігін жүргізіп, өздеріне

керек саясатты атқарады. Мысалы, осындай кандидаты билік басына шығып, тыңдамай кетсе, ия болмаса оны тақтан тайдырып, орнына басқа адамды отырғызу керек болса, сол патшаға у беріп, ия болмаса аңшылықта оқыс мерт болды деп, өлтіреді.

Солай жылдар өтеді, жылдар өткен сайын екі иерофант тобы мемлекетті билеудегі жеке қасиетін шыңдай береді. Сол кездегі, Мысыр елінде болып жатқан барлық жұмыстар көзі, осы екі топ дін өкілдерінің арқасында ғана жүретін. Барлық іс қағаздары да, тек солардың қарамағында. Барлық ғылыми жаңалықтар, осы дін өкілдерінің құзырында ғана, қолданылатын еді. Осы топпен еш бір әскери элита, немесе саудагерлер қауымы, әлде болмаса өзге күштің иелері, таласа алмайтын еді. Себебі, осы екі топтың білгенін ешкім білмейтін. Және солардың ақылдығы, ашық түрде билікке таласпаған еді еш қашан. Керісінше, айналадағы барлық елден сұрап жүретін еді. Кім де кім осы жоғары лауазымды орынға, өзін лайықпын деп ойласа, бізге келіп айтсын. Біз оған құдайлардың батасын алып береміз. Және сол орынға отырып, басқара алатын болады, деп жар салады елге.

Содан соң, мысалы бір ірі бай әскер басы, өзін Мысыр еліндегі жеке қаланың әкімі боламын деп, шығады делік. Егер сол адамы, дін өкілдеріне лайық болса, онда олар астыртын көмектесіп, әкім болуға жолын ашып береді. Лайық болғаны, осы дін өкілдерінің сөздеріне, құлақ асатын адамды айтамыз. Және дін өкілдері не айтса мейлі, соған сеніп қалуы керек. Және ондай адам мінезі бір заттарға тәуелді болуы керек. Сонда дін өкілдері соған ақылын айтып, орындаса ұнағанын беріп, орындамаса басқа да жолдарымен көндіруге боларын, анықтап салады. Егер діни өкілдеріне осы адам лайықты болмай шықса, сондай адамды өзге біреумен шағыстырып қояды. Әлде, астыртын қала ішіндегі барлық әлеуметтік жүйелерді нашарлатып, қала тұрмысында зиянды істерді жасап, бұқара халықтың ашуын шақырып шығады. Содан құдайлары қаһарланып, қарғау жібереді мыс, барлық қала тұрғындарына. Сондайдан шошынған қала әкімі, тез арада тақтан өз ақ безіп кетеді. Немесе мемлекет басшысы болған фараон, өз бұйрығымен оны орнынан босатып жібереді. Тіпті жазалауы да мүмкін, егер әкімі өзінің дәрежесі қылықтарымен, діни өкілдеріне ұнамай қалса. Міне осылай мемлекет құрылысы, уақыты өте әбден қиындап кетеді. Кез келген билікке құмар болған адамы, сондай жұмысы қиын мемлекетте, билікке ие болу үшін, өзі барып дін өкілдерінен көмек сұрайтын болады. Және құдайларына зиярат етіп, ақшасы мен дүниесін молынан құрбан етіп екі иерофант тобына, қызмет етуге әзір екенін дәлелдеумен әлек. Және, сонау иерофанттарды халық жауы деп, ешкім ойламаған. Керісінше, тағдырына нағыз көмек беруші даналар осы деп сенетін. Себебі, еш бір дін өкілі, ашық түрде билікке таласпаған. Және халықтың алдына шығып, олар өз байлығымен мақтанбаған еді. Керісінше, өздерінің тақуалығын халыққа үнемі насихаттап, алдап жүретін. Енді таққа таласу саясатын, дін өкілдері көп жыл бұрын дайындап қойған, кандидаттар жүргізетін. Өз ара таласқан және әр қайсысы, ішінен сенетін еді: құпия түрінде діни өкілдерінен, әрі құдайлардан соған қолдауы болатынына. Солай Шахмат ойны тәрізді, екі ойыншы, тақтадағы сақаларды жылжытып отырғандай, сол мемлекет ішінде, билікке құмар адамдарды алдап, екі топ иерофанттар қуыршақтарды біріне бірін айдап салып, әлсіретіп отырған. Тек өз басының қамын ойлаған билік қауымы, жеке білімі таяз болған соң, екі топ иерофант өкілдеріне барып, өздерінің қиялын құдайларына дұға етіп, көмек беретін шешуші үкімді, солардан күтетін еді.

Биліктің негізі қалай құрылатыны, төменгі суретте жақсы көрсетілген. Мемлекетті басқару үшін, көп түрлі білім игеру керек. Оны жалғыз адамға үйреніп игеруі мүмкін емес. Сол себепті бір топ адамдар керек. Және сол топтың ішіндегі адамдар құпия түрінде, өз ара мафия болып, астыртын, біріне бірі көмектесіп отырады. Және олардың өз ара байланысын, ешкім білмеуі тиіс. Сонымен, ресми түрде осы екі топ иерофант өкілдері, біріне бірі ауыр араздығын ашық түрде елге көрсетіп жүреді.



Үлкен жиналыстарда, бірінің құдайын кемсітіп, елге спектакль көрсетіп жүретін де. Содан аңғал халық, осы екі топтың үнемі біріне бірі араз болғанын көріп жүретін еді. Және үнемі оларға басу сөздерін айтып, сабырға шақырып, татуластыруға тырысатын болған. Бір топтың түсі қызыл, ал екінші топтың түсі ақ болған еді. Содан сол Мысыр еліндегі ақ пен қызылдардың өз ара тартысы бүкіл елге аян болған деседі. Сонымен, барлық білім көзі осы екі топ иерофант өкілдері қолында болғандықтан, олар үнемі керек жаңалық ашып, елдің бүкіл назарын өздеріне қаратумен болады. Және басқа билікке таласатын күшті топтарды үнемі бақылап, біріне бірін айдап салып, әлсірету мен айналысатын еді. Мысалы, бір қаланың күшті әскери қолбасшысы, екінші қаланың саудагер тобымен сөзге келісіп қалса. Осы иерофант тобының бір жағы, әскери топты қолдап шығады. Ал екінші діни топтағы өкілдері, саудагерлер қауымын қолдап шығады. Осылай екі жақ, араздасқан әскери топ және саудагерлері, өздеріне дін өкілдерінің қосылғанына мәз болған, жеңіске жетудің толық кепілі ретінде қарайтын еді. Бірақ шынында болса, екі иерофант өкілдері, өз ара астыртын ақылдасып, шүйіркелесіп алатын. Содан екі күшті топты шайқастырып, әбден әлсіретіп алады.

Содан соң, әскери қолбасшылардың байлығын және саудагерлердің байлығын өздеріне иемденіп алады. Ал екі араздасқан топ, біріне бірі жауласып, уақыт өте күші әлсірей береді. Міне осындай тәсілмен егер билік басында отырамын десең, онда көп жылдар бойы үзілмейтін саясат жоспары болуы керек. Онысы тіпті, бір неше ғасырларға созылатын, жоспары болуы шарт. Сондай жүйеге арқа сүйеп, біраз жылдар бойы, амал әрекеті арқасында, болжаған жоспары бойынша, мақсатына жетуі әбден мүмкін. Сол себепті осы екі топты, **иерофант** деп атаған еді.

Енді жоғарыдағы мәліметтерді есте сақтап отырып, әлемнің тарихына көз салып қарайық. Негізі Тарих деген керемет ғылым, оны жақсылап үйрену керек. Себебі, тарихтың берген ауыр сабағын елемеген халық, кейін сол сабақтармен өз тарихында бетпе бет көрісетін болады.

## Тарихтың басы қалай басталды?

Сонда осы екі топ діни өкілдері, қалай пайда болды деген сауал туындайды. Және елді тізгіндеп, халықты қалай билеу керек туралы, соларға соншама көп білім көзі, қайдан келді деген сұрақтар алдыға шығады. Бұл жерде тарихқа үңіліп қарасақ, сол кезде алдымен Мысыр елінде біздің жыл санауымыздан бұрын, XVIII ғасырдың соңы, XVII басында Жүсіп пайғамбар келгенді (шамамен 3880 жыл бұрын). Соның арқасында, Мысыр елі көптеген жақсылыққа ие болып, біраз саф білім көзін игереді. Егер мысалы, сол дін өкілдері пайғамбар келмей жатып, әр білімге ие болған деген тұжырым жасайтын болсақ. Онда осы топ дін өкілдері, Фараон көрген «арық сиырлар мен семіз сиырлар» туралы түсін, өздері дұрыс жорып шығар ма еді, кім білсін? Және, алдағы көп жылдар бойы болатын қуаңшылық заманға қарсы, бидай жинаудан өздері жақсылап дайындағандар еді ғой. Алайда, сол дін өкілдері шатасып, Жүсіп айтқандай дұрыс дайындала алмай, ақыр соңы жеңіліп, пайғамбар айтқан барлық бұйрығын орындайтын болады. Жүсіп пайғамбар тірі кезінде, осы дін өкілдері көптеген жылдар бойы жинаған абыройы мен байлығынан айырылып қалады.

Солардың байлығын пайғамбар ел игілігіне жұмсақ отырған еді. Содан пайғамбар өмірден өткен соң, осы қу дін өкілдері өз әдетіне қайтып, қайтадан күш жинап алатын болды. Және, енді келесі пайғамбар келсе, соған төтеп беру үшін, алдын күтіп, дайындалатын болған. Жүсіптен үйренгені көп болған соң, сол білімді қолданып жүрді. Пайғамбар үйретіп кеткен білім жүйесі, барлық елді билеудің бірден бір керемет әдістеме құралы іспеттес. Оны жеке қарапайым аңыз тілімен айтсақ, адамзаттың қолындағы семсер қылыш, деп айтуға болады. Сол болат семсерді, Жүсіп пайғамбар адамзатқа үйретіп кеткен еді. Осындай семсерді қолға алып, қолдана білетін халықтың батыр игі жақсылары, кез келген қиындықты жеңіп, елдің іргесін берік ұстап, өз халқына үміт пен берекелі ғұмыр кешуге мүмкіндік беретіні хақ. Егер иерофант дін өкілдері адаспай, Құдайға сенімі артып, пайғамбар салып кеткен жолымен жүргенде, әлем бүгін мүлдем басқа өмір сүретін еді. Ал бірақ, осы екі топ дін өкілдері, саналы түрде Жүсіп ұсынған жолдан бас тартқанды, керісінше үйренген білімді, өз пайдасына қолдануын бастайды. Осы кезден бастап, сол екі топ иерофант дін өкілдері Құдайға ашық қарсылық әрекетін жасауға кіріседі. Осыған қатысты, Әли Имран сүресінен үзінді (3:54): *Олар түрлі айла ойлады, Құдай да амалын тапты. Құдай айла табудан ең мықтысы.*

Содан тарихи оқиғаларға тағы бір рет көз салып, тізбектеп өтелік. Сонымен Құдайдың әмірімен, алғашқы болып Мысыр еліне, Жүсіп пайғамбар келеді. Өзі жеке, көптеген өнегелі істерді бастап, айналадағы көзі ашық елге, барлық білімді үйретіп кетеді. Сондай білімі ішінде, елді басқаратын әдістемелік білім көзі – Семсер қылыш. Диалектика ілімін қосып үйретіп кеткен еді. Содан кейін Жүсіп дүниеден өткен соң, дін өкілдері өзінің бағзы жолына ауысады, елді тонаудың амалдарын көп қарастырады. Оның ішінде көп құдайы бар, екі жүзділік саясатын насихаттаумен болады. Әр елдің өз құдайы бар екен. Сондықтан солардың көңілін табу үшін, көптеген дүние мен байлықты құрбандыққа шалуы керек екен. Тағы көршілес мемлекеттерді шағыстырып, арасына соғыс отын салып, біріне бірін айдақтап салуды қолға алады. Осылай бір неше ғасырлар өткен, Мысыр еліне жас фараон Эхнатон келеді. Соның аз өмір сүрген уақыты, біздің жыл санауымыздан бұрын, XIV ғасыр шамасы. Тағы әмірінің құдыретімен, көп құдайлық ілімдерді тоқтатуға жар салып, бұйрық береді. Халық ысырап қылған, көптеген құрбандық амалдарының еш қайсысы Құдайға еш керегі жоқ. Дүниесі мен байлығын, дін өкілдеріне шашуды доғарсын, деген екен. Сонда, елдің барлығы абдырап, таң қалады. Және Фараонға сұрақ қояды: *осы айтып отырған Құдайы кәне, көрсетші бізге оның келбетін? Құдайдың есімі бар ма? Соны біз дұғаларымызда қалай атаймыз?* - деген.

Фараон берген жауабы: Құдайдың келбетін көру үшін аспандағы күнге қараңдар. Ұлы Құдайдың есімін «РА» деп атау керек, - деген екен. Және әріп пен жазғанда, оның дауыссыз әрібін жазатын еді сол заманда. Ал жазылған «Р» әріпін негізі екі жолмен оқуы мүмкін: «Ра» немесе «Ар». Міне осылай, жер бетінде алғашқы «Ар» сөзі пайда болған деседі бізге жеткен аңыздар нақылы. Және Қазақтың, «**малым - жан садағасы, жаным – арымның садағасы**», мақалындағы «Ар» сөзінің байланысы барма екен, кім білсін.. Енді, сол кездегі «Ра» таңба суретін төменде көре аласыз.

Суреттің сол жағында Қыран басты кісі бейнесі, төбесінде аспандағы күн белгісі және саф білім көзін сипаттайтын, даналық иесі – жылан. Екі қолында екі белгісі тұр. Оң қолындағы, жоғарыда айтылған, **мөлшері сезімі** белгісі. Байқасаңыз, үш түзу жағы бар, және тобесіндегі домалақ шар құдырет күшінің иесін білдіреді. Сол қолында, халық билеу құралы Семсер қылыш. Ал суреттің ортасында, Ра құдайдың күн болып, аспанмен жерді айналуын көрсетеді. Және тағы байқасаңыз суретте, құдыретті құстың екі аяғында қос **мөлшері сезімінің** белгісі бар. Енді сонау суреттерге қарап, Қазақстан елінің мемлекеттік туындағы сурет өзі қайдан шықты деп ойлайсыз? Оған қоса ежелгі Мысыр тақырыбына арнап, Қазақстан Ұлттық банкі 2025 жылы күміс теңге шығарды.



Ал біз тарихтың тізбегін жалғастырайық. Сонымен, Мысыр еліне күтпеген жерден Эхнатон хан келіп, нағыз діни революция жасап кеткен. Жаңағы екі иерофант тобы, тез арада қарсы қарымта амалдарын қарастырып, байқұс Эхнатон патшаны у беріп өлтіреді. Сондағы Эхнатон фараон, не бәрі 17-18 жаста болған еді. Егер бұл фараон, 50-60 жыл жасаған болса, Мысыр елінде әлі талай өзгерістер болар еді, кім білсін. Алайда оған, осы екі дін өкілдерінің зұлымдығы жолын бермеді. Эхнатон патшасы қайтыс болған соң, оның енгізіп кеткен барлық заңдарының күшін тез жойып, реформаларын қайтарады. Тіпті фараон туралы, көп тарихи деректердің барлығын жойып, елдің жадысынан өшіруге тырысып баққан. Тек XIX ғасырдың аяғында ғана жерді қазып, археологтар Эхнатон туралы алғашқы деректерді тауып, білген екен. Осылай, жыл санауымыздан бұрын XIV ғасырдан бастап, кейінгі XIX ғасырға дейінгі уақытта, сондай абзал азаматтың болғанын, ешкім білмеген еді әуелі және өз халқына нағыз дін жолын көрсетіп, Құдай біреу деп, насихаттаған еді.

Содан Эхнатон қайтыс болған соң, осы екі иерофант тобы келесі пайғамбардың келетініне күмән келтірмеді. Керісінше соған дайындалып, сол кездегі фараонға өтірік айтып, тіпті үйретіп қояды. Осындай бір бала туады екен және өскенде патшаның тағын өзіне тартып алады екен деп. Содан

үрейленген фараоны, барлық жаңа туған еврей ұлтының ұл нәрестелерін өлтіруге бұйрық береді. Бұнысы тағы, сол дін өкілдерінің Құдайға қарсы ашық түрде шыққанын көрсетіп тұр. Сонымен, Эхнатоны қайтыс болған соң жүз жыл өтеді, дүниеге келесі пайғамбар келеді. Соның есімі Мұса болды. Енді Мұса пайғамбар, көптеген керемет істер жасап, еврей халқын Мысыр елінен алысқа алып кетпекші болады. Алайда Мұса пайғамбар, Синай түбегі арқылы жол жүріп бара жатқанда, бір оқыс оқиға болады. Сол жерде не болғаны, әлі күнге дейін құпия болып, сақталып келеді. Ол туралы біз, жазбаймыз. Және құпия сырын ашамын деген оқырмандарға, атақты сурет бейнесіне жолдаймыз. Бұл, әлемге әйгілі сурет негізі: «Медный змий».



Енді тарихымызға қайта оралайық. Сонымен Мұса пайғамбар, Мысыр елінен өз халқын жетелеп кеткен соң, 20 жыл өтеді. Мысыр елі мен Хетт елінің арасында соғысы болады, жоғарыда жазған Кадеш қаласының қасында атақты шайқасы болады. Сол шайқастан қайтқан, көне Мысыр елінің патшасы өз жазуын тасқа қалдырады: *Елдің барлығы бізді жеңілді деп ойлайтын шығар, алайда біз жеңіске жеттік. Соның дәлелі болып осы тастағы жазбалар, ғасырлар бойы күзгері болып турады.* - деген екен Рамзес II. Соғыс болған уақыты, біздің жыл санауымыздан бұрын, шамасы XIII ғасырдың соңында болған екен.

Осы жазба арқылы, Мысыр еліндегі екі діни иерофант өкілдерінің, Құдайға ашық қарсы шыққан саясатын, көре аламыз. Сонысы сол баяғы, өзге елдердің арасына іріткі салып, біріне бірін айдап салу стратегиясы болған еді. Міне солай, Хетт мемлекетіне қарсы, олар Ассирияны шағыстырып жібереді. Сондай қитұрқы саясат арқасында олар айналадағы барлық елдерді әлсіретумен болды. Сондағы ұстанған саясаты, алдымен бір алып мемлекетті таңдап алады, және оған өзге көршілес

кішірек елді қарсы қояды. Алып мемлекет іші бюрократияға әбден батып кеткен соң соғысты өзі жүргізбейтін. Айналадағы жалдамалы әскери күштерге ақшасын төлеп, соларды жұмсайтын еді. Ал қарсы шыққан елдің халқы керісінше, ақша үшін емес, өзінің еркіндігі үшін жанын аямастай, соғысатын еді. Және осы екі топ иерофант өкілдері, ондай кішкентай елдің әскеріне, керек көмек беріп үнемі қамқор болады. Алып мемлекетке қарсы, тура бетпе бет шықпай, оның әлсіз жерінен үнемі соғуды астыртын айтып, жолын нұсқап отырған еді. Ондай ауыр соғыс барысында, барлық байлары өз байлығын қайда апарып, сақтауы мүмкін? - Әрине біздің екі топ иерофант өкілдеріне тапсыратын. Соғыс аяқталғанша сақтай көріңдер деп. Міне осылай көне Мысыр елі, айналадағы барлық елдің тағыдырымен ойыншықтай, шахмат құрлы ойнайтын болған. Екі топ Иерофанттар мекендеген қалалары: Мемфис және Фивы. Онда бір топтың ту көтерген түсі қызыл болатын, ал екінші топтың ту көтерген түсі ақ болатын. Соны еске сақтаңыз, себебі тарих барысында осы екі түстің жиі кездесетінін көреміз. Мысалы, алғашқы шахмат ойынның тақтасы мен фигуралардың түстері қызыл және ақ болған еді. Кейін, қызыл түсін қараға ауыстырған еді.

Сонда соғыс тәсілімен қоса, Орта теңіз жағалауында алғашқы болып, Финикия сауда мемлекетін құрастырған екен солары. Себебі қазына толған ақша, енді осы ақшаны бір жерге барып қолдану керек, және көптеген билік жолдарын осы алтын ақшамен ашуға болатыны бәріне белгілі. Солай саудагерлер қауымы, бойына күш жинап, әлемнің барлық елдерін аралап, Мысыр еліндегі екі дін топ иерофант өкілдеріне айтып, баяндап отырған еді. Финикия мен қатар тағы иерофант өкілдері Көне Греция деген, атақты мемлекетті өз құзырына бағындыру саясатын, жүзеге асыра бастаған. Және оның себебі, тағы сол көшпенді өмір салтымен ғұмыр кешкен, тек еркіндікті сүйетін, арын ардақтайтын адамдардың ықпалынан шыққан болатын. Енді сол туралы айталық.

## **Ежелгі Греция елі қалай пайда болды?**

Финикия елі, саудагерлер мекені болған еді, солар су арқылы Жер орта теңізін шарлап, саудамен айналысатын. Және Мысыр елінен жақсы көмек ретінде қаржы алып жүрген еді. Кемелер көлемі өте мол, теңіздегі мемлекет болатын. Сонымен қоса, біздің айтып отырған, Мысырдағы діни егіз топ иерофант, тағы бір әскери күші мықты елдің негізін қалауға кіріседі. Оның себебі, осы біздің көшпенділердің ықпалынан болған еді. Құдайға қарсы шығып, бүкіл әлемді құлдық нөқтасымен арбау мақсатын, жүзеге асырамын деген осы екі діни топ, бір қиындыққа тап болады. Ал онысы, көшпенді елдердің еркіндігі және сондай еркін өмір сүретін адамдардың, құлдық санаға мүлдем көнбейтіні болды. Мысалы, кез келген қаладағы қарапайым халық, билікке қарсы шығуға қажет батылы жетпейтін еді. Содан бұлар, биліктің қылған зорлығына шыдаумен өзінің күнін бағатын. Алайда егер, қала ішінде ереуіл шығып, елдің барлығы наразылық танытатын болса, билік басы қызметшілері ереуілшілердің арасындағы белсенділеріне ақшалай пара беріп, әрі наразы топтың мысын басып, бетін қайтарып жіберетін онда. Міне осындай кезде, егер ереуілге шыққан топтың ішінде, көшпенді елдің бір неше уәкілі болса, онда бүкіл наразы халайық, батыл болып шығатын еді. Және пара берумен сондай топтың бетін қайтару, тіпті мүмкін емес тұғын. Содан әскери күш қолдану керек. Қан төгізіп, халықтың билікке өшпестей қарсыласуына жол ашылады. Тағы билік тізгінін ұстап тұрған, патша мен дін өкілдеріне ондай жағдай мүлдем қолайсыз. Себебі әр қалада көп әскер ұстап тұруы, тіпті мүмкін емес. Биліктің тізгінін қолында берік ұстау үшін жаппай бар халық соған бағыну керек. Бірақ көшпенді елдердің ықпалынан, кез келген жерде ереуіл шығып, патшаны тағынан аластатып, елдің барлығы билікті өз қолына алуы, әбден мүмкін. Соған жолды бермеуі үшін, осы екі иерофант тобының өкілдерінің басы әбден қатып кетеді: *Ақша ия алтынга сатылмайтын, билікке құмарлығы жоқ, қаланың дүниесі мүлігіне қызықпайтын, шайқасу өлімнен*

қорықпайтын, адалдық жолымен жүрген қоғамы. Өтірік пен өсек айтпайды, бейтаныс адамға сеніммен қарайды, танымайтын адамды өзінің бауырындай көретін жұртты, қалай нөқтамен құл етесің? Мысалы қала тұрғыны, өзінің қазығын осы қалаға қадап қойған, еш қайда кетпейтін. Бүкіл ақыл ойы, арманы мен келешегі, осы қаламен тығыз байланыс құрайды. Ондай адамды тез тәуелді қылу үшін, сүйікті қаласын соғыс өртіне салу үрейімен қорқытып, немесе айла ақшамен қарызға батырып, құлдық нөқтасын мойынына ілуге болады. Енді көшпенді елдің қазығы өзінің бойында, еш бір жерге нақты қадалып байланбаған. Көшпенді елінде жылжымайтын мүлігі жоқ. Сондай адамға, алтын тәрізді байлық керек емес. Себебі, барлық дүние мүлкі төрт аяқтап, өрісте жүреді. Қалаған жерге айдап апарып, сайын даламен көше беретін адам. Осындай ұлы еркіндікті сүйген адамдардың басына құлдық нөқтасын кигізу, дін өкілдеріне қиынның қиыны болатын еді.

Содан біраз уақыт ойланып, толғанып, бір амалын тауып алады. Және сол амалды тапқандарына ырза болған ол, әлгі Рамзес II өзінің сөздерін тасқа жазған болар. Сондағы тапқан айласы мынау еді. Пирамида айналасында, құлдар жұмыс істеп жатады. Жоғарыдан бір кәрі иерофант дін өкілі, құлдарға қарап отырады. Содан, ақылына еш бір дұрыс ой қонбаған соң, сол құлдардың арасына барып, солардың не ойлап жүргенін, білгісі келеді. Құлдар тәрізді, жаман жыртық киім киіп, үсті басын жаралап, сасық иісімен жағып алады. Солай бір күні кешке құлдар жатқан бөлмеге осыны күзетшілер алып келеді. Бұл кәрі дін өкілі ах-ілеп, ух-ілеп жерге жата қалады. Өзі ауыр күрсініп, ақырын дауысымен биліктегі патшаны қарғап, өзінің өмірінің ауырлығын айтып, сол ауыр малай халден қашан құтылатын күн келер екен деп налиды. Соның сөзін естіген бөтен алып денелі жас құл жігіт қасына барып, қолдау сөздерін айтады:

- Шыдай түс қарт ағасы, аз қалды. Таяу арада әлгі Фараоны жаңа соғысқа кеткелі жүр, сонда барлық әскерін өзімен бірге алып кетеді. Осындағы құлдарды күзетіп аз ғана қарауылы қалады. Құлдар соған дайын отыр, ереуілге шығып, өзімізге бостандық аламыз! - деп айтады.

- Сонда бостандық алған соң не істемек ойың бар? - деп сұрайды шаман.

- Мына күзетшілерді өлтіреміз. Байларды тонап, солардың байлығын, өзімізге тартып аламыз. Билікте отырған қызметшілерді құл етіп, өзімізге қызмет жасатып қоямыз! - дейді, әлгі алып жігіт.

- Ал жоғарыда отырған діни өкілдерін қайтесіңдер? - деп, сұрайды әлгі қарт дін өкілі.

- Олар жүре берсін. Бізге солардан еш бір зияны жоқ. - деп, жауап береді жас жігіт.

Осы сөздерден кейін, әлгі қарт дін өкіліне бір тамаша ой келеді. Көптен бері іздеген айласы, осы шынжырсыз әрі күзетшілерсіз, адамдарды құлдықта ұстауға болатын, жалғыз амалын тапқандай болады. Содан күзетшіге белгі беріп, соны құлдар жатқан бөлмеден алып шығады. Осыдан кейін иерофант, әріптестеріне барып өзінің жоспарын баян етеді, және соны ертең тексеруге тез рұқсат алады. Содан соң, Фараон атынан шығып жоғары лауазымды қызметші, құлдарды жинап алып, оларға осындай қаулы заңды жариялап айтады:

- Пирамида маңындағы барлық құлдарға бостандық беріледі. Әр бір адам, өзі қалауы бойынша еркіндік алады. Сонымен қоса, Пирамида аясында жұмысшылар керек болып отыр. Кім де кім, жұмыс жасауға ынталы болса, әр бір әкелген тасы үшін – оған күміс тиін төлем ақы беріледі.


*Бір ауыр тасты көтергені үшін жарты тиін төленеді. Фараон өмірі ұзақ болсын!* - деп, әскери қызметші барлық алаңдарда осындай жаңа заңды жариялап, жар салады.

Содан, Пирамида төбесінде бір неше иерофант өкілдері, алыстан қарап тұрады. Құлдар легі енді қайтер екен деп. Бостандық туралы жарлықты естіген соң, кей бір құлдары шынжырын тастаған, үйіне қарай кетер. Алайда, басым көпшілігі еш қайда кетпей, төленетін күміс ақша үшін белсене жұмысқа кірісіп кетеді. Сонымен қоса, осы құлдарды күзетіп жүрген қарауылдағы сарбаздар елі, өздерінің қаруын тастап, білек сыбанып, олар да жұмысқа кірісіп кетеді. Алдыңғы күні, бір ауыр тасты әзер көтерген құлдары, енді бірігіп кетті. Ешкім қамшыламаса да, бір неше ауыр тастарды арбамен тасуға, әлек болып жүреді. Және осы арбаны, ақшасына сатып алып жүгіреді. Сонымен қоса, айналадағы басы бос өзге жұрт, өзі жұмысқа кірісіп кетеді. Сонда еркіндігі бар, қарапайым қала тұрғындары, ақша үшін құлдардың жасайтын жұмысына еш зорлықсыз, бастап кетеді. Енді осындай көріністі көрген, Иерофант өкілдері таң қалып, көптен бері таба алмай жүрген айласын енді тапқанына дән ырза болып, ішінен қуанып тұрады. Себебі, құлдарды күшпен ұстап тұру өзі талай әскер сұрайды. Осы әскерге ақша төлеу керек. Артынан үнемі бақылап жүру керек, себебі күзетшілер алдауы мүмкін. Құлдар үнемі ереуіл көтеріп, қан төгіске апаруы мүмкін еді. Ал енді, осындай зымиян саясатының арқасында, ақшаны төлейміз деп, барлық адамды еш шынжырсыз құлдыққа салуға болатын, жолы ашылды.

Міне осы кезден бастап, иерофант екі дін топ өкілдері, бүкіл әлемді құлдық жүйесіне салып қою жоспарын дайындай бастайды. Сол үшін, олар барлық ашқасын жұмсап, Финикия есімді теңізде саудагерлер мемлекетіне қаржылай қолдау, саяси демеу беріп, өзінің ұзақ стратегиялық жоспары бойынша, дамытатын болады. Себебі саудагерлері арқасында, айналадағы барлық болып жатқан жаңалықтардан хабардар болады. Әрі кімнің ақшасы көп, қай елде данышпан ақылды қариясы, ақсақалдар бар екен, қай жерде соғысқа дайындық жүріп жатыр, барлығын біліп отырады алдын ала, осы саудагерлер қауымының көмегімен. Сонымен қоса солар енді, әлемді жаулап алатындай алып әскери күші бар, Империя құрмақшы болады. Осы үшін, империялық көзқарасы бар халық дайындау керек. Және алып империяның барлық тұрғындары соғыста өздерінің жанын аямастай қылып, жасанды идеологияға ақылы мен санасын, улап тастау керек болды. Содан Мысыр елінің діни өкілдері көне Греция қалаларына барып, солардың санасын неше түрлі айлақор тәсілдермен жаулап алған еді. Сондай зұлым айланың бірі: қала патшасы болған адамдарға арнайы қалыңдық дайындап үйлендіретін еді. Одан тараған ұрпағына келін қыздары, Мысыр еліне керек тәрбиесін беріп өсіретін болған. Одан патшаның барлық баласы, иерофант өкілдерінің мүддесін қорғайтын еді. Және, таққа ие болып отырады. Осы туралы жазған, алғашқы драматург Эсхил есімді ежелгі грек болатын. Ол жазған көне туынды, «Данаида» туралы трилогия болатын. Сол жерде, Мысыр елімен Пеласгі елі, неше жылдар бойы соғыс жүргізген еді. Алайда, еркіндікті сүйген Пеласгі елі өзінің жерін барлық жанымен қорғай білген еді. Ал Мысыр елі болса, бар әскерін ақшаға жалдап жүретін. Ақшаға бола еш бір әскер жанын беріп соғыспайтын ғой. Содан жылдар өтіп, иерофант өкілдері өзге айласын қолданатын болды. Пеласгі елдің Аргоса Геланору есімді патшасына, пана сұрап Бала Данай есімді фараонның ұлы келеді. Және Бала Данай өзімен бірге 50 қызын әкеледі. Оның айтуы бойынша, әкесі мен өзінің тұған ағасы, бұның қыздарын өздеріне тоқалға, алмақшы екен. Алайда, көріпкелдің айтуы бойынша, осы қыздары ағасына күйеуге шығатын болса, жазым болады-мыс, екен. Солай, осы байқұс қыздарын аман алып қалу үшін, Мысыр елінің көп жылдар бойы соғысқан жауына барып, пана тілеп келді-мыс. Аңыз бойынша олары өзінің қыздары, бірақ шын мәнінде ол қыздардың барлығы арнайы дайындықтан өткен, тыңшылар еді. Содан не керек, пана беруге келісім берген екен, осы елдің ақсақалдары. Артынан сол қыздары, әр Пеласгі елінің ханзадаларымен тұрмыс құрады. Сол еркін және бейбіт ғұмыр кешкен Пеласгі елін ішінен ірітіп,

соғысқа апарып, атақты Троя шайқасына жеткізген екен (ж.с.б. XIII-XII ғасыр шамасы). Осылай, арнайы қалыңдық етіп дайындаған қыздарды, төсекке салып беру айласынан, әлемдегі көптеген тақты қиратып жіберетін болған еді.

Тағы бір айла ретінде, көріпкелдік жүйесін қалыптастырады. Бір неше қалада өздерінің көріпкел шамандары болады. Ақшасы бар дөкейлері, өзінің жағдайын жақсарту үшін үнемі сұранып, жеке көріпкелдерге барып жүретін. Аңғал және қарапайым ежелгі Грек елі, түрлі аңыздар мен ертегіге сеніп өскен халық еді. Содан олары, көріпкелдік қасиеті бар шамандарға шын ықыласымен сеніп жүретін еді. Делфи қаласындағы оракул болған. Сонымен қоса, басқа көріпкел елдері болған еді. Солардың барлығы алдын ала Мысыр елінің иерофант екі діни тобының арқасында дайындалып отырған еді. Осылай, елдің ішіндегі барлық бай және көрсеқызар азаматтарын іріктеп әрі таңдап отырған еді. Онымен қоса, мәдени басқа да амалдарды қолданылатын еді.



Мысалы біз білетін атақты Пифагор, өзінің математикалық теоремасын ашқан деп жүрміз. Бірақ негізі, сол теореманы Пифагордан 1000 жыл бұрын, Вавилон елінде есептеп, шығарған болатын. Және соны әдемі етіп, өздерінің қыштан жасалған табақтарына жазып та кеткен еді. Суретте сол қыш табақтың жүзі көрсетілген. Археологиялық нөмірі: **IM67118**. Осы табақтың жасалған кезін, шамамен 3700 жыл бұрын дейді. Біздің жыл санауымыздан бұрын, XVIII ғасырда болған. Әрине, Пифагор өте дарынды математик болған ғой, сонау заманда Мысыр еліне барып, дін өкілдерінен ерінбей тәлім алып, осы қисапты түсініп, өзінің халқына жеткізіп бергені өте зор еңбек болатын. Оған еш дауымыз жоқ, әрине. Және біздің тарихымызда, Пифагор атымен жазылып қалғаны осы теоремасы. Алайда, мәдени жағынан басым болған Мысыр жағы, ежелгі Грек халқында көптеген осындай білімді ашып бергені, анық болып тұр.

Одан кейін, мәдени ықпалымен елдің ділін өзгертіп, иерофанттың мүдделерін қорғайтын, ежелгі Греция елінде, өздеріне керек мәдениет қалыптастырады. Көптеген жыр әнді айтатын адамдарды іріктеп дайындайтын еді. Оның ішіндегі ең ірі және данасы болған, атақты Гомер есімді бір адам болған. Сол адамды Мысыр еліне алып келіп, оған көптеген білімді үйреткен еді (ж.с.б. IX ғасыр шамасы). Әрине, жалғыз тек Гомер болмаған еді. Бір неше топ, ақылды жазушыларды алдырады

Мысырға. Сол топтың ішіндегі ең қолайлысы, осы Гомер болып шығады. Соған енді Грециядағы барлық діни сенім-нанымдарды жинақтап, солардың басын қосып, әдемі бір кітап етіп, шығарып береді. Керек қаражатын беріп, жан жақты қолдау көрсетеді. Одан кейін Гомер жазған екі атақты туынды: «**Илиада**» және «**Одиссея**», бүкіл Грек халқын біріктірген. Эгей теңізіндегі көп аралдар тұрғынын бір ыңғай көзқараспен тәрбиелеп, бәріне бірдей құндылықтарды насихаттайды. Біздің тілмен айтқанда, алдымен бүкіл Греция елінде жырлары мен дастандары, ертегілер мен қиссалар ауызбаша айтылатын еді. Соларды ел ішінде, өзінің керегіне қарай икемдеп, жыраулар мен ақын жыршылар тарататын еді. Содан, «әр елдің заңы басқа, иттері қара қасқа» деп жүрген, халық еді. Уақыт өте, елдің санасына Гомер жазған жырлары жазылатын болды. Сондай, бір келкі стандарт арқылы, жырлардың өзге түрін ұмытып кетеді олар. Дін өкілдері мүмкін әдейі іздеп жүріп, көзін құртқан да шығар. Тек Гомер жазған үлгісін ғана, бәрі қолданатын болды. Сол Гомер дайындаған үлгілерде, бүкіл Грек әлемі ең данышпан, ең асыл тұқымды ел болып жарияланған еді. Алғашқы Нацизм көзі, осылай әлемге қадам басатын болған. Айналадағы барлық халықтар жабайы болып танылады. Енді сондай империялық дүние танымын, халық санасында бекіту үшін, Грек еліндегі көптеген қалалар арасында, түрлі соғыстарын жүргізетін еді. Және соғысу жақсы әдет деп, елдің санасын улайтын болған. Осыған әбден иланған мекен – атақты Спарта елі болған еді. Сол жерге соғысуды жақсы көретін, арнайы гректерді шоғырландырды. Және соғысқа қарсы болғандарына аулақ көшуге кеңес берген. Немесе тіпті өлтіріп, көзін жойып отырған. Осылай, көптеген Грек ел аралдарында мекен еткен, барлық қанқұмар баскесерлерді, осы Спарта еліне жинап алған еді.

Сонымен қоса көне Грек елі, өзінің басқалардан басым болған, мәдени дарынын дәлелдеуі үшін, көптеген өнер көзін дамытып, жасай бастайды. Соған қоса, түрлі саяси реформалар жасап, билік жүйесін қалыптастырады. Заң шығару, мемлекет ішіндегі адамдарды жіліктеп, тарау тарау еткен сатыларға, бөлетін болды. Әр сатыдағы адам, өзіне лайық кәсіп үйрену керек. Және барлық Грек қауымы, еркіндік сүйген ел болып, жарияланады. Әрине, құлдарды шынжырсыз ұстап тұру үшін ақшалай қаржыландырып, несие беру жүйесін іске қосады. Сонымен қоса, көптеген пәлсапалық ағымдарды ашып, «өнер алды қызыл тіл» дегендей, сөзді әдемі айта алатын, жазушы, ақын және ел алдында саяси әңгімені айту өнері, қалып тасады. Біз білетін, ежелгі Грециядағы барлық қала тұрғындарының мәдени жетістіктері, бір неше ғасырлар бойы, қалыптасып дамыған еді.

Сонымен қоса, ежелгі Греция елінің әр қаласында өзгеше етіп, саяси жүйелерін енгізіп, тексеріп, көрген еді. Мысалы, атақты Спарта елінде әскери дайындығы қатал болатын еді. Сол жерде асыл тұқымды Грек азаматтары, соғысуға дайындалуымен ғана бүкіл өмірін өткізетін. Ал барлық қара жұмысты Спарта елінде, құлдары жасайтын еді. Құлдардың атауы, «**Илот**» болатын. Жылына бір рет Спартаның әскерінде жас ұландары сол Илоттарды өлтіретін еді, өзінің кәсібін дамыту үшін. Бір ұлан арнайы 1-2 илотты о-дүниелік етуі, шарт болатын еді. Және Спарта елінде, құлдар саны гректер санынан он есе көп болатын еді. Ал Афина болса, теңіздегі саудаға бейім болып дамиды. Өздерінің көптеген кемесі болған еді, және сол кемелерді жасайтын шеберлер мен шеберханалар жақсы дамыған еді. Тағы мысалы Афина қаласында, біздің жыл санауымыздан бұрын, 594 жылы Солон деген әкімі саяси реформалар жасайды. Соның ішінде қала тұрғындарының барлық несие қарызын жойып, қаржылық бостандық әпереді еліне. Ол енді, таза экономикалық жүйені тексеру амалдарының бірі еді. Артынан сол адамдардың барлығы, екі есе көп қарызға батып кеткен тағы да. Содан, Солон есімі тарихта жазылып қалған екен.

Осылай бір неше ғасырлар бойы Мысыр елінің иерофант екі тобы, ежелгі Грецияның түрлі саяси және экономикалық жүйелердің тексеруін жасап жатады. Және барлық Греция елінің мәдениетін өзгертіп, асыл тұқымды халық етіп тәрбиелеп шығарады. Өзге елдердің жабайы екенін гректерге

насихаттап, солардың жауыздығын ежелгі Грек халқына үрей салу үшін, таратып отыратын әсте. Сонымен қоса, осы көне гректерді өзінің саясатына икемдеуі үшін, алыстағы Парсы әскерін осы гректерге айдап салады. Алдымен Парсы империясы бой көтереді, атақты Кир патшаның мықты бастауымен. Содан осы Кир патшасы, әліне қарамай біздің көшпенділерге барып, өзінің басынан айырылады. Оны сол жаққа жіберген осы екі топ иерофант өкілдері болатын. Солар, осылай ұлы даланың жағдайын біліп, көшпенді елдерге өзінің азу тістерін батырайын деп, Кир патшаны ғана жіберген еді. Алайда, сол бейбақтың басы кесілген соң, иерофант топ өкілдері, енді келесі Дарий патшаны, сайын далаға жіберіп көреді. Ол да жеңіске жете алмай, нәтижесіз еліне қайтып кетеді. Содан, көшпенділерден таяқ жеген Дарий, енді өзінің ашуын сонау гректерден алмақшы болады. Онысы тағы сол иерофант өкілдерінің айдақтауымен болған. Біздің жыл санауымыздан бұрын, V ғасырларда сол екі ел арасында, бір неше шайқас болады. Қарап тұрсаң Парсы елі өте алып және күшті мемлекет болатын еді, ал ежелгі Грек мемлекетінің күші тым аз болатын. Бірақ грек таулы жерлерде тұрған ел болатын. Ондай таулы жерде, Парсының қалың және күшті әскері, жарамсыз болып қалады. Және таудың қыр сырын жақсы білетін грек әскері, оны өз пайдасына қолданады, Парсыға тойтарыс бере алатын еді. Әрине бұл жерде, екі топ иерофант өкілдерінің тыңшыларын да ескеру керек. Себебі, солардың баяғыдан қалыптасқан тәсілі: алып империяны әлсіретуі үшін, осындай кішкентай елдердің, күтпеген жерден соғатын айлақор шабауылдары, жеңіске апаратын бірден бір жолы еді. Солай оншақты жылдар бойы соғысқан кезде, ежелгі Грецияның Македония елінде, Филлип II таққа отырады. Және Филлиптың бала кезінен бірге өскен досы, әлемге әйгілі дана Аристотель болатын. Ал Аристотель, өзінің бар білімін алған мекені, баяғы Мысыр еліндегі иерофант діни мектептері болатын еді. Міне осылай, иерофант өкілдері алдын ала, грек еліндегі өте ақылды адамдарды сұрыптап алып, оларды өздеріне лайықты жолымен көп білімге үйретеді.

Содан, Мысыр елінің иерофант діни өкілдерінің астыртын көмегімен, Филлип II патша болатын. Билікке қолы жеткен соң, Аристотель өзі, маңайындағы барлық жас өспірім ер балаларды жинап алады. Соларға түрлі білімді үйретіп, жастарды империялық көз қараспен тәрбиелейді. Империя дегеніміз, соғыс арқылы мүддеге жету саясаты деп, білеміз. Содан, ішіндегі ең үздік нәтижесіне қол жеткізгені, Ескендір болатын еді. Көп ұзамай Филлиптың баласы – Ескендір, тақ иесі болып шығады. Әрине оған, астыртын көмек беріп отырған алып күш иесі, Мысыр елінің иерофант екі дін тобы. Олар барлық керек қаражат пен ақпаратты дер кезінде айтып, беріп отырған еді. Содан біздің Ескендір, Зұлқарнайын болып шығады. Тарихтан белгілі болған бір хаты бар. Сол хатында Ескендір Аристотельге наразылық білдіріп, жазған еді: *Неге Аристотель, елді билеуге қатысты аса құнды білімді құпия ұстамай, барлық елге ашық түрде жайып салдың? Мен осы керек білім арқасында, өзге елден басым болғым келіп еді. Себебі елді билеу үшін түрлі құпия әдістемелерді меңгеру абзал. Ал енді осындай білімді өзге жұрттың барлығы білетін болса, мен оларды қалай билеп жүре аламын сонда? - деген екен. Онысына Аристотель жауап бергені: - Бұл білімді ашық жариялаған себебім, білім негізін іштей өзгертіп, толықтай елге көрсетпеген едім. Сондықтан сен еш ұайымдама. Нағыз білімді жасырып ұстау үшін, солай ашық етіп, оны жариялау керек міндетті түрде. Сонда, осы құпия білімге өздігімен жеткен адамдары, міндетті түрде айқын еңбегімді сынайтын болады. Осылай бізде, өзіміздің нағыз қауыпты жауларымызды сұрыптап, үнемі тауып отырамыз. Ал осы ашық қылған әдістемелердің қателігін түсінбеген аңғал жұрт, жазғанға шын сеніп, ешқашан осы білімді бізге қарсы қолдана алмайтын болады. Бұнысы сенің билігіңді сақтау үшін арналған, астыртын саясат жолы болады, құрметті шәкіртім. - дегенді жазған екен, Аристотель.*

Солай, Ескендір патшасы өз әскерімен бүкіл Грек елін біріктіріп, Парсы елін талқандап шығады. Африкадағы біраз елдерді бағындырып алады. Және жүрген жерінде оған, «құдайлардың сүйікті

ұлы» деген атақ беріп, құлағына құйып отырған еді. Әрине, үнемі осындай мақтауларын естігені адамға майдай жағады ғой! Ол байқұс, өзі де осыған сеніп қалады. Деген мен Мысыр елінің діни өкілдері соған ескерту жасайды – Индия еліне басып кіруге болмайды деп. Себебі Мысыр елінің діни өкілдері, Индияның діни топтарымен астыртын келісім шарт бекіткен еді: *«бірімізге біріміз соғыс ашпаймыз, тек саудамен ғана қатынас болады»*, деп. Және биліктен масайраған Ескендір Зұлқарнайын сол ескеруге құлақ аспады, еш елемеді. Содан көп ұзамай оған у беріп, Македония патшасы қайтыс болады. Оның орнын, келесі үздік нәтиже көрсеткен досы – Птоломей ер патша болып отырады. Және осы Птоломей, алып империяның ішіндегі барлық білім көзі кітаптар мен мәдени құндылығы бар жәдігерлерді, жеке мұражайға жинай бастайды. Осы мұражайдың атауы: атақты Александрия кітапханасы болатын. Бір неше ғасырлар бойы, ежелгі Грек елінде көптеген мәдени мұраларды, осы жерге жинап алады. Және барлық саудагерлеріне тапсырыс беретін, егер көне кітаптар мен өзге білім көзі бар дүниесі болса, әрі алтынға сатып аламыз деген екен. Ежелгі Греция еліндегі мәдени құнды жәдігерлерді уақытша алуға рұқсат сұрап, олардан көшірме жасап алып, қайтарып береміз деген екен. Осыған Грек елінің билік өкілдері қарсылық білдіреді, себебі олар әбден Империялық санамен өсіп, өнген болатын. Сондағы Мысыр елінің иерофант өкілдері қыруар мол алтын ұсынады, уақытша жәдігерлерді алу үшін. Ақшаға құмар Грек ата басшылары рұқсат беріп, барлық мәдени байлықтарын Мысыр еліне жіберетін болады. Артынан енді Греция елінің адамдары сол жәдігерлерді қайтаруын сұраған кезде, Мысыр елінің топ иерофант өкілдері бас тартып: *- ақшасын төледік, сол алтын өздеріңде қала берсін*, - деген екен. Одан, міне осылай алғашқы рет, Мысыр еліндегі екі топ иерофант өкілдері, тарихтың бетін түзету амалдарын жасап еді. Өздеріне лайықты тарихи жәдігерлерді ғана қалдырып, әр жасаған зымиян саясатына қайшы келетін барлық тарихи құжаттарды, үнемі жойып немесе өзгертіп тұрған. Артынан, әлемге атағы тараған кітапханасын, өздері өртеп жіберген еді. Себебі алдын ала, өздеріне керек дүниені басқа жерге, сақтап алған болатын. Және осылай, тарихты бұрмалау айласын, әлі талай ғасырлар бойы қолданатын болады. Сонымен, ежелгі гректердің Ескендір орнатқан империясы құлдырап кетеді, орнына әлемге әйгілі болған Ырым империясы басын көтереді. Енді соның пайда болу тарихына бір көз салып өтелік.

## **Ырым империясы қалай пайда болды?**

Кітап басында айтқан едік, жұлдызнама кестесі бойынша, жерде ұзақтығы 2147 жылға созылған дәуірлер өтеді деп. Қазір мысалы, «Су Құйғыш» дәуірі бастау алды. Сонын алдында «Балықтар» дәуірі болған еді. Ал оның алдында, «Овен» немесе қазақша айтсақ: «Қошқар» дәуірі болған еді. Осы «Қошқар» дәуірі басталған кезде, Ибраһим пайғамбар келген еді жерге. Әрине, басқа әулие пайғамбарлары, үнемі келіп жүретін жерге. Дәлелі ретінде Құрандағы «Юныс» сүресінен (10:47) үзінді айтсақ: *Әр үмбеттің өз пайғамбары болады. Соларға пайғамбарлары келгенде араларына әділетті үкім айтылады. Сондай-ақ олар, зұлымдыққа ұшырамайды.*

Және тарихтан бізге жеткені, еврей еліндегі пайғамбарлар туралы мәлімет қана. Одан, «Қошқар» дәуіріндегі өзге пайғамбар туралы, еш ақпараты жоқ. Екі мың жылдар бойы, Ибраһим пайғамбар айтқан ілімі сол елге таралады. Содан соң, «Қошқар» дәуірі аяқталып, келесі екі мың жылға ұзақ созылған «Балықтар» дәуірі басталады. Сол «Балықтар» дәуірі басталған кезде, Иса пайғамбары дүниеге келеді. Одан соң, екі мың жылға созылған Христиан діні, әлемге аяқ басады. Және оның келуіне не себеп болды деген сауалға, жауап берелік.

Жоғарыда айтқандай, Құдайға ашық қарсылық көрсетіп шыққан, иерофант діни топ өкілдері еді. Олар көне Грек халқын қолданып, бүкіл елді құл етіп билеуі үшін, көптеген жауыз әдістемелерді тексеруден өткізіп, өздеріне талай білім ақпаратты жинап алады. Және, Ескендірден қалған Грек империясын әлсіретіп, орнына енді келесі алып империяны, құрастыруға кіріседі. Тек осы жолы, қолданатын тәсілдері өте қатыгез және жауыздыққа толы болатын еді. Салыстырмалы түрде, осы Греция елін еліктіру үшін, көптеген мәдени құндылықтарға жол ашып беретін еді. Грек елінің әр азаматы, өзін жоғары білімді санайтын еді. Және соғысатын кезде, өз еліндегі бай мәдениетін әрі көптеген құндылық көздерін сақтап қалуы үшін, жан аямастай соғысатын болған. Ал енді Ырым империясында осының орнына адами емес, ит тәрізді, хайуандық қасиеттерді дәріптейтін жаман амалдарды жүзеге асырады. Солай адами табиғатына қарсы болған, көне Ырым елінің ең сорақы амалдарын тізбектеп көрелік.

1) Соның ішінде мысалы, атақты Гладиаторлар сайысы болатын еді. Одан бұрын, тіпті еш жерде елдің барлығын алаңға жинап, солардың қызығына арнап, кең алаңда ашық түрде, адамдар бірін бірі өздерін өлтірмеген еді. Соғысатын болса, елден алыс кетіп, қанын еш кімге ашық көрсетпей, шайқасатын еді. Ал мына Ырым елінде алғашқы рет, бүкіл қала тұрғындарын жинап алып, солар үшін ойын сауық түрі ретінде, қанын шашыратып, адамдарды алаңда өлтіру деген сұмдыққа жол ашады. Бұл жерде зұлымдықтың нағыз нышаны, көрермен болып отырған елдің барлығы, қанды төгіске толығымен қатысуы еді. Себебі делебесі қозып, көздері қан талап, айғалаған тобыр жұрт, жеңілген адамға өлім тілеп, бас бармағын төменге қаратып, белгі беретін еді. Онысымен барлық Ырым халқы, қылмысқа қатысып, жанын күнәға белшесінен батырып, кететін болды. Бұл жерде **Эгрегор** деген әлеуметтік күштің ықпалы жаман ойларымен толып, адамзатқа кері әсерін береді. Осы Эгрегордың адамдарға қандай ықпалы болатыны жайлы, бөлек тарауында айтатын боламыз кейін.

2) Келесі үлкен қылмыс дәлелі, адамдарға «Нан және Қызық көру» деген, жалмауыз саясаты еді. Мысалы ежелгі Грек елінде әр адамы, мәдени құндылыққа көкірегін толтыруға талпынып, үнемі өзіне дамыту жолын таңдап, үйренуге тырысатын еді. Және базарлы күндері, ел алдына шығып, өзінің өнерін халыққа паш етіп көрсетеді. Осылай, елдің алдында кей сын естіп, еліне жағу үшін өзінің өнерін дамыту арқылы, абырой мен атаққа ие болатын еді. Және сонысы, бүкіл Грек еліне тән әдетке айналып, барлық халқы сондай өмір салтын қолдап жүретін еді. Жастар, бала кезінен осыны көріп, еліктеп, алдына арман етіп, өсетін еді. Ал мына Ырым елінде сондай әдемі әдеттер қалыптаспаған еді. Ешкім өзінің мәдени немесе рұхани дамуына мән бермеген еді. Барлық елдің ойлағаны тек нәпсі мұқтаждығын толтыру және байлық құмар болу. Ежелгі Ырым еліндегі орын алған аңыздар мен құдайлардың өз ара билікке таласы, аса жауыздықпен сипатталған еді. Соны, діни көзқарас ретінде, елге насихаттаған еді. Осындай діни уағыздардың кесірінен, құдайлардың өздері сондай жауыз болса, біз неге аяу керекпіз деген ойымен, тәрбиеленетін болған еді жастар. Солай барлық елдің санасында еш бір ар, ұят тәрізді шектеулері болмаған еді. Осы Ырым әскері, аяушылық білмейтін еді. Одан кейін, барлық елде қатаң тәртіп орнатылып, көптеген мемлекеттік дәрежедегі жүйелер жасалынатын болған. Оның ішінде тас жолдар салу, су құбырларын жүргізу. Өздерінің көптеген құдайларының мүсіндерін жасау. Әр бір Ырым елінің қаласында гладиаторға арналған сайыстары жүріп отыратын.

3) Сонымен қоса, экономика саласында, алғашқы болып бүкіл елді қарызға батыратын, тез несие беру жүйесі, толығымен бекітіліп қалған болады. Кез келген адам өзіне керек қаражатты қарызға беретін, Ломбард тәрізді мекемелерден алатын болған. Негізі «Ломбард» сөзінің шыққан тегі сол Ителі жеріндегі бір елді мекен атауынан еді. Алғашқы болып ақшаны қарызға осылар берген еді,

одан бұндай сөз тараған. Жалпы, адамды шынжыр сыз құлда ұстап тұру үшін, ақшаның қарызын қолдану амалы осы Ырым елінде, жүйелі түрде қолданыла басталған еді. Және адамдар қарызын төлей алмай қалса, онда сол қарызы бала шағасына ауысып, үрім бұтағымен төлеуге мәжбүр еді. Төлей алмаса құл болып кетеді. Осылай бүкіл мемлекет жүйесі адамды езгілеп алып, толығымен тәуелді қылып ұстайтын. Ырым елінде тағы, бюрократия жүйесі кеңінен таралып кеткен болған. Соның кесірінен қарапайым адамдары өзінің мүддесін мүлдем қорғай алмайтын болған. Жоғары жақтан үкім ия бұйрық келсе, оны орындау керек. Көнбеске болмайды, және кімге барып шағым айтады? Барлық әкімшілік қызметкерлері жоғары қарай қолын нұсқап, бұйрық ол жақтан келгені деп, айтады. Ал қарапайым адамға жоғары шығып, Сенат және әкімге жетуі мүмкін емес еді осы Ырым елінде. Қарапайым адам тек алаяқтық жасап, сауда саласында бай болуы керек, ия немесе әскерге барып, соғыс алаңында ерлік көрсетіп (тірі қалса егер), осы жоғары лауазымды дәрежеге жетуі мүмкін еді. Одан басқа билікке дауысын жеткізуі, тіпті мүмкін болмаған еді. Содан байқұс болған қарапайым елдің әділдікке деген үміті, мүлдем жоғала бастады. Ал осы үмітсіз деп, кімді айтамыз? Және Ырым империясындағы билік жүйесінің осындай саясатты жүргізгені, солардың кімнің шашбауын көтергені түсінікті болар.

4) Сонымен қоса Ырым елінде алғашқы болып, Сенаті жұмыс істей бастайды. Соның ерекшелігі мынада болатын еді. Сенат қабылдаған заң салдарынан, жеке Сенатордың басы жауапкершілікке тартылмайды екен. Мысалы, егер Сенатор құлық айласын асырып, өзге Сенат мүшелеріне өзінің зиянды айласымен өтірік айтып. Оның ықпалынан Сенат жаңа заң шығарды делік. Және осы заң кесірінен Ырым еліне көптеген зиян келсе дағы, Сенаторлардың біреуі де еш жауапқа тартылмай жүре береді екен. Байқасаңыз, осы қағида әлі күнге шейін, өзінің қасиетін жоғалтпай, біздің елге де тараған. Ырым империясында қалыптасқан сондай үлгі, осы күні әлемдегі бар мемлекеттерде орын алып отыр. Және тағы, сенатор болуы деген, тек арнайы топ адамдарға ғана тиесілі болған еді. Қарапайым халық дауыс беру құқығынан толығымен айырылған еді. Мысалы Греция елінде, қарапайым халық билікке наразы болған кезде, толығымен қаладан кетіп, қалуы мүмкін еді. Сол себепті гректер арасында, халықтың мүддесін қорғайтын саяси күштері, билік басында болатын еді. Және билік үнемі бұқара халықтың ойын ескеріп, соларға жалтақ болатын еді. Ал осы Ырым елінде өзгеше болған. Ешкім халықтың мүддесін қорғамайтын тіпті, себебі бүкіл халық тобырға айналып, тек «Нан және қызық көру» саясатына әбден еліктеп кеткен еді. Содан болар, тек билік арасындағы қуатты топтары, өз ара таққа талас жүргізген еді. Одан соң, Ырым империясы өзінің үстемдігін, айналасындағы елдерді бағындыру арқылы жүргізетін. Егер сыртқы еш жаулары жоқ болса, әскері соғыспай қалады. Соның салдарынан, Ырым мемлекеті әлсіреп, ыдырай бастайды. Сол себепті, үнемі соғыс жүргізу саясатын ұстанған еді.

5) Сонымен қоса, Ырым еліндегі халқы өз ара бөлініп, түрлі дәрежеге жіліктеліп отырған. Билік иесі Сенаторлары, ең жоғарғы күш иесі. Содан кейін саудагерлері, әскери қолбасшылар және дін өкілдері. Қарапайым халыққа, мүлдем еркіндік берілмеген еді. Және құлдардың саны көп болған еді. Осы жерде, құлдарды арнайы өсіру әдеті, жүйелі түрде қолға алынған еді. Мысалы, күң әйел босанған кезде, нәрестенің басынан ұстап, тартып шығару әдісін, қолданатын болған құлдарына. Сондай тартудың кесірінен, әр нәрестенің мойын омыртқа сүйегіне зақым келеді. Бастың ішінен шығатын барлық жүйке жолдары біріккен түрде, осы омыртқа сүйегінің ішіне кіріп, бүкіл денеге тарайды. Онда, бас сүйегі мен алғашқы омыртқа сүйегі арасында дұрыс байланыс қалыптаспаса, сондай адамның бүкіл дене мүшелері дұрыс қалыпта өспейді екен. Соның кесірінен, көп құлдың баласы әлсіз болып шығады. Ырым империясында, сондай хайуандық амал тәсілдердің алғашқы қолданғаны белгілі. Сол кезден бастап, бүгін де адам баласына зиянды әсерін жасап келе жатыр.

б) Сонымен қоса, мемлекет дәрежесінде алғашқы болып, жезөкшелік жүйесін қалыптастырғаны белгілі. Әйелдері, тәнін ақшаға сатып, соны күн көріс кәсібі етіп, қолданатын болды. Одан тұған балаларды, әкесі жоқ, тәрбиесі жоқ, мемлекет өзінің керегіне қолданып, қызметке алатын болды. Жезөкшеден тұған бала, мемлекет мүлігі болып есептелетін болды. Солай, шаңырақ тәрбиесінен жұрдай ұрпақ, жер бетінде пайда болды. Ондай адамдары ешкімге аяушылық көрсетпейді екен.

7) Енді әлемге әйгілі болған, атақты Спартак басқарған, құлдардың ереуілі бойын көтеріп, Ырым елін дүрліктірген еді. Одан бұрын жер бетінде, құлдардың соншалық өшігіп, патшаларына қарсы шығу, тарихта болмаған еді. Себебі барлық жерлерде құлдарға адамша қарау әдеті болған еді. Ал бірақ осы Ырым елінде, құлдарды аса жауыздықпен қинайтын еді. Сол себепті, көп құлдар соған қарсылық көрсетіп, ереуіл барысында талай елді жоқ қылған еді. Және бүкіл құлдары бостандық алған соң еліне қашпай жалмауызды билік көзін құрту керек деп, астанасы болған Рим қаласына шабуылға шыққан еді. Тек жеңіліп қалды соңында. Сонымен қоса Ырым елінде тарих саласында өтірік айту кеңінен орын алған еді. Мысалы әлемге әйгілі болған, Алезиялы жеріндегі Галл еліне қарсы соғыс біздің дәуірімізден бұрын, шамасы 52 жылы болған еді. Юлий Цезарь жеңіске жетіп Галл елін жаулап алды деп, тарихта жазып қойған еді, алайда бұнысы нағыз өтірік жазу. Тағы да, тарихтан белгілі болған атақты Ганнибалы тау асып, Ырым еліне шабуыл жасаған деген екен, ол да жалған ақпарат. Сондай алдамшы жазбаларын шын қылып, тарихқа жазу үрдісі, Ырым елінде кеңінен орын алған еді.

Жоғарыда айтқандай, Ырым еліндегі хайуандық қасыретерді тізбектеудің өзі, біраз уақыт алады. Біз енді, көзге түскен ірі сұмдықтарын көрсетіп өттік. Сондай жексұрын құнсыздықтарды әлемге таратып, Ырым империясы өзінің құзырын жан жаққа созған еді. Оның бір тармағы Иудей жерін жаулап алады. Онысы әрине, әлгі біз айтқан қос топ иерофант діни өкілдерінің көмегімен болған еді. Содан, Ырым елінің сұмдығын тоқтату үшін, әлемге Иса пайғамбар келеді. Ол болып жатқан сұмдықтарды әшкерелеп, алдымен көп құдайларға сеніп жүрген бар діни өкілдерін сынға алады. Тіпті «құдай бір» деген, діни өкілдерінің өздері сынға түседі. Себебі, сол алдаушы діни өкілдері, сөзбен «құдай бір» деп айтып, іс жүзінде барлық құндылықтары ақша мен саудаға беріліп кеткен еді. Құдайға зиярат ететін киелі жердің ішінде, бетпақ діни өкілдері өздерінің саудасын, көпіртіп асырған еді осы кезде. Жоғарыда айтқандай, осы қылықтары екі жүзді болған сананың шатасқан кейіпін көрсетіп отыр. Ақыл **Ұнары** мен **түпсананың** мүлдем қараусыз қалғанының белгісі. Иса пайғамбар Иудей елінде өмір сүрген кезде, үш саяси топ билікке таласқан еді. Онысы:

- 1) Саддукей – ашық түрде құлдықты қолдайтын аристократ мүшелері;
- 2) Фарисей – жасырын түрде құлдықты қолдайтын саудагерлер тобы;
- 3) Ессей – құлдыққа мүлдем қарсы шығып, адамдардың тең болуын қолдайтын топ.

Иса пайғамбар осы Ессей тобынан шыққан еді, және өмір бойы адамдардың теңдігін қолдап еді. Оның осындай бір сөзін, мысал ретінде келтірейік:

*«Патшалар халыққа бастықтай болып және уәзірлері елге билігін жүргізіп отырғаны, сіздерге белгілі; Алайда сендердің араларыңда олай болмауы керек: және егер кім бастық боламын десе, сендерге қызмет қылып; және егер кім бірінші боламын десе, сендерге құл болсын; Себебі Адам баласы өзге адамнан қызмет көруі үшін жаратылмаған әсте. Керісінше, өзі қызмет қылу үшін келген және өзінің Жанын соған жұмсап, өзгелерді құтқару үшін келеді осы дүниеге.» (Матфей, 20:25 — 28).*

Сонымен, Иса пайғамбар әлгі қос топ иерофант өкілдеріне, соңғы ескерту береді. Соларды алған бетінен қайтып, түзу жолға оралуына шақырады. Қасарысқан бұл екі діни топ иерофант өкілдері Исаның сөзін елемей, керісінше соны өлтірмек айласын ойластырып жүрген. Алайда, осы зұлым жоспарынан еш нәтиже шықпайды. Оның түп хикаясын Құрандағы Ниса суресінен (4:157) оқып білуге болады. Міне одан кейін, Ырым елінің қас ықпалы, әлемге тарайтын болды, және Исаның айтқан (**Инжіл**) сөздері көп түріне бөлініп, әлемдегі елдерге көп түрлі нұсқалары таралып кетеді. Содан не керек, әлемдегі Христиандық дін өкілдері бірігіп, бас қосуды талап етеді және әр түрлі нұсқаларын біріктіріп, бәріне ортақ бір түрін таңдауын көздейді. Міне осылай, 325 жылы Никей қаласы ішінде, алғашқы бас қосулары өтіп, содан кейін осы жердегі келісім болған нұсқасы, 397 жылы Карфаген жерінде заңды болып бекітіледі. Және, осы нұсқадан бөлек Инжіл сөздің түрлері заңсыз болып, олардың барлығын жою керек деген бұйрығы әлемге таралады. Сондай жойылған нұсқалардың ішінде, Иса пайғамбардың шын сөздері жазылған, Инжілдің түп нұсқасы жойылып, барлық ақиқатты іздеген, көзі ашық адамдардан алыстатылып кетеді. Міне одан кейін, 452 жылы көшпенді елінің серкесі, әлемге әйгілі болған атақты Әділ (Атилла) патша, өзінің атты әскерімен келіп, батыс Рим империясына шабуыл жасап, көптеген қалаларын қиратады. Осыдан кейін, 571 жылы Мұхаммед пайғамбары келеді. Бұл жерде, айта кету керек жәйіт – егер, Иса пайғамбардың айтылған сөздері бұзылмай, қате нұсқасы заңды түрде бекітілмегенде, Мұхаммед пайғамбардың жер бетіне келуі екі талай еді. Себебі әлемдегі барлық елдер, осы Исаның айтқан сөзімен тұрмыс құрып, тура жолымен ғұмыр кешетін еді. Алайда, Исаның әр айтқандарын бұрмалаған соң, оның тура жазбаларын адамдарға бергізбеген соң, әлемге Ислам діні таралып, Құран кәрім жіберілген еді. Және, алғашқы болған Ислам діні, көшпенді елдің арасында пайда болған, өйткені көшпенді елдер, әділдікті құрметтеп өскен халық.

Содан Ырым елі екіге бөлініп, Христиан дінін қабылдаған бөлігі Византия болып саналады және ежелгі Ырым империясы құлдырап, көшпенді елдердің ықпалымен жоқ болады. Осы жерде, әлгі екі топ иерофант дін өкілдері қайтадан, өзінің зымиян саясатына басып, Иса сөздерін бұрмалған, Христиан дінін өздеріне қол шоқпар етіп қолдануы үшін, Ырым империясын екі бөліп жіберген. Константин есімді цезарь, Христиан дініне берік қауымын, империяның шығыс жағына көшіріп әкетеді. Және көп пұттарға табынатын, санасында еш бір шектеуі жоқ өзгелердің барлығы Ырым империяның батыс жағында шоғырланып қалған. Осы батыс Ырым еліндегі билік басына ақылы таяздау, атақ құмар және әлсіз басшыларға жолын ашып беретін. Ондай санасыз адамдар өздерін ғана ойлап, мемлекет мүддесін қорғауға батылы да, ақылы да жетпеген. Сонда батыс жағын Әділ патша жайратып жіберсе, шығыс жағын Осман елі ақыры, жаулап алатын болады. Осылай Ырым империясы жер бетінен уақытша жойылып, артынан Гитлер арқылы қайтадан, жер бетінде пайда болады. Онысы енді, көп жылдар өткен соң болатын оқиға. Сонымен қоса, кітап басында айтқан едік, екі топ иерофант дін өкілдері теңіз жағалауында, сауда арқылы өз күнін көрген, мықты егіз мемлекетті құрған еді. Онысы Финикия және кейін орнын басқан Карфаген елі. Осы саудагерлер басқарған елің, иерофант мүдделеріне жұмыс жасап, Ырым елін құлдыратуда, көп әсер еткен еді. Содан кейін, осылардың орнын өзге екі сауда мемлекеттері басты. Соларың: Генуя және Венеция болатын.

Финикия еліндегі саудагерлер арасынан, екі иерофант тобы өзіне берік болған адамдарды іріктеп отырған еді. Содан өзгелері сырттағы жаулардан қырылып, жойылып отырған үнемі. Иерофант екі топ дін өкілдері, саудагерлердің ақшасын сақтап отырған еді. Содан сырттағы жау келсе, барлық саудагерлер жан жаққа қаша жөнеледі және ақшасы Мысыр елінде сақтаулы болып отыр. Содан, соғыс аяқталған кезде, саудагерлері Мысыр еліне барып, өзінің ақшасын қайтарып алады. Кім де

кім иерофант тобына адал болмаса, барлық ақшасы мен байлығынан айырылып қалатын болған. Солай Финикия саудагерлерін көп рет, өзге империялар жаулап алып, отырған еді.

Одан кейін, тура осындай тағдыр келесі саудагер елінде қайталанды. Ендігі кезекті Карфаген елі алып еді. Осылар көп жылдар бойы, Ырым елімен соғысып, ақыры жеңіліп, ел астанасы жермен жексен болды. Карфаген елін қырып салғанда, Ырым әскері жауыздық көрсетіп, арнайы ешкімді аямаған еді. Осындай жауыздықты сол кезде, әлемде ешкімдер жасамаған еді. Онысы біздің жыл санауымыздан бұрын, шамасы 150 жылдарында болған еді. Бәлкім Ырым әскерінің жауыздығын тоқтату үшін, әлемге Иса пайғамбар келген де шығар, кім білсін. Міне солай, Құдайға түбі қарсы шығып, соны негіз етіп, жер бетіндегі адамзатты құл қылатын, әлемдегі алғашқы империясы бой көтерген еді. Және осы империяда ашық түрде құлдық орын алып, ресми заңмен қорғалатын еді. Ал құлдықты ашық түрде насихаттаған топтың атауы, Иудеядағы **Саддукейлер** болатын. Содан, **Саддукейлерге** қарсы шыққан **Фарисей** тобы, Исаның сөздерін теріс қолданып, жаңа христиан ілімін әлемге насихаттай бастады. Осылардың діни кітаптарында жазған еді: *кез келген адамның құл болу тағдыры құдайдан, соған тәзімді болып, қожайынға адал қызмет көрсету керек. Онда келесі дүниеде, бақытқа ие болады-мыс*, ап. Павел (Ефесян, 6 тарау).


Енді осы жерде тарихтың тізбегін тоқтатып, өзіміздің дала көшпенділер халықтарына ауысайық. Себебі, көшпенділердің өзінше империя құрып, алып мемлекеттер бастаған мезгілі де сол Ырым империясының тағдырымен өте тығыз байланыста болатын еді.

## Көшпенді елдің империясы қашан болған?

Тарихтан бізге жеткен, көшпенділердің алғашқы алып империяның атауы Хунну болатын. Соны қазақшалап айтсақ, Күн империясы – ежелгі Мысыр елінде Эхнатон жариялаған, Ра (Күн) деген сөзге ұқсатып, айтып отырмыз. Сонысы біздің жыл санауымыздан бұрын, шамасы 209 жылдары болған. Байқаған боларсыз, Ырым әскері Карфаген елімен соғысқан кезде, жердің мүлдем басқа жағында көшпенділердің алғашқы алып империясы қалыптасқан еді. Одан бұрын, сақтың Тұмар патшайымы, Парсы елінің әскерін жайратып жіберген еді, дегенмен ол көшпенді елдері империя құрмаған болатын, сол кезде. Содан кейін, «скиф» және «сақ» деген, көшпенді елдердің көптеген тайпалары, сайын даланы кезіп жүрген болатын, алайда олар бастарын қосып, алып империясын құрмаған еді, себебі оның керегі де жоқ болатын. Ал енді уақыт ағымына сай, дала көшпенділері өзінің алып империясын құрған еді, неліктен деп ойлайсыз? Өз басым, осы жерде Жаратқан ием жоспарымен, Ырым тәрізді адамзатқа жауыздық қылатын алып империяларды жою үшін, қарсы күш ретінде көшпенділерді қолданған еді. Сайын даланы еркін кезіп жүрген, жауынгер елдердің бастарын біріктіру мақсатымен, Мади есімді (тағы Модэ, Моду атымен белгілі) білікті қолбасшы дала патшасы болуы үшін, келген еді жер бетіне.

Төменде, он мың жылдай бұрын болған көшпенділер алқабын көре аласыз. Сол суреттен көрініп тұр он мың жыл бұрын солтүстік жердің барлығы мұз астында жатқан еді. Содан соң уақыт өтіп, судың бәрі еріп, Арал және Каспи теңіздеріне төгіліп жатқан болады. Бұнысы неше мың жылдық уақыт алған еді. Кәзіргі Павлодар, Петропавл және Астана маңайындағы барлық жерлер, теңіз су астында болған еді, кезінде. Осындай құбылмалы табиғат аясында, көп көшпенділер өмір сүрген болатын.

Ежелгі Греция мифтерінде, Язон есімді азамат, өзге достарымен су арқылы ұзақ сапарға шығып, «Аргонафт тобының жорықтары» атты, дастаны белгілі еді. Солар шалғай жердегі Колхида еліне барып, қойдың алтын терісін, алып қайтқан еді. Сондағы барлық сапары, өзен су арқылы болған деседі. Енді осы картаға қарап, көруге болады: Қара теңізге барып, содан дария өзендері арқылы Каспи теңізіне жетіп, содан «Узбой» бұғазы арқылы Арал теңізіне жеткен, содан кейін Амудария өзені арқылы, Самарқанд және Бухара шахарларына жетуге болатын еді.



Онысымен қоса 10 мың жыл бұрын, алғашқы көшпенділер атқа отырмаған. Көшетін барлық киіз үйлерін арбаға тиеп, онысын бұқа немесе жылқыларға жегетін еді. Ондай ауыр салмақпен көшіп жүруі мүмкін емес еді сол заманда. Атқа отырмаған себебі, ол кездегі аттар өте майда болған еді, ондай аттың белі адам салмағын көп уақыт көтеруге шыдамайды. Артынан ел неше мың жылдар ішінде көшіп жүріп, жылқының мықты түрлерін бұдандастырып, сұрыптап жүріп, шығарған еді. Осындай генетикалық ғылыми зертеулерінің арқасында, әлемге әйгілі болғаны, алғашқы мыңқол жылқысы пайда болады. Олар өте шыдамды болып шығады және адамдар соған атқа мініп, алыс жерлерді тез уақытта зерттеуге мүмкіндік ашылады. Сонымен қоса, қос өркешті түйелерді қолға үйретіп, үй жануары ретінде қолдана басталған еді. Біздің сөзбен айтқанда елдің қазығы ұзарып, шалғайдағы жерге қол созуға жол ашылды. Сонау заманнан бастап, көшпенділер енді арба емес, жылқы мен түйелерге жүк артып көшетін болды. Және алыс жерлерге көшуге мүмкіндік ашылды. Онысы нақты қай жылы болғаны белгісіз.

Сонымен, көшпенді елдердің алғашқы империясы болған, Хунну / Күн мемлекеті алып жерлерді басып алады. Бұл жерде табиғаттың әсерін міндетті түрде айта кету керек. Сонау заманда, сайын даланы қуаңшылық басатын болса, көптеген жерлер шөл далаға айналады. Содан малға жетерлік шөп көлемі шықпай қалатын, және даланың тұмба бұлақ көздері тартылып, құрғап қалады. Тағы ондай кезде, көшпенді елдер жан сауғалап, малдарын жұт басып, аштыққа шалдығады. Қала мен егінші ауылдарға жақын көшкен елі, соларды паналайды. Ал қаладан ұзап кеткен жұрт, көптеген қиындықтарды көріп, елдер азып, тозып кетеді. Осыдан болар, қазақтың санасында «**Жер**» деген сөздің мағынасы: *ақыры жеп қоятын Жер*, деп айтылатыны. Табиғаттың сондай ауыр соққының кесірінен, көшпенді елдерде денсаулығы мықты адамдар ғана, өмір сүретін. Және де, көп балалы болғаны да осы аштық пен табиғат қысымына төтеп беру айласы. Содан бір мезгіл ыстық басып, дала шөлге айналады, сол кезде көшпенді елдердің ішінде тек денсаулығы мықты адамдары ғана тірі қалып, қалғандары дүние салады. Тірі қалғандары көп бала туу арқылы ғана жеке болмысын қорғай алатын. Сондағы 10 баланың 2-3 ғана, ересек жасқа жеткен болады. Туған баланың көбісі жастайынан шетінеп кететін болған. Сондай кезде сайын даламыз мүлдем бос болып қалады, еш адамы жоқ, сирек қана аңшыларды кездесетін болған еді. Тірі қалғандары өзен жағалай балығын аулап жеп, аңшылық пен күн көретін еді. Ғалымдар, Арал теңізінің суы тартылып кеткен заманы болған деседі. Себебі, Аралдың су басқан жерлерінде, ескі қала іздерін тапқан екен, археологтар осы күндері.

Одан кейін бір неше ғасырға созылған шөл басылатын еді, сол кезде бүкіл Дешті Қыпшақ сайын даласы, көкке оранып шыға келеді. Сондай шалғай жерлерді алдымен басып, иемдену кезегі осы көшпенді елдерге бұйырған еді. Себебі олардың көп баланы туу қабылеті бойына дарыған. Және салт атты дәстүрімен бірінші болып, барлық шөпке толы жерлерді мекендей бастайды. Одан соң, екі – үш ғасыр ішінде, Қара теңізден бастаған, Корея тауларына дейін көшетін шалғай атырабын, мекен ететін болған еді. Содан кейін табиғат қайтадан тарылып, ұлы сайын даласын шөл басқан. Содан көшпенді жұрт, қайтадан аштыққа ұшырап, азапты күндер шегетін еді. Осылай алма кезек дүние болған. Табиғат күшіне біздің аталарымызды біресе күзеп, біресе қысып, уақыт сүзгісінен сұрыптап отырған еді. Содан болар, біздің санамызда: «*мың өліп, мың тірілген*», деген ұғым сөзі пайда болғаны. Осындай құбылмалы табиғат күші бір сәтін беріп, сайын даланы суға толтырып, көгертіп жіберген кезде, әлемге Мади патша келіп империя құрайды. Ал империяның өсу себебі, көшпенді халықтың жақсы өсіп, кең таралуында еді. Көшіп жүрген елдер аштық кезде бір біріне қамқоршы болып, мейірімді шашып, «**жаным арымның садағасы**» деген ұғым арқылы, тәрбие алған еді. Содан жердің барлығы көгеріп шыққанда, осындай тәрбиемен өскен ел жұрт, әділдікті әр қашанда бірінші орынға қоятын еді. Және аштықты көп көрген көшпенділер, адамның өмірін бағалап жүретін болған. Келген қонақты құрметтеуі, осыдан пайда болған еді. Және де көшпенді елдердің өмірінде өтірік айту мүлдем санаға жат болатын еді. Содан аттан салып, Мәди патша ту көтерген кезде, алып атырабтың барлық көшпенді елдері өз үлесін қосып, ту маңына жиналатын болған еді. Осындай алып күшке қарсы тұрарлық еш кім болмаған еді жер бетінде. Көшпенділер империясының шығыс жағы Қытай елін жаулап алып, екінші жағы батысқа қарай көш бастайды. Оның себебі, мұздар қайтып, жердің барлығы көгеріп, табиғаттың құбылмалы болуы арқасында, көшуге мүмкіндік ашылғаны еді. Содан Хунну/Күн империяның шығыс жағы Қытай елін жаулап алып, сол елдің мәдениетіне мастанып жүргенді. Артынан патша ұрпақтары толығымен қалалық болып, осы тақ билігіне таласып, ішінен ұсақталып, құмға сіңгендей жоқ болады. Ал Хунну/Күн империяның батыс жағындағы бөлігі, тарихтан Ғүн/Күн есімімен із қалдырған елі, өзінің ішінен Әділ (Атилла) патшаны таққа отырғызып, зымиян Ырым елінің батыс қалаларын қиратып кеткен еді. Онысы шамасы 452 жылдары болған еді. Міне осылай, Мысыр елінің ішінен шыққан екі топ

иерофант дін өкілдері, Құдайға қарсы шығып, зимьян саясатының салдарынан, адамзат санасын құл ету үшін құрастырған Ырым империясы, көшпенді елдің қолынан таяқ жеп, ыдыраған еді.

Қорытындылай айтатын болсақ, Ырым әскері аса жауыздықпен, Карфаген елі астанасын қырып, салған еді. Онысы біздің жыл санауымыздан бұрын, шамасы 150-140 жылдары болған екен. Сол кезде, ұлы дала жерінде, Мади патша ту көтеріп, көшпенді елдің іргесін бекіткен еді. Онысы 209 жылдары болған. Арасы бір 50 жыл ғана уақыт өтеді. Сол кезден санап 150 жыл өтіп, біздің жыл санауымыздан бұрын, шамасы 55 жылы Хунну/Күн империясы екі жаққа бөлініп кетеді. Шығыс жағы Қытай еліне сіңіп кетеді. Себебі көшпенді елдердің, қала мәдениетіне қарсы тұруы мүмкін емес. Әсіресе аталары билік тағына қолын жеткізген болса, қаланың комфорты адамды аздырып, жігерін әлсіретіп жіберетіні бәрімізге аян. Сол батыс жағына кеткен Ғұн/Құн империя адамдары, Еуропаға көшіп жеткен еді. Одан кейін, Иса пайғамбар айтқан сөздері Інжіл кітабі арқылы батыс елдеріне таралып, жүретін болған. Алайда, 397 жылы Христиан дініне жататын түрлі нұсқалары жойылып, бір қате нұсқасын ғана заңды істеп бекітеді. Содан кейін, 452 жылы Әділ патша батыс Ырым қалаларына басып кіреді. Міне осылай, Мыңқол жерінен көшіп келген Еуропадағы Ит елі маңына баруға мүмкіндік пайда болып, құбылмалы табиғаттың мұздан жолды ашып бергендігін, Жаратқан иемнің жоспары емей немене? Және тағы бір сұрақ: *егер Исаның сөздері түп нұсқада сақталып, әдейі бұрмаланбай, шындығы жазылған Інжіл кітабі, елдің арасында еркін таралып жүрсе, онда Әділ патша келер ме еді Ырым еліне?*

Тағы бір сұрақ: *Егер Мысыр еліндегі дін өкілдері, Жүсіп пайғамбар айтқан ақиқатқа еріп, тура жолмен өмір сүрген болса, осындай қиянатқа толы Ырым елі жер бетінде пайда болар ма еді?*

Осыдан не керек, сайын даланы қайтадан шөл басады, малға жайлы жерлері тарылып, көшпенді жұрт аштық пен жұтқа тап болады. Онысы енді, бір неше ғасырға созылған ұзақ мезгілді болды. Сондай аштық кезде көшпенді елдердің саны азайып, өлместің күнін кешетін еді. Осындай кезде жыршы қауымы ел кезіп, көшпенді елге айтқан қисса дастандары, жырлары мен аңыздары, елдің санасындағы шөлдеген шерін басатын еді. Және өз мәдениетін жоғалтпай, тарихын үзбей, өзінің шежіресі бар шаңырақта тарқатылып еді. Көшпелі ел өзінің жеті атасына өте жоғары ықыласпен қарайтын. Осындай табиғат қысымы көшпенді елдің жамандарын сұрыптап, жоқ қылып отырған да, ары мен ұятты қастерлейтін, аңғал, жомарт, еркін және өтірік айтуды білмейтін, ұлы халықты өсіріп отырған еді үнемі. Одан, жергілікті егінші халықтарды жеңіп, олардың билігін жиі тартып алып, өздері таққа отыратын болған. Алайда билікке қолы тиген соң, бір екі ұрпағы ауысқан соң, ысырап қылып және нәпсіге құл болып, көшпенді елдің кезекті ұрпағы, билікте отырған адамдар ұсақталып кететін еді.

Сонымен, ұлы даланың тарихына қайта оралайық. Хунну/Күн империясы екіге бөлініп, шығыс жағы Қытай еліне сіңіп кеткен кезде, батыстағы жұрт Еуропаға көшіп кеткен еді. Сонда біздің Дешті Қыпшақ даласындағы көшпенділер, Үйісін есімді атауымен белгілі еді. Осы атауының өзі айтып тұрғандай: *ұлы далада көшіп жүрген барлық ел жұрт жиналсын, бір ортаға бәрі үйісін*, дегендей. Табиғаттың сол кездегі жағдайы көшпенділерге қолайсыз болған соң, елдің барлығы жан жаққа шашырамай, жан сауғалап таралмасын деген ойымен, барлығын бір одақтың аясында жинастырып алу мақсатымен, айтылған тәрізді. Сондағы көшпелі жұрт, өздерін осы ұран сөзбен байланыстырып отырған еді. Шеттен келген адам жөн сұрап, «кім сен?» деген сауалға, барлық көшпенділер өздерінің үйісіп, бір ел екенін білдіру үшін айтқан болар: *«Үйісін елінен боламыз»*, - деп. Осы Үйісін елі жасаған жылдар шамасы, біздің жыл санауымыздан бұрын II ғасырдан бас алып, алты ғасырға созылған еді. Хунну/Күн империясы екі жаққа бөлініп кеткен кезде, даланы

мекендеп қалған барлық ру тайпалар осы **Үйісін** ұранға назар салып, аттың басын солай қарай тартқан тәрізді.

Батысқа кеткен көшпенділер Ғұн/Құн есімді империясын құрған. Одан кейін, табиғаты қайтадан қолайсыз болған соң, көшпенді елдер әлсіреп қалады. Үйісіндер IV ғасырға шейін болған деседі тарихшылар. Содан кейін дала табиғаты жұмсартып, сол кезде бізге жеткен, тарихтағы Жужань есімді мемлекет қалыптасады. Оның жасаған жылдары V – VI ғасырлар кезі болған екен. Сондай атауы Қытай жазбаларынан бізге жеткені, алайда біздің сөзбен айтатын болсақ, ондай елдің есім атауы: **Жандану** немесе **Жиналу**, дер едік. Ондай ұранның түбінде, әр жерде шашырап қалған көшпенділердің басын жинап алу мақсаты болатын тәрізді. Ұлы дала табиғаты қысқан кезде, сол аштықтан қашып, батыс Ғұндар Еуропа жаққа көшіп кеткен еді. Ал шығыс Ғұндар Қытай еліне сіңіп кеткен еді. Сонда даланы шөл басып, көшпенділер саны күрт азайған болатын. Бар болған көшпенділерді жинау үшін, **Үйісін** деген ұран таралады ұлы дала бойына. Артынан табиғат көзі қайтадан сайын даланы суға толтырып, одан шөбі көгеріп шығады. Сол кездегі жүрген көшпелі елдердің барлығы жан жақтан шығып, өсіп, өніп, басын көтерген еді. Енді осы бытыраған елдің басын қосып, қайтадан империя құратын болды көшпенділер. Сол кезде олар Қытай елімен көп сауда жүргізіп, бәлкім соғысқан да шығар. Алайда осы Жужань мемлекеті әділетті болмаған еді, содан көшпенді елдің ішінде наразылық туады. Сол кезде адал болуды жоғары құндылық етіп санаған көшпенді жұртшылық, ешкімді алдамай, тура жолмен жүруді таңдаған болатын. Солай елдің ішіндегі көзі ашық, көкірегі ояу бар азаматтар наразылық білдіріп, Жужань билігіне қарсы шығып, олардың мемлекетін қиратып жібереді. Және халық ішінен Бұмын есімді қағанды, таққа шығарып, өздерін тура жолмен жүретін ел деп жар салады. Енді көшпенді жұртым алғашқы рет жер бетінде әділдікті ту етіп, заң тұрғысынан бекіткен болатын. Және билік басындағы адамдар шындықты тура айтуға батылы жететін еді. Содан қалған сөз: «**төрелігін айту**» болатын. Онысы қылды қақ ортасынан жарып, шындықты турасынан айту мағынасын береді. Осындай шындық сөзін тура айта алатын адамдарды «**Төре**» деп атаған еді. Және **төрге шығару** дала әдеті осыдан туған еді. Себебі тура сөйлеу қабылеті бар адамдарды, барлық көшпелі қоғам құрметтеген еді әр кез.

Содан, осындай тәртіп кең сайын далада таралып кеткен соң, барлық көшпенді елдер осыны үлгі етіп қабылдап, жақсы дамыған болатын еді. Мысалы өзге елдерде, билік пен төрге негізі арнайы қауым ғана шыға алатын. Солар дәстүр бойынша атасынан қалған байлық немесе атаққа мұрагер ретінде ие болатын еді, ақ сүйек болған. Немесе әскери күш арқылы таққа отырып, билік тізгінін қолына алған еді. Сондағы ия құлықпен, немесе қан қуалаған мұрагерлік құқығымен, немесе қан төгіс пен соғыс арқылы төріне шығатын. Ал көшпенді елдердің ішінде, өзге дәстүрі қалыптасқан еді: егер шындықты тура айтып, төрелігін дәл тауып шығарса, сонда осы ерді бүкіл көшпенді елі құрметтеп, соған арнаулы жырлар шығарып, атақ пен абыройға ие болатын. Және оны, көшпенді елдің кез келген көзі ашық, көкірегі ояу азаматы жасай алатын еді. Осыдан өзі еркіндік жолымен көшіп жүрген халықтың пәлсапасын және өмірлік көзқарасын көріп білуге болады. Міне осылай Түрік қағанаты бой көтеріп, 552-745 жылдары өз империясын құрған еді. Енді, мына сәйкестікке көңіл бөліп қараңыз: Мұхаммед пайғамбар 570-632 жылдары өмір сүрген болатын еді. Сол кезде егер мысалы, Мұхаммед пайғамбар өзінің мақсатын орындай алмаған болса, сонда мықты Түрік қағанаты сол жердегі барлық елдерді шауып алатын еді, – деген болжам ойға келеміз. Және алты ғасыры өткен соң, Шыңғыс хан әскері келіп, ойран салғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Себебі, әлгі біз жоғарыда айтқан, екі топ иерофант діни өкілдері, өздерінің зымиян қу саясатын атқарып, елдерді бірімен бірін шағыстырып, соғыс арқылы әлсіретіп отырғаны аян. Сол кезде Парсы және Византия мемлекеттері, өз ара бір неше соғысы болған еді. Егер осы Мысыр елінің діни өкілдері

бір сұмдық іске барып, Ислам дініне қарсы амалдарын құратын болса, осы жердің саясатына тез кірісіп, шығыстан біздің Түрік қағанаты келіп, барлығына ойран салар еді. Соны бәлкім сезді ма екен әлгі иерофант тобы, әлде басқа ойлары болды ма екен, кім білсін. Алайда, ол кез Мұхаммед пайғамбар өзінің міндетін толығымен атқарған соң, Түрік қағанаты өзінің күшті қаһарын әкеліп, Византия мен Парсы елдеріне баспай, тізесін қатты батырмады сол кезде. Бұл жерде тағы айтып өтейік, Ислам діні әлемге таралауының бір кепілі ретінде, әділетті ту етіп көтерген біздің сайын көшпенді аталарымыз «мың өліп, мың тірілген», алып күштің иесі болған еді. Және бір неше рет Парсы елімен Түріктердің соғыстары көрсеткендей, өздері алып күштің иесі болған.

Енді Түріктер құрған империяның, неліктен «Қағанат» деп аталғанын ашып көрелік. Жалпы ұлы даланың еркін халықтары өздерінің патшасын, сайлау арқылы таңдаған еді көне заманда. Әр бір рубасы мен тайпа билері бас қосып, өз ара ақылдасып, патшасын сайлайтын еді. Және, сайлаған мерзімін тағайындайтын еді. Мысалы даланы шөл басып, аштық кезең келе жатыр делік. Сондай кезде, көшпенділерге соғысу мүлдем қолайсыз болатын. Содан кейін жан сауғалап, елді суы мол жаққа көшіру керек болады. Осындай кезде, таққа Қағанды отырғызады және соның билік қылар уақыт мөлшерін бекітеді. Мысалы үш жылда бүкіл қауым жұртты тау басына көшіріп салу керек делік. Сонда Қаған етіп үш жылға бекітеді билігін. Ал енді ел шетіне жау тиді делік. Сонда елдің әскерін басқарып, жаудың бетін қайтару үшін, өзге бір патшаны сайлайды себебі оның көп соғыс тәсілдерін жақсы білетіні жұртқа мәлім. Сонда таққа Ханды отырғызады. Осы жерде, «Хан» сөзі «Қан» деген мағынадан шығып тұр. Міне осыдан, бейбіт уақытта таққа Қағаны отыратын еді, ал жаулық заманда – таққа Хан отыратын еді, себебі ханға қан төгу құқығы берілген. Онысы тергеу және сот атқарып, жазалау рұқсаты өз құзырында дегені. Ал Қаған болса тек ұру және қамшылау құқығын алған болатын. Адамды соттап, өлтіру құқығы болмаған еді. Кейін, жаулық заманы көп болған кезде, соғысты аяқтап, жауды жеңіп, елге бейбітшілік әкелген патшаны, Қаған деп атаған еді. Ал соғыс нәтижесінде жеңіске жете алмай, елдегі бейбітшілік өмірді ұстай алмаған патшаны Хан атымен тарихта қалатын еді. Міне осыдан, көруге болады: егер тарихтан Қаған атымен есте қалса – демек ондай патша елдегі бейбітшілікті орната білген адам екен. Ал егер, өмірі соғыспен өтіп, еліне бейбітшілік әкеле алмай кеткен патша болса – ондай адам тарихта Хан болып қалады. Сондай таққа лайық патшасын сайлау үрдісі, тек Шыңғыс ханға дейін болған еді. Және Шыңғыс хан осы әдетті қолдамай, кейін өзінің ұрпақтарын ғана хан сайлауға ұсынған еді. Артынан, оның ұрпағы көп болған соң қазақтың ру басылары өзінің ішінен іздеп, төрелерді сайлаған еді. Онысы ежелден қалыптасқан үрдісті қолдағандары.

Енді Түрік қағанаты қалай құлдырады – соны айталық. Және тағы да, бұл жерде біз Ислам діні негізінде құрылған Ислам халифатын ескеру керекпіз. Мұхаммед пайғамбар өмірден өткен соң, сол жерде Ислам халифаты құрылып, олар жер бетіне Ислам дінін насихаттап жүрген еді. Көрші солтүстік жерлерде Түріктер өмір сүрген. Және егер біреулер халифатқа қастандық ойлап қарсы шығатын болса, олар бірден осы Түріктердің қалың әскеріне тап болар еді. Алайда, Ислам діні таралуына еш бір мемлекет қарсы болмаған соң, Түріктер ешкімге шабуыл жасамаған еді. Бұл енді әрине болжам ғана, себебі тарих тілінде «егер де» деген болжам жүрмейді ғой. Алайда, осы Ислам халифаты астанасы Бағдат болып, VIII ғасырда Аббасидтер билікке келгенге дейін, Түрік әскері алып күш иесі болған еді жер бетінде. Содан кейін ғана, сайын даланы шөл басып, барлық көшпенділер қайтадан аштық пен жұтқа тап болады. Осыдан Түріктер империясы ыдырап, ұлы дала қайтадан бос болып қалған еді. Түрлі жұт пен аштық басып, жан жақта қалған көшпенді ел, күйбең тіршілік қамымен ғана әуре болған еді.

Содан кейін табиғат жағдайы жақсарып, көшпенділер қайтадан өсіп өніп шықты. Сол кезде кей бір тайпа рулары, табиғат қысымына тәуелді болмай, қала салайық – деген ұсыныс жасады. Өзге егінші елдер сияқты қала тұрғызып, өмір сүрейік деп бастаған еді. Солай барлық көшпенді елге «Үй құрамыз» - деген ұран салды. Содан «**Үйғыр**» қағанаты бой көтерген еді. Онысы шамамен 744–840 жылдар уақыты. Алайда тарихтан білетін едік, кім де кім қала салып, бір жерге қазығын тұрақты қағатын болса. Содан кейін елдің барлығы еркіндіктен айырылып, қаланың патшасына тәуелді болатыны мәлім. Ал егер еркін өмір сүріп, әр тайпа рулар таққа таласпай ғұмыр кешемін десе, онда қала емес көшпенді салтты өмір таңдау керек. Содан көшпенділер ішінен керісінше: қалаларды бұзып, сайын даланы еркін иемдену керек деген ұран шығып, Үйғырлармен қарсы соғысын жүргізді. Содан кейін дала көшпенділері «**Қырғыз**» қағанатын құрған еді. Олардың жасаған мезгілі 840-950 жылдар шамасы. Сонымен қоса, көшпенді елдердің арасында «**Хазар**» қағанаты пайда болды. Олар жасаған кезі 650-969 жылдар шамасы. Және иудаизм дінін ұстанған көшпенді ел болатын осылар. Алайда, X ғасыр аяғында табиғат жағдайы күрт өзгеріп, барлық көшпенді елдердің тұрмысы түрлі қиындықтарға тап болады. Мысалы Хазар елінің көп жерлері тасқын болған су астында қалады. Ал Қырғыз қағанатында жұт болып, қуаңшылық кесірі тиіп, барлық көшпелі жұрт жан сауғалап, өзінің аман қалуымен ғана әлек болған еді. Сонымен қоса, Селджук қағанаты болған еді. Олар даланың табиғаты қысқан кезде, даладан аулақ тауға қарай көшіп кетеді және Византия империясына көптеген соғыс жорықтарын жасап, оларды әлсіретіп отырған. Артынан сол Осман империясының негізін қалаған еді.

## Ислам халифаты қандайды?

Осы жерде қайталап айталық, егер Мысыр еліндегі екі топ иерофант дін өкілдері бас иіп, Жүсіп пайғамбары айтқан жолымен жүргенде, Түріктердің империя құруы екі талай еді. Ежелгі Греция мүлдем басқа ел болар ма еді және Ырым тәрізді қатыгез мемлекет жер бетінде пайда болмас еді. Кир бастаған парсы күші, сайын далаға келмес еді. Тұмар патшайымның жары мен ұлы дін аман болып, оларды қастандықпен өлтірмес еді. Алайда, тарихтың жолы басқа бағытпен дамыған соң, Жүсіптен кейін Мұса пайғамбары келіп, оның сөздерін ешкім елемеген еді. Солай енді, Ибраһим бастаған «Қошқар» дәуірі, 2147 жылға созылып, Мұса пайғамбар ғұмырымен аяғына жетеді. Ал Артынан Иса пайғамбар келіп, «Балықтар» дәуірі келесі екі мың жылға созылып, біздің уақытта бітіп қалды. Біз кітапті, келесі «Су Құйғыш» деп аталатын дәуірде жазып отырмыз. Бұл дәуір де тағы екі мың жылға созылып, 4150 жылы бітеді.

Содан тарихымызды жалғастырайық. Ырым елі екіге бөлініп, батыстағы бөлігі Әділ патшаның шабуылынан ыдырап, әлсіреп қалған еді. Және шығыс Ырым елі Византия деп аталып, астанасы Константинополь қаласы болады. Осы Византия елінде көптеген діни өзгерістері болып жатқан еді. Және көршілес Парсы елімен соғысы жиі болып тұратын. Осы кезде Мұхаммед пайғамбары өзінің ілімін елге насихаттап жүрген еді. Сондағы әлгі екі топ иерофант дін өкілдері, осы Ислам діні таралауына өздерінің ықпалын астыртын енгізіп отырған. Оның бір мысалы, Ислам дінімен жүрген елдің алғашқы: Суннит және Шиит болып екіге бөлінуі. Уақыт өте осыларға тағыда көп басқа тармақтар қосыла берген еді: Исмаилит, Салафит, тағы сол сияқты басқа да түрлері.

Сонымен қоса, Ислам келмей жатып, Парсы елінде өздерінің діндері болған еді. Соның басты діні – Зороастризм. Осы Зороастризм дінінде құдайларға бес рет тағзым ету әдеті болған еді. Сол әдет Ислам дініне сіңіп, күніне 5 рет намаз оқу парызына айналады. Және «намаз» сөзі де

осы парсыларда кеңінен амандасу мағынасымен қолданылған еді. Ал «намаз» сөзі санскрит тілінен келген еді, мысалы Үндістан елінде «намасте» - амандық тілеу болып айтылып жүр әле де. Міне осылай, ежелден келе жатқан Парсы елінің көне мәдениеті мен тарихы жоғалып кетпей, сақталсын деген ниетпен, Ислам халифаты бас көтерген кезде, осылардың барлығы Ислам діні ережелеріне кіріп, бекітіле бастаған еді. Артынан Ислам діні Қазақ еліне жеткен кезде, сонымен бірге көптеген парсы тіліндегі сөздер де қазақ тіліне сіңіп таралады. Біз қолданатын көп сөздің тізімі Парсы елінен келген екен. Сонымен қоса Ислам дінінде жыл сайын әр түрлі өзгерістер пайда болған еді. Себебі Құран ішіндегі сүрелер ережелері, мұсылман дінін ұстанған елге аздық болған. Заң жүйесі фиқыр болып, артынан көптеген ережелері хадис пен сүннет ретінде қабыл болып шықты. Содан біраз жылдар өткен соң, көптеген ережелер бір тізімге еніп еді. Онысы енді Шариғат болып бекітілді. Солай Ислам халифаты 632 жылдан бастап, көптеген елдер мен мемлекеттерге өзінің үстемдігін жүргізіп бастаған еді.

Енді осы Ислам халифатындағы өзгерістерді, ұлы дала көшпенділердің тарихымен салыстырып көрелік. Сонымен Мұхамед пайғамбар өмір сүрген кезде, Түріктер империясы құрылған еді. Ол дегеніміз: VI–VIII ғасырлар. Сол кезде Ислам халифатының астанасы Дамаск болған еді. Кейін билік көзі Аббасидтерге ауысып, астанасы Бағдат қаласы болады. Ол кезде, сайын далада билік басына келген **Ұйғыр қағанаты** еді. Олардың жасаған уақыты шамасы 744–840 жылдар еді. Бағдат қаласындағы, халифат патшасын күзететін оқ қағар әскері толығымен көшпенді түрік елінен болған еді. Қала тұрғындары солардан қорқып, әр жерде ереуілдер шыға бастайды. Одан үрейленген халиф, астанасын өзге қалаға көшіру бұйрығын береді. Содан бір неше жыл бойы астанасы Самарра қаласына ауысады. Ал ұлы дала жерінде **Қырғыз қағанаты** құрылып, енді дала билігі 840 жылы осыларға ауысады. Сонымен қоса, Ислам халифаты астанасы Бағдатқа қайтып көшіп келген еді. Онысы 892 жыл болған деседі тарихшылар. Содан кейін Бағдат қаласы Шыңғыс хан әскері 1258 жылы келгенше дейін астанасы болған еді. Ал Қырғыз қағанаты X ғасырға дейін билік тізгінін өз қолында ұстаған болатын. Бұл жерде қайтадан тек болжам етіп айталамыз: Егер Ислам халифатына сырт елдерден бір қауіп туатын болса, осы **Ұйғыр** немесе **Қырғыз** қағанаты араласып, солардың барлығын талқандайтын еді. Бірақ, Ислам діні еркін және кедергі сіз таралуының арқасында, сайын даланы мекен еткен, көшпенді елдердің қалың әскері ешкімге келіп тізесін батырмаған еді сол кезде.

Алайда, Исламға қарсы болып жатқан бар айла әрекеттерін, әлгі зымиян саясатының иесі болған иерофант өкілдері, үнемі астыртын жүргізіп отырған. Онысы қайтадан сол ақша құмарларға несие беріп, қарызға батыру. Көшпенді елдердің барлығы қалаға көшіп, оларды еркін ойлау мүмкіндігінен айыру еді. Сонда, бар тұрғындарға Сүннет және Шариғат заңдарын ұсынып, осыған сәйкес болуды талап етеді: *Жүрек сезіміне сенбеу керек, іштегі барлық ойларды осы Шариғат заңына лайық етіп қадағалау керек. Сендер қате ойлайсыңдар! Сондықтан барлық ойларыңды бізге айтып отыру керек* - деп, елдің арасына уағыздарын таратып жүрген. Сонымен қоса, билік басында отырған жоғары лауазымды қызметкерлерді өз ара шағыстырып, билікке таластырып, уақыт өткен сайын, нәпсі мен ысырапқа бойын үйретіп, ар мен ұяттан аластап, түп санасын екі жүзді түйсікпен уландыру айласы жүріп жатады. Осы жерде алтын ақшаны қарызға беретін еврей өкілдерімен және билік басындағы мұсылман қызметшілердің өз ара келісімін айту керек. Ислам дінінде қарыз ақшаның үстінен пайда көру күнә деп, харам болып есептеледі. Сондықтан осы мұсылман байлары өздеріне көмекке қалталы еврейлер қауымын шақырады: *бізге қарыздан пайда көруге болмайды, сол себепті біздің халифат елінде сендер осы қызметті атқарасыңдар. Сендерге біз қамқор боламыз, және пайдасын тең бөлісіп аламыз!* - деп. Міне осылай, өздерін мұсылман деген бай және саудагер қауымы, еврейлерді кінәлап барлық жерде

жазаға алдымен тартатын, ал өздері астыртын сол қалталы еврейлердің арқасында байлыққа кенеліп отырған еді.

Алайда, Ислам құндылықтары әлемге жайлып, адамдардың еркін және бауырмашыл болуының арқасында, көптеген елдерде білімге көз ашылады. Экономика, сауда, өркениет, саулетшілік, ұлт аралық қарым қатынас, поэзия және мәдениет қарқынды дамыған, алтын заманы болған еді осы кезде. Біз білетін Испания және Португалия жеріндегі көптеген мәдени құндылықтар осы Ислам халифатының арқасында пайда болған еді. Мысыр елі, сол баяғы Жүсіп айтқан құндылықтарға қайта оралды. Мысыр елінде ғылыми білім орталықтары ашылады. Индия жеріне мұсылман діні алғашқы рет осы жылдары еніп кірген еді. Содан Үнді еліндегі көптеген ғылыми жетістіктеріне арабтардың саудагерлері қол жеткізіп, оны ғалымдары араб тіліне аударып бүкіл әлемге таратқан еді. Мұсылман ілімі кеңінен таралып, тіпті 751 жылы Қытай әскерімен қарсы соғысып, жеңіске жеткен болатын сол жылдары. Осы жеңілістен кейін Қытай билігі осы жаққа енді аяқ баспаймыз деп шешім қабылдаған еді. Соның арқасында, біздің сайын далаға Қытайдың әскері, тек бір мың жылдан кейін, сонау Ойраттарды қырған 1758 жылдары ғана келген еді. Ал Ислам діні арқасында көптеген халықтар білімге қол жеткізген болатын.

Міне осылай жылдар өтіп, Ислам құндылықтары бүкіл әлемге таралады. Соның арқасында, шын еркіндік сүйген барлық халықтар осы дінге ауысып, жан жақты қолдайтын болған еді. Сол кезде әлемге әйгілі болған, данышпан ғалымдар мен ойшылдар дүниеге келеді. Олардың ішінде:

**Жабыр ибн Хайян** (721–815) — химия, медицина ғалымы. Иран қаласынан.

**Абу Машар әл-Балқи** (787–886) — математика және астрономия ғалымы. Ауғандағы Балқы қаласынан.

**Әл-Хорезми** (783–850) — математика, астрономия, жағрапия және тарих ғалымы. Хорезм қаласынан. Алгебра және «алгоритым» түсініктерін енгізген еді.

**Аббас ибн Фирнас** (810–887) - инженер, астрономия және математика ғалымы. Кордова қаласынан.

**Абу Кәміл Шуджа** (850–930) — математика ғалымы, Мысыр елінен.

**Әл-Баттани** (858–929) — математика және астрономия ғалымы. Түркияның Харрани қаласынан.

**Әл-Рази** (865–925) — дәрігер және алхимия ғалымы, Ирандағы Рей қаласынан.

**Әл-Фараби** (870–950) — данышпан ғалым. Ежелгі Греция ғалымдарының жетістіктерін әлемге танытқан еді. Негізі қос топ иерофант өкілдері, ежелгі Грек елінің тарихын жасыруға тырысқан еді. Атақты Александрия кітапханасын өртеп жіберген солар кезінде. Алайда, біздің Әл-Фараби солардың барлық жазбаларын зерттеп, өзі араб тіліне аударған еді. Соның арқасында, бүкіл әлем осы Гректердің тарихы мен мәдениетімен таныс болған еді.

**Абдулла ибн Амажур ат-Түрки** (870-920) — Астрономия ғалымы, Ферғана қаласынан.

**Ибн әл-Джазар** (895–979) — дәрігер ғалым, Түнистің Кайруана қаласынан.

**Әбіл-Қасым Халаф ибн Аббас әз-Захрави** (936-1013) — медицина ғалымы, Испанияның Әл-Андалуса қаласынан.

**Әбіл Уафа** (940–998) — математика және астрономия ғалымы. Бағдад қаласынан.

**Әл-Бируни** (973–1048) — математика және астрономия ғалымы. Хорезм қаласынан.

**Ибн Сина** (Авиценна, 980–1037) — медицина ғалымы. Жалпы «медицина» сөзінің, осы ғалымға арналып шыққан еді. Емшілер ем дом берер алдында осы Ибн Синаға дұға қылып, «медет Сина» деп дауыстап айтқан болатын. Соны естіп, көзімен көрген еуропалықтар ғылымын, «Медицина» деп атап кетеді осыдан.

Алайда, X ғасырдың аяғында көптеген биліктегі байларың, әділдікті ұмытып кеткен еді. Бәрінің ойында тек нәпсі құмарлық және байлық жинауы, басты құндылыққа айналады. Содан, алаяқтар мен алдаушы сұрқия адамдары, билікке келе бастайды. Адалдық жерге тапталып, көптеген білім көздерін жабатын болды. Соның орнына, жаттанды сөздерді қайталау келеді. Әлемнің құпиясын зерттеу емес, табиғат заңдылықтарын іздену емес – керісінше, барлығы аспанда шешіліп қойған еді, деп шықты. Дін өкілдерінің ішінен ғылымға қарсы шыққан адамдар көбейеді. Солардың аты шулы болғаны, Абу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед Әл-Ғазали ат-Туси. 1058-1111 жылдары өзі өмір сүрген еді. Ирандағы Хорасан аймағынан екен, Тус қаласынан шыққан. Осы Әл-Ғазали сөзі бойынша, барлық Ислам халифатында ғылым емес, ары емес, шындық емес, жазылған Шарифат заңы ғана, дұрыс екен. Ал Шарифат заңын қалай қолдану керек екенін тек дін өкілдері білген еді. Сонда, әр адам қиыншылық туса кімге барады? Алғаш Ислам діні таралған кезде әр адам өздері, өз ара мәселесін шешетін еді. Және ары мен ұятты қастерлеп, біреудің ала жібін аттамай, зорлық қылмай, келісімге келетін еді. Ал енді, барлық Ислам халифатында бюрократия күші шығып, кез келген істі шешу үшін, діни өкілдеріне барасың. Олардың төрелегі адал болса игі, алайда ақшаға құмар болған еді көбісі. Сол кезде басты құндылығы байлық болып, ол үшін билікке жағымдану керек. Жоғары қарай пара беру керек, ал осы параны қарапайым халықтан жинамасаң басқа табу амалы жоқ. Осылай ішінен әлсізденіп, Ислам халифаты ақиқаты мен шындықтан, әбден алыстай бастады.

Сонымен қатар Византиядағы дін ілімі, көптеген Еуропа елдеріне таралып жатқан еді, және Русь есімді сол кездегі славян еліне, 988 жылдары Христиан діні Ырым Византиядан келген болатын. Славян елінде өзінің баяғыдан келе жатқан діндері болған еді сол кезде. Сол себепті ескі дін мен жаңа Византия діні арасында қақтығыстар болып, көптеген дінге қарсы ереуілдері болды барлық жерлерде. Осы жерде, Византия діні қалай орыс жеріне келді, деген сауал шығады. Сондағы әлгі екі топ иерофант дін өкілдерінің, баяғыдан колданған тәсілі жүзеге асқан. Сол кезде славяндарда патшасы Святослав болады. Сол Святослав басында Византияға өзі барып, сауда дипломатиялық қарым қатынас жүргізеді. Сол кезде Византиялық императоры Святославқа, Христиан дінін паш етіп көрсетеді, соны қабылдауына ұсыныс жасайды. Бірақ өзінің аталарынан қалған дініне берік болған Святослав, бас тартады. Осыдан ашуланған Византиялықтар, астыртын жауыздық ойлап, еліне қайтқан кезде, жолда Святославты сатқындық жасап, өлтіреді. Содан, оның келесі мұрагер екі ұлы, Ярополк және Олег болады. Ал үшінші ұлы Малуша деген қызметші қыздан туған екен. Және осы қызметші қызды қойынына салып берген кім екен? Содан Святослав өлген соң, соның патшалығы үш ұлына тиесілі болады. Алайда, түрлі айла тәсіл кесірінен, Ярополк және Олег тез

қайтыс болады. Содан, Малуша анасының тәрбиесімен өскен, ділі бөлек, мәдениеті бөлек, билік мұрагері Владимир, патша болып таққа отырады. Міне осыдан кейін, Русь жеріне Византияның Христиан діні күшпен кірген болатын. Тура осылай Еуропаның көп елдерінде Ырымнан қалған дін таралып жатқан болатын. Осылай Иса пайғамбар келгелі, алғашқы мың жыл өтіп кетеді.

Содан 1155 жылы ұлы дала бесігінде, әлемге әйгілі Шыңғыс хан дүниеге келеді. Тағы да болжам айтамыз: егер Ислам халифаты шындыққа қастандық жасамаған болса, егер Әл-Ғазали тәрізді әр дін өкілдері ғылыми көз қарасқа қарсы шықпаған болып, егер патша мен байлар ақша мен дүние жинамай, алтынға құнықпай, арын қастерлеп, әділдік қорғайтын болса, онда Шыңғыс хан әскері осы жерге келмес еді. Бірақ біз білетін тарих ондай болмады.

## Шыңғыс хан империясы қандайды?

Шыңғыс хан тарихын барлығы жақсы біледі. Бұл жерде тағыда, табиғаттың әсерін де айтып кету керек. 980 жылдары, сайын даланы шөл басып, көптеген көшпелі жұрт қиналып, жұт болған еді. Одан жүз жыл ішінде табиғат қайтадан көгеріп шығады. Сол кезде барлық жерлерінде көшпенді елдер өсіп, өніп, көп болады. Және сайын даладағы көшпелі жұрт, сол баяғы «**жаным арымның садағасы**» деген қағидамен, өмір сүрген заман еді. Олар үшін, әділдік өзі бірінші орында тұрған болатын. Содан кейін, осы әділдік жолын ту етіп, ұран салған Шыңғыс хан әскеріне көптеген ел, дала адамдары қосылған еді. Сонымен қоса, Қытай елінде көп патшалықтары өз ара соғыстарын жүргізіп, осы көшпелі әскерді көмекке шақырады. Содан бір неше қалаларды басып алған кезде, Шыңғыс хан қасына бір неше Қытай елінің данагөй ақылшылары қосылады. Міне осыдан кейін, Шыңғыс хан әскері үнемі жеңіспен, бүкіл әлемді жаулап алуға кіріскені. Көптеген елдері бас иіп, бір заңға бағынатын болған екен. Қырым жағасынан бастап, алыстағы Тынық мұхит жағалауына дейін, аман есен барып қайтуға, кез келген саудагері мүмкіндік алады. Барлық жерде, тек әділдік және бірдей тәртіп орнатылады. Шыңғыс хан қайтыс болған соң, соның тұңғыш ұлы Жошы хан, империяның батыс жағына хан болады. Сол кездегі Жошы ханның халық арасына таралған есімі «**Алаш**» еді. Содан болар, жергілікті көшпенділер Жошы хан ордасын «Алаш орда» деп атағаны. «**Алаш**» сөзін ұмыттыру үшін, тарихшылар соның орнына «Алтын орда» деп жазып жүретін еді. Негізі барлығына да аян, көшпенді елдері үшін алтын еш құндылығы жоқ темір ғана. Оны көшіп жүргенде өзімен бірге алып жүру, тіпті қисынсыз. Сондағы көшпенді ел өзінің мемлекетін алтын сөзімен балап атауында, еш мағынасы жоқ қой. Ал өзге жұрт үшін, осы атау өте келісімді болып көрінеді, себебі барлық алтын иесі болып, осы Алаш ордасы болғаны хақ. Сондықтан болар, кей өзгелердің сипаттауында осы Алтынға толған, өте бай және қуатты орда патшалық. Ал өзіміздің көшпенді ел, тұған ордасын **Алаш** деп атағаны, қисынға келіп тұр.

Осы уақыттағы тарих бойынша, Шыңғыс хан әскері өте жауыз және қан құмар қылып айтылады. Онысы өтірік әрине, және осы жалғанды таратып отырған құпиялы топ, көнеден келетін Иезуит ордені. Солары Ватикан аясында, өз жұмысын сонау Ырым империясы заманынан жасап келуде. Ал шындығын айтсақ, Шыңғыс хан тек көшпенді елдің нағыз тұлғасы. Ескіден келе жатқан аңыз бен қисса, дастандарға құлақ үшін түріп, зерек ақылымен көшпенді бар мәдени құндылықтарын, бойына толығымен сіңірген еді. Және бүкіл сайын даланы мекендеген, барлық көшпенділер осы мәдениет пен дәстүрге бас иіп, өскен еді. «Жаным арымның садағасы» деген ұранмен өскен мол еркін халық. Барлығының бойында, әділдік және шындық көзі аса қымбат құндылық болған еді, санадағы жоғары орынға ие болған қасиеттері еді. Енді өзіңіз ойлап қараңыз, құрметті оқырман.

Қара теңізден бастап, Тынық мұхит жағалауына дейін, жаппай барлық жерінде табиғат жағдайы жақсарып, жердің беті көгеріп шығады. Мал шаруашылықпен күнін көрген елдің барлығы өсіп-өніп күш жинайды. Осындай кең жерде көптеген атты жауынгерлердің сәті шығып, Шыңғыс хан маңына жиналуы тарихи факты. Осындай күштің шығуы тарихта алғашқы емес, сайын даланың кезекті толқыны. Осындай толқындар легі, жер бетінде алмисақтан болып жүрген еді. Әр толқын келген сайын, Дешті Қыпшақ даласынан ары таза, әділдікті қастерлеген алып күш иесі, өзге жер бетіне тарайтын еді. Үнділер өздерінің шығу тегін, сайын даланы мекен еткен **Арий** тайпасынан таратады. Қытайдың бүкіл тарихы, сайын даладан келген әскери атты күштердің, билік басында отырғанын баяндаумен, толып жатыр. Парсы еліндегі барлық әскери күш иесі болған және біздің Дешті Қыпшақ даласынан көшіп барған елдер еді. Еуропадағы барлық халық осы сайын даладан көшіп барған еді. Соның дәлелі болып атақты Әділ патша әлемге белгілі еді.

Енді зейін қойып, мына ойға назар салыңыз. Алғашқы қала пайда болғалы бері, сайын даласын мекен еткен барлық ел жұрт, табиғат жағдайының қиындығына шыдап өскен еді. Осындай ауыр сүзгіден өткізіп, асыл және таза адами құндылықтар арқасында аман қалып шығатын елдер еді. Жалпы «Сақ» деген сөздің мағынасына мән беріп қараңыз. «Сақтау», «Ұсақ» «Сақ болу» деген сөздердің мағынасы айтып тұрғандай ғой, сонау әлмисақтан, талай қиындығы пен жұтқа шыдай білген, аштықтан елдің саны ұсақталып, соған қарамастан. Ежелден қастерлеген құндылықтар өзегін сақтап, жоғалтпай, адаспай келген. Және табиғат пен Құдайдың берген аяндарына көңіл бөліп, саққұлақ болып келгені. Және өздерінің мекенін Дешті Қыпшақ деп атағаны, бекер емес еді. «Дешті» сөзі, Парсы тілінде сайын даланы білдіреді. Ал енді «қыпшақ» сөзінің мағынасын, «қылып сақ» немесе «сақ құрлы болу» дегенді білдірген тәрізді. Осы сайын далада сақ болмай, құндылықтарды сақтай алмасаң – жоқ болғаның, деген тәрізді. Енді осындай табиғатты жарату, Құдайдың жоспары емей немене? Және осы даланы мекен еткен, қандай да болмасын, қиын әрі ауыр табиғат ықпалымен тазарып отырған халықтар өседі. Жалпы ұлы дала үлкен мұхит тәрізді, көшпенділердің толқындарын үнемі айналадағы тұрақты ел мемлекеттерге апарып шашу тәрізді, шашқан еді. Осылай, барлық қала тұрғындарына, әр адамның ары таза және әділдікті құрметтеу үлгісі ретінде көрсету үшін, біздің көшпенді елдерді жіберген еді. Бұл енді Құдайдың адамзатқа көрсеткен үлгілі ықпалы емей, немене сонда? Осындай толқындардың ең соңғысы болған күшті империяны, әлем тарихында жамандау – Құдайдың жоспарына қарсылып деп білеміз. Және оны не үшін жасағаны да белгілі. Джордж Оруэллдың «1984» есімді кітабында жазылған еді: *«өткен шақты кім билейтін болса, сол келешектің иесі болады»*. Міне солай, тарих бізге қате түрінде насихатталып келе жатыр, осы күнге шейін. Жер бетіндегі барлық елдерге үлгі болсын деп, таза адами қасиет иесі болған біздің аңғал көшпенді жұртты жібергені, Құдайдың ісі. Ал соған қарсы шыққан жасырын діни топ өкілдері, өздерінше тарихты бұрмалағысы келіп, әлемге Мыңқолдың әскерін жауыз етіп көрсетіп келеді. Дегенмен, шындық әр уақытта бетіне шығатыны бәрімізге мәлім.

Сонымен қоса, Шыңғыс хан енгізген «Яссы» ережелерін айталық. Қазақшасы «Жасауы» болады. Осы ережелердің ішінде, жалпы барлық көшпенді мәдениетіне тән, құндылықтары ашық түрде жазылған еді. Соларды хан өзі ойлап таппаған ғой. Осындай құнды мәліметтер, уақыт сүзгісіне шыдап, елдің жадысында сақталып келген еді. Шыңғыс хан тек бар құндылықтарды заңды түрде бекітіп, бүкіл әлемге жариялаған еді. Солардың бізге жеткен, тек бір бөлігін атап өтелік:

1. Рұхани құндылықтар – дүние байлығынан жоғары;
2. Қоғам ісі – жеке басы шаруасынан жоғары;
3. Әділдік қылу - заңдардың төресі;

4. Елге қызмет қылу – жеке басының шаруасынан жоғары;
5. Жеке мүліктен – Билік көзі жоғары;
6. Әр іске барлығы жауапты (ондықтан біреуі қашқын болса - ондық түгелімен жауапты);
7. Қылмыс үшін жазалауды міндетті түрде жүзеге асыру керек;
8. Өз ара қамқор болу және көмек беру бәрінің міндеті;
9. Сатқындық - ең ауыр қылмыс, себебі Тәңірді сыйламағаны;
10. Адалдық пен әділетті қорғап қастерлеу керек;
11. Сұм және алаяқтарды жазалау керек;
12. Қарияларды құрметтеу керек;
13. Ханды құрылтай арқылы сайлау керек;
14. Мақтанпаз атақтардан ада болу керек;
15. Барлық дін көздеріне құрмет және еркіндік беріледі;
16. Таңірім әлемнің жалғыз иесі, сол барлық болмысты жаратқан;
17. Соғысқандардың тағдырын тек Тәңірім біледі;
18. Елшілік басына қиянат жасауға болмайды;
19. Барлық жерде бейбітшілік пен тыныштықты қорғау керек;
20. Әр адам өзгелермен тең дәрежеде жұмыс істеуі керек;
21. Жеген тамағы қасындағылардан көп болмауы керек.

Енді, Шыңғыс хан келер алдындағы тарихи заманға назар аударайық. Осы кезге дейін әлемдегі барлық мемлекеттері, Дін арқылы тұтастығын қамтыған болатын еді. Және барлық билік иелері ақшаға құмар болып, параға сатылып, ар мен ұяттан жұрдай болған еді. Билік басында отырған патшалар мен уәзірлер арасында, осындай өмір салты орын алған еді. Сонда дін өкілдері, ең бай адам болған заман еді. Көптеген саудагерлері, кез келген шаруаны ақшамен шешіп алуға болады деп сенген еді. Көп ақшаға кім көнбес? - деген өмірлік көз қарасы да, барлық әлемде орын алған заман еді. Осының салдарынан, барлық жерде алаяқтары мен сұм қорқақтар легі билікке келетін болды. Ондай адамдары, еш білімге үйренгісі келмейді. Білімсіз надан болған, тобырға айналған елді билеу оңай болатын еді. Көзі ашық, көкірегі ояу, шындықты іздеген адамдарды сол діни заң ережесімен құдалауға салады. Содан, Ислам тараған барлық жерлерде, Сопылық ереуілі болған, құпия қозғалысы жүріп отырған еді. Сопылар діни өкілдерін сынап, солардың ақша мен билікке сатылғанын, барлық елге астыртын жолымен, ертегі мен қисса арқылы үнемі жариялап отырған еді.

Мұхаммед пайғамбар айтып кеткен ақиқат пен әділдікке жол ашық болған кезде, көшпенді елдің империялары өзінің қаһарлы әскерін әкелмей, бұл елдерге тиіспеген еді. Алайда уақыт өткен соң, Ислам халифатының патшасы мен билік басындағы асыл тұқымды серкелері әділдік жолын ұмытып кетті. Ислам діні айтқан құндылықтарды мүлдем елемей, діни өкілдерінің тарапынан ғылымға кедергілер шыға бастады. Исламға сенген көптеген елдерде наразылық пайда болып, солардың ақиқат іздеп, дұға тілектері Ноосфераға жетіп, Шыңғыс ханның мыңқол әскерінің осы елге келуіне себепші болды. Содан, Ислам халифаты толығымен Хулагу хан басқарған мыңқол әскерінен ойсыра жеңіліп қалады. Бүкіл әлем Шыңғыс қағанның қаһарынан үрейленіп қашатын болды. Византия және Ватикан таратып жатқан діни ілімге тосқауыл болып, көшпенді жұрттың әскері шығады. Осы мыңқол әскері жаулаған жерлерде, діни қысым болмауы керек деген заң шығады. Соның арқасында, Ватикан шығарған діннің әсерінен көптеген елдер, шамасы үш жүз жылға демалыс алады. Соның ішінде славян мемлекеті Русь та бар. Соған мысалы, Католиктер жаулап алған барлық жерлерде ескі шіркеулер толығымен қиратылып кеткен екен. Оның орнына Еуропаның үлгісімен салынған үшкір басты шіркеулері тұрғызылған еді. Ал енді мыңқол әскері

жаулап алған барлық жерінде ескіден қалған, славяндардың ежелгі үлгісімен салынған көне көз шіркеулер бейнесі аман есен болып, сақталып қалған еді. Тағы бір мысалы: Византия тіліндегі «Иоанн Базилевс» сөзінің мағынасы, қазақ тіліне аударсақ: *Құдайдың рұқсатымен Патша болу* – дегенді білдіреді. Ал осы сөз тіркесін орыс тіліне енгізгенде: *Иван Васильевич* – деп таралған. Сондағы бізге белгілі болған Иван Грозный осы атаққа ие болған екен: Иоанн Базилевс. Ал осы атағы соның есімі болмаған еді. Тек жоғары лауазымы ретінде, Византиялық дін үлгісі бойынша жазбаларда қолданылған дәрежесі. Орыс патшасына осындай атақ кейін, Алаш ордасы әлсіреген соң ғана қолданылатын еді.

Алайда кейінен, Ватикан ілімі Ресей жеріне кірген соң, тарихи жазбалары бұрмаланып, Ватикан жасаған барлық қастандық амалдары, керісінше Мыңқол мен Алаш орданың әскеріне жазылып, тарихи құжаттарда солай бекітіліп қалды. Ал егер, осы орыстардың көне «былина» дастандарын зерттеп оқыса, кез келген адамы осы тарихтың шындығын, анықтап аша алатын болады. Шығыс емес, қас жаудың батыстан келгені жайлы, сол жерде көп жазылған еді. Және барлық батырлары соларға қарсы соғысу үшін, батысқа қарай теңіз жолымен барғанын, анық жазып отыр. Алайда, тарихшылар осы күнге шейін сондай жазбаларды байқамай отыр. Және өзінің дауысын көтеріп, тақырыпты ашық талқылаған тарихшыларын құдалап, жойып жатыр. Ал жалған тарихты жазып отырған Ватикан аясындағы Иезуиттер ордені, сонау Әділ патшадан бастап, әлі күнге шейін мол жұмысын істеп келеді. Міне осы жалған тарихшылардың кесірінен, әлемдегі шындықты қорғап келген Шыңғыс хан және соның мұрагерлері нағыз баукеспе болып, адамзаттың қас жауы болды деген үгіт насихаты, жүріп жатыр.

Енді тарихты тағы бір шолып өтелік. Мысыр елінен шыққан екі топ иерофант өкілдері, өздерінің Құдайға қарсы саясатының салдарынан қатыгез Ырым империясы бас көтереді. Оның батыс жақ бөлігін, көшпенді Әділ патша әлсіретіп кетеді. Енді шығыс жағына ауысқан Византия елі басын көтеріп, әлемге өзінің ықпалын жүргіземін деген кезде, Ислам халифаты келіп, аяқ қолына тұсау салып, шектейді. Сонымен екі топ иерофант өкілдері халифат ішіне іріткі салып, соны сан түрлі аяласымен әлсіретпек болған еді. Алайда, 1070 жылы шығыс жақтан, Оғыз Түріктерден тараған, Сельджук мемлекетінің қаһарлы әскері келіп, барлық Византия еліне ойран салып жатады. Ол аз болғандай, Ватикан тарапынан өздерінің діні бір, латын тілінде сөйлеген, діни крест жорықтары келіп, елдің астанасын талан таражға салады. Сонысы 1150-1200 жылдары болған еді. Сельджук әскеріне тойтарыс берген кезде, қиыр шығыстан келген өзі алып күш иесі болған, Мыңқол әскері барлық елдерді жайпап, жермен жексен қылған еді. Сельджук әскерін әзер жеңген Византиялық билігі, Хулагу хан әскеріне қарсы тұруға еш бір қауқары болмаған екен. Құдайға қарсы шыққан байғұс иерофант тобының өкілдеріне енді қайтпек керек? Қайда барып пана табамыз – деген зіл сұрақ, бар ақыл ойын мазалайды. Ал көмек көзі, ойламаған жерден келген екен. Онысы қайтадан біздің көшпенді елдің өкілі жасаған – атақты Бейбарыс екен. Сонысы 1260 жылы, қыркүйектің 3 жұлдызында болған еді.

Барлық қазақ жұртына мәлім, Шыңғыс ханға баласы Жошының қайтыс болғанын, күй арқылы жеткізген, Найманның биі – Кет-Бұға, Хулагу хан бұйрығымен, бар мыңқол әскеріне қолбасшы болып тағайындалады. Содан, Мысыр елінің әскерімен ашық алаңда соғысатын болады. Мысыр елінің әскери қолбасшысы болған Бейбарыс екен. Енді, Ислам дінін ұстанған Бейбарыстың айла тауып, мыңқол әскерін сол алаңда ойсырата жеңіп кетеді. Ал Кет-Бұға сол шайқаста өліп, қайтыс болады. Ол кезде бүкіл әлем мыңқол әскеріне қарсы тұруға болмайды деп ойлаған еді. Онысы, Қытай елінің ақылшылары, ойлап тапқан айласы арқасында екен. Жалпы Шыңғыс ханның түрлі саяси және әскери тәсілдерін, осы Қытай даналары айтқан еді. Және Қытайдан келген көптеген

реформалар, Алаш орда мемлекетінде орын алған еді. Енді осындай мықты мемлекеттің әскерін ашық алаңда жеңе білген, мұсылман елінің Мысыр әскері болғаны барлық әлемді таң қалдырды. Және Ислам діні әскери жағынан да мықты екен деген түйін ой, барлық әлемге таралып кетеді.

Содан екі топ иерофант өкілдері өздерінің назарын Ислам дініне аударып, Ырым елі тәрізді, енді Ислам дінін бетке ұстап, өзінің мүддесіне лайық қылып, Византия елін осы дінге ауыстырмақшы болады. Содан Византия елі бір неше ғасыр ішінде толығымен мұсылмандық елге айналады. Бұл жерде оқырман таң қалуы мүмкін әрине, қалай алып империя Христиан дінін тастап, толығымен мұсылман болуы мүмкін деп. Ал соған жақсы мысал ретінде бүгінгі тарихтың өзі әдемі көрсетіп тұр емес па? Осы, 2025 жылғы Еуропа елдерінің келбетіне қарасақ болады. Ағылшын елі ішінде, көптеген билік басындағылар және ірі байлары мен шонжарлары, діндерін өз еркімен мұсылман етіп ауыстырып отыр. Мектептерде Ислам құндылықтары оқытыла бастады. Британия патшасы, Ислам діни мерекелерін ашық түрде атап жүр. Бүгінгі астанасы Лондон қаласында, мұсылманды полициясы қызмет көрсетіп жүр. Бізден барған бір адамы, Лондондағы бай саудагерінен сұраған екен:

*- Неге сендер дінді ауыстырып, мұсылман болдыңдар? Шынымен Құдайға сеніп қалдыңдар ма?*

Сонда әлгі ағылшындық бай саудагер жауап берген екен:

*- Жоқ ей, құдайға сену жоқ менде. Әйтеуір байлар, жаппай барлығы осы дінге ауысып жатыр. Менде өзім көпшілік тәрізді соларға қосылғам ғой. Олай жасамасқа амалым жоқ. Себебі сауда бизнесіне зияны тиюі мүмкін. Мұсылман болу қиын емес екен. Айтқанын жасап, жаттанды сөздерін қайталаса болғаны. - деп, жауап берген екен.*

Оған тағы тарихтан бір мысал келтірейік. Кезінде, Испания және Португалия Ислам халифатына қараған жерлер болған еді. Сол жерде, әрбір дін өкілі емін еркін, өзінің діні бойынша құлшылық жасай беретін еді. Соның арқасында, көптеген еврей адамдары өз дінін ұстанып жүрген кез екен. Содан, еуропалық христиан дінін ұстанған халықтар соғысып, «Реконкиста» арқылы осы жердің бетін халифаттан босатып, өз дініне қайтарып алады. 1492 жылы, осы жердегі барлық ел жұртқа бұйрық береді, тек христиан дінін қабылдаған адамдары ғана бұл жерде өмір сүре алады. Қалған өзге дін өкілдері, тез арада осы жерден көшіп кетуі керек, әйтпесе соларды өлтіреміз, деген екен. Содан, мұсылман елдері көшіп кетеді. Алайда сол еврей қауымы, өтіріктен өздері христиан дінін қабылдадық деп, қалып қояды. Ел алдында солар, христиан дінін қолдайтын етіп, қараңғы түнде өз үйінде тығылып, иудаизм дініне құлшылық жасаған екен. Артынан, 1968 жылы ғана осы заңы өз күшін тоқтатқан екен. Сондағы көптеген христиан діни өкілдері, өздерін ашық түрде Иудаизм дінін қолдайтындарын айтуға мүмкіндік алған еді. Жалпы Еуропадағы қалалық тұрғындарға сол үнемі өтірік айту қиын болмайтын. Егер өзінің пайдасын көрсе, немесе билік жақтан көп қысым болса, елдің барлығы кез келген дінге ауысып, соны қолдай беретін әдеті ғой. Сол тәрізді, ежелгі Византия билігі бір неше ғасырлар ішінде толығымен Ислам дініне ауысып, кәдімгі мұсылманы болып, шыға келеді.

Осы өзгеріске тағы бір күрделі қиындығы себепші болған еді. Онысы қара оба аурудың, барлық Еуропа елдеріне таралуы болатын. Алаш орда мен Еуропалықтар соғысқан кезде, мыңқол әскері бір қаланы қоршап алады. Сол қала ішіндегі адамдары аштықтан ауырып, ішінен қара оба індеті тарап кетеді. Содан 1346-1353 жылдар аралығында, Еуропада мекендеген халықтардың жартысы ауруға шалдығып, көп адамдары қайтыс болады.

Суретте қоңыр түспен қара обаның тараған жерін көруге болады. Сайын дала көшпенділері, осы аурудан көп зардап көрмеді. Себебі ара қашықтық алыс, және кез келген жерде ауру шықса, ауыл сыртынан қара туды көтеріп, елге белгі береді. Сондай жерді барлығы айналып өтетін еді. Соған қоса, дала адамдары тазалықты қадағалайтын еді. Санитария ережелерін көпшілік жақсы білген. Ал Еуропа қалаларында керісінше, барлық қоқыс және жуынды аяқ астында шашылып, төгіліп жататын. Содан қара оба індеті тез тарап кетті барлық жерге. Осындай обаның әсері, әлгі екі топ иерофант дін өкілдеріне қатты тиді, білем. Солар енді дінге еш кедергі жасамау керектігін жақсы түсінген болды. Содан басталып, Еуропа елдерінде еркін ойлау науқаны басталды. Және Еуропа елдері білімге құмар болып, Ислам әлеміндегі барлық ғылыми жетістіктерін өз елдеріне көшіре бастайды. Атақты Фибонначи математик ғалымы арабтарға барып, тәлім алған екен. Және бүкіл Еуропаға ортақ Латын тілі бекітіліп, оны көптеген емшілері қолдана бастайды.



Осы жерде, Шыңғыс хан – Қазақ болды ма деген сауалға жауап берелік. Осы сауалға жауап беру алдында, «Қазық» деген ұғымды алдыға тартамыз. Өз қазығын көшпенді жұрты, не үшін көтеріп жүріп, көшкен еді? Өзінің еркін және дербес ғұмыр кешу арманын қастерлеп, қалаларды тастап, сайын далаға көшіп кеткен еді. Ал енді, бүгінді Қазақтың тұрмысына қарап көрелік. Біздің Қазақ баласы қалаға баруға құмар. Және дүниелік қызықтың барлығы тек қалада екендей. Сол себепті, қарсы сұрақ шығып тұр: Қазақ баласы бүгін, осы «Қазақ» деген ұғымға сай келе ма, әлде қалай? Жоғарыда айтқан едік, қаланың тұрмысы адамзатқа өте зиян келеді. Қалада тұратын елде уақыт өте, ұрпағы азайып жоқ болады. Соған қарамастан, қаланың комфортқа мол өмір салты өте тәтті болып, елдің барлығын өзіне қаратып алып жатыр. Және көшпелі елдің, оған қарсы тұратын еш амалы болмай тұр осы күні. Ал біз өз тарихымызды жалғастырып, ендігі кезек басын Византия империясына аударайық.

## Византия империясы қандайды?

Мысыр елінен шыққан екі топ иерофант дін өкілдері, өзінің көп ғасырлар бойы жасаған айласын қайтадан жалғастырды. Алдымен өзі алып империяны құрастырып алады, соның арқасында өзге көршілес мемлекеттерімен соғысып, соларын тонауға кіріседі. Байқұс тоналатын елдің байлары, өз байлығын қайда апарып сақтайды? Осы екі топ иерофант өкілдеріне апарып сақтайды. Содан, айналадағы барлық елдерді тонап болғанда, әлгі алып империяның ішіне іріткі салып, бар күшін әлсіретіп, оны құрдымға итереді. Ал оның орнына келесі бір мемлекетті көтеріп, зымиян тәсілін қайтадан жүзеге асырады.

Міне солай, өзінің зымиян зұлымдығы арқылы, Ырым тәрізді алып империяны әлсірету үшін оны екіге бөлді. Өзіне керек болған бай бөлігін Византия етіп алды, ал батыс бөлігін көшпенді елдері әлсіретіп жібереді. Содан кейін Византия елі кезегімен алып мемлекет болған соң, оны өз мүддесіне қолданамын дегенде, көптеген өзге елдер шабуыл жасап, оған күн көрсетпей қояды. Содан кейін, амалы жоқ болған дін өкілдері өздеріне пана іздеп, енді Ислам дініне назар салады. Солай бір соғыстардың кезінде, Византия жерінде Рум немесе Кония султанаты атауымен бір мемлекет пайда болады. Оның аман қалып, жоғалмай кету себебі мынау еді. Екі топ иерофант өкілдері, ел ішінен өздеріне керек адамдарды іріктеп, солардың Ислам дінінде болғанын әдейі таңдап алады. Және соларды түрлі айламен өздеріне бағынышты ету жолдарын тауып қояды. Содан оларға соғыс ашпай, ел ішінде еркін өмір сүруге мүмкіндік береді. Соған қоса, Византия ішіндегі барлық бай және қуатты күштері бар топтарды іріктеп жүріп, барлығына мұсылман дініне көшуге, астыртын уағыз айтып ішкі насихат жүргізеді. Сол саясаты аясында, Ватикан жақтан арнайы крест жорықтарын жасап, христиан дінін ұстанған жауынгерлерді шақыртады. Олар болса Константинополь өзін тонап, елді талап кетеді. Осылай жергілікті барлық қауымды әдейі христиан дініне қарсы қойып, елдің бәріне Ислам дініне көшуді насихаттайды. Сонда Рум султанаты 1096 жылы Кония қаласында болған еді. Ал Ватикан жақтан келген крест жорықтары төрт рет болып, 1096 жылы басталып, 1204 жылдары аяқталады. Осы жылдар ішінде крест жорықтары Византия еліне әбден күшін салып, елдің барлығын өзіне қарсы қылып қояды.

Сонымен қоса, сонау 1071 жылы Сельджүк әскері Византияға қарсы соғыс жүргізіп астанасын жаулап алған еді. Содан крест жорықтары келіп бұлар қайтадан шегініп кетіп қалады. Орнына кішкентай Рум султанаты ғана қалып қояды Византия жерінде. Сельджүк елі көп жылдар бойы соғыс жүргізіп ақыр соңында, 1243 жылы Мыңқол әскерінен толығымен жеңіліп, Хулагу ханның құзырына кіретін болды. Алайда 1299 жылы Осман I Ғази султан өзінің дербестігін жариялап, Сельджүк елінің мұрагері ретінде өзінің мемлекетін құрайды. Онысы әрине сол кездегі Мыңқол әскерінің әлсіреп қалуының себебінен болған. Және екі топ иерофант өкілдері өз жағынан күш салып, ықпалының әсерінен де болуы әбден мүмкін еді. Себебі оларға Мыңқол империяның әлсіреуі өте тиімді болатын. Содан Осман мемлекеті бойына қуат жинап, айналадағы жерлерді соғыс арқылы өзіне қаратып алатын болды. Осылай жүз жыл өтеді. Осман империясы өте күшті мемлекет болып, айналадағы елдердің барлығына қауіп төндіретін болды. Және осы мемлекетте өте көп адал және әділдікті сүйетін әскери адамдар болатын еді. Солардың барлығының көзін құрту үшін және елді әлсірету үшін, екі топ иерофант өкілдері Осман елін Әмір Темір әскеріне қарсы шағыстырып, айдап салады. Аңғал Осман елінің әскері, көшпенділердің мықты күшіне тап болып, толығымен жеңіліп қалады. Осман еліндегі көптеген қолбасшылары қаза тауып, сол

соғыста қайтыс болады, немесе тұтқынға түседі. Міне осылай екі ел арасына іріткі салып, біріне бірін соғыстыру арқылы екі жақты әлсірету саясатын жүзеге асырған еді зұлымдар.

Еуропа елінде тағы бір экономикалық әрекет орын алған еді. Алдында айтқандай, Мысыр елін мекен еткен екі топ иерофант дін өкілдері, барлық діни ғимараттарды банк құрлы жасап, ақша көзі сақталатын еді. Тура осылай, Еуропа елінде көптеген патшалықтардың алтын ақшасы сол ережемен сақтау үшін, Тамплиер ордені құрылады. Біздің тілмен айтқанда, діни жүйеде тәлім алған, иерофант өкілдері үйреткен, арнайы әскери жасақтар құрылады. Олар тек патшалардың байлығын қорғау үшін қызмет көрсетеді. Және соларға тиесілі арнайы қамал қорғандары әр жерде тұрғызылған еді. Олар еш бір патшаға ант бермеген еді, себебі тек Ватиканға бағынатын болған. Және олар барлық Еуропа патшалықтарына қызмет көрсеткен алғашқы банк жүйесі болып құрылған. Алайда, бір күні олар Еуропадағы көп патшалықтарды құртып, бүкіл Еуропа елдерінің бастарын қосып, біріккен одағын құрып, өздері билік басына келмек ойы болған еді. Сол жоспары Франция патшасына мәлім болады. Содан, бір неше жыл бойы тергеу мен бақылау амалдары арқасында, Франция еліндегі барлық тамплиер әскерін тұтқындап, ашық алаңда, елдің алдында барлығын өртеп жібереді. Онысын 1307 жылдың күзінде жасаған Франция патшасы, «Әдемі» Филипп IV болатын. Осылай, иерофант өкілдері ойластырған банк жүйесінің алқашқы жобасы жүзеге аспай қалады. Және содан кейін, Франция патшалығына қарсы әрекет амалдарын астыртын жоспар арқылы дайындала басталады. Артынан революция жасап, Франция елінің патшасының басын кесіп алғанын бәріміз білеміз.

Тағы бір сұмдық болған оқиғаны айтпасқа болмайды. Сол кезде, 1346-1353 жылдары қара оба індеті таралып, барлық Еуропа елдеріне жеткен еді. Еуропадағы барлық елдің жартысынан көбі қырылып қалды сол кездері. Осының шығу себебі, алдымен төрт рет болған крест жорықтары. Содан кейін, бүкіл Еуропаға тараған діни заңдардың ерсі ережелері болған, Инквизиция әсері. Осы Инквизиция кесірінен, жазықсыз қанша адам құрбан болды. Әсіресе оның зардабын әйел адамдар көп көрді. Әйел адам табиғатынан тазалықты жақсы көреді. Ал таза болған жерлерінде ауру аса көп тарамайтын. Осыны сылтау етіп, ақымақ діни қызметкерлері, әйелдердің жын мен сайтанға қатысы бар деп, көп жазалайтын еді. Сонда байқұс әйелдің бар жазығы, айналасын таза ұстағандығы. Бүкіл Еуропа еліне осындай дәрекі діни заңдары таралған соң, елдің жағдайы күрт өзгереді. Жаппай барлық адамдарды үрей мен қорқыныш басады. Ал сол кезде, Еуропада еркін көшіп жүру мүмкін емес болатын. Себебі барлық жердің иесі болып, көптеген ірі феодал байлар басып, иемденіп алған заман болатын. Осындай діни көз қарастағы адасқан әрекеттер кесірінен Ноосфераға көптеген қарғыс пен наласы төгіле басталады. Содан Еуропа елі қара оба індетінен жапа шегіп, көп адамдар қырылады. Сондай салдарынан кейін, Еуропалық биліктің діни саясаты өзгеріп, барлық елге ойлау бостандығы беріліп, артынан әлемге әйгілі **Реннесанс** заманы келген еді.

Енді тарихқа кері оралайық. 1402 жылдың жазында Әмір Темір әскерінен Осман әскері жеңіледі. Содан, «елу жылда ел жаңа» дегендей, Осман империясында жаңа буын жастары өсіп, ер жетеді. Біз жоғарыда айтқандай, мұсылман елінде қарызға берген ақшаның үстінен пайдасын көру күнә болып есептеледі. Алайда жергілікті мұсылман байлары, өздеріне көмекке еврейлер ішінен бай саудагерлерді шақырып, мұсылман елге қарызға ақша беруін соларға ұсынады және өз пайдасын бірге бөлісеміз деп келісіп алады. Міне осындай айламен, алтын құмар байлары Осман елінде де пайда болады. Солардың ықпалымен, Осман елі көп қаражат жинап, өте мықты әскери күшін тез дайындап алады. Және әскери кемелерін салып, мықты зеңбіректер жасап алады. Зеңбірек атауы «Базилика» немесе «Базилус» болатын еді. Бұл енді, сол замандағы өте жоғары дәрежелі техника

жетістігі болатын еді. Осындай жаңа технологияға қол жеткізу тек иерофант тобының қолынан келетін еді. Себебі сол заманда, ұзақ мерзімді ғылыми зерттеулерді, біраз жылдар бойы арнайы түрде жүргізу, еш бір мемлекет аясында болмаған еді. Себебі, ондай ұзақ мерзімді стратегиялық жоспар құруды және онысын жүзеге асыру тек Қытай елінде болған шығар, бәлкім. Және қалған елдер барымен қанағат болып, ғұмыр кешетін заман болатын. Содан 1453 жылы мамыр айының соңында, Осман елінің патшасы Мехмед II, Константинополь қаласын жаулап алады. Енді біздің астанамыз осы мекен болады деп, көне қала атауын «Ыстанбұл» (Астанымыз бұл), деп өзгертеді. Сонау Рум және Кония есімді сұлтанат болғалы бері, Византия елінің басым көпшілігі Христиан дінінен жерігіп, өздерін Ислам дініне ауысуы насихатталып келген. 350 жыл бойы: 1096 жылдан бастап, осы 1453 жылға дейін, елдің барлығы еп-теп, мұсылман болуға кет ары емес тұғын. Сол себепті, Осман әскері Византия елінің астанасын жаулап алған кезде, табандылық көрсетіп еш кім қарсы соғыс аспаған еді. Міне осылай Византия халқы 350 жыл ішінде, Ислам дініндегі ірі мемлекет ретінде, өзін әлемге жар салады. Сонымен, екі топ иерофант өкілдері, мұсылман туын жалған жамылып, өзге елдердің барлығын жаулап алу саясатына кірісетін болды. Егер Осман елі жаулап алмаса, онда өзге мұсылман елдері бәрі бір Византияны жаулап алуы хақ тұғын. Осыны алдын ала болжаған иерофант топ өкілдері, өзге елдерге жем болмайық деп, өзіне лайықты етіп халық дінін өзгертіп, аман қалады сол кезде. Олардың басқа жерге барып, өз жанын сақтап қалу мүмкін емес еді. Себебі Еуропа елдері толығымен қара оба індетіне шалдығып кеткен. Әлемдегі өзге еш бір мемлекеті оларға қолайлы болмаған еді сол заманда. Барлық жерде мұсылман елдері басым болатын еді. Міне осылай, көшпенділер мен мұсылман елдерінің арқасында, әлгі қос топ иерофант өкілдері, амалсыз сүндетке отырып қалған деседі. Әрине олар жасырын түрде Құдайға қарсы амалдарын тоқтатпай, астыртын жүргізіп отырған еді.

Осман империясы Византияның толық мұрагері болып шығады. Әрине аңғал адамдары осы елді мұсылман деп есептеуі мүмкін еді. Алайда, сол жердегі көпшілік қауымы өздерін толық Ырым елінің мұрагерлері ретінде сезінетін еді. Сондай стратегиясы арқылы өзге мұсылман елдерінен, өздерін қорғап қалған еді. Себебі мұсылман еліне ешкім барып, жайдан жәй шабуыл жасамайды. Алдымен сауда және дипломатиялық қарым қатынас арқылы өз ара келісім сөздерді жүргізеді. Ал біздің Византия мұрагерлері тілге өте бай және айлақор келеді. Содан Осман елі Еуропадағы барлық елдерге қорған болып, **Жанышар** мен **Басыбұзық** әскерін қолданатын еді. Ал Еуропаны мекен еткен көп елдеріне Христиан дінін емін еркін дамытуға жол береді. Осы жерде Еуропалық патшалар иерофант билігіне көнбей қасарысып шығатын болса, оларға қарсы осы Осман әскерін қолданып, өз құзырына бағындырып қоятын еді. Міне осылай, Еуропадағы көптеген саяси амал әрекеттерін еш кедергі сіз жасап отырған еді, екі топ иерофант өкілдері. Және кітаптың басында айтып кеткен, көптеген саудагер қауымы өздерінің кезекті сауда мемлекетін ашып, олар VIII-IX ғасырларда Венеция атанып, артынан X-XI ғасырларда Генуя болып шығады. Осы саудагерлер қауымы өздерін толығымен екі топ иерофант өкілдеріне барлау қызметін атқарып отыратын еді. Мысалы осы Қырым бұғазы жағасында орын алған, алып сауда порты болған еді. Ол жерде көне Венеция және Генуя саудагер қауымы Алаш ордамен кең көлемде сауда жүргізген болатын. Және олардың Марко Поло тәрізді барлаушылары Қытайға дейін өздері барып, бар көргенін Ватиканға айтып келген болатын. Мысалы Швецария қаласы Женева (Geneva), өзінің атауын осы Генуядан алып отыр. Және Венеция қаласын барлық әлем жақсы біледі.

Содан, 1453 жылы Ыстанбұл қаласы Осман империясының астанасы болады. Ал Еуропада діни бостандық ашылып, көптеген Еуропа елдері латын тілінде ғылымға назар аударып, және басқа да мәдени өнер басын дамытатын болады. Содан кейін, 1492 жылдың күзінде Колумб Америка құрлығына жол ашады. Сонымен қоса, әлемде от қаруы пайдаланатын болды. Зеңбіректер соғыс

алаңында ауыр соққы беретін, мықты техникалық құрал болып шығады. Содан кейін Еуропалық саудагерлер мұхит арқылы 1516 жылы Қытайға жол ашып, 1557 жылы теңіз арқылы көп жүретін сауда жолын ашады. Осы кезден бастап, Венеция және Генуя саудагерлері Қырым порт арқылы жасайтын саудасын азайтады. Себебі Қырым хандығына салық төлеу керек, ал тікелей су теңіз арқылы жол ашылғалы, саудаға өздері толығымен қарық болып, еш патшалыққа салық төлеудің қажеті болмайды. Осының кесірінен, Алаш ордасы көп салық ақшадан құр қалады. Бұнысы да орданың әлсіреуінің бір себебі болған.

Тағы бір оқиға Осман елінде орын алған еді. 1665 жылы Шабтай Цви (Sabetay Sevi) есімді еврей өзін әулие деп жариялайды. Содан айналасына көп еврейлер жиналады. Алайда келесі жылы ол мұсылман дінін қабылдап, барлық иудей дінін ұстанған еврейлерді таң қалдырады. Содан кейін, осы кісіден таралған, Дёнме құпия сектасы өмірге келеді. Және солар көп жылдар бойы, Осман еліне қарсы зымыян әрекетті жасап, империяны әлсіретіп, құлдырауына себепші болады. Осман империясында, және артынан Түркия елінде, билік басында отырған көп адамдар легі сол Дёнме тобынан шыққан еді. Сонымен тағы, барлық Еуропа елдерінде иерофант өкілдері, **Масон** тобын құрайтын болған еді. Олар барлық мемлекеттерге таралып, астыртын түрде иерофант өкілдеріне керек әрекеттерді жасайтын болған еді. Соның ішінде әлемге әйгілі болған Ротшильд қаумы.

Енді осы екі топ иерофант дін өкілдері туралы біраз ақпарат айтып өтелік. Сонау ежелгі Мысыр тарихында алғашқы банк жүйесін қалыптастырған еді бұлар. Сонысын енді заңды түрде Еуропа елдерінде жасайтын болды. Сонымен қоса, діни көптеген құпия секталарды ашып, патша болған адамдарға тікелей ықпалын жүргізген түбі. Сонымен қоса, тарихи кітаптарды өзгертіп, өздеріне лайық аңыздарды шындық етіп жазатын болған. Және әлемдегі барлық саудагерлер қауымын, өз мүддесіне тәуелді қылып, солар алғашқы барлаушы қызметін, атқаратын болған еді. Осы топтың жасаған іздерін қалай білуге болады деген сауалға жауап берелік.

Әлгі біз айтқан иерофант өкілдері екі топқа бөлінетін еді. Олардың таңба түстері ақ және қызыл тұғын. Және барлық Еуропа елінде, масон құпия топтары құрылған болатын. Сол масон арқылы, мемлекет саясатына ықпал етіп, өз мүддесін атқаратын болған еді. Сонда егер, масон тобы билік басына қолын жеткізетін болса, онда елдердің ресми мемлекет туы үш түстен құрылған еді және сол түстері 3 параллельді жолақпен белгіленеді. Оның себебі, масон жүйесі үш сатыдан тұратын еді. Және әлемге белгілі 33 дәрежесі бар. Одан жоғары дәрежелері, құпия түрде жасырын жұмыс істеген, ол жерге бәріне жол жабық. Уақыт өте осы сатылары өсе берген еді, мысалы бүгін жүзге жетті деп айтады, кей бір зерттеуші ғалымдар. Алайда, басында тек үш сатысы ғана болған екен, сол себепті осындай масон тобы, мемлекет билігіне ықпалын жүргізетін болса, ел туы үш түстен тұратын еді. Ал егер, осы екі иерофант тобы тікелей өзінің әмірін жүргізетін болса, сондай елдің туы ақ және қызыл болған екі түстен ғана құрылатын еді. Олардың кей мысалы ретінде: Англия, Швейцария, Польша, Жапон елі, Монако, Индонезия, Гренландия, т.с.с. көп елдер бар тұғын.

Енді осыны ескеріп, барлық мемлекеттердің ресми туларына өзіңіз қарап, масон ықпалын және екі топ иерофант өкілдерінің қаншалықты елге қол созғанын білуге болады. Оған қоса, тарихтан белгілі бір неше соғыс болған еді, сол жерде соғысқан екі жақ осы екі түсті ту етіп көтерген еді. Олардың әлемге танымал екеуін айталық. Біреуі ғасыр бойы Ұлы Британия жерінде 1337-1453 жылдары болған соғыс, «Ақ және Қызыл раушан гүлі» деп аталған болатын. Және екінші мысал, Ресей еліндегі қызыл әскері мен ақтардың өз ара азаматтық соғысы. Ақтар жеңіліп, Қызылдар жеңіп, Кеңес өкіметінің туы қызыл болатын. Оған қоса, бүгін Қытай елінің туы қызыл түсте. Ал Жапон елінің түсі ақ болып, ішіндегі күн бейнесі қызылмен түстелген. Келесі шайқастың қалай

қарай бағыт алатынын осыдан өзіңіз көре аласыз. Сонымен қоса, иерофант өкілдері өздеріне тән символика ретінде арыстан мүсінін және пирамида құрлы ғимараттарды қолданады. Енді біздің Астанадағы пирамиданың шығу төркіні қайдан келгенін білуге болады.



Және тағы бір иерофант дін өкілдерінің белгісі болған нәрсе, ол әлемге кеңінен таралған футбол ойыны. Байқасаңыз, доп тебетін екі жақтағы 10 ойыншы алаңда және бір адамы қақпада тұрады. Осы екі команда, иерофант өкілдерінің екі тобын сипаттайды. Және теуіп жүрген доптары негізі біздің жер шардың үлгісі. Жоғарыда айтқандай, көне Ырым елінде гладиаторлар сайысын үлкен алаңда, көп елдің назарында өтуші еді. Сол кезде қоғамдық эгрегор қалыптасып, күш жинайтын. Міне осылай, футбол ойыны стадионда өткенде, барлық жан күйер адамдары, осы ойынға назар салып қарайды. Сонымен, өзінің ықыласымен эгрегор қуатын толырып отырады. Сонысы, көзге көрінбейтін алып күштің өзі деп есептеледі. Осы жүйелі күшті білетіндер, осы күні өз мүддесіне қолданып отырады. Бір ғана мысалын айтайық, екі команда жанкүйерлері бір жерге жиналыпты. Артынан, осы екі топ адамдары біріне бірі бас салып төбелесетін болса, онда қалалық тұрмысын қиындатып жібереді. Немесе жұмысшылары ереулге шығып жатса, оларға қарсы осындай ызалы топ фанаттарды қарсы қойып, екі жақты да төбелестіріп, артынан әскери полициясын қолдануға болады. Сондағы билік басындағылар әлемге ақталып шығады: біз бұзақылықты тоқтаттық, деп. Ал жұмысшылар өзінің әділдік үшін күресін жүргізе алмай қалады.

Осы жоғарыда айтылған барлық ақпаратты ескере отырып, біз киелі Қазақ ордасының тарихына ауысайық. Және әлемдегі болған тарихтың бір шетін ашып көрмей, өзіміздің жеріміздегі болған оқиғаларды түсінуі, мүмкін емес тіпті. Жалпы тарихқа көзін салар алдында, осылай кең көлемде шолу жасап, зерттеуін жүргізу керек әлбетте.

## Қазақ ордасы тарихы қандайды?

Сонымен, кітап барысында айтқандай, сайын даланың табиғат жағдайы бір келкі болмайтын еді. Егер дала көгеріп, өзендер суға толса, мал басы өседі. Малмен бірге көшпенділердің саны өседі. Және басы көп болса бір қазанға сыймай, көптеген көшпелі халық, лек легімен көршілес жатқан елдерге өз ықпалын жүргізіп отырады. Осылай мыңқол әскері барлық жерді бір сілкіндіріп өтеді. Лев Гумилёв жазып кеткен пассионарлық теориясының негізі, осы сайын даланың табиғатынан шығып тұр. Алайда онысы Құдайдың жасаған жоспарымен болатын үрдіс. Табиғат толқындары ары таза, ден саулығы мықты адамдарды сұрыптап, көп көлемде өсіріп, шығарып отырған еді әр мезгіл сайын. Табиғаттың осы қасиетін дұрыс түсінбеген қайран ғалымы, себептерін дұрыс айта алмай, тек салдарын ғана әдемі байқаған болатын еді. Әрі сондай бір кезекті уақытта далаға шөл басып, қуаңшылығы және қыстың ызғары жұт әкеледі. Көшпенділер өз басы қамымен күн көріп, Алаш орда мемлекеті әлсірей бастайды. Оған қоса, жоғарыда айтқандай қара оба індеті көп жер бетіне таралып, көптеген Алаш орда қалаларында әлсіретіп жібереді. Мысалы, Алматы өңірінде 1338-1339 жылдары қара оба індеті бүкіл қаласын жоқ қылады. Тұрғындары індетке шалдығып, қала толығымен қаңырап қалған еді. 1346 жылдар шамасы, Алаш орданың астанасы мен өзге де қала тұрмысына зақым келеді, осы індет кесірінен. Солай, Алаш патшалығы өзінің бұрыңғы мол күшін жоғалтып, әлсірей бастайды.

Содан, Алаш ордадан тараған көптеген көшпенді жұрт Бұхара мен Самарқанд маңайына жинала бастайды. Сол жерде 1370 жылы, атақты Әмір Темір билік басына келіп, айласы мен ақылының арқасында, барлық көшпенді қауымды өзінің қасына жинап алады, және атақты Жібек жолымен жүретін сауда керуендерін өзінің қалаларына қарай бұрып алады. Алаш орда елі әлсіреуінің тағы бір себебі, Еуропалықтар теңіз арқылы Үндістан мен Қытай еліне жол ашып алады. Содан теңіз арқылы жүретін кеме саудасынан пайдасы мол болады. Ал сайын даланың шөл басқан жағдайы керісінше, сауда керуендеріне жол жүруге көп қиындық әкеледі. Міне содан, Еуропа керуендері енді Дешті Қыпшақ даласын айналып өтетін болды. Одан кейін Алаш ордасы ұсақталып, өз ара таққа таластан бытырап, көп патшалықтар жеке дара күн көретін болады. Тағы бір айтып өтейік, Әмір Темір әскерінің күшті болған себебі, олар Амудария мен Сырдария арасында шөлден аман қалған көшпенді елдердің әскерімен толған болатын еді. Ал бүкіл Дешті Қыпшақ даласы шөлді болып, қуаңшылық басып кетеді. Содан Алаш орданың әскері әлсіреп қалған еді. Көптеген мал бағатын көшпенді жұрт, шөлдің кесірінен, өз басының қамымен әлек болады. Тоқтамыс хан өз әскеріне көп қолды жинай алмай қалады. Уақыт өткен сайын, әскері азайып отырған еді.

Енді қайтадан баяғы екі топ иерофант өкілдерін еске алайық. Солардың екі топқа бөліну себебін жоғарыда айтқан едік. Соны қайтадан еске түсірейік, Кез келген мемлекетті тез әлсіретіп жіберу үшін, осы екі топ елдің ішіне іріткі салып, екі жаққа бөліп жіберетін болған еді. Егер ел ішіндегі күш иесі болған топтары провокацияға елігіп, екі топқа бөлінсе, онда иерофанттың екі тобы осы елдің екі жағын қолдап шығады. Содан олар ел ішіндегі азаматтық соғысты басқарып, сонысын өзінің мүддесіне қарай бағыштап отырған еді. Бұнысы әлгі шахмат ойыны тәрізді еді. Иерофант өкілдері шахмат тақтасының екі жағында отырып, кез келген елдің тағдырын ойыншық құрлы көріп, соғысқа итермелейді. Екі жағы соғысып, бірін бірі өлтіріп жатса да, осы екі топ иерофант аман қалып, көзге көрінбей, өз мүддесін атқарып жүреді. Әрине, екі топ иерофант өкілдері сол заманда біздің сайын далаға келмеген еді. Оларды еске салғанымыздың себебі мынау. Кез келген ел, ішінен әлсірей бастаса, сол ел ішіндегі күшті топтардың билікке таласып, екіге бөліну үрдісі

пайда болады. Ол деген адамзат санасына тән, әлеуметтік заңдылық деп білу керек. Және әр бір күш иесі болған адамға, билікке таласқан екі жақтан да елшілер келіп, таңдауын жасауды талап етеді: *ия сен біз жақ боласың! Немесе жаудың жағын қолдағаның!* - деп. Осындай ультиматумға жауап бермеу тіпті мүмкін емес. Ондай жағдай болса, билікке таласқан екі жағы да сені жау деп есептейді. Адамзаттың осы бір заңдылығын пайдаланған иерофант өкілдері, өздерінің саясатын негіз еткен еді.

Енді қараңыз, сонау әлмисақтан келе жатқан дәстүр бойынша, көшпенді елдер алдымен тасып өседі, күшті империя құрып әлемді бағындырады. Артынан табиғат жағдайы нашарлап, алып көшпенді мемлекеттер әлсіреп құлдырайды. Сол кезде көшпенділер, тура осы үлгіні жалғап, өз ара араздасып, ұсақталып, артынан азаматтық соғысқа ұрынатын болған еді. Сондайда билікке таласқан екі жақ, барлық күш иесі болған азаматтарға ультиматум қояды: билікке тартысқан қай жағын қолдайды екен, деп. Енді өзіңіз осы жағдайды қиялдап, елестетіп көріңіз. Сіз бір үлкен рудың басы деп есептелік. Артыңызда қалың ел жатыр. Қандай шешім қабылдасаңыз, осы қалың ел соның зардабын көреді. Егер бағың жанып, сен қолдаған жақ билікке жетсе, бақытың. Ал егер керісінше болса ше? Онда қалың елдің барлығы ауыр кесапатқа ұрынады. Тіпті барлығын жоқ қылуы мүмкін. Қандай шешім қабылдайсыз?

Одан соң, көрегендігі асқан көптеген ру мен тайпа билері, осындай ультиматумға келіспей, көшіп кетіп отырған еді. Онысы да өз қазығын арқалып, тұған елін жамандыққа қимай, еркіндікке толы өмір салтының дәлелі іспеттес, әрекет болады. Қалаға байланып қалған халықтар, осылай көшіп кету мүмкіндігіне, мүлдем қолын жеткізе алмайды. Сол себепті олар, үнемі иерофант өкілдеріне жеңіліп қалады. Ал көшпенді елдің көреген билері мен ру басылары, өздерінің атадан қалған төл дәстүрін қастерлеп, еркін ел өмірін соғыс пен жауласуға қимай, көшіп кетіп отырған еді. Осыдан кейін Керей хан мен Жәнібек ханның, неге көшіп кеткенін енді түсінуге болады. Соларға да, осы кезде сондай талап қойған еді, билікке таласқан екі жағы. Сонда екі жақты да қолдамай, пәледен аулақ біз деп, азаматтық соғысқа ұрынбай, туыс елдерін алысқа қарай көшіріп әкетеді. Содан, біз білген Қазақ ордасы жер бетінде құрылады.

Және өздерін неге «Қазақ» деп атағаны белгілі болды. Олар қазығын еш жерге қадамай, еркіндік өмірді таңдап, өзімен бірге алып жүретінін айналадағы барлық көшпелі елдерге жар салады. Біз билікке таласқан топтардың еш біреуін қолдамаймыз, дегені. Бізге ондай талап қоймаңыз, және азаматтық соғысқа бізді араластырмаңыз, дегені. Осындай өмірлік көз қарасты ұран еткен еліміз, сайын даланың ортасын мекендеген еді. Осыған дәлел ретінде Ақтан Керейұлының өлеңінен бір үзінді:

Қалағандарың сөз болса,  
Мен жырлауға құмармын,  
Шұбалаң құйрық шұбармын.

Шапқан аттай заулаймын,  
Жанған оттай қаулаймын.

Не қылғанмен, дер күнім,  
Бұлдыраған таудаймын.

**Екі атысқан жау болса,  
Арасында панамын.**

Және **Қаз дауысты Қазыбек бидің** (1667-1764) атақты сөзі тағы бар:


*"Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз".*

Міне осылай, Керей мен Жәнібек хандар құрған елдің басты саясаты, еш бір соғысқа араласпау еді. Және соғыс болған барлық көшпенді елдерге, Қазақ ордасының пана болуға әзірлігін, бүкіл Дешті Қыпшақ еліне жар салады. Соның арқасында, Қазақ ордасының шаңырағы аясында біраз елдері мен ру-тайпалары жинала бастайды. Соған тағы бір мысал, осы күндері еліміздің сыртқы саясатынан тура сондай үрдісті көріп отырмыз. Көршілес мемлекеттерде соғыс болған кезде, сол елдің адамдары, пана іздеп біздің елге келген болатын. Жалпы тарихымыз осындай үлгіге толып жатыр емес па? Ұлы отан соғысы кезінде, қаншама босқындары бізге келіп, пана тапқан. Ресей империясы кезінде, құғын сүргін көрген елдері, Қазақ даласына келетін еді. Бұны да әлмисақтан келе жатқан, көреген көшпенді елдің бейбіт және еркін өмір сүруінің нышаны.

Солай барлық көшпенді жұртқа пана бола білген Қазақ ордасы, айналасындағы көптеген елдерді өз құзырына қаратып алады. Оның ішінде, Ойрат, Қырғыз, Ноғай, Қарақалпақ, Қатаған және үш жүздің рулары. Осы жерде үш жүздің аталуын айтып өтелік, неліктен солар **Ұлы жүз**, **Орта жүз** және **Кіші жүз** деп аталған еді. Осыған көптеген нұсқалар мен дәлелдерді келтіреді. Алайда, біз айтатын үлгісі тіпті өзгеше. Осындай атаулардың шығу тегі, рулардың мекен еткен жеріне қарай байланысы бар. Егерде тау жағында тұрып, үлкен дарияның басталатын жерін мекен етсе, сонда осы ұлы дарияның басындағы тайпа болса, оларды **Ұлы жүз** деген, егер дарияның орта тұсында мекен етсе, оларды **Орта жүз** деп, ал дариялардың теңізге құйылатын жерлерін мекен еткен елді **Кіші жүз** деп атаған еді. Соған бір дәлел ретінде, кей рулардың тарихын айталық. Олар басында **Ұлы жүз** ішіне кірген. Артынан солары **Орта жүзге** ауысқаны белгілі. Оған енді, Қазақстан өзен картасын алып қарайық. Ресейдегі Тобольск қаласы өзінің атауын Тобыл өзенінен алып отыр. Ал енді осы өзен арнасын қарап көрсеніздер, арнасы баяғыда Арал теңізіне құйылған еді. Осы алып дария суы тартылып қалған бүгін. Ескі су арнасына бүгінде, физикалық картадан көруге болады. Міне осы Тобыл дариясы төгіліп, тасыған заманда, соның бас жағында мекен еткен ру тайпалар **Ұлы жүзге** кіретін. Ал кейін, дарияның арнасы тарылып, суы тартыла бастаған кезде, осы жерді мекен еткен рулары, **Орта жүзге** жататын болған еді. Жалпы дариялардың аққан арнасын қарап, сайын даланың қанша ма өзендері болғанын, көруге болады. Мысалы Шу өзені мен Талас өзені Сырдарияға құйылған еді кезінде.

Картадан солардың ескі арнасын көруге болады. Оған қоса Аягөз, Бақанас және Тансық өзендері солтүстік жақтан Балқаш көліне құйылатын еді баяғыда. Және Шу өзені оң түстіктен келетін еді. Осы дариялардың барлығы суға толған кезде, Балқаш өңірі малға толып, көшпенді елдері жанға толып өсетін еді. Барлығы мал бағып, еркін өмір сүрген заман. Артынан суы тартылып, елді шөл басқан кезде, жұрттың барлығы босып, жан сауғалап кететін болған. Сондай ауыр заманды естен шығармау үшін, Дешті Қыпшақтың қақ ортасындағы даланың есімін Бетпақ дала деп, оны бекер айтпаған ғой. Мысалы Тынық мұхиты ағылшынша, «Pacific ocean» деп аталады. Және «Pacific» сөзін қазақша, «пацифист» деп аударуға болады. Онысы бейбітшілікті сүйген деп айтуы мүмкін. Алайда, ол кейінгі уақыттағы мағынасы еді. Басында, жауға қарсы соғысудан қашатын адамын, осындай сөзбен сипаттаған болатын. Соның мағынасын қазақша, «бәрі бір» немесе «бетпақтық» деп аударуға болады. Алғашқы кемелері Тынық мұхиты арқылы жүзетін кезде, қандай дауылың болмасын, мұхит негізі ешкімге көмегін бермейтін еді. Беті қалың болып, кемелердің суға батып

кеткенін қарап үндемеген соң, соның атауын осылай «Pacific», немесе қазақшалап «Бетпақ» деп, атаған еді. Тура осылай, Қазақстан ортасындағы кең даланың есімі де сол мағынаны береді. Шөл басып, қуаңшылық заманда, немесе қыстың бораны кезінде, осы дала табиғаты «Бетпақ» болып, адамға еш көмегін бермеген соң, өз атауына ие болды.



Енді тарихымызға оралайық. Сонымен, Қазақ ордасы алып жерді басқарып отырған заман еді. Алайда, көршілес елдер билік пен таққа таласып жатқанда, сондай алауыздыққа Қазақ ордасы да ұрынып, сүрінген еді. Сол кездегі билік басындағы хандардың сабырлығы жетпей, алмисақтан келе жатқан бейбітшілік құндылықты ұмыт қылып, біздің Қазақ ордасы азаматтық соғысқа тап болады. Онысы Еңсегей бойлы Ер Есім ханның заманы еді. Оның тақ иесі болған кез 1598-1628 жылдар шамасы. Ол кезде біздің елді Алты Алаш деп атаған еді. Себебі орданың ішіне алты күш иесі болып, Ноғай, Қарақалпақ, Қатаған және қазақтың үш жүзі кіретін еді. Содан, Қатаған руы Тұрсын ханды жақтап, үш жүзіміз Есім ханды қолдайды. Ал Ноғайлы мен Қарақалпақ соғыстан аулақ болып, қазығын алып бөлек көшіп, Қазақтың ежелгі саясатына берік болады. Содан Есім хан жағын қолдаған үш жүзі басым болып, Есім ханға қарсы шыққан Тұрсын хан өзінің басынан айырылады. Осымен дауды бітірсе болар еді. Алайда, қаны басына шауып, сабырлық жоғалтқан Есім хан, Қатаған руын қырып салады. Нағыз геноцид жасауға бұйрық береді. Сонда қазақтың үш жүзі батырлары көнбей, жауыздыққа жол бермей, қарсы шығу керек еді. Алайда, біз білетін тарих мүлдем басқа жолмен өрбіді. Содан, байқұс Қатаған руы толығымен геноцидқа ұрынады. Ал қазақтың үш жүзі өз басына ауыр күнә арқалап кетеді ғасырлар бойы. Осындай қан төгісті көрген Ноғай мен Қарақалпақ елі жағасын ұстап қалады. Аттарының басын бөлек тартып, бізден аулақ әкетеді. Содан Алты Алаш болған еліміз екі есе азайып, тек үшеуі ғана қалады. Бүгін біз Ресей мен Украина арасындағы соғысқа куә болып отырмыз. Алайда, өз тарихымыздан осындай соғыс 1627-1628 жылдары өткен еді. Қатаған руынан аман қалғандары Шаңышқылы руының ішіне сіңіп кетеді.

Тағы да айтуға тура келеді. Екі жақ билік пен таққа таласып, соғысқан кезде, өз қазығын өзімен арқалап, соғыстан аулақ көшіп кету керек еді сол заманда. Неше мың жылдар бойы болған тарих осыны көрсетіп тұр ғой барлық көшпенді елдерге. Бабаларымыз осындай, таққа талас болмасын деп, ұрпағымыз бірін бірі қырмасын деп, қаланы тастап кеткен еді. Және осы мақсат үшін, ұлы даланың табиғатының қиындығына шыдап, жүт пен шөл басқан кезеңдерден аман өтіп, еркіндік өмір салтын қастерлеп еді. Еш біреудің ала жібін аттамай, және пейлі тарылмасын деген аманат арқалап, мейрімді ғұмыр кешуді үлгі еткен еді. **Сақ** деген сөздің мағынасы да осыда жатыр ғой ағайын! Елдің болашағын ойлап, соғыс пен билік таласынан сақ болғайсың деп тапсырып еді. Ал енді, жазықсыз елдің қанын арқалап, біздің Қазақ ордасы, көптеген қиындықтарға ұрынатын болды. Бұқара халықтың тарапынан, хандардың билікке таласын қолдамауы да осыдан бас алған еді. Осы кезден қалған диалектикалық сұрақтар бар еді:

**Ас бұзылса – тұз түзейді, тұз бұзылса не түзейді?  
Халық бұзылса – хан түзейді. Хан бұзылса кім түзейді?**

Тағы да табиғаттың қиындығын айту керек. Мысалы Ойраттардың Қытай елімен соғысқандығы жерді шөл басып, су арналарының тарылуынан еді. Егер сайын дала ішінде шөбі қалың болса, суы мол болса, онда қалаға барып, солармен соғысудың еш керегі де жоқ болар еді. Ал табиғат жағдайы нашарлаған соң, көшпенді Ойрат елі аштыққа ұрынатын болды. Содан, өз елін сақтап қалайын деген қонтайшылары, елдің барлығын Қытайға қарсы қоя береді. Және Қазақ даласына кіріп, бізге де өз билігін жүргізе бастайды. Ал біздің ордамыз, Қатаған руының қарғысынан аман есен болғанда, Қазақ ордасы Ойраттарға жеңілмес еді. Халқымыздың ішінде ақылды батырлары мен билері шығып, елді бір мақсатқа жинап, аса ақылды ханның туы астында, бастарын берекелі жиін етіп, біріктіре алатын еді. Алайда Қазақ ордасында ішкі ынтымағы әлсіреп, ол кезде жетісіп тұрған жоқ болатын. Содан, біздің барлық рулар мен би басылары, сол **Сақтан** саясатын қолдап, бейбітшілік жолын таңдайды. Және көшпенді жұрт Қазақ даласында да, шөл мен қуаңшылықтан жұтқа ұрынады. Ойраттарға Қазақтардан келер еш пайда жоқ, сол себепті олар бар күшін Қытай жеріне қарай жұмсап жібереді. Ал Қазақ ордасы көп жылдар бойы аса қарсылық көрсете алмай қалғаны, сол кездегі елдің ауыр хәлі болатын еді. Бұл да табиғат жағдайының қиындығынан деп білеміз. Алайда бірте бірте, су молайып, дала көгере бастайды, сол кезде Қазақ ордасын Абылай хан билеп, елдің ішіндегі билері ынтымаққа келіп, Ойраттарға қарсы амал әрекеттерін жүргізіп, әлсіреп қалған Жоңғарларды елден қуып жібереді.

Енді егемендік тұғыры болған тіл мәселесіне ауысайық. Көп ғасырлар бойы қалыптасқан Қазақ тіліміздің құрылу ережелік өрісіне көз салайық. **Сақ** сөзінің қандай мағына беретінін жоғарыда айтқанбыз. Ал осы **Сақтан** саясатының тағы бір дәлелі ретінде, қазақ тіліндегі сөз саптауының үлгісін келтірейік.

*Тартпа. Сүзбе. Саптама. Аялдама. Мінбе. Екпе. Жазба. Таңба. Қақпа. Қойма. Алма. Түйме. Арба (артпа).*

Осындай сөздер толып жатыр. Осылардың мағынасына қарасаңыз: барлығында **ештеңе жасама** дегенін көрсетіп тұр. Бейсаналық түрде, Қазақ халқына ештеңе жасамай, бір жеріңді қысып жүр дегені, сонау көнеден жіберген көрегендердің тапсырған аманаты іспетті болып тұр ғой. Осыны байқайсыз ба? Көреген біздің елдің ақсақал даналары, осындай қан төгіс оқиғалардан кейін, елге бейсаналық түрде, тілдің ішіне енгізіп кеткен, сөз саптауының өзі аңғал қазағымызды сақтасын деген тәрізді. Және Қазақ ордасының болған тарихы, айналадағы соғыстардан аман қалуы осы

**Сақтан** саясатынан болған да шығар бәлкім. Әйтпесе, ойраттар тәрізді жоғалып кетуі де ғажап емес. Бүнгі күннің әлемдегі саяси жағдайы да әлі мәз емес. Бәлкім, осы **Сақтан** саясаты өзінің өзектілігін жоғалтпаған да шығар осы күні. Оны енді алдағы ғасыр тарихы көрсететін болар.

Уақыт өте, Қазақ ордасының хандық билігі әлсіреп қалғаны сонша, артынан еліміз Ресей боданы болады. Соны енді тарихтан жақсы білеміз. Неге солай болды деген сауалға жауап беріп көрелік. Ол үшін дербес мемлекет қандай болатынын ашып алайық. Мемлекет болмысы кемі төрт жүйеге сүйенеді. Төмендегі кестеде сол төрт жүйесінің өз ара қарым қатынасы көрсетілген. Осы кестеге қарап, Қазақ ордасының қандай жерлері осал болғанын білуге болады. Қазақ хандары мен соның қасындағы ақылшылары осы кестедегі тақырып тізімімен, елдің негізін құрайтын ұзақ мерзімді мақсаттарды жоспарлай алды ма? Халқымызда тек, Шаңырақ жүйесі жақсы болған еді. Қалғаны мүлдем жоқ деп айтпасақ та, жоқтың қасы болғаны әбден анық.

Қоғам институттарының берері - дайындауы				
Қоғам институттарының алары – күткені	Шаңырақ жүйесі	Әкімшілік жүйесі	Ғылым жүйесі	Білім жүйесі
	1. Ұрпағын жалғастыру 2. ағайынға қамқорлық <b>3. БІЛІМГЕ құштарлық</b>	Отбасы мен жеке тұлғаның өмір сапасына тиесілі жағдайын жасау және әлеуметтік қауіпсіздікті қамту	Қоғамда орын алған жалпы білімдік деңгейден жоғары дәрежеде, ересек пен жастардың көз қарас аясын кеңейту	Жас ұрпақтың қоғамға тез сіңіп кетуі үшін, білімді және кәсіби болудың бастапқы деңгейін қамту.
	1. Қызметшілер көзі 2. Адамгершілік 3. Әдептілік (Этика) 4. Қоғам тұтастығының мәдени негіздері	1. Басқару жүйесін енгізу 2. Әр салаға арнайы шәкірт сабақтастығы арқылы, кәсіби қызметкерлерді дайындау	Елді басқарудың күнделікті ғылыми әдістемелік жүйесін қамту және саяси бағыттың болашағын анықтау	1. Қоғамның мәдени және саяси тұтастығы негіздерін қамту 2. Басқаратын кәсіби мамандарды дайындау (кадрлар)
	1. Қызметшілер көзі 2. Адамгершілік 3. Әдептілік (Этика) 4. Қоғам тұтастығының мәдени негіздері	1. Жүйелі жұмыс 2. Іргелі ғылыми зерттеуді қолдау 3. Елдің саяси мүддесіне сай ғылыми зерттеу бағыттарын бекіту	Ғылыми зерттеу әдісінің үлгісін жалғастыру және күнделікті шаруашылық саласындағы өзекті істердің ғылыми шешу жолдарын қамту	Кәсіби зерттеушілер мен мамандарды (кадрлар) дайындау
1. Қызметшілер көзі 2. Адамгершілік 3. Әдептілік (Этика) 4. Қоғам тұтастығының мәдени негіздері	1. Жүйелі жұмыс 2. Елдің саяси мүддесіне сай білімге қатысты тапсырмаларын бекіту	1. Дүние танымдық және шығармашылық әдістемесі 2. Дүниетану (білім стандарттардың тақырыбы мен іш құрылысын түсіну) 3. Кәсіби ұстаз мамандар	Кәсіби ұстаз мамандар	

Тіліміздің тағы бір түсініксіз болған жері, адамға қатысты қос атаулары, мысалы:

*Сіз барасыз ба? Біз аулақпыз. Сіз кімсіз? Сіз қайда барасыз? Біз таулықпыз. Мен Қайсармын. Сен мықтысың. Біз базарданбыз. Сеннің дәрігер!*

Осы сөздерге қарап, «сіз», «мен», «біз» сөздері екі реттен қолданылады. Неліктен біз осы сөзді екі рет қолданамыз? Мысалы Өзбектер ондайдан мүлдем ада. Өзбекше сөздері былай болады:

*Барасыз ба? Аулақпыз. Кім сіз? Қайда барасыз? Таулық біз. Қайсар мен. Мықты сен. Базардан біз. Дәрігер сен.*

Қәріптерді неше ауыстырып жүріп, тілімізге көптеген зиянын келтіріп алдық. Осыған жеке көңіл бөліп, тілге қатысты келесі реформа барысында ескеру керек. Ойда болсын ағайын!

Оған қоса, айтатын бір мәселе тағы бар. Онысы, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет бойынша емін еркін көшетін жұрт, көзі ауған жаққа қарай көшіп, кете алатын заман еді. Соның арқасында киелі еркіндікті ұстап қалатын. Қазір барлық жерде жоғары технология мен от қаруы қолданады. Және сауда мен базарлық үшін, қала тұрғызылады әр жерде. Содан көшіп кететін жер көлемі, тарылып қалады. Қайда барсаңда әйтеуір бір қалаға тірелесің. Бұл да адамзаттың дамуының келер сатысы болады. Одан еш қайда қашып, кете алмайсың. Бүгін біз, «Глобализация» процессін қазақшалап, «Жаһандану» деп айтамыз. Осының өзі, еркіндікті сүйген көшпелі елдерді жер бетінен жоғалып, барлығы отырықшы өмір салтына көшетінің нышаны. Өткен «Балықтар» дәуірінің аяқталып сол кеткені. Енді, адамзат келесі «Су құйғыш» дәуіріне, толығымен басып кірді. «Су» дегеніміз, шеті мен шегі жоқ ақпарат пен мәлімет көзі. Осыған, бізге де лайық болу керек.

Сонымен қоса, жоғарыда айтқандай, елді басқаратын қызметкер мамандардың ой өрісі мемлекет деңгейінде болуы шарт қой. Сондай кезде адамның өз еркімен, мойнына алатын жауапкершілік деңгейі әр түрлі болады. Сол жауапкершіліктердің барлығын тоғыз топқа бөлуге болады. Онысы мынау.

	<b>Адамның өз еркімен алатын жауапкершіліктер тізімі</b>
1.	Жеке басының мүдделеріне қатысы бар жауапкершілік;
2.	Туысқан, отбасы, достар арасындағы, күйбең тіршілікке қатысты жауапкершілік;
3.	Қаржы және кәсіби салаға қатысты жауапкершілік;
4.	Таптық (бай – кедей, жеке меншік - қоғамдық) көзқарастағы жауапкершілік;
5.	Түрлі ұлттар арасындағы қарым қатынасқа қатысы бар жауапкершілік;
6.	Діни салаға қатысы бар жауапкершілік;
7.	Жалпы мемлекеттік дәрежедегі жауапкершілік;
8.	Бір неше мемлекетке қатысы бар алып регион көлеміндегі жауапкершілік;
9.	Жер бетіндегі барлық адамзатқа қатысы бар жауапкершілік;

Ал енді осы барлық жауапкершілікке шыдай білетін, көшпенді елдің қанша азаматы өз басының қамымен шектелмей, кең көлемде өз елінің тағдырын ойлап, тереңге ой жүгіртіп, алыстағыны шалып, жоспар құра алатын еді? Өз мемлекетінің туын тік ұстау үшін халықтың түгел азаматы осындай көз қарасқа ие болуы шарт! Осының барлығын, өз тарихымыз бен өткен аталарымызды жамандау үшін, айтып отырған жоқпыз. Осының барлығын айтқан себебі: болашақта еліміздің егемендігін жоғалтпай, еркіндікті ту етіп, мәңгі жасау үшін. Өткеннен сабақ алып, сол қателерді қайталамауы үшін айтып отырмыз. Себебі бүгінгі күні әкімшілік, министрлер, депутаттар және шенеуніктердің ой өрісі қаншалықты терең және көрегендігі басым деп ойлайсыз? Елді басқан

жемқорлық індеті, бүгінгі әр қызметшілердің қай дәрежеде ойлайтынын жақсы көрсетіп тұр ғой. Оны халқымыз көріп отыр.

Сонымен, бүгінгі күні аталарымыз сияқты, алыс жаққа көшіп кете алмаймыз. Әлемде келесі бір дүние жүзі соғысы болуы әбден мүмкін, деп жатыр. Енді біздің ел көшпенді емес, өзі толығымен қала мен жерге байлаулы. Және есесіне табиғат аясы, бізге әзірше жұт пен қуаңшылық ызғарын көрсетіп тұрған жоқ. Әлемді басатын нағыз жұт болашақта бүкіл адамзатты күтіп тұр. Сол жәйлі алдағы тарауларда айтатын боламыз. Алайда, иерофант діни тобы жасаған зұлым кесірі еліміздің ішіне терең сіңіп кеткен. Соның мысалы ретінде, Ватикан папасы Франциск, 2025 жылы қайтыс болған кезде, сонымен бірге Астана қаласында бір КНБ офицері қайтыс болады. Кездейсоқ оқыс оқиға, деп ойлайсыз ба осыны? Ертең Батыс елдері мен Шығыс елдері арасында соғыс болса, ия болмаса Ислам дінін ұстанған елі мен Христиан діні арасында қақтығыстар болса, солардың екі жақ иығында отырған, міндетті түрде екі топ иерофант өкілдері ие болады, астыртын қан төгіске екі жақты айдақтап. Сол кезде бізге де, сұрағын қояды айналадағы провокаторлар: соғыстың қай жағын жақтайсыз? - деп. Сонда біздің елге қайтпек керек? Осыны әзірден бастап, ойланған жөн ағайын. Тарихтың тізбегі бізге сабақ болар ма екен, оны алдағы ғасырлар көрсетер.

Еліміздің ынтымағы мен берекелі ғұмыр кешуі көп білімге тәуелді келеді. Егер Қазақстан елінде барлық көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары білімге ұмтылып, соны жүректің жылылық сезімімен таразылап, елдің игілігіне қолдана білсе – Қазақстанның болашағы бақытқа толы болады. Ал біз сол білімнің қандай түрлері болатыны жайлы, біраз ақпарат жазамыз.

## **Қазақ мемлекетіне қайтпек керек?**

Ұлы даланы мекен еткен көптеген империялар мен қағанаттар, көшпенді елге өзінің ықпалын күш арқылы жүргізбеген еді еш қашан. Көбісі осы жерден шатасады, себебі олардың ойында көшпелі жұрт өте тасжүрек, қатыгез және зұлымдыққа үйір келеді, деп ойлап жүр. Бұндай көз қарас, сонау Иезуиттер ордені жасап келе жатқан, тарих саласындағы провокациясы болады. Ал енді өзіңіз ой салып, көріңіз. Мысалы сіз үйдің еркегі болып, бәріне қожайын делік. Өз үйіңізде әйеліңіз, балаларыңыз, және іні қарындастарыңыз тұрады делік. Сіз оларға қатал ережелерді бек орнатып қойдыңыз делік, енді сіз жұмысқа кеткенде, тұған туысқандарыңыз сол бар ережелерді орындай ма екен? Өзіңіз бала кезде, әкеңіздің айтқанын тыңдайтын бе едіңіз? Ер бала өзі әсіресе ережені бұзуға дайын болады. Сонысымен тентек деген атаққа ие. Еш бір адам, өзіне ұнамаған істі еш уақытта орындамаған еді. Көшпенділер салтына ондай дәстүр мүлдем жат келеді ғой. Ал енді алып империяны алайық. Мысалы хан өз бұйрығын бір алыстағы ру мен тайпаларға айтып еді делік. Содан олар бетіне қарсы шығып айтуға бармады, алайда ханның нөкерлері кеткен соң, оның барлық айтқан сөздері ұмытылып кетеді, елемей. Себебі көшпелі жұрт өзінің еркіндігін ең жоғары құндылық деп есептейді. Егер хан қаулысы ұнамайтын болса, ондай ру немесе тайпалар алысқа қарай көшіп кетеді. Және осымен дала демократиясы, шын мәнді демократия болған еді.

Сонда біз білетін қағанаттар мен дала империялары өз билігін дала жұртына қалай жүргізген еді деген сауал туындайды. Соған жауап берелік. Сонымен, біз айтқандай дала табиғаты жақсарып, жердің барлығы нулы, сулы болса, малдың басы өседі. Сонымен бірге жастардың саны өседі. Ал енді осындай жастардың ауылда не ермек ісі болуы мүмкін? Малды жас өспірім інілері бағады. Ауыл ішіндегі барлық шаруашылық әйелдердің қолында. Көптеген істі қариялар мен ақсақалдар

өздері тындыра алады. Ал жастарға қалғаны тек аң аулап, көкпар тартып, ойын сауық пен уақыт өткізу. Міне осылай, елдің саны өскен кезде, жастар өздеріне еш бір ермек таппайды. Сонымен қоса, жас кезінен құлақтарына әбден сіңіп кеткен, аталарының ерлігі мен қаһармандығы болатын еді. Және жылдар бойы жыршылар көшпелі елдің мәдениетін қалыптастырып өз жырларын айту мен болатын еді. Сол жырларда өмірге қатысты көптеген ақпарат көзі жазылып қойған еді. Және жастарға не істеу керек дегені де жазылған еді. Міне сол себепті, не бір қаған болсын, немесе би әлде хан болсын, өз билігін еркін көшпелі елге жүргізе алмайтын еді. Тек жастардың өздері хан алдына талпынып келген кезде ғана, осындай адамдарға хан билігі өтеді. Тіпті соғыс болған күні де, ханның нөкерлері келіп жастарды күшпен алып кетпейтін. Себебі еркіндікте өскен жігітке күш салатын болсаң, ондай азамат соғысқа мүлдем құштарлығы болмайды. Астындағы аты аман болса, мүмкіндік тауып, өз ауылына қайтып кетеді. Ал егер жас азамат, өз еркімен келетін болса. Және ауылда қалған туыстарына соғысқа кеттім, ерлік жасауға кеттім, деп айтатын болса. Ондай ер азамат еш қашан қашып кетпейді, және хан әскерінің құрамында ерлікпен соғысатын болған. Сол себепті, ұлы дала империялары өте күшті болатын еді. Бірақ барлығы табиғат жағдайына тәуелді болатын, себебі ауылды жұт басатын болса, көшпелі ел соғыстан қашып, өз тұған еліне қайтып кетуге тырысатын, ондай кезде сарбаздарды ешкім күшпен ұстап тұра алмайды. Сонда империя болсын, қағанат болсын, тіпті орда болсын, олардың тұрақтылығы табиғат жағдайына қатты тәуелді болатын сол кезде.

Бүгінгі күні біз мүлдем басқа заманда өмір сүріп келеміз. Қазір еліміз тұрақты болуы үшін көп білім керек, және сол білімге барлық жастар құмар болу керек. Жалпы мемлекет тұрақтылығы сол елді мекен еткен адамдардың білім деңгейіне тәуелді болады. Қоғам ішіндегі әр азаматтың көзі ашық, көкірегі ояу, кез келген білімді игере алатындай қауқары болуы шарт. Жоғарыда біз ұлы отан соғысы кезіндегі партизан жасақтарының аман қалу себебін айтқан едік. Соны осы жерде қайталап өтелік. Сонымен, егер барлық азамат өз елінің болашақ тағдырына немқұрайлы қарайтын болса, *министрлер бар, әкімдер бар, әскері мен ғалымдар бар, соты мен полиция бар, қаржы орталықтар мен банктер бар, заң шығаратын сенат пен мәжіліс бар, солар ойланып елдің қамын жасай берсін*, - дегендей ойлайтын болса. Онда біздің елдің болашағы бұлыңғыр болады. Сырттан келген кеңесшілер, ақшасы мол инвесторлар пара беріп, еліміздің болашағын сатып алуы әбден мүмкін. Немесе елдің ішіне іріткі салып, бар адамдарды бір біріне айдақтап, азаматтық соғыс жағдайына әкелуі де мүмкін ғой.

Жоғарыда айтылғандай, барлық жұмыс көздерін 4 топқа бөлуге болады. Және осы төрт топтың ішінде, білімге құмар болған, еркіндікті сүйетін адамның қай топты таңдайтынын өзіңіз көріңіз:

1) **Қара жұмыс** (мал бағу, көлік айдау, күзетшілік) - бұл жұмыстың ерекшелігі, бас ауыртудың қажеті жоқ. Дене бойындағы қалыптасқан әдет бойынша қимылдайсың, ойың мүлдем басқада қиялданып кете береді. Бастық айтқанды орындау керек, болды.

2) **Орта жұмыс** (мұғалім, аудармашы, тренер, инженер, жазушы) - бұл жұмыста белгілі заңдылықтар бойынша еңбек етесің. Жаңалық ашудың керегі жоқ, тек басқалардың тапқан жетістіктерін анықтап, үнемі заманға сай әдістемелерді үйреніп отыру керек, бас ауыртып. Сол үйренгенің бойынша жұмыс жасайсың. Бір үйреніп алсаң біраз уақытқа азық болады. Сол уақыт ішінде қалыптасқан әдет бойынша қимылдайсың. Мерзімі келгенде жаңа әдістемені қайта үйрену керек болады, ақыл ойды қинап. Бастық айтқанды орындау керек, болды.

3) **Ауыр жұмыс** (ғылыми зерттеулер, табиғат, қоғам, саясат заңдылықтарын зерттеу, тарихты анықтау, Құдайды тану) - бұл жұмыста қалыптасқан әдет бойынша қимылдау мүмкін емес, солай істесең - адасқаның. Керісінше, үнемі жаңа көз қарас керек. Үнемі басыңды ауырту керек. Бар уақытың зерттеумен өтеді, бәрі білетін затқа сын көзбен қарап, жаңа қырынан назар салуды әдетке айналдырасың. Басың ойланудан босамайды.

4) **Ең қиын жұмыс** - адамдарды басқару, елді ұйыта білу. Әрине, егер басқару нәтижесі арқасында барлығының тұрмысы жақсарып тұрса, болашаққа деген үміті өсіп тұрса, адамдарды ізгілікке тәрбиелеп тұрса, жаңа өсіп келе жатқан ұрпаққа сол өнерді үйрете білсе. Осы еңбек ең жоғары деп есептеледі. Осымен ерінбей айналысқан адамдар нағыз еңбек қор.

Осы топтың қайсысы ең көп еркіндік береді адамға? Осыны оқырман өзі ойланып, түйінді ойын шығарсын. Ағылшын тілінде «Know how» және «Knowledge is power!» сөздері бар. Осы сөздер бекер айтылмаған еді. Ішінде жатқан астыртын ойы, «мен білемін, сен білмейсің, сондықтан мен сені билеймін» дегенді айтып тұр. Кімнің қолында білімі бар, соның қолында көп билік бар, деп жар салып тұр әлемге: қазақшасы «мен білемін, демек мен билеймін!».

Енді тарихтан бір неше мысалдар келтіріп өтейік. Қытай елінде егіндік өнімін өсіру үшін, түрлі зиян әкелетін жәндіктердің көзін құрту керек деген қаулы шығады. Содан елдің барлығы кірісіп, жаппай торғайларды өлтіре бастайды. Содан торғай саны азайып, қоңыздар көп болады, содан барлық бидай өнімі осы қоңыздарға жем болып, елдің барлығы жаппай аштыққа ұрынады. Амал жоқ, Қытай елі көршілерден осы торғайларды сатып алуға тура келеді. Тағы бір мысал, Қытай елінде ат жалман тышқандарға қарсы науқан жүргізіп, елге тапсырыс береді. Ат жалмандарды өлтіріп, мемлекетке тапсырса, ақша береміз деген екен. Содан қара халық, осы ат жалмандарды өлтірмек түгілі, керісінше асырайтын болды. Әр кім өз үйінде, соларды өсіріп, әкімшілікке көп етіп тапсырып, содан ақша тауып бизнес жасай бастайды. Тағы да бір тарихи факты. Көп темір балқытып шығару керек деген науқан басталады. Содан барлық Қытай елінде темірді балқыту үшін соған лайық орындарды дайындау керек болады. Оған кәсіби мамандар жетпейді. Алайда, істеп тұрған көптеген өзге өндірістерді тоқтатып, тіпті егіншілер мен малшылардың барлығын осы темір балқыту өндірісіне күшпен әкеліп салады. Ол темірді балқытуды ешкім жөнді білмей, темірдің орнына өте төмен сападағы шойын тастары ғана пайда болады. Және істеп тұрған өзге барлық өндіріс көзі толығымен тоқтап, құлдырап кетеді. Елдің барлығы аштыққа ұшырайтын болды. Қытай мемлекеті осындай білімі таяз саясатынан көп зардап шеккен болатын кезінде.

Осман империясының неліктен ыдырап құлағанын білесіз ба? Себебі сол империяның билік басында отырған хандарының экономикадан еш білімі болмаған еді. Соның кесірінен қарызға батып, олар Ұлы Британия мен Франция елдеріне қаржылай зор қарыз болады. Сол қарыздарды қайтара алмай, Осман империясы құлап, көп жерлерінен айырылып, орнына Түркия мемлекеті қалыптасады. Жоғарыда жазғандай, әлгі Дёнме құпия қозғалысы, Осман елінің құлауына көп ықпал жасаған екен. Сонда осы экономика саласындағы білім бүгін біздің жастарда мүлдем жоқ. Ол туралы ақпарат кітаптарда жазылмаған. Әр азамат бүгін экономика орнына дана Аристотель кезінде айтқан, Хрематистика ілімін оқып жүр. Сол себепті біздің елде де және Түркия елінде инфляция шарықтап тұр. Арнайы бір тарауда біз экономиканың қандай болатынын ашық жазып көрсетеміз төменде. Және елдің сыртқы қарызы не себептерден шығатынын да айтамыз.

Енді Индостан еліндегі мысалды айтайық. Сол жердің табиғаты жылы болған соң, ол жерде көп ағаштар өсетін. Солардың ішінде жеміс беретін ағаштар да аз емес. Және бір ағашы бар, жемісі

нан дәміне ұқсас екен. Егер бір отбасында осындай бір ағаш болса, осы ағаш жүз жыл ішінде, бүкіл отбасын асырай алады екен. Сол ағаштың жемісін алып, оны тас диірмені арқылы қолмен ұнтақтап, содан нан пісіруге болады екен. Он адамы бар отбасын осындай ағаш жылдар бойы асырай алады екен. Ағылшындар осы елді бодан қылып алған соң, ең алғашқы бұйрығы ретінде осы ағаштарды кесіп тастауға бұйрық береді. Әрине, онысын құлықпен жүзеге асырған еді. Осы ағаш тек махараджаларға ғана тиесілі, сол себепті қара халық өзінің лас аяқтарымен, және кір қолдарымен осы киелі ағаштарды былғамау керек, деген сылтаумен кескізеді. Әр бір кесілген ағаш үшін алтын төлейміз деп, Үнді еліне жар салады. Содан, елдің барлығы алтынға алданып, осындай ағаштың барлығын кесіп тастайды. Содан 1943 жылы Бенгалия деген елді мекенде, көп адамдар аштықтан қырылып қалады. Біз 1934 жылғы Қазақ даласындағы аштық жәйлі жақсы білеміз. Алайда, Бенгалия елінде 1943 жылы 3.8 миллион адам осы аштықтан қырылып қалады. Оның себебі, барлық азық түлікті түгелімен Ұлы Британия өзіне алып кеткен еді, сол кезде. Қара халық, еш бір азық таппай қалады. Ал егер әлгі нан ағаштары көп болса, сонша адам аштықтан өлмес еді. Сонда келесі сұрақ ойға келеді, осыны біле тура, неліктен Үнді елінің билік басында отырған қызметкерлері, осы нан ағаштарын барлық жерге отырғызбаған екен осы күнге шейін? Егемендік алғалы қай заман! Содан бері неше жыл өтті? 2025 жылы Ұлы Британиядан егемендік алғалы 78 жыл болады екен.

Тура осындай сұрақтарды, өзіміздің Қазақстан билігіне қоюға болар еді. Соншама жылдар бойы мұнаймен бірге шығып жатқан газды ауада өртеп жатырмыз. Неге? 2020 жылы Қазақстан жерін Ковид індеті басқан кезде, елдің барлығы өзіне дәрі дәрмек таба алмай қиналған. Ал қоймалар ішіндегі дәрі дәрмек толып жатқан болса да, оларын халыққа сатуға қатал тиім салған еді. Сонда адамдар қайтыс болған кезде, биліктегі қызметшілер Астана күнін тойлап салют атқанын бәріміз көрдік. Тағы сол «неге» сұрақ шығып тұр. Әлемдегі дамыған елдері, бар көмірден түрлі құнды қосымша өнімдер шығарып жатыр екен. Ал біз болсақ баяғы көмірді тас түрінде өртеп қолданып келеміз. Неге осы өндірістерді іске қосып, өз елімізге қосымша қаражат көзі етіп жұмсамаймыз? Бразилия елінде барлық көліктері, этилды спирт құйып жүреді екен. Сондай жанар майдан ауаға еш түтін де шықпайды. Ауаны ластамайды, біздің бензин немесе дизель тәрізді. Сонда еліміздегі көмірден этилды спирт шығарып, бензин орнына қолдануға болар еді. Бірақ, соған керек білімді адамдар елімізде тапшы. Әлемде көптеген аурулардың түрін емдеу мүмкіндігі, жоғары дәрежеге жетіп қалды, алайда біздің елде, қарапайым жеңіл аурулардан адамдар мерт болып жатыр. Тағы сол білім таяздығы. Екіншілікте суғаратын су көлемі мол қажет етеді, енді сол жауын мен қардан жиналатын судың көлемі біздің елде өте көп. Егер осы жерге түскен мол көлемді, су қоймасына сақтап қалсақ, даламызды шөл баспайтын болар. Тек осыны жасауға білімді мамандар керек. Ал бізде сондай кәсіби мамандарды дайындауға білікті ұстаздар жоқ па? Осындай сұрақтар толып жатыр. Биліктегі адамдарды сөгу оңай ғой бізге. Алайда өзіміз көп білімге құмар емеспіз. Неге?

Ал егер белсенділік танытқан азаматтарға толы қоғам болсақ, және әр азаматы түрлі әлеуметтік саладан хабары бар, әлемдегі өзге мемлекеттердің қолданатын тәжірибесін жақсы білетін болса. Егер барлық азаматтарымыз: «сен тұр, мен атайын», деп өз білімі арқасында ұйымшыл болып, түрлі шешім жолдарын билік пен жаппай халыққа ұсынатын болса, ондай елдің қызметкерлері мен заң шығаратын депутаттары да елдің көңіліне назар аударатын болады. Осы тәрізді, елге тиімді көптеген ақпарат барлық әлемде бар. Және ғаламторда тегін жарияланып жатыр, соны зейінмен іздеген адам болса. Соларды жинастырып, өз елімізге әкеліп енгізетін болсақ, пайдасы көп болар еді. Және бағалардың жыл сайын өсуіне аз да болса тосқауыл болары анық. Кез келген білімнің өзіне сай заңдылықтары бар. Соларды бір шолып көрейік.

Енді осы көптеген білім көздерін өз ара біріктіріп, алты топқа бөліп қойдық. Осы ақпарат тізімі, табиғаттың заңдылықтары болып есептеледі. Солардың әр қайсысын төменде ашып көрсетеміз. Бұлар туралы әр азамат біліп жүрсе игі, себебі осы заңдылықтарды бұзбай, мемлекеттің жұмыс істеу жүйесін сол заңдылықтарға сәйкес атқаратын болсақ, ешбір сырттан келген күш біздің елді шайқап, құлата алмайтын болады. Енді біз сондай заңдылықтарды тізбектеп айталық.

	<b>Тіршілік аясын толығымен қамтыған заңдылықтар тізімі</b>
1.	Жер шардың жалпы биосфералық заңдылықтары
2.	Адамға тән биологиялық заңдылықтары
3.	Ноосфералық және Сенін-нанымдық қарым қатынас заңдылықтары
4.	Әлеуметтік және мәдени негізін құрайтын заңдылықтар
5.	Шаруашылық істерді тындыратын экономикалық заңдылықтар
6.	Елді өз ара ұйытып, іс барысында адамдарды берекелі басқарудың заңдылықтары


Осы алты топталған заңдылықтарды әр адам ізденіп жүріп, үйренсе игі. Өз ісіне мұқият болып, осы заңдылықтарды қадағалап, соған қайшы келетін істерге жол бермесе, еліміз бақытты және берекелі болуы әбден мүмкін. Енді осылардың әр қайсысын жеке жеке алып, қарастырып өтеміз. Алдымен жалпы тіршілік иесі болған барлық жәндіктерге қатысы бар саланы алып көрейік. Бұл жерде ескеретін көп ақпараттар бар, солардың бір нешеуін мысал ретінде айтамыз.

Тағы бір ескертетін жері бар. Бұл кітапта біз тек мысал ретінде ғана түрлі ақпараттарды жазып отырмыз. Ал кез келген сала бойынша ізденетін адам, өзі ғаламторды зерттеп, одан да мол білім тауып ала алады. Бұл жерде біз барлық ақпаратқа сын көзбен қарап, қисынға салып, барлығына бірден сенбеу керек деп ескертеміз. Барлық ақпаратты өзінің өмірлік тәжірибесі арқылы сүзгілеп өткізу керек міндетті түрде. Ойды ой қозғайды, сол себеті, осы кітаптағы мәліметтер сізге де ой азығы ретінде көмегі тиер деген үмітіміз бар. Ниеті таза, пейілі кең азаматқа Құдайдың өзі де көмек береді ғой. Соны да ескеру керек.

## **1. Жердің жалпы биосфералық заңдылықтары**

Осы әлемді Құдай әдемі етіп жаратқан еді. Бұл тірі әлемнің барлық саласы бір бірімен тікелей байланыста тұрады. Әлемнің бір жағында шөл басатын болса, соның салдарынан екінші жағына жауын мен боранды құйындар төгілетін болады. Бір жерде Арал теңізінің суы тартылып жатса, басқа жерде, тау басына Арал тұзы жиналып, сол таудың мұздары еріп бастайды. Егер ақбөкенді біз атып бастасақ, ертең соның зардабы басқа жерінен өзіміздің басымызға кесапат әкеледі. Сол байланыстарды зерттеп, білу керек барлығымызға. Мысалы мұхиттардың бетінде көптеген лас қоқыстан жасанды аралдардың көлемі Қазақстан жерінен басым келеді. Солардың кесірінен көп су балықтары қырылып жатыр. Ал осы табиғат үшін кім жауап беру керек? Тағы сол білім аздық етіп, қолды байлап тұр. Соның кесірінен жердің суы ластанып жатыр.

Суретте қоқыстан құралған аралдың бейнесі. Және әр мұхитта осындай лас қоқыс толып жатыр. Осының кесірі ертең бүкіл адамзатқа тимесіне кім кепіл? Біздің өндіріс саласындағы білместік көрінісі. Және жоғарыда айтқандай, жауапкершілікті қандай көлемде алып отырмыз біз? Егер тек жеке басының пайдасын ойлаған адам болса, онда бір нәтиже болады. Ал егер білімге үйір болып, жасаған өнімнің салдары бүкіл әлемге әсерлі ықпалын ескеретін жауапкершілік алатын болса, ондай кезде нәтижесі де мүлдем басқа болатыны анық. Келесі мысалға көшелік.



Жоғарыда айтқандай, алдыда бүкіл жер шарды нағыз аштық көзі күтіп тұр. Сол туралы айталық. Осыдан екі жүз жыл бұрын, жердің құнарлы көлемі қаншалықты тереңде жатыр деп, бір Ресей ғалымы қазып көрген еді. Содан 8 метр жердің тереңдігіне үңіліп, топырақтың құнарлы болған үлесін көріп, осыны үлгі ретінде Парижде өткен әлемдік көрмеге апарып, елдің барлығын таң қалдырған еді. Содан осы факт жаңалықтарға жазылып, бекітілген болған еді. Енді, бүгінгі күні жер бетіндегі қай жақты барып тексерсеңіз де, бір метрден артық құнарлы топырақ табу мүмкін емес. Екі жүз жыл ішінде, жер бетіндегі барлық құнарлы топырақтарды адамзат құртып болды. Оның себебі, жер жыртудағы қолданылатын технология кесірі. Темір соқамен жерді жыртатын кезде, ішіндегі барлық микробтар қырылып қалады екен. Содан барып, жерге химияға толы улы қоспаларды салып жібереді. Және осындай үлгімен өсірген азық түлік, жылдан жылға жердің құнарлығын мүлдем жойып жібереді. Содан тек химиялық қоспалы витаминдер арқасында өнім көріп жүрміз. Ал осы химия ықпалынан, өсіп шыққан азық түлік өнімі, ішіндегі барлық қоректік пайдалы заттар, өз күшін жылдан жылға азайтып келеді екен. Осы туралы еш жерде еш кім тыс жармайды. Себебі, бір екі ғасырдан кейін, жер бетіндегі көптеген егінді аймақтар қолдануға еш жарамайтын болады.

Бүкіл әлемге әйгілі болған Билл Гейтс, өзінде бар ақшасын жер сатып алуға жұмсап жатыр екен. АҚШ еліндегі ең ірі латифундист болған адам осы Билл Гейтс. Оған қоса, Жаңа Зеландиядан күнде бір неше ұшақ шығып, АҚШқа таза өнімді жемістер мен көкөністерді алып барады екен. Күнде ұшады, және сол өнімдерді елдің байлары жеп отырады. Ал барлық қарапайым халыққа химиялық ГМО өнімдерін беріп жатыр. ГМО өнімдерін жеген адамдардың шөберелері ұрпақ бермейді екен. Соны ғалымдар енді ғана зерттеп көздері жетіп отыр. Себебі алғашқы ГМО өнім сатылғалы, соларды өмір бойы жеген адамдарды зерттеген екен осы уақыт ішінде. Сонда олар балалы және немерелі болған. Ал енді шөберелері бала көтере алмайды екен жаппай барлығы. Осы туралы ақпараттарды барлық жерде жасырып, елге ашық түрде көрсетпей жатыр. Биолог мамандарды еш бір ресми ақпарат құралдары ашық шығарғызбай жатыр. Себебі бұл да кезекті жұт тәрізді, адамдарға көп зиян әкелетін жасырын қару іспеттес.

## ЖЕМІС ЖИДЕК ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚОРЕКТІК ПАЙДАЛЫ ЗАТТАРДЫҢ ЖОҒАЛУ КӨРІНІСІ

GEIGY PHARMACEUTICAL COMPANY ШВЕЙЦАРИЯ АНАЛИЗ В МГ НА 100 Г			1985	1996	2002	АЗАЮЫ %
 <b>БРОККОЛИ</b>	КАЛЬЦИЙ	ФОСФОР	103	33	28	- 73%
	КИСЛОТА		47	23	18	- 62%
	МАГНИЙ		26	18	11	- 55%
 <b>КАРТОП</b>	КИСЛОТА		14	4	3	- 78%
	МАГНИЙ		27	18	14	- 48%
 <b>ТАМЫР ЖЕМІСТЕРІ</b>	КИСЛОТА		37	31	28	- 24%
	МАГНИЙ		21	9	6	- 75%
 <b>ШПИНАТ</b>	КИСЛОТА		62	19	15	- 76%
	ВИТАМИН С		51	21	18	- 65%
 <b>БАНАН</b>	ВИТАМИН В6		330	22	18	- 95%
	КИСЛОТА		8	7	7	- 12%
	КАЛЬЦИЙ	ФОСФОР	23	3	5	- 79%
	МАГНИЙ		31	27	24	- 23%

Ғалымдар бүгін әр өсімдік ішіндегі қоректік пайдалы заттардың көлемін айтып жүреді. Алайда жылдар бойы тексеріп келген нәтиже мәз емес болып тұр. Оның себебі, барлық жердегі құнарлы топырақтың мүлдем жоқ болып кеткенін көруге болады. Химиялық заттар өсімдіктің қаңқасын ғана өсіріп шығаруға көмек береді. Өсімдік көлемін өсіріп алады, ал ішіндегі витамин құрамын толтыру үшін, өсімдікке микробтар керек. Бір текше метр жерде он миллиардтан артық микробы болу керек екен. Солар ағзаға керек барлық витамин көзін жинап береді екен және соны тамыры арқылы өсімдіктер өз бойына жинап алады. Сондай тағам жеген адамның ағзасы күшке толады. Ал іші бос, тек қаңқасы бар өсімдіктер химиялық дәрімен өскен болса, ондай көкөністер, жеміс жидектер, адамға еш пайда бермейді. Осы адамдар тіпті жас кезінен өліп кетуі де мүмкін. Бүгін көптеген дәрігерлер көріп жүр, аурулардың тізімі жасарып барады. Баяғыда, тек кәрі адамдарда кездесетін аурулар, енді жастардың бойынан табылып жатыр екен. Жоғарыдағы суретте пайдалы заттардың азайғанын көруге болады. Және осы статистика 2002 жылға дейін ғана ашық түрде жария еткен еді. Содан кейін осы жайлы барлық ақпаратты жасырып қойып жүр. Кім де кім егер


осы саланы зерттеп көремін десе әлемдегі болған «күтпеген өлім синдромы» туралы оқи алады. Ағылшын тілінде ол «Sudden Death Syndrome» деп аталады. Тек қайталап айтамыз, осы тақырып бойынша, барлық ақпарат құпия болып жасырынған.

Енді топырақты қалай құнартуға болады деген сауалға жауап берейік. Австрияда өмір сүрген бір зерттеуші ғалым осы залалдың шешімін тауып қойған еді. Оның есімі **Зепп Хольцер**. Және осы кісінің берген ұсынысы «**Пермакультура**» деп аталады. Табиғаттың ішкі заңдылықтарын бала кезінен байқап, зерттеп келген осы адам, өте керемет үлгілерін көрсетіп берді. Соның көптеген кітаптары бар, және тегін ғаламтордан сол кітаптарды алып оқуға болады. Бұл жерде тек әдістер ғана емес, жалпы табиғат аясындағы қолдануға болатын амалдардың шексіздігін көрсетіп отыр. Табиғатқа шын ықыласпен қарап, зейін қойып зерттейтін болса, сізге көптеген мүмкіндіктер көз алдыңызда ашылатын болады. Егер осы Пермакультура тәрізді жолдармен, жерге егін салатын болса, жердің құнарлығы жылдан жылға жақсарып шығады. Жер ананың айтар рахметі шексіз болады міндетті түрде. Тағыда айтуға тура келеді – егер біз жердің құнарлығын жақсартпайтын болсақ, барлық адамзатты бұрын соңды болмаған аштық күтіп тұр. Біз келешегімізге құм және шөл басқан даланы қалдырып жатырмыз. Ал осы мәселені қолға алу үшін, барлық адамдар қала өмірінен кетіп, ауылды жерге бару керек. Және жәй бара салмай, сондай білімге қолын жеткізіп, барған ауылында осындай технологияны қолдану керек. Тағы бір өте маңызды тақырып, ішетін судың аздығы. Ал осы бұлақтың көзін қалай қолдан жасап ашуға болатыны жайлы Зепп Хольцер өз кітабында әдемі етіп, айтып берген болатын еді. Кім де кім, ауылды жерде осы әдісті қолға алып, іске кірісетін болса, бір неше жерден тұмба бұлақтың көзін ашып, өзіне ішетін су жүйесін жасап алатын болады. Тек білімге құмарлығы болса болғаны. Әрине осы жерде оқырман айтуы мүмкін, осыған керек қаржы мен қаражатты қайдан аламыз? - деп. Оны да осы кітаптың жеке тараунда айтамыз. Онысы Экономикаға қатысы бар заңдылықтарды ашатын кезде жазылады. Қаражатты табудың өзі де білім ғой. Оны да бәрімізге білу керек әрине.

Келесі айтатын тақырып су жайында болмақ. Жалпы су деген ауылды жерде өте керек дүние. Ол сіз өмір де жоқ, тіршілік те жоқ. Алайда біз судың көптеген қасиетін толығымен білмей жүрміз. Осы жерде тағы бір Австриялық ғалым зерттеушіні айту керек. Оның есімі: **Виктор Шаубергер**. Және «Су қуаты» деген керемет кітабы бар, ол да тегін ғаламторда жарияланған. Мысалы судың бір қасиеті, ол ағатын кезде спираль тәрізді оралып қалады екен. Және оның оралуы екі қабатты болады. Мысалы барлық жерге қазылған құбырлардың қызмет көрсету мерзімі 20-30 жылға ғана жетеді. Содан кейін, сондай темір құбырларды қазып алып, жаңасын көму керек. Жыл сайын әр қалада, осындай құбырларды ауыстыру науқаны жүріп жатады. Жолды қопарып, асфальтын алу мен, жаз бойы жұмысшылар әлек болады. Ал егер Виктор Шаубергер айтқан тәсілмен құбырлар ішіне қос спираль тәрізді жолақтарды орнатсақ, судың өзі осы құбырмен ағатын кезде, ішін егеу тәрізді кеміріп, тазалап отырады. Сондай құбыр көп мыңжылдар қызмет ететін болады. Бір рет қазып, артынан соны ауыстырудың еш керегі де болмайды. Бұл да білімнің жоқтығынан болып тұр ғой. Тағы бір мысал, Алматы қаласында арықтар жүйесі баяғыдан бері бар. Және, бір неше су өзендері таудың етегінен ағып жатыр. Осы өзендер мен арықтар жүйесін, Виктор Шаубергер айтқан әдісімен жайсайтын болсақ, сол арықтағы су өте таза болып шығады өздігінен. Онысы да судың бойындағы бар қасиеті, тек соны біз білмей келеміз, әттең. Тағы бір мысалы, көп қабатты әр үйдің тұрғыны біледі, канализация құбырлары толып қалады. Осыдан иісі сасып, суы тасып, төгіліп жатады. Қаланың шұғыл қызметін шақырып, құбырларды тазалаумен әлек боламыз. Ал егер осы канализацияның құбыры қос спиральмен жабдықталатын болса, сондай құбыр мүлдем бітелмейтін болады. Себебі сұйықтық су егеу тәрізді, құбыр ішіндегі барлық қоқысты ұсақтатып

жібереді. Және сол құбырлары мәңгілік жұмысын жасай береді. Бұл да білім таяздығын көрсетіп тұр ғой.

Енді келесі Австриялық зерттеушіні айтамыз. Оның есімі **Эрвин Тома**. Осы кісінің кітаптары да тегін ғаламторда жарияланған. Біз ағаштан жасалған өнімдерді аса көп қолданбаймыз, себебі ол көп әуресі бар, деп ойлаймыз. Енді сол табиғи таза ағаштардың орнына, химиялық қоспалардан тұратын ДСП, ДВП, немесе тіпті гипсокартон құрылыс материалдарды қолданамыз. Үйді кірпіш пен түрлі газоблок, пеноблок арқасында тұрғызамыз. Ал негізі ағаштан соғылған үйі, адамға ең қолайлысы болып тұр. Және Эрвин мырза ағаштарды қай кезде кесу керек екенін айтып отыр. Ағаш жалпы өте керемет өсімдік. Кез келген ағаш жаз бойы, өзінің ішіне керек көптеген қанты бар элементтерін жинайды. Соның ішінде: лактоза, сахароза, фруктоза, мальтоза және глюкоза. Міне осы тәттілерді жақсы көретін қоңыздар, кесілген ағаштың ішіне барып, соларды жеу үшін кез келген ағашты шірітеді екен. Алайда, жылдың суық мезгілінде, айдың азайған кезінде, осы тәтті заттары азайып, жоқ болады екен. Осы кезден кесілген ағаш, мың жылдан артық шірімейді екен. Жапон елінде 800 жыл бойы тұрған шіркеу бар екен. Ол толығымен ағаштан тұрғызылған үй екен. Ағылшын жерінде де, сондай көп ғасырлар бойы тұрған ағаш үйлері бар. Мысалы біз қолданатын бетон, цемент қоспалары адам ағзасына да, және жердің табиғатына да, өте зиянды келеді. Ал сондай ағаштың түрі, ден саулыққа пайдалы. Және осы Эрвин Тома зерттеп, ағаштың отқа шыдамды болуының мүмкіндіктерін тапқан екен, соны кітабында жазып отыр. Еуропалық тексеру комиссиясы келіп, бетон мен осының ағаш іргесін салыстырып тексерген екен, ағаштан жасалған іргесі өртке шыдамды болып шығыпты, ал бетон ішіндегі темір арматурасы балқып кеткен екен сол кезде. Арматурасы балқыған бетон жарамсыз болады. Ал ағаштан жасалған үй іргесі, тек сыртынан бір беті қарайып қалған да, алайда жары оттың ыстық лебін өткізбей қойған екен. Егер әр адам, ауылды жерде ағаштарды отырғызуды дәстүрге айналдырып, отырғызатын болса, ондай ағаштарды Эрвин Тома айтқан әдісімен кесіп алып, содан ағаш үйлерді тұрғызатын болса, ондай үйлер бір неше мың жылдар бойы бұзылмай тұрады. Сонда бетон мен кірпіштен үй салудың еш қажеті де жоқ болады. Және мықты ағаштан салынған, көп қабатты үйлері тағы бар екен. Енді осы білімді зерттеп, игеріп, елімізде кеңінен қолданатын болсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Тағы да сол білімнің аздығы қолымызды байлап тұр емес па.



Осы сурет, «Eumenopolis: The Inevitable City of the Future» кітабында 1974 жылы жазылған еді. Авторы Константинос Доксиадис. Қазақшасы «Экуменополис: болашақтың күмәнсіз қаласы».

Әлемнің ғалымдары зерттеген еді, жоғарыдағы сурет бойынша, әр жер телімінің мөлшерімен 40 пайызы толығымен жабайы табиғатқа тиесілі болу керек екен. Ол жерге еш адам аяқ баспай, тек аңдар мен құстар ғана өмір сүру керек. Сонда табиғат өзінің тазалығын реттеп үлгереді. Содан соң, тағы 42 пайызы табиғатқа тиесілі болу керек, бірақ ол жерге адамға баруға рұқсат беріледі. Серуендеп, табиғи туризм тәрізді, балық аулап, дегендей. Ондай жерде тұрақты еш қандай үйді салуға болмайды. Тас жолы да болмау керек. Сонда қалғаны 18 пайызы ғана екен. Міне осының ішінде, 10.5 пайызы егіншілік мақсатына жұмсалып, 7.3 пайызы тұрғын үйлер мен ауылдарды және қалаларды салуға жұмсауға болады. Сондағы қалған 0.2 пайызы, ауыр өндіріс көзі болған зауыттары мен фабрикаларға жұмсалуды керек екен. Бұдан жер анамыздың экологиясына көмегі өте зор болар еді. Жалпы біздің жеріміз, келешек ұрпаққа аман есен жетсін десек, жаппай адам баласы ағаштарды отырғызу керек. Және статистика бойынша отырғызылған 100 көшеттің тек 3 данасы ғана үлкен ағаш болып шығады екен. Қалған 97 көшеті толығымен өсе алмай, көп түрлі себептермен өліп қалады екен. Сондықтан жылына 100 ағаш отырғызу әр адамның мойнынында. Сонда осы жүз ағаштың тек үшеуі ғана өсіп шығады.

Табиғатқа қатысты экологияның өзіндік заңдылықтары бар, осыны ескермейтін болсақ, көптеген қиындықтарға тап болып, зардабын көреміз. Осыны есте сақтау керек барлығымызға. Әзірше өзі бірақ планетамыз бар. Егер осы жер шардың экологиясын сақтай алмай қалсақ, болашақ ұрпаққа өмір сүруі қиын болады. Осының барлығы, білімнің таяздығынан және әр адам өз жауапкершілік деңгейін, жеке басының қамымен шектеп қойғандығы болып тұр. Сондай жауапкершілік деңгейі жоғары болған сайын, көп білім көзі керек болады. Ал біз келесі заңдылыққа ауысайық.

## 2. Адамға тән биологиялық заңдылықтары

Адам баласында, басқа жәндіктерден көп айырмашылығы бар. Оны бәріміз жақсы білеміз. Оның ішінде болашақты қиялдап жоспарлай алатыны. Әр адамы тағы түбі өлетінін біледі. Осы өмірдің аяқталып, о дүниеге өзімізбен бірге еш бір дүниені немесе байлықты алып кете алмаймыз. Соны да білеміз. Тағы бар адамға тән қасиеті, адам өзіне сын көзбен қарап, өткен қателерден мол сабақ алып, өзіне қатысты қандай жағын жақсартуы керек екенін де біледі. Және адамды сыртынан еш кім өзгерте алмайды. Әр адам, өзін өзі ғана өзгерте алады. Ал егер өзіне лайықты жоспар құрып, күнде амалын жасайтын болса, өзгеруі әбден мүмкін.

Жоғарыда айтқандай, адам үш тұғырдан тұрады. Онысы, Абай айтқандай: жылы жүрек, ыстық қайрат және нұрлы ақыл. Осы үшеуіне бірдей ие бола білген адам **есті** деп есептеледі. Себебі өз ақылын дамыта білсе, қайрат/жігерін қайрай білсе, және барлық істе жүрек жылылығын салып, ашуға берілмей, сабырмен шешім қабылдайтын болса. Сондай адамы **есті** болып өседі. Соны әр кез, өзіміздің әке шешемізден естіп өскен едік қой. Осының барлығын өзінің әке шешесінен, әже атасынан қарап үлгі алса игі. Алайда осы күні біз ұрпақ арасындағы бар байланысты үзіп алдық. Сол себепті, шаңырақ аясындағы тәрбие жүйесін қайтадан жолға қойып, іске қосу керек. Онысы тағы бір ғасыр уақыт алатын шығар, кім білсін. Алайда осы бастан, әр адамы өз үйіндегі бесігін түзейтін міндеттің бар екенін ескеру керек. Егер ел боламыз деген арманы болса.

Сонымен біз баланың дүниеге қалай келетіні жайлы айталық. Осыдан жүз жыл бұрын, барлық жүкті әйелдер өз үйлерінде босанатын еді. Ал бүгін перзентханаға барып босанатын болды. Енді

осы босанудың қалай өтетінін айтып кету керек. Себебі осы жерден көптеген қиындықтар тізімі басталып, артынан адамның ағзасына көп кесірін көрсетеді. Әйел адам жатып босанады. Неге? Баяғыдан бері қалыптасқан көшпенділердің үлгісі ретінде, киіз үйдің ішінде арқан керіледі. Сол керілген арқанға сүйенген еді жүкті әйел. Осылай жердің гравитациялық тартым күші де демеу береді нәрестенің босануына. Ал қазір, әйел адам жатқан соң гравитация мүлдем көмектеспейді. Және құрсақтағы балаға босануда, омыртқаның соңғы сүйегі болған құйымшағы жоғары шығып тұрған соң, кері әсер беріп, босануды қиындатып жібереді. Содан «кесарево» жасап, босандыра салады. Ал баланың жатырдан табиғаттың күшімен қысылып шығуы өте маңызды, себебі жас денені қатты қысып алған кезде, оның ішіндегі керек процесстерді оятады. Жалпы біздің қоғам осы босанудың қалай өту керек екенін толығымен шет елдің ғалым мамандарына беріп қойған. Себебі босануда керек барлық құрал жабдықтар толығымен шет елден сатып алынады. Дәрігер мамандар осы салада, тек шет елдің берген ақыл кеңесімен жұмыс жасайды. Бізге Дүниежүзілік Денсаулық Ұйымы қандай бұйрық берсе, біз соны еш талқылаусыз қабылдап, орындаймыз. Осы жерде тағыда құлдық сананың түпкі себебін еске түсіру керек болып тұр. Кім де кім өз кәсібінде өзге біреудің айтқанымен жүріп, барлық жауапкершілікті сол өзге біреуге тапсыратын болса – ондай адамды құл деп атаймыз. Ал егер, әр бір берілген ұсынысты қисынға салып, оны өмірлік тәжірибе мен салыстырып отырып, дұрыс бұрыстығын үнемі тексеріп отырса – ондай адам өз ісінде құлдық санадан ада екенін көрсетеді. Ал біздің денсаулық саламыз, шет елден қандай да болмасын бұйрық келсе – соны «ләп-пай, тақсыр!» - деп, орындауға асығып тұрады. Мысалы, Дүниежүзілік Денсаулық Ұйымы толығымен Билл Гейтс қорынан өз қаржысын алады. Және осы ұйымның басты мақсаты, кез келген ауруды дәрімен емдеу болып тұр. Ал сол дәрілерді, әлемдегі өте ірі халық аралық компаниялар қымбат ақшаға жасап, сатып жатыр. Сонда осы ұйымы, елдің денсаулығын емес, өзінің қалта пайдасын артық көріп тұр ғой. Ал біздің медицина саласындағы ғалымдарымыз соған қарсы шығып, бар ойын ашық айтуға, тағы сол білімі жетпей тұр ғой. Міне құлдық сананың, қандай тереңде жатқанын көруге болады. Жалпы денсаулық саласына арнайы бөлек тарау жазып, оған қатысты қыр сырларын төменде айтып өтеміз тағы да.



Негізі табиғатта босану процесі жылы, әрі тыныш, әрі қараңғыда өтеді. Осыны біздің дәрігер мамандар мүлдем елемейді, перзентханада шамды жарық қойып, тыныштық деген атымен жоқ. Және босанатын бөлменің ішін салқындатып отырады. Содан кейін, жаңа босанған нәрестенің кіндігін кесіп тастауға асығады. Ал негізі өзі босанған баланың денесіне, 30 пайыз қан жетпей тұрады. Қажет қанның барлығы толығымен, анасының ішінен балаға кіндік арқылы жетуі керек. Осы қан баланың өкпесіне барып, өкпедегі «алвеола» деп аталатын дем алу жүйесін, гүл тәрізді қанға толтырып ашқызады. Сондай толық ашылған алвеоласы еш қиналмай дем алуға мүмкіндік алады. Сондай бала жыламай дем алып, анасының құрсағында жата береді, кіндігі кесілмей. Әр

баланы неліктен жылатқызатынын білесіз бе? Себебі әр баласы осы дүниеге келген кезде, өзінің өмірлік мақсатын біліп, есіне сақтап келеді екен. Және сондай балаға дұрыс тәрбие беріп өсірсе, ол тіпті бүкіл өмірлік мақсаты мен жоспарын жақсы сезіп отырады екен. Ал баланы қиындыққа салып, кіндігін бірден кесіп алып, соған дұрыс дем алуға мүкіндікті бермей, содан бірден дауыс шығарып айғалатқызған кезде, сондай бала қатты стресске шалдығады. Содан өзінің бұл өмірге не үшін келгенін ұмытып та кетеді, себебі барлық мүддесі тек аман қалу болып тұрады. Содан кейін туа сала, бір неше екпені салып жібереді ағзаға. Содан денсаулығы тіпті әлсіреп қалады.

Нәрестеге қолданатын тағы бір жаман тәсілі, босанған кезде баланың бас сүйегінен ұстап тарту екен. Сондай кезде, бас сүйегі мен омыртқа арасындағы көп байланысқа зиян келеді. Бас сүйекті ұстап тұрған омыртқаның алғашқы сүйегі, «Атлант» деп аталады. Осы Атлант ортасына, миыдан шығатын барлық жүйке жүйесіне қатысты нерв бұрымы омыртқаның ішіне кіреді, және егер сол нәрестенің бас сүйегін тартатын болсаңыз, сонда осы екі аралықтағы байланысқа зақымы келеді екен. Содан баланың ден саулығы дұрыс қалыптаспай қалады. Сондай бала өсе келе әлсіз болып шығады екен. Қазір көп балаларымыздың бойы өспей қалған себебі де осыдан.

Енді жас нәресте анасының емшегін еміп өседі. Сол кезде баланың зерек ақылының қалыптасуы басталады. Айналадағы әлемнен келетін ақпараты, бір неше жақтан баланың миына жазылады. Құлақ, көз, ауыз және денесінің тері арқылы сезілетін қысымы. Осы кезде анасы әндетіп, балаға осылардың барлығы бірімен бірі байланысып тұрғанын көрсетуі керек. Сондай бала тез ақылын дамытады.



Адамның дене бітімі өмір бойы орындықта отыруға жаралмаған. Оны барлық адамдар біле тұра, бәрі бір отыру мен өмірімізді өткіземіз. Неге деген сауал келеді ойға. Мысалы мектепте балалар 10-11 жыл бойы отырып өтеді. Сондай қиянат, жас баланың ағзасына көп ауруларды шақырады. Мысалы жаз бойы ішінде балалар әжеп тәуір өсіп қалады, себебі олар жаз бойы қимылдап, түрлі ойындарымен күн өткізеді. Ал мектеп аясында ондай мүмкіндік жоқ болған соң, бойы да өспей қалып жатыр. Осындай отыра беру дәстүрге айналды, оның салдарынан жастардың балалы болу мүмкіндігі азаяды екен ұлдар мен қыздарда. Барлық білім беру жүйесінде отырып, баланы оқыту

дәстүрі өзгеруі тиіс. Оған мысалы 150 жыл бұрын қолданған осындай құралдарды қойып, тұрып та білімді үйренуге болады.

Тағы мектеп аясында, ұлдар мен қыздардың бір сыныпта отырғаны, екеуінің денсаулығына көп зиян әкеледі. Себебі ұл мен қыз баланың тән өзгешеліктері ескерілмейді. Мысалы, ұлдарға суық болғаны керек, онда ұл бала сабақта зерек болады, ал сынып іші жылы болса, ұлдардың ұйқысы келіп, маужырап кетеді. Қыздар болса керісінше, сыныптың іші жылы болса, олар сабаққа зерек болады, ал суық болса, олар тоңып қалады. Тағы ұлдарға сабақтың тақырыбын жеткізу үшін әр түрлі жолымен, қайталамай айту керек. Қыз балаға керісінше, тақырыбын үш рет қайталап айту керек, сонда жадысына жақсы сіңеді. Осындай айырмашылықтары көп, бәрін тізбектеп айтудың керегі де жоқ. Сол үшін арнайы кітаптарды ғалымдар басып, шығарып қойды. Ғаламторда тегін барлығы ашық түрде жарияланып тұр. Және ұлдар мен қыздарды мектеп сыныптарында бөлек оқыту үшін бір тиын ақша да керек емес. «Ә» сыныпта ұлдар оқысын, «А» сыныпта қыздарды оқытындай, балаларды оңай бөлуге болады. Сонда үзіліс кезінде барлығы бірге ойнап жүреді. Ал сабақ барысында біріне бірі алаңдамай, тек сабақтың тақырыбын үйренетін болады. Болашақты ойлаған адамдар осыған мән беріп, есінде ұстағаны дұрыс болады.

Баяғы заманда мектепте үйренген білімі, адамға өмір бойы азық болатын еді. Бүгін заман басқа. «Су құйғыш» дәуірі келіп қалды. Енді білімді күнде үйрену керек. Сол себепті, балаға тек дайын жауаптар мен фактілерді жаттатуға болмайды. Бала ең алдымен, жаңа білімге құмарлығы ашылу керек. Ол үшін бала өзінің эмоциялық көңіл күйін тізгіндей білуі керек. Ондайды бала ұстаздан және әкісі мен шешесінен үйренуі керек. Сабақ оқу алдында, немесе қалам алып, дәптерге жазу алдында бала өзінің эмоциялық сезімдерін тізгіндеп алуы шарт! Осыны әр балаға міндетті түрде үйрету керек барлық ата аналарға. Тамақ ішер алдында қолын жуады, ұйқыдан тұрғанда бетін де сумен жуады. Жылдар бойы осыны жасап дағдыланған бала, содан еш қиындық көріп те тұрған жоқ. Сол тәрізді, сабақ оқу алдында, кітап оқу алдында, дәптерге жазу алдында, бала тура солай өзінің ішкі сезімдерін сабырға шақырып, іштей бір екі минут тыныш отырып, өзін өзі ести білу керек. Және осындай әдісті дағды етіп, әдетке айналдыру керек. Сонысы мінезге қалыптасатын болса, ондай бала өмір бойы білімге құмар болып өседі. Жаңа білімнен қорықпай, құлшына бас салып, үйренетін болады.

Әрине, егер жастайынан әкесі мен анасының кешке қарай кітап оқып, дәптерге ойларын түртіп, жазып отырғанын көрген бала, білімге өзі де құмар болып өседі. Үйдің іші толған кітап, әлемнің түрлі карталары мен атақты суреттері ілініп тұрса, жас кезінен көзі ондай мол мәдениетке толып өскен бала, өте зерек болады. Алайда, балаға нағыз керегі, сол өзінің жүрек жылуын сезіне білуі. Ондай тәрбиені үйдегі төрт түлік мал мен үй құстары жақсы үйрететіні сөз сіз. Малдар төлдеген кезде, қозы мен лақ өте әдемі болады. Соларға жем беріп, сүтін ішкізіп өскен балада іштегі жаны мейрімді болып өседі. Иттің күшігімен ойнап, тауықтарға жем беріп өскен бала табиғатқа жақын болып өседі. Обал мен сауаптың мағынасын жақсы білетін болады. Ал үйдің малын тек ауылды жерде ғана көріп өсуге болады. Қалада ондай мүмкіндік жоқ, содан қаланың адамдары тасбауыр болатыны. Жалпы қалалық жерде емес, ауылды жерде өсу керек барлық балаларға. Төрт бұрыш бетон үйдің ішінде өскен баласы, адамзат табиғатына қарсы келеді. Құдайдың жоспарына қарсы жасалған дүниеден не қайыр? Не үміт?

Адамның таза табиғи азық түлікпен тамақтану керектігі бәріне де мәлім. Соны біле тұра, біздің жеген тамағымыз химиялық қоспаларға толып отыр. Ішкен суымыз, киетін синтетика киім, дем алған лас ауамыз, қаланың ішіндегі қатты дыбыстар және айғай шу. Осының барлығы адамның

өміріне көп зиянын береді. Жүйкесі тозған адамның, бар ашу ызасы бірден қайнап кетуге дайын тұрады. Болмайтын нәрселерге өз ара ұрысып шығады бейтаныс адамдар. Соның барлығы, адам табиғатына жат дүниелер. Соны біле тұра, осыған қарсы қоғам тарапынан жүйелі түрде саясаты болмай тұр ғой.

Тағы бір өте күрделі тақырып, екі адамның басын қосып, тұрмысын құрып, отбасы болуы. Баяғы кезде, жастардың тағдырын әкесі мен анасы, немесе ауылдың басылары шешетін еді. Сол кезде еш кім өзіне жар таңдамайтын, кімді атастырып қойса, сол келіп сырға салып кетеді. Содан қыз өзінің болашақ жарын алғаш көреді де, тұрмысқа шығатын еді. Соған арнап, отбасының ішіндегі ынтамақты және шаңырақтың берік болуы үшін, халық дәстүрінде қолданатын түрлі амалдары бар еді жастарға арналған. Соның арқасында жаңадан бірін бірі көрген екі жас жүрек, өмір бойы ғашық болып ғұмыр кешетін еді. Мысалы ретінде екі амалын айтып өтейік, ал қалған амалдарын оқырмандар өздері іздеп, тауып алар керегінше. Сонымен «**жақсы көру**» деген амалын айтайық. Жастарды осыған алдын ала үйретіп қоятын еді. Сонда қыз бала өз жарына үнемі қарап отырады екен, және оның жақсы қасиеттерін іздеп табуға тырысады. Және соларды өзіне ішінен қайталап отырады. Дұға ретінде айтып отырады. Егер ерінің бір жаман қылығы шығып қалса, бірден сол «**жақсы көру**» дұғасын есіне салып қояды. Тура осылай ер жігіт жарын бақылап, еш білдіртпей, сездірмей қарап отырады. Және өзінің жарында бар жақсы қасиеттерін тауып алып, соларды да өзіне айтып отыру керек. Және тағы да солай, әйелі бір жаман жағынан көрініп қалса, «**жақсы көру**» дұғасын есіне салып қоятын. Содан уақыт өте, ол жаңағы «**жақсы көру**» амалының екінші дәрежесіне ауысады. Сонысы, жарына керек қасиеттерді үйрету болған. Тағы да солай, екі жағы да сөзбен айтпай, өзіне керек қасиеттің бар екенін елестеумен қарап отырады. Сонда жары, соны ішінен сезіп қою керек еді, әрі өзінен осы қасиетті дамыту керек екен. Мысалы, еркегі сабырсыз делік. Әйел осыны байқап күйеуінің бетіне бас салып айтпайды. Ішінен күйеуінің ылғи сабырлы болғанын ойлап қиялданады екен. Күйеуі жарының қиялын сезіп, соны жүрек арқылы қабылдап, іштей өзгеруіне тырысады екен. Тұра солай күйеуі де мысалы, әйелінің салақ болғанын байқаса, соның салақ емес қылып өзіне елестеп, қиялдап қарайды екен әйеліне. Бірақ бетке ол туралы еш айтпайды. Жүректен сезген жары соны ұғып, іштей өзгеруге тырысады. Міне осылай бірін бірі жақсы көрген ерлі зайыптылар, махаббатқа толған ғұмыр кешеді екен.

Келесі амалы «**Сұрақ қою**» деп аталатын. Онысы диалектикалық әдістеме, өмірлік тәжірибеден алынған еді. Ол үшін, екі жар бөлек бөлмеде отырады. Соларға ешкім кедергі жасамау керек сол кезде. Содан, екеуін мазалайтын сұрақтарды әр қайсысы тізбектеп шығарады. Әр сұрағына екеуі ғана отырып, жауап іздейді. Егер екі жақ пейілі таза, бір біріне сенетін болса, онда сұрақтары да соған сәйкес құрылатын болады. Осы жерде сұрақ қоюдың өзі бір өнер болып есептеледі. Сұрақ қойғанда: «Сен неге бұйтпедің де сүйтпедің!?!», - деген емес. Ортақ армандары мен мүдделерді алдыға тартып, соларға жетуі үшін қандай кедергілер шығып тұрғанын ашық айтуы керек. Егер екі жүрек, бірін бірі жақсы көретін болса, бірге отбасын құрып, бала сүйіп, әрі бақытты болуды мақсат ететін болса, сондай сұрақтарға жауабын табуда Құдайдың өзі көмек беріп отырады. Осы тәсілдің мағынасы өте зор! Бұл отбасылық диалектика әдістемесі. Жалпы өзі Диалектика туралы жеке тарауын арнап, айтатын боламыз төменде. Осы жерде тек, сондай амалдың барын көрсетіп, және Жаратқан иемнің өзі қол үшін беруге дайын екенін де айту керек. Осы жерде тағы қайталап айту керек, екі жар бір біріне адал болып, өзінің ішіндегі мазалаған ойларды қорықпай айта білу керек. Жоғарыда айтылған «**Жақсы көру**» амалы, және осы «**Сұрақ қою**» амалынан не өзгешелік бар екенін жеке айтып өтелік. «**Жақсы көру**» амалы ұзақ мерзімді өзгерістерге бағытталады. Ал «**Сұрақ қою**» амалы, күнделікті болып жатқан істерге қатысы бар. Күніне неше түрлі жағдайлар болады, ал жеті күн ішінде олар тіпті жиналып қалады. Сол себепті аптасына бір рет жеке бөлме

ішінде бет пе бет отырып, осындай үйдегі ыдыс сылдырататын түймедей істерді екеуі талқылап, екі жаққа да ыңғайлы бір шешімдерін табуға, өте ыңғайлы амал.

Негізі екі адам жарты болып есептеледі. Әр адамы бүтін емес, жартылай болып дүниеге келеді. Әрі сол бүтін болу үшін, өзіне лайық жарын тауып, екеуі бірге өмір бойы адал болуға серт беріп, барлық ыстығы мен суығына шыдай білуге дайындығын айтып, қандай жағдай болмасын көмек беруге уәде береді. Содан екеуі бірге ғұмыр кешкен соң, екі жарты бір бүтінге айналады. Содан, еркек өзінің әйеліне қарап, әйелдер табиғатын түсінуге мүмкіндік алады. Ал әйел жан, күйеуіне қарап еркектің табиғатын түсіне алады. Сонда егер, екеуі жақсы түсінетін болса бірін бірі, ондай кезде жүрегінде жолдасының ғайыптан құрылған эталон үлгісі пайда болады. Соған көп жылдар бойы бірге өмірді сүру керек, көптеген қиындықтардан бірге өтуі тиіс. Сонда егер, жары қайтыс болса дағы, соның эталон үлгісі жүрегінде аман есен сақтаулы болады. Сондай адамдар жалғыз қалдым деп қайғырмайды. Себебі жүрегінде өзінің жары, ішінен жылытып тұрады. Тек осындай дәрежеге жетуі үшін, көп жылдар бойы бірге өмір сүру керек. Және ұзақ уақыт бойы сол өзінің жарына, сырттан бақылап қарап жүру керек әрине.

Екі жас адамның қосылып, бақытты отбасы болуына, тағы үйдегі атасы мен әжесі де көп үлесін қосу керек. Соның ішінде, бәрімізге белгілі **Шежіре** жүйесі әрине. Баяғы заманда, әр адам жеті атасын жақсы білетін еді. Осы күні біз Шежіренің мағынасын ұмытып кеттік, сол себепті соны қайтадан елдің салты етіп, іске қосу керек. Жоғарыда айтқандай, Шежірені тек Жеті атасының есімдерін есте сақтау деп білеміз. Және өзіміздің ру атауларын жатқа айтсақ, осыны Шежіре деп ойлап жүр елдің көбісі. Ал негізі Шежіре дегеніміз, атадан балаға қалдырған нақыл сөздері мен өмірлік мағынасы бар құндылықтардың тарихи баяндамасы болады. Әрі осыны әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан түсіну керек бізге. Түсінікті болуы үшін бір мысалы айталық, диірмен туралы. Баяғы кезде бір адам болыпты, ол өзен жағасында диірмен салмақшы болады екен. Осы мақсатпен маңайындағы туыстары мен жолдастарын жинап, құрылыс материалдарды дайындап, өзен арнасын диірменге лайықты етіп, қазатын болады. Содан біраз жылдар ішінде, диірменнің ірге тасын ғана салып үлгереді. Және артында қалған ұрпағына, киелі арманы туралы Шежіреге жаздырып қояды. *«Мен осындай адам, осындай жылы осы бір өзен аясында диірмен салмақшы едім, үлгергенім тек ірге тасын салу болды. Қалғанын ұлдарыма аманат қылып тапсырамын. Осы диірменді бітіріп, елдің игілігіне жұмсасын.»* - деп. Содан жылдар өтеді, өзінің балалары соғыстың кесірінен бұл іске қолдары тимей қалады. Содан, немерелерінің біреу Шежіреден осы туралы біліп, өздерінің бауырлары мен ағаларына айтады. Содан бас қосып, барлығы осы іске кіріседі, алайда аяғына шейін бітіре алмай қалады. Содан бір немересі Шежіреге жазу қосады: *«Біз осындай атаның ұрпағы, соның арманын жүзеге асыру үшін, осындай жылы осындай өзен жағасында Диірмен салуға кіріскен едік. Алайда соны аяқтауға мүмкіндік болмады. Енді осы істі келешек ұрпағымызға тапсырамыз. Диірмен елдің игілігіне жұмыс жасайтын болсын.»* - деп. Содан тағы біраз жыл өтеді, енді кезек Шөпшегі мен неменелеріне жетеді. Солары да осы шежіре арқылы өзінің аталарының тарихын оқып біліп, хабардар болады. Содан ішіндегі біреуі, әлгі ескі Диірмен тастары есіне түсіп, барлық бауыр туысқандарды асарға шақырады. Содан көп туысқан жиналып, осы диірменді салып бітіреді. Іске қосып, айналадағы елдің игілігіне жұмыс істетіп қояды. Және осы жайлы Шежіренің ішіне жазу қалдырады: *«біз, сондай атаның ұрпағы, осы бір жылы Диірмен салуды аяқтап, сол бір киелі арманын жүзеге асырған едік. Атамыздың аманаты орындалды.»* - деп жазып қояды. Содан көп жылдар өтіп, осы күндері Шежірені біздің заманда бір ұрпағы оқып, біліп жүретін болады. Сондағы суы тартылып кеткен, ескі өзен арнасы бойындағы көне тастары, өзінің баяғы атасынан қалған диірмен орны екен. Шежіренің тәрбиелік

мәні өте жоғары, көнеден бізге жеткен университет тәрізді білім көзі болады. Әрі ішінде барлық тарихи оқиғалардың шынайы жазылған мұрасы жатыр сақталып.

Осы Шежірені қайта қолға алу үшін, әр азамат қолына қалам алып, өмірден білген түйгенін сол кітапқа жазу керек. Өз ойларын бөтен біреуге көрсетпей, тек өзінің тікелей ұлдары мен қыздары ғана соны көру керек. Ұтылған немесе қате болған жерлерін де жасырмай айту керек ашық етіп. Себебі сол қателерді біліп өскен бала, ертең өзі ескеретін болады. Біреудің айтқан сөздерін қайта көшіріп жазудың керегі жоқ. Қандай болмасын, бірақ өзінің айтқан сөзі ерекше болады. Сондай жазылған сөздерді оқыған әр адам, ішіндегі шындығы мен жүректен шыққанын сезген ұрпағы, ертең оларда осыны үлгі етіп алады. Және осындай дәстүр бойынша жазылған кітаптар әр үйде болса, ондай халықтың тілін, тарихын өзгерту тіпті мүмкін емес болады. Себебі ол үшін әр үйді тіміскілеп, тексеріп шығу керек. Оған ешкімнің қолы жетпейді. Өз тарихымыздан жақсы біліп отырмыз, қаріптердің неше рет өзгергенін. Және тарихымыз неше рет өзгеріп шықты. Алдымен ақ патша жақсы деді, содан оны жамандап қызылдар келді, одан кейін Сталин жаман деп келесі патшалар келді. Одан кейін соларды да оңбаған дедік, енді тіпті Кеңес заманы жаман деп жатыр. Содан тұнғыш президент кезіндегі тарих басқа болды. Енді бүгін сол тарих қайта өзгеріп шығуы әбден мүмкін. Ал егер, әр үйдің ішінде ғасырлар бойы өзінің тұған аталары жазып кеткен ойлар мен нақыл сөздерге толы кітап болса, ондай кітапты оқыған адам, өз тарихын жақсы біліп өседі. Және бір неше баласы болса, бәріне осы кітаптің көшірмесін жасап беру керек. Шежіренің киелі мағынасы, ғарсыларға созылған бабалары мен ұрпақтары арасындағы байланыстың көзі болады. Осы жерде «**арқан**» деген сөздің мағынасы өзгеше шығып тұр емес па? Ар мен Қан арқылы осы үзілместей арқан болып тұрған Шежіре жүйесі, елдің тұғырын биік және берік ұстап тұрады.

Осы күні әр адам өзінің әкесі, атасы және бабасы жайлы ақпараттарды жинап, соларды не кәсіп істегені жайлы, нені армандағаны жайлы, не жетістіктері болғаны жайлы ізденіп, туыстардан сұрастырып біліп алу керек. Сол ақпараттардың барлығын кітапқа жазып, өмірлік құндылық ретінде нені қастерлегенін айту керек. Мінезі қандай болған еді, нені жақсы көріп, нені ұнатпай жүретін еді. Егер аурулары болса, соларды міндетті түрде жазып қою керек, себебі осы күндері тұқым қуалайтын аурулардың саны өсіп келеді. Осындай ақпарат ұрпақтың денсаулығына өте пайдалы болады. Ал біз келесі заңдылыққа ауысайық.

### 3. Ноосфералық және Сенін-нанымдық қарым қатынас заңдылықтары


Алдымен **Ноосфера** туралы айтып өту керек. Жерді айналып тұрған бір неше сфералар бар. Оны мектеп аясынан біліп келдік. Оның ішінде: Литосфера, Гидросфера, Атмосфера және Биосфера бар. Міне тура осылай, жердегі ақыл мен ойлардың жиналған бөлігін **Ноосфера** деп атаған екен. Оны француз ғалымдары Э.Леруа (1870 – 1954) мен Пьер Тейяр де Шарден (1881 – 1955) алғаш енгізген еді. Және ХХ ғасырдың 30 – 40 жылдары В.И. Вернадский, ноосфераны ғылыми тілмен сипаттап жазған болатын. Осы тақырыпты енді аздап ашып көрелік. Жер бетіндегі барлық адам не бір ойларын, ақылы мен санадан шығарып отырады өмір бойы. Ондай ойлардың барлығы еш жоғалмай, осы Ноосфераға жазылып отырады. Және біріне бірі ұқсаған ойлар топтасып, бірге жиналып отырады. Не құрылым көп адам бір ойды ойласа, сол құрылым ойдың жиналған тобы үлкен болады. Ойлардың өзі бір алгоритмдарға байланғаны болса, ондай ойлардың топтамасы «**Эгрегор**» деп аталады. Бұл сөздің мағынасын түсіну үшін көне грек тіліндегі «индивид» сөзін

айту керек. «Индивид» жалғызды білдіреді. Сонда көпті білдіру үшін, осы «эгрегор» деген сөзді қолданылған еді. Содан **Эгрегор** сөзінің мағынасы, көпшіліктің ойын білдіретіні белгілі болған. Мысалы қазақ дәстүрінде «**Аруақтар**» сөзін барлығымыз білеміз. Енді ғылыми тілмен айтатын болсақ, осы Аруақтар дегеніміз біздің аталарымыздың ойларынан құрылған ата тегінің Эгрегоры болады екен. Себебі біздің аталарымыз бір арманы болған еді: ұрпағымыз мәңгілік жасай берсін деген. Осы ұлы мақсатқа арнап өмірінің бар ниеті, арман ойларын тізбектеген біздің аталарымыз Ноосфера кеңістігінде өздерінің эгрегор жүйесін қалыптастырып қойған еді. Аруақтардың күшті әсерін сезген біздің аталарымыз, қиындық кезде соларды ұранмен шақыратын еді.

Тағы бір эгрегордың мысалы ретінде халқымыздағы «тас аттық» амалын айтуға болады. Жауын шақыру үшін, алгоритм бойынша керек амалдарын жасаған адамдары, барлық ойларымен осы тиісті эгрегордың көмегіне сүйенетін еді. Содан жерге жауын төгілетін. Тағы бір мысал эгрегор әсерін жақсы көрсетеді. Сіз Алматы қаласында тұрасыз делік. Содан Атырауға іс сапармен бару керек делік. Сол қалада жүріп, өзіңізге керек заттарды аламын деп, базарға кіріп барасыз. Сонда сол жерде сізге Алматылық көршіңіз алдыңыздан шыға келеді. Екеуіңіз бірінді бірін танып, аман саулық тілеп, таң қаласыз: Алматыда бір көше бойында тұрып кездеспеген, ал Атырауға барып, көрісіп отырғаныңыз өте таң қаларлық дүние. Сонда, онысы эгрегордың күшімен жасалып отыр. Атырау қаласына келген екі адам ойлары бір жерден шығып отырғанын сезген эгрегоры сондай адамдарды бір бірімен табыстырады. Тағы бір мысал ретінде барлық футболдың жанкүйерлерін айтуға болады. Олардың ойлары бір жерден шығып отыр, сол себепті олар өз ара эгрегор құрып алады. Тағы бір мысалды біз кинолардан жиі көреміз. Екі жақ жауласып соғысып жатады. Содан бір жағы тұтқынды алып, соған сұрақ қояды. Ол қарсыласып жауап бермейді, сол кезде тергеуді жүргізген адам темекі тұтатып тұтқынға ұсынып береді. Әлгі тұтқын көп таяқ жесе де, қас жауы ұсынған темекіден бас тартпай бірге шылым шегіп отырады. Былай қарап тұрсаң біріне бірі жау болып, өлтіруге дайын. Айтылған ұсыныстарына тұтқын түбегейлі бас тартып отыр. Ал темекіні еш кедергісіз қабылдап шегеді. Неге? Себебі екеуі де сол бір эгрегорға байланған, онысы шылым шегетіндердің эгрегоры. Немесе тағы бір мысал: екі адам бөлек тілде сөйлеседі. Екеуі бірін бірі түсінбей отыр. Алайда екеуі де көлікті жөндеуге құмар екен. Және қастарына бір адам өз көлігін алып келіп, соны жөндеп беруге көмек сұраған кезде, осы екі адам бірден кірісіп кетеді де, және екеуі қосылып, көлікті жөндеп береді. Себебі екеуі де сол бір эгрегорға қосылған екен. Эгрегор саны шексіз, себебі жер бетінде қанша ма көп ойлар болған. Солардың барлығы өзінің эгрегор жүйесін құрып алады. Мысалы баяғы кезде адам, екі тасты біріне бірін соғып отты шығаратын еді. Солай істеген адамдар эгрегорын жасап кеткен болатын. Сол әдісті осы күні қолдану үшін сізге эмоциялар арқылы ондай ескі эгрегорға қосылу керек, сонда нәтижеге тез жетуге болады.

Баяғы заманда адамдар аман қалу үшін бір затқа қатты сенетіп, соған зиярат етіп, дұға бағыштап отырады. Егер көп адам өздерінің ойларын бір затқа арнайтын болса, сондай кезде жеке эгрегор құрылады екен. Және осы эгрегор кей бір заттарды адамдарға жасап бере алады. Бүгінгі күні ол туралы ғалымдар аса көп жазбайды, себебі ғылыми тұрғыдан Құдай жоқ деп жариялаған соң, осындай дүниеге еш бір ғалым зерттеп аяқ баспайды. Ал көптеген діни өкілдері осы эгрегорлар жүйесін терең зерттеп отырады, және білгенін ешкімге айтпады. Себебі ол өте құпия білім деп есептеледі. Эгрегорлардың жақсы мысалы, ол Голливудтың шығаратын кинодағы жұлдыздары. Әр бір жұлдыз болған актер, бір неше эгрегордың тәжі тәрізді. Соны жақсы көретін фанаттар өз ойларын толығымен осы жұлдыздарға арнайды. Содан Голливуд компаниялары көп ақша жинап отыр. Бұл да бір бизнес саласы тәрізді болды. Алайда, діни жүйелерде осындай жұлдыз болған адамдар мен суреттер немесе көнеден қалған ескі жәдігерлері тағы бар. Солардың қолдануы да осы эгрегор жүйесінің бір қосалқы бөлшегі болады. Адамдар келіп кетеді, ал эгрегор еш қашан

жоғалмайды. Бір рет құрылған соң, мәңгілік жер бетінде қалқып тұрады. Жер бетіндегі бар дін жүйелері көп жылдар ішінде өздеріне лайық эгрегорларын жасап алған еді. Сол эгрегор жүйесі дінге сенетін адамдардан ритуал арқылы өздерінің ойларын бағыштап билейді. Бұл туралы көп айтуға болмайды, себебі барлық діни қызмет өкілдері бұны құпия түрде жасырып жүр. Алайда, бір затты міндетті түрде айту керек. Егер адам ойланбастан, жаттанды сөздерді қайталап, дұға жасайтын болса, ондай кезде барлық ниеті Құдайға емес, эгрегорға ауысып кетеді. Құдайға еш бір жаттанды ритуал қимылдары мен жаттанды сөздер керек емес. Құдайға тек шын жүректен шығатын сезімдер мен сөздер өте маңызды. Және жоғарыда айтқандай, маған берші деген дұға емес, мен қалай іштен өзгеріп, Саған лайық қызмет жасай аламын – деген дұғалар маңызды.



Сонымен, жер бетінде қанша көп адам бар, солардың әр бір ойы Ноосфераға барып жазылады. Әр бір ой, өзіне ұқсас ойлармен бірігіп эгрегор жүйесін құрайды. Сол эгрегорлар адамға эмоция арқылы әсер береді. Мысалы біреудің бойындағы күшін сорып алады, сол адам өзін әлсіз сезінуі мүмкін. Ал кей бір адамды күшпен қуат беріп демейді. Байланыс тек эмоциялар арқылы жүреді үнемі. Адамдарға мұқият қарап байқасаңыз, әңгіме барысында оталып, жанып кетеді. Дауысы қатты шығып, эмоцияға беріліп кетеді. Сондай кезде көзіне қарасаңыз, оның көзі мүлдем басқа адамның көзі болып тұрады. Сондай кезде адамның эмоциялар арқылы бір эгрегорға қосылған екенін білуге болады. Әсіресе, көпшілік алдында айғайлап сөйлейтін адамдар сондай болады. Кей кезде, шабыттанып кететіні осындай эгрегорлардың демеуінен шығып отырады. Бұл жерде шатаспау керек, себебі әлемде еш қашан болмаған, жаңа дүние айтқан кезде, ондайы ғайыптан келген жаңалық. Онысы эгрегорға қатысы жоқ. Ал егер, басқа бір адамның айтылған сөзі болса, мейлі 300 жыл бұрын болсын. Соны ойға әкелетін осы эгрегор. Сонда адамның эмоциялық кебі сәйкес болған кезде, эгрегор соны бірден сезіп, демеу беріп, керек ой ақпарат көзін санаға салып береді, бірден. Адам көзі жақсы көрсетеді сол байланысты. Егер көзі шыны сияқты бақырайып кетсе, онда эгрегорға қосылғаны. Ал егер көзі кәдімгі адамның көзі болса, іштей сабырлы болса, адамға тура қарап тұрса, онда эгрегордың жетегінде еместігін көрсетеді.

Осы жерде сөздің құдыреті жақсы сезіледі. Мысалы біз неге «атың кім?» немесе «есімің кім?» деп айтамыз? «Ат» дегеніміз қатардан атып шығаратын қысқа есімді айтады. Ал «есім» дегенде біз осы (жан, тән, рұх) иесі кім деп айтамыз. Ал егер адам эмоцияға беріліп, эгрегорға қосылып, соның ойындағысын айтатын болса, ондай адамды қалай атаймыз? Ондай адамға біз өзгеше есім беріп атаймыз: *Бай-еке! Мырза! Жезде! Құда! Генерал-Майор! Жолдас офицер! Қызметші!* Осы атаулардың барлығы адамның кезекті бір эгрегорға қосылғанын білдіріп отыр. Сол байланысты шақырып эмоцияға сүйенеміз біз. Мысалы екі адам жолда кездесті делік, содан қай жерден екен деп сұрап алады. Себебі сол жерді мекен еткен адамдардың эгрегорын алдыға тартады. Немесе кәсіби мамандығына қатысы бар эгрегорын қолданады, әңгімесі жарасымды болуы үшін.

Эгрегордың табиғаты тарихи мұрағат іспетті, өткенді еш уақытта ұмытпау үшін жаратқан. Және сол ескіден қалған әдістерді бір қысқа амалдар арқылы өзінің эмоциялық кебін өзгертіп алып, әр адамға көмек үшін қолданады. Онысы балта немесе күрек тәрізді. Ниеті жаман адам, сол құрал арқылы жамандық жасай алады. Ал ниеті таза адам ізгілікті әрекет қылады. Эгрегордың өзінде жаман немесе жақсы деген түсінік жоқ. Ал енді Ноосфераның өзіне көз салайық. Ноосфера өзі адамзаттың дамуының бағыт жолын көрсететін жүйе болып келеді. Оны түсіну үшін, жоғарыда айтқан ұлу шиыршығын елестету керек. Адамзат өзінің даму жолындағы көп әдістер мен жаңа амалдарды үйрену керек. Мысалы басында адамдарға от пен тамақ пісіру керек амалдарын білу керек болды. Артынан сол от арқылы темір балқытып үйренді. Ал енді бүгін, ғарышқа байланыс спутниктерін жіберіп, жер бетіне ғаламторды жеткізіп отыр. Осылардың барлығы Ноосфераға жазылады. Және ол жерге адамзаттың толық тағдыры түгелімен жазылып қойылмаған басынан. Ұлудың шиыршығы тәрізді, алдымен бірінше қабатына аз ғана ақпарат жазылады. Соны игерген соң, келесі қабатына сәл көбірек жоспар жазылады. Мысалы адамзат дамуының төрт бес жолын Ноосфераға жазып қояды. Содан осы жазылған көп мүмкіндіктердің тек екі жолын ғана таңдап алған адамзат, қалған мүмкіндіктерді қолдамайды. Содан қолдамаған жолдары қалып қойяды да, адамзаттың дамуының бағыты мен үйренген әдістерінің деңгейіне қарап, жоғары жақтан келесі сатының амал әдістері қабатына жазылып отырады, Ноосфераның әр бір шиыршығына.

Түсінікті болуы үшін бір мысал айталық. Жоғарыда айтқандай, Мысыр еліне Жүсіп пайғамбар келген еді. Сол келіп, Құдайдың тапсырмасымен көптеген жаңа тың ойларды айтқан еді елдің игі жақсыларына. Және барлық айтқан сөздері Ноосфераға тікелей жазылған еді. Содан Мысыр елінің екі топ иерофант өкілдері осы білімді адамзаттан жасырып қойдық деген жоспары болған еді. Бірақ онысынан ештеңе шықпайды, себебі барлық айтылған ойлар бірден осы Ноосфераға жазылып отырады. Және Ноосферадағы бұл ойларға әр адам қол жеткізе алады. Әрине ол үшін әр адам өзінің ұнарын екі жүзді ойлардан тазалап, эмоциялық кебін сәйкес етуі керек болады. Әр елдің тарихында осындай көреген адамдар болады, солар көп жаңа ойларды дауыстап айтқан еді өз заманында. Артынан барлығы ұмытылып кетсе дағы, сол өнегелі білімдердің көзі Ноосферада аман есен сақтаулы жатыр. Енді осындай құнды ақпаратқа бүкіл адамзат қол жеткізген кезде, біз соның салдарын халықтың мәдениетінен көре аламыз. Сонда Ноосфераға жазылған ойлар бізге бағыт көрсетіп тұрады, артынан сол құндылықтар мәдениет пен дәстүрге айналған кезде келесі сатыға жол ашылып, келесі бір ақпарат Ноосфераға жазылады. Мәдениет өз кезегімен кез келген халықтың жетістігінің, дамуының көрсеткіші болып есептеледі.

Тағы бір мысал айтайық. Егер Мысыр елінің екі топ иерофант өкілдері жамандық жолын емес, Жүсіп пайғамбар айтқан жолымен жүргенде, Ноосфераға мүлдем басқа ақпарат жазылатын еді. Және жер бетіне Муса, Иса және Мұхаммед пайғамбардың келмеуі әбден мүмкін болар еді. Тағы бір мысал, егер Ислам халифатындағы патшалар байлыққа құнықпай, ғылымға зейн қойып, көп

қаржы жұмсаған болса, жер бетіндегі өмір мүлдем басқа жолмен дамыйтын еді. Тағы сол жолға сайкес, Ноосфераға мүлдем басқа ақпарат жазылар еді. Мысалы ауадан құат алатын моторлар, немесе көрші планеталарға жеткізетін ұшақтар түрлері, немесе ғарыштағы радиацияға қарсы қорған, немесе ғарыштағы салмақсыздықтың денсаулыққа кері әсерін жоятын құрылғы тәрізді. Алайда біздің адамзат мүлдем басқа жолын таңдаған еді, содан Ноосфераға осы біздің санамыз бен ақылымызға сәйкес ақпараттар жазылып жатыр.

Иса пайғамбардың айтқан сөзі бар еді: *«Құдайға жақын болған сайын заңдар саны азая түседі. Ал Құдайдан алыстаған сайын, заңдардың саны көбейе береді. Фарисейлер мен кітапшылардың заңдар саны сол себепті көп болып кетті. Ал негізі адам баласына жеті заң керек, періштелер заңы үшеу, ал Құдайдың бір ғана заңы бар».*

Фариселердің кім екенін жоғарыда жазған едік. Ал кітапшылар деп бұл жерде заңдарды бекіткен адамдарды айтады. Сол кезде заңдары Талмуд кітабінде жазылған еді. Алайда тура сондай кітап Ислам дінінде де бар – оның атауы Шарифат. Осы кітаптар уақыт өткен сайын ішіне жаңа заңдар жазыла береді. Және Құдайдан алыстай береді адамдар. Негізі еркіндікті сүйетін адамдар арын қастерлеп, жауапкершіліктен қашпай, Құдайға сенім артып өмір сүретін болса, оларға ешқандай заңдар жазылған кітап керек емес. Ал егер адамдар еркіндіктен бас тартып, әр жауапкершіліктен қашып, барлық қиындықты өзгелерге сылтауратып ауыстырамын десе, ондай кезде заңдар саны көп болып кетеді уақыт өткен сайын. Сондықтан біздің Мәжіліс депутаттары заңдарды өте көп шығарады. Енді Иса пайғамбар айтқан заңдардың табиғатын ашып көрелік.

Осы жерде Құдайдың жалғыз заңы туралы айтатын болсақ, оны «Алланың 99 есімі» әдемі айтып тұр. Және біз білетін осы әлем сол жалғыз заң бойынша дамып, өсіп келеді. Бір сөзбен айтатын болсақ онысы әрине **Әділдік** болады. Енді періштелерге назар салайық. Періштелердің бойында еш еркіндігі жоқ. Себебі оларға несі дұрыс, несі бұрыс екені туралы барлық ақпарат ашық түрде берілген. Және олар Ноосфераға жазылған жоспар бойынша ғана әрекет жасай алады. Өздігінен бірдеңені ойластырып шығаруға болмайды. Сондағы періштелерге айтылған үш заңы мынау:

- 1) Құдайдың заңын қадағалау (Осы әлем ұлы жоспарымен **әділ** дамып келеді);
- 2) Ноосфера заңына назар салу (Адамзаттың қалай қарай даму керек жоспары);
- 3) Бүкіл адамзаттың мәдениеті (Ноосферада жазылған құндылықтарға сәйкестігі).

Енді барлық адам баласына тиесілі жеті заңы тағы бар:

- 1) Шаңырақ аясындағы дәстүр заңы;
- 2) Кәсіби заңдар тізімі;
- 3) Өз елінің ресми заңдары;
- 4) Өз елінің мәдениетіне қатысты дәстүрлер заңы;
- 5) Бүкіл адамзатқа ортақ болған мәдениет заңдылықтары;
- 6) Ноосферадағы бағыт беретін заңдар;
- 7) Құдайдың осы әлемге қатысты жоспары.

Адамның мойындағы заңдарын айтып өтелік. Әр адам өзінің әкесі мен анасын тыңдап өсу керек. Солардың айтқаны әр балаға заң болып есептеледі. Жалпы Жаратқан ием мен адамның арасында оның ата анасы тұрады. Егер ата анасы дұрыс тәрбие берсе, адам өсе келе Құдайға жақын болып өседі. Ал егер қате тәрбие берсе, баласы Құдайды танымай өседі. Сол себепті, Шаңырақтағы заң

әсері өте жоғары. Келесі заң ол әр адамның кәсібіне сай заңдылықтары. Егер темірші болсаң сол темір балқыту кәсібіне сай, өзінің заңдылықтары болады. Соларды ескермей жұмыс істесе, одан ештеңе өңбейді. Ал кәсібі болмаса адам өзінің нәпақасын таба алмай қалады. Сондықтан әр істе білім керек және соларды мұқият болып орындау керек. Келесі бағынатын заң – ол өзінің елінің ресми заңдары. Оларды орындамайтын болсаң заң аясында құдалауға түсесің. Сол себепті елдің барлық заңдарын орындау керек. Әрине сол заңдар елдің барлығына бірдей қолдануы керек. Ал бізде кей бір адамдар заң бұзатын болса да, одан еш жауапкершілікке тартылмайды. Осының өзі Құдайдың жалғыз заңына қарсы болғанын көрсетіп тұр. Келесі бағынатын заң ретінде өз елінің дәстүрі болады. Халық ішінде әр түрлі дәстүрлер орын алған. Соларды елемей өтуге болмайды. Егер кей бір ерсі әдеттер дәстүрге жататын болса, оны мәдениет тарапынан әр елдің санасында өзгерту керек әрине. Ол туралы Мәдениет саласын ашып айтатын кезде, нақтылаймыз. Бірақ, әр адамға дәстүрді киелі деп санау абзал. Содан кейінгі заң ретінде бүкіл адамзатқа ортақ мәдениет болады. Оны көзі ашық әр адам білуі тиіс. Жер шарды турист ретінде көп аралайтын адамдар осы құндылықтарды жақсы біледі, және барлық жерде соны насихаттап жүреді. Ислам дініндегі **Қажылықтың** басты мақсаты міне осында жатыр. Сол адамдар жер бетінде көп аралаған кезде, бәріне адами құндылықтарды көрсетіп жүреді. Бұл өте маңызды шаруа. Әр бір мұсылман Мекке ғана емес, әлемнің барлық жеріне бару керек, және өзінің құндылықтарын үлгі етіп әлемге ашып көрсеткені игі. Себебі соның барлығы Ноосфераға тікелей жазылады. Жер бетіндегі адамзаттың дамуының деңгейін көрсететін ортақ мәдениет болады. Соған қарап, періштелер бізге өз көмегін көрсете алады. Келесі заңдылық көзі болған Ноосфера жүйесі. Бізге даму жолдарының бағытын көрсетіп тұр. Адамзат сол бағыттар арқылы ғана өмір сүретін болады. Олардан ауытқып кететін болсақ, тарихтағы көптеген өзге цивилизациялар тәрізді жоқ боламыз. Осыны бізге ескеру керек. Жоғарыда айтылған барлық заңдылықтар Құдайдың жоспарымен болып жатыр. Одан ешкім аса алмайды. Мысалы біз сүйекке қанат бітіріп, құстар тәрізді аспанда ұша алмаймыз ғой. Немесе су теңіздің ішіне барып, өзімізге балықтар тәрізді дем алатын желбезек жасап жүрмейміз.

Енді келесі тақырып ретінде адамдардың сенім-наным жүйесіне ауысайық. Ол үшін адам баласы осы дүниеге не үшін келгенін айту керек. Әр адам осы дүниеге нәпсінің құлы болып, ойын мен арзан күлкіге жабысып, қарынын тойдырып, мағынасыз ғұмыр кешу үшін келмегенін біледі деп есептеймін. Сонда не үшін келді деген сауалға, жауап беріп көрелік. Осы өмірден адам өзіне көп сабақ алып өтеді. Солардың барлығы адамды шешім қабылдауға үйрету үшін арналады. Шешім қабылдайтын кезде барлық жауапкершілікті түбегейлі мойынға алуды үйретеді осы өмір. Ұнарға осы шешімдер бірден барып жазылады. Енді сол шешімдер қандай сенім дәрежеде қабылданды, соны тексеру үшін **Жындар** іске қосылады. Жындардың да өздігінен еш еркіндігі жоқ. Олар сол өзіне тиесілі алгоритм бойынша ғана жұмыс істей алады.

Мысалы сіз ойланып бір шешімге келдіңіз, соныңыз бірден түпсанадағы Ұнарға жазылады. Ал осы шешім бойынша сіздің санаңызда ойлар өрбіген кезде, олары бірден Ноосферадағы тиесілі бір Эгрегорға жазылады. Сол байланысты көрген кезде Жындар өзінің ісіне кіріседі. Алдымен екі жүзді ойларды санаға салып жіберуге тырысатын болады. Содан кейін сізге шешімге қатысы бар неше түрлі альтернатива жолдарын ұсынады. Осы тақырып бойынша сізге басқа да жолдарын таңдауға болатын шығар деген ойларды санаға ұсынып жатады. Содан егер осы адам өзіне өзі сенімді болмай қалса, ол өзінің ойын тез арада өзгертіп жібереді. Міне осылай екі жүзділік түп санаға жазылу әдісі жүзеге асырылып жатады. Содан адам нақты шешім қабылдай алмай, өзі екі ойлы болып басы айналып қалады. Артынан содан көп қиындықтарды көріп, келесі жолы нақты шешім қабылдау туралы өзіне серт береді. Жындардың адамды қалай алдайтыны туралы, жақсы бір Голливудтың көркем бейнесі бар. Оның атауы «Аладдин» (Aladdin), 2019 жылы шыққан еді.

Сол бейнеде АҚШ актёрі Уил Смит жын рөлін жақсы сомдаған еді. Міне осылай, жындар адамға көптеген басқа жолдарды ұсынып отырады, сондағы мақсаты адамға шешім қабылдаған кезде шатастырып, қате шешімдерді ұсыну. Егер адам өзіне өзі сенімді болса, қабылдаған шешімін еш өзгертуге бармайды. Ал егер шешім негізі болған сенімі берік болмаса, ондай кезде Жындар көп айласымен адамды оңай шатастырып, басты шешімінен айнытып жібереді.

Жалпы іштегі сенім берік болса көп нәтижеге жетуге болады. Осының барлығы Ислам дініндегі **Иман** деген ұғымды білдіріп тұр. Сол туралы Иса пайғамбардың айтқаны бар еді: *сізде аздаған сенім болса, тауды орнынан қозғай аласыз.* (Матвей 17:20).

Осыны іштей сезетін барлық адамдар, осы күні шешім қабылдаудан мүлдем қашады. Ал онысы құлдық сананың нағыз дәлелі болып тұр. Еркін ойлайтын адам жауапкершіліктен қашпайды, ал шешімді қабылдаған кезде, өзінің ары мен ұятына сүйеніп жасайды үнемі. Әрине барлық адам баласы шатасып, қателесуі мүмкін. Сондай кезде дұрыс шешімді қабылдау үшін қайтпек керек деген сауал шығады. Оған кезінде жақсы жауабын Сүлеймен пайғамбар айтқан еді. Жаратқан ием адам баласына киелі Рұхты берген еді, осы Рұх адамға ненің дұрыс, ненің қате екенін әр кез нұсқап көрсетеді. Соны орыс тілінде келтіреміз. Және қазақша аудармасын тағы келтіреміз.

1. Любите справедливость, судьи земли, право мыслите о Боге и в простоте сердца ищите Его,
2. ибо Он обретается неискушающими Его и является не неверующим Ему.
3. Ибо неправые умствования отдаляют от Бога, и испытание силы Его обличит безумных.
4. В лукавую душу не войдёт премудрость и не будет обитать в теле, порабоцённом греху,
5. ибо святой Дух премудрости удалится от лукавства и уклонится от неразумных умствований, и устыдится приближающейся неправды.
6. Человеколюбивый дух – премудрость, но не оставит безнаказанным богохульствующего устами, потому что Бог есть свидетель внутренних чувств его и истинный зритель сердца его, и слышатель языка его.
7. Дух Создателя наполняет вселенную и, как все объёмлющий, знает всякое слово.
8. Посему никто, говорящий неправду, не утаится, и не минет его обличающий суд.
9. Ибо будет испытание помыслов нечестивого, и слова его взойдут к Богу в обличение беззаконий его;
10. потому что ухо ревности слышит всё, и ропот не скроется.
11. Итак хранитесь от бесполезного ропота и берегитесь от злоречия языка, ибо и тайное слово не пройдёт даром, а клеветующие уста убивают душу.
12. Не ускоряйте смерти заблуждениями вашей жизни и не привлекайте к себе погибели делами рук ваших.
13. Бог не сотворил смерти и не радуется погибели живущих,
14. ибо Он создал всё для бытия, и всё в мире спасительно, и нет пагубного яда, нет и царства ада на земле.
15. Праведность бессмертна, а неправда причиняет смерть:
16. нечестивые привлекли её и руками и словами, сочли её другом и исчахли, и заключили союз с нею, ибо они достойны быть её жребием.

Енді осыны қазақшалап аударып көреміз, дұрыстығын өзіңіз тексеріп алыңыз:

1. Әділдікті қастерлеңіз, жердің билері, Құдай жайлы тура ойлаңыз және жүректің тазалығынан іздеңіз Оны,

2. себебі Оны азғырмайтындар табады және сенім арқылы Оған жол ашылады.
3. Ал бос қиялдар Құдайдан алыс әкетеді және Оның күшін тексермек болған ақылысыздың беті ашылып қалады.
4. Айлақор жанға даналық қонбайды және нәпсінің құлы болған тәнге жоламайды,
5. Себебі киелі Рұх даналығы құлықтан қашады және бос сөзден аулақ жүреді, және төнген өтіріктен ұялып кетеді.
6. Адамды сүйетін рұх – даналық, аузымен күпірлік айтқанды жазасыз қалдырмайды, себебі Құдай адамның ішкі сезімдердің шын күәсі, және жүректің жалғыз көрермені, және тілінің нағыз тыңдаушысы.
7. Жаратқан иемнің Рұхы бар әлемді толтырады, және барын қамтыған соң, әр сөзді біледі.
8. Сондықтан, өтірік айтқан еш кім де байқаусыз қалмайды, және оны әшкерелейтін соттан түбі құтылмайды.
9. Себебі арсыздың ойлағаны тексеріледі, және айтқан сөздері Құдай алдында оның заңды бұзғанын көрсетіп дәлел болады.
10. Себебі қадағалайтын құлағы бәрін естіп жүр, әрі еш күпірлігі тығылып құтылмайды.
11. Сонымен, бос күпірліктен сақтаныңыз және тіліңізбен нақақтан жала жапқаннан абай болыңыз, себебі еш құпия сөз бос қалмайды, ал өтірікті айтқан ауыз жанды өлтіреді.
12. Өміріңізде жалған сеніммен адасып, ажалды шақырмаңыз және қолыңызбен жасаған істердің кесірі бәле болып сізге жабыспасын.
13. Құдай ажалды арнайы жасамаған және тірілердің өліміне қуанбайды,
14. Себебі барлығын болмыс үшін жаратқан, және барлығы да аман қалуы мүмкін, және ешқандай зиянды уы жоқ, және тозақ та жоқ жер бетінде.
15. Әділдік мәңгілік, ал жалған өлім шақырады:
16. зұлымдар өзінің істерімен және тілімен өлімді шақырған, ажалды өзіне дос деп сенген олар солып қалды, және сонымен келісімге отырды, себебі соларға лайық нәтижесі осы.

Осы заңдылықтарды ескермейтін адам өмірінде көп опық жеп, бақыттан құр қалады. Осыларды ескеру керек әр адамға, сонда адамға ауру да жабыспайды, істеген ісі де елге қайырлы болады. Өзіне көп берекесін әпереді. Және жындар өміріне араласпайтын болады. Енді келесі заңдылық туралы айтып көрелік.

## 4. Әлеуметтік және мәдени негізін құрайтын заңдылықтар

Алдымен «Қоғамның психодинамикасы» деген ұғымды түсіндіріп өту керек. Ол үшін бір мысал айтамыз. Кезінде Голливуд түсірген бір көркем бейнеден үзіндіні айтамыз. Еуропалықтар алғаш Америка құрлығына келе бастаған кез екен. Сол кезде бір ақ нәсілді адам жергілікті тайпаға дос болып қалады. Содан бір күні ол жаман хабарды естіп, түнде өзінің индеец достарына орманмен барады. Бүкіл тайпаға айтады: *еуропалықтар ертең таңда сендерге шабуылға шығады. Барлық қарсы шыққан адамын қырып салмақшы. Жастарын құл етіп, қыздарын күң ететін жоспары бар. Тез арада осы түнде барлық тайпа өкілдері тауға қарай көшіп кетуі керек,* - деп айтады. Содан тайпаның еркектері бас қосып жиналыс өткізеді және қашпай, қас жауға қарсы соғысуды ұйғарады. Соны естіген ақ нәсілді адам таң қалады: *олардың қолында от қаруы бар! Сендердің найза мен садақ қаруларың оларға еш зиян болмайды ғой!*, - деп айғай салады. Бірақ оған құлақ асқан еш кім болмайды. Сонда ақ нәсілді адам тайпаны басқаратын кәрі рубасына барып өтінеді:

- Сен білесің ғой еуропалық жсауынгерлердің қауқарын. Оларға қарсы сендер тура алмайсыңдар. Барлығы бостан бос қырылып қалады ғой. Сенің қолыңда билік бар емес па! Бәріне бұйрық бер! Сен бұйрық берсең, олар сені тыңдайды ғой! Барлығы тауға қарай көшетін болса, аман қалуы мүмкін..

Сонда билік тізгінін ұстаған ақсақалдың жауабы былай болған еді:

- Егер мен еліме **ұнамайтын заттарды** бұйыратын болсам, онда тез арада барлық **биліктен айырылып** қаламын. Біздің ел осы шешімді қабылдаған екен, оған қарсы шығуға менде **күш жоқ!**

Осы кәрі ақыл иесі, өзінің елінің психодинамикасын жақсы көріп отыр. Елі қандай іске штей дайын екенін және қандай іске бармайтынын әдемі айтып көрсетті. Кез келген елді басқаратын кезде, сол елдің ішіндегі қауақарын жақсы білу керек. Сонда басқару мүмкін болады. Ал егер осыны ескермейтін болса, ондай кезде қанша білімді болса да, одан ештеңе шықпайды. Және психодинамиканың негізін қалайтын бірден бір жолы, сол елдің дәстүрі мен мәдениеті болады.

Көп жылдар бойы халық санасына жасалатын әсер арқылы, мәдениет негізін қалыптастырады. Жырлар мен дастандар, ертегілер мен қиссалар, ән мен өлеңдер, терме мен күйлер арқылы ел жадысына көптеген құндылықтар жазылады. Және өмірде болатын барлық оқиғаға қатысы бар әдеттер мен дәстүрлер, елдің мәдениетін құрайды. Сондықтан біздің бала бақша мен мектептегі берілетін білім көзі осы мәдениет іргетасын салуда. Ал онысы елдің мүддесін қорғайма әлде жоқ па, оны уақыт көрсетер бізге. Бұл жерде бізге тағыда партизандардың ұлы Отан соғысы кезіндегі саясатын еске алу керек. Егер біз осы тақырыпты біреуге беріп қоятын болсақ, онда елдің ертең қандай тағдырға дұшар болары анық емес. Сол себепті, әр отбасы, өз үйінде Шежіресін жазып, Жеті Атасының тарихын қолға алып, әр балаға жастайынан үйрету керек. Онысы баланың ішкі сенім жүйесін мықты етіп бекітеді. Осыны дәстүрге айналдыруы абзал.

Жалпы әр уақытта, біздің қоғам белсенділері мен зиялы қауым, дәстүр мен әдеттерді сұрыптап, ішіндегі барлық жаман және уақытқа сай емес, ескі амалдарын өзгертіп отыру керек. Ал орнына жаңа әдеттерді қалыптастырып, соларды мәдениетке енгізіп, дәстүрге айналдыру керек. Осыны біз қолға алып жасамайтын болсақ, онда шет елдік өзгелер өз мүддесіне сай етіп, біздің елімізге бөтен дәстүрмен әдеттерді жазатын болады. Солардың жаман мысалы ретінде **арақ ішу** және **шылым шегу** әдеттерін айтуға болады. Мәдениетті бақылап отыру керек, оның тың әсері бірден шықпайды. Бірақ уақыт өткен сайын, елдің санасына енген әсері зор бола береді.

Мәдениетті елдің мүддесіне лайық етіп, қалай өзгертуге болатыны жайлы көп мысалдар айтуға болады. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан», деген мақалдың өзі осыны көрсетіп тұр емес па. Ересек адамды өзгерту мүмкін емес. Ондай адам өзін өзі ғана өзгерте алады, егер соған жігер қайраты шыдайтын болса. Ал барлық мәдениетке қатысты өзгерістерін келешек өсіп келе жатқан жастар арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Осы жерде тағы да бір әңгіме мысалын келтіреміз. Оны күәгер атынан жазып отырмыз сол күйінде.

## Біздің ауылдың молдасы.

Біздің ауылдың молдасы өзгеше екен. Есімі Асқар. Басқалар сияқты кәрі қарияларды жағаламай, керісінше 5-10 жастағы балаларды маңайына жинап алады. Жазда соларға футбол алаңын жасап ойнатып, өзі төреші болып солармен жүгіреді. Кешке қарай ауылдың сыртында от жағып әңгіме айтады. Сонда қасына барып дін жайлы уағыз айта ма десем, жоқ. Мүлдем басқа. Астрономия, физика, биология мен математиканы баяндайды. Мысалы, ежелгі Еуропа елі инквизициясының қасыретінен бас көтермей, жер тегіс деп жатқанда, атақты Ұлықбек (Әмір Темірдің бір немересі) жұлдыздардың картасын жасаған. Жер мен айдың айналым кестесін қағазға басқан. Әл Хорезми математикадағы «алгоритым»-ді ойлап тапқан. Әбу Әли Ибн Сина бүкіл әлемге танымал ғалым, медицина ғылымы жайлы айтып отыр.

Бір күні, бір - екі мұғалімді қысқартып, жұмыстан шығарған еді, біздің молда Асқар соларды өз мешітіне шақырып балаларға қосымша сабақ өтуге ұсыныс береді. Мектеп директоры басында қарсы болып еді, артынан ата-аналардан именіп келісті. Содан, сабағынан үлгермей жүрген көп балалар мешітке келіп жұмыссыз қалған ұстаздардан тәлім алатын болды. Іштей қызғанып кей біреулері, біздің Асқар секта ашып алды деп, елге өсек таратып көріп еді, онысы бекер сөз екен. Себебі, кез келген адам сабаққа қатысып, ұстаздардың не үйретіп жатқанын көріп жүрді. Ислам жайлы немесе Құран, Шарифат жайлы бір де бір сөз айтылмады, тек мешіт күмбезінің астында демесе дінге басқа қатысы жоқ. Соған қарамастан біздің Асқар елді ұйытып, мешіттің қасына кішігірім зал салдырып алады. Сол жерде балалар келіп үлгермеген сабағын емін еркін отырып оқитын болды.

Бір неше жыл бұрын, ауылды қорқытып, бұзық балалар шатақ шығарып, арты өлімге апарып еді, бес жігітті түрмеге отырғызған. Солардың біреуі таяу арада бостандыққа шығып ауылға оралды. 25 жастағы жігіттің – есімі Қайырғали. Өте бұзық, төбелескіш адам екен. Ауылдағы жұрт содан қорқып, үрейлене жүргенде, біздің Асқар сол жігітті өзі барып тауып алады. Оңашада не жайлы сөйлескені белгісіз, тек көп ұзамай Қайырғали мешіттің қасынан күрес пен бокстан жеке секция ашты. Және ауылдағы барлық балаларды соған қатыстырып сабақ бере бастады.

Осылайша 5 жыл да өте шықты. Кешегі 10 жастағы балалар 15-ке келіп ер жетті. Мемлекетіміз өркендеп ауыл жағдайы жақсара бастады. Содан не керек, басқа аймақтардан көптеген адамдар көшіп келе жатты. Жаңа келген адамдарды ең бірінші болып біздің Асқар қарсы алды, ауылдың ережесін айтып бәріне көмектесіп жүрді. Қасында сол кешегі өзі үйреткен түлектері, он - он бес жастағы балалар. Арасында өзгешеленіп жүрген бірнеше отбасы бар еді, ешкімді танымағандай жатсынып жүрген, олар Асқарды да елемеді. Содан Асқардың жақсы досы, өзіміздің Қайырғали жігітіміз өз түлектерімен бірге барып, түсіндіріп әңгіме жүргізді. Не дегенін білмедім, тек олар момынсынып өрескел мінезін тастады. Ел ісіне белсенді қатысып, жақсы араласып кетті. Әрине жасыратыны жоқ, екі отбасы сол келген жеріне қайта көшіп кетті. Онысына ешкім ренжіген жоқ. Қайтып келсе ауыл ережелерін біледі дедік.

Өзім де сол молда Асқармен бір әңгімелескен жайым бар еді. Соны айтайын.

- Асеке осы сіздің кішкене балалармен шаршамай ойын сауық салып жүргеніңіз қалай? Молда деген солай істей ма? - деп сұрап едім. Маған оның берген жауабы қатты батты.

- Айналайын шырағым, ер жетіп өскен мына үлкендер тәрбие көрмей өсті, олар енді үзілген буын болып есептеледі. Көп ұзамай кетеді, не үшін келіп, не істеп, ертеңін ойламайтын буын болды. Олардан не қайыр күтеміз? Ал, мына жас өспірім балалар ертең ер жетеді. Ауылдың тірегі болатыны анық. Менікі сол үлкен теректің бір бұтағына ілініп, солармен бірге болысу ниетім ғой.

- Осы балалар істеген жақсылықты ұмытып кетпейді ма ертең?

- Анау арақ ішетін Шөптібектің баласы тәрбие көрмей өссе, ертең ауылдың бір қызын күш салып зорлайды, ал қыздың әкесі маған келіп «сен не істедің?» деп сұраса, мен не деп жауап берем оған? Олардың тағдыры менің мойнымда ғой..

- Ал мұғалімдерді жинағаныңыз қалай? Бәрібір дін жайылы сабақ жүрмейді ғой?

- Кез келген кейдейшілік білімнің жоқтығынан шығады. Егер елдің іргесі берік болсын десең, жастардың сауатын ашып, білім беру керек. Білімі жоғары адамның болашағы зор болады.

- Тек соған өз ғұмырын жан пида етуге дайын ұстаздар қайда?

- Міне, осы менің балаларым ертең сондай ұстаз болады әлі! Мен соған кәміл сенемін! - деді Асқар молда. Мен болсам: шіркін қазақтың әрбір ауылында осындай Асқардай молда болса екен - деп армандап қалдым..

Тағы бір өзекті мәселе бүгін елдің барлығын мазалап жүр. Онысы тіл білмей, өзге тілде сөйлеуге мүмкіндігі жоқ болғаны. Осы күні көп адам арасында жанжал шығып жүр, неге қазақ тілінде сөз айтуға жарамадың, деген. Жалпы осы мәселе мәдениет тұрғысынан өте жеңіл шешіле алады. Тек осыған дұрыс амалдар мен көз қарасты қалыптастыру керек қоғам санасында. Бүгін мектептерде тіл үйретуді бизнеске айналдырып жіберген, сол себепті мектеп аясында тілді үйрету өте нашар дәрежеде беріледі. Себебі ұстаздар тіл үйренсін деп ата анасынан арнайы ақшалы курстар ашып, ақша жинап жүр. Мектеп аясында барлық балаға тілді үйрену керек емес, немесе оған дарынды болу керек деп сендіріп қояды баланы. Содан әр бала ішінен: *келмейді менің қолымнан шет тіл білу*, - деп сеніп өседі. Ал тілді үйрену деген, өте оңай шаруа негізі. Тек оған керегі, күнде уақыт бөліп, соны әдетке айналдырып алу. Мысалы бала күнде беті қолын жуады ғой, «жалығып қалу» деген тіпті ойына да келмейді. 1905 жылдары қара халық жуынбаған екен Ресейде. Содан көзін кір қолымен ұқалай берген соң, көп адамдардың көз ауруы шығып, жас кезінде тіпті соқыр болу қауіпі өте жоғары болған еді. Артынан 1925 жылдары дәрігерлер бүкіл халыққа қолы мен бетін таза сумен сабындап жуу ережесін енгізіп, соны әдетке айналдырған соң, көптеген көз аурулары толығымен жоғалып кеткен болатын. КОВИД тараған кезде, бүкіл адамзат жаппай қолдарын өте жақсы жуатын болды ғой қайтадан. Тура осылай, әр бала он жасқа дейін өзінің ана тілін үйрену керек. Содан кейін күнде бір сағат немесе жарты сағат өзге тілді үйренуге жұмсайтын болса, бес он жыл ішінде кез келген тілді жаттап алады. Арасын үзбей, демалыс немесе жол сапар деген еш сылтау айтпай, дағдылы әдетке айналдыратын болса, бала осыған тез үйреніп кетеді. Содан әр он жыл сайын жаңа бір тілді үйренуді қолға алып, осы ереже қоғам ішіне дәстүр болып енетін болса жақсы болар еді. 30 жастағы әр адам кемінде үш тіл білу керек десек, ал 60 жастағы адам алты тілде еркін сөйлей алатын болса керемет дәстүр емес па?! Жақсы көмекші болып жасанды интеллект бүгін тегін берілген әр адамға. Күнде сонымен қалаған шет тілінде сұхбат жүргізіп, өзінің деңгейін жақсартуға болады. Қайтадан айтамыз, бұл жерде адамға керегі жігерін шыңдау.

Тағы бір өзекті мәселе болған тақырып ол қазақтың той жасап, ақша мен тамақты ысырап қылуы болып тұр. Ұсыныс ретінде тойдың дәстүрін қалай өзгертуге болатыны жайлы айталық. Туысқан жұрт тойға жиналған кезде, тамақ ішу мен әндердің айғайын есту үшін емес, шарапты ішіп алып елге тілек айту үшін жиналмауы керек. Керісінше барлық үлкен ақсақалдар мен әжелер, ағалары мен жеңгелері, өсіп келе жатқан жастарға көңіл бөліп, барлығына қамқорлық жасау үшін жиналу керек. Мысалы, бір жас жігіт үйленбей жүр екен. Соны елдің алдына шығарып, неге от басын өзі құрмай жүр екен деп, сұрақ астына салу керек. Не кедергі болып жүр екен? Бәлкім баспанасы ия болмаса қаражаты жоқ шығар. Немесе жұмыссыз қалды ма екен, әлде қарызы көп па? Келесі жас қызды шақырып әжелері мен жеңгелері сұрай бастайды. Ұнаған жігіті бар ма екен? Содан оқып жүрген жастарды шақырып алып, кім қашан бітіреді, содан қайда барып жұмыс істейтін ойы бар екен? Одан кейін мектептегі оқып жүрген жастарды шақырып, олардың қандай өнері бар екенін сұрастырып, не арманы бар екен, қандай іске икемі бар екен? Бәлкім табиғатынан керемет дарын бар шығар, соны бүкіл туысқан жұрт тексеріп бақылап шығу керек. Тағы ауырып жүрген немесе кемтар адамдар бар шығар. Солар қиналмас үшін ел болып барлығы қандай көмек бере алатыны жайлы ақылдасып, шешім қабылдау керек. Той деген міне осындай үшін жасалу керек. Әр адам осындай тойға алдын ала дайындалып бару керек. Егер жағдайы жақсы болса, жұмысы немесе пайда әкелетін бизнесі болса, онда қанша қаражат көмек бере алатынын айту керек. Және елден қандай көмек керек екен өзінің бизнесін жақсарту үшін, соны айту керек. Студент жастар болса, ертең қандай іспен айналысатын арманы бар, соны жүзеге асыру үшін қандай көмек керек екен деп, оларда барлық есеп қисабын дайындап апару керек тойға. Міндетті түрде тойға қалталы аға тәтелерді шақырып, соларға спонсор болуға өтініш беру керек. Және туысқан жұрттың алдында әр жас бала презентациясын баяндап, өзінің іскерлігін дәлелдеуге тырысу керек. Мысалы бір ер жігіт өзіне көлік жөндейтін СТО ашқысы келеді екен. Соған банк арқылы несие алмақшы, бірақ біреу кепілдік беру керек екен банкке. Сондай кезде тойға келген белсенді ел ағасы кепілдік беру жағын өз мойнына алып, туысқандар ертең несие қарызын жұмыла жабуға атсалысу керек. Ал көлік жөндету керек болса, барлық туысқандар бөтенге ақшасын апармай, осы жігітке барып, өз көлігін жөндетіп, ақшасын осыған төлеу керек деп тойда барлығы келісу керек. Тура осылай кез келген сұрақтарды туыстар арасында шешіп алу керек. Міне тойдың қандай мақсатпен жасағаны дұрыс болар еді. Бұл да Мәдениет саласына жататын, жақсы дәстүрді қоғам ішіне қалыптастыру амалдарының көрінісі болады.

Келесі тақырыпты айтпасқа болмайды. Көп көркем бейнелер арқылы елдің санасына білдіртпей жазылып жатқан жаман әдеттер. Солардың ішінде арақ ішу мен шылым шегу. Мысалы кинодағы басты кейіпкер арақ ішеді екен және темекіні тартады екен. Содан, жаны қиналған кезде шарап ішіп отырады. Және жауыздарға қарсы амалдарын жоспарлайтын кезде тағы барып ішеді. Содан соғыс барысында тағы барып ішеді және соңында жауды жеңіп, дем алып жатып тағы келіп ішіп отырады. Темекісін де тура солай ауызынан тастамайды. Осыны жастарымыз бейнеден көргенде олардың жадысында бейсаналы түрде осы көрініс шығып тұрады. Содан қиялдаған жастарымыз өздерінің бай құатты өмірді елестеген кезде, немесе қиындықтармен күресемін деген арманында ауызында темекі, ал қолында шарап болып шыға келеді. Осыны ескеріп отыру керек үнемі. Арақ өнімдері химиялық уланған заттар тізімінде болуы шарт. Мысалы біз дүкенге барғанда, уксус ия болмаса кір жуатын ұнтақ тәрізді заттарды арнайы бөлімге барып аламыз ғой. Тура солай арақ та сол химиялық улы заттар арасында тұрғаны абзал. Әр адам дүкенге барған сайын улы заттардың ішінен арақты көрсе жақсы болар еді. Тағы бір көркем бейнелерде болатын жаман үрдіс, ол досы өзінің әріптестерімен сөйлеген кезде бірін бірі түртіп, келеке етіп тұрғаны. Осыны жастар көріп алып, шын достар арасында үлгі етіп қолданып жүреді. Ал осындай қисынсыз дәреке қалжыңдар

және бірін бірі келекетіп жүргені жүректегі адалдық сезімін жояды. Осыдан жастардың шынайы достығы орын алмай, тек әйтеуір, күн көру үшін бірге жүргенін көрсетіп тұрады. Ондай достық адал болмайды. Сатқындықтың жолы ашылып, жиіркенішті оятады. Жастарымызға ондай жаман үлгіні көрсетпеу керек. Немесе үнемі осыған назар аударып, жастардың есіне салып отыру керек бәрімізге. Осылай тізбектеп айта беретін болсақ, мысалдары көп. Біз тек көзге түскенін оқырман назарына салып отырмыз.

Енді жоғарыда айтылғанды есте сақтап, Мәдениеттің қоғамдағы адамына қандай ықпалы барын ашып көреміз. Сонымен, адам бойында үш дербес билік көзі бар деген едік. Онысы, тәні мұқтаж болатын заттары: аш қарын, ләззат алу, ұйықтау сияқты. Одан кейін, ақылы талап ететін мұқтаж заттар: оқуы керек, қолды жуу керек, ережелерді орындау керек, тәртіпке бағыну керек, осындай сияқты білімге сай талаптар. Және үшінші билік көзі болған эмоциялар сезімі. Бойындағы ашуы бетке шапқан кезде, тәнге керек шөлдегені ұмытылады, ақылдағы тәртіп және әдептілігін елемей қалады да, адам біреуге жамандық істеуі әбден мүмкін. Міне осы үшеуіне ие бола білген адамды негізі **есті** деп айта алады. Ал егер осы үшеуінің біреуіне билікті беріп қоятын болса, ондай адам кім болғаны? Міне осы туралы айту керек. Жалпы барлық адамдардың мінезі құбылмалы келеді. Кей кезде солар тәнге құл болып қалады, кей кезде олар ақылға сүйенеді, ал кей кезде эмоциясы басым болады. Және осындай өзгерістер күніне көп рет құбылып отыруы мүмкін. Сол себепті әр адамның көбінесе қай жағына қисая қалатынына қарай, оларды топтастыруға болады.

Сонымен, егер адам кез келген шешім қабылдайтын кезде, көбінесе тән рахатына жақын болса, ондай адамды Хайуандық психикасы бар қатарға жатқызады. Ал егер адам шешім қабылдайтын кезде қоғамдағы қалыптасқан әдеттерге жиі жүгінетін болса, ондай адамды Биоробот психикасы бар қатарға жатқызады. Осы екі түрлі психика иесі болған адамдар өздеріне ие бола алмай, құл болып өмір сүретін адамдар. Екеуі де тобыр қатарына жатады. Ал егер тәнді тізгіндей білсе, әрі қоғамдағы әдеттерге берілмей, солардың ықпалына сынып қалмай, өзінің ақылы мен санасына сеніп, эмоцияларын тізгіндей алатын **есті** адамдар, тағы екі топқа бөлінеді. Біреуді өзінен төмен санап, айналадағы адамдарды өзінің мүддесіне қарай қолдануға тырысатын алаяқтар болады. Арсыз және ұятты білмейтін сондай адамдардың психикасын Сайтани қатарға жатқызады. Ал ар мен ұятты қастерлейтін, біреудің ала жібін аттамайтын кісілерді Адами қатарға жатқызады.

Енді осы төрт психика топтарын жеке қарап, соларға тән қасиеттерді атап өтелік. Алдымен әлгі **Хайуани** психикасы бар адамға назар салайық. Ондай адам нәпсінің құлы болады. Ләззат құмар болып жүреді. Бар ойлағаны тамақ, ұйқы, ойын-сауық, күлкі, жыныстық қатынас, өзін шектеуді білмейді. Барлығына үнемі ашуланып қарайды, бүкіл әлем оларға қарыздар тәрізді сезінеді өзін. Олар ешкімге ештеңе жасауға міндетті емес, сол себепті олар жүрген жерде барлығы шашылып жатады, және лас қоқыс төгіліп жиналмайды. Өзінің тәніне құл болған олар, бар жауапкершілік алудан қашады. Олардың мысалы ретінде, қоқыс маңындағы бомж адамдарды айтуға болады.

Келесі болып **Биоробот** психикасына жататын адамдарды көрелік. Ондай адамдар қоғамда орын алған әдеттерге жүгінеді. Өздерінің жеке ойы немесе шешім қабылдай алатын қауқары аз немесе мүлдем жоқ болады. Олар үнемі қоғамда қалыптасқан әдеттер бойынша өмір сүреді. Ақылымен қисынға салып өзінің әдеттерін өзгертуге ұмтылмайды. Қалыптасқан, үйренішікті өмірлік салты бойынша жүреді. «Сен тимесең, мен тиме», деген адамдар. Шешім қабылдау керек болғанда тән құмарлығына елікпей, қоғамдық дәстүр бойынша әрекет жасайды. Егер қоғам ішінде дәстүрлері жақсы болса, осындай биоробот адамдар жамандыққа бармайды. Ал егер барлық теледидар мен ғалам тор арқылы және бұқаралық ақпараттар құралдары, арақ ішу немесе темекі шегу саясатын

насихаттайтын болса, осыны дәстүрге айналдырған биоробот адам, соны қайталай береді. Және өзінің бала шағасына осыны үйретіп жүреді. Біздің қоғамда осындай биоробот болған адам саны өте көп, сол себепті біз Мәдениетке сын көзбен қарап, ішіндегі жаман әдеттерді тазалап, үнемі бақылап жүру керекпіз. Абай айтқан сөзі: «Көп айтса – көнді, Жұрт айтса – болды, Әдеті жаман адамның», осыларға арналған. Жер бетіндегі басым көпшілік өмір бойы биоробот болып ғұмыр кешеді. Және осындай адамдар Эгрегорлардың жетегінде жүре береді. Мектеп аясында балалар осындай биоробот болуға тәрбиеленеді. Адам санасымен осыны түсінбесе де, адамның жаны әр кез қатты қиналады сондай өмірден. Содан көкіректің іші шерге толып, ондай адам өзінің шерін арақ, шараппен басады. Немесе нашақорлық оның санасын байлап алады. Тағы биоробот болған адам үнемі уақытты қалай өткізерін білмей қиналады. Бар уақытын бос өткізіп, мағынасыз іспен көңілін аулайды. Біздің мектепте баланы дайын жауаптармен санасын толтыруға тырысады. Ал негізі балаға сұрақ қоюды үйретсе игі. Өзі сұрақ қойып, сол сұраққа өзі жауап іздеуді үйренген бала еш қашан биоробот болмайды. Себебі жауап іздеген кезде, ол өзіне жауапкершілік алуды да үйренеді. Сонымен Биоробот болған адамдар өзіне жауапкершілік алудан қашады. Шешімді өзі қабылдаған кезде басын ауыртпай, өзге елге қарап, солар сияқты жасауға тырысады. Ондай кез адамдарға міндетті түрде бір лидер (кумир) керек. Сол лидері қалай істесе, соны тура қайталап жасайды. Ертең қате болса, кім кінәлі, кім жаман? Осы лидер жаман болады, әлгі кумир болғаны кінәлі болады. Ал адамның өзі судан таза, қардан ақ болып жүре береді. Содан өзіне келесі бір кумир / лидерді іздей бастайды. Және өзін өзгертуге еш құлқы да жоқ. «Жарым ес» әлде «есуас» сөздерінің төркіні осыдан шыққан еді. Құлдық сананың нақ келбеті осындай.

Енді **Сайтани** психикасы қатарына жататын адамдар туралы айталық. Бұл адамдар өздерінің әр сезімдерін билеп, тізгіндеуге тырысады үнемі. Олар іштей өзгеруге дайын болады, және жігерін жақсы шыңдай білген адамдар. Тек көздеген мақсаты өзгелерден басым болып, соларға билік ету болады. Ондай адамдар Құдайды елемей, өзін бірінші орынға қояды.

Ол туралы Құрандағы «Сад» сүресінен үзінді келтіреміз (38:76): *Ібіліс: «Мен одан артықпын. Өйткені, мені оттан жараттың да оны топырақтан жараттың» деді.*

Осылай, өзін артық көрген адамдар, ойына келгенін істейді. Және айналадағы адамдарды үнемі алдап, айлақор болып, арсыз қылықтан тартынбайды. Сондықтан, ондай адамдардың ұнары екі жүзді ойларға толып жатады. Олардың ойлағаны билік тізгінін қолында ұстап, елге бұйрық беру арқылы өз дегеніне жету. Және солай ойлаған адамдар өз ара бірігіп иерархия құрып алады. Бәрі осындай құпия топ құрып, көптеген қылмысқа жол ашады. Жоғарыда айтылған екі топ иерофант өкілдері соның нағыз мысалы болады. Бұндай адамдар шешім қабылдаған кезде жауапкершілікті алудан қашпайды. Алайда олардың сайтани жоспары үнемі сәтсіздікпен аяқталып, өмірі толған өкініш және аяусыз тартыспен өтеді. Себебі өздері арасында бәсекелестік қарқынды жүреді. Бар арманы жалған болып, өмірдің соңы қасыретке толып жүреді. Алайда осылар билік басында көп жүреді. Олар үшін адам баласы мал құрлы келеді. Сондықтан бұлар қарапайым халыққа еш бір жылы сезімі болмайды. Өз мүддесін қорғап, елге аяусыз қарайды. Білімі де өте жоғары болады, себебі өздері үнемі жаңа білімге құмар келеді.

Дегенмен соларға арнап, Құрандағы «Бақара» сүресінен үзінді келтіреміз (2:7): *«Құдай олардың жүректерін, құлақтарын бітеген, әрі көздеріне перде салды. Оларды зор азап күтіп тұр».*

Енді **Адами** психикасы қатарына жататын төртінші топтағы кісілер туралы айталық. Олар кітап басында айтылған: «Жаным Арымның садағасы» қағидамен өмір сүретін адамдар болады. Және

шешім қабылдау кезде өзінің қате болуы мүмкіндігін ескеріп, Құдайдан демеу тілеп, көмекті аян арқылы күтеді. Жоғарыда айтқандай, Жаратқан ием киелі Рұхты адамға көмекке жіберген еді. Ал сол Рұхтың даналығын естіп, соған лайық шешім қабылдау үшін не істеу керегін адамға баяғыда Сүлеймен пайғамбар айтып қойғанды. Бұл жерде Құдайдың әр адаммен қалай сұхбат құрайтыны жайлы айтып өтейік. Әр адам ерекше келеді, екі бірдей адам жоқ жер бетінде. Барлығының білім және өмірлік тәжірибесі ұқсас емес. Сол себепті, барлық адамға берілетін кеңес - ақылы ерекше болады. Көп адам осыны түсінбей, барлығына бірдей жарасатын ақылды күтеді. Сондағы Құдай мен адамның арасындағы сұхбат қалай өтеді деген сауал туындайды. Соған жауап берелік. Адам шын ниетімен, ашық пейілімен Құдайға сауал берген кезде, жауабы міндетті түрде келеді. Тек ол өте құпиялы ақпарат болып есептеледі. Оны өзге адамдар тұрмақ, тіпті жын сайтандар естімеуі керек. Ал адамдар барлық ойларын сақтамай, елге жайып салуға құмар. Сол себепті, егер өзіңіз Құдайға бір өтініш айтатын болсаңыз, оны өзге ешкімге жария етудің қажеті жоқ мүлдем. Ол тек сіз бен Құдай арасындағы құпия болуы шарт! Ойыңыздағы тілекті тіпті дауыстап айтудың керегі шамалы, себебі Жаратқан ием сіздің барлық ойларыңызды ашық көре алады. Дұға тілек айтқан кезде, өзіңіз іштен өзгеруге дайын болу керексіз. Себебі адам баласы тек құмарын қандыру үшін келмеген бұл дүниеге. Көп білімді үйреніп, Құдайдың разылығы үшін келген. Енді сіз тілек айту кезінде соған лайық сезімді келтіріп алу керек. Бұндай кезде ыржалаң күй немесе бос қалжыңды айту тіпті қисынсыз болады. Енді жауапты қалай аламын деген сұрақ шығып тұр. Ал жауаптың сөзін өмірдің ағымы арқылы көруге болады. Егер сіздің өміріңіз бақытқа толып жатса, онда сізге жауабы сол болады. Ал егер сіз қанағат тұтпай, сабырлық сақтамай, өмірден түңіліп қалсаңыз ол да сол жауаптың көзі болғаны.

Көп адам мысалы, таңда тұрып, өзінің аман сау болғанын бағаламайды. Көзбен көк аспанды күн сайын көріп жүргенін тіпті елемейді. Ал бұл дегені жауаптың нағыз өзі емей немене? Бірзальқ сезімін білдіріп, барлық әлемге рақымет айтуды ұмытпаңыз. Әр бір істе қуаныш пен мейірімге толы сезімдер болса – онысы да Жаратқан иемнің сізге берген жауабы, осыны ұмытпаңыз. Көп адамдар мол дүниеге қолы жетсе дағы, іштен бақытқа толы сезімді мүлдем сезбейді, себебі іші тар. Көп адамдар білімге ұмтылып, көп ғылыми ақпаратты үйренуге құмар болады. Алайда көп білген сайын, өзінің өмірінен түңіле береді – бұл да сол жауаптың бір жолы деп қабылдау керек. Тіпті қолға қызыл алманы алып, соны бәкімен қабығын тазалаған кезде, бір оқыс ойды қисынға салып, ойламаған жерден саусақты кесіп алсаңыз – ол да сондай жауаптың бір көрінісі болады. Сіз Құдайға сұрақ қойған кезде, жауабы осылай сізге келеді. Соған лайық әрекет амалдарын сіз жасайтын болсаңыз, және барлық істер Құдайдың айтқаны бойынша жүретін болса, өміріңізде таңғажайып керемет жақсылықтар көп болады. Бірақ тағы ескертіп айтарымыз, осының құпия екенін ойдан шығармау керек. Беталды барлық елге ол туралы жариялап, еш айтудың керегі жоқ! Бұл сізбен Құдай арасындағы тікелей сұхбат. Өзгелерді бұл әңгімеге еш араластыруға болмайды. Артынан, сіздің бақытты ғұмыр кешіп жүргенін көрген жақындарыңыз сұрайтын болса, оларға осыны құпия ретінде айтуға болады әрине. Бірақ оларда, Жаратқан иемге тікелей сұхбат құрып, іштен құпиясын сақтауын ескеру керек.

Енді мынаған назар салып қараңыз. Мысалы ерлі зайыптылар осылай Құдаймен тікелей сұхбат құрып, өздерінің тілектерін айтатын болса. Сонда ойлары бір жерден шыққан екі ғашықтың бар ойларын Құдай орындап жатса, ондай отбасы көп бақытқа ие болары сөзсіз. Ал егер үй іші айғай шу мен жанжалға толып жатса, демек екеуінің ойлары бір жерден шықпағанын көрсетіп тұрғаны көрініп тұрады.

Сонымен, әр қоғамның өзіне тән психодинамикасы болады. Соған қарап, қоғам ішіндегі қандай амалдарды жасауға болады, ал қандай істерді жасамауы дұрыс деп, есепке алу керек әлбетте. Ал егер қоғамға жаңа бір амалды жасау керек болса, онысын алдымен әдетке айналдырып, соны ел санасына сіңдіріп, артынан мәдениетке дәстүр қылып енгізу керек. Содан барып, жаңа буын өсіп өзінің санасында осы әдетті құрметтеп жүреді. Содан барып, қоғамға әлгі амалды жасауға болар. Осы заңдылықтарды елемейтін болсақ, жоспарланған істеріміз сапалы болмайды. Осыны ескеру керек барлық азаматқа. Ал біз келесі заңдылыққа көшелік.

## 5. Шаруашылық істерді тындыратын экономикалық заңдылықтар

«Адам күні адаммен» деген мақал, біздің табиғатымызды жақсы көрсетіп тұр. Адамға жалғыз болу жараспайды. Біздің барлық өміріміз қоғам ішінде жүру керек. Әлеуметке тәуелді жандар біз. Ал кез келген қоғам ішінде экономикалық қарым қатынас орын алады. Олсыз тіршілік ету тағы мүмкін емес. Сондықтан осы тақырып бойынша, біреуден тәуелді болмауы үшін, еркіндік сүйген азаматқа Экономиканың заңдылықтарын білу керек. Жалпы осы «Экономика» сөзін ел санасына алғаш енгізген адам, көне грек данасы – Аристотель болатын. Және «Хрематистика» сөзін тағы енгізген еді. Енді осы екі сөздің не айырмашылығы барын айтып өтелік.

Сонымен Хрематистика мақсаты не құрылым көбірек пайда табу болады. Ал Экономика саласы елдің барлық мұқтажыңды қамтамасыз ету болады. Осыны мысалмен салыстырып көрсетелік. Мұқит ортасындағы бір аралда адамдар тұрып жатыр делік. Содан аралдың жер астында құнды бір минералды тастары бар екен. Енді сол тастарды сатып алуға шет елден саудагерлер келетін болды: *Біз тасты алайық, есесіне көп ақша береміз. Бай боласыңдар*, – деп ұсыныс жасайды. Аралдағы тайпаның адамдары өз ара ақылдасып отырады. Сонда олардың алдында түбі екі жол таңдауы шығып тұр екен.

1) Барлық тастарды тездетіп қазып алып, барлығын сатып жіберсе көп миллион ақшаны алады. Алайда, оларға бірден осыншама көп ақша керек емес, себебі аралдың елі соншама көп дүниеге мұқтаж емес. Және барлық тастарды қазып алатын болса бес он жылдың ішінде байлығы бітіп қалады екен. Содан кейін құнды тас минералдары таусылып, саудагерлер қайтып келмейді. Ал аралдың елі болса осы мол ақшаны көп болса бір он жылға жеткізер. Артынан қайтадан баяғы салтына оралуы шарт. Бірақ тайпаның ішінде осы жолды таңдаған адамдар болды, олар тезірек байып кетсек, деп армандайтын. Артынан не боларын тіпті ойлағысы жоқ.

2) Енді өзге таңдау амалын айталық. Осы арал елінің жыл сайын мұқтажын жабу үшін аса көп тас минералды қазып алудың керегі жоқ екен. Демек, егер аз аздан осы минералдарды қазып сататын болса, жалпы барлық тастардың көлемі 500 жылға жетеді екен. Сонда аралдың елі аса байлық иесі болмаса да, есесіне өздеріне керек барлық мұқтаж дүниені қамти алатын болады. Және бес жүз жыл бойы еш уайымсыз ғұмыр кешеді. Осы жолын таңдаған адамдар да болды сол арал елінде.

Осы екі таңдаудың бірінші жолы Хрематистикаға жатады. Ал екінші жолын таңдаған адамдар Экономиканы қолдағаны. Енді біз Қазақстанға қарап тура осындай мысал айтайық. Егер біздің жер асты байлығымызды асықпай, тек елдің керегін ғана алу үшін жұмсайтын болсақ, онда біз

Экономика саясатына сәйкес әрекет жасайтын боламыз. Ал егер біз тезірек барлық жер байлық көзін қазып алып, соларды тездедіп сатып жіберуге тырысатын болсақ, ондай әрекет Экономика саласына мүлдем қатысы жоқ болады. Бұндай амалдың атауын сонау көне Греция даналары өзге терминді қолдап – Хрематистика, деп атаған.

Келесі мысалды айталық. Біздің ұлттық банк қағаз ақша басып шығарады. Осы ақшаны нарық кеңістігінде қолдануы керек. Алайда, барлық ақша көзі бірден құнды қағаздар мен ақция сатып алуға жұмсалып кетеді. Содан ел нарығында қағаз ақшаның 5 пайызы ғана қол жетімді болып тұр, ал 95 пайызы сол құнды қағаздарды спекуляциялық биржаға салып қойған. Соның кесірінен өндіріске керек несиені алуға мүмкін емес. Осының кесірінен инфляция жылдан жылға өсіп келе жатыр елімізде. Міне Хрематистиканың нағыз жүйесі. Ал егер біз Экономикалық жүйе бойынша жасайтын болсақ, онда барлық ақшаны өндіріс саласына жұмсайтын едік. Қай мемлекет өз еліне несие пайызын төмендетіп берсе, сол елдің экономикасы дамитын болады.

### Ұлттық банк несие бағамы және инфляциясы

 Швейцария: 0.00% / 0.0%	 Чехия: 3.50% / 2.1%	 Индия: 5.25% / 0.7%
 Япония: 0.75% / 2.9% ↑	 Австралия: 3.60% / 3.8%	 ЮАР: 6.75% / 3.5%
 Таиланд: 1.50% / -0.5%	 США: 3.63% / 2.7%	 Азербайджан: 6.75% / 5.5%
 Дания: 1.60% / 2.1%	 Великобритания: 3.75% / 3.2%	 Мексика: 7.25% / 3.8%
 Швеция: 1.75% / 0.3%	 Норвегия: 4.00% / 3.0%	 Колумбия: 9.25% / 5.3%
 Еврозона: 2.00% / 2.1%	 Польша: 4.00% / 2.5%	 Узбекистан: 14.00% / 7.5%
 Тайвань: 2.00% / 1.2%	 Гонконг: 4.00% / 1.2%	 Бразилия: 15.00% / 4.5%
 Канада: 2.25% / 2.2%	 Перу: 4.25% / 1.4%	 Россия: 16.50% / 6.6%
 Новая Зеландия: 2.25% / 3.0%	 Саудовская Аравия: 4.25% / 1.9%	 Казахстан: 18.00% / 12.4%
 Южная Корея: 2.50% / 2.4%	 Чили: 4.75% / 3.4%	 Аргентина: 29.00% / 31.4%
 Малайзия: 2.75% / 1.3%	 Индонезия: 4.75% / 2.7%	 Турция: 38.00% / 31.1%
 Китай: 3.00% / 0.7%	 Филиппины: 4.75% / 1.5%	

Осы суретте біз әр елдің несие бағамын көріп, қайсы елдер Экономикаға сәйкес саясатын жасап жүр, ал қай елдер пайдаға ұмтылып, өз елін сорлатып, Хрематистикаға сәйкес амалдарын жасап жүргенін көре аламыз. Қазақстан ішінде өндіріс ашамын деген адам 1 миллион доллар несие алу үшін, жыл сайын соның 18 пайызын қайтару керек. Сонда бес жылға осы несиені алатын болса, жыл сайын қарызы 20 пайызға өсіп отырады. Сонда бес жылдан кейін екі есе көп ақшаны кері қайтару керек. Ал бүгін елімізде еш бір өндіріс осыншама көп пайда әкелмейді ғой. Демек банк жүйесі осыны білмейді емес, біліп отыр. Осындай жоғары пайызбен несие бергені, елдің ішінде еш қандай өндірістің болмауы үшін жасалынады. Хрематистика саласы осындай, тек тез пайда көзін іздейді. Елдің ахуалы не болмақ, сонда тіпті шаруасы жоқ. Енді салыстырмалы түрде, өзге елдердің несие пайызын көрейік. Мысалы Швейцария елін алайық, бір миллион доллар несиесін алсаңыз бес жылға, онысы өспейді екен. Мерзімі өткен соң, сол ақшасын ғана қайтарасыз. Енді біз Ислам діні бойынша несиенен пайда көру харам деп айтамыз. Сонда осы елдің саясаты негізі мұсылман еліне сай болып тұр ғой. Ал біздің елде мешіттер көп салынып жатса дағы, бұқара ел өзінің мүддесіне пайызы жоқ несие ала алмай отыр. Халықтың басым көпшілігі биік пайыз бен несиені алу мүмкіндігі ғана бар. Және соны қайтара алмай, бүкіл өмірі кедейшіліктен бас көтере алмай қиналып жүр.

Сонда қайтпек керек деген сауал шығып тұр, соған жауап берелік. Оның шешімі 100 жыл бұрын Еуропадағы Австрия елінде болған еді. 1932 жылы Германия және Австрия жерінде тұрмыс күйі өте ауыр болатын еді. Елдің бәрінде инфляция қарқынды өсіп жатты. Сол кезде Австрияның бір аймағы шешім қабылдап, Вёргель қаласында жеке ақша шығарады. Оны «дербес шиллинг» деп атаған еді. Оның ерекшелігі, ай сайын ақша құны 1 пайызға азаяды екен. Мысалы теңгені банкі депозитына салатын болсақ онысы ай сайын өсім көреді. Ал бұлар керісінше жасаған еді. Қолға ақша түсетін болса, оның құны ай сайын 1 пайызға азайып отырады. Жылына ақшаның құны 12 пайызға азайып қалады. Сол себепті ондай ақшаны депозитке салу тиімсіз. Енді барлық адамдар осы ақшаны тезірек құртып жіберуге тырысатын еді. Содан осындай ақша бір орында көп уақыт ұстамай, қолдан қолға тез айналып жататын. Ал нарықтың ішіне жетерлік ақша шығатын болса, сол аймақтың экономикасы тез дами бастайды. Бір жылдық мезгіл ішінде қаланың көптеген жол жүйесін жөндеп үлгереді. Жұмыссыздық көлемі 25 пайызға азайып қалады. Барлық адамдар тез арада өздерінің салықтарын төлейтін болады. Осы аймақ экономикасы жылдам өсетін болған еді сол жылы. Осыны көрген өзге аймақтар қызығып, олар да осы тәсілмен дербес ақшаны шығару әрекетін жасай бастайды. Соны көрген Австриялық ұлттық банкісі тез арада тиім салып, бәріне қатал ескерту береді. Артынан Гитлер билікке келіп, бұл тақырып мүлдем ұмытылып кетеді.

Жүз жыл өткен соң, осы күндері дербес ақша қалай жасауға болады деген сауалға жауап берелік. Сонымен мысал ретінде бір үлкен, көп қабатты сауда үйін алайық. Сол супермаркет иесі болып өзіңізді елестеп көріңіз. Бір күнде ғимарат үйінде 50 миллион теңге көлемінде сауда жүреді деп болжайық. Бір күні сіз мобильді қосымша жасап, сол арқылы өзіңіздің валютаңызды шығарып қойдыңыз. Оның есімін мысалы «асық» деп атадыңыз. Содан барлық сауда үйінің клиентіне осы Асық валютасын пайдаланып сауда жасауды ұсынасыз. Асық пен Теңге арасы тең болады. Бірге бір етіп ауыстыра алады делік. Және сауда үйінің барлық сатушыларына осы мобильді қосымша арқылы сауда жасап, асық арқылы төлем алуға шарт қоясыз. Сонда сатушы адам таңда келіп, өз қолындағы теңгесін сол асық валютасына ауыстырады, күні бойы тауар және қызмет сатып, күн аяқталған кезде, бутик есігін жауып, өз шоттағы қалған асықтарын қайтадан теңгеге айырбастап алады. Сонда клиент сауда үйіне келген кезде теңгесін асық валютасына ауыстырып, керек затты алып болған соң, шығатын кезде асықтарын қайта теңгеге бір де бір курсымен қайтарып алады. Қарап тұрсаңыз, ешкім ештеңе жоғалтпайды. Сонда сізге осыдан не пайда, осы туралы айтамыз. Жоғарыда айтқандай, бір күнде 50 миллион теңгеге сауда жүреді делік. Сонда елдің барлығы өз ақшасын сіздің шотқа жіберіп отырады. Содан сізде мол қомақты ақша болған соң, сіз осыны өз керегіңізге жарата аласыз. Мысалы өзіңіз сауда үйінің ішіндегі сатушыларға демеулік қаржылай көмек бере аласыз. Міне сол мақсат үшін бүгінгі күні криптовалюта қолайлы болып тұр. Оның пайда болуы осындай бизнес қылу үшін жасалған. Бәлкім оқырман ойлауы мүмкін, бұндай амал біздің елде жасау мүмкін емес деп. Алайда, осы күні барлық үлкен дүкендер соны жасап та жүр. Тек олар ашық түрде бұны криптовалюта деп айта алмайды, себебі заң бойынша ондай әрекетке тиім салынған еді. Сондықтан дүкендер, оның орнына ваучер, купон, скидка, балл жинау жүйесі деп, жақсы қолданады. Бірақ солардың барлығы қарап тұрсаңыз, осы дүкеннің жеке ашып алған валютасы іспеттес.

Енді осы ойды түсінікті ету үшін тағы бір мысалды айталық. Егер мемлекет тарапынан заңды түрде қолдау берілсе, осыны жасаудың қандай жолдары бар екенін қиялдап көрелік. Әрине бүгін депутат қауымы осындай қаржы білімнен мүлдем хабарсыз, сондықтан олар көп жайды түсінбей отыр. Бұл білімсіздіктің кесірінен, біздің ел көп пайда көзі бола алатын, елді дамыту әдістерден хабарсыз. Сондықтан, біз осыны кітапқа жазып отырмыз. Ертең осы ақпарат көзі билік басында

отырған шенеуініктер мен депутаттарға жетіп жатса, солар осының елге қолайлы жолын тауып көретін шығар деген үміт бар бізде. Сонымен қиялдап көрелік, қалай осыны жасауға болатынын.

Алматы қаласы мен маңайындағы көп ауылдарда қолдануға болатын жаңа криптовалютанан әкім шығарыпты делік. Оның атауын «Төлестер» деп қойыпты. Төлестер валютасы теңге мен бірге бір дәрежеде ауыстырылады екен. Бірақ ай сайын оның салмағы бір пайызға азайып отырады. Сізде бір миллион Төлестер ақшасы бар делік. Бір ай өткен соң, сіздің шотта тек 990 мың Төлестер ақша қалады. Сол себепті сізге осы ақшадан тездетіп құтылу керек. Оны депозитқа салып, немесе өзге құнды қағаз сатып алуға қолдана алмайсыз. Шет елдің валютасын да алуға жарамсыз. Бір алтын, күміс тәрізді қымбат заттарды да алуға келмейді. Сонымен қала әкімі Төлестер ақшасымен ресми түрде, қала тұрғындарына айлық ретінде төлейді. Мысалы қарт адамдарға және оқушыларға жол жүру үшін төлеуге мүмкіндік береді. Осылай әкімшілік барлық мемлекет жүйесінде еңбек еткен қызметшілерге жалақысын осы Төлестер ақшасымен бере алады. Ондай ақшаны әкім орталықтан сұрап жатпайды. Қала жұмысына қанша ақша керек, сонша көлемде шығара алады. Және сондай шыққан ақшалар тез арада қаланың бюджетіне қайтып оралады. Ай басында қомақты көлемінде Төлестер ақшасы елге айлық ретінде таралады. Және соның барлығын қала тұрғындары тез арада бюджетке қайтаруға тырысып жүреді. Мысалы мұғалім айлығы 350 мың теңге делік. Ал осыған қосымша етіп, әкім тағы үстінен 400 мың Төлестер ақшасын қосып береді. Енді ұстаздың айлығы өсіп, 750 мың болды делік. Сонда 350 мың теңге сол баяғы ақшамен, ал соған қоса, 400 мың сом Төлестер ақшасымен болады. Біздің мұғалім бір айдың ішінде алған 400 мыңды толығымен түрлі амалдарымен құртуға тырысады. Ал теңгесі сақтала береді өзінің керегіне қарай. Әкім теңгелей ақшаны орталық бюджеттен алатын болса, Төлестер ақшасын шектеу сіз шығара алады. Енді осы жерде жемқорлықты естен шығармау керек әрине. Қаржы полициясы мұқият қадағалап отыруы керек барлық төлем көздерін. Сол себепті осы Төлестер ақшаны толығымен цифрлі түрде жасауға болады. Сонда барлық ақшаның кім, қалай, және қашан жұмсағаны белгіленіп тұрады.

Енді қаладағы барлық азық түлік дүкен иесі ай сайын салықты қала бюджетіне төлейді делік. Ал сатып алушы адамдар оған осындай Төлестер ақшасын ұсынатын болса, ол сонымен өзінің салық сомасын толық төлей алады. Және жарық, су, жылу қызметі үшін де осы Төлестер ақшасын жеке жұмсап жабады. Енді азық түлік дүкен иесі өзіне несие алғысы келсе, әкім тарапынан осындай Төлестер ақшасымен несиені береді. Бұл Төлестер ақшасы тек Алматы қаласы мен жақын жатқан ауылдарда төлем ретінде жүретін болады. Өзге облысқа барса, теңге қолдана береді. Шеттен бір адам келетін болса, теңгемен төлей береді. Енді әкім өзінің қаласы жақсы даму үшін, барлығына пайызсыз несие ұсынады. Қалаған сомаға Төлестер ақшасымен несие алып, кез келген адам өзіне бизнес аша алады. Сонда керек қосалқы бөлшектерін шет жерден әкеліп жүрсе онысы қымбатқа шығады. Ал егер осы қаланың ішінен жасайтын болса, онда арзан болады, себебі еш пайызсыз сол несие көзі дайын тұр. Және көлемінде шектеу жоқ, қанша Төлестер ақша керек болса, сонша ақшаны саған цифрлі шотқа аударып береді. Әрине, ай сайынғы оның көлемі бір пайызға азайып отырады. Сол себепті тез арада барлық несие ақшасын керек заттарды алуға жұмсау керек.

Енді сіз кішігірім зауыт ашып, өндіріс шығаруға ниет жасадыңыз делік. Сонда осы қала әкіміне барып, өзіңізге керек несие сомасын аласыз. Сол ақшаға керек шикізаты мен қосалқы бөлшекті сатып аласыз. Егер осының барлығы шет жақтан алынатын болса, онда Төлестер ақшасы жүрмей қалады. Сол себепті, сізге Алматының ішінен сатып алу керек барлық заттарды. Сонда Төлестер ақшасын қолдануға болады. 20 миллион Төлестер алып, соған бірден керек тауарларды сатып алу мүмкіндігі бар. Ал әкімшілікке пайызсыз сол 20 миллион Төлестер ақшасын келісім ретімен кері қайтарып отырасыз. Барлығы да заңды болады.

Енді осы жерде келесі сауал шығып тұр. Алматы аймағында жоқ болған тауарлар мен өндіріске керек шикі затты және қосалқы бөлшектерді қалай алуға болады? Міне осы мақсатпен, әкім енді орталық өкіметке барып, өзіне құнды ақша көлемін сұрап алады. Сол ақшаға тез арада осы керек заттарды шығаратын зауаттарды ашуға тырысады. Себебі, не ғұрлым жергілікті өндіріс орындар өсетін болса, сол ғұрлым Төлестер ақшасын қолдану тиімді болып шығады. Және ескеретін тағы бір жағы бар. Егер керек заттарды шет елден алу керек болса, онда құнды валюта керек болары анық. Ал егер сол керек қосалқы бөлшектер басқа обылыстарда жасалынып жатса, онда оларды көршілерден алып келуге болады, теңге төлеп немесе есесіне Алматыда шығарылатын өз өнімді көрші обылысқа сатып беруге болады. Солай ел ішіндегі өз ара саудасы жүріп жатады. Осы 2026 жылдан бастап, елімізде CBDC есімді цифрлық теңге қосылатын болды. Соны осындай мақсатқа қолданатын болса игі. Тек оны биліктен талап ету керек. Елдің экономикалық еркіндігін қорғау үшін осындай білімді игеріп, барлығымызға білген абзал.

Келесі өте маңызды тақырып, ол Хрематистиканың адамзатқа және жер шарына шашып жатқан ауыр зияны туралы айтпауға болмайды. Экономикаға сайкес жасалатын тауарлар мәңгілік істеп тұрады. Немесе қызмет ету мерзімі ұзағынан болуын адамдар жоспарлайды. Бір рет жасалынған зат, көп жылдар бойы адамға қызмет етіп жүреді. Мысалы сізге сағат сыйлады делік, сол сағатты бабаңыз өз қолына тағып жүретін еді. Енді осы сағат жүз жылдан кейін, сізге бұйырып тұр екен. Қандай керемет сапалы өнім! Кір жуатын мәшине, немесе теледидар, немесе фортепианосы және көптеген өзге заттар осылай 300-500 жыл қызмет көрсететін болса. Тағы біз жоғарыда жазғандай мың жылдан астам уақыт шірімей тұратын, ағаштан жасалған үй туралы айтқан едік. Міне нағыз Экономика саласына жататын тауарлардың сапасы деп, ауыз толтырып айтуға болады. Енді әлгі Хрематистика саясаты бойынша жасайтын болсақ, онда бізге не ғұрлым көп және тез пайда табу керек. Ол үшін біз барлық шығарылатын тауарлардың сапасын әдейі нашар қыламыз. Сонысын зауытта алдымен жоспарлап, содан барып өндіріске енгіземіз. Сонда сатып алған жарық шамдар екі жылға жетпей істен шығып қалады. Ал біз тағы барып, келесі шамды аламыз. Барлық ұялы мобильді сөйлефондар екі үш жыл ішінде ескіріп қалып отыр үнемі. Содан бізде ескісін қоқысқа тастап, жерді ластап, келесі шыққан нұсқасын қарызға батып, сатып аламыз. Көліктер бес жыл көлемінде ескіріп отырады. Тіпті барлық Windows тәрізді бағдарламалар да компьютерде ескіріп қала береді уақыт өткен сайын. Соның кесірінен клиенттер қайтадан жап жаңасын алуға мәжбүр болып жүр. Ал ескі тауарлардың барлығы ешкімге керек болмай қоқысқа кетеді, содан барлық су теңіздер мен дариялар арнасы пластик және өзге улы заттарға әбден толып кетті. Экология жағы ешкімге керек емес, себебі Хрематистика саласы тек пайданы ғана ойлап жүр.

Хрематистика саясаты жасап жатқан тағы бір кесірі, ол ғылыми жаңалықтарға жол бермеуі екен. Мысалы бір ғалым керемет өндіріс көзін тапты делік. Соның арқасында көптеген заттарды алуға керегі жоқ екен, себебі осы ойлап тапқан жаңа технология арзан болады және қоқысты азайтуға жақсы әсері бар делік. Бірақ, егер осы жаңа өндірісті іске қосатын болсақ, онда ескіріп қалатын көп заттар сатылмай қалады. Ал жаңа технология оларды тіпті керек қылмайды. Сонда пайдасы тым азайып кететін болса, ондай тиімді және сапалы технологияларға тосқауыл қойылып, жолы жабылып тұрады. Содан тез арада көптеген ғалымдарға тапсырыс береді, қалай осы жаңа өнімде жоспарлы түрде ескіртетін амалын тауып, екі - үш жылда істемей қалу жолын табуға тырысады. Содан кейін барып, сол технологияға жол ашылады. Бұндай тұрпайы әрекеттер адамзатты толық құлдықта ұстап тұру үшін жамандар ойластырып жатыр. Сондықтан барлығымыз осыған назар салып, заңды түрде талап етіп, Хрематистика саясатын жабу керек. Ол үшін әр мектеп аясында

осы туралы түсіндіретін сабақтарды өткізу керек. Бала кезден осыны біліп өскен әр азамат, кейін өсе келе, өндіріс орнында соны қадағалап жүретін болады.

Келесі өте маңызды тақырып, ол салық төлеу жүйесі. Жалпы барлық елдерде орын алған саясат мынандай болады. Аса көп ақшасы барлар ешқандай салық төлемейді мүлдем. Ал барлық салық ауырлығын қарапайым кедейлер өз арқасымен көтеріп жүр. Билік басындағы министірлер және өзге шенеуніктер көп сөзді көпіртіп уәде береді. Заң алдында барлық адамдар бірдей жауап беру керек деп жар салады. Сонда байларымыз салық төлеуден қалай құтылып жүр екен деген сауал шығады. Соған жауап берелік. Негізі бұл мәселе баяғыдан бері бар, және бүкіл әлем осы мәселе бойынша бастарын ауыртып жүр. Содан әлемде барлық ақылы бар адамдардың тауып алған өте қолайлы әдісі **Кооператив** ашып алу екен. Осы заң бізге шет елден келген болатын, және біздің депутаттар соны мақұлдап, ресми түрде заң қабылдаған еді. Әлемде **үш миллиардтан** астам адам кооператив жүйесіне қатысы бар екен. Мысалы Индияда 50 миллион адамы кіретін бірлестік бар екен. Атауы IFFCO (Indian Farmers Fertiliser Cooperative Limited). Олар егіншілер және ауылдағы адамдар. Германиядағы Raiffeisen Bank жүйесі осындай кооператив заңымен жұмысын жасайды екен. Осындай жүйелер әлем бойынша көп жұмыс істеп жатыр. Және олар барлық салық төлем жасаудан босатылған екен. Егер сізде туысқандар болып бірігетін болсаңыз, онда барлық бизнес жолын жасаған кезде, салық төлеуден босатылуға болады. Әрине оның да қыр сырлары көп қой. Барлығын осы жерде айту тіпті мүмкін емес, негізі ғаламторда көптеген бейне жазбалар толып жатыр. Соларды мұқият тыңдап, заңды зерттеп алу керек сізге. Ал біз тек жалпы теориясына көз салып, жағалай шолып өтеміз осы жерде.

Сонымен кооператив ашу үшін кем дегенде үш адам керек екен. Қазақ туысқаншыл халық қой, керек кезде біз көп туысқан таба аламыз және достарымыз тағы бар. Бір отбасында сегіз адамы бар делік. Әкесі мен анасы және үш ер жеткен баласы өздерінің жұбайымен деп айтайық. Солар кооператив құрды делік. Енді ауылда егіншілік етіп, көкінестерін өсіріпті делік. Сонда, оларды базарға барып сатпай, кооператив мүшелеріне тегін таратады. Кім де кім өзіне көкеніс аламын десе, осы кооператив мүшесі болуға толық хақысы бар. Сонда кооператив ішіндегі адамдар өз ара біріне бірі қандай қызмет көрсетсе де еш кім оларға тиім сала алмайды. Өзіміздің Алматы қаласының тұмасы, бүкіл адамзаттың еркіндігін ойлап, жолдастарымен бірігіп, әдемі платформа жасап, іске қосып қойды. Бастион (<https://barteron.bastyon.com/>), деп аталады. Бай боламын деген адамдар осылай өздеріне керек барлық дүниесін кооператив арқылы алып отырады, және сондай әрекетіне ешқандай салықты төлемейді екен. Біздің елде тағы салықтан толығымен босатылған мекемелер бар. Олар діни ұйымдар екен. Мысалы сіз дін өкілі болып мемлекеттен керек телім жер алып, соған керек үй салып, діни қызмет көрсететін болсаңыз, заң бойынша мүлдем салық төлемейді екенсіз. Дін деген қандай пайдасы мол ұйым, осыны да барлық елге білген жөн..

Тағы бір мысал, жүз отбасы өздеріне үй салып алмақшы екен делік. Солар бірігіп кооперативті ашады. Ол жерге заңды түрде барлық ережелерін бекітеді. Содан кейін құрылыс компаниясын жалдап алады. Оларға керек барлық қосалқы бөлшектерін сатып алып береді. Осылай салынған үйдің жалпы бағасы **он есе** арзанға шығады екен!! Әлемде осындай тұрғын үй кооперативтері өте көп екен. Осындай жерде тек адал және кәсіби білімі бар мамандар болуы шарт. Себебі көп жерде алаяқтар алдап кетіп жатыр ғой. Тағы бір тосқауыл болып әкімдердің бюрократиялық іс қағаздарының көп болуы және рұқсатты алу үшін көп пара талап етеді. Олсыз әкімдер рұқсатын бермей қою мүмкін. Әрине егер депутаттар осыған зейін қойып, заңды түрде бақылап тұратын болса, әкімшілік жағынан зорлық азаятын шығар деген үміт бар бізде. Осы кооператив саласына

қатысты барлық заңдарды терең зерттеп білген жөн әр адамға, сонда көптеген салық пен артық төлемдерден өзін сақтай алады.

Тағы бір өте маңызды тақырып болған, ол жасанды интеллект жүйесі. Негізі алдағы жылдарда қомақты байлықты осындай ЖИ арқылы табуға болады. Ол үшін не істеу керек? Бүгін барлық жұрт ресми ЖИ платформаларға сүйенеді, онысы қате! Қазір ғаламторда неше түрлі тегін ЖИ баршылық. Соларды жеке компютерге орнату керек. Кәдімгі үйдегі немесе гараждағы компютер жарайды. Егер ақша болса GPU картадан мықтысын аласыздар. Сонымен үйдегі компютерге ЖИ орнатасыз, оны ғаламторға қоспау керек! Толығымен өз ішінде істеп жүргізу керек. Содан соң, оған барлық керек ақпаратты ғана бересіз де үйретесіз. Өзіңіз жақсы көретін бір сала бойынша ғана оны үйрету керек. Екі - үш жылда жақсы GPU карталарын бар сатылымнан алып тастайды, себебі АҚШ және Қытай өз ара экономикалық соғыс кесірінен, олар барлық GPU-ларды әдейі әлсіретіп қояды. Биыл мүмкін болса алып қою керек оларын. Содан, сіз мысалы Парсы тілінен қазақшаға аударатын ЖИ агент жасап қойдыңыз делік. Соның сапасы өте жақсы болса, барлық әлем сізге келіп соның қызметін көргені үшін тиін тебен төлейді. Құр бос жатпай ағайын, ақша барда осындаймен айналысқан жөн! Сонысын барлық елге таратып жіберу керек, елдің барлығы хабардар болсын. Ертең маған неге айтпадың деменіз. Егер ғаламтордағы ашық және тегін деген платформа арқылы жасайтын болсаңыз, бір күні соның барлығын сізден алып қалуы мүмкін. Ол капитализм нарығының заңы. Шамасы келген тартып алады немесе алдап кетеді. Ал егер барлық ақпарат сіздің жеке құзырыңыздағы серверде сақтаулы жатса, оның құпия паролін ешкім білмей жүрсе. Ондай жағдайда сізден тартып алу мүмкіндігі қиын болады.

Тағы қайталап айтамыз, құлдық деген күшпен келмейді, құлдықтың шығатын себебі, адам өзінің мойнынына жауапкершілік алмай қашудан басталады. Сондай адам, өзге біреуге осы өмірлік ауыр жауапкершілікті ауыстыра салғысы келеді. Сол кезден бастап, ол өзге біреуге тәуелді болып, құл дәрежесіне түсетін болады. Жоғарыда айтқандай, жауапкершіліктің өзі бір неше деңгейі болады. Солар туралы тағы бір айтып өтеміз:

	<b>Адамның өз еркімен алатын жауапкершіліктер тізімі</b>
1.	Жеке басының мүдделеріне қатысы бар жауапкершілік;
2.	Туысқан, отбасы, достар арасындағы, күйбең тіршілікке қатысты жауапкершілік;
3.	Қаржы және кәсіби салаға қатысты жауапкершілік;
4.	Таптық (бай – кедей, жеке меншік - қоғамдық) көзқарастағы жауапкершілік;
5.	Түрлі ұлттар арасындағы қарым қатынасқа қатысы бар жауапкершілік;
6.	Діни салаға қатысы бар жауапкершілік;
7.	Жалпы мемлекеттік дәрежедегі жауапкершілік;
8.	Бір неше мемлекетке қатысы бар регион көлеміндегі жауапкершілік;
9.	Жер бетіндегі барлық адамзатқа қатысы бар жауапкершілік;

Енді мысал ретінде кооперативке қатысты жауапкершілікті айталық. Бір отбасы кооперативті заң аясына сәйкес етіп ашып алды делік. Сонда отбасының барлық дүниесі осы кооперативке мүлік ретінде тіркеліп қойыпты делік. Ертең сот шешімі бойынша баспанасын тәркілеп аламын деген

қаулы шығып жатса, одан ештеңе шықпайды, себебі дүние мүліктің барлығы жеке адам басында емес, кооператив балансында тіркелген. Оны баланстан шығармайынша ешкім қол сұғып алуға рұқсат жоқ екен. Дүние мүлікті сақтап қалудың жақсы бір жолы. Ары қарай қиялданып көрелік. Мысалы осындай кооператив ашқан 20 отбасы жиналыпты делік. Енді олар өздеріне керек неше түрлі шығындардың тізімін жасап алады, содан барлығы бірігіп сол керек заттарды сатып алады және көп көлем алатын болған соң, жақсы жеңілдікке ие болуы мүмкін. Енді жоғарыда айтылған тойдың жаңа үлгісін еске алып, осы кооператив жүйесін жақсы қолдануға болады. Міне осылай қаржылай еркіндікті өзінің отбасына қамтамасыз етуге жақсы амал әрекет болады. Ал егер соны тіпті үлкен кәсіп орынға жарататын болса, ондай жауапкершілік деңгейі тіпті үшінші сатысына жететін болады. Ал егер бір ауылдың барлық тұрғыны, бай немесе кедей демей, бірігіп осындай кооператив ашып жатса, және бірігіп осы ауылдың әкімін сайлайтын болса, және бірігіп крипто валюта технологиясымен өз ауылында жеке дербес ақшасын шығарып, біріне бірі демеу беретін болса! Сондай жауапкершілікті көтере білген адамдар тіпті төртінші сатысына шығатын болады. Еркіндіктің жолы ауыр келеді, осыны жақсы түсініп, бала кезден біліп үйренсе, қоғам іші талай игі істерге қол жеткізетіні күмәнсіз. Берекелі қоғам болудың жүгі осындайдан басталады.

Тағы бір тақырыпты айту керек, барлық мемлекет ішінде ақшаның қолдану жүйесі үшке бөліну керек. Бір бөлігі қарапайым адамдардың күнделікті керек сатып алуға жұмсалатын кәдімгі қағаз ақшасы. Екінші бөлігі барлық заңды тұлғалар арасындағы өз ара қарым қатынас үшін жұмсалуды керек. Және ондай ақшаның барлығы қағаз түрінде емес, электронды түрде өту керек. Бір шотта ақша жатады делік. Соны өзге компанияға аударатын кезде электронды түрде басқа шотқа аудару керек болады. Ондай сомалар қағаз жүзінде болмауы керек. Егер мысалы, бір компания ағымдық шоттағы ақшаны қағазға ауыстырамын десе, онда міндетті түрде сол ақшаның қайдан шыққаны туралы дәлелдеп беруі керек. Және компания өзінің шотындағы ақшасынан аз ғана ақша көлемін қағазға ауыстыра алады. Және оның өзіне сәйкес мақсаты бойынша жұмсалуды тиіс. Тағы үшінші бөлігі шет елдермен саудаласуға арналған желісі болу керек. Шет елдермен сауда жасау үшін бар ақша валютамен тікелей байланып тұру керек. Сонда былай зейін қойып қарайтын болсаңыз, ел ішінде үш бөлек ақша түрі жүріп тұрады. Олардың атауы бірдей болғанымен, өз ара олардың еш қалай байланысы болмауы керек. Күнделікті мемлекет ішінде қолданылатын қағаз ақшасын шет елге шығаруға болмайды. Компаниялар арасындағы саудаласатын ақша көзін қағаз ақшаға қайта айырбастауға болмайды. Және шет елге шығатын ақшаңыз елдің ішінде қолдануға мүлдем тиім салу керек. Сонда, компания өзінің жұмыскер қызметшілеріне айлығын қалай төлейтіні туралы айтайық. Мысалы компанияларға қатысты қағазсыз ақшаның көлемі бір неше триллион делік, ал қолдағы ақшаның көлемі жарты триллион делік. Бір компания айлық немесе сыйақы төлеу үшін өзінің шотындағы қағазсыз ақшаны мемлекетке береді және қолдану мақсатын жазып қояды. Ал мемлекет сол қағазсыз ақша көлемін барлық жүйеден шығарып қояды. Бір неше триллион ақша көлемі осы сомаға азаяды. Ал енді мемлекет қағаз ақшаның көлеміне осы айлық соманы қосып қояды. Содан ол өседі. Енді айлық алған адам дүкенге барып өзіне тауарды сатып алатын кезде, кері процесс жүреді. Қағаз ақшасы компанияның шотына түседі, сол кезде қағаз ақшаның көлемі осы сомаға азаяды да, қағазсыз ақшаның көлемі өседі. Егер әр ақшаның өзіндік жеке нөмірі бар болса, тіпті жақсы. Ондай кезде әр мемлекет қанша ақшаның қайдан шығып қайда кеткенін біліп отырады. Сол үшін CBDC цифрлық ақшаны жасап қойған еді.

Ал ақшаның үшінші бөлігі шет елдермен ғана сауда жүргізуге қолданылуы мүмкін. Оның есебі тіпті бөлек және қадағалуы өте қатал болу керек. Мемлекет ішінен қанша дүние мүлік экспортқа шығып жатса, солардың барлығы осы валютаның негізін құрау керек. Қандай бизнес болмасын, қандай шет елдік компания болмасын, егер олар елімізден дүние заттарды алып шығатын болса,

сол әр бір зат үшін нарықтағы бағасын елдің құзырына төлеу керек. Сол ақшаның барлығы елдің құзырына тиесілі болып жазылады. Ал сауда жасаған компания өзіне керек қаржыны мемлекетке арыз жазып шығарып алуына болады. Егер елдің ішінде жасайтын шаруасы болса онда қағазсыз ақшаны өз шотына алады. Ал егер шет елде сауда жасайтын болса, онда валютаны шотына алып отырады. Қанша керек, сол соманы ғана ала алады. Және әр бір шет елдегі жобаларды міндетті түрде мемлекетке ашып көрсету керек. Осындай қатал тәртіпті міндетті түрде қолданатын болса, елдің ішінде ұрлық жасау өте қиын болады. Елдің жер астындағы байлығын тегін шет елге алып шығу тіпті мүмкін болмайды. Және барлық сауда операциялары қаржы полициясына және өзге тексеретін құзырлы мекемелерге айқын болады. Бүгінгі күні біздің қаржы тексеру мекемелерде ондай мүмкіндік мүлдем жоқтың қасы. Олар ашық түрде оны мойындамайды, алайда олар керек ақпаратқа қол жеткізе алмайды. Содан жоғары қарай жалған ақпаратты өтірік баяндап құтылады екен. Ал еліміздегі барлық жоспар құру жұмысы осындай жалған ақпаратқа сүйеніп, құрылмауы керек қой. Ел боламыз десек, барлық осындай ақшаға қатысы бар жүйені, ашық және жылдам тексере алатындай етіп жасау керек. Олсыз біздің еліміздің дамуы қиын болады. Экономикалық заңдылықтар тізімін ұзағынан айта берсек, көп уақыт алады. Оның қыр сырын оқырман өзі іздеп таба алады ғаламтор арқылы. Ал біз келесі заңдылықтардың түріне ауысайық.

## 6. Елді ұйытып, берекелі басқарудың заңдылықтары

Жоғарыда айтқандай, адам бойында үш билік көзі бар тұғын. Олары тәннің қалауы, өз ақылдың талабы және эмоцияның сезімі. Осы үшеуі адамды жеке билегісі келеді. Кей адамдар осының біреуне еліктеп, соның айдауымен жүріп, өзіне өзі ие бола алмайды. Ондай адамдарды жарымес немесе есуас деп атайды. Ал кей адамдар осы үшеуін тізгіндей алады, өз өзіне қожайын болады. Сондай кезде адамды **есті** деп атайды. Сол үш негізді тізгіндеу үшін адамға киелі арман немесе өмірлік мақсат керек. Сол мақсатқа жетемін деп бойында бар жігерін, ақылын әрі жүрек жылуын жұмсау арқылы даму жолында болады. Бұл өмірлік мектеп жолы.

Сол өз өзіне қожайын бола алмаған адамдар екіге бөлінеді. Біреуі нәпсіге бағынып, тән ләззатын аңсап жүреді. Оларға өзге құндылық мүлдем жоқ болған соң, ондай адамның хайуаннан еш жері артық емес. Ондайды қазақша «адам емес, иттің баласы» деп атаған еді баяғыдан. Және халық мәдениетінде оларға қарсы көп мақал мәтелдер, ертегілер мен жырлар арналған еді. Сондықтан біз бұл жерде олар туралы сөз қозғамаймыз. Себебі иттің баласы болған адам саны көп емес әзір қоғамда. Ал біз өзіне өзі қожайын бола алмайтын, келесі адамдар туралы айтамыз. Олар тәннің қалауын тізгіндей алады. Және өзінің санасын мәдениеттегі тәртіпке қарай икемдеп алады. Бірақ жауапкершілігінен үнемі қашатын, жаңаға ұмтылмайтын, санасы құл болған, келесі адам түріне назар салайық. Осындайларды **биоробот** деп атайды. Санасы биоробот болған адамдардың саны жер бетінде өте көп. Солар қандай жұмыс жасамасын, өздігінен еш бір ойланбайды. Осылардың айтары: «*маған қалай айтты, мен солай жасап тұрмын*». Жеке басының бар жауапкершілігінен қашып жүреді. Өзінің дене мүшелерін бір іске ыңғайлы етіп икемделіп алады да, өздерінің ойы мүлдем басқа жақта болады. Сондай адам ақылы мен санасы да осындай хәлге түскені кездейсоқ жағдай емес әсте. Бұл жүйелі түрде о бастан ойланып құрастырылған еді. Әлеуметтік тапсырыс бойынша сапалы дайындықтан өткен өнім болып тұр. Адамдардың арнайы осылай дайындалуы бала бақша кезінен басталып, содан мектеп аясында жалғастырып, артынан жоғары оқу орында нақты бекітіліп, маңдайға мөр басып, қуыс кеудесіне таңба салып береді.

Биоробот жаттанды сөздерді сөйлеп үйренеді, жүрегін тыңдамаған соң, көптің сөзіне еліктегіш болады. Өзіне кумир іздеп тауып, барлық жауапкершілікті соған ауыстыра салады. Осындай құл болған адам, өзін еркін деп есептейді. Және жарнамадағы сөздерге алданып, теледидар мен БАҚ арқылы айтылған ақпараттарға сеніп жүреді. Сыни көз қараспен ойламаған соң, кез келген алдау айлаға ұрынып қалады. Осылардың ақылы мен санасын өте терең зерттеген еді ғалымдар. Олар фашистік Германиядағы концлагерьде болған еді. Алдымен барлық жерден адамды жинап алған еді. Содан кейін тұтқындарға ауыр жұмыс істетіп, оларды аштықпен қинап, бойындағы барлық адами сезімдері мен қасиетті құндылықтарды өшіруге тырысқан еді. Содан кейін өзін адам емес деп сендіруге тырысқан еді. Ол үшін себепсіз сабайды және керек емес, мағынасыз затты жасап жүреді. Мысалы бір жерді қазындар дейді, түстен кейін оны көміңдер деп бұйырады. Келесі күні қайта қаздырады. Жақсы жұмыс жасайтын болса ұрады. Барлық әрекеті қисынға келмейді, содан байғұс құлдар не күтерін білмей өзінің ақылын мүлдем өшіріп тастайды. Не айтса, соны ақылға ия санаға салып тексермейді. Іш дегенін ішеді, же дегенін жейді, жат десе барып жатады, отыру керек десе отырады. Сондай адам ақыл ойы өзінің денесінен толықтай бөлектеніп шығады екен. Осыны көріп, зерттеген нацистік ғалымдар, көп мәліметтерін кейіннен келген жаман адамдарға мұра етіп қалдырған еді. Содан, барлық әлемде осындай санасы бар адамдарды мектеп аясында дайындайтын болды. Әкесі мен шешесі биоробот болған соң, баласы қайда барады? Ол да сондай биоробот болуға армандап жүреді. Уақыт өте биоробот дайындау өте оңай болды. Міне бір неше әдістемелік ережелері, соларға қарап өзіңіз де түсіне аласыз. Мектептегі бала нені үйренеді:

1. Сынып ішінде рұқсатсыз дауыстап сөйлеуге болмайды. Саған сұрақ қойса ғана сөйле.
2. Мұғалімге қарсы сөйлеуге болмайды. Мұғалім не айтса – сол шындық. Екі жүзді болса да.
3. Бала сабақ барысында не істеп жатса да, қоңырау болғанда, барлығын тастау керек.
4. Қандай болмасын, барлық сұрақтарға дайын жауаптары бар. Соларды ғана айтуға болады.
5. Оқушы еш нәрсе білмейді, барлық білім мұғалімде. Соларды жаттау керек.
6. Оқушы балаға қателік жасауға болмайды. Қате болса, оны түзетуге рұқсат жоқ.
7. Алдын ала дайындалған жоспар бойынша ғана үйрену керек, одан өзгені білуге ерте.
8. Тәртіп бұзған баланы бүкіл мектеп алдында масқаралайды.
9. Қозғалмай отыру керек, әжетханаға бару үшін, барлық елдің алдында соны айту керек.

Осындай тәртіп бойынша үйреніп өскен бала, он бір жылдың ішінде биоробот болмай қайтсын?

Биоробот болған адамдар эгрегорларға өте қолайлы қызметкер болады. Содан арнайы эгрегорын жасап, эмоциялар арқылы осыған бағындыратын етіп жасап қойса болғаны. Биоробот адамдары арнайы эгрегорға бағынып, ішіне жазылған алгоритмдары бойынша өмірін сүреді. Эгрегордың жұмысын бақылау үшін діни жүйесін қосу керек. Дін дегеніміз жаттанды ритуалдар мен арнайы жәдігерлердің әдемі байланысы арқылы жасалады. Соған лайық құндылықтар шығарылып, үгіт насихатын жүргізеді. Сондайға лайық күмірін / серкелерін дайындап қояды. Солар да биоробот адамдар. Және компания ішінде өзінің иерархиясы болады. Соның тәртібі болады. Осы тәртіпті ойластырып, жүзеге асырып, ережелерін қадағалайтын арнайы діни өкілдері болады. Солары ел көзіне көрінбей тасада қалып қояды. Кеңесші немесе контролёр - аудитор ретінде жүреді. Бірақ барлық билік солардың құзырында болады. Міне осылай өз дегеніне қол жеткізеді кей адамдар. Соларды біз жоғарыда Сайтани психикасы қатарына жататын адамдар деп айтқан едік. Осының дәлелі ретінде сізге бір мысал айтайық. Бүкіл әлемге әйгілі болған Бургер жасайтын компаниясы бар. Сол компанияда істеу үшін, адам күнде арнайы ритуалдарын жасайды, дресс код киімі бар. Құнды жәдігерлері бар және өздерінің кумир серкелері тағы бар. Егер жас адам осы компанияда жұмыс жасаймын десе және жоғары лауазымды болуын армандаса, онда осы Бургер ішінде діни

жүйесінің барлық рәсімдерін толығымен өзінің санасына жазып, шынайы соған сенуі керек. Осы сенім арқылы керек эмоциялар пайда болады, ал эмоция арқылы эгрегор оларды басқарып, керек жолға жетелеп отырады. Бүкіл діни жүйесі соған арналып жасалынады. Осы тәсілімен құрылған компания көп жылдар бойы жұмыс істей алады, себебі барлық жүйесін адамдар емес, эгрегор өзі бақылап тұрады. Солай байлықты жинап алуға құмар келген Сайтани санаға жататын психикасы бар адамдар мол дүниеге қол жеткізеді. Алайда, олардың тағдырын жақсы сипаттаған көне сөзді айтып қою керек: «.. мейірімді, жанашыр адамына, Құдай көрегендігі мен білімді, әрі қуанышты сиылайды; ал күнәһарға бұйырғаны дүние мен байлық жинау. Және жинаған байлықты артынан, бір Құдай алдында, жүрегі жылы әрі пейлі кең адамға тапсырады. Және соның бәрі оған, күйбең тіршілік іспетті болады. Әрі рұхы көп қиналады!» (Екклесиаст, 2:26).

Биоробот адамды эмоция арқылы бағындырады. Биоробот өздігінен өзгерістерге бармайды. Сол үшін, оны алдымен эмоцияға шығарып алады. Ашу немесе үрей, немесе таң қалдыру сияқты әр адамның өзіне тән эмоциясы бар. Соған шығатын кезде ол оянып көзі ашылады. Сол кезде ондай адамға жаңа жұмыс бағдарламасын айтады. Содан ол үйренгенше біраз қиналып жүреді басында әрине. Артынан жаңа тәртіпке үйренген соң, ондай адамның көзі қайта сөніп, дағдылы әдетіне салынып, ақыл ойы ұйқыға кетеді. Ал денесі өз жұмысын жасай береді. Өзін биоробот сезінген адамның жаны қатты қиналады. Кеудесі қуыс болған соң, адами құндылықтары жоқ болған соң, іштегі шері оттай батады жанға. Соған шыдай алмаған адам арақ шарапқа, шылымға, насыбайға, жыныс қатынасқа, тіпті нашақорлыққа құмар болады. Немесе адреналин іздеп, іштей өзгелерден озуға тырысып жүреді. Қызғаныш сезімі де осыдан шығып отыр. Соның барлығы эмоция жүйесі арқылы пайда болады. Әр эмоция арқылы адам эгрегорларға бағынышты болып қалады. Эгрегор ішіндегі жазылған алгоритм бойынша, өзі дағдыланған қимылдарын жасап, жаттанды сөздерді сөйлеп, жаңа істерден қорқып жүреді. Бұл өте ауыр тақырып, осыған арнап том том кітаптарды жазуға болады. Біз тек шет жағасын ашып, күрделі мәселенің бар екенін көрсетіп қойдық.

Оқырман ойлап қалуы мүмкін осы жерде: *әлгі биоробот психикасы маған мүлдем қатысы жоқ. Себебі мен ондайлардың қатарына кірмеймін*, деп. Алайда оны тексеретін жақсы әдісі бар. Егер адамға жаңа білімді үйрену керек болса, өзін қалай сезінеді? Күнде бір екі сағат бөліп, өз қолына қалам алу керек және қатпар кітаптарды ақтарып, ішінен мәлімет іздеп, соларды қағазға жазумен отыру керек. Жазып қана қоймай, анализ жасап, өз әдістемелері бойынша есеп қисабын жүргізу керек. Және осылай әр күн сайын, жылдар бойы іздену керек. Содан көп білімді игерген сайын, өзін бақытты күйге ие болғанын сезінеме немесе басы ауырып, көп білген сайын өмірден түңіле береді ма? Жоғарыда біз айтқан едік, әр он жыл сайын жаңа шет тілінің үйрену керек әр адамға. Ал енді осы тәсілмен тіл үйреніп көріңіз. Өмірдің соңына дейін 7-10 жыл сайын жаңа шет тілді меңгеру қалай болар екен сізге? Тағы бір тексеретін амалы, күнделікті жасайтын жұмыста өзіңіз жаңа жолдарын ізденіп жүресіз ба? Жоқ әлде, жылдар бойы бір әдет бойынша сол жолмен жасай бересіз ба? Және тағы бір тексеретін амалы: жаңа әдістерді үнемі ізденетін адамның айналасын да өзіне лайық адамдары пайда болады. Ал ескі жолымен дағдыланып қойған адамның қасында, сол ескі әдеттерді тастамайтын адамдар қоса жүреді екен.

Біреуге биоробот болдың деп таңба басуға болмайды. Әр адам бір күннің ішінде мың құбылады. Содан ол біресе хайуани сезімдерге беріледі, біресе сайтани сезімге елігіп кетеді. Одан кейін сол биоробот қалпына түсіп кетеді. Содан ары мен ұяты оны адами қалпына қайтарады. Осындай да адамның қай жаққа қарай үйір болатыны маңызды. Егер шешуші кезде, көбінесе ары мен ұятқа көп назар салып жүрсе, онда ол адами қатарына жақын жүргені. Ал егер күні бойы көбінесе өзі үйреніп алған, дағдылы жолымен шешім қабылдап, өзінің ойы мүлдем басқа жерде болса. Егер

шешім қабылдайтын кезде, Көп айтса – көнді, Жұрт айтса – болды деп, ойлайтын болса, ондай адам биоробот қалпына жақын болғаны. Алайда, үмітсіз шайтан. Кез келген адам өзін өзгерте алады, егер үш негізін қолға алып, өзін **есті** қылса. Тағы ұлы Айбайдың айтқан сөзі еске түседі осы жерде: **Нұрлы ақыл, ыстық қайрат және жылы жүрек!**

Енді эгрегорлар арқылы қоғамды қалай билейтінін айталық. Кітап басында айтып едік, алғашқы адамзат тарихында, елдің барлығы ауылды жерде өмір сүретін. Қала болмаған заманда, барлығы бірін бірі жақсы танитын еді. Сол себепті ауыл басы барлығына бұйрықты беріп басқаратын еді. Артынан адам саны көп болып өсті. Барлығын танып білу мүмкін емес. Енді егер бүкіл қоғамды тізгінде ұстап тұрмаса, бетімен кетеді. Осыны білген екі топ иерофант дін өкілдері, сонау кезден бастап, ғылыми зерттеулер жүргізе бастады. Және, эгрегорлардың іш құрылыс табиғатын жақсы біліп алды. Соның бір ғана мысалы ретінде, футболшылардың жанкүйерлеріне қарап біле аласыз осы күні. 1969 жылы, Сальвадор мен Гондурас арасында футболдан жарыс болды. Артынан олар жеңісті бөлісе алмай, екі ел арасында соғыс басталды. 100 күн бойы болған шайқастың кесірінен бір неше мың адам жазым болады. Жүз мыңнан астам адамы босқын болады. Немесе, шет елден келген әншілердің көнцертіне барып көруге болады. Ол жерде тыңдаушы ел өзінің эмоцияларын айғайлап шығарған кезде таң қаласың. Соншама беріліп көзі бақырайып кеткен жастарын көруге болады.

Бүгін таң қаламыз біз, қоғамның басым көпшілігі маңызды дүниеге немқұрайлы қарағанына. Ал соның басты себебі, көпшілік адамдар эгрегорлар жүйесіне еліктеп қалған. Өздерінің эмоциялық жүйесін бақылап, тізгінде ұстамайды, содан барып эгрегор ықпалына түсіп қетті. Құдайды тіпті есіне алмайды жайшылықта. Тек жаны қиналған кезде ойбайлап, дұғаларын күмбірлеп айтатын болады. Қоғамды билеуге, кез келген қоғамға ықпал жасауға болатын бар амалдарды алты топқа жіліктеп қойған. Төмендегі суреттен соларды көруге болады. Бірінші болып, ең мықты саласын ашып айталық. Онысы Өміртану әдісі.

## **1. Өміртану, дүниетану әдістемелері.**

Алдымен осы жерде өмір деп біз нені айтамыз? Сол туралы талқылап айталық. Бала кезден бізге мектеп аясынан, өмірдің не екенін санамызға құйып бекітіп қояды. Және біз айналадағы әлемге қарап, шаңырақ аясында тәрбие алып, көшедегі өмірден үйреніп, өмірлік тәжірибе жинап алып, осының барлығын ақылға, санаға және түпсанаға бердеңе етіп жазып қоямыз. Соған тағы кино, жаңалықтар, кітап, музыка және тағы басқа мәдени ақпарат көздері өзінің үлесін қосып, біздегі дүниетанымдық көзқарасты қалыптастырады. Алайда, әр адамда сұрақтар пайда болады, сондай сұрақтарға алдын ала дайындалып қойған жауаптары да бар. Сондай жауаптарды ойланбастан өз ақылына жазып қоятын адамдар, бір келкі ойларды құрайды. Ал бірдей ойлаған адамдардың ойы Ноосфераға барып бірігетін болады. Солай жаңа эгрегор пайда болады. Енді сондай эгрегордың жүйесін басқару үшін, діни өкілдер арнайы амалдарын қарастырады. Соны шын көрген адамдар, өздеріне сенімді болып жүреді. Міне осылай, жылдар өтіп, эгрегор аясында қалыптасып, не бір сенім нанымдар пайда болады. Соңғы мысал ретінде «Жер беті тегіс» деп ойлап жүрген адамдар барын барлығымыз көріп жүрміз. Эгрегоры жаңадан пайда болса оған арнайы ережелерін жасап қояды. Ал егер баяғыдан бар болған сенімдерді өзгерту керек болса, сондай кезде «Овертонның терезелері» әдісін қолданады. Тағы қайталап айтамыз, осындай тәсілдерімен тек қана биоробот психика қатарына жататын адамдарды басқаруға болады. Хайуани психикасы бар адамы өзінің тәніне беріліп қалған. Оларға өзге құндылықтар жоқ. Ал Сайтани психикасы қатарына жататын

адамың мүлдем ешқандай мәліметтерге сенбейді. Олар ақты қара деуге даяр, ал қараны ақ деп, ант суын ішуге тартынбайды. Олар өздерінің эмоцияларын тізгіндей алатын болған соң, эгрегор әмірі оларға жүрмейді. Олар өзінен басқасын адам құрлы көрмейтін болған соң, өзге адамдарға зорлық пен қиянат жасап кете береді. Адами психикасы қатарына жататын **есгі** кісілер Құдаймен тікелей байланысы бар болған соң, кез келген жағдайда оларға Киелі Рұх көмек береді әр уақыт. Жоғарыда жазғандай, жүректегі **Мөлшері сезімі** арқылы Жаратқан ием берген аяны бойынша ғұмыр кешеді. Сондай адами қасиеті бар кісілер, кез келген эгрегорды өзіне бағындыра алады! Және еш қашан эгрегордың айдауымен жүрмейді.



Осы дүние танымдық көз қарасты дұрыс бағытқа бұрып алу үшін, керемет ережесі бар. Сонысы **өмірлік тәжірибе** арқылы тексеру болады. Егер өзге біреу тексеріп, еш нәтижеге жетпесе, сонда көп адамдар бұл өтірік деп, тұжырым жасайды. Міне осы жерден қате кетеді. Біреу тексерді деп, сеніп қалуы дұрыс емес. Сізге де осыны тексеру керек, және биоробот тәрізді жасамай, ұнардан өткізіп барып, жасау керек. Әр адамның өмірі ерекше, біреуге болмаған зат, келесі біреуге ашық болуы мүмкін. Мысалы Никола Тесла деген атақты ғалымды айталық. Одан бұрын қанша ғалым зерттеушілер тексеріп көрген еді электр тоғын. Тесла солардың барлығын шетке ысырып қойып, өзі көп тәжірибе жасаған еді. Содан адамзатқа қанша көп жаңалықты ашып берді.

Келесі жақсы амалы ретінде, ақылы мен санадағы ойларды өз ара байланыстырып, әдемі жүйеге келтіру. Осы әдісті қолданған кезде, ортасына қандай құндылықты қояды, соған өте мұқият болу керек. Егер барлық ойлардың қазығы етіп, ортаға тек өзінің мүддесін қоятын болса, сондай адам Сайтани ой жүйесіне жақын болады. Ал егер ойлардың қазығы ретінде ортасында Құдай болса,

ондай азамат Адами психикасы қатарына жақын болады. Осы қойылған қазыққа қарап, барлық ойлары қабаттасып жиналады. Биоробот психикасы қатарына жататын әр адамда, санада қазығы көп болады, сондықтан ондай адамдар нақты бір нәтижеге ұмтылмайды. Айдың басында ойлары бір қазығы аясында қабаттасып жиналады, айдың ортасына таман өзге қазықты айналып кетеді, айдың соңында мүлдем басқа қазықты жағалай бастайды. Тұрақтылық жоқ оларда.

Дүниетанымдық мағынасы өте керемет тағы бір амалы бар. Онысы Диалектика ғылымы болады. Әлемдегі барлық ғылымдардың төресі болған Пәлсапалық (Философия) ілімі. Диалектика ілімі осы Пәлсапаның бір тармағы болып есептеледі. Атауы көне Грециядан келген еді бізге. Алайда, біздің бабаларымыз осы Диалектиканы өзінің күнделікті өмірінде жиі пайдаланған еді. Тарихтан бізге жеткен «Дала диалектикасы» деген ұғым осыдан шыққан еді. Осы тақырыпты жеке тарауда тереңдетіп, ашып айтатын боламыз. Осы жерде ол туралы есте қалдыру үшін жаздық.

## 2. Хронологиялық (тарихи) ықпал ету әдістемелері.

Жоғарыда айтқандай, Джордж Оруэллдың «1984» есімді кітабында жазылып еді: *«өткен шақты кім билейтін болса, сол келешектің иесі болады»*. Сондай мақсатпен, әлемдегі барлық кітаптарда тарихты бұрмалап жазуға тырысыда. Негізі, кез келген тарихи оқиғаны сипаттауы үшін, кемінде үш түрлі жолды қолдануға болады. Мысалы соғыс болды делік. Сондағы, жеңіске жеткен жақ өз тарихын бір жолымен жазады. Жеңіліп қалған жағы мүлдем басқа жолымен сипаттайды болған соғысты. Ал екі көршінің соғысына шеттен қарап тұрған, соғысқа тікелей қатыспаған мемлекет, осы соғысты үшінші жолымен сипаттап өтеді. Осындай кезде тарихты қай негізге қарап жазады, сонысы маңызды. Көп елдің тарихын шатастырып, жазып қойған еді осы күні. Содан өз тарихын білмей өскен халық, адасып кеткен соқыр адам тәрізді болады. Осыны баяғыдан білген адамдар, бүкіл әлемнің тарихын түбегейлі өзгертуге тырысып келе жатыр. Сол үшін арнайы Иезуит есімді ордені құрылған еді Ватикан аясында. Олар барлық елдер тарихын өздеріне лайық етіп өзгертіп отырады. Ол үшін, алдымен елдің ішіндегі тарихи кітаптардың барлық түрлерін іздеп, есептетіп алады. *Біз тарихты зерттеу үшін, осы кітаптармен танысайық деп едік*, деген сылтау айтып, ішіндегі барлық мәліметтерді анықтап алады. Одан кейін, өздеріне ыңғайлы етіп, жаңа нұсқасын дайындайды. Өтірік кітаптарды жаңадан бастырайық деп, өздеріне керек көп данасын дайындап қояды. Содан кейін ыңғайлы бір кезеңді күтеді. Ол кезде, соғыстар жиі болатын. Су тасқыны, ия болмаса қара оба ауруы шығуы мүмкін. Басқа да кесепат түрі елдің назарын өзіне аударып алған кезде, олар жаңа кітаптарды ауыстырып шығарады.

Осыған бір мысал айталық. 1812 жылы Наполеон Ресейге шабуыл жасаған еді. Ал содан бір екі жыл бұрын, Ресей патшалығы бұйрық шығарады: *елдегі барлық кітаптарды Мәскеуге жіберсін тезірек. Олардың көшірмесін жасау керек, артынан көбейтіп, қайтарып береміз*, деген. Содан аңғал халық, өздеріндегі барлық кітаптарды жинап, Мәскеуге жөнелтеді. Артынан Францияның әскері Мәскеуге басып кіріп, бүкіл қаланы өртеп жібереді. Ескі кітаптардың барлығы жоқ болған еді, сол кезде. Әрине, жасырын түрде жаңа кітаптар дайын тұрған еді. Соларды қайтадан барлық жерге таратып жібереді. Осылай, үнемі архивтерді ақтарып, ішіндегі барлық көне көз кітаптарды өзгерту амалы осы күні де жүріп жатыр. Мысалы өзіміздің Қазақ тарихы саласына қараңыз. Кім және қалай жазып жатыр соларды? Неше рет өзгертілді солар. Тұңғыш президент кезінде тарих былай жазылса, екінші президент кезінде олай жазыла басталды. Ертең үшінші президент келіп, жаңадан тағы жазылуы әбден мүмкін. Өз елінің тарихын өзгерістерден сақтап қалу үшін, әр бір

шаңырақ аясында, өзінің шежіресі жазылуы тиіс. Соны әр отбасы жазатын болса, онда елдің тілі де, тарихы да, мәдениеті де аман сақтаулы болады. Жазылған қаріптер де өзгеріске түспейді.

Жаңалықтардан іздеп қарасаңыз, осы күндері де кітапханалар жанып жатыр. 2015 жылы Мәскеу қаласында ИНИОН кітапханасы өртеніп кеткен болатын. 5.4 миллион кітап өртеніп кетті. 1988 жылы Санкт-Петербург қаласында ғылым академиясының кітапханасы өртеніп, 3.5 миллион дана жәдігерлері өртеніп кеткен.

Енді, осы тарихты не үшін өзгерту керек, деген сауал туады. Соған жауап берелік. Ол үшін тағы бір мысал айтамыз. Тарихта болмаған бір батырды ойлап құрастырып алдық делік. Содан батыр туралы көптеген ертегі мен аңыздарды елге таратып жіберді делік. Екі жүз жыл бойы, осы ертегі болған кейіпкерге сеніп өскен қоғам ішінде, артынан іріткі салу үшін, шындықты ашып айтатын болса, сол елдің адамдары абдырап, сасып қалады. Түрлі эмоцияға жол беріп, өздеріне жаңа бір ертегіні іздей бастайды. Сондай кезде, бүкіл қоғамды жаңа жолға салып, дүниетанымын өзгертуі мүмкін болады. Сол мысал ретінде, бізге осындай аңызды айтып келді. Қазақтың кей ру тайпасы Христиан дінін ұстанған еді, деп айтады. Онысы Несториян нұсқасы деп. Олардың дәлелі болып шеңбер ішіндегі кресті бар екен. Біздің тарихшылар осыған сеніп қойған, не бір дәлелі жоқ. Неге Византиялық дін жүйесі сонау Мыңқол жеріне барып орын тапқан? Өзге елдер сол жерді мекен еткен, неге осы дінді қолдамаған екен? Міне осындай мысалдар көп тарихта.

Тарихи мифтерді арнайы жасаған кезде, оған лайықты эгрегор жүйесін қалыптастырады. Соның аясында діни жүйені жоспарлап, елдің ішіне таратады. Міне осылай, биоробот адамды өздеріне құл етіп жасауға болатын жақсы құралы болып тұр. Енді біз де қиялданып көрелік. Мысалы біз бір мифты құрастырып алдық. Сол миф бойынша, Ұлы даланы мекен еткен бір тайпа, Африкаға көшіп кетіпті дейік. Алдымен Африкаға барып, сол жердегі көне тастардағы таңбаларды жазып алу керек. Жер атауларын сақтап алу керек. Содан кейін, Қазақстанға келіп, тастарға осы көне таңбаларды бастырып, елдің ішіне аңыздарды таратамыз. Баяғыда бір тайпасы болыпты, ішінде көп батырлары болыпты. Солар көп ерлік жасапты да, артынан өздеріне лайық жер іздеп, бізден көшіп кетіпті-мыс. Солардың есімдері осылай болған деп. Әлгі Африкадағы жер атауларын осы батырларға беріп қою керек. Содан кейін біз тарихшыларды дайындаймыз. 150 жыл өтеді делік. Күндердің күнінде, Африкадағы бір тарихшы біздің кітаптарды оқып, таң қалады. Содан барлық жаңалықтар арнасында, осыны сенсация етіп жариялайды. Бізден көптеген тарихшылар барып, Африкадағы жердің атауларын тауып, сол жерді мекен еткен тайпаларға айтады. Содан өзімізге туысқан елді тауып аламыз. Әрине осының барлығы қалжың ретінде жазып отырмыз. Бірақ осы тәсіл арқылы, бір неше ғасырға созылған саясат арқасында, кез келген елдің бүкіл дүниетаным көзқарасын өзгертуге болады. Бүгін біз көптеген БАҚ арнасынан сенсациялық көне жәдігерлер тізімін көріп отырмыз. Олардың шығу тегі бекер емес. Түпкі мақсаты, елдің санасын өзгерту еді әр уақытта. Тек осыған көп адамды сендіру үшін, арнайы эгрегор жасау керек. Соны көп ғасыр бойы сенімге толтырып отыру керек. Діни жүйесін жасап, арнайы кумир / серкелерін шығарып, елдің жадысына жазып қою керек. Содан кейін қоғам ішіндегі басым көпшілік, осы мифтер мен аңыздарға сеніп алады. Артынан эгрегор арқылы сол қоғамды билеуге мүмкіндік ашылады.

Тағы сондай миф болған өтірік, ол Шыңғыс хан әскерінің жауыздығы. Мыңқол әскері әлемдегі барлық елдерді қиратып, адамзатты қараңғылыққа апарды, деп жатыр. Және осыған барлық ел сеніп қалған осы күні. Егер Шыңғыс хан, өз уақытындағы нағыз данышпан десек. Егер Мыңқол әскерінің арқасында бүкіл адамзат цивилизациясы жылдам дамып өсті десек. Сізге ешкім сенбей қалады. Себебі эгрегор күші өзінің мақсатын орындап, мүлдем басқа көзқарасты қорғап келеді,

неше ғасырлар бойы. Шыңғысханды мадақтайтын болсаңыз, адамдармен қарсыласпайсыз. Сіз бір неше эгрегорларға қарсы тұру керек боласыз. Ал сол эгрегорлардың ішінде жиналған ойлары мың жылдар бойы қабаттасып, сіресіп қалған еді.

Тағыда қайталап айтамыз, эгрегор жаман немесе жақсы емес. Ол өзінің ішіне жазылған жоспар бойынша, жұмысын атқарады. Мысалы біздің Аруақтар деген эгрегорымыз бар. Олар бізді ылғи қорғайды. Сол сияқты, есті қоғам азаматтары бірігіп, осындай эгрегорларды құратын болса, олар ғасырлар бойы күш жинап, біздің ұрпағымызды қорғайтын болады. Және жоғарыда айтқандай, егер адам баласы Киелі Рұхтың көмегімен әрекет қылса, егер Құдайға тікелей байланыс жолын орнатып, аян арқылы демеу алатын болса, есті азаматтар жасаған эгрегорлардың күші мықтырақ болары сөзсіз. Бұл құралды зерттеп, еліміздің игілігіне жұмсау керек. Оны жасаудың түрлі жолы бар, сол туралы кейін бөлек тарауда айтамыз.

Жалпы тарих саласын зерттеген кезде, мына заңдылыққа аса мұқият назар салу керек. Әр тарихи оқиға елдің басына келген себебі, қоғам ішіндегі қателіктерді түзету үшін болады. Сол оқиғалар арқылы қоғам санасы сабақ алып, өсу керек. Даму керек! Егер қоғам сол өткен тарихтан сабақ алмайтын болса, осы оқиға қайтадан оралып, бүкіл елді тағы басып өтеді. Әр бір сондай тарихи толқындар, елдің санасын оятып, қателіктерді қайталамауға шақырады. Сондықтан елдің тарихи шежіресіне үңіліп, біріне бірі ұқсас оқиғаларды зерттеп, қарау керек. Осыған сәйкес тағы мысал айтайық, тарихымыздан келген. Барлығымыз білеміз 1932-35 жылдары болған аштық кесапатын. Ал осы оқиға артынан 2020 жылы тағы қайтalandы емес па. Сонау жылы КОВИД індеті елімізге таралып, бұқара халық өздеріне дәрі мен дем алатын құрылғы таба алмай қалды емес па? Сонда қоймалардағы дәрілерді ұстап, сатпай қойды емес па халыққа. Соның алдында ғана, көптеген ауруханаларды жапқызып тастаған болатын еді. Дәрілерді қымбатқа сатамыз деп, түрлі делдалы өздеріне көп пайда тапты ғой. Егер біздің қоғам осыдан сабақ алмайтын болса, осындай індеттер қайтып келуі әбден мүмкін біздің елге. Тарихтың оқыту тәсілі өте қатал, сабағын дұрыс оқымаса сазайын беріп, бүкіл елді дүр сілкіндіреді! Осыны ескерген жөн, ағайын.

### **3. Идеология (үгіт-насихат) арқылы ықпал ету әдістемелері.**

Қазақстан елінде идеология жоқ деп айтамыз. Алайда онымыз қате. Идеология жүріп жатыр, тек біздің халық соны байқамай жүр. Сол себепті, барлық үгіт насихат бейсанаға тікелей жазылуда. Ал біздің ел соның зардабын көріп жүр. Оның бір неше мысалдарын айталық. Біреудің туысқан бауыры жоғары лауазымды орынға тағайындалады. Жас болып, сол салада жұмыс жасамай, бір бастық болып отырады. Артында тәжірибесі мүлдем жоқ. Немесе, бір шет елдік компания жер астындағы байлыққа еш саудаласпай, ие болып қалады. Қазынаға салық төлемей, арзан немесе тегін, жердің байлығын алып кетіп жатыр. Біз не бір кино арқылы, есірткі мен жезөкшелер өмірі жайлы күнде көреміз. Жаңалықтардан жол апатынан қаза тапқандары туралы естиміз. Осының барлығы насихат болады. Тек онысын бізге жаңалық немесе шытырман кино деп көрсетеді. Ал осындай ақпаратты күнде көрсету арқылы біздің санамызға жазылып жатқан идеясы бар. Осыны норма деп қабылдау керек екен бізге. Ауруханаларда көп адамдар қиналып жатыр екен. Соларға ақша жинайық деп шығады. Бұнысы да норма болу керек. Жоғары лауазымды шенеунік парақор болып шықса, онысы да норма болу керек. Жолдың асфальт сапасы нашарлығынан, көлік апаты болса, оны да норма деп қабылдау керек. Міне осылай, күнде бізге көрсету арқылы, санамызда өзгертулерді енгізіп жатыр. Идеология деген осындай болады.

Енді дін туралы айту керек. Біз үшін дін деп әлемдегі Құдайға сену ілімдерін айтады. Дегенмен, дін тәрізді өзге де жүйелер бар. Олардың қоғамға әкелетін ықпалы өте жоғары, тек қоғам оларды дін ретінде қабылдамай жүр. Сол себепті, олардың әсері қайтадан бейсанаға еш кедергісіз, сынға салынбай жазылып жатыр. Ол дегеніміз кино, музыка, билеу, суреттер, анекдоттар, ойын сауық, тағы сол сияқты мәдени ықпалы бар құралдар. Осы тұрғыдан қарағанда, әлемдегі ең мықты діни болған жүйесі – Голливуд болып тұр. Сол жасаған шығармаларды көріп алған біздің жас өспірім балаларымыз, өте қақас, негізі жоқ дүние танымдық көзқарасын қалыптастырып алады. Және де соны бар күш жігерімен қорғауға дайын тұр. Осындай мәдени құралдар арқылы жасалатын суық қару ықпалы, қоғамның ішіне көп өзгерістер беруі мүмкін. Және әр бір танымал кино, өзіне тағы арнайы эгрегорды қалыптастырады. Соны жер бетіне таратып, эмоциялар арқылы әлемдегі көп елдерден, өзіне биоробот адамдарды жинап алады. Және соларға ықпал жасап, басқарып жүреді.

Тағы бір идеология көрінісі болған әдет, ол бюрократиялық қиындықтар. Кез келген істе, көптеп құжаттарды дайындау керек. Қанша ма рұқсат қағаздарды жинау керек. Егер қомақты ақшасына сүйеніп, пара беріп жасайтын болса, онда барлық ережелері оңай шешіледі. Ал егер заң аясында жасаймын десеңіз, бірден көптеген қиындықтар шығады. Соны күнде барлық халық көріп жүр. Тағы сол туралы жаңалықтардан естимыз. Шытырман бейнелерден осыны бізге көрсетеді күнде және соған арнап хит болған әндер шығып жатыр. Елдің барлығы осыған қарап, басқалай болуы мүмкін емес, деп сеніп қалған әбден. Түрлі эгрегорлардың ықпалы елдің мысын басып тастады. Осының барлығы идеология емей, немене сонда?

Төменде экономикалық және денсаулыққа қатысты идеологиялық әдістерді бөлек айтып береміз. Солардың барлығы да бізде үгіт насихат жасап келеді. Ал біздің қоғам соларды тексермей, түгел қабылдап алады. Мысалы, бізге идеологиялық құрал ретінде Демократия құндылықтарын санаға енгізіп қойған. Ал егер сіз Демократияның тарихын зерттеп көретін болсаңыз, ішінен керек көп дүниені таппайсыз біздің қоғамнан. Мысалы әр салаға арналған қоғамдық институты болу керек елімізде. Тұрғын үйлерге қатысты көп мәселе бар. Солардың әр қайсысына арналған жеке және дербес қоғамдық үйімі болу керек. Ыстық пен суық суды қалай жүргізу керек туралы ережелерін осы институт ұсыныс ретінде әкімшілікке беруі тиіс. Канализация жүйесіне қатысты бөлек жүйе болу керек. Олар өзінің ережелерін ұсыныс ретінде ашық жариялауы керек. Лифтке арналған өз жүйесі керек. Тағы сол сияқты көп институттар болуы керек. Олардың міндеті барлық тарихын және әлемдегі болып жатқан жаңа әдістемелерді зерттеп, елге ұсыну. Осылай, кез келген саласы бойынша, адамның сұрағы шығып жатса, ол осындай қоғамдық институт жүйесіне барып, білсе игі. Міне осындай көптеген институттар арқасында мемлекеттің өмірі қалыптасуы керек. Сонда елдің президенті кім болса да, мемлекеттің өмір салты өзгермейді. Әкім болып кез келген адамы тағайындалса да, қаланың өмірі өзгермеуі керек. Осыны қадағалайтын дербес жүйесі ретінде, ірі қоғамдық институттар болуы керек. Бірақ бізге оны ешкім айтпайды. Осындай ақпаратты елден тығып қойып жүр. Бұл да осы елдегі орын алған идеологияның көрінісі.

Білім жүйесін жеке алып қарайық, барлық мектепте білім оқыту сапасы өте төмен. Сол себепті, ата аналар қосымша курстарға ақшасын төлеп, өздерінің балаларын оқытуға мәжбүр болып жүр. Бір екі жақсы оқитын баланы мақтан етіп көрсетеді мектептерде, ал қалған 99% оқушылардың алған білімі өте нашар дәрежеде. Және осыны норма қылып, қайтадан бізге үгіт насихаты жүріп жатыр. Еліміз осыған көніп, шарасыз қалды. Ондай көзқарасты «**жаттанды шарасыздық**» деп айтады. Орыс тілінде онысын «**Выученная беспомощность**» деп атаған. Ал мектеп аясындағы нашар білімін, жоғары дәрежеге жеткізудің оңай жолы бар ағайын! Тек осыған биоробот болған

адамдар қарсы болатыны анық, себебі олар үшін жаңа өзгерістерді енгізу, ауырдың ауыры. Олар үйреніп қалған, оқу беру жүйенің нашар сапасына.

Сонымен мектеп аясында келесі ережелерді енгізуге болады. Алғашқы 1-3 сыныптан кейін, бар оқушы бала әріп танып, сөйлем құрап, жеңіл кітапті оқып, оқыған оқиғасын өз тілімен айтып беруі тиіс. Сандармен есеп қисап жасай білу керек. Егер осыған қолы келмесе, келесі сыныпқа өтуге болмайды деп мұқият тексеру керек. Тіпті мектеп директоры осы ережелерге жауап беруі тиіс. Ары қарай 4-6 сыныптарға сәйкес тұрақты ережелерін де ғалымдар дайындап қоюы керек. Әр сыныпқа сәйкес, белес ережелері сай болуы керек. Оны мектеп аясында емес, онлайн желіде тегін тексере алатындай сертификаты бар платформалар ашық тұру керек. Ата ана өз баласының қай сынып дәрежесіне сәйкес екенін қалаған уақытта тексеріп алуға мүмкін болуы керек. Содан кейін келесі 7-9 сыныптарына сәйкес өзіндік ережелерін дайын қойып, ашық онлайнға шығарып қойса болғаны. Қалған 10-11 сыныпта оқушы өзі таңдап алған салаға байланысты, жоғары оқуға дайындық ретінде керек бағыттарды меңгереді. Және әр сыныптың ережесіне сай онлайн желіде барлық оқыту сабақтары ашық тұру керек. Балалар соларын өздігімен үйреніп алса болады, үйде отырып. Мектепке барудың қажеті де шамалы болады. Әрине мектепке барып, әлеуметте болуды үйрену керек балаға. Өзіне достар тауып, бірігіп ойындар ойнап, мұғалімге тікелей сұрақ қойып, сыныптастары алдында сөз сөйлеуге үйренсе игі. Бірақ мектептегі қатал тәртіп бойынша, оқушы бала сыныпқа сәйкес білімді игере алмаса, осы жерде оқуына тиім салынады. Сондай бала үйде отырып ақ, барлық білімді үйреніп алатын мүмкіндігі болуы керек. Ал біздің мектептерде орын алған әдет, осындай үрдіске келеді: *Егер бір қораға жылқылар мен есектерді қойса, есектеріміз жылқы болып қалмайды. Алайда, жылқыларда есек мінез шығуы әбден мүмкін.* Негізі білім беру туралы арнайы тарауда толықтырып жазатын боламыз төменде. Ал қазір идеологияға оралайық.

Осының бәріне қарап, біздің елдегі идеологияны нақтылай, фактымен сипаттауға болады. Оның бәрін біз күнделікті БАҚ және ғаламтордағы ресми желіден көріп жүрміз. Соны қорытындылай айтатын болсақ, бізге насихатталып жатқан идеологияның айтары мынау:

- елдің ішінде көлік шығара алмаймыз, сол себепті шет елден қымбат көліктер алу керек;
- елдің ішінде емшілер аурудан емдей алмайды, сол себепті шет елге барып емделу керек;
- елдің ішінде өзіміз дәрі жасай алмаймыз, сол себепті шет елден қымбатқа алу керек;
- елдің ішінде дені дұрыс жоғары оқу орны жоқ, сол себепті шет елге барып оқу керек;
- елдің ішінде сапалы демалыс жерлері жоқ, сол себепті шет елге барып демалу керек;
- елдің ішінде сапалы газ өндіретін зауыт жасай алмаймыз, шет елден жасатып алу керек;
- елдің теңге салмағын ұстай алмаймыз, сол себепті шет елдің долларын алып қою керек;
- елдің ішінде өндіріс жасай алмаймыз, сол себепті тауарларды Қытайдан арзан алу керек;
- ауылды жерде жұмыс жоқ, сол себепті көзі ашық адамдар қалаға көшіп кету керек;
- жоғары лауазымды орынға парасатты адам табу қиын, сол себепті ескі шенеуінікті қояды;
- елімізде заң шығара алмайды, сол себепті шет елден эксперттер бізге заңды ұсынады;
- елімізде дұрыс сериалдарды түсіре алмаймыз, сол себепті Түркия ия Корея елінен алады.

Осы тізімді жалғастыра беруге болады, оның барлығы біздің елде идеология болып, елдің ақыл санасына тікелей жазылып жатқан үгіт насихат. Осының барлығы көптеген эгрегорлар арқылы бүкіл елге бірден барып сіңіп жатыр. Аңғал еліміз осыны байқамай, қабылдап жатыр. Жастар да осыны көріп жүр. Бізден қарсылық көрмеген соң, жастарымыз осыны норма деп қабыл етуі де мүмкін. Артынан жүз жыл өткен соң, осындай норма болған көзқарасты кітаптарға жазып, оқу орнында жастарға үйрететін болады. Сондықтан егер де біреу: **тұрақты идеология біздің елде**

**жоқ**, деп айтатын болса, онысы жалған. Қоғам бар жерде міндетті түрде идеология болады. Тек сол идеологияны байқай білу керек, сезе білу керек және соның ықпалы елге жақсылық па әлде жамандық әкеледі ме? Осыны айыра білу керек, барлық көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарға.

Тағы идеологияға қатысы бар тақырып, ол адами құндылықтардың талаптары. Әр адам алдамау керек. Өтірік айтуға болмайды. Әр бір шенеунік жұмыс барысында жаңа технологияларды үнемі үренуі керек, өзінің саласындағы маманы болуы керек. Жауапкершіліктен қашпауы керек. Еліне барын салып, көмектесу керек. Осыны насихаттау идеология емей немене? Ал Ата Заң бойынша идеологияға тиім салынған. Осылай біз адами құндылықтарды насихаттауға заңды түрде жасап жүрсек – заңға қарсы шығамыз ба? Пара алуға болмайды деп айтамыз, ал өзінің саласына сәйкес болмаған министр немесе депутат неге жұмыс жасайды? Егер халық арасынан жаны ашыған бір адам дауыс көтеріп, билікке ақыл айтатын болса, оған бірден берер жауабы: «Шымшық сойса да қасапшы сойсын», дейді. Бірақ өздері заң шығаратын депутат қатарына спортшы немесе блогер адамды отырғызады. Бұнысы қалай сонда? Заңды тек заңгер және сол саланың маманы қатысып жасағаны дұрыс қой. Барлық адами қасиеттер міндетті түрде елдің ішінде кеңінен насихатталуы керек. Және осындай идеологияны ашық түрде мойындап, заң аясында бекіткені жөн.

#### **4. Экономикалық және қаржы арқылы ықпал ету әдістемелері.**

Осы күні барлық қоғамдарға ауыр ықпалын жүргізетін сала – несиелік қарыз пайызы болып тұр. Несиеден пайда көруі харам деп, Құранда жазылғалы мың жылдан артық уақыт өтіп шықты. Ал сонау ауыр салмақ, жер бетіндегі барлық халықтарды қанатып, бүкіл елді сорлатып келе жатыр. Біз жоғарыда айтып едік, Швейцария елі несие бергенде ноль пайызбен береді. Ал біздің елдегі адамдардың басым көпшілігі өзін мұсылман деп айтып жүрсе де, жұма сайын мешітке қатысып жүрсе де, осындай пайызы жоқ несие жүйесін жасай алмай келе жатырмыз. Себебі ол да насихат көзі болып, елге сіңіп кетті. Бүгін елімізде, қалмады ғой тіпті еш кім, несиенің пайызсыз болуын мүмкін деп есептейтін. Көшеден кімнен сұрап көрсеңіз де, барлығы әбден сеніп алған, несиенің пайызбен болуына. Ал осының шешімі оңай жерде түр ғой ағайын!

Әр ауылда мешіт салдырып қойды. Мешіттің тікелей міндеті осындай қаржыны жинап, ауылдың адамдарына пайызсыз несие ретінде беруі. Ал біздің барлық мешітте жиналатын садақа ақшасы қайда кетіп жатқаны жайлы ешкім тексеріп сұрамайды. Бұл да сол үгіт насихаттың ел арасында жасаған ықпалынан шығып отыр. Аңғал халқымыз қаржылық білімінен хабарсыз болғаны, сол себепті осы мәселені дұрыс жолға қоя алмай келе жатырмыз әлі біз. Пайызсыз несие көзін таба алмай жатқан қанша ма адамдар, қиналып жүр. Осының салдарынан, көптеген алдау және басқа қылмыс түрлері орын алып жатыр елімізде.

Мысалы ретінде осындай ұсыныс айтайық, зекет және садақа көзі қалай болуы керек. Әр ауылда барлық адам қолынан келген ақша садақасын, ашық түрде мешітке тапсыру керек ай сайын. Сол мешіт басында жиналған соманың барлық мөлшерін, ауылдың керегіне жұмсауға болады. Елдің жинап алған ақшасынан, өзіне керек сомасын несие ретінде алады адамдар. Және олар алғанын міндетті түрде пайызсыз қайтарып беру керек қайтадан ортақ қазан ішіне. Енді ақшаны бет алды еш кім ала алмайды әрине. Бір адам өзіне керек ақшаны пайызсыз несиеге алуы үшін, оған кепіл ретінде кемінде он адам дауыс беру керек. Егер әлгі адамы, алған сомасын белгілі мерзім ішінде қайтара алмай қалса, осыған кепілдік болған адамдар, сол ақшаның орнын толтыру керек. Және ауыл ішіндегі барлық адамдар ай сайын садақа мен зекетін мешітке тапсырып отырған соң, осы

жиналған ақша сомасы үнемі өсіп отырады. Және елдің барлығы ақылдасып, осы ортақ қазаннан беретін мөлшерін ай сайын тағайындап мешіт молдасына беру керек. Осындай саясатты қолдану арқылы, әр ауылдың адамдары өздеріне керек көптеген қаржылай мәселесін шешіп алуға мүмкін болады. Және барлық үгіт насихат қазір осыған қарсы амалдарын елге таратып жүр. Себебі жұрт банктер мен әкімге мұқтаж болса, оны пайыз арқылы, құлдық дәрежеде ұстап, билеуге оңай.

Тағы бір жаман насихаттың түрі болып, Хрематистика ілімі елдің санасына құйылып жатыр, оны түсінбеген еліміз мақұлдап, Экономика деп сеніп жүр. Осыны тоқтату үшін адамдар білім көзіне назар қойып, қисынға салып, экономиканың шын үлгісін үйрену керек. Барлық, осы салаға керек кітаптар, тегін жатыр ғаламтор желісінде. Хрематистика аясында жасалатын көптеген алкоголь у және шылым шегетін өнімдер. Осының адам денсаулығына зиян екенін біле тура, неге өндірісте жасалып жатыр? Себебі пайдасын мол әкеледі. Ал пайданы алдымен ойлайтын Хрематистикасы бар. Жастайынан арақ ішіп, темекі тартатын еркек, елу жасқа жетпей, ауруға шалдығып, қайтыс болады. Сонда отбасыларына қандай ауыр тиеді, әкелері қайтыс болса. Осындай жағдай болмау керек, келешекті ойлайтын қоғамда. Қазір энергетик сусындар мен газдалған, қанты көп сусыны жастарға көп сатылып жатыр. Олардан көп зияны келетіні туралы бәрі біледі. Біле тура неге сол улы ішімдіктерді тастамайды жастар? Себебі арнайы эгрегорлар өзінің кері насихатын жастарға жасап жатыр үнемі.

Енді келесі жалған сенімге назар салайық, онысы зейнетақы қоры. Біздің халықтың экономикаға қатысты білімі таяз болған соң, шотта жатқан зейнет ақы туралы ақпаратқа сеніп отыр. Эгрегор ықпалын осыдан да білуге болады. Жастар ай сайын алатын айлықтан, 10 пайызын зейнетақыға бөліп отыр. Онысы тек компютердегі жазба сандар ғана. Ал шын ақшасын мемлекет өзіне алып жатыр. 40-50 жылдан кейін не болатыны белгісіз, сол себепті мемлекет осындай жүйені енгізіп, елді көндіріп отыр. Бұл да, еліміз Хрематистика саясатына көшіп отырғанын көрсетіп отыр. Сол зейнетақы жинақтау қоры қалай болу керек еді деген сауалға жауап берелік.

Кітап басында айтқандай, экономикада **Баға Инварианты** деген ұғым бар. Өзінің құнын ұстап тұратын, бағасын жоғалтпайтын тауарлар болады. Олар, осы Баға Инварианты болып есептеледі және сондай тауарлардың бағасы уақыт өте аса қатты өзгермейді. Баяғы кезде бір қап бидай осы Баға Инварианты болған. Кейін оған күміс қосылды. Артынан алтын бағалы болып қосылды. Ал кейін егіншілік өндірісі қатты дамып кетті, содан бидайды Инвариант Бағасы тізімінен шығарып тастады. Өткен ғасырда, Баға инварианты болып, АҚШ доллары есептелген. Бүгін көмпутерлер заманы әлемді басып алды. Енді осы Баға Инварианты болып, электр қуатын есептеуге болады. Ал біздің теңге 35 жылдың ішінде инфляциядан көзін аша алмай келе жатыр. Сол себептен, оны Баға Инварианты етіп жасай алмайсыз. Сондықтан, айлықтан зейнетақы мөлшері алынған кезде, сол ақша мөлшері бірден кВтатт/сағатына деп ауысуы керек. Мысалы 1 кВтатт/сағ бағасы 25 теңге деп айтайық. Сонда зейнетақы қорына түскен ақша бағамы бірден осы бағамен жүйеге жазылуы керек: бәленбай кВтатт/сағ деп. Осылай жылдар бойы жүйеге ақшаны теңгелеп емес, мемлекеттің сізге берер қарызын электр қуатымен жазып қою керек. Айталық сіз зейнетке шығатын жасына толып, енді зейнет алу керек сізге. Өмір бойы жинаған зейнет мөлшері 20 миллион теңге болды делік. Бірақ сіз оны теңгемен емес, электр қуатымен жинағандықтан, шотыңызда 800 Мватт/сағ деген сан жазылып тұрады. Енді, сонау көрсеткіштен айлықтың зейнетақы сомасын, сол кездегі электр қуаты бағасымен ауыстырып аласыз, және осы ақшаны теңгемен алатын боласыз. Осылай есептелген зейнетақы инфляциядан қорғаулы болып тұрады. Міне осылай, Экономика саясатын қалай жасау керек ағайын! Экономиканың шынайы жұмыс істеу жолдары осылай болады.



Тағы бір, елді алдап жүрген мәселесі, банктердің ақшаны қайдан алатыны жайлы болып тұр. Біз ойлайтын шығармыз, ұлттық банк ақшаны басып шығарады, соны елдегі барлық банктерге беріп таратады, және банктер осыны елге несие қылып береді, деп. Ал негізі әр банктың ішкі ақшасын есептеу жүйесі бар. Және **мультипликативты коэффициентті** қолданып, шоттағы жатқан ақша мөлшерін он есе етіп көбейтіп алады. Сенесіз ба осыған? Ауадан ақша жасап отыр солар. Мысал ретінде сандармен айталық. Бір банк бар делік, оның атауы Көк банк делік. Ал ұлттық банкі Көк банкіне бір миллион доллар берді делік. Енді осы ақшадан Көк банкі несие ретінде 700 мың етіп доллармен біреуге берді делік. Енді Көк банкі шотында қалған ақшасы 300 мың болу керек емес па?

Алайда, жаңағы **мультипликативты коэффициентті** қолданып, біздің Көк банк өзіне зор ақша сомасын қайтадан үлкейтіп алады да. Келесі бір тұлғаға несие ақшасын ұсынады. Оған тағы 500 мың доллар несие береді. Содан кейін тағы, шотындағы ақша сомасын көтеріп алады. Міне осы тәсілмен, 1 миллион доллар алып, елге 10 миллион доллар несие береді. Ал егер, бір қаржылық дағдарыс шығып, клиенттері несиені қайтара алмай қалса, онда біздің Көк банк Ұлттық банкке барып, жүгіреді көмек сұрап. Содан біздің билік, халықты емес, осы банктер жүйесін қолдап, ел қазынасынан, біздің салықтарымызды банктерге таратып береді көмек ретінде. ХрEMATИСТИКАСЫ осылай әдемі жұмыс жасайды біздің елде.

Және өзінің айласын жеңілдету үшін, банктер елге депозитті ұсынады. Соның арқасында, елдің басын осы несиелік қарыздың пайдасына байлап отыр. Аңғал халық та осыған белсене қатысып, көп ақшаны депозиттер шотына салып қойған еді. Халықтың одан басқа жасар амалы да жоқ. Ал мемлекет басында отырған министірлер мен депутаттар Экономикадан мүлдем бей хабар. Олары тек ХрEMATИСТИКА саясатын ғана біледі. Осы жерде біреуді кінәлауға болмайды. Себебі осындай ақпаратты ешкім айтпайды, және тағы аңғал халыққа, эгрегорлардың ықпалы қатты әсерін төгіп жатыр. 2025-ші жылдың аяғында, халықтың депозитқа салған ақша сомасы 24 триллион теңге деп, ұлттық банкі айтып жатыр. Оған енді компаниялардың депозитын қосатын болсақ, тағы 10 триллионы бар.

Сонда осы ақшаның барлығы тек қағаз болып жатыр. Егер осының барлығын, елдің ішіндегі өндіріс зауыттарын ашуға жұмсайтын болсақ, барлық шикі заттарды шет елге бос шығармай, бірден өзіміздің елімізде жасап шығаратын болсақ, біз көп тауарларға қол жеткізер едік бірден. Оларды қазір шет елден, қымбатқа сатып алып жүрміз. Еліміздің шет елдерге көп ақша қарыз болғаны да осы ХрEMATИСТИКАНЫҢ салдарынан болып тұр емес па.


Құрметті оқырман, осы мәліметтерді білгелі бері, сіз енді жауапкершіліктен құтылмайсыз. Басты сылтау болып, «мен білмедім ғой! Маған ешкім айтпады ғой!», деген сөздер болатын. Ал енді сіз осыны білесіз, және келешек ұрпақтың болашағы үшін білімді үйреніп, экономика саласына өз үлесіңізді қосу керек әр азаматқа. Енді, осы айтылған сөздерді ескере отырып, біз мысал ретінде, бір зауыт салу үшін несие қалай берілуі керектігін айталық. Несие пайызсыз болу керек. Зауытты салу үшін 5 миллиард теңге керек делік. Соны тұрғызып, іске қосу үшін 3 жыл керек делік. Осы үш жыл ішінде ұлттық банкі арнайы ақшаны басып шығарады. Содан кейін сол ақшаға құрылыс басталады. Айлық төленеді, және басқа да сатылымдар болады. Үш жылдан кейін, зауыты алғаш өнімін шығарып, сата бастайды. Тапқан пайдасынан пайызсыз несиенің айлық мөлшерін төлеп, қайтарып отырады. Осы ақша қайтқан кезде, ұлттық банкі сол ақшаның көзін құртып отырады. Сонда несиеге берген 5 миллиард теңге он бес жыл ішінде толығымен қайтатын болса, барлық сомасы ақшалай нарықтан алынуы керек. Сонда инфляцияға әсері аз болады.

Еліміздегі тоқтамай жатқан инфляцияның себебі, барлығымыз бүкіл жауапкершілікті толығымен шет елдің халық аралық ұйымдарына беріп қойдық. Ал жоғарыда айтқандай, құлдық сана деген, осындайдан басталады. Ел болып, барлық азаматтар осындай экономикалық мәселелерді біреуге беріп қойдық. Шет елдегі білгіштер енді ойына келгенін бізге жасап отыр. Ал біз болсақ, Құдай көмектесер деп, апта сайын жұма намазға барып, жаттанды сөздерін қайталаудан шаршамаймыз және періштелер ұшып келіп, бізге барлық байлықты алып береді деп күтеміз. Күтудің еш керегі жоқ ағайын, себебі барлық ақпарат көзі ашық тұр ғаламторда. Әр азамат қаржы жүйесін жақсы біліп, Экономика мен ХрEMATИСТИКАНЫҢ айырмашылығын ажырата білу керек. Және осы мәселе бойынша, еліміздің егемендігін, шет елдің сауда компанияларына бермеуі керек. Сонда біздің ел

экономикалық еркіндікке қол жеткізетін болады. Экономикаға қатысты мәліметтерді айтуды осы жерден доғарайық. Арнайы тарауда тағы шолып, осы тақырыпты толықтыратын боламыз. Қазір келесі тақырыпқа ауысайық.

## 5. Қоғамға геноцид қаруы арқылы ықпал ету әдістемелері.

Бүгін біздің жеп жүрген тамағымыз толығымен ГМО өнімдерінен жасалынып отыр. Солардың ағзаға әкелетін зияны өте зор. Көптеген аурулары осы тамақтардан шығып отыр. Тамақпен бірге тағы синтетика киімі және пластик пакет өзінің үлесін қосады. Тағы, күнделікті үйде қолданыс болатын химиялық қоспалары бар. Оған WiFi элетромагниттік желінің ықпалын тағы қосу керек үстінен. Осының барлығы адамның күш қуатын әлсіретіп жібереді. Кейінгі жылдары, нәрестеге салатын екпелер көзі, көп өсіп кетті. Солардың әсері тағы бар.




Осының барлығы не үшін жасалынып жатыр, деген сауал шығады. Оның жауабы мынау болады. Өздерін ақылды деп санайтын топтар, жер бетіндегі ақымақ халықтарды жойып жіберуге ниеті бар болып тұр. Сол үшін, кез келген халықтың бала туу мөлшерін азайтып жіберуі керек, деген жаман ниетті ойы бар. Артынан бос қалған жерге өздерінің ұрпағы барып тұратын болады. Сол үшін, жер бетіндегі көпшілік адамдарды тас жолы бар, әрі тас үйге жинап алып, қалалық өмірге үйрету керек. Соларды осындай химиялық уланған заттарымен тойдырып, елін балалы болудан айнытып жіберу керек. Кім бала табатын болса, олардың өмірін тым қиындатып жібереді. Және есесіне, кімдер баланың орнына ит, мысықты асырайтын болса, оларға қала ішінде өмір сүруді

оңай етіп жасауға тырысады. Әрі осының барлығын үгіт насихат арқылы, күнде санасына құйып отырады. Және осыған арналған көптеген эгрегорлар жұмыс істейді.

«Біздің елде идеология жоқ» деген сөзге сенбеңіз. Медицина саласындағы орын алған идеология бойынша, барлық ауруларды тек шет елдің қымбат дәрілерімен емдеу керек. Қандай сырқат ауру ағзаңыздан табылса, сол жерін емдеуге арналған дәрілерді ұсынады бірден. Ал аурудың шыққан төркіні мүлдем басқа жерінде болуы мүмкін. Содан түрлі химиялық дәрімен ағзаны толтырады. Және барлық емдеу амалдары өте қымбат болып шығады.

Әр адамның өзінің биополесі болады. Соны тағы **аура** деп те атайды. Осыны дәрігерлер қауымы мүлдем мойындамайды. Төменде келесі суретте кәдімгі жапырақ биополесі көрсетілген. Өсімдік табиғатының осындай аурасы бола тұра, соны көре тұра, адамда сондай жоқ деп отыр дәрігерлер қауымы.



Тағы бір мысал, көздің көптеген ауруларын кәдімгі жаттығу арқылы емдеуге болады. Сонда көз, өзіне еш бір дәрі қажет етпейді екен. Және көзілдірік киіп те керегі жоқ екен. Алайда осы тәсілді елден жасырып қойған, көз көру нашар болса, бірден көзге әйнек ұсынады. Себебі содан ақшалы пайдасы мол болады. Тағы сол Хремастикасы шығып тұр. Барлық дәрігерлерге тиым салынған екен, осындай ақпаратты халыққа айтудан. Кім де кім айтатын болса, дәрігерлік лицензиясынан айырылады екен. Содан байғұс емшілер, көзбен көріп, ауызымен айта алмай, қымбат дәрілерін елге ұсынады ем ретінде. Көзге арнап, жақсы емдеу тәсілдерін ашқан Америкалық ғалым болған еді тарихта, есімі William Horatio Bates. Ол 1860-1931 жылдары өмір сүрген екен.

Тағы бір мысал ретінде Арнольд Эрет жазған «Целебная система бесслизистой диеты», кітапты оқуға ұсынамыз. Көптеген аурулардың алдын алу үшін және ағзаның ішіндегі көп сырқатын еш дәрі қолданбай, емдеуге болатыны жайлы жақсы жазған еді. Осы мәліметтерді халыққа ашық айтқаны үшін, осы кісіні өлтіріп кеткен еді көшеде. Себебі адамзат соның айтқаны бойынша өз

денсаулығын емдейтін болса, Хрематистика жайында қалады, көп байлардың пайдалы дәрі сату кәсібін жабу керек болады. Ол кісі 1866-1922 жылдары өмір сүрген болатын.

Тағы бір мысал ретінде Германиялық зерттеуші дәрігер туралы айтамыз. Есімі Ryke Geerd Hamer және ол «Germanische Heilkunde» әдістемесін жасап шығарған еді. Осы жұмысы үшін оны әдейі өлтірген еді. Себебі осы тапқан әдісі бойынша, ағзадағы аурулардың қалай пайда болатыны және оның әр бір сатысын ашық айтып кеткен болатын. Соның арқасында, рак тәрізді ауруларды жазу жолдарын ашып берген еді. Ал егер адамзат рак ауруына емдеу жолын тауып алса, қанша дәрігер адамдар пайдасыз қалады. Жер бетінде осы ракты емдеу үшін көптеген ақша табу жүйесі жұмыс істеп жүр. Соларға жаман аурулардың оңай емделу жолдары мүлдем керек емес. Сол ғалым өмір сүрген жылдары: 1935-2017.

Тағы бір мысалды айталық. Егер әр адамның бойында өзінің жеке, тексеретін датчик құрылғысы болса, қандай тамаша болар еді. Ол денедегі барлық ақауларды байқап, іш құрылыстың жұмысы қалай жүріп жатқаны жайлы, кез келген уақытта ақпарат беріп отырса керемет болар еді ғой, ия? Осындай кезде біздің ойға Илон Маск жасап жүрген, ЖИ арқасында жұмыс жасайтын құрылғы ойға келеді. Алайда, біздің денемізде жаратылыстан бастап, осындай тексеретін құрылғысы бар екен. Онысы біздің тіліміз. Егер әр адам, бала жастан өзінің тілін айнадан қарап, зерттеп жүретін болса, осы біздің тіліміз, денеміздегі барлық аурулардың нышанын айтып бере алады екен. Және осыны әр адамға айтып, түсіндірсе игі. Мысалы Қытай еліндегі көне емдеу жүйесі, қан тамыры қағысына қарап, көптеген сырқат көзін айтып бере алады екен. Оны үйренуге көп жылдар керек екен. Ал тілге қарап, оның түрінен денсаулықтың сипатын білуге болады. Осындай ақпарат көзі бүкіл адамзаттан жабуылы болып тұр. Себебі көп ақша мөлшерін, ауруды өтірік емдеуден тауып жатыр екен халық аралық фармацевтика саласындағы компаниялар. Және солар әлемге бұйрық беретін, Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы (World Health Organization) арқылы, өздерінің пайдасын табу үшін көп әрекет жасайды. Содан осы ұйым, елімізге бұйрықтарын түсіреді, және біздің билік соларды «ләппай, тақсыр» деп, тексермей жатып, орындауға асығады. Еліміздің осы саладағы еркіндігі мүлдем жоқ болып отыр. Себебі білім көзі ашық мамандар мен ғалымдар аса көп емес біздің елде. Көбісі жаттанды ойлап, биоробот санасынан аса алмай жүр. Ал Жұмабек Ташенев тәрізді, шындықты бетке айталатын, жігерлі азаматтарымыз жоқтың қасы. Қорқады ма әлде жауапкершілікті мойынға алудан қашып, құлдық санаға беріліп кеткен ба, кім білсін?

Негізі Денсаулық сақтау жүйесінің басты міндеті - елдің көзін ашып, адам ағзасы қалай істейді, содан барлық ақпаратты айтып беру. Кез келген аурудың алдын алу амалдарын елге насихаттау керек. Біздің еліміздің идеологиясы осыған жұмыс істеу керек. Ал бізде шет елдің қымбат дәрісі теледидардан күнде жарнама болып жүр. Жалпы денсаулыққа бөлінетін бюджеттің 75% көлемі профилактика саласына жұмсалыуы керек. Егер еліміздегі әр азамат, бала кезден аурулардың басы неден шығатынын біліп өсетін болса, және жедел жәрдем амалдарын үйреніп алса, елімізге тіпті көп дәрігерлер де керек болмас еді. Себебі барлығымыз шетінен емші болып, кез келген аурудың басын алатын ем дом амалдарын қолданып жүретін едік. Осы жерде тағы да, улы ішімдіктер мен темекі түрлеріне тиім салу керек. Және азық түлік ретінде, көптеген зиянды тағамдар мен сусын түрлеріне тиім салу керек, осы Денсаулық министірлігі. Олардан осындай ишарат көрмеген соң, олардың идеологиялық насихаты керісінше болып жатқанын көрсетіп тұр ғой, ағайын! Өткенде болған КОВИД эпидемиясы қайтып келмейді деп ойламаңыздар. Қашанғы біздің елде денсаулық саласына, халықтың көз қарасы немқұрайлы болады, соншалықты біздің елге көптеген эпидемия аурулары басып кіретін болады. Бұнысы қоғамның, тарихтан сабақ алмай жүргенін көрсетіп тұр

ғой бізге. Денсаулық туралы ғаламторда ақпарат көзі ұшан теңіз, тек соны іздеп оқитын ақылды кісі табылса игі. Барлық білім тегін жатыр желіде. Ал біз келесі тақырыпқа көшелік.

## 6. От қаруы мен ыстық соғыс арқылы ықпал ету әдістемелері.

Әскери күштеріміздің дайындығы қаншалықты заманға сай болып тұр? Бүгінгі біздің елімізде, әскери қызметке жасы келетін жастардың саны 500 мыңға жетеді екен. Солардың жартысы қыз бала деп есептелік. Сонда 250 мың ұлдар бар екен. Кей біреулер денсаулық жағынан әскерге сай болмауы мүмкін делік. Содан тағы жартысын алатын болсақ онысы 125 мың адам. Ал негізі бар әскерге шақыру мүмкіндігі 50 мыңнан аспайды екен. Осының өзі біздің еліміздің дайындығын көрсетіп тұр емес па. Содан кейін әскердегі көп адамдар әйел екен. Ертең заты әйел адамдардан қандай әскери жорықтарды күтуге болады? Жалпы сөзбен айтқанда, еліміздің әскери саласында орын алған идеологиясы осындай болып тұр ғой. Осыған қарап бір ойға келеміз, біздің билікке соғысуды білетін жастардың көп болғаны керек емес, себебі ертең **Қантар** тәрізді оқиғасы қайта шығатын болса, қолына қару ұстаған жастарды тоқтатуы қиын болады.

СССР постановляет:

1. Ввести с 1 сентября 1943 года раздельное обучение мальчиков и девочек в I-X классах всех неполных средних и средних школ областных, краевых городов, столичных центров союзных и автономных республик и крупных промышленных городов, для чего организовать в этих городах отдельные мужские и женские школы. (Список городов, в которых вводится раздельное обучение мальчиков и девочек, прилагается).
2. Учебную работу в мужских и женских школах в 1943/44 учебном году вести по существующим учебным планам и программам неполных средних и средних школ.
3. Обязать наркомпросы союзных республик закончить к 10 августа 1943 года распределение учебных помещений для мужских и женских школ, а также распределение педагогов и учащихся по этим школам.
4. Возложить на т. т. Косыгина и Потемкина ответственность за проведение в жизнь раздельного обучения мальчиков и девочек в неполных средних и средних школах городов РСФСР, перечисленных в прилагаемом списке, с начала 1943/44 учебного года.
5. Придавая большое государственное значение введению раздельного обучения в школах, Совнарком Союза ССР обязывает облисполкомы, крайисполкомы, совнаркомы союзных и автономных республик обеспечить проведение в жизнь настоящего постановления, оказать органам народного образования необходимую помощь и представить в Совнарком СССР к 20 августа 1943 года отчет о проведении подготовительных мероприятий по осуществлению раздельного обучения мальчиков и девочек.

**СОВЕТ НАРОДНЫХ КОМИССАРОВ СССР**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

**от 16 июля 1943 г. N 789**

**О ВВЕДЕНИИ РАЗДЕЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ МАЛЬЧИКОВ И ДЕВОЧЕК В 1943/44 УЧЕБНОМ ГОДУ В НЕПОЛНЫХ СРЕДНИХ И СРЕДНИХ ШКОЛАХ ОБЛАСТНЫХ, КРАЕВЫХ ГОРОДОВ, СТОЛИЧНЫХ ЦЕНТРОВ СОЮЗНЫХ И АВТОНОМНЫХ РЕСПУБЛИК И КРУПНЫХ ПРОМЫШЛЕННЫХ ГОРОДОВ**

Сонда әскери дайындық идеологиясын қалай жасағаны дұрыс болады, деген сауал шығады. Осы жерде Кеңес өкіметінің әскери саласына арналған көптеген тәсілдерін қолдануға болады. Мысал ретінде Ұлы Отан соғысын алайық. Жазда басталған Германияның шабуылы, күзге таман сонау Мәскеу қаласына жетеді. Осы уақыт ішінде өз еркімен тұтқынға берілген Совет әскерінің солдат саны 3 миллионнан артық бас болыпты. Қолында қаруы бар, жыл бойы жаттығудан өткен, Кеңес өкіметінің толық пропагандасына қарап өскен жас сарбаздар, жаудың әскері қоршап алған кезде, қарсы соғысуды доғарып, қолын көтеріп, беріле салған еді. Мысалы үшін Сталинград қаласында соғыс қалай жүріп жатты? Әр көшесіндегі барлық үйді қолданып, табандылықпен күрескен еді, Совет әскерлері. Немесе атақты болған Брест қамалы қанша күн бойы соғысын тоқтатпай, қарсы

от қарумен күресті. Ал Киев, Одесса, Смоленск, тағы сол сияқты өзге қалаларда ондай табанды күресті жүргізбеген. Қоршап алса болды, олар күресуін тоқтатып, жауға берілген еді. Не себепті қызыл әскер сарбаздары табандылық көрсетіп күреспеген, деген сауалға жауап іздеген еді. Енді соның жауабы ретінде ғалымдардың айтқаны мынау болған екен. Ұлдар мен қыздар бір сыныпта отырып оқиды, барлығына тәлім беретін әйелдер екен. Солары ұлдардың еркек болып, ертең жау жүрек болып, кеудесін оққа төсетін батылдық сезімдерін үйрете алмайды екен. Онысы енді, әйел затына мүлдем жат дүние. Жалпы өлімге баруға дайын болуды ұлдарға тек ересек еркек мұғалім ғана үйрете алады екен. Содан, Сталинград шайқасы аяқталысымен, Совет өкіметі бірден қаулы шығарған еді. Соғыста жүрген барлық еркек кіндік ұстаздар, шұғыл ауылдарына қайтсын және елдің барлық мектептері, ұлдары мен қыздарын бөлек оқыту тәртібіне ауысатын болсын, деген екен.

Егер біздің елдегі барлық мектептерде ұлдар мен қыздарды бөлек оқытамыз десек, оған бір тиын қаражат ақша керек емес тіпті. Ұлдарды «Ә» сыныпқа бөліп, қыздарды «А» сыныпқа бөліп және үзіліс пен асханада барлығы бірге болса жетіп жатыр. Содан кейін, ұлдарға еркек мұғалімдерді жеткілікті етіп дайындау керек. Онысы енді мемлекет тарапынан болатын тапсырыстар арқылы, ерлерді осы салаға шақыру керек. Оларды дайындауға көп уақыт кетеді әрине. Бірақ еліміздің ту көтеріп ұстаған идеологиясы осы болса, көптеген жас жігіттер сонысын қолдап, мұғалім болуға келеді деген үміт бар бізде.

Тағы бір жақсы тәсілі ретінде пионерлер ұйымын айту керек. Бірақ осы пионерлер ұйымы біраз өзгерістерге ұшыраған еді Кеңес дәуірінде. Басында пионерлер мектепке бағынбай, дербес ұйым болған еді. Сол кездегі пионерлер бүкіл елдің сауатын ашатын жүйелі күшке айналған еді. Елдің көп ауылдарында әріп танымайтын, сауатсыз адам саны көп болған еді. Соларға оқу, жазу және есеп қисап жүргізу білімді осы пионерлер оқытатын еді. Олар өздеріне жеке клубтар ашып, сол жерде саяси және әскери дайындық сабақтарын алатын. Сондағы жас бала мектепте оқып жүріп, артынан осы пионерлер жағына баруға асығатын еді. Әр кім өзінің қалауынша, пионер бола сала алмайтын. Алдымен мектептен жақсы мінездеме керек, содан кейін кепіл етіп, соған өз дауысын беретін өзге пионерлер болу керек. Және ережелерін бұзатын болса, пионер атағынан шығып та қалуы мүмкін. Кейінде осы пионерлерді мектепке бағынышты етіп жасаған соң, сол жүйенің еш құндылығы қалмады. Сондықтан, егер мемлекет тарапынан әскери дайындыққа үйретуді бала жастан жасау керек болса, осындай пионерлер жүйесін ашу керек, және сонысын мектеп жүйесі басқармау керек мүлдем. Тек қорғаныс министірлігі тікелей қадағалап, әскери сарбаздардың үлгі ететін тәртібі бойынша дайындағаны дұрыс болады.

Жоғарыда айтқандай, соғыс кезіндегі партизан жасақтарының тек оннан бірі тірі қалғаны жайлы туралы ескеру керек. Әр баланы биробот тәрізді емес, жауапкершіліктен қашпайтын етіп, тәрбие жолын дұрыстайтын болсақ, ертең сондай жастарымыз табандылық танытып, қорықпай жаумен соғысатыны күмәнсіз.

Енді жоғарыдағы айтылған тақырыптарды қорытындылайық. Сонымен, елді басқарудағы түрлі амалдары мен тәсілдерді алты топқа бөлген едік. Соларды тағы қайталап өтелік.

1. Өміртану, дүниетану әдістемелері.
2. Хронологиялық (тарихи) ықпал ету әдістемелері.
3. Идеология (үгіт-насихат) арқылы ықпал ету әдістемелері.
4. Экономикалық және қаржы арқылы ықпал ету әдістемелері.

5. Қоғамға геноцид қаруы арқылы ықпал ету әдістемелері.
6. От қаруы мен ыстық соғыс арқылы ықпал ету әдістемелері.

Бірінші болған әдістемесі ең мықты болып есептеледі. Екіншісінің әсері одан сәл жеңіл болсада, оның да ықпалы бүкіл елге зор күш болады. Солай әр топтың амалдары төмен болған сайын, өз күші азая түседі. Алайда, осы алты топтың ықпалы үнемі бірге жасалады. Солардың барлығы әр елдің санасын айналдырып, толығымен адастырып жіберуі де мүмкін. Ал егер қоғамның ішінде барлық азаматтар, осы тәсілдерді үйреніп, біліп жүрсе. Ондай қоғамға ешкім де өзінің ықпалын жүргізе алмайды. Нағыз **Еркіндік** түбі міне осында жатыр. Егер әр бір азамат, жауапкершілікті біреулерге сілтемей, өз мойнына алып, барлық білімге зейін салып, үйренетін болса және осы әдетті өзінің баласына үйрететін болса, сондай ел Құдайдың үмітін ақтайтын болады. Міне осы жолмен, мәдениеттің қалай күшті болатынын көре аламыз.



Ал білмейтін болса не болады деген сауалға жауап ретінде, француз жазушысы Проспер Мериме жазған, «Таманго» (Tamango) новелласын қысқа түрінде айтып берелік. Толық нұсқасын желіде тегін оқи аласыз.

Сонымен, Еуропалықтар Африкадан құлдарды Америкаға таситын заман кезі екен. Содан, пайда іздеген кеме капитаны, осы кәсіпті қолға аламын деп, өзіне арнайы кеме жалдап алады. Саудаға керек адамдарды жинап, Африкаға қарай жүзіп барады. Олар бір белгілі жерге келіп, жергілікті бір тайпаның қолбасшысына кезігеді. Оның есімі Таманго екен. Соған ескі мылтықтар ұсынып, шыны әшекей мен арақты беріп, есесіне көп құлдарды сатып алады өзінің кемесіне. Ал Таманго болса, арақ ішіп, мас болады. Содан байқамай, өзінің әдемі бір тоқалын да сатып жібереді бірге.

Артынан арақтан есін жиған соң, тоқалын шақырады, бірақ оны ағылшын саудагер өзімен бірге кемеге алып кетіп, олар жолға шығып кетеді. Осыны білген кезде, әлгі Таманго қасына бір неше жауынгерді ертіп, жағалай оларды қуып барады. Содан бір таудың басында кемеңі көріп, оларға мылтықпен атып, белгі береді. Тездетіп қайық пен кемеге жүзіп барады. Ал саудагер осы серкені көріп, оларды да құл етіп шынжырлап тастайды. Солай кеме Америкаға қарай жүзіп кетеді.

Түрлі оқиғалар өткен соң, мұхиттың ортасында, құлдар ереуілге шығып, соғысып, өздеріне бас бостандық алады. Және ашуланған Таманго, кемедегі барлық ағылшындарды жазалап, өлтіруге бұйырық береді. Содан аш болған құлдар қоймадағы тамаққа бас салады. Араққа тойып алады барлығы. Артынан есін жиіп, айналаға қараса, шеті жоқ мұхит екен. Ал африкалықтар кемемен жүзуді мүлдем білмейді екен. Ағылшындарды асығыс жазалағанын кеш түсінеді байқұстар. Ал енді басқа амалы жоқ, ішінен дұғаларын оқып, аспанға өтініштерін айтумен болады. Көп ұзамай барлық адам қайтыс болады түрлі себептермен. Соңғы тірі қалған адам Таманго екен. Соны өзге ағылшын кемесі тауып алып, Нью-Йорк қаласына алып келеді. Содан ол жүк тасушы болып, бір жұмысқа орналасады. Артынан араққа салынып, көп ұзамай қайтыс болады. Осы жердегі басты мәселесі, ол адамдардың кеме жүзуден еш білімі болмағандықтан, өздерінің өмірлері толығымен ағылшын саудагеріне тәуелді болғаны. Ағылшын мақалы «Know how», деген осыны білдіріп тұр емес па. Кімде кім білімнен хабары болмаса, білімі көп, сауаты жоғары адамдарға тәуелді болып шығады. Соны көріп өскен жас ұрпақ, дағдыланып әдетке айналдырады, содан кейін онысы түбі мәдениеттің дәстүріне бекітіледі. Содан кейін келешек буын толығымен құлдық санаға батып, осы үлгіден басқа амалдарды тіпті қарастырудан қалады. Осылай ашық соғыс жүргізбей, білімі арқасында, өзге елдерді құлдық санада ұстап тұратын саясат амалы бар. Барлығы жауапкершілік дәрежесінен басталады. Соларды тағы бір айтып өтелік.

	<b>Адамның өз еркімен алатын жауапкершіліктер тізімі</b>
1.	Жеке басының мүдделеріне қатысы бар жауапкершілік;
2.	Туысқан, отбасы, достар арасындағы, күйбең тіршілікке қатысты жауапкершілік;
3.	Қаржы және кәсіби салаға қатысты жауапкершілік;
4.	Таптық (бай – кедей, жеке меншік - қоғамдық) көзқарастағы жауапкершілік;
5.	Түрлі ұлттар арасындағы қарым қатынасқа қатысы бар жауапкершілік;
6.	Діни салаға қатысы бар жауапкершілік;
7.	Жалпы мемлекеттік дәрежедегі жауапкершілік;
8.	Бір неше мемлекетке қатысы бар регион көлеміндегі жауапкершілік;
9.	Жер бетіндегі барлық адамзатқа қатысы бар жауапкершілік;

Осы жерде бір ережесін жақсы түсіну керек. Егер адам бір тақырып бойынша, жауапкершілікті өзіне алмаса, онда сол тақырыпқа қатысты, өзін құл болуға келісіп отырғанын білдіреді. Сонда, өзге біреу, осы тақырыпты жақсы меңгеретін болса, жауапкершіліктен қашпай, білімді игеретін болса, ол өзіне еркіндік алып, өзгелерден басым болып шығады. Адамның игеру керек білімнің түрлерін атап өтелік.

## Әлеуметтану ілімін айталық. Оның ішіне кемінде келесі ғылыми бағыттар кіреді:

- Әлемдегі түрлі діни ілімдердің салыстырмалы зерттеулері және Құдайға қарсы болып таралып жүрген сайтани ілімдердің салыстырмалы зерттеулері. Осы жерде кімнің діни жақсы, кімде теріс дін деп қарамау керек. Бұл жерде, ғасырлар бойы әсер еткен діни ықпалы, елдің санасына салған әсері қандай болды деп, зерттеу керек. Сол елдің мәдениетіне, өмір салтына, қоғамдағы қарым қатынасқа нендей таңба салып отыр, деп зерттеу керек діндерді;
- Психология (жеке адамдық және жалпы қоғамдық түрі);
- Биология, себебі адамзат соның ажырамас бір бөлігі. Жалпы адамдар қоғамда өмір сүреді. Сол себепті, адами биологиялық табиғатының әсері әлеуметтік тұрмысқа ықпалы зор. Жер бетіндегі адамзаттың тіршілігі толығымен биологияның заңдылықтарына тәуелді;
- Генетика, биологияның бір бөлшегі болады, және соған қатысы бар есеп қисабын дамыту керек әрине. Әлеуметтік заңдылықтарға осының ықпалы зор;
- Жалпы басқару теориясы және соған қатысы бар есеп қисап тармақтары;
- Тербеліс немесе Теңселу (Колебания) Теориясы және соған қатысы бар есеп қисап тармақтары;
- Астрология ілімі, оның Теңселу процесстерін зерттеу жолы және Жер шары мен ғарыш арасындағы Тербелетін ара қатынас заңдылықтары;
- Жаһандық және түрлі ұлттық тарихи процесстерінің теориясы, себебі қоғам ішіндегі процесс түрлері – жалпы әлеуметтік заңдылықтарының, сол тарихи кезеңге сай, бір көрінісі болып тұр;
- Тілдерді зерттеу ілімі, сөз арқылы ақиқатты айту немесе жасыру амалдары;
- Этнография, Құрандағы Хужрат сүресінен үзінді (49:13): «Адамдар! Біз сендерді еркек және әйел етіп бөлдік, және бірін бірі жақсы білсін деп, ұлттар мен тайпаларға бөлдік...»;
- Экономикалық ғылым, қоғам ішіндегі барлық өндіріс және қызмет көрсету саласын басқаруы әділетті болуы үшін білу керек. Және шығарылған әр өнімге қатысты, тиімді үлестіру жолдарын үйрететін әдістемелік нұсқаушы болу керек. Соған қоса, келешек ұрпақтың тағдырын ескеретін, экологияға зияны жоқ, әрі әділетті тәртіпті ұсынатын болуы керек.

Ал әлеуметтану ілімі, жоғарыда тізілген ғылымдардың барлығын біріктіретін, соларға сүйеніп тұрып, адамзатқа білім көзінің жаңа қырларын ашып, жаңа ғылыми әдістемелерін ұсынып, өмір сапасын жақсартып отыратын, білім көзі болуы керек. Осы жерде көнеден келген мақалы жақсы үлгі болып тұр: *«Бімды білмеген, дым да білмейді»*. **Бім** сөзінің мағынасы өте керемет. Себебі:

БІМ + іліп қою = Ілім

БІМ + білу = Білім

БІМ + қылу = Ғылым

БІМ + қалам алып, із қалдыру = Ғалым

## Екі топ Иерофант дін өкілдері қандайды?

Осы екі топ Иерофант өкілдері, сонау Жүсіп пайғамбар заманынан бастап, бар білімдерді жақсы меңгеріп отырған. Сондай терең білімі болған соң, кез келген мемлекеттерді өздерінің мүддесіне қарай бағындыра білген еді. Алайда, олардың мықтылығы, бүкіл елдердің білімі таяз болғанына байланысты еді. Солай екі мың жылдық «балықтар» дәуірі өте шықты. Енді «су құйғыш» дәуірі келгелі, барлық ақпарат көзі тегін болып, ғаламтор желісінде жатыр. Жер бетіндегі көп адамдар, ақиқатты іздей бастаған соң, өз ара біліммен бөлісіп жүрген соң, білімді жасырып қою тіпті көп қаражат талап етеді. Оған осы екі топ иерофант өкілдерінің шамалары жетпей жатыр.

Сол себепті, олардың қолданатын тәсілдерін тағы бір көріп, айтып өтелік. Жоғарыда айтқандай, олар екі топқа бөлінген еді басынан. Біреуінің түсі қызыл болып, екіншісі ақ түсті таңдаған еді. Содан кейін, олар үлкен мемлекетті құлдырату үшін, оған өзге ұсақ мемлекеттерді қарсы қойып, күрес жүргізуге дайындайды. Екі топтың біреуі, алып елдің шашбауын көтеріп шығады. Екінші тобы, қарсыласқан кіші топтар жағын қолдайды. Содан, екі жақтап, бар саяси жағдайды шайқап отырады. Олардың ақшасы көп болған соң, және барлық ғылыми технологиялардың құралдары қолында болған соң, және әлемдегі болып жатқан жаңалықтардың барлығын саудагері арқылы біліп отырған соң, қолында әжептәуір күш қуаты жиналған еді. Олардың мақсаты екі жақты да әлсіретіп, қарбалас кезінде, тарихи жәдігерлерін ауыстырып, өздеріне керек емес аңыздар түрін жойып, орнына өзге аңыздарды қойып, тарихын өзгертіп, биліктегі элиталық топтарды сүзгіден өткізіп, өздеріне керек топтарды ғана қолдап, өзгелерін жойып отыру. Міне осылай, кез келген елдің тағдырын, футбол добындай, қалаған жаққа қарай қайырып жіберу болатын. Содан кейін, алып мемлекетті әлсіретіп, соның барлық байлығын өзіне алып қалады. Одан кейін келесі алып мемлекетті құрастыруға кіріседі. Тарихтан мысал ретінде бірінші дүние жүзілік соғысы алдында болған, империяларды алайық. Көп империялары бар болған еді сол кезде. Солардың барлығын бір бірімен соғыстырып, әлсіретіп жіберуге тырысады. Соғыс аяқталған кезде, біраз империялар бытырап, әлсіреп қалады. Содан аман қалғаны Ұлы Британия, АҚШ, Жапон және Совет өкіметі болған еді. Осыларды әлсірету үшін, тағы бір рет дүние жүзілік соғысты бастап, Совет өкіметін жойып жіберуге тырысады, алайда онысынан еш нәтиже шықпайды. Содан кейін, Жапония мен Британия империяларын құртып, жер бетінде екі алып мемлекеттер қалады. Онысы АҚШ және Совет одағы. Содан кейін әлгі екі топ Совет еліне қарсы амалдарын жасап, оны құлатады ақыры. Енді жер бетінде жалғыз тек АҚШ қалады. Ендігі кезек осы АҚШ еліне келіп отыр. Оны құлату үшін, оған қарсы Қытайды әдейі көтеріп отыр. АҚШ жағында қарсы шығатын күш иесі болып, Жапон елін дайындап жатыр. Енді осы екі елдің туына назар салыңыз. Біреуінің туы қып қызыл, ал екіншісінің туы ақ болып, ішінде қызыл күн тұр. Осы жерде тағы сол баяғы саясат қолданады әлгілер. Иерофант өкілдерінің бір тобы Жапон жағында болады, ал екінші қанаты Қытай жағын қолдайды. Содан екі елді де әлсіретіп, ішіндегі элиталық топтарды сұрыптан өткізеді. Артынан, мүмкін жарты ғасыр өткен соң, Қытайды Үндістан еліне қарсы шығаратын болады. Сол себепті, Үндістан елінің дамуын күтеді. Ол енді бәлкім келесі ғасырда болатын жоспар. Тағы бөлек алып күш иесі қылып, Иран елін дайындамақшы, болашақта. Сол себепті, Иран ішіндегі барлық элита топтарын сүзгіден өткізіп жатыр. Иерофант өкілдерінің мүддесіне сәйкес келмейтін ірі топтарды жойып, ал сәйкес келетін топтарды аман қалдырып, тазалап жатыр. Содан кейін, оларға Израиль елін жығып береді, осы Иран билігіне. Тарихтан сондай тәсілді қолданғанын білеміз. Византия елін көп жылдар ішінде осылай қинап, түрлі соғыстар арқылы дайындап барып, Осман еліне еш кедергі сіз жығып берген болатын. Ол туралы біз жоғарыда жазған едік. Тура осындай жоспары енді Израиль еліне дайындалып жатыр. Содан Израиль мемлекетін жеңіспен бағындырған соң,

Иран елі әлемге мықты екенін көрсетеді. Содан кейін олар, өзге Араб елдеріне, өзінің саясатын басым етіп, сол регионның қожайыны болады. Қазір осының барлығы менің қиялымнан шыққан фантазиям деп ойлаңыз. Себебі осындай жоспарды орындауға бір неше он жылдық керек болар.

Иран елін неліктен таңдап, дайындап жатыр деген сауал шығады. Оның себебі мынау. Мұхаммед пайғамбар, Ислам дінін насихаттаған кезде, сол өңірде Парсы империясы билік құрған еді, және олардың өзіндік дәстүрі мен мәдениеті болған еді. Араб тілі басым болған соң, өзінің мәдениетін сақтап қалуы үшін түрлі амалдарды іздеп жүрген еді парсылықтар. Соны біліп, екі топ иерофант өкілдері өздерінің «**бөліп билеу**» саясатына басып, дінге іріткі салуды ойластырады. Мұсылман қауымы екіге бөлініп, кейін Шиит және Суннит болып шығады. Содан Ирандықтар, Шиит дініне жатады деп айтамыз. Алайда, екі топ иерофант өкілдері, жер бетіндегі барлық мұсылмандардың көзін құртатын жоспары бар екен. Себебі Құранды құрметтейтін адамдар, Иерофант өкілдерінің жаман ойларына үнемі тосқауыл болып, кедергі келтіреді екен. Содан, иерофант өкілдері, Ислам дініндегі ең үлкен екі топтың арасына іріткі салып, біріне бірін айдақтап, ұзақ соғыстың көкесін шығару ойы бар екен. Барлық мұсылман қауымға белгілі болған, Яжұж – Мажұж соғысы туралы аңыздардың таралуы, осы Шиит пен Суннит арасындағы теке тіресті меңзейді. Сол себепті, бар мұсылман елдеріне біліп жүру керек, Ислам ішінен тараған тармақтар арасында, еш соғысқа жол бермеу керек, қалай да!

### **Одиссей және Полифем соқыр туралы аңыз.**

Көне Грек аңыздарында жазылған еді, Одиссей жорықтары туралы. Одиссей өзінің достарымен бір жерге түседі. Сол жерді мекендеген, алып денелі, жалғыз көзді циклоптар екен. Бір циклопы Одиссей мен соның достарын тұтқынға алады. Содан ол тамағы тоқ болған соң, бұларға айтады: *әзір мен тоқ отырмын, аздан соң ұйықтап алайын. Содан кейін қарыным ашқан кезде, сендерді асап жейтін боламын.* Циклоптың есімі Полифем екен, содан кейін, Одиссей оған шараптан дәм татып көруге ұсынады. Шарапты ішіп, Полифем ұйқысы келеді. Содан Одиссейден сұрайды, аты кім екен деп. **Менің атым «Ешкім»!** - деп жауап береді Одиссей. Әлгі Полифемі ұйқыға басып, қорылдай бастайды. Сол кезде Одиссей оның жалғыз көзін ауыр ағашпен тесіп жібереді. Ұйқыда жатқан Полифем, жалғыз көзінен айрылып қалған соң, бажылдап ай-ғай салады. Содан көршілес өзге циклоптар келіп бұдан сұрайды:

- не болды саған Полифем? Неге бақырып жатырсың? Кім сені ренжіткен?

- Менің көзімді құртты ғой анау!

- кім құртты, Полифем? Оның аты кім?

- Оның есімі **Ешкім**!!

Содан, Полифем достары таң қалып, ешкім болса онда өзі алжыған шығар деп, қолын сілтеп, өз шаруасымен кетіп қалады. Содан Одиссей аман есен, құтылып кетеді мына Полифем циклоптан, және өз еліне қайтып кетеді. Циклоптың қазақша атауы «Дио», ма?

Осы жерде циклоп рөлінде кез келген мемлекет билігі шығады екен. Ал Иерофант өкілдері әлгі Одиссей болып, өздерін **Ешкім** деп таныстырады. Содан, өзіне керек шаруаларын аяқтап болған

соң, тайып тұрады. Енді өзге көршілес елдердің биліктегі адамдары келіп сұраған кезде, *неге сен құлап қалдың? Кім сені құлатты?* - Десе. Оған **Ешкім** деген жауап қайырады. Сондай саясатын мың жылдар бойы жасап жүрген Иерофант өкілдері, тасада қалып қояды үнемі. Олар туралы еш бір ақпарат жазылмайды. Айта бастасаң, «конспирология» жалған теориясы деп, мазақ қылады.



Иерофант өкілдері өзінің билігін жүргізер алдында, сол елдің халқын арсыз айласымен аздырып, Құдайға қарсы етіп шығарады. Елдің басым халқы Хайуани, Биоробот және Сайтани психикасы қатарына жататын етіп қылады. Олардың басым көпшілігі білімнен бас тартып, өздерінің санасы толығымен құлдыққа бас иеді. Елдің ішіне арақ және темекі, есірткі және жезөкшелік ісі кеңінен таралады. Содан кейін барып оларға қоқан лоққы салады, себебі Ноосферадан ол үшін жазасын алмайды. Алдымен елді күнәға батыруға тырысады, содан елдің ішіндегі басым көпшілігі қарсы шығып күреспейтін болса, онда өзінің «**бөліп билеу**» саясатына кірісіп, елдің ішіне қоқан лоққы салады.

Және осы екі топ Иерофант өкілдері Құдайдың ережелерін жақсы біледі. Егер олар, Ар мен Ұят ұғымдарын қастерлейтін халыққа тисетін болса, Ноосферадан жазасы келетінін, жақсы түсінеді осы иерофант өкілдері. Сол туралы, Құрандағы «Бақара» сүресінен үзінді келтіреміз (2:65-66): *Арасында ережені бұзғандарын білесіздер. Біз айттық оларға: «Жексұрын маймыл болыңдар!».* *Өздеріне және келешектегі ұрпаққа сабақ болсын деп, осылай әдейі жасадық, әрі сақтанушыларға насихат қылдық.*

Сонда Иерофант өкілдері кез келген елді тексеріп алады екен алдымен. Ол үшін неше түрлі айла амалдарын қолданады. Қазақстанға қатысты бір мысал айтайық. Онысы «Борат» комедиясы. Әрі осылай күлкі арқылы, олар елдің ішкі арсыздық деңгейін тексерген еді. Сол күлкіге қарсы жауап ретінде Ноосфера, әлемге Димаш Құдайбергенді жіберді. Димаш өзі қалай келді десек, жүз жыл бұрын Әміре Қашаубаевты алдымен еске алайық. Әміре қалай келді десек, сол замандағы, әлем бойынша не болғанын әуелі еске түсіру керек. Жер бетіндегі ең ірі империя болған Ресей ішінде революция болды. Ленин және Троцкий бүкіл әлемді бостандыққа апарамыз деп жар салды. Бар елдер осыған шын жүректен сеніп, өздерінің ғасырлар бойы армандаған еркіндік күндерін көріп, Ноосфераға көптеген дұға тілектер төгіле басталды. Содан Ноосферадан жауап ретінде Әміреміз Қазақ жеріне силық болып келген еді. Бірақ 30-шы жылдары, саясат мүлдем басқа жаққа өзгеріп, Әміре өзінің толық дарынын, Қазақ еліне жеткізе алмады. Былай қарасаңыз, Ноосферам Қазаққа

қарыздар болған тәрізді. Содан, лайықты мезгілді күтіп қалды барлығы. Міне сол кезде комедия болып, Қазақ елін әлемге мазақ қылғысы келген Иерофант өкілдері, тексеріп көрейік деп еді. Ал Ноосфера солардың жаман қылықтарына, жауап ретінде Димашты жібереді. Осыны көрген соң, әзір біздің елге күш салмай отыр. *Қазақстанның халқы өздігімен, биоробот және сайтани сана жағына ене берсін, асығыс жоқ бізде*, деп отыр олар. Екі мың жылдан аса тәжірибесі бар солар, уақытқа мүлдем қарамайды. Осы жерде неге екі топ Иерофант өкілдерін ауызға алып отыр екен, бейнені мүлдем басқа адам жасады емес па деп, сұрайтын болсаңыз, оның жауабы мынау. Осы әлемге жауапкершілікті толығымен алған, тек осы екі топ Иерофант өкілдері ғана. Жер бетінде, өзге сондай күш иесі әлі қалыптаспаған. Енді соларды айтқан себебіміз, осындай зымиян айлаға жол беріп отыр, өздері болса, тасада тығылып, еш біреудің назарына түспей жүр. Сол себепті да, оларға Ноосферадан еш жазасы келмей жатыр. Ал егер біз, сөздің төрелігін құрметтеп, ақиқатты турасынан айтатын болсақ, онда барлық жауапты осы Иерофант өкілдеріне жүктеу керекпіз. Жер бетіндегі барлық елдер, осындай тура айыптаулар айтатын болса, Онда Ноосферадан жазасы сол екі топ Иерофант өкілдеріне келетіні сөзсіз. Әзірше олар өздерін «**Ешкім**» деп, жүр ғой.

Ендігі Қазақстанға қатысты қалай тексеретіні жайлы тағы бір қарап өтейік. Сонымен, жоғарыда берілген тізімдерді қайта қараймыз. Осы тізімдерге қарап, біздің қоғамның қандай дәрежеде өзін егеменді деп айта алады? Халықтың ішінде қалыптасқан көз қарасына қарап, онысы еркіндікке қаншалықты берік екенін тексеріңіз. Және қай салада, қоғам өзгелерге әр жауапкершілікті беріп, шет елден келетін ақыл кеңестерге қарап отыр?

#### **Қоғамға түрлі ықпал арқылы басқару әдістемелері:**

1. Өміртану, дүниетану әдістемелері;
2. Хронологиялық (тарихи) ықпал ету әдістемелері;
3. Идеология (үгіт-насихат) арқылы ықпал ету әдістемелері;
4. Экономикалық және қаржы арқылы ықпал ету әдістемелері;
5. Қоғамға геноцид қаруы арқылы ықпал ету әдістемелері;
6. От қаруы мен ыстық соғыс арқылы ықпал ету әдістемелері.

#### **Тіршілік аясын толығымен қамтыған заңдылықтар тізімі:**

1. Жер шардың жалпы биосфералық заңдылықтары;
2. Адамға тән биологиялық заңдылықтары;
3. Ноосфералық және Сенін-нанымдық қарым қатынас заңдылықтары;
4. Әлеуметтік және мәдени негізін құрайтын заңдылықтар;
5. Шаруашылық істерді тындыратын экономикалық заңдылықтар;
6. Елді өз ара ұйытып, іс барысында адамдарды берекелі басқарудың заңдылықтары.

#### **Адамның өз еркімен алатын жауапкершіліктер тізімі:**

1. Жеке басының мүдделеріне қатысы бар жауапкершілік;
2. Туысқан, отбасы, достар арасындағы, күйбең тіршілікке қатысты жауапкершілік;
3. Қаржы және кәсіби салаға қатысты жауапкершілік;
4. Таптық (бай – кедей, жеке меншік - қоғамдық) көзқарастағы жауапкершілік;
5. Түрлі ұлттар арасындағы қарым қатынасқа қатысы бар жауапкершілік;
6. Діни салаға қатысы бар жауапкершілік;
7. Жалпы мемлекеттік дәрежедегі жауапкершілік;
8. Бір неше мемлекетке қатысы бар регион көлеміндегі жауапкершілік;
9. Жер бетіндегі барлық адамзатқа қатысы бар жауапкершілік.

Осыған жеке тарауын арнап, бөлек айтатын боламыз төменде. Мысал ретінде, тағы өзге елдерді бір шолып өтелік. Қазақстан кезінде Совет одағы құрамында болған еді. Осы Совет еліне арнап, не амалдар жасаған және қалай тексерген еді?

Ал Совет өкіметі кезінде күлкі етіп, көп анекдотты шығарып еді, Ноосферадан жауабы келмеген соң, содан Афганистандағы соғысы арқылы әлемге жаман атты етіп, Совет елін құлатып жіберді. Енді тура осылай АҚШ елін әлемге жаманатты шығарып жатыр, ертең соңы құлату оңай болсын деп. Және Израиль елін де әлемге жаман атты етіп жасаған себебі де осыдан. Ертең Иран елі осы Израиль мемлекетін басып алатын кезде, әлем тарапынан еш қарсылық шықпайды деп сенеді.

Ертең Қытай елі күшке еніп, өсетін болса, оны да жаман атты етіп әлемге жар салады, содан бар мемлекеттер оған қарсы шығатындай етіп, үгіт насихатын жасайды. Осыған қарап, біздің атадан қалған «Сақтан» аманаты тағы да еске түседі. Ертең әлемнің алып елдері өз ара шайқасып, теке тіреске барғанда, біздің елден келіп сұрайды барлығы – қай жағын қолдайды екен? - деп. Сондай кезде, осы «Сақтан» саясатын ұстануды ұмытпағайсыздар ағайын!

Тағы мысал ретінде Еуропаның елдерін айталық. Алдымен Иерофант өкілдері Еуропа елдеріне түрлі тексерулер жүргізді. Содан, көбісі жеке басының қамын ғана ойлап жүрген адам екен, деп біледі. ГМО тамақпен әбден саналарын улап тастады. ЛГБТ көзқарасымен тағы адастырып алды оларды. Содан елдің көбісі ауылды жерде емес, қалада тұрғысы келетінін көрді. Бала тумай, бар жауапкершіліктен қашатынын көрді. Діни сенімдері толығымен эгрегорларға тәуелді болғанын, тағы көріп отыр. Содан, Африкадан көп мигрант елдерді кіргізе бастады. Ондай әрекетке жоғары жақтағы Ноосферадан еш қарсылық көрмеген соң, енді Еуропалықтардың барлығын толығымен ауыстыру науқаны белсенді жүріп жатыр.

Ресейдің атақты жазушысы Лев Толстой, өзінің «Соғыс және Әлем» атты романында, Иерофант өкілдері екі жақтап, Ресейді қысқанын біліп, жазған еді. Сол кезде осылай, ашық айтуға мүмкін емес болатын еді. Содан, астарлап жазуға тура келді осы тақырыпты. Өзге бір Ресей жазушысы, Ф.М. Достоевский жазған «Ағайынды Қарамазовтар» романында, «Ұлы Инквизитор» деген бір тарауында, осы Иерофант тобының Құдайға қарсы саясатын жазған. Ал Ресейдің данышпан әрі көреген ақыны А.С. Пушкин, өзінің «алтын балық» ертегісінде жақсы жазып кеткен болатын еді, осы Иерофант өкілдерін түбі не күтетінін. Сол ертегіде кемпір мен шал болып, екі топ Иерофант өкілдерін сипаттаған болатын. Алтын балық деп, Құдайдың құдыретін көрсеткен болатын. Және Иерофант өкілдері, өздерін қанша мықтымын деп, қиялданып көрсе дағы, ақыр соңында теңіздің жағасында, сынық ағаш тегешпен қалатыны айқын шындық. Тек сол үшін, адамдардың барлығы биоробот қалпынан шығып, өздерінің ұнарын түзетіп, жүрек тазалығы арқылы, Құдайға тікелей байланысты орнатып, киелі Рұхпен ақиқатқа жол ашулары керек. Осы кітап арқылы, соған елдің назарын аударып, көрсеткім келген еді.

Сол Иерофант өкілдері неліктен сондай қуаты мықты күшке айналды, деген сауал шығады. Оған берер жауабымыз дайын. Онысы Диалектика әдістемесі. Осы Диалектиканы жақсы меңгерген әр адам, өзіне керек барлық жауаптарды таба алады. Және біз осы туралы толығырақ айталық.

## Диалектика деген қандайды?

Осы сөзің бізге шет елден келсе дағы, әдістің өзі көшпенді халықтарға тіпті таңсық емес. Және әр отбасында, ерлі зайыптылар осындай әдістемені жақсы қолданады. Бізге мектептен жақсылап үйретіп қойғаны: сұрағың болса, дайын жауапты іздеу керек, немесе сол дайын жауапты білетін адамды іздеп табу керек. Немесе дайын жауапты бір кітаптан іздеп табу керек. Сонымен, бүгінгі заманның адамы, дайын жауапты іздеумен әлек болады. Ал баяғыда ондай тәсілдер болмаған еді мүлдем. Егер сұрағы болса, сол сұраққа жауабын табу үшін, алдымен өзге сұрақтарды қою керек екен. Жеңілдеу сұрақтарды қойып, мәселенің басын әбден ашып алу керек алдымен. Міне сонда ғана, адам өзін мазалаған сұраққа, дұрыс жауапты қай жақтан және қалай іздеу керектігін тауып, дұрыс бағытын көре алады. Егер адам жалғыз өзі сұрақтарды қоятын болса, адасып қалуы әбден мүмкін. Сол себепті, аз дегенде екі адам бірге ақылдасып отыру керек.

Енді өзіміздің әдебиетімізден белгілі болған, диалектикалық сұрақтардың мысалдарына назарын салайық.

<p>Төле бидің сұрақ-жауабы</p> <p>— Жерден ауыр не бар? — Ақыл.</p> <p>— Судан терең не бар? — Оқу.</p> <p>— Оттан ыстық не бар? — Ар.</p> <p>— Көктен биік не бар? — Намыс.</p> <p>— Бақыт деген не? — Береке.</p> <p>— Береке деген не? — Татулық.</p> <p>— Татулық қайдан туады? — Сыйластықтан.</p>	<p>Қазыбек бидің сұрақ-жауабы</p> <p>— Алыс деген не? — Арадағы сыйластық кетсе, жақын алыс.</p> <p>— Жақын деген не? — Арадағы сыйластық болса, алыс жақын.</p> <p>— Жау кім? — Ел бірлігін бұзған.</p> <p>— Дос кім? — Қиындықта қасынан табылған.</p> <p>— Тірек не? — Ақыл.</p>	<p>Әйтеке бидің сұрақ-жауабы</p> <p>— Дүниеде не өлмейді? — Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді.</p> <p>— Не жұтамайды? — Ақыл.</p> <p>— Не тозбайды? — Достық.</p> <p>— Ең жаман дерт не? — Қанағатсыздық.</p> <p>— Ең ауыр жүк не? — Ар алдындағы қарыз.</p> <p>— Ең биік тау не? — Намыс.</p>
<p>Ел арасындағы би сөзі</p> <p>— Жаман кім? — Өз қадірін білмеген.</p> <p>— Жақсы кім? — Елінің қамын жеген.</p>	<p>Ел арасындағы би сөзі</p> <p>— Байлық деген не? — Қанағат.</p> <p>— Кедейлік деген не? — Қанағатсыздық.</p>	<p>Ел арасындағы би сөзі</p> <p>— Өмірдің мәні неде? — Адалдықта.</p> <p>— Адамды адам ететін не? — Ақыл мен ар.</p>

<p>— Не жоғалса табылмайды? — Уақыт.</p> <p>— Не жоғалса ізделмейді? — Арсыздық.</p> <p>— Не жоғалса өкіндіреді? — Сенім.</p> <p>— Адамды көтеретін не? — Өзін тану.</p>	<p>— Қорлық деген не? — Тірі жүріп тілін тыймау.</p> <p>— Ақылды кім? — Тыңдай білген.</p> <p>— Надан кім? — Сөйлей берген.</p> <p>— Батыр кім? — Қорықса да, шегінбеген.</p>	<p>— Елді ел ететін не? — Бірлік.</p> <p>— Адам өмірде не үшін туады? — Із қалдыру үшін емес, ізгілік қалдыру үшін.</p> <p>— Адамды құлататын не? — Өзін өзі биік санау.</p>
<p>— Ақыл қайда қателеседі? — Арды тыңдамаған жерде.</p> <p>— Ар қашан жоғалады? — Пайда алдыңа шыққанда.</p> <p>— Арды не қайтарады? — Өкініш емес, түзелу.</p>	<p>— Уақыт кімге бағынады? — Ешкімге емес, сабырға.</p> <p>— Тағдырды не өзгертеді? — Таңдау.</p> <p>— Кеше мен ертеңнің айырмасы не? — Кеше — сабақ, ертең — сынақ.</p>	<p>— Бақыт қайда жасырынады? — Қанағатта.</p> <p>— Қанағат қашан кетеді? — Салыстыру басталғанда.</p> <p>— Бақыт неге ұзақ тұрмайды? — Оны сырттан іздегенде.</p>
<p>— Ел қашан әлсірейді? — Әркім өз басын ойлағанда.</p> <p>— Ел қашан күшейеді? — Әркім елін ойлағанда.</p> <p>— Билікке не жарасады? — Әділдік.</p>	<p>— Шындық неге ауыр? — Өйткені ол айна.</p> <p>— Сөз қашан у болады? — Ниет бұзылғанда.</p> <p>— Сөз қашан ем болады? — Жүректен шыққанда.</p>	<p>— Адам неден қорқу керек? — Өз арынан.</p> <p>— Адам неден ұялмау керек? — Шындықтан.</p> <p>— Адамға ең соңында не қалады? — Аты емес, ісі.</p>

Осы сұрақтары мен жауаптарға қарап, баяғы біздің аталарымыздың, өмірлік көз қарасын жақсы білуге болады. Қандай құндылықтарды жоғары бағалап, нені жек көретін еді. Осының барлығы өз кезегімен, адамның ақылы мен сананың ұстанымдарын көрсетіп тұр ғой. Түпсанаға жазылып қалған «жақсы» мен «жаман» ережелері, адамның ұнарын қалыптастырып отыр. Соған қарай ой өрісі тарқатылып, өзіне сай жауаптарын беріп отыр.

Екі топ Иерофант өкілдері осы диалектика әдістемесін жақсы білген соң, өздеріне керек барлық мәселеде, қажет жауаптарын тауып отырған еді. Ол үшін олар екі топқа бөлінеді. Әр тобында 11 адам. Он адам жұптасып отырады. Және біреуі басқарады. Содан бастық болғаны, өзінің ондық әріптестеріне мәселенің мән жайын айтып, қайтпек керек деп, тапсырма береді. Жұптасқан бес топ, керек уақытын алып, өз ара ақылдасады. Содан кейін, дайын болған жұп барып, бастығына білгенін айтып береді. Осылай ондық, мәселеге қатысты барлық сұрақтарын толығымен ақтарып

алады. Содан кейін ондық құрған топтың бастағы, екінші топтың бастығымен кездесіп, өзінің не ойлап қойғанын айтып береді. Екі топтың бастығы өз ойларын айтқан кезде, тапқан ақылдары өз ара келісіп, бір жерден шығу керек. Сонда ойларының дұрыс бағытта жүргенін білдіреді. Алайда онысы келіспей қалса, демек екі топтың өкілдері қателесіп қалғанын көрсетеді. Содан олар, неге қателесіп қалғанын тексереді. Өз ара барлық мәліметтерді бөлісіп отырып, қайтадан әр жұптары өз ара сұрақтар қойып отырады. Содан тағы кездеседі. Міне осылай, олар кез келген мәселеге ең дұрыс шешім жолын тауып отырған екен. Біздің жыл санауымыздан бұрын, XIV ғасырдың соңы, XIII ғасырдың басында (шамамен 3350 жыл бұрын), Мысыр елін билеген фараон Рамзес II, Хетт еліне қарсы соғыстан кейін, өз еліне оралып, сол жорық жайлы тасқа жазуын қалдырғаны: *Елдің барлығы бізді жеңілді деп ойлайтын шығар, алайда біз жеңіске жеттік. Соның дәлелі болатын осы тастағы жазбалар, ғасырлар бойы жариялап тұрады.* - осы Диалектиканы білгені шығар.

Осы жерде мынаған назар салып, мұқият қараңыз. Сұрақтың өзі қайдан шығады? Егер сұрақтың сиқы дұрыс емес болса, ондай сұраққа дұрыс жауап табу мүмкін емес. Егер, сұрақ көлемі толық болмаса, онда жауабы да толық болмай шығады. Егер сұрақты қате қойсаңыз, оған іздеген жауап көзі де қате болып шығады. Сондықтан, сұрақты қоюдың өзі бір өнер болады. Сауалды қоя білу керек адамға. Сондықтан қайталап айтамыз: Сұрақтың өзі қайдан шығады? Дұрыс сұрақты қою деген қалай болады? Сол қойылған сауалға, ойлап тапқан жауабымыз қаншалықты сапалы екен? Осындай ойлардың арғы жағында, адамның санасындағы өмірлік көз қарасы тұрғанын көреміз. Адам баласы, өзінің дүниетанымы бойынша, айналадағы болмысқа өзіндік бір көз қарасы қалып тасады. Осы көз қарасының қаңқасы болып, ішкі дүниетанымдық жүйені көреміз. Осы жүйенің қисынына қарап, біздің санамызда сауалдар туындайды. Сол сауалдарға қатысты, түпсанадан біз керек ақпараттарды алып, қисыны келетін жауаптардың тізімін дайындаймыз. Соларды санадан сұрыптап отырып, ішіндегі бізге лайық деген, ең қолайлысын таңдап аламыз.

Осыны түсіндіру үшін бір мысал айталық. Бір адам жападан жалғыз қалып, теңіздегі аралға тап болады делік. Сол аралды мекен еткен, жабайы тайпасы бар екен делік. Олар өте мейірімді және аңғал екен өздері. Әлгі адамды көріп таң қалады. Барын салып, оған көмек бергісі келеді. Содан олар ағаштардан қайық жасап береді. Бірақ, қалада туып өскен мынау бейбақ, қайықпен теңізде жүзуді білмейді екен. Жалғыз өзі теңізде адасып кетеді. Енді оған қайтпек керек? Аман есен, әлгі адамның аралынан шығу жолы біреу ғана. Арал адамдарына үлкен кемеңі жасауды үйрету керек, және отыз адамы сол кемеге отырып, қалақпен жүзіп, осы адамды жақын бір цивилизациясы бар жерге жеткізіп берсе болады. Өздері кері қарай, жүзіп кете береді. Түнгі ашық аспан, жұлдыздар арқылы бағытын түзеп, үйіне жете алады. Бірақ осы мүмкіндікті біле тұра, соны қалай аралдың адамдарына айтып жеткізе алады? Негізі осындай құтқару жолдың амалы, сол адамның ақылына қайдан барып қонады? Егер әлгі адам тәкәппар болса ше, аралдың тайпасын менсінбейтін болса, жоқ олардың қолынан еш нәрсе келмейді деген сенімі болса, қайтеді? Барлық мәселесі адамның ішкі дүниетанымына тәуелді болып тұр. Әлде мүмкін, мынау адам өзі сабырсыз болды делік. Ал аралдағы тайпалық тұрғындарға бір нәрсені үйретуі үшін көп сабыр керек. Бәлкім 5-10 жыл осы білімді үйрету керек болатын шығар. Оған қалай шыдайды бұл адам? Егер осы адамның санасы Адами психика қатарына жататын болса, онда ол Құдайды алдыға қояды. Содан келген аянға өз ақылын икемдеуге тырысады, барын салып, үйретеді. Ал егер оның, Сайтани психика қатарына жататын санасы болса, онда ол бірінші орынға өзін қояды, ондай адамға Құдайдан түсетін білім қонбай кетеді. Құрандағы Әл-Фурқан сүресі осыны айтып отыр, негізі.

Енді дүниетаным жүйесі қалай қалыптасады, деген сауалға жауап берелік. Онысы адамның өзіне керек, жауапкершілік деңгейіне байланысты болып шығады. Тағы сол жауапкершілік тізіміне көз салып, бір қарайық.

**Адамның өз еркімен алатын жауапкершіліктер тізімі:**

1. Жеке басының мүдделеріне қатысы бар жауапкершілік;
2. Туысқан, отбасы, достар арасындағы, күйбең тіршілікке қатысты жауапкершілік;
3. Қаржы және кәсіби салаға қатысты жауапкершілік;
4. Таптық (бай – кедей, жеке меншік - қоғамдық) көзқарастағы жауапкершілік;
5. Түрлі ұлттар арасындағы қарым қатынасқа қатысы бар жауапкершілік;
6. Діни салаға қатысы бар жауапкершілік;
7. Жалпы мемлекеттік дәрежедегі жауапкершілік;
8. Бір неше мемлекетке қатысы бар регион көлеміндегі жауапкершілік;
9. Жер бетіндегі барлық адамзатқа қатысы бар жауапкершілік.

Егер адам баласы, тек өзінің жеке басының қамын ойлап жүретін болса, оның ішкі дүниетанымы бір бөлек болады. Ал егер, осы тізім бойынша өзіне керек жауапкершілік көлемін ұлғайтып, оған лайық білім көлемін зерттеп, соған қатысы бар, көп ғылыми түрлерін үйренетін болса, ондай кісі өзіне терең өмірлік көз қарасын қалыптастырады. Дүниетанымы кең болып, айналасындағы көп адамдарға шапағаты тиетін болады. Әлгі Иерофант өкілдері, бүкіл жер бетіндегі барлық шаруаға өзінің жауапкершілігін алып отыр. Себебі өйтпеске амалы жоқ. Егер олар бүкіл жер бетіне қарап отырмаса, онда өзге біреулер осыған көз салатын болады. Ал Ноосфера жүйесі бүкіл адамзатпен барлық тіршілікке мұқият қарап отыр. Сол себепті, кім барлық жерге ықпал жасаймын десе, бар көмекті соларға беруге дайын тұр.

Мысалы Үндістан және Қытай еліндегі билік, кезінде тек өзінің жеріне ғана жауапкершілік көзін салған болатын. Содан, олар шет елден келген өзге ықпалға қарсы тұра алмай қалады. Үндістан, Ұлы Британия боданы болып қалады. Ал Қытай елі опиум соғыстарының кесірінен, барлық өзге империяларға ұтылып қалған еді, кезінде. Егер Қазақстан елі, өзінің егемендігін сақтап қаламын десе, біздің қоғам ішіндегі барлық көзі ашық азаматтар, бүкіл жауапкершілік түрлеріне назарын салып, соларға қатысты барлық білімді игеріп, әлемдегі өзге топтарымен, терезесі тең дәрежеде ақылдасуға қауқары жететіндей болуы керек. Егер бізден ниет болса, егер керек білімге ынтамен үйренуге атсалысатын болсақ, Ноосферадан көмек келетіні күмәнсіз. Сол Иерофант өкілдерінің барлық мықтылығы, олардың бүкіл әлемге жауапты беруге әзір болып, әрекет қылуының арқасы. Өзге ешкім болмаған соң, Ноосфера жүйесі, оларға бар көмегін беріп жатыр. Алайда, Иерофант өкілдері өзінің жеке басын жоғары қойып, өзгелердің барлығын құл тәрізді санап отыр ғой. Сол себепті, жердегі көптеген дағдарыстар әлемді шайқап жатыр. Қай саланы қарасаңыз, барлығына аурудай жабысқан кризис кесірі тиіп жатыр. Осының барлығына себепші болғаны, халықтардың өзіне тиесілі жауапкершіліктен қашып отырғаны. Өзге біреулерге аударып, салып отыр міндетті. Және соның арқасында Масон тәрізді және басқа да құпиялы топтар, өз жұмысын жасырын етіп қылуда. Кез келген адам осындай топқа келетін себебі, олар бүкіл жауапкершіліктен босатады әр келген топ мүшесін. Өзіміз жауап береміз, тек біздің айтқанымызды бұлжытпай орындаса болды ғой, деп алдайды. Биоробот психикасы қатарына жататын адамдарға, керегі де осы ғой. Олар сол мүмкіндікке бірден келісе кетеді. Содан масон сияқты құпия топқа ес-түссіз кіріп кетеді.

Ал енді, Диалектиканың отбасы аясында қалай қолданатыны жайлы айталық. Әр отбасы ішінде, көптеген мәселесі талқыланады. Және көп кезде, ерлі зайыптылар жұп болып, екеуі ғана ақылға

салып, шешімін қабылдайды. Мысалы, бір мәселенің қолайлы шешімін табу керек делік. Содан күйеуі мен әйелі жеке отырып, біреуі сұрақ қояды. Екіншісі сол сұраққа жауап ретінде, ойлаған шешімін айтады. Егер екеуінің ниеті таза болып, Құдайдың ұлы жоспарына сөзі үйлесімді болса, ондай кезде, екеуінің жүрегі іштей келісіп отырады. Қарсылық ойлар шықпайды. Ал егер, тауып алған шешімі қате болса, және екі жұптың пейілі таза болып, дұрыс шешімді табуға ынтасы зор болса, ондай кезде Жаратқан ием өзі араласып, үшінші болып қосылады араға. Содан ол жүрекке күмәнді сезімдерді салып, күдік тұғызады. Содан біреуі келіспей, қарсы дәлелдер айтып шығады сол жерде. Содан олар, қайтадан ақылдасып тырысады. Және осы жерде, қолайлы шешімін табу үшін, дұрыс сұрақтарды қойып үйрену керек. Дұрыс сұраққа жауап іздеген адам, дұрыс шешімін табатын болады. Осы жерде, Фатиха сүресін еске алсаңыз болады. Оның мағынасы жақсы келеді осындай, диалектикалық сұрақтардың дұрысын қарастыруы үшін. Кезінде Иса пайғамбар айтып кеткен, Инжіл кітабында осы туралы жазылған еді. Алайда, сонысын артынан өзгертіп жіберген еді Византия елі: Матфей кітабынан (18:20): «Ибо, где двое собраны во имя Мое, там Я посреди них», қазақшасы: «Егер, екеуі таза пейілімен бас қосатын болса, арасында мен де бармын».



Кез келген сұрақтарға жауапты іздегенде, әлем тіршіліктің саф заңдылықтарына сүйене отырып, қарастыру керек. Оларға қарсы шығатын шешімдері, қате болып шығады. Негізі, әр адамға ауру жабысатын болса, демек өмір сүру әдеті, осы саф заңдылықтарға сәйкес болмағаны. Немесе сол заңдарды біраз уақыт елемей жүргендіктен болады. Соны да ескеру керек барлық адамдарға. Ал енді саф заңдылықтарды, тағы еске алып көрелік.

### **Тіршілік аясын толығымен қамтыған заңдылықтар тізімі:**

1. Жер шардың жалпы биосфералық заңдылықтары;
2. Адамға тән биологиялық заңдылықтары;
3. Ноосфералық және Сенін-нанымдық қарым қатынас заңдылықтары;
4. Әлеуметтік және мәдени негізін құрайтын заңдылықтар;
5. Шаруашылық істерді тындыратын экономикалық заңдылықтар;
6. Елді өз ара ұйытып, іс барысында адамдарды берекелі басқарудың заңдылықтары.

Бүкіл тіршілік иесі биосфералық заңдарға бас иеді. Мысалы біздің елде көп жылдар бойы киелі киік пен ақбөкенді атып отырған еді. «Қасқырдың да киесі бар», деген мақал тағы бар. Табиғаты бай өлкелердің көбісін, тонап жатырмыз әлі күнге шейін. Қанша жылдар бойы, жерге жас көшет

ағаштарын салуды жүйелі түрде қолға алмай келеміз. Осының барлығы, ғасырлар өткен соң, бар болашағымызға көп зиянын әкеледі. Осындай заңдылықтарды біле тұра, қоғам жағынан шарасы аз болып тұр ғой. Келесі заңдылығы жайлы айтатын болсақ, Оның бір мысалы ретінде еркек пен әйелдің ерекшеліктерін айту керек. Ал біздің қоғамда ЛГБТ сенімдері осыған қарсы шығып тұр ғой. Ия болмаса, біздің қоғам әйел мен еркекке бірдей жұмыс орын ұсынады. Немесе мектептегі оқушы бала, он бір жыл бойы отырады сабақ барысында. Ал адамның денесі қозғалмай отыруы, табиғи еш сәйкес емес. Онысы да табиғатқа қарсы. Содан, мектеп бітірген балалардың 98 пайыз саны, ауру болып шығады. Әскери борышын орындауға денсаулығы жарамайтын, қанша жастар бар бізде. Ал қыздарымыз бала көтере алмай қалып жатыр, соны емдеуге көп қаражатын жұмсау керек. Немесе қаланың ауасы ағзаға өте зиян. Осыны да ескеру керек. Жоғарыда жазғанбыз, осы заңдылықтар туралы ақпаратты. Соны ойда сақтап, әр адам ғаламтордан, керек мәліметтерді өзі де таба алады ғой.

Осы айтылған саф заңдылықтарына сәйкес етіп, бүкіл адамзат түбі өзінің өмір салтын жасайтын болса, онда жер бетінде нағыз жұмақ орын алады. Ал егер, керісінше болса. Ондай кезде екі топ Иерофант өкілдері, өзінің жоспарын орындауға мүмкіндік алады. Және елдерді бір біріне қарсы қойып, екеуін де тонайтын болады. Біздің елге қандай идеология керек деген сауалға, жауабы да осы жерден қалыптасуы керек. Ол үшін біз Философия деген ғылымды қолдану керекпіз.

## Философия деген қандайды?

Адамзат ойлап тапқан, қолданып жүрген ғылымдардың ішіндегі, ең жоғарғы дәрежелі ғылымы, осы пәлсапалық ғылым болып тұр. Неге оны жоғары деп санайды, деген сауалға жауап берелік. Негізі «Философия» сөзін грек тілінен «Даналықты сүйю», немесе «Даналыққа құмар болу» деп аударуға болады. Даналықтың ең жоғарғы түрі деп, көрегендікті айтады. Себебі, көрегендігі бар болған адам, өзінің болашағын болжай алады. Осы жерде көріпкелдік ұғымы тағы бар. Сонысын бір талқылап көрелік. Болжау айтуын немесе көріпкелдік түрлерін, үш топқа бөлуге болады:

1. Бет алды айта салу (орындалу ықтималдығы нөлге жақын)
2. Алдыңғы тәжірибеге қарап, болжам айту (орындалу ықтималдығы 30 пайыздан төмен)
3. Өзіңе керек болашақты армандап жоспарлау, табандылық танытып, онысын жүзеге асыру (орындалу ықтималдығы 100 пайызға жақын болады)

Енді мынаған қараңыз. Егер адам өзінің ұнарын тазалап жүрсе, жоғарыдағы саф заңдылықтарын ескере отырып, ыстық қайрат, жылы жүрегі және нұрлы ақылына сүйене отырып, киелі Рұхтың кеңесімен, Құдай берген аяны арқылы, өзіне керек болашаққа жоспар құрып қойса. Соны әр күн сайын істеп, кедергілерін жойып отырса, күмәнсіз бір күні өзінің ойындағысын жүзеге асыратын болады. Философия деген ғылымның түпкі негізі осында жатыр. Сол себепті, осы ғылымды ауыр етіп қойған еді, жаман ойлы адамдар. Бүгінгі күні, жоғары оқу білімін аяқтаған жастарымыздың ішінде, осы пәлсапаны құмарлықпен зерттеп, оқып жүрген бір де бір адам жоқ шығар, әсте! Осы философиялық кітаптардың қайсысын қолға алып оқысаңыз, көп жерін ауыр қылып жазған. Әр адам бірден шаршап қалады, сондай ауыр кітаптарды оқитын болса. Онысы әдейі солай жасаған еді. Осындай көп мылжың сөздің артында, пәлсапаның шын маңыздылығын жасырып қою еді, солардың арам ойы.

Осылай, мың жылдар бұрын, екі топ Иерофант өкілдері, бүкіл жер бетіне көз салып еді. Әлемді толығымен қалай жаулап алуға болады, деп. Содан олар, алдымен пәлсапалық ғылымды, бүкіл әлемнен жасырып қоюға тырысты. Себебі, оны жасамайтын болса, кез келген халық, өз ішінен ойларын түйіндеп, өзіне керек келешегін ойластырып алады. Соны егер тиянақты әрекеттер мен түрлі амалдар арқасында, Ноосфераға жеткізетін болса, және сол арманы Құдайдың ұлы жоспар жүйесіне сәйкес болса, онда бірден қабыл болады. Ноосфера қабыл алған жобаға, жер бетіндегі еш бір тірі жан, қарсы тұра алмайды. Сол себепті, адамзатты адастыру үшін, әдейі жалған білім арқылы, саф заңдылықтарды жасыруға тырысып бақты, жамандар. Одан кейін келесі бір амалы ретінде, адам және Құдай арасындағы тікелей байланысты бұзуға тырысып бақты. Сол үшін көп діни жүйелерді ойлап шығарды. Солардың арқасында, жылдар бойы эгрегорлар жүйесін жасап, адамдардың барлығын, сол эгрегорларға қаратып қойды.

Бір мысал айталық, біз бүгін, бүкіл әлемде Демократия болу керек деп, неге айтамыз? Себебі ол сөздер, екі мың жыл бұрын айтылған жоспарлы болжам еді. Екі топ иерофант өкілдері, құлдары көне Мысырдағы пирамида маңында жасап отырған кезде. Солары, әлемді билеу үшін, осындай әдісті ойлап тапқан болатын еді. Содан бері, олар өзінің жоспарын жүзеге асырумен келе жатыр. Алдымен Элиндеге көне Греция елінде тексеріп көрді. Артынан көп елдерге енгізіп келеді. Және уақыт өткен сайын, барлық мектептерде осы демократия құндылықтарын насихаттау мен, бүкіл әлемге ұсынып жатыр. Осыған сенген барлық елдер осыны үлгі етіп, Ноосфераға өз армандарын айтумен келеді. Содан көп елдің ойлары бірігіп, арнайы эгрегорлары ғасырлар бойы, өз ықпалын жүргізуде. Себебі барлық адамдар, бүкіл адамзатқа қатысты жауапкершіліктің барлығын өзге бір адамдарға беріп қойған еді. Осы туралы басын ауыртып, терең ойлануға еш қауқары жоқ. Басқа адамдар соны жоспарлай берсін деп, қолын сілтеп қойған. Ал онысы, өздерін құлдық дәрежесіне келісіп отырғанын көрсетеді. «Сен тұр, мен айтайын», дегені қайда қалды сонда? Кезінде, Ұлы Британияның премьер министірі болған, Уинстон Черчилль осы демократия туралы айтқан сөзді, барлық әлем білетін шығар: *«No one pretends that democracy is perfect or all-wise. Indeed, it has been said that democracy is the worst form of government except for all those other forms that have been tried from time to time»*. Осыны қазақшаға аударатын болсақ: *Демократия өте жаман саяси жүйе, алайда адамзат одан жақсы еш нәрсе ойлап шығармады, дегені бар*. Ноосфера қайтсын сонда, адамзат тарапынан, өзге нұсқалары келмей жатыр әлі. Содан сабырмен күтеді. Ал егер ел болып, барлығымыз осы тақырып бойынша зейін қойып, ақылға салатын болсақ. Сол ойлармыз бірі жерден шығатын болса, ондай ойлар Ноосфераға барып жазылады. Содан, жоғары жақтан ел арман еткен, мемлекет құрылымын жүзеге асыра алатын адамдарды жіберетін болады. Олар жер бетіне келіп, елдің көкейіндегі асыл ойларын негізге алып, мықты мемлекетті құрайтын болады.

Осыдан, барлық адамдар сол мәселеге зейін қойып, мұқият тексеріп қарайтын болса, онда басқа көптеген амалдарын тауып алар еді. Және соның ішінде, Құдайдың жоспарына лайық болған бір неше нұсқалары шығуы әбден мүмкін. Ондай кезде Ноосфера қосылып, сондай жоспарларға аса зор көмек пен қамқоршы болары анық. Тағы бір мысал айталық. Неліктен көшпенді елдерім көп мың жылдар бойы, ұлы даланы мекен еткен, деп ойлайсыз? Себебі сол кезде, адамдар Құдаймен тікелей байланысты жасай білген. Содан, олар арман тілек етіп, өздерінің болашақ ұрпағына сөз арқылы, жоспар құрған еді. Онысы, осындай сөздерімен айтылған еді: *«Қашанғы төбемізде күн сәулесі болады, қашанғы осы ұлы дала болады, соншалықты уақыт бойы, осы ұлы дала үстімен көшпенді Түрік баласы, атқа мініп көшіп жүреді!»*. Кейін, осы ұлы сөздерді, Білге Қаған айтқан екен. VII ғасырда: *«Көк аспан барда, қара жер барда, түрік халқы жойылмайды»*. Және барлық көшпенді елдер осы сөздерді қолдап, киелі ұлы даламен көшіп, жүрген болатын.

Ендігі кезек бізге келді ағайын, әр бір көзі ашық азамат, еркіндікті сүйетін болса, өзінің болашақ ұрпағы мәңгілік жасай берсін десек, осы пәлсапалық ғылымды игеру керек. Соны негізге салып, өзімізге керек болашақты құрастыруға атсалысу керек бәрімізге. Және ойлардың барлығы өз ара бірігіп, Ноосферадан көмек алады. Эгрегорымыз қалыптасып, бізге көмекші болары сөз сіз. Осы жоспарды бізден күтіп жатыр жоғарыдан, егер біз осыны жасамайтын болсақ, онда бізге өзгелер ойлап тапқан жоспары түсірілетін болады. Және Ноосфера соларға көмек беріп, біздің не ойлап, армандағанымыз еленбей қалады. Еркіндікті жоғалтып алу, осындай себептерден басталады. Аса жоғары маңызы бар істен бас тартып, қашатын болсақ, сонда құлдықтан өзге тағдыр жоқ болады бізге. Және сонысы, Ноосферадан келетін әділдік деп есептеледі.

Философияны жоспар құру деп айттық. Ал жоспар құру дегенде, соны орындау мерзімі болады. Егер мерзімі бір неше жыл болса, тіпті бір неше онжылдық болса, мейлі. Соны адам өзі орындай алады. Ал егер жоспарымыз бір ғасырдан артық уақыт алатын болса ше? Немесе одан көп уақыт деп айтатын болса ше? Ондай кезде жоспарды қалай жасауға болады? Осы жерде бізге Жаратқан иемнің көмегі ғана көмектесе алады. Соған тапсырамыз, арман жоспарымызды. Ал Құдай осыны қабыл алып, орындалуына уәде бергенін қалай білеміз? Егер адамы, Құдаймен тікелей байланыс құрып алса, онда сұхбаты екі жақты болады. Ол өз тілегін айтып қана болмай, тағы Құдайдың да тапсырған өтініштерін орындауға, бар ынтасы мен жігерін жұмсайды, адам баласы. Және ниеті түзу болған соң, оның өтініші қабыл болады әрине. Тағы айтамыз «Төре» сөзі қалай шыққан еді? Себебі онысы тура сөзден шығып тұр. **Төрелігін айту** осыдан болған еді. Себебі адам Құдаймен тура байланыс құрып алып, киелі Рұхтың ақылымен сөз айтатын еді. Сондықтан да көшпенділер арасында, жалған сөз айту аса ауыр қылмыс болып есептеледі, себебі онысы тіпті Құдайға қарсы шығумен тең болады. Осыны барлық көшпенді адамдар, іштей жүрекпен сезе білген. Мынау, сол заманның философиялық дүниетанымы болатын еді. Құдайдың сөзін, жүрегімен сезген адамдар, әрине көп ғасырларға арнап, жоспар құрай алатын еді. **Иманы/** Сенімі де берік болған сол кезде, және сонысын, Құдайдың жоспарымен лайық етіп жасаған еді. Ал Философияны терең зерттеп, білер алдында, Құдаймен тікелей байланыс құрып алу керек. Ол сыз пәлсапалық ізденістер әлсіз болады.

Құдай мен тікелей байланысты қалай жасау керек туралы айталық. Сол үшін, Диалектика ілімін үйрену қажет. Мысалы сіз, шын жүрек сезімі арқылы ойыңызды білдіресіз. Соны ауызбен айтуы да керек емес. Ішіңізден Құдайға бағыштап ой білдірсеңіз жеткілікті. Және жоғарыда айтқандай, Құдайға сенудің екі жолы бар деп едік: бірі «маған бәрін берші». Екіншісі, «Жаратқан ием, саған лайық болу үшін, маған нені үйрену керек? Бойымдағы қандай қылықтарды өзгерту керек?» деп. Міне осы екінші жолымен сұрақтарды қоятын болсаңыз, өмірдің ағымы сізге барлық кеңестерін айтып береді. Күнделікті іс барысында, сіздің назарыңызға аян арқылы, жауабы беріліп тұрады. Соны орындаған сайын, ішкі сезімдер арқылы, көңіл күйіңіздің жақсарғанын сезесіз. Және абай болу керек, егер сіз жаттанды іске үйір болып қалсаңыз, демек ол Құдайға емес, ойлардың лайық бір эгрегорына, қосылып алғанын көрсетеді. Негізі, осы сөздерді оқып отырып, бірден біреуден ақыл кеңес сұрап кетсеңіз, демек сіз жауапкершіліктен қашып кетуді, әбден үйреніп алғаныңыз. Ал егер ешкімге айтпай, ішіңізден тікелей, жүректің сезімі арқылы, Құдайға сөз айтып көрсеңіз, жауабын Құдайдың өзі береді. Тағы бір ескертіп айту керек, сіз бен Құдай арасында, еш қандай делдал болмауы керек. Жаратқан ием, сізге айтқан ақылын, тек сізге ғана білу керек, екеуіңіздің араңызға бөтен адам тұрмақ, періште мен жындарға араласуға рұқсаты жоқ. Құдай сіздің барлық болмысыңызға қарап, ең лайықты жауабын береді. Оны құпия түрде ұстап үйрену керек ағайын!

Егер сіз, жаттанды емес, шын сезімге беріліп жүрсеңіз, әрі жаңа білімді үйренген сайын қуаныш болса, өміріңіз жақсарып отырса, онда Құдаймен тікелей байланыстың дұрыс болғаны. Тәжірибе арқылы, осыны терең зерттеп көріңіз өзіңіз. Біреудің айтқан сөзі, сізге әкелер көмегі аздық етеді. Құдайдың берген демеуі, нағыз көмек болары сөзсіз. Құдаймен тікелей байланыс орната білген адамға, жалғыздық деген ұғым жат келеді. Осыны ескеріп қойыңыз. Ал егер сіз, жалғыз қалдым деп ойласаңыз, демек байланыстың сапасы әлі нашар болғаны. Бәлкім жауапкершіліктен қашып үйренген боларсыз. Сондай адамы, барлық іштегі ойларын біреуге айтуға асығады. Себебі ертең, жауаптың салмағын, бөлек адамға жаба салады: «мен оған айтып едім. Сол ғой бәрін бүлдірген! Менен кінә жоқ!», деп. Ал Құдаймен байланысы берік болған адам, әр бір сөзіне мұқият болуға тырысады. Себебі, іштегі жаман ойларын, Жаратқан ием естіп қалуы мүмкін деп, ұялады. Және сондай адамы, сөздің құдыретін жақсы сезіп жүреді. Себебі сөз деген, адамға берілген өте күшті құрал болып есептеледі. Сөздің табиғатын зерттеп, оның барлық салмағын айту үшін, бөлек бір кітап жазу керек. Осы жерде сөздің құдыретін қысқаша сипаттап өтейік. Кез келген үрдісті, бар әлемде бекіту үшін, оған лайық сөзді тағайындау керек. Әр сөздің ішінде, көптеген байланыстар жатыр. Соны сезіп барып, ойындағы қиялымен қисынға салып барып, сөзді дауыстап айту керек, сондай сөз, бұйрық болып қабылданады және Ноосфера соған көмек беріп, бұйрықты орындауға атсалысады. Мысал ретінде, бәрі естіген «Қара жорға» әнін айталық. Ішінде сондай сөздері бар: «Қой десе де, қоймаңдар!». Осы әнді жазған кезде, кей бір діни жүйелердің қатарынан қарсылық шығатынын білген соң, ән шумағына осындай сөздерді, әдейі енгізген болатын. Әндетіп айтқан адамдар, ішінен қайталай беріп, ән эгрегорының күшін нығайта түседі. Содан эгрегор өзі, билеп жүрген дүйім жұртты, сақтайтын болады. Сөздің құдыреті керемет қой!

Осының дәлелі ретінде, біздің уақытқа шейін сақталып келген, Шежіре бар және соның ішіндегі Жеті ата бөлімі жатыр. Осының шығу тегі, сол баяғы Құдай мен біздің бабаларымыз арасындағы сөз бе сөз уәдесінің орындалып келе жатқанын, көруге болады.

## Шежіре мен Жеті Ата ұғымы

Енді мынаған қараңыз. Баяғы заманда, біздің ата бабаларымыз, қаланың ішіндегі билік үшін бар тартыстан, құлдық тағдырдан бас тартып еді. Билікке таласқан екі жақтың, еш біреуін қолдамай, **Сақтан** саясатына ауысады. Соғыс болған жерден, аулақ көшіп кетуге тырысады. Және сонысын аманат етіп, келешек ұрпағына тапсырады. Сол себептен олар, табиғаты ауыр болса да, тағдыры қиын болса да, **мың өліп, мың тірілген**, көшпенді өмір салтына өз еркімен келіседі. Өз қазығын өзімен көтеріп, шын сөздің төрелігін айтуды жоғары санап, «**жаным, арымның садағасы**» деп, өздерін **Көк Түрік** деп жариялайды. «Түрік» сөзі, шыншыл болуды, сөздің төрелігін тура айтуды білдіреді. Және «Көк» деп, Тәңірін айтқан, себебі олар, Құдаймен тікелей байланысты жүректен орнатып айтатын еді. Содан осы өмір салтын, қалай аман сақтап қалу амал жолдарын іздестеріп, мың толғанады. Және осы Шежіре жүйесі, соның шешімі болып табылады.

Шежірені дұрыс түсіну үшін, келесі мысал айталық. Көз алдыңызға қиял салып, көрелік. Адам атасынан бастап, оқырман әкесіне дейін созылған аталардың барлығын тізіп көрелік. Сол аталар саны шексіз болар. Солардың барлығы, қан арқылы біріне бірі байланыс құрайды. Енді оқырман өзінен тараған, болашақ ұрпағының тізімін елестеп көрелік. Жаратқан ием жар болып, солардың да тізімі шексіз болар. Әрі, осы тізімдегі барлық адамдар, өткен және келешек ұрпақ бірге, аспан кеңістігінде жүр. Барлығы, оқырманның тікелей бабалары мен ұрпағы делік. Оларды үзілмейтін

арқан байланыстырып тұр. Шынжыр болып, әлмисақтан болашаққа созылған адамдар тізімі. Ал солардың барлығын байланыстырған күш, осы оқырманның қаны. Және сол шынжыр мәңгілікте еш қашан үзілмеуі үшін, Құдайдан бізге Ар берілген еді. Міне осылай, Ар мен Қан өз ара бірігіп, Арқан сөзін сипаттап отыр. Кейін осы сөзді, қылдан өрілген жіптің үзілмейтін қасиетін сипаттау үшін, қолданған еді. Артынан, Ар және Қан сөзінің мағынасы жоғала бастаған кезде, «арқан» да өз мағынасын өзгертіп алды.

Жоғарыда жазғандай, ұлы даланы шөл басқан кезде, елдің барлығы бас сауғалап қалады. Көшіп жүрген елдің тарихын жазбаша сақтап қалу қиын болған. Сол себепті, көреген біздің жыршылар қауымы, елдің тарихы жоғалмасын деп, Шежірені қолданатын болған. Шежіре дегеніміз, біздің елдің төл тарихы. Және әр әулеттің ішінде, өзіне сай тарихы сақталып тұрады. Міне осылай, ел ішіндегі дарынды азаматтар, Шежірені жадысында сақтай білген еді. Өмірлік дүниетанымы осы болған соң, көшпенді жұрт ішінен, Ноосфераға осындай үлгі ойлары жиналып болған кезде, сол Ноосфера тарапынан, елдің ішіне қабылеті бар адамдар жіберілетін еді. Солардың арқасында, әр елдің өз шежіресі сақталып келген болатын, біздің уақытқа шейін. Шежіре сөзінің түп мағынасы да: «Шындықты айтып, жырла», деп тұр ғой. Содан уақыт өте, «шынжыр» деген сөзге, ұқсас та болып шықты.

Бүгін күә болып жүрміз, билік тарапы елдің тарихын, әр мезгіл сайын өзгертіп жатыр. Және осы әдеті тоқтамайды. Ислам ілімі келмей жатып, еліміздегі тарихым басқа еді. Содан Ислам келгелі, дала тарихы бір өзгерді. Артынан Ресей патшалығы басып алған соң, тарихымыз өзгерген. Одан кейін, төңкеріліс болып, Қазақтың ресми тарихы тағы бір өзгерді. Осыны кітапқа бекітемін деп, Ермұхан Бекмаханов 25 жылға сотталған. Артынан Совет өкіметі таралып, тарихымыз және бір өзгерді, алғашқы президент кезінде. Енді міне, екінші президент барысында, тағы әлгі үлгісімен, тарихымыз жаңадан жазылып жатыр. Ертең әлемде өзгерістер болса, тарихымыз және қаріптер түрі, тағы да өзгеріп қалуы әбден мүмкін. Міне сол себепті, еліміздің тілі, тарихы және қаріптері өзгерілмей, ғасырлар бойы тұрақты болуы үшін, осы Шежіреміз құрастырылған болатын. Әрине әр отбасы, өз шаңырағында осы кітап тәрізді, жеке Шежіресін жазып отыратын болса, бар елдің тарихын өзгертуге мүмкін емес болады. Құрметті оқырман, кітаптың осы жеріне шейін оқып, ой өрісіңіз осыған лайық болып табылса, демек осы кітапты бекер жазбағаным. Сізде, ата шаңырақ аясында, осындай Шежірелі кітапты жазу керексіз! Және кітапты ешкімге көрсетудің қажеті жоқ тіпті. Тек өзіңіздің тікелей ұрпағыңыз оқып, біліп жүрсе игі. Ішіне не жазамын деген сауал, сізде шығуы мүмкін. Соған жауап ретінде, осы кітапқа қараңыз. Бұл сізге үлгі болсын. Ішінде әрі көп тараулары бар. Соларға арнап, өзіңіздің ойыңызды жазыңыз. Тек ол, сіздің ойыңыз болсын. Егер сіз, біреудің жазғанына сілтеме жасап, соның ойына қосыламын десеңіз. Онда эгрегорға тәуелді болғанын көрсетеді. Құдай әр адамды ерекше етіп жаратқан, сол себепті сіздің ойыңыз - ерекше болғаны абзал. Ол үшін әрине, бас ауыртып, көп мәліметтерді зерттеу керек, іздену керек. Бірақ, нәтижесі ретінде сізге келер қайырлы берекесі мол болады. Сізден тараған ұрпақ осы шежіреден оқып, өзіне көп ойларын түйіндеп алады. Және әлемде қандай өзгерістер болмасын, ұрпағыңыз тарихтың шын ағымын сезіп жүретін болады. Ондай азаматтарды ешкім, басын айналдырып ала алмайды. Себебі, олар да, өз кезегімен, Құдаймен тікелей байланыс орнатып алу арқылы, ақиқат көзінен қолын үзбейтін болады.

Бүгін біз, шежіре деп, аталарымыздың есімін ғана айтумен шектелеміз. Алайда, онысы шала көз қарас болып тұр. Шежіренің ішіне осы кітаптағы көтерілген барлық салаға қатысты көз қарасты нақты айтып жазу керек. Білмеген жері болса, уақыт алып, сол саланы зерттеп, керек кітаптарды және ғылыми зерттеулерді оқи отырып, қисынға салып жазу керек. Егер сіздің атаңыз тірі болса,

содан арнайы барып, сұраңыз. Әкеңіз тірі болса, одан да сұраңыз. Содан кейін, өзіңіздің ойыңыз қандай деп, нақты және ашық түрде жазып қойыңыз. Шежірені бастайтын болсаңыз, келешекте сіздің балаларыңыз соны жалғастырады. Құдайға өтініш айтып, ол жағын келісіп қоярсыз өзіңіз. Енді қиялданып көрелік, егер әр үйдің шаңырағында, киелі Шежіре кітабы болса, қандай жақсы! Балаңыз мектеп аясынан білім үйреніп келеді, содан кейін өзінің аталары жазып кеткен, кітапқа назар салып көреді. Соларын салыстырып, мемлекеттің қалай қарай кетіп, бара жатқанын ішінен сезіп, түйінді шығарады. Осындай ойлар тізбегі жиналып, Ноосфераға жетеді. Және сол жақтан жауабы ретінде, елімізге қасиеті бар адамдар келетін болады. Олар билікке келіп, тіпті соғыспай, ереуілсіз, бейбіт түрде елдің билігін түзейтін болады. Әр отбасы, өзінің саф Шежіресін жазатын болса, онда бүкіл Қазақ елі, Құдаймен тікелей байланыста болғанын көрсетеді. Әлемдегі барлық өзге елдерге, осы амалымыз үлгі болары сөзсіз.

Енді Жеті Ата ұғымына келейік. Жоғарыда жазғандай, бүгін көп адамдар Жеті Атасын санағанда қателеседі. Осы жерде қайталап, соны жазып өтейік. Сонымен, оқып отырған азамат, өзінің Жеті Ата жүйесін құрастырған кезде, ортасына өзін бекітіп қою керек:

- 1) Бабасы
- 2) Атасы
- 3) Әкесі
- 4) **Азаматтың өзі**
- 5) Баласы
- 6) Немересі
- 7) Шөбересі

Оның себебі мынада жатыр. Жоғарыда айтқандай, **АрҚан** деген киелі ұғым бар. Арқанды үзбей ұстап тұру үшін, бір адамның күші жетпей қалуы мүмкін. Қазақстан елінде, ажырасу үрдісі тым ауыр болып тұр ғой. Оны статистикадан көріп отырмыз бәріміз. Неліктен көп жастар, неке деген ұғымды түсінбей қалды? Отбасын құру, шаңырақ көтеруді киелі деп, неге есептемейді осы күні? Себебі алдымен осы Шежіреден айырылды, содан кейін Жеті атасын танымай қалған. Бүгін осы аталарының, тек есімдерін білгеніне мәз болып қалды, барлық еліміз. Ал негізі, сол Жеті Аталар ішіне кіретін тұлғалар, қандай адам болған еді? Дүниетанымы қандай болған? Арманы не болған еді? Нені жақсы көретін? Неңдей заттардан жерігетін еді? Құндылықтары қандай болған еді?

Осының барлығын білген абзал. Және азаматтың өзі, көзімен көрген соң, сол аталарының аманат етіп, тапсырған арманын, өзінің келешек ұрпағына жеткізуді міндет санаған еді. Енді, сізде назар салып ойлап көріңіз. Бала кезінен өзінің бабасы мен атасынан естіген әңгімелер арасында өскен, атасына уәдені беріп, барлық аманатын өзінің шөбересіне жеткізуге тырысатын адам, ажырасуға қалай дәті барады? Және сондай міндетті бойына арқалаған ер азамат және бой жеткен қыз, неке рәсіміне келісім беретін кезде, барлық жауапкершілікті ішінен толық сезетін болады ғой. Солары өзінің тән рахаты мен, ләззат табу үшін құрмайды отбасын. Олар жүз ойланып, тоқсан толғанып барып, некелесуге келісімін береді. Және аталарына берген уәдесін, орындауға барын салатыны сөзсіз. Егер екі жастың ниеті түзу болса, пейілі ашық болса, онда Аруақтар эгрегоры соларды да бәледен сақтап жүреді. Міне осындай Шежіресі мен Жеті Ата жүйесінің арқасында, біздің Қазақ елі, мәңгілік жасайтын болады. Және бізден үлгі алып, өзге елдердің барлығы соған дағдыланып алуға тырысады. Жоғарыда айтқандай, біздің елдің осы әдемі дәстүрі, бүкіл әлемге өз көмегін беретіні даусыз. Себебі жер бетіндегі әр елдері мен мемлекеттердің азаматтары өз шаңырағында, киелі Шежіресін жазатын болса, әлемнің тарихын өзгертудің өзі мүмкін емес болады. Ал тарихи

тұрақтылық орын алатын болса, адамзатты көптеген қасіреттен сақтап қалуға, зор көмегі болары сөзсіз.

## Идеология негіздері қандайды?

Енді, жоғарыда жазылған қоғамды басқару амалдарына, тағы бір көз салып қарайық. Осы амалы арқылы, екі топ Иерофант өкілдері, кез келген елді, қалай тексеретінін жазып өтелік. Және Қазақ елін мысал ретінде қарастырып өтеміз. Ал сіз кез келген өзге елдердің ахуалын, сол тәрізді қарап шыға аласыз.

### Қоғамға түрлі ықпал арқылы басқару әдістемелері:

1. Өміртану, дүниетану әдістемелері;
2. Хронологиялық (тарихи) ықпал ету әдістемелері;
3. Идеология (үгіт-насихат) арқылы ықпал ету әдістемелері;
4. Экономикалық және қаржы арқылы ықпал ету әдістемелері;
5. Қоғамға геноцид қаруы арқылы ықпал ету әдістемелері;
6. От қаруы мен ыстық соғыс арқылы ықпал ету әдістемелері.

### 1. Өміртану, дүниетану әдістемелері.

Алдымен Қазақ елінің адамдары Құдайға сенеді ме, жоқ әлде басым көпшілігі атеисттер болама, деп соны тексереді. Және сенетін болса, сонда Ар мен Ұят, және Ұнар тәрізді ұғымдарын біледі ме екен, әлде одан еш түсінігі жоқ па, деп тағы тексереді. Егер Құдайға сенетін болса, онда олар өтініштерін қалай сұрайды: «берші, маған бәрін берші», деп па? Әлде «Жаратқан ием күткендей, мен нені үйренуім керек? Қандай қасиеттерімді дамыту керек маған?», деп сұрайды ма. Әр адам байқаған да шығар, жарнамасы үнемі: «сізге мынаны тегін береміз, ананы жеңілдікпен береміз» деп, көрсетеді елдің барлығына. Оның себебі, Құдайға сенемін деген көпшілік адамдар, өзіне бір заттарды берші деп, өтініштерін түрлі эгрегорларға төгіп жатыр. Тағы қайталап өтеміз, Құдай әр адамға, керек дүниенің барлығын берген, беріп жатыр, және береді де. Ал енді, адам баласы кері байланыс ретінде, Құдайға өзін лайық ету үшін, өзі көп ғылымды үйрену керек. Иерофант өкілі тағы тексереді, адамдары Құдайға тікелей байланыс орнатып, жүрек арқылы өз ойын айтады ма? Әлде жаттанды сөздерді қайталап жүріп, биоробот тәрізді, айтып отырған сөздердің мағынасын, білмейді ме екен? Егер жаттанды сөзге жақын болса, демек олар Құдайға емес, бөлек эгрегорлар жүйесіне сиынып жүргені. Соны тексеру үшін, адамдар эмоцияға беріліп кетеді ма? Әлде сабыр сақтап, есті болуға тырыса ма. Қазақ елі, күнделікті мәселеге қатысты, Диалектикалық сұрақтар қойып, шешімін іздеуді біледі ме, әлде жоқ па деп, көреді.

Философия ілімін терең түсініп жүрме екен? Пәлсапа ілімі не үшін керек екенін біледі ме? Және оны қолданып жүрме екен өздері? Қолданатын болса, Шежіресі бар ма өздерінде, ішіне тек адам есімдерін ғана жазып жүр ме, әлде дүниетанымдық көзқарастарын аманат етіп, келешек ұрпаққа үлгі болсын деп, жазады ма өздері? Шаңырақ жүйесін не үшін құру керек екенін біледі ме? Оны өздеріне міндет етіп алуға, іштей дайындығы бар ма екен? Әлде құлдық санаға батып, ажырасуы көп болып жатыр ма екен, деп тағы тексереді. Отбасындағы берекені ұстап қалуы үшін, өздеріне

Жеті Атасын сақтап жүре ме екен? Сақтаса, онысын қалай жасайды екен деп, тағы тексереді. Әрі барлық Бұқаралық Ақпарат Құралдары арқылы, кино және музыка арқылы, өздеріне лайық етіп, үгіп насихатын Қазақ еліне төгіп жатыр. Зиялы қауым ішінен, осыған қарсы шығып жатқан адам бар ма екен, деп тағы тексереді. Егер бір екі адам шығатын болса, олардың ауызын жабуға бөлек саясатын жасап тырысады. Ал егер бүкіл қазақ халқы, ешкімге ашық жарияламай, барлық зиялы ойларын, Шежіресіне жазып, несі дұрыс, қай жері бұрыс деп, өздерінің ұрпағына тиянақты етіп, түсіндіріп жазатын болса. Ондай ойлардың көп легі, бірден Ноосфераға барады. Осыдан жаман қорқады Иерофант өкілдері, себебі олар жоғары жаққа: *бізде бәрі жақсы, жер бетіндегі болмыс жүйесін толығымен бақылап, басқарып отырмыз.* - деп отыр. Ал егер бізден тікелей шағымдар түсетін болса, онда Ноосферадан арнайы қасиеттері бар азамат тұлғалар, көптеп келетін болады. Әрине егер әр бір отбасы, осы кітаптағы тақырыптарға жеке арнап, өзінің көз қарасын ашық әрі тиянақты етіп, жазатын болса. Себебі Ноосфера бізге, нені қалай жасау керек екенін айтпады. Ел болып, біз өзіміз соны шешу керекпіз. Сол үшін, Құдаймен тікелей байланысты орнатып, барлық азаматтар жеке ойларын, Шежіресі арқылы жазып отыру керек.

Екі топ Иерофант өкілдері, бүкіл әлемге қатысты етіп, алдын ала жазып қойған еді барлық саяси жоспарларын. Енді біздің тарапынан, сол жоспарларға қарсылық болмаса, демек біз келісіп отыр дегенді білдіреді. Ноосфера соған қарап, таң қалып отыр, неліктен барлық адамдар, қарсы дауыс беріп, қолын көтермейді, деп. Шынымен, құлдық сана сезім осындай жерден басталады. Әлемді жаулап аламыз деген, солардың цифрлық құлдық жүйесі салынып жатыр. Осыған қарсы шығып, Шежіреге барлық ойларды жазбай қойса, демек соған келіскені ғой. Осы жерде тағы бір анықтап айту керек, біз билікке қарсылық ереуілге шығуға шақырмаймыз! Керісінше, ешкімге жар салып, айтудың керегі жоқ. Өзіңіздің тікелей ұрпағыңызға ғана көрсетуге болады жазған ойыңызды. Бар тақырыпқа қатысты, ойлар жан жақты зерделеніп жазылса, онда салмақты болады. Ертең сол ой қисынын оқыған балаңыз, түзі дүниетанымды қалыптастырады. БАҚ таратқан жалған ақпаратты ажыратуды үйренетін болады. Осының сауабы мол болатыны айқын. Ұрпағым, құлдық жүйесіне батып кетпесін деген әр азамат, осыған көңіл бөлуі керек.

Құдайды танудағы, өміртану және дүниетануға қатысты идеологияның қандай болуы керек екені енді түсінікті болған шығар деп ойлаймын. Билік тарапынан осы тақырыпқа қатысты жасалғаны мүлдем басқа болып тұр ғой. Олардан не үміт, не қайыр күтеміз біз. Ел болып, өзіміз осыған бар ойларымызды тиянақты жазуды үйрену керекпіз. Тағы Философияның қолдауын бөлек тарауда, арнайы жазып өтеміз төменде.

## **2. Хронологиялық (тарихи) ықпал ету әдістемелері.**

Төл тарихымызды, қайтадан жазып жатқанын, үнемі көріп отырмыз. Осының барлығы, неліктен деп ойлайсыз? Себебі, екі топ Иерофант өкілдері өздеріне лайық етіп, аздаған өзгертулері керек деп, жаңа қырынан саралаймыз деген ұранымен, халықтың киелі жадысын түбегейлі ауыстыруға тырысады. Барлық идеологиялы әрекеті солардың тарапынан, осыған бағытталады. Біздің аңғал тарихшы ғалымдарымыз, өз саласына қатысы бар тақырыптарды қамтып қана қояды. Ал жалпы жүйелі түрде, бүкіл адамзаттың тарихына шолу жасауда, ешкім сөз айта алмайды. Себебі тарихи эгрегорлары дайын тұр. Еркіндікті сүйген елдің көзі ашық азаматтары, осыған қарымта әрекетін қамдап, өзінің жеке отбасы аясында жиналып, киелі Шежіресін тарқатып жазатын болса, ондай елдің тарихы мәңгілік жасайды ғой.

Тағы да айтамыз, тарихты бұрмалауы не үшін керек? Онысы жайлы Джордж Оруэллдың «1984» есімді кітабында жазылған еді: *«өткен шақты кім билейтін болса, сол келешектің иесі болады»*. Бір мысал айталық, Әділ патша кезінде Ырым империясының астанасын басып аламын деген де, ырым билігі аяққа жығылып, Әділ патшадан кешірім сұраған болатын. Көп алтын төлеп, мақтау сөздерін көпіртіп, мәңгі құлы болатынына уәде берген еді. Аңғал Әділ патшасы, сөздеріне сеніп қалады. Осы жерде қажетті құжаттар дайындалып, ішіне жазулар басылып, Әділ патшаның мөрі, сол қағазды бекітеді. Алтын мен басқа олжаны алып, Әділ патшаның әскері кері қайтады. Ырым империясының «Иезуит» деп аталатын, жеке қызмет жасайтын құпиялы тобы, осы қағазға қарап отырып, сол жердегі мөрдің көшірмесін жасап қояды. Және бөлек құжаттарды дайындап, ішіне келесі сөздерді жазады: *жабайы көшпенділердің серкесі, Ырым патшасынан өзі кешірім сұрап, өтініш білдіріп келген еді. Және өзімен, көптеген алтын мен өзге бағалы сиылықтарын әкелген болатын. Ырым патшасы, іштей наразы болып, ашуланып тұрса да, аса мейірімді болады. Сол себепті, жабайы тайпаралдың серкесіне кешірім берген. Және соларға көп айып пұл салған еді.*

Міне осылай, көптеген ресми құжаттар әдейі өзгертіліп жүреді үнемі. Содан мың жыл өткен соң, Ватикандағы көне кітапханасынан, аса бағалы жәдігер ретінде, көнеден жеткен құжат болып, бір бет ескі қағаз жарияланады. Қағазда Әділ патшаның мөрі басылған, қағаздың анализін жасайды біздің ғалымдар. Шынымен, сонау мың жылдар бұрын басылған қағаз екен. Ал ішінде жазылған сөздерін оқысаңыз, барлығы жалған болып тұрады. Және күшті идеологиясы толығымен, жазған жалғанды насихаттау үшін жұмсалады.

Бізге, сол жалған тарихты жазып, сендіріп қойған еді. Соның ішінде, Көшпенділер империялары өте қатыгез болған екен. Барлық ұлы даланы қан төгіспен және көп адамдарды өлтірумен жаулап алған екен. Осыған бізді сендіріп қойды. Енді бүгінгі түрік тектес адамдарға осыны мектептерде оқытып жатыр. Бүкіл идеологиясы осыны үгіттеп жүр. Барлық кино, музыка және сурет өнері әр шығармасында, біздің аталарымызды аса жауыз және қатыгез етіп көрсетеді. Қалай ойлайсыз, не үшін сондай насихатты санаға төгіп жатыр екен? Неліктен көп ақшаны аямай, осыған салып жүр шет елдің компаниялары. Себебі егер бүгінгі түрік тектес барлық елдер, әсіресе жастары, сондай ақпаратты аңқытап алатын болса, шындық және ақиқатқа көз жеткізіп, біздің аталарымыздың еш жауыздығы болмағанын білетін болса. Сақтан саясатының не екенін біліп, Түрік сөзінің шығуын түсінетін болса, ондай халықтарға ықпал жасауы қиындап кетеді ғой. Сөздің төрелігін айтқаны, қылды қақ жарып, ақиқатқа қиянат жасамайтын еді. Осыны ұрпағына аманат етіп, Шежіре және Жеті Ата жүйесін жасап, қалдырған еді.

Енді осыны біле тұра, біздің елдің тарихи Идеологиясы қандай болуы керек екенін, барлық көзі ашық азаматтар түсінген шығар, деп ойлаймыз. Және соны мемлекет тарапынан күтіп, керегі де жоқ, ағайын. Себебі әр адамға, тікелей Ноосфераға ойларын жеткізуге мүмкіндік берілген. Және сол ойларын, өзінің балалары оқып білсе игі. Олар есейіп, санасы жетілген кезде, есті болып, әр тарауына өзінің де түйінді ойларын қосады. Елдің санасы міне осылай өседі. Ертегілердің өзіне, жаңадан шығарған кезде, осындай тарихи пәлсапасын ескеріп отырып, жазу керек. Мысалы, бір батыр болыпты, содан ол бір қиындыққа тап болып, атасының үйіндегі киелі Шежіресіне қарап, ішінен өзіне керек көп ақпаратты, тауып алады. Соның арқасында, жауларын жеңіп, өзінің атын осы шежіреге жазып кетеді. Артынан мыстан кемпір, сол шежіренің ішіне жалған сөздер жазып қояды-мыс. Енді келесі батыр сол жалған сөздерге сеніп, мыстан кемпірге, жеңіліп қалады екен. Артынан Қарашаш сұлу, өзінің атасының Шежіресін ашып, ішінен шындық көзін тауыпты екен.

Соны батырға жеткізіп береді. Содан кейін, батырымыз мыстан кемпірді жеңіп алады екен. Осы тәрізді жолмен, ертегілерімізді жазатын болсақ, онысы да елдің санасына көп көмек береді.

### 3. Идеология (үгіт-насихат) арқылы ықпал ету әдістемелері.

Бүгін көптеген уағыз сөздерін, біз діни өкілдерінен естіп жүрміз. Ішінде жақсы сөздері де барғой әрине. Алайда, арасынан көп ерсі сөздерін де, естіп жүрміз. «Домбыра харам» деген сияқты. Көп араптың сөздерін біздің тілімізге енгізіп те жатыр. Онысы қазақ тілінің мақамына қарсы естіледі ғой. Неге осыны естіген, біздің қазақ азаматтары, соған қарсылық білдірмейді, деген сауалға әлгі эгреголардың зілдей ықпалы жауапты бергізбейді. Себебі жаттанды сөздерді ғана айтып үйреніп, биоробот психикасы қатарына жататын адамдар, өздігінен сөз айтудан бастартады. Олар эгрегор жүйесіне бүкіл санасын жығып берген соң, соның жетегінде жүріп сөйлейді. Абай айтқан сөзінде: «Көп айтса – көнді, Жұрт айтса – болды, Әдеті жаман адамның», соларды жақсы сипаттап тұр.

Екі топ иерофант өкілдері, халықтың тобырға қаншалықты айналып, кеткенін тексеру үшін, көп амалдарын қолданады. Барлығы эмоцияға байланысты. Әлеуметтік желіде неше түрлі өсекті, бар елге жариялап отырады, артынан солардың эмоциясына қарап, қаншалықты өздерін ұстай алмай жүргенін бақылап отырады. Эмоциялық сезімдерін көп шығару үшін, бүкіл идеологиясы жұмыс істеп тұр ғой. Егер адамдар бәріне бірден сеніп қалса, демек эгрегордың ықпалына тәуелді екені көрініп тұрады. Ал егер керісінше, сабыр сақтап жүрген болса. Бірін бірі сабырға шақырып, сөзі арқылы эмоцияларын тізгіндей алатын болса, сонда демек олардың қисынға салып, зейін қойып, өзіндік тұжырым жасауға дайын екенін көрсетеді.

Енді осыған қарсы тұру үшін, әр адам эгрегорлардың жүйесін зерттеп жүру керек. Елдің барлық азаматтары, эмоцияларды қалай тізгіндеу керектігін үнемі зерттеп, үйрену керек. Бөлек тарауын арнап, осы эмоциялардың қасиетін жеке бір айтатын боламыз төменде.

Енді діни жүйелердің табиғатына қарайық. Бүкіл әлемге белгілі болған ілімдерімен шектелмейді діни жүйелер. Жоғарыда айтқандай, мысалы Голливуд кинофабрикасы, әлемдегі өте мықты діни жүйесі болып тұр бүгін. Себебі, барлық біздің жастарымыз, жеген асын жерге қойып, соның бар шытырман бейнелеріне, көз алмай қарап жүр. Сериалдары шығып, келесі бөлігі қашан шығады екен деп, солар тағатсыздана күтіп жүреді. Ұйықтағанда түсінде сонысын көреді, көзін ашқанда бірінші болып, төсек басында ілулі тұрған бір суретіне қарап көз салады. Киіміне сол сериалдың жазуларын басып қояды. Сөйлеген сөзінде, сериалдың кейіпкері айтатын сөйлемдері естіледі де. Әр бір діни жүйесін міне осылай, танып білуге болады.

Әр бір музыкалық тобы, өзінің эгрегорын құрып алады. Сонысы да діни жүйеге жатады. Себебі, сол әндердің фанаттары, тұра діни сенушілер тәрізді, өздерінің кумир болған әншілеріне, жанын салып, көңіл бөледі. Осыны жақсы біліп алған екі топ Иерофант өкілдері, кез келген елдің ішіне, кең көлемді идеологиялық насихатты, жүргізіп отырады. Соның арқасында, елдің жастарын кез келген бағытта, басын айналдырып жіберетін мүмкіндігі бар. Осыған тағы компютерлік ойындар әлемін қосып қойыңыз. Порнография желісін тағы қосыңыз. Барлығы осы мақсатпен жасалады, әрі соған арнап, көптеген ақшаны төгіп жатыр солар. Жаман идеологиялық үгіт насихат арқылы, жер бетіндегі барлық елдерге, үздіксіз төгіліп жатыр. Осыған қарсы тұрарлық қандай қарымтасы бар деген сауал шығады. Бұл жерде тағы біз, қазығын арқалаған бабаларымыздың аманатын еске

алу керекпіз. Олар неліктен қаладан алшақ жүруге тырысатын еді? Себебі қала тұрғындары, осы қаланың комфорттына үйреніп қалған еді. Философиялық көз қарасы әлсіз болғаны, бар уақытын бос жұмсауға дағдыланып алады. Уақыт бос кетіруді үйреніп алған адам, кез келген үгіт насихат ықпалына беріліп кетеді. Әйтеуір жауапкершіліктен босатылса болғаны. Әкесі мен анасының өзі осындай үлгімен өмір сүргенін көріп өскен баласы, өз кезегімен соған әбден батып кетеді. Және сондай өмір салтты дұрыс деп, соған жақын болып жүреді. Әлгі ЛГБТ қозғалысына сол себепті, қалалықтар қызығып барып жүреді. Сол сияқты көптеген діни жүйелерге қарсы тұрарлық әрекет ретінде, жауапкершілікке баулитын істі үйрету керек әр балаға. Ал соның қолайлы амалы, үйдегі малдарға қарап өсу. Мысалы, отбасы жер үйде тұратын болса, ауладағы қорасы малға толы болса қандай жақсы өнеге. Мал төлдеген кезде, бала шағасы сол қозы мен лақтың сүтін, емізіп беретін болса. Солардың, өмірге керек барлық шөбін, суын беріп өсетін болса. Сондай жас адамдар, кез келген діни жүйеге беріліп қалмайды. Осы тақырыптың аясында, елге керек идеологиясы қандай болу керектігін, оқырман өзі түсініп табатын шығар.

## **4. Экономикалық және қаржы арқылы ықпал ету әдістемелері.**

Осы тақырып бойынша, екі топ Иерофант өкілдері, елдің экономикалық білім деңгейі қаншалық терең қамтығанын тексереді. Және барлық идеологиясын Хрематистиканы насихаттауға жұмсап отырады. Содан Қазақстан ішінде, экономикадан мүлдем хабары жоқ, тек Хрематистиканы ғана үйреніп алған, көп мамандар баршылық. Тағы олар бағаларды инфляция арқылы үнемі көтереді, және елдің, соған қандай түсініктеме беретінін қарап отырады. Егер көп мылжың сөзге сеніп, әрі бұқара халық не істеу керек екенін білмейтін болса, онда сан түрлі эксперт-сымақ білгіштерді ел алдына шығарып, соларды сөйлетумен болады.

Ал негізі, ел экономиканың сапасы қалай өлшенуі керек екенін, осы жерде бір айтып өтелік. Әрі соған лайық, Идеологиясы қандай болу керектігін айталық. Сонымен, экономиканың сиқын көру үшін, келесі статистикаға назар салыңыз:

1. Ел ішіндегі жастардың, өзіне өзі қол жұмсаудағы жылдық статистикасы;
2. Жастардың жыл сайын ажырасу статистикасы қандай;
3. Жастардың нашақорлыққа қатысы қалай, жылдық статистикасы;
4. Жалпы адамдардың неше жыл ғұмыр кешетіні туралы статистикасы;
5. Әр отбасында, тамаққа табыстан қанша пайызын жұмсайды;
6. Әр отбасында, киімге табыстан қанша пайызын жұмсайды;
7. Әр отбасында, түрлі өнер үйренуге, табыстан қанша пайызын жұмсайды;
8. Оқу бітіретіндердің қанша пайызы, өзінің болашағын Қазақстан елімен байланыстырады;
9. Жасы 0-5 арасындағы баладан, қаншасы шетінеп өлудегі статистикасы;
10. Мектепке баратын баланың, қаншасы ауру туралы статистикасы;
11. Мектепті бітірген баланың, қаншасы ауру туралы статистикасы;
12. Жоғары оқу бітіргендердің, қаншасы кәсіп бойынша жұмыс істегені статистикасы;
13. Жаңа тұған бала санына, дайын балабақша саны туралы статистикасы;
14. Мектепке баратын бала санына, дайын мектеп саны туралы статистикасы;
15. Ел ішіндегі науқастардың дәріге жұмсайтын қаражатының қанша бөлігі шет елдегі дәрі-дәрмек алуға жұмсалатыны туралы статистикасы;

16. Елімізде өндірілетін тауарлар бола тұра, солардың қаншасы импорт арқылы келеді;
17. Экспорт тауарларының қаншасын, елімізде жасауға болатыны жайлы статистикасы.

Осы тізімді, оқырман өзі жалғастыра алады деп сенемін. Және Экономика деген ғылым осындай сұрақтарға жауап іздеуден басталады. Әрине, егер қоғам ішіндегі белсенді азаматтар, санасы құл болмасын деп, шет елден берілетін ақыл кеңестерге биліктің барлығын беріп қоймай, өз ақылым бар деп, терең зерттейтін болса. Ал Иерофант өкілдері керісінше, барлық амалын, Хрематистика ғылымын насихаттауға жұмсап отыр. Және жоғарыдағы тізімнен, бөлек жаңалық айтумен, елдің назарын аулап жатыр. Еркіндікті сүйетін, біздің елдегі газет пен журнал редакциялары, осындай тақырып бойынша үнемі статистиканы неге жарияламайды? Себебі осылай жасайтын болса, тез арада оларға айып пұл салып, жауып тастайды. Экономика саласындағы, Идеологиясының сиқы міне осындай болып тұр, ағайын.

Тағы бір тақырып болып, елдегі банктердің несиелі пайызы, қаншалықты өсіп кеткенінен көруге болады. Құранда, несиеден пайыз алуы харам деп, жазылған еді. Барлық мұсылман елдер осыны жақсы біледі. Алайда, мың жылдан артық уақыт өтсе дағы, осыған бір амалын жасауға, білімі аз болып тұр ғой. Демек, адамдар Құдайға емес, ақшаға жақын екенін, көрсетіп тұр. Осыны жақсы біліп отыр, Иерофант өкілдері. Бұл да, экономикалық Идеологияның эгрегорлық әсерінен болып тұр ғой. Ал егер, әр отбасындағы азаматтар, осы тақырыпты талқылап жазатын болса және соны Шежіресіне жазатын болса, Ноосферадан жауабы келетін еді. Тіпті шындығын жазып: *мәселені әлі күнге шейін шеше алмай жүр біздің қоғам* деп, Шежіресіне жазып кетсе де болады. Сонысын оқыған, келешек ұрпағы білетін болады. Осы тақырыпқа қатысты зерттеулерді жасау керек, деп. Артынан, барлық отбасында осындай шешілмеген сұрақтар жиналып жатса, Ноосферадан жауап ретінде, ақылды жастарымыз келетін болады. Солар шешімін табатыны даусыз. Бүгін ең қиыны, осындай мәселелердің шешімін таба алмай жатқанымызды ашық айтуға батылымыз жетпегеніне таң қаламын. Ел болып, егеменді болғалы, бағаларды тұрақты ұстай алмай келеміз. Инфляциясы жеп жатыр пайдасын. Банктер беретін несиесінің пайызы өте көп. Содан, елдің ішіндегі көп сала бойынша, өндіріс ашуға мүмкін болмай отыр. Соның кесірінен, қанша адам қарызға батып, өзіне қол жұмсап жатыр. Қанша адамдар қылмысқа баруға мәжбүр болып жүр. Бірақ елдің ішінде, сол тақырыпқа қатысты шешімін таба алмай келеміз деген фактіні ашық мойындап айтуға қоғамның зиялы қауымы қорқады. Тағы сол Идеологияның жүріп жатқан ықпалынан, деп білу керек.

Тағы бір көрсеткіш болып тұрғаны, ол **Баға Инварианты**. Егер біздің елдегі барлық бағалардың көзін, осы Электр қуатына байлап қоятын болсақ, онда инфляцияның қаншалықты өсіп жатқаны жайлы, елдің барлығы білетін болады. Және Зейнетақы сомасын, осы Электр қуатына бекітсе игі болар еді. Көп жылдық жобалардың бағамын, осылай бекітуге болар еді. Сонда олары, инфляция көлеміне тәуелді болмай тұрады.

Тағы бір көрсеткіш болып есептелетін нәрсесі, өндіріс зауыттағы жасаған өнімдердің жоспарлы түрде, ескіріп отырғанын тағы айту керек. Барлық өнімдерді арнайы түрде, осылай жасап жатыр. Ал елдің ішінде осыған қарсы айтатын бір адам да жоқ болып жүр. Және осыған қарсы не әрекет жасауға болатыны туралы, тіпті ешкім ауыз ашпайды. Идеологияның әсерін осылай тағы көруге болады. Смартфондардың жыл сайын, жаңа түрі шығады, ескілері жарамай қалып жатыр. Көлік түрлері он – онбес жылдың ішінде ескіріп қалып жатыр. Тоңазытқыш және кіржуғыш тәрізді, әр үйдің ішіндегі дүниесі үнемі ескіріп тұрады. Осыған біздің халық дағдыланып қалған әбден. Сол дәстүрді өзгерту керек, міндетті түрде. Егер Эрвин Тома тәсілімен кесілген ағаштардан жер үйді салып қойса, онысы мың жылдан артық тұратын болады. Жапонияда 1400 жыл бұрын салынған

шіркеуі бар екен. Қандай тамаша! Осындай ағаш үйдің ішіне, мәңгілік бұзылмайтын техникасын әкеліп қоятын болсақ. Кімге зияны тиеді? Хрематистика саласына жанын сатқандарға тиеді. Осы тақырыпты терең зерттеп, оқырман өзі көп фактілерге көзін ашып алар деген үміт бар бізде.

Тағы бір экономикалық көрсеткіш болып есептелетін нәрсесі, ол елдің бес жылдық экономикасы саласындағы даму жоспары. Шет елдік ірі компаниялардың барлығында, бес жылдық даму план жоспары жасалады. Себебі олар, өздерінің акционер иелеріне, баяндап отыру керек осыны. Тура осылай, біздің елдің де жоспары болуы керек. Әр жобаға қатысты, жол картасын жариялап қоюы де, соның нышаны. Және билік тарапынан, барлық жол картасын, өз ара байланыстырып, жүйелі түрде бақылайтын бір мекеме болу керек. Ал біздің елде ондай мүлдем жоқ. Барлық министрлік өз білгенімен жұмыс жасайды. Министрліктер арасындағы қарым қатынас амалдары, өте нашар болып тұр. Кез келген мәселе бойынша, біріне бірі жауапкершілікті аудара салады. Идеологиясы да, осыған өз үлесін қосып жатыр. Сол себепті, біздің елдегі болу керек Идеология жұмысы, осы тәрізді мәселелерді қамтып отыру керек. Енді осының барлығын, Шежіренің ішіне жазып қойса, барлық жастарымыз, бала кезінен осыдан хабардар болып өседі. Содан ержеткен азаматтарымыз билік басына келген кезде, осындай тақырыптарға мән беріп, қате жолға түспей, дұрыс бағытпен мемлекет жұмысын атқаратын болады.

## **5. Қоғамға геноцид қаруы арқылы ықпал ету әдістемелері.**

Геноцид қаруына жататын саласы, бар бұқара халықты ГМО өнімдерімен тамақтандыруы болып есептеледі. Соған қоса, үйдегі тұрмысқа қажеті бар өнімдердің химиялық құрамы, адам ағзасына аса ауыр кесірін тигізеді. Ең алдымен, адамның психикасын сындырады. Ақылға салып, қисынға салып, ойлау шамасын төмендетіп жібереді. Түрлі аллергия мен адам тез шаршап қалуы, сондай салдардан шығып тұр. Мысалы, «**Оксид Графена**» деген химиялық затты, адамның ішіне салып қояды. Онысы өте кішкентай болған соң, ағзаның ішінде жиналып, жата береді. Содан біраз жыл өткен соң, сырттан келген бір электро-магниттік әсерінен, солары бірігіп алады екен. Сонда олар пышақ тәрізді, өте өткір болады. Қан ішінде жүріп, қан тамырларын ішінен кесіп отырады. Және тамырдың ішінде жүрген соң, олар ағзадағы ішкі органдардың барлығына бара алады. Сигналды қабылдап, өкпе немесе бауырдың ішінде жиналып қалады. Және соны іштен тіліп, ішін кескілей бастайды. Адам денсаулығы өте жақсы қорғай алады ағзасын, сондықтан қан барып, жараны тез емдеп алуы да мүмкін. Ал егер, сигналды ұзақ мерзім бойынша беретін болса, Оксид Графена әр жерін барып, кесе береді тоқтаусыз. Сигнал өшетін болса, солары тарап кетеді жан жаққа. Бұны ашық түрде зерттеген көп ғалымдар, тез арада мерт болып жатыр. Себебі, осы туралы ақпаратты жариялауға, тиым салынған екен. Сондықтан, бізде осыған беретін нақты дәлеліміз жоқ. Мүмкін шығар деп, болжау ретінде қабылдаңыз.

Геноцидтың тағы бір мысалы, сол адамдардың қала маңына шоғарыланып жүргені. Адамдар көп жиналған жерде, қоқыс көлемі өседі, су мен ауа тазалығы күрт төмендеп кетеді. Қыз балаға зиян әсері өте жаман. Себебі қыз бала, айнала толған адамдардың сығылысып жүргенін көріп жүрсе, бейсаналы түрде оның психикасы үрейленіп қалады. Содан бала көтеру шамасы азайып қалады. Ал еркектер, арақ және шарапқа уланып, кальяны мен өзге нашақорлық заттарымен денесін улап жүрсе, олардың да балалы болу мүмкіндігі азаяды. Құрсақтағы балада, көп қабатты үйдің ішінде өзін өте ауыр сезінеді. Табиғат аясынан алыстап қалған әр баланың жүйкесі азып тозады. Жалпы қаланың су жүйесі өте нашар. Адам денесінің 60 пайызы судан тұрады. Күнде нашар суын ішіп

жүрген ағзаның денсаулығы қалай мықты болады? Суреттен, қаланың ішетін су құбырын көруге болады.



Тағы бір геноцид түрі, жаман жаңалықтармен үнемі, бүкіл халықтың назарын толтырып жіберу. Идеологиясы міне осылай жүріп жатыр. Егер біздің әр азамат, жаңалықтар дайындаған кезде, әр бір жаман іске, 10-20 ізгілікті істі жаңалық етіп, айтатын болсақ, елдің Идеологиясы мүлдем өзге жолымен дамиды еді. Мысалы қазір, жалғыз анасы өзінің ауру баласын емдеу үшін, қаражатты жинап жатқанын, жиі көрсетеді желіде. Былай қарасаң, ондай хабарда еш жамандық жоқ сияқты. Алайда, әр жас қыз бала, осындайды күнде көретін болса, бейсаналы түрде, оның психикасы аса ауыр соққы алып отырады. *Бәлкім баласы, осындай ауруға шалдығатын болар, деп. Содан ақыл санасы, ішінен жаман ойды жібереді – бала көтерудің қажеті жоқ екен, деп.* Геноцид түрі осы.

Тағы бір геноцид түрі болып, мектептегі барлық оқушылардың, денсаулығына аса көп зиян беріп отырмыз. Омыртқасы 11 жыл бойы бүгіліп отырған жас балада, көп ауруы пайда болады. Онысы оңай жолымен тексеріледі. Мектепке барар алдында, баланың омыртқасын тексеріп аласыз. Осы әдетімен, жыл сайын баланың омыртқасын қарайлап жүрсеңіз салған зақымын байқауға болады. Көз көру қабылеті нашарлап кетеді мектепте. Психикалық жүйкесіне қаншалықты ауыр әсерінде көріп отыр, барлық ата ана.

Осындай геноцид түрі не үшін керек, деген сауалға жауап берелік. Жер бетінде өте қолайлы, көп мекендер бар. Сол аймақтарда тұратын елдер саны көп. Олардың барлығымен соғысу мүмкіндігі жоқ. Ал егер, сол елдердің сауатсыздығын пайдаланып, ұзақ мезгіл ішінде ағзасын улап, әлсіреп қалғанын күтіп отырса. Онда ешқандай от қарусыз, жерді босатып алуға болады. Артынан келіп, сол жерлерді басып алуға болады. Мысалы үшін, Гренландия аралында тұратын, Инуит тайпасы бар екен. Соларға Данияның билігі, бала туу қабылетін азайту үшін, арнайы жұмыстарын жасап, екі есе бала туу мөлшерін азайтқан еді. Жергілікті тайпаның адамдары, соның кері әсерін білмей жүрген екен, көп жылдар бойы. Осындай геноцид түрлері, өте көп болып жатыр жер бетінде. Ал

барлық Идеология ықпалы, осындай геноцид туралы «лэм мим» сөз айтпайды. Керісінше осыны жасырып, жоққа шығаруға тырысады.

Тағы бір мысал ретінде, темекі, арақ, газдалған сусындар және энергетик сусындар болады. Осы уланған заттарды, біздің санамызға азық түлік түрі деп, енгізіп жатыр бүгінгі Идеология ықпалы және соны біле тұра, көп жастардың ауырып, мерт болғанын көріп жүрміз. Алайда, билік тарапы осыған қарсы, еш қауқарсыз болып тұр. Онысы тағы сол Идеологиялық эгрегорлардың әсерінен, деп білеміз. Осындай геноцид саясатына қарсы әрекет ретінде, Шежіренің ішіне жазып қойғаны, дұрыс болар еді. Мысалы, осындай сенің туысқан ағаң, арақтан ауырып, мерт болған еді. Темекі шегетін тағы бір ағасы, жаман аурудан өлген болатын. Осының зиян әсерін көрсетіп, ашық жазу керек Шежіреге. Тағы осындай жазбалардың керек тұсы, тұқым қуалайтын ауруларға қарсы, аса керемет көмек көзі болады.

Денсаулық аясында, жүріп жатқан Идеологиялық жұмысты, бәріміз көріп отырмыз. Барлық арна мен әлеуметтік желіде еститін дүниесі, шет елдің дәрісін ішу керек екен. Осының барлығы, елге көп зиянын әкелетінін ешкім айтпайды. Айтқызбайды тіпті! Ал негізі, денсаулықтың тақырыбы бойынша жасау керек үгіт насихаттың басым көпшілігі, аурудың алдын алу тәсілдері туралы, аса көп ақпаратты насихаттау керек еді. Егер билік және денсаулық министрлігі, осыған дұрыс көңіл бөлмейтін болса, демек әр отбасында Шежіренің арнайы бір бөлігін, осыған арнап отыру керек.

## **6. От қаруы мен ыстық соғыс арқылы ықпал ету әдістемелері.**

Бүгінгі Идеологияның ықпалынан, барлық соғыс түрі, тек от қаруы арқылы жүреді екен деп, жүр барлық ел жұрт. Онысы қате түсінік. Себебі елге жүріп жатқан геноцид түрлері де, соғысу түріне жатады. Елімізді қаржылай алдап, көп қарызға батырудың өзі, тағы сол соғыс амалының бір көзі болып тұр. Әлемдегі кей елдері, Қытай жаққа көп ақша қарыз болып, соны қайтара алмаған соң, есесіне өз жерінен бір бөлігін, беріп қойды Қытайға. Қазақстан елінің, сыртқа берер қарызының мөлшері біраз ақша болып қалды. Енді сол қарызды сау басымызбен өзіміздің ұрпақтарымыздың мойнына ауыр міндет етіп, салып қойдық. Неліктен солай шықты? Себебі біздің қоғамда соғыс түрі деп, от қаруын ғана есептейді. Ал осындай экономикалық ықпалмен, кез келген елдің жерін, тартып алуға болатынын есепке алмай келеміз. АҚШ елі, өзіне керек доллар ақшасын, принтерге басып шығара алады. Ал есесіне, әлемдегі кез келген елдің парақор билігіне ақша беріп, жерінде тартып алуға мүмкіндік алады. Соның мысалы ретінде, Панама елінің жер бетінде қалай шыққан тарихын көріңіз. Кезінде сол жерлер, Колумбияның ажырамас бөлігі болған еді. Артынан, АҚШ ықпалының арқасында, 1903 жылы сол жерлерді тартып алып, дербес ел жасайды. Және Панама каналы толықтай, АҚШ құзырына қарап қалады. Артынан, 1977 жылы Панама президенті, Омар Торрихос ұсынған көп ақшадан бас тартып, жаңа келісім арқылы каналды еліне қайтарып алады. Сондай қылығы үшін, Омар мен бала шағасын, ұшақ апатын жасап мерт қылады. Экономикалық соғыс тәсілдері өте ауыр жүреді. Ал біздің қоғамда, Идеология арқылы, от қару соғыс деп, үгітін жасауда. Түрлі Діни ықпалдардың ауыр салмағын, бүгін барлық ел көріп жатыр. Қанша жастары Сирияға барып, сол жердегі ланкестік топтарға қосылып жүр. Кешегі Қантар оқиғасында, жаман діни секталарға сеніп алған жастар болды ғой. Сондай қате діни ықпалдың мысалы болып, түрлі Голливуд киноларын да айтуға болады. Соны көріп алған біздің жастар, елді тонап, түрлі зорлық қылмысты жасап жүр. Кинодан көріп алып көлік жүргізетін жастар, жол апатына себепші болып

жатады. Өлім немесе мүгедек болып қалуы, статистикадан қарап көрсеңіз, осының барлығы елге қарсы жүріп жатқан соғыстың ықпалы. Ал бізге керісінше, тек от қару арқылы ашық соғыс болу түрлерін айтып жатады. Идеологияның әсері осындай болып жатыр.

Мысалы біздің елде барлығы, сырттағы әскери күштерінің, басып кіру мүмкіндігін талқылаумен болады. Ал егер біз саф заңдылықтарын еске алып, Қазақстан жері көп жылдар бойы шөл далаға айналып, бара жатқанын мүлдем елемей келеміз. Ертең біздің жеріміздегі барлық дариядағы суы тартылып, ұлан ғайыр жеріміз құм сахарасына айналатын болса, өз жерімізді әскери шабуылына жеткізбей, басып алуға болады ғой. Екі топ Иерофант өкілдері, табиғат заңдарын жақсы білетіні, осы жерден көрініп тұр. Арал теңізі тартылып болды, көршілес елдердің тауларында мұз алқабы еріп бітеді бір он жыл ішінде. Сонда біздің елдегі барлық су дария көзі толығымен таусылатыны, әлемдегі барлық ғалымдарға белгілі болып тұр. Осы жерде біздің қоғам, биологиялық заңдардың жұмысын түсінбегені арқасында, екі топ Иерофант өкілдері соғыспай, мемлекетті әлсіретуі деп, өзінің көрегендік саясатын жүргізіп отыр. Және барлық идеологиясын салып, елдің назарын осы тақырыптан мүлдем басқа жаққа бұрып алды. Ал негізі, жер шардың атмосферасындағы бұлттар көлемі, алып мұхитты сумен толтыра алады. Сонда барлық жерде, ағаш көшетін отырғызып, жер беті күн ыстығынан сақталатын болса, онда жердегі судың барлығы буға айналмай, көп ағаштар, кең тамырлы жүйесінің көмегімен, сақтап отырады. Жердің беті салқындап тұрса, жердің астын тесіп ағатын сулары, жер бетіне жақындай түседі. Осыдан бұлақтың көзі ашылады барлық жерде және ішетін су мәселесі, түбегейлі шешімін табады. Және бір ескеретін жері, әр жүз отырғызған көшеттің, тек үшеуі ғана үлкен ағаш дәрежесіне жетеді екен. Қалғаны түрлі себептермен өспейді екен. Сол статистиканы ескеріп барып, ағаш көшетін отырғызу керек. Және осы мақсатқа әскери күштегі жас сарбаздарды жұмсайтын болсақ, онысы зөр көмек болар еді. Бірақ біздің Идеология ықпалы, әскери күштерді ағаш отырғызуға жібермей тұр ғой. Есесіне, жастарымыз казармадағы шаңды сыпырып жүргені қолайлы болып тұр ғой. Себебі қайтадан, от қаруына қарсы соғыс деп, жастарды үйретіп жүрміз. Ал нағыз соғыс алаңы, ертең жеріміз шөлге айналып жатса, барлығын қуаңшылық басып, барлық қоғам ішетін суға зар болса, соғыстың көкесі сонда болар.

Келесі мысал айталық, Қантар оқиғасы кезінде жастарымыздың от қаруға қарсы шығу батылдық сезімін, Иерофант өкілдері тексерген еді. Қолында қаруы жоқ жастарымыз, алаңдағы кей сарайы жақтан атылған оққа қарсы, қорықпай шабуыл жасағаны, жақсы көрсетіп тұр. Демек, жастардың батылдық сезімі, өте жоғары болып тұр. Сондай қоғамға қарсы, отпен қару соғысты жүргізу ерте деп, есептеледі. Мысалы, жастардың басым көпшілігі, өмірін сақтап қалуды ойлап қалса, сондай кезде ғана, елге от қаруымен соғысты жүргізуге болатынын көрсетеді. Біздің жастарымыз алаңда қыршын кетпеген еді. Олар осындай ерлігімен, еліміздің тыныштығын сақтап кеткен еді. Ертең біздің елге, ланкестік қылмысты топтар, от қарумен кірмесін деген, қоғамдағы жастардың ерлігі, тосқауыл болып тұр. Бірақ осындай тексерулер әлі де болады. Соған қарсы амал ретінде, барлық азаматтар көңіл бөліп, өз ойларын Шежіресіне жазып отыру керек. Балаларымыз өскен кезде, өз ақылын осындай тақырыптарға салып, қисынмен сұрыптап, керек түйіндеме жасауы үшін.

Осы жерде тағы, Ұлы Отан соғысында болған, аталарымыздың жауға қарсы ерлігін, өте мұқият зерттеу керек. Әсіресе партизандық соғыстардың барлығын, жақсы білген абзал. Қалай нацистік әскері, партизан ішіне өздерінің тыңшыларын жіберген еді, қалай сол тыңшыларды әшкерелеген еді, партизандар. Осының барлығы, бүгінгі күні білген жақсы. Барлық ақпарат көзін, ғаламторда іздеп, сол тақырып бойынша керек мағлұматын табуға болады. Кеңесары ханның неше жылдық соғыстарын да зерттеп, білу керек.

Қорытындылап айтатын болсақ, барлық алты соғыс түрлері кез келген елге, бірден бар ықпалын салады. Және сондай ықпалға қарсы амалдарды жүргізу үшін, әлемнің саф заңдылықтарын зейін салып, терең зерттеп, ескеру керек.

### **Тіршілік аясын толығымен қамтыған заңдылықтар тізімі:**

1. Жер шардың жалпы биосфералық заңдылықтары;
2. Адамға тән биологиялық заңдылықтары;
3. Ноосфералық және Сенін-нанымдық қарым қатынас заңдылықтары;
4. Әлеуметтік және мәдени негізін құрайтын заңдылықтар;
5. Шаруашылық істерді тындыратын экономикалық заңдылықтар;
6. Елді өз ара ұйытып, іс барысында адамдарды берекелі басқарудың заңдылықтары.

Ал осы заңдылықтарды ескеру үшін, адамға көп білім көзін үйрену керек, және жауапкершілікті алу керек өзіне. Сондықтан, еліміздегі Идеологияның барлық күші, әр адамды жауапкершіліктен алыстатуға жұмсалып отыр. Кез келген отырыста, бірінің алдында бірі мақтанып, өз әңгімесінде жауапкершіліктен қалай безіп құтылғаны туралы өсек айтады. Билік басындағы кей шенеуніктер де, барлық жауапкершіліктен қашып кетуге, әбден дағдыланып алған. Еліміздегі Идеологияның жүріп жатқан келбеті осындай болып тұр. Және осыған арналған, көптеген эгрегорлар жүйесі, өз ықпалын жүргізіп отыр елге. Демек әр отбасында, осыған қарымта амалы ретінде, жауапкер иесі етіп, келешек ұрпаққа, ашығын жазып айту керек. Біздің ХХІ ғасыр басындағы Қазақ қоғамында осындай жаман әдет қалыптасты, деп. Осыған амал таусылып қалды бізде, келешек ұрпақ соны есіне сақтап, бір шешімін тауып алса игі, деп жеңіліп отырған тұстарын ашық айту керек. Ертең сен кім боласың – деген сауалға, үйдегі Шежіресіне қарап өскен бозбала, осы тақырып бойынша зерттеу жүргізетін ғалым боламын, деп жауап беретін болады ұлыңыз.

## **Адамның өз еркімен алатын жауапкершіліктер тізімі**

### **1. Жеке басының мүдделеріне қатысы бар жауапкершілік.**

Осы жерде тағы бір анықтап айтамыз. Жоғарыда жазғандай, осы дәрежемен шектелетін адамды көремін десеңіз, қоқыс маңында жүрген бомж жақсы мысал болады. Ондай жан, өзінің қамымен ғана өмір сүреді. Алайда, қаладағы биік дуалымен өзінің ауласын қоршап алатын үйлері өте көп, солардың жауапкершілік дәрежесі де осындай болғанын көрсетіп отыр. Қашаның сыртында көп қоқыс жатса дағы, соған өзін жауапты деп санамайды. Осының барлығы, бірден қоғам ішіне тез келмеді ғой. Еліміздегі болып жатқан Идеологиясының кесірінен, ақшасы бар адамдар, тек жеке өзінің өміріне ғана жауапты мен, деп есептейді. Сол себепті, дуалын биік етіп салады. Қоғамдық жердің өзін, меншік етіп, иемденіп алады. Көше бойы жаяу жүретін болсаңыз, аяқ басар тротуар жері жоқ тіпті. Дуалдың сыртын таза ұстауды, өзінің міндеті деп санамайды. Осыған тағы келесі мысал ретінде, көп қабатты үйлердің тұрғындары өз ара ауыз біршілікке келе алмайтынын айту керек. КСК жүйесі жеке ватсаптағы чат ашып қойған. Ішіндегі көршілердің, қарым қатынасында осындай жеке басының жауапкершілік түрлерін көп көреміз. Көрші тұрған адамдар, бірін бөтен санап, танымайды. *Өз басым артық, қалғандары әдірәм қалсын* – деген көз қарас, мұсылманды жұртқа жат келеді.

Демек осыған қарымта амал ретінде, еліміздегі болу керек Идеологияның бір тармағы, осындай жауапкершіліктің маңыздылығын түсіндіретін болуы керек. Әр отбасында, жеке басының қамын ғана ойлап қалмай, кеңінен қарауды үйрету керек. Түрлі ертегілер мен қиссаларды, осы мақсатқа бағыштап, жазу керек. Еліміздегі Мәдениет министрлігі осыған қашан көңіл бөледі деп, күтудің өзі қате болар. Ешкімге дауыстап айтудың керегі жоқ. Өз Шежіреңізге ашық түрде жазу керек, әр отбасында.

## **2. Туысқан, отбасы, достар арасындағы, күйбең тіршілікке қатысты жауапкершілік.**

Осы күні біздің елде той жасау үлгісі жақсы дамып жатыр. Әр қазақ өзіне міндет көреді, арнайы бір тойды жасауын. Және сонысын әлеуметтік желісі арқылы, бүкіл әлемге жариялауын, мақтан етеді. Банк жүйесінен қарыз алып, сол ақшаға туысқаны мен достарын тамаққа тойдырып, арағы мен шарабына мастандырып, ерсі қылықтарымен есте қалсын деп, асабаны арнайы шақырады.

Осындай қылықты, достарының алдындағы жауапкершілік деп, есептеп отыр біздің қоғам бүгін. Онысы қате әрине, және осы қателік, қайдан шығып отыр десек, жауабы тағы сол Идеологияның кесірінен деп білу керек. *«Біздің елде ешқандай Идеология жоқ»* - деген бос сөзге, сенбеу керек. Енді осыған қарымта Идеология амалы ретінде, барлық туысқандар мен достары арасында керек болған дәстүрдің бір мысалын айталық. Бала кезден, әр баланың бойында қандай қасиеті барын, байқап отыру керек. Және сол қабылетіне қарай, әр балаға көңіл бөліп, соған сәйкес кәсіп көзіне үйрету керек. Барлық туысқандар жиналатын кезде, бірінен бірі осы туралы сұрап, біліп отырған қоғамда, жауапкершілік дәрежесі жоғары болады.

Жоғарыда айтқандай, Философияның маңыздылығы, адамдардың көрегендік қасиетінде деп. Ал осы қасиетті дамыту үшін, туысқандардың арасындағы бас қосуларда, кімнің баласы ертең өсіп, қандай кәсіпке лайық болу керектігін байқаудан білуге болады. Барлық туысқандар жиналып, әр баланың ертеңгі тағыдырына, немқұрайлы қарамау керек. Сол туралы, Құрандағы *«Әли Имран»* сүресінен, үзінді келтіреміз (3:104): *«Сендерден жақсылыққа шақыратын, сонымен қоса дұрыс жолға жалғайтын, бұрыстықтан тосатын бір топ болсын. Міне солар құтылғандар»*.

## **3. Қаржы және кәсіби салаға қатысты жауапкершілік.**

Жоғарыда жазғандай, қаржы саласына жауапкершілік алатындар, Хрематистика мен Экономика арасындағы ариймашылықты жақсы ажырата алатын адамдар деп айтамыз. Тағы сол Идеология кесірінен, біздің қоғамның білімі, тек Хрематистикамен шектеліп отыр бүгін. Осы жайлы жақсы зерттеулер жазып, Шежіреге міндетті түрде, бекіту керек. ХХІ ғасырдың басында, Қазақ қоғамы Экономикадан сауаты өте төмен, деп. Оның дәлелі ретінде, бағалардың тоқтамай өсуін келтірген дерек фактілерді айтуға болады. Қаржы мен экономика саласындағы эксперт қауымның айтатын сөздері, елге көмек болмай жатыр. Осыны нақты жазып қою керек, Шежіреге. Біздің қоғам бүгін осы сала бойынша дәрменсіз болып отыр. Шындықты айтудың өзі бабаларымыздың аманат етіп, бізге тапсырған дәстүрі. Сөздің ақиқатын айта алатын ер жүрек азаматты, бүгін біз төре деп айту

керекпіз. Шыңғыс хан осы үлгіні шатастырып кеткен болатын. Сондықтан біз, Көк Түрік бабасы негізін қалыптастырған үлгіні, қайтадан жаңғырту керекпіз. Онысы, сөздің шындығын айту деп, бекіту керек мәдениет дәстүрі ретінде. **Төре** деп, осы шындықты айта білетін адамға тән бағасы деп, есептеу керекпіз.

Тағы бір қаржылы ақшаның көзі ретінде, әлемдегі Кооперация саласын меңгеру керек, әр отбасы жүйесіне. Сол кооперация туралы зерттеулерін, Шежіреге жазып отыру керек. Мемлекет саясаты осы салада өте салғырт және баяу болып отыр. Олардан демеу күтудің керегі шамалы. Әр азамат осы салаға зейін қойып, мұқият зерттеу жүргізіп үйреніп алу керек. Әлемдегі барлық байлары өз ақшасын, осындай кооператив арқылы, салықтан сақтап отыр. Және елдегі жүрген Идеологиясы осы тақырып туралы еш бір сөз айтпайды. Керісінше, банктегі несиені алуға шақырады. Осыдан кейін, барлық адамдар қарызға белшесінен батып, көп қиындыққа душар болып отыр.

#### **4. Таптық (бай – кедей, жеке меншік – қоғамдық) көзқарастағы жауапкершілік.**

Тағы сол жүріп жатқан Идеологияның кесірінен, елімізде «Бай» деп, ақшасы көп, немесе билікке қолын жеткізген адамдарды айтамыз. Бұл да қоғамдағы қате қалып тасқан түсінік. Негізі, егер де адам көп халықтың қамын ойлайтын болса, солардың келешегіне көңіл бөлетін болса, міне соны **Бай** деп, айту керекпіз. Енді «кедей» деп керісінше, жауапкершілігін өзінің басынан асырмайтын адамға, осындай атақ беру керек. Ал онысы, тағы сол жауапкершілік деңгейіне қарасты айтылып жүреді.

Енді жеке меншік немесе қоғам меншігі туралы, түсініктеме берейік. Осы жерде тағы, барлығын шатастырып жіберді бүгінгі Идеологиясы. Меншікке қатысты, кім басқарушы адамдарды бастық етіп қоя алады, сол меншіктің иесі болып, есептеледі. Мысалы сізде, бір шағын азық түлік дүкен бар делік. Құжат бойынша, сіз осы дүкенге басқаратын менеджерді тағайындап қойсаңыз, демек дүкен сіздің жеке меншігіңіз болып, есептеледі. Ал енді бір зауытты алайық. Егер осы зауыттың бастығын ауыстыру керек болып, акционерлер шешім арқылы тағайындайтын болса, онда солар осы зауыттың жеке меншік иесі болып есептеледі. Сонда қоғам меншігі деп, нені айтамыз? Оны енді келесі мысалмен көрелік. Мысалы зауыттың жұмыскер қауымы, өз бастығына риза болмай, соны ауыстыруға талап қойды, делік. Егер зауыттың жұмысшылары, әлгі бастығын орнынан алу туралы шешімін қабылдап қойса және сол лауазымға келесі басқарманы тағайындап қойса демек осы зауыт жеке меншік емес, жұмысшылар құрған қоғамның меншігі болып есептеледі.

Тура осылай, ауылдың тұрғындары жиналып, өзінің ауыл әкіміне наразы болып, сол жерде жаңа әкімді сайлап алуға мүмкіндігі болса, онда ауыл болашағы, ауылды құратын қоғам меншігі деген сөз. Ал енді кез келген ауылдың өміріне қарап көріңіз. Ауылдың әкімін, ауыл тұрғындары өздері шешім қабылдап ауыстыра алады ма? Жоқ әрине. Демек әр ауылы, біреудің жеке меншігі болып, саналады. Кімнің меншігі? Кім ауылдың әкімін орнынан түсіріп, өзге біреуді тағайындап қоялса, сол адамның меншігі болып тұр осы ауыл. Сонда егер, бір күшті банк мүшесі, Облыс әлде район бастығына пара беріп, ауылдың бастығын ауыстыра алатын мүмкіндігі болса, демек осы ауылым банктің жеке меншігінде болғаны. Және бүгінгі Идеологиямыз, осындай ақпаратқа елдің көңілін аудармай жатыр. Осы туралы сөз қозғамайды. Демек, осындай жағдайға қарсы, Идеология үлгісі

ретінде, әр азамат өзінің Шежіресінде мәселе ойларын жазып қою керек. Қалай біз, жеке меншік иесінен құтылып, ауылдың өмірін толығымен ауылдың қоғамдық меншігі етіп, қою керекпіз?

Тағы айтамыз, **Бай** деп осындай қоғам меншігін сақтай білетін адамды белгілеу керек. Ал **Кедей** деп керісінше, жеке меншікті қорғап жүретін, адамды айту керек. Сонда егер, бір ақылды жастар бірігіп, ауылдың жұртын жеке меншіктен шығарып, толығымен қоғам меншігі істеп жасай білсе, міне сол топ жастарымызды, **БАЙ** деп айтамыз. Демек осы ауылдың жастарын, жауапкершілігін толығымен өз мойнына ала білді деп айтамыз. Ал егер керісінше, ауыл тұрғындары өз ара тілге келісе алмай жатса, және сол ауылдың әкімін кез келген қалталы адамы ауыстырып жатса, сонда ауылдың тұрғындарын біз, **КЕДЕЙ** деп айтамыз. Әрі соларды жауапкершіліктен қашып, құлдық санаға батып жатыр дейміз. Осы жерде тағы бір қайталап айту керек, алдымен көзі ашық саналы азаматтар, барлық ойларын жеке Шежіресіне жазып қою керек. Сол Шежіреге қарап өскен келер ұрпақ жастарымыз, өздерінің ойларын осы тақырыптарға жұмсап, зейін қойып, ақылға салып, ел ішіне әбден таралып, ойлардың негізі жайылу керек қоғам ішіне. Әр отбасынан шыққан осындай ойлардың легі, Ноосфераға жазылып жатады. Содан кейін барып, Димаш тәрізді дарынды ғалым легі келетін болады біздің елге. Ал егер керісінше, асығыс етіп, депутат немесе билік тарапынан, бір жиын құрылып жатса, онда барлық бұқара халық, осы жиынға үміт артып, өзінің ойларын ел мүддесіне салмайды, келешек ұрпағына осы мәселе туралы ойын қалдырмайды. Содан шөбересі кейін Шежірені ақтарып отыратын болса, осы мәселеге қатысты ойларды таппай қалады. Осыны жақсы білген Иерофант өкілдері, барлық елдің арман мұратын саяси құралға айналдырып алады бірден. Егер елдің жадысында жазылмай қалса, демек жасалып жатқан саясатқа, халық түбегейлі келісіп отыр. Қарсылық жазбасы Шежіреге бекітілмеген ғой. Сол себепті алдымен, барлық елдің басты мақсаты, әр мәселеге қатысты өз ойларын жазып қою. Ертең біздің келешек ұрпағымызда осы тақырыптарға қарап өседі. Және елдегі болып жатқан жағдаймен салыстырып отырады. Әрі осал жерлері болып жатса, демек сол арнаға көп назар салып, шешім жолдарын іздейтін болады. Ал Ноосфера тарапы, осы ойлардың бағытына қарай, елдің ішіне қажет болған дарынды ұлдары мен қыздарын жіберетін болады. Міне осылай, өзінің қазығын көтеріп жүрген, еркін елдің өмірі өзге халықтарға үлгі болады, ағайын!

## **5. Түрлі ұлттар арасындағы қарым қатынасқа қатысы бар жауапкершілік.**

Осы жерде мысал үшін, Орта азиялық 5 республикаларды алайық. Егер осы бес мемлекет, өз ара келісім жүргізіп, Еуропалық одақ тәрізді өзінің экономикалық одақтастығын құратын болса. Сол біріккен елдердің адамдар саны, 80 миллион жан болады. Және бәріміз, 30 жылда ынтымағымыз жарасып жатса, елдің арасы да сауда арқылы дамиды болса. Жұмыс орындары көп болып, елдің болашағы берекелі болса, кемінде отыз жылдың ішінде, адам саны екі есе көбейіп қалуы мүмкін. Сонда 160 миллион халқы бар осы бес республиканың жағдайы жақсы болады. Осы арманымыз жүзеге асу үшін, елдің ішіндегі барлық көзі ашық азаматтары, ұлт аралық қарым қатынас үлгісін нығайтатын Идеологияға зор көңіл бөлу керек. Осыған жауапкершілік алып соны тәрбие арқылы жастарға үйрету абзал.

Ал біздегі жүріп жатқан Идеологиясының сиқы, керісінше ұлт арасына, көп араздық салып, әдет қылды. Жоғарыда айтқандай, кезінде біздің ел Алты Алаш болған еді. Артынан азаматтық соғыс кесірінен, Алты Алашымыз екі есе азайып қалған еді. Енді бізге қайтадан, Бес республикаларды

біріктіретін амалдарды жасау керек. Онысы өте күрделі және ауыр жұмыс. Бұл жоспарға белсене кірсетін адамдарға, саф заңдылықтарды ескеру керек. Және сырт елдерден жүріп жатқан ықпалы алты соғыс түрлерімен болатынын естен шығармау керек. Сол тақырып бойынша жауапкершілік алатын адамдар, алдымен Ноосфера тарапынан қолдау табу керек. Және осы білімдердің барлық түрлерін, бес елдің халқына ашық түрде түсіндіріп, жеткізу керек. Ноосферамен қарым қатынас орнататын кезде, уақыт тығыздығы болмайды. Қанша уақыт керек болса, сонша уақытты жұмсап отыру керек. Себебі Ноосфера қабыл алған жоспар, түбі орындалады. Әрі сол Ноосфераға қарсы шығатын күштердің барлығы, түбі жеңіледі. Себебі олар бізбен емес, Ноосфераның эгрегорлары мекен еткен, ғайыптың күшімен күресу керек болады. Ал онысына, адамның еш қауқары жоқ.

Ұлтаралық қарым қатынас тақырыбына сай, келесі мысал айталық. Әлемдегі күшті екі мемлекет арасына, Жаратқан ием қазақтарды неліктен жайғастырған, деп ойлайсыз? Себебі, осы екі елдегі дүниетанымдық көз қарасы, қате жолға кетпесін деген шығар. Солар, Қазақтардың еркіндікті аса жоғары бағалауын көзімен көріп, қазығын өзімен алып жүретін, аңғал және жомарт елдің қандай кең пейіл болатынын білсін деген болар. Егер бар үйдің шаңырағында, өзінің жеке шежіресі мен ата дәстүрі бойынша, барлық терең ойлары жазылатын болса, осы дәстүрде соларға үлгі болатын шығар, әсте. Осы, екі алып елді мекен еткен барлық халқы, бізге қарап олары да, сондай Шежіре кітаптарын жазатын болса, игі. Өзін, мұсылман деп есептейтін адамдар, көршілеріне де жауапты болатынын ұмытпау керек, ағайын!

## **6. Діни салаға қатысы бар жауапкершілік.**

Әлемде көптеген дін ағымдары бар. Құдай жалғыз деп айтатын болсақ, осылардың барлығы неге біріге алмайды екен? Жоғарыда айтқандай, екі топ Иерофант өкілдері көп жылдар бойы, екі елді біріне бірін айдап салып отырады. Екі ел де әлсіреп қалады, және барлық байлығын солар өздері иемденіп, алып отыр. Солардың жоспарына тосқауыл болып отырған, Ислам дінін түбегейлі жоқ қылудың амалын ойластырып қойған. Ол үшін, Шиит және Суннит жұрттың арасына араздығын салып, әлемдегі ең үлкен соғысты бастағалы отыр. Онысын енді келесі ғасырға жоспарлап отыр. Неше түрлі провокацияларды жасап, әлемдегі барлық елдерді мұсылман дінінен бастартатындай етіп, жасамақшы. Содан кейін олар, әлемде діни соғыстар болмасын деп, адамзатқа ортақ бір дін жүйесін ұсынатын болады. Ішіне көптеген діни ережелерін енгізетін болады. Осыған арнап, көп эгрегорларды дайындамақшы солар. Оны қалай жасамақшы, сонда?

Олар алдымен Ноосфераға өздерінің ұсыныстарын айтады. Сол үшін мысалы, біздің Астанадағы Пирамиданы салып қойды. Жыл сайын, осы пирамидаға әлемдегі барлық діни өкілдерін шақыру арқылы соларға дауыс береді. Өздерінің ұсыныстарын барлық діни өкілдері ашық айтсын дегені. Сол айтылған ұсыныстардың ішінде өздерінің де зымиян ойларын салып қояды. Ноосфераға сөз арқылы ұсыныстарды айту, аздық етеді. Сөзбен қоса, тағы сол ұсыныстарды жасауға, солар үшін барлық күш жігерін жұмсап, түрлі әрекетті жасау керек. Ал сондай іс-әрекеттерді жасау алдында жүйелі түрде бір жоспар құру керек. Сол жоспарға қатысы бар адамдары, жүректегі шын сезімін салып, сену керек. Содан кейін, түрлі қимыл мен амалдарын жасап, жоспарын жүзеге асыру бар. Тағы осыған бағытталған, көптеген эгрегорлардың жүйесін құрастыру керек. Оған көптеген жыл уақытын арнау керек. Енді, әлемдегі барлық діни өкілдеріне қарап, қай жүйесі осыған шын ниеті бар деп, ойлайсыз? Екі топ Иерофант өкілдерінен басқа, еш бір діни жүйесі, осы жиынға көңілін бөліп отырған жоқ. Жауапкершілікті мойынына алғысы жоқ, тіпті. Демек ертең, әр Иерофанттың

өкілі Ноосфераға айтатын болады, бізден басқа ешкім осы салаға толық жауапкершілік алып, әрі өзінің жоспарын түбегейлі орындауға, ниетін білдірмеді. Құр, бос сөзімен ғана шектелді. Сондай айласымен, олар өзінің ғана жоспарын асырмақшы. Бір екі ғасыр ішінде олар, арнайы эгрегорын дайындап жатыр. Ертең солардың жоспарын, эгрегорлар жүйесі қорғайтын болады.

Ал енді құрметті оқырман, барлық діни ағымдарды біріктіретін, бүкіл адамзатқа лайық болатын, қандай жүйені ұсынуға болады? Егер Ислам діні деп айтатын болсақ, онда Шиит пен Суннит елі өз ара біріктіретін амалдарын ойластыру керек. Және солардың арасына, араздыққа жол бермеуі, бірінші талап болу керек. Діни салаға қатысты жауапкершілікті алатын адамға, осы тақырыптың маңыздылығын есте сақтау керек. Менің айтар ұсынысым, осы кітапта жазылған. Енді әр азамат осы үлгімен, тақырыпты зерттеп алып, өз ойларын Шежіресіне жазып отырса игі. Тіпті шешімін таба алмай жатса, сонысын ашық деп жазу керек. Ашық қалған сауалдарға, Ноосфера тарапынан арнайы дарыны бар, келесі буын жастарымыз келетін болады. Солар өзінің шешімін тауып айтар деген үміт бар.

## 7. Жалпы мемлекеттік дәрежедегі жауапкершілік.

Қоғам институттарының берері - дайындауы					
Қоғам институттарының алары – күткені		Шаңырақ жүйесі	Әкімшілік жүйесі	Ғылым жүйесі	Білім жүйесі
	Шаңырақ жүйесі	1. Ұрпағын жалғастыру 2. ағайынға қамқорлық <b>3. БІЛІМГЕ құштарлық</b>	Отбасы мен жеке тұлғаның өмір сапасына тиесілі жағдайын жасау және әлеуметтік қауіпсіздікті қамту	Қоғамда орын алған жалпы білімдік деңгейден жоғары дәрежеде, ересек пен жастардың көз қарас аясын кеңейту	Жас ұрпақтың қоғамға тез сіңіп кетуі үшін, білімді және кәсіби болудың бастапқы деңгейін қамту.
	Әкімшілік жүйесі	1. Қызметшілер көзі 2. Адамгершілік 3. Әдептілік (Этика) 4. Қоғам тұтастығының мәдени негіздері	1. Басқару жүйесін енгізу 2. Әр салаға арнайы шәкірт сабақтастығы арқылы, кәсіби қызметкерлерді дайындау	Елді басқарудың күнделікті ғылыми әдістемелік жүйесін қамту және саяси бағыттың болашағын анықтау	1. Қоғамның мәдени және саяси тұтастығы негіздерін қамту  2. Басқаратын кәсіби мамандарды дайындау (кадрлар)
	Ғылым жүйесі	1. Қызметшілер көзі 2. Адамгершілік 3. Әдептілік (Этика) 4. Қоғам тұтастығының мәдени негіздері	1. Жүйелі жұмыс 2. Іргелі ғылыми зерттеуді қолдау 3. Елдің саяси мүддесіне сай ғылыми зерттеу бағыттарын бекіту	Ғылыми зерттеу әдісінің үлгісін жалғастыру және күнделікті шаруашылық саласындағы өзекті істердің ғылыми шешу жолдарын қамту	Кәсіби зерттеушілер мен мамандарды (кадрлар) дайындау
	Білім жүйесі	1. Қызметшілер көзі 2. Адамгершілік 3. Әдептілік (Этика) 4. Қоғам тұтастығының мәдени негіздері	1. Жүйелі жұмыс  2. Елдің саяси мүддесіне сай білімге қатысты тапсырмаларын бекіту	1. Дүние танымдық және шығармашылық әдістемесі 2. Дүниетану (біліми стандарттардың тақырыбы мен іш құрылысын түсіну) 3. Кәсіби ұстаз мамандар	Кәсіби ұстаз мамандар

Бүгін біздің қоғамда, мемлекет билігін сынға алып, жұмысына наразылық танытып жатқан, адам саны өте көп. Олар тіпті әдетке айналдырып алды, сонысын. Бұл өте жаман үрдіс, себебі билікте отырған адамдар, өзіміздің қоғамнан шыққан азаматтар. Солар бізге шет елден келмеген, шелпек жеп, айран ішіп өскен қазағымыз. Билікке сын айтпақ бұрын әр азамат, алдымен Шежіресіне осы мемлекеттің қандай болу керек екенін, тиянақты етіп жазып қою керек. Әрі сондай идеалды елді құрастыру үшін қандай амал әрекеттерді жоспарлап, жүйелі түрде жасау керек екенін ашық жазу керек. Жоғарыда мемлекеттің төрт тұғырын жазған едік. Соны тағы бір қарап өтейік.

Міне осы кестеге қарап, ішіндегі жазылған тақырыптарға арнап, бөлек тарауларға арнайы жазып қою керек, барлық ойларыңды. Білмеген жері болса, онда соны де ашық айту керек. Ақпарат көзі аз болған соң, ауыз толтырып айтарым жоқ, деп. Келешек ұрпағымыз, осыған қарап, елдің қалай құрылуы керек екенін, өздері жазатын болады. Осындай тақырыптарға, немқұрайлы қарамағаны дұрыс. Әзірше жер бетінде, екі топ Иерофант өкілдерінен басқа еш бір қоғамы, жауапкершілікті өз мойнына алмай отыр. Демек әлемдегі барлық халықтар, өздерін құлдық дәрежеге өз еркімен түсіріп отыр, деген сөз. Егер жер бетінде, кімде кім Ноосфераға қолайлы үлгісін тауып, түсінікті етіп жазып қоятын болса, солардың үлгісі қабыл болатыны айдан анық. Әзірше Құдайдың үлгілі жоспарына лайық болатын, ешқандай нұсқасы жария болмады. Осындай мәселе бойынша, бүкіл ел болып, жұмылып, әр отбасы ат салысу керек! Сонда осыған шешімін таба алатын жастар легі, Ноосфера тарапынан, біздің елге келетін болады. Тақырып өте күрделі. Жауапкершілік салмағын айтатын болсақ, әжеп тәуір ауыр келеді. Осы тақырыпты көтере білген батырлар керек бізге!

## 8. Бір неше мемлекетке қатысы бар регион көлеміндегі жауапкершілік.

Жоғарыда жазғандай, әлемдегі алып мемлекеттерді бір біріне айдап салу науқаны жүріп тұр. Бар әлем АҚШ еліне қарсы шығып отыр. Қытай мен Жапон елінің арасына, отқа май құйып жатқаны туралы жаңалықтардар көреміз. Иранға қарсы Израиль күші шығып отыр. Пакистан және Индия арасындағы қақтығыстар баршылық. Ресей және НАТО елдері, соғысын жүргізіп отыр. Осындай саясатқа, бар елдер немқұрайлы қарап отыр. **«Жаттанды шарасыздық»** әлем халықтарын әбден басып қалды ғой. Осы, болып жатқан қақтығыстар Құдайдың жоспарына мүлдем жат қой. Демек осы салаға көңіл бөліп, әр азамат өзінің ойын ашық жазу керек. Осы жерде сөздердің мағынасын бір айтып өтелік. Бүгін біз осы екі сөзді, көп естиміз түрлі арна желісінен. Сол: **«Апокалипсис»** және **«Армагеддон»**, сөздері.

**«Апокалипсис»** - сөзі, ақыр заманға еш қандай қатысы жоқ. Бұл сөздің мағынасы, жасырын және құпия болған дүниенің барлық сыры түбі ашылғанын айтады. Бүгін бізге көптеген ақпарат құпия болып тұр ғой. Сол құпиялы білімдердің толығымен ашылғанын айтатын болсақ сондай мезгілді **Апокалипсис** уақыты келді, деп сипаттай аламыз. Ал енді, Философия мен Диалектика ғылымын жақсы меңгеріп алатын болсақ, егер барлық адамдар Құдайға, тікелей байланыс орнатып алатын болса, және барлық адамға киелі Рұх ақылын беретін болса, ешқандай ақпараты құпия болмайды ғой. Міне сол заманды **Апокалипсис** деп, айтқан еді кезінде. Және барлық өтірігі ашылып жатса, ондай айлақор зымиян адамдарға, нағыз ақыр заман келері анық қой. Сонысын ау бастан сезіп те білген еді, көріпкелдер. Енді бүгін де, құрметті оқырман өздігінен, барлық ақпаратқа қол жеткізе алады.

«Армагеддон» - сөзі, ақыр заманға еш қандай қатысы жоқ. Осы сөздің мағынасы, соңғы соғысын білдіреді. Демек бүкіл адамзат, келіспей қалған барлық жағдайларда, қан төгіске жеткізбей, түрлі амал мен әрекет арқылы, соғысқа жеткізбей, шешетін болады дегені. Ал Иерофант өкілдері, күш пен мол ақшасын Идеологиясына салып жатыр, және осы сөздердің мағынасын өзгертуді мақсат қылып отыр өздеріне. Осы сөздерді естіген адамдар, көз алдына ақыр заманды елестейді. Сонда бүкіл адамзат, осындай мәселеге мұқият болып қарайтын болса, біздің болашағымыз зор болады ғой. Тағы да қайталап өтеміз, Жаратқан ием әр адамға барлығын берген, одан артық тағы сұрауы әбестік болады. Енді сол берген ақылы мен арының арқасында, адамдар өз тарапынан, керек істі қолға алатын болсақ, жер бетінде соғыстардың беті, тоқтайтын болады. Жауапкершілік салмағы өте ауыр, бұл тақырыптың. Әзірше осыған, Иерофант өкілдерінен басқа еш кім назар салып, бар күшін бөлмей жатыр. Ал Ноосфера бізден сабырмен күтіп отыр, ағайын!

## **9. Жер бетіндегі барлық адамзатқа қатысы бар жауапкершілік.**

Жер бетіндегі халықтың басым көпшілігі Биоробот тәрізді ғұмыр кешеді. Күнде істейтін жұмыс көзі, жаттанды түрде өтеді. Өздері болса, жаңа білімге ұмтылмайды. Одан кейін, осы биороботы толған қоғамды, басқару үшін, сайтани психикасына жататын адамдар тобы, әлемді билеуге бар күшін салып жатыр. Адами психикасына жататын адам саны тым аз. Және бізге өзге планетадан ешкім, адами психикасы бар қоғамды әкеліп бермейді ғой. Демек көзі ашық, көкірегі ояу болған азаматтар, биоробот болған тобырдағы ұйықтап жатқандарды оятуға бар күшін салу керек.

Бүгін біздің әлемдегі ғылым саласы, дінге айналып қалған. Себебі әр дінге тән үш заңдылық бар.

1) білімге қатысты жазылған мәліметтері түсініксіз. Оны түсіну үшін тілмәш немесе аудармашы, немесе бір талдап бере алатын, ақылшысы қажет болады. Кез келген адам өздігінен, жазбаларын толықтай меңгере алмайды.

2) Жазылған мәтінге күмәнсіз сену керек. Тіпті біріне бірі қарама қайшы жазылып тұрса да, түбі осы шындық деп, күмән келтірмей, сену керек. Сенбеуі харам деп, есептеледі!

3) Діни жүйенің өзіндік иерархиясы болады. Жүйенің ішіне түрлі дәрежелі лауазымдардың тізімі бар сатысын бекітеді екен. Сол сатысымен жоғары қарай шығып алған адамның ғана дауыс беруі мүмкін екен. Егер сізде, осыған лайықты жоғары лауазым болмаса, сіздің сөзіңізді елемейді олар тіпті.

Осы үш заңдылық кез келген діни жүйеге дөп басып, жақсы сәйкес келетінін барлық жұрт біледі ғой. Алайда, бүгінгі күні осы заңдылықтардың сипаты ғылыми білімге өте жақын болды. Себебі, бүгін ғылыми салада, түрлі тақырыптарға зерттеу жүргізуге тиім салынған екен. Онысы:

1. Эфир алаңын зерттеу (эфирде «Қазақ радиосы»!);
2. Эйнштейн Салыстырмалық теориясы қателігін зерттеу;
3. Адамның биополесін зерттеу;
4. Жанармайсыз қуат беретін қозғалтқыштар жасау (Perpetuum mobile);
5. Антигравитация теориясын зерттеу;

6. Адам ғұмыры кемінде 150 жыл болу керек, одан аз өмір сүрсе – қасақана өлтірілді деп, есептелуі керек;
7. Жер бетіне 600 миллиард адам қиналмай өмір сүре алады, соған жетер жер телімі бар;
8. Бүгін, әлемдегі барлық азық түлік көлемі, 15-20 миллиард адамға жетеді. Сонда неге жер бетінде аштықтан көп адам көз жұмады?
9. Бүгін барлық қара жұмысты роботтар жасай алады. Ал адамдар аптасына екі күн жұмыс істесе жетіп жатыр. Оның өзі тек еркектерге ғана. Әйел жандар жұмыс жасамаса болады;
10. Денсаулыққа қатысты аурулардың басым көпшілігін тегін және тез емдеуге болады. Бірақ көптеген компаниялар аурудан табыс тауып отыр. Олар осы салаға мүлдем тиым салған.

Осы тізімді жалғастыруға болады, оны оқырмандар өздері зерттеп, көре алады. Бұл жерде мысал ретінде ғана, келтіріп отырмыз. Егер ғылыми тұрғыдан, осы тақырыптарды зерттейтін болсаңыз, бірден сізге қатаң жазасы ұшып келеді. Себебі осы тақырыптарды зерттеуге болмайды! Сол діни жүйеге тиесілі үш заңдылықтары іске қосылып, биоробот болған эгрегордың қызметшісі, бірден сізге келіп тиым салады. *Неге?* - деген сауалға олар: *Харам бұл!* - деп жауап береді.

Дегенмен онысы неге солай, деген сауалға жауап беріп көрелік. Өзіңіз елестетіп көріңіз, сізге бір жәшік әскери қаруды берді делік. Ішінде оқтаулы жатқан көп АК-47 автоматы бар және оншақты гранатасы бар екен. Сақинасын тартып қалса болды, жарылады делік. Енді алдыңызға бір тайпа маймылдар келді делік. Алдыңыздағы жатқан жәшік толы от қаруын, маймылдарға беріңіз деген болса, сіз қайтер едіңіз? Мысалы бір ақымақ адам берді делік. Сонда маймылдар от қаруды алып қашатын болса, онда қаланың ішіндегі жазықсыз адамдарды өлтірмесіне кім кепіл? Ал жоғарыда жазылған ғылыми зерттеулерге тиім салған себебі, міне осындайдан болып тұр ғой. Егер санасы құл болған адамдар, биоробот болсын, немесе сайтани болсын, олар жер шарды толығымен жоқ қылатыны әбден мүмкін.

Сол себепті екі топ Иерофант өкілдері, бүкіл жер планетасына жауапты болған соң, адамзат өзін маймылдар тәрізді, қырып салмасын деген ойымен жасаған еді осыны. Барлық Идеологиясын де осы мақсатқа жұмсап отыр. Нобель сыйлығын жасағаны да содан. Және авторлық құқығын осы мақсат үшін іске қосып отыр. Егер кім де кім, білместік жасап, осындай жоғары технологиясына қол жеткізетін болса, ондай адамды бірден барып, басын айналдырып, сізді Нобель сыйлығы аса құрметпен күтіп отыр деп, алған бетінен қайтаруға тырысады. Артынан, жеке авторлық құқығын рәсімдеп, зерттеу жұмыстарын жалған бағыттарға бұрып жібереді.

Ал егер біз бүкіл адамзатқа тән, жауапкершілікті алатын болсақ, онда алдымен сондай биоробот болып қалған адамдардың санын азайту керекпіз. Содан соң, сайтани көзқараспен билік басына отырған адам санын азайту керекпіз. Ол үшін әр азамат, өзін толық қанды Халифа сезініп, Құдай берген ар және жүректегі сезіммен, Құдайға тікелей байланыс құрып алу керек. Сонда, көптеген құпия болып отырған технологиясына қол жеткіземіз. Осыған арнап, болашақ туралы бөлек бір тарау арнаймыз төменде.

Қорытындылай айтатын болсақ, осы кітаптың ішінде жазылған көптеген әдістемелік ақпаратты, не үшін жаздық деген сауалы шығып тұр. Соған жауабын беріп көрейік. Жолға шыққан кемеңіз қайда бара жатқаны туралы, жүргізушінің қолында анық мақсаты болуы шарт. Еркін мемлекетті құрған, біздің елдің шын мақсаты кәне? Біздің елге қажет болған Идеологиясының қаңқасы кәне деген сауалға, осы кітапта жауап беруге тырысып көрдік. Және осы бетке дейін оқыған, шыдамы жеткен оқырманға айтар кеңесіміз: сізде осы тәрізді, өзінің отбасында, Шежірені жазуға міндетті

болып отырсыз. Осы кітаптағы ақпаратқа қолы жетпеген адам айтуы мүмкін, мен соны білмедім ғой, деп. Онысы енді сылтау болар ма, жоқ па, бізге беймәлім. Ал сізге ондай жараспайды, демек сіз өз ұрпағыңызға арнап, Шежірені жазуға міндетті болдыңыз. Қандай тақырыптарды өзі көзғау керек жайлы, осы кітапқа қарап, үлгі етіп аласыз. Шежіре не үшін керек деген сауалға, жауабын жазуға тырысып көрдік. Егер, келешек үшін жауапкершілікті біз алмайтын болсақ, ертең шөбере ұрпағымыз өзгелердің жазып қойған болашақ дүниетанымына құл болып қалуы мүмкін. Қазақия деп ұрандаған әр азамат, осыны аманат етіп, қабылдау керек.

**Қазақтың не ерекшелігі бар, деген сауалға берер жауабым: өзінің Шежіресі бар, ал Шежіре іші толған қазына!**

Ал енді, Шежірені қалай жазамын деген сауалға көшелік. Кітап жазу оңай емес, жоғарыдағы екі жүз бетті жазған автор ретінде, мен соны жақсы түсінемін. Өмірімде бірінші рет, жазып отырған бетім осы, ағайын. Сондықтан, кітап жазу үшін адамға қандай қасиетін дамыту керек турасында, жеке тоқталып өтуді жөн көрдік. Соның ең маңызды болғаны – Психология ілімі екен!

## Психология деген қандайды?

Құдайға тән қасиеттің бірі – шексіздік. Қай жаққа көз салып қарасаңыз, алдыңызға сол шексіздік ашылады. Жұлдызға толы ғарыш та шексіз. Микроскопты алып, атом және молекуласын зерттеп көз салсаңыз, оған шексіздік тән. Әлемдегі тіршілік иесі болған, жәндіктердің түрі, шексіз болуы мүмкін. Адам ойлап тапқан көмпютер әлемінде, шексіз кеңістіктер жасауға болады. Тілімізде бай сөзі қоры арқылы, шексіз өнер туындыларын жазуға болады. Әуені сазды, музыка әлемін, шексіз деп айта аламыз. Радио толқындардың кеңістігі шексіз болады. Және әр адамның қиялы арманға толып, шексіз болып тұр.

Бір күні адам баласы, Жаратқан иемнен сұраған екен: *осы кең әлемді танып болған соң, әйтеуір бір шеткі шекарасына тірелетін күнім болатын шығар. Осы сәтте ары қарай, мен не істеймін сонда?*

Жаратқан иемнің берген жауабы: *киелі қиялдау қабылетің арқасында, сенің шексіз армандарың бар ғой. Солар арқылы, өзіңе жаңа шексіз әлемдерді ашып аласың.*

Кез келген мақсатқа қол жеткізу үшін, адамға армандау қабылеті берілген. Қиялдан ойластырып, ғайып әлемінен жоспарлап алып, соны болмыс етуге толық мүмкіндік бар. Ол үшін мынаны есте сақтап, зейін қойып қарау керек. Онысы әлемнің негізін құрайтын, үш тұғыры:

1. Ақпарат көзі. Ғайыптан қиял арқылы келетін жобаның жоспары;
2. Сол жоспарлы жобаны жүзеге асыратын жігер қайраты (тән көзі);
3. Әлемге үйлесімді етіп, ережелеріне сай болу үшін, адамның іштегі мөлшері сезімі.

Осыны Абай кезінде сипаттап айтқан еді: Жылы жүрек (жандағы мөлшері сезімі), ыстық қайрат (материалді тәні), нұрлы ақыл (ақпарат көзі). Ғалымдар осы үш тұғырды басқа жолымен айтқан еді: Адамда үш дербес билік орталығы бар екен. Тән мұқтажы, ақыл ережелері және эмоция

орталығы, деп. Ағылшын тілінде адамды: «mind/body/spirit complex», деп сипаттайды. Осы үш дербес орталықтары, үнемі өз ара бәсекелестік жүргізіп, адамды билеуге тырысады. Егер адам осы үшеуін тізгіндей алатын болса, онда өзіне өзі қожайын болып, есті деп аталады. Тізгіндей алмаса, ондай адамды біз: «жарым ес», «есалаң» немесе «есуас» деп айтамыз.

## 1. Ақпарат көзі

Осыны анықтап, мысалымен түсіндіріп көрейік. Адамның ақылы қалай істейтінін, алдымен айту керек. «Ақыл» сөзі негізі, ағып тұрған құбылысты белгілеп тұр. Не ағып тұр, десеңіз. Ойлардың ағып тұрғанын көрсетеді. Мысалы адамға сұрақ қойып: *сіз кеше қайда болдыңыз?* - десек. Әуелі ол төмен қарай көз салады, кешегі оқиғаларды еске алу үшін. Ал егер одан: *ертең сіз не істемек ойыңыз бар?* - десек. Келешекті көз алдына келтіру үшін, адам жоғары қарайды. Міне солай, ой тізбегі жоғары жақтан, төмен қарай ағып тұрғанын байқауға болады.

«Ой» сөзінің мағынасы, жоғарыдан төмен қарай (ақылы) ағылып жатқан ойларды білдіреді. Енді сол ойды ойлаған кезде, ақылда ойық пайда болады. Соның ішінде ой айналып тұрып алады. Ал содан кейін ой құйындап келіп, тұйық болады. Соны біз «ойдың түйіні», деп айтамыз. Ойлардың түйіні жиналған жерін біз: «түйсік», деп айтамыз. «Мына адамның түйсігі бар екен», деген сөзді естіген шығарсыз. Демек сол адам осы тақырып бойынша көп ойланып, ойлардың түйіні шығып барып, өзінің түйсігін толтырған екен. Ондай адамға бөлек түсіндірудің қажеті жоқ. Түйсік сөзін орыс тілінде, «понятийно терминологический аппарат» деп айтады.

Ақылдың ішінде тағы «сана» деген қасиеті бар. Осы сананың міндеті, салыстырып, ерекшелікті айқындап беру. Алайда, шешім қабылдауды сана жасамайды. Шешімді адамның есі жасау керек екен. Міне осы жерде бір гәп жатыр! Біздің миымыз ойды тоқтаусыз ағытады. Ал санамыз, осы ойларды өз ара салыстырып қана қояды. Мысалы, сізге қаланың ішінде, бір мекенге баруы керек екен. Сонда сананың міндеті, қандай жолдарымен баруға болатынын, айтып беруі екен. Автобус арқылы жетуге болады, арзан және көп уақыт алады. Аялдамасы алыс екен. Таксимен де баруға болады тағы, қымбат және тез. Тағы жаяу баруға болады, түнге қарай жетесің, деп. Санамыз ой салып, санап береді. Ал енді осы үш мүмкіндіктің қайсын таңдауы санаға жатпайды, онысын есі өзі есептеп, шешім қабылдап жасайды. Осы жерде «санау» және «есептеу» сөздерінің айырмасы жақсы көрінеді. Санамыз санау арқылы логикалық дәлелдер келтіреді, ал жауапкершілікті өзіне алмайды. Адам есі, берілген дәлелді есептеп, жауапкершілікті алып, шешімін айтады. Автобусы ең қолайлы болып тұр екен.

Тағы ойлардың екінші қасиеті, солар тоқтаусыз ағып жатқан соң, ішінен керек ойды, бөліп алуға болады. Оны біздің сөзбен «қиып алу», деп айтамыз. Осыдан «қиал» сөзі шығып тұр. **Қию** сөзін қарасақ, өте керемет мағына береді. «Қимастық», «қимадың маған», «қилы заман», «қияға қону» дегендей.

- қиал – ойды қиып, бөлек алу;
- қисын – ойға сынмен қарау;
- қисап – санап, есептеу;
- қисса – қиалдан шыққан даналық өсиет;
- қирату – сындыру;

- қиын – ауырлық;
- қимыл – әрекет ету;
- қисық – сынық дегені;
- қит етсе – қимылдың басы.

Әсі сөздердің барлығы, ойды қиып алудан басталып отыр. Қию дегені, шешім қабылдау дегенді білдіріп тұрғандай. Әр адам, бір амалды жасар алдында, алдымен сонысын толығымен, қиялына салып көреді. Себебі, біздің ақылымызда, осы әлемнің барлық заңдылықтары бар. Сол заңдылық жүйесі кез келген ойды сұрыптап алады. Содан барып, осы ойы дұрыс немесе бұрыс екенін біліп алады. Егер ойы шикі болса, оны тағы зерттеп көреді. Егер ойы жақсы бағасын алатын болса, ой негізінде қимыл жасап көреді.

Ал енді осы ақылдағы заңдылықтардың негізі, қайдан шығып отыр? Білім беру арқылы және өзі көрген, өмірлік тәжірибесі тағы. Демек, осы **нұрлы ақылды** дамыту үшін, адам үнемі бар білім түрлерін игеруі керек. Жаңа білімге көңілі ашық тұру керек. Ал біздің мектеп аясында, балалары тек дайын жауаптарды, жаттап алуға үйір келеді. Содан жадысы толып кеткен соң, шегіне жетіп, одан артық білімді қабылдауға шамасы жетпей қалады. Содан, білгені ескіріп, жаңа білімге көзін салуға, еш құмары жоқ болып қалады. Онысы неден болатыны туралы, жеке айтып өтейік.

Қиял сөзін орысша «**образ**» немесе ағылшын тілінде «**image**» деп айтады. Оның артында, амалы бекітіледі және сол амалына арнайы сөз тіркеледі. Сонда егер, адам сөзді айтқан кезде, есіне осы сөзге тән, амал-қимыл алгоритмы жазылған қиялы көз алдына шығады. Кез келген қимыл істеу алдында, адам психикасы осылай керек қиялды қолданады. Осыны мысалмен түсіндіріп көрейік тағы. Айталық, сіз бір қалаға келдіңіз. Бұрын соңды болмаған едіңіз осы қалада. Қонақ үйіне бір бөлме жалдап қойдыңыз. Енді сізге жақын маңдағы азық түлік дүкені керек болды делік. Жолын сұрап алып, сіз сол дүкенді іздеп шығасыз. Алғаш рет болған соң, сіз барлық жаққа қарап, көріп алған заттарды еске сақтауға тырысып көресіз. Осындай кезде, сіздің ақылыңыз тікелей қатысып отырады, барлық процесске. Содан дүкенді тауып, артынан сол жерге бір неше рет барып келген соң, жадыңызға әбден жазылып бекітіледі осы қимыл. Енді сіздің ақылыңызда, осы маңдағы бар ғимараттарға қатысты, азық түлік дүкені туралы қиал қалыптасады. Онысы екі бөліктен тұрады: 1) сөзі (ақпарат көзі) – азық түлік дүкені; 2) қимылы (маршрут) – сол жерге жету бағдары;

Міне осылай, адам психикасында әр бір сөзге жеке қиялы бекітіледі. Және әр қиялдың өзінің бір жеке қимыл-амал ету алгоритмы болады. Енді келесі жолы, сіз дүкенге баратын кезде, сол қиял алгоритмын еске аласыз. Сосын осы қиялдағы жазылған қимыл бойынша, сіздің денеңіз барып келеді дүкенге. Ал сіздің ақылыңыз, жол жөнекей басқа ойларын ойлап жүреді. Дүкенге баратын процесске, ақыл араласпайды, ал денеңіздің қожайыны болып, қиял есті өзіне алады. Көз салып, сырттан қарасақ, денеге бұйрық беріп отырған, адамның иесі болған жүйе – осы қиял екен. Осы кезде, мидың ішіндегі ақылы, өзінің денесіне қожайыны емес болады. «**Ес**» деген сөздің салмақ мағынасы, осы жерден жақсы көрінеді. Кім адамның иесі? Кім денесін басқарып отыр? Бүгінде біз көп көреміз, жастар қолындағы смартфон құралынан көз алмай, бағдаршамға қарамай, жолда жүре береді. Осы кезде сол адамның иесі кім екен? Ақылы есті толығымен, қиялына беріп қою мүмкін болады. Осылай адам қиялға тәуелді болып, сол қиялдың қимылына сай, денеге еркіндік беріп, өзі болса басқа ойларымен армандап кетеді. «Есалаң» сөзі осылай шығады. Жарым ес, әрі есуас сөздері де осыдан шығып тұр.

Сонымен ақылдың ішінде, әр қиялды белгілейтін сөзі болады және сай қимыл-амалы белгіленеді тағыда. Бұл идеалды көрініс әрине. Ал өмірде мүлдем өзгеше болуы мүмкін. Екі түрлі жағдайын ашып көрсек болады:

1) мысалы адамның ақылында қимыл-амалы жазылып тұрады, ал бірақ соған сай келетін сөздері жоқ болады. Ондай адам сөйлеген кезде, сөзі былай шығады: *Әлгі нені неғылып нету керек, осы несі артынан нетіліп, өзі неқыла береді.* Міне осындай сөздерді біз, тойдағы тілек айтатын кезде көп естиміз. Тағы былапыт, боқ ауыз сөзді көп айтатын адамдарда осындай болады.

2) екінші түрі керісінше болады. Адамның жадысында сөз жазылған, бірақ осы сөзге лайық амал қимылы бекітілмеген екен. Ондай адамдар сөйлеген кезде, сөзді көпіріп айтады, алайда әр сөздің қисынына қарайтын болсақ, онысы мүлдем қисынсыз болып тұрады.

Бірінші нұсқасымен сөйлеген адамды, сөзінен бірден көреміз. Ал екінші нұсқасын тез байқау, өзі қиын болады. Және біздің мектеп жүйесі оқушы балаларды осы екінші нұсқасымен дайындауын қолға алған. Мектеп бітірген жастарымыз сөзді жақсы жаттап алған, алайда сөздің артында қиял мүлдем жоқ. Онысы неге апаратынын айту үшін, алдымен қиял табиғатын тағы бір көрейік.


Ақылдың ішіндегі қиял жеке болмайды. Әр бір қиялы өзге қиялдарымен етене байланысты құру керек. Ақыл іші шексіз торға ұқсайды. Сол қалың тордың әр бір түйіні қиял болады. Солай қиял жаңадан жасалған кезде, оны басқа қиялдарымен байланыстырады ақылдың өзі. Енді бір қиялды тартатын болсаңыз, ол өзімен байланыс болған өзге қиялдарын тартады. Біз Жасанды Интеллект жүйесінің іші қалай құрылғанын қарайтын болсақ, онысы тура осылай, біріне бірі жалғанып, өзі көп миллиард түйіні барын көреміз. Ал адамның ақылындағы қиялдардың саны одан да көп. Бар қиялдары бірімен бірі жалғасып, алып торды құрайды. Сонда қиял ішінде үлкен процесс желісін көре аламыз. Осы процесс дұрыс қызмет жасау үшін, арасындағы жалғанып тұрған түйін тізбегі үзілмей тұру керек. Ал енді біз, балаға құр сөзді жаттатып қоятын болсақ онда баланың жадысы, жатталған сөздеріне сай келетін жеке қиялын бекітіп қоймайды. Ақылдағы қалың тордың ішінде көп қиялдары өз ара жалғанбай қалады. Бала кезінде жалғанбай қалған соң, есейген кезде адамға соны қайтадан жалғауы, көп күш талап етеді. Ол үшін талмас жігер, қайрат керек. Ол туралы әлі айтатын боламыз төменде.

Енді эгрегор жүйесінің адамға қалай ықпал жасайтыны туралы айталық. Адам ақылында, қиялы толық болмай, құр бос сөзімен шектелетін болса. Сонда ортадағы қимыл ретінде, эгрегор жүйесі өзінің алгоритымы бойынша жазылған, керек қимылын салып жібереді. Ал біз, жоғарыда айтқан едік дүкен туралы. Міне осылай, адам жаттанды қимылын жасаған кезде, дене иесі ретінде керек қиялға тізгінді беріп қояды. Қиял ішінде, бекітілген қимылы толық болмаса, эгрегор ішіне лайық бір қимылды салып жібереді. Содан біздің денеміз, эгрегордың айтқан бұйрығымен жұмыс істеп кетеді. Осы жерде тағы бір қайталап айтамыз, эгрегорға жаман немесе жақсы деген сипаттамасы жараспайды. Сол адамға берілген құрал іспеттес. Балта, күрек, қол ара тәрізді. Білетін адам өзіне керегін осы эгрегорлар арқылы жасай алады. Ал білмейтін адамдар, соның жетегінде құл болып, бар ғұмырын құрбан етеді. Жаттанды қимылдардан абай болу керек. Құдайға дұға тілек айтатын кезде әсіресе мұқият болу керек. Егер жаттанды сөздерді айтып отырса, ал барлық ойы басқамен байланып тұратын болса, ақылдың ішіндегі осал қиялдарын пайдаланып, эгрегорлар билік тізгін жүйесін өзіне тартып алады.

Біз бүгін шенеунік пен депутат тарапынан, көп сөзді естиміз. Ал сөздерінің қисынына қарайтын болсақ, сөзінде еш мән жоқ болып тұрады. Өзге біреуі дайындап берген қағазын оқып, сөздің не мағынасы барына мән бермейді. *Мен не айтып отырмын осы?!!* - деп, өзі де тексермейді. Себебі ақылында кезінде, қиял жүйесі толық қалыптаспай қалған еді. Ал оны түзету үшін көп еңбек ету керек. Оған жалқаулығы жібермей тұр. Осының барлығы білместіктен болады. Ғалымдар жұрты осы тақырып бойынша зерттеу жасамайды. Ал Иерофант өкілдерінің үгіт насихаты, мүлдем өзге тақырыптарды көрсетіп, адамзатты шатастырып отыр.

Адамның қиялы дұрыс қалыптаспайтын болған кезде, есінде бар ақпарат ұзаққа сақталынбайды. Мысалы, осы кітапты оқыған адам өзі тексеріп көре алады. Бір айы өткен соң, кітаптан оқығаны есте қалмай, бар мәліметтердің басым көпшілігін ұмытып қалады. Бір жылдан кейін, есінде тіпті еш нәрсе қалмайды. Қиялы қате немесе саф заңдылықтарға сай болмаса, есінде қалмайды. Керек мәліметі есте сақталу үшін, соған сай қиялын жасап, бекіту керек. Сонысын жасау үшін, әр адам өз ақылын жұмсап, өзіне ғана жасай алады. Өзге адамның миын ашып, ішкі ақылына сай келетін идеалды қиялы осындай болу керек деп, соны енгізе алмайды. Сапалы құрылған қиялы болса ол, өзге қиялдарымен байланысы етене жақын болады. Не құрылым сол байланысы көп болса, соған белгіленген ақпарат көлемі де, есте мықты сақталатын болады. Құр сөзді жаттау қылмыс!

Неліктен жаңа білім үйрену қиынға түседі? Себебі бүгін оқығаны ертең ұмытылып қалады. Есте соны сақтауы қиынға түседі. Осы жерде тағы ұлу мәңгілік белгісін еске салу керек.



Ұлу тәрізді, ептеген қадам жасап, ретімен жалғастырып отырып, жаңа түсінік сөзіне сай келетін қиялын жасап отыру керек. Және онысы инемен құдық қазғандай, тиянақты және ұқыпты жасау керек. Оған кімнің шыдамы жетеді?! Міне осы жерден бастап, әр адам өзін алдаумен болады. Әр бір жаңа сөзді жаттап алсам болғаны, деп сенеді. Сөздерді жаттап, өзін білімді деп санайды. Сол жаттағанын қайталап айтса, жұмысы жүреді деген алдамшы көзқарас, бүгін біздің қоғамды қате бағытпен жетелеп келеді. Жаттаған сөздердің легі, уақыт өте ғайып болады, ал сапалы жасалған қиял байланыстары, адамның есінде мәңгілік сақталады. Жаңа білімді үйренетін кезде сол білімі саф заңдылықтарымен сәйкес болуы шарт. Сонымен қоса, білім үйренетін адамға жауапкершілік деңгейіне қарай білімі енеді. Жауапкершіліктердің бар түрлерін жоғарыда айтқан едік. Осы өзіне алған жауапкершілікке сай, ақылға білім көзі жазылады. Мысалы адам, тек өзінің қара басының қамын ойлайтын болса, оған сіңетін білім көлемі аз ғана. Ал егер көзі ашық азамат, жер бетіндегі болған дағдарыстардың шешу жолдарын зерттейтін болса, оған қонатын білімі жан жақты, және терең болатыны күмәнсіз. Әрі Құдаймен тікелей байланыс орнатып алған адамға, киелі Рұх ақыл беріп, дұрыс жолын нұсқап отырады.

Жаңа білімді үйренетін кезде, жылдамдық емес, тиянақты ұқыптылық қажет. Ұлудың шиыршық қалқаны тәрізді, әр бір жаңа білім көзін, ретімен қалап отыру керек. Әр жаңа сөзге өзінің қиялын

жасап, ақылдағы басқа қиялдарымен байланысын не құрылым, көп етіп, жасаған абзал. Осы жол таңдаған болсаңыз, өмір бойы оқумен өтеді күніңіз. Жаңа білімді игерген сайын, одан көп білімі алыстан шақырып тұрады. Сондай кезде абай болыңыз, білімді көп үйренген сайын, кей адамдар өмірден түңіліп кетеді. Онысы адасқандықтың белгісі! Жолдан шатасуы, Фатиха сүресінде әдемі айтылған сонысы: адасқандардың жолынан сақтасын дегені. Жаңа білімді игерген сайын, жақсы көңіл күйге ие болуы шарт. Өзін Халифа санайтын адамның кейіпін осыдан білуге болады.

## 2. Жігер қайраты (тән көзі)

Адам баласы қанша білімді болмасын, егер бойындағы жігері әлсіз болса, қолынан келетін амал күші шамалы. Қолынан келетін білім түрі ғана бағалы болады. Жігер деп осы жерде, батыл болу сезімін айтып отырған жоқпыз. Батыл болу дегеніміз, бір екі рет қана жетеді. Алғашқы қадамын жасау үшін керек болар, әрине. Ал күн сайын уақыт арнап, қолына қалам алып, үйренген білімін дәптерге жазып отыру. Үзбей, уақтылы осыны жасау үшін жігер керек адамға. Шет тілін үйреніп жүрген адамдар біледі, күнде жаттаудың қандай қиын екенін.

Елдің бәрі тойлап жүрген кезде, сіз жеке бөлмеге қамалып, кітапты қолға алып, түйіндеме ойдың қорытындысын жазып отырасыз. Бір екі рет емес, күніне аз дегенде бір сағатты бөлу керек. Жыл бойы онысы, 365 сағат уақытты алады. Ал егер күніне үш сағат бөлетін болса, жыл аяғында мың сағаттан артық уақыт осыған кетеді. Оны қалай жасаймын деген сауалға айтарым, алдымен сізде асқақ арман болу керек. Сол арманды жүзеге асыратын мақсат тізбегі болуы шарт. Әр мақсаттың артында, өзінің жету жоспары жасалу керек. Содан кейін күнде әрекет жасау керек. Мысалы осы кітапты жазу үшін, мен күніне бір екі бет жазып отыруға дағдыланып алдым. Сонда жылына 365 бетін жазып қойдым, орта есеппен. Әрине тағы түзетулері бар, кітапқа енбей қалған, өзге тарауы сыртта қалды. Тек жазып қана отырмай, сонымен қоса біраз кітаптардың бетін ақтаруға уақытты бөлу керек болды, әрине. Дегенмен, бір жыл ішінде, күніне бір екі бет жазып қойып, бұл кітапты жазудың өзі дәлел көзі болады.

Жоғарыда жазған едік, әр он жыл сайын, адам баласы жаңа шет тілін үйреніп алу керек, деп. Сол үлгіні әдет қылып, қоғам дәстүріне енгізу керек. Ол үшін әр адам, соған күнде уақыт бөліп, өзіне мақсат етіп, жігерін қайрау керек. Күніге бір істі қайталай берсеңіз, дене мен ақыл соған үйреніп алатын болады. Жасай беру керек шаршамай, сонда нәтижесі көрінеді. Тура солай, қалаған білім көзін үйреніп алуға болады. Барлық білім көзі бүгін ғаламтор желісінде тегін жатыр. Бірақ, адам нәпсісі ләззат алуға құмар келеді. Соны тыйудың өзі оңай емес. Алайда тән дағдылы істі жасауға тез үйреніп алады. Жалықпай, күнде жасайтын болсаңыз, тәнде соған икемделіп алады.

Осы жерде Диалектикалық сұрақтарды қою арқылы, тақырыпты зерттеп көрелік.

Неге адамды жалқаулық басады? Себебі адам өзінің күшіне сенбейді. Қорқады.

Неге сенбейді? Себебі адам өзін ерекше жаратылғанына күмән келтіреді.

Осы күмәнді жою үшін, қолындағы саусақтың таңбаларына қарау керек. Ондай таңбасы бар өзге адам жоқ қой жер бетінде. Сонымен қоса, әр адамның көз қарашығы ерекше жаратылған. Демек, осындай адам жер бетінде бұрын соңды болмаған еді. Және болашақта қайта келмейді жерге сол

таңбасымен еш қашан. Жаратқан ием әр адамды қайталанбас етіп, ерекше қылып, дара жасағаны бәрімізге мәлім. Осыған қарамастан, адам баласы өзін ерекше дара деп санамайды. Өзге адамдар тәрізді болғысы келіп, өзін көптің ішінен дараланып шығуға қорқады.

Сонда неліктен Жаратқан ием сонша күш жұмсап, ерекше етіп жаратқан әр адамды? Себебі адам ішінде, өзіне тән бір ерекшелігі бар. Соның арқасында әр адам, жігерін қайрап, жалықпай әрекет жасауға толық мүмкіндігі бар. Және әр адамның жолы ерекше келеді, сол ерекшелігін табу үшін де жігер керек қой. Адам өміріндегі еңбегі жемісті болуы үшін, бойындағы жігерін қайрап отыру өте маңызды. Жалпы мақсатқа жету үшін бір батылдық аздық болады. Өмірі ұзақ болу үшін оған көп жігер қайраты қажет болады. Осыған арналған көп кітаптар жазылып қойған еді. Мотивация деп, ғаламтордан іздеп көрсеңіз, қызықты кітаптардың мың нұсқасын табуға болады.

Тағы бір айтатын тақырып, «бүгін» (бұл күн) деген сөзге қатысты болады. Адамның ішкі ойлары эгрегорлардың ықпалынан, үнемі өткен шақты өкінішпен қарастырады және келер шақты үрейге толтырып көреді. Егер өкінетін дүниесі жоқ болса, онда өзі ойдан құрастырып алады, тура солай келешекке де істейді. Жоқ жерден үрейді ойлап тауып, қорқынышпен адамды алдауға тырысады. Неге ақылымыз сондайға үйір келеді? Осы кезде көп естиміз, болашаққа үмітпен қараңыз дегені. Сондай сөзді естісек те, ойдың іші толған үрей. Неге? Оның себебі біз БҮГІН деген ұғымды есте сақтамаймыз. Бүгін деп, өткен уақыт және келер уақыт ортасындағы қас қағым сәті деп, сендіріп қойды барлық қоғамды. Онысы қате түсінік. Ойымызды мысалмен айтып, түсіндіріп көрелік.

Егер адам, дәл қазір пайдалы іспен уақытын өткізбей отырса, тағы егер бүгінгі және кешегі адам салыстырмалы түрде дамымай, арасында өзгерісі болмаса, демек оның бүгіні бос кетті. Расымен ондай адам үшін, осы шақ қас қағым сәт болып саналады. Ондай адамның бар ойлары, тек өткен және келер шақтарға өкінішпен әрі үреймен қарайтын болады. Енді, керісінше болатын көріністі елестеп көрелік. Егер адам, алдына бір неше асқақ арманын қоятын болса және армандарына өте тиянақты жоспарланған мақсаттардың тізімін ойластырып қойса. Және күн сайын, әр мақсатына жеке уақытын бөліп, ұлу тәрізді ептеген қадам жасап отырса. Сонда кешегі және бүгінгі адамын салыстырып қарасаңыз, ондай адамның бойынан дамыған өзгерістерді байқауға болады. Бүгінде сол адамы, бос уақытын кетірмей, жаңа ғылыми тақырыпты игеріп, үйренуге ынтасын салғанын көріп отырмыз. Осылай барлық күнін өткізетін адам, БҮГІН деген уақытқа ие болады. Сонда өзі дамыған өзгерістерін байқап отырған соң, өткен шаққа өкінішпен қарамайды. Және келер шаққа көз салатын болса, көз алдына асқақ армандары шығып, сәт сайын сол арманын жүзеге асыруын ойлап, іші берекелі сезімдерге толатын болады. Ондай адам, келер шаққа қорқынышпен қарауды білмейді ғой. Осындай кезде, Тәңірінің қолдауын жүрегімен сезіп отырады адам. БҮГІН мезгілін игере білген адам, уақытқа да қожайын болады. Осыған жету үшін, адамға зор жігер керек!

Тағы бір қайталап өтейік. Бүгін деген мезгіл 24 сағаттан тұрады. Соның сегіз сағаты, ұйқыменен өтеді. Осы жерде айтып кету керек, адам ұйқыға кеткен уақытты басқаруға болады. Соған арнап, 1988 жылы доктор Стивен Лаберж, Калифорния штатындағы Пало-Альто маңында зерттеу орын етіп, арнайы институт қалаған еді. Осы тақырыпқа қызығатын оқырман, ғаламтордан өзі мәлімет тауып алады. Содан тәулекте қалған 16 сағат тағы бар. Сол уақытын толығымен армандарын іске қосуға арнайтын болса, нағыз керемет осы жерде болады. Алайда, 24 сағат ішінен екі сағатын өз мақсатына жұмсай білген адам, күн сайын өзгеріп, дамиды. Жаратқан ием осыны күтеді барлық адамзаттан. Оқырман осыны қолға алып, Шежіресіне жазу керек міндетті түрде. Қандай мақсаты көп қиындық әкелді, неден жеңіліп қалды, қандай арманы орындалып болды. Және қай арманын

келешек ұрпаққа аманат етіп, тапсырады. Әр мақсатына күніне неше уақыт бөлуі мүмкін болған және нендей жетістіктері жемісті болды, деп. **Жігер** сөзі, «жасап игер» дегенді білдіріп тұр ғой.

Неге адам тез шаршап қалады деген сауалға жауап беріп көрелік. Адамның ішіндегі арам ойлары жиналып, ауру шақырады. Ондай аурудың кесірінен, ағзасы әлсіз болып қалады. Көп еңбек етуге күші жетпей жатады, тез шаршап қалады. Психосоматика деген медициналық сала осыны жақсы зерттеп жүр бүгін. Көп кезде денеміз шаршап, әрекет қылуға қауқарсыз болады. Осыны емдеудің бірден бір жолы, өзіне сенім артатын, үміт беретін сөздерді жиі айту болады. Тағы пейілі өмірлік дүниетанымына байланысты болып тұр ғой. Әрі адамдың ойы, жеке басының қамынан аспайтын болса, өзін дүниенің кіндігі деп санайтын болса, ондай кезде күші тез таусылып қалады. Алайда, егер Құдайдың қалауын бірінші орынға қойса және Құдайдың разылығы үшін өзін өзгертуге көп тырысатын болса, талай шаруаны тындыруға болады.

### **3. Жылы жүрек – Мөлшері сезімі (эмоциялық орталық)**

Адамның эмоциясы өте күшті жүйе. Эмоциялары тасыған кезде, ондай адам еш нәрсеге қарамай қалады. Делебесі қозып, қаны көзіне шауып, алды артына қарамай шауып кетеді. Осы эмоциялар қайдан шығып отыр және соларды басқаруға болады ма деген сауалға жауап беріп көрелік.

Әрине, сабырға шақырып, барлық істе байсалды болуға тырысамыз. Дегенмен, эмоциялар әсерлі ықпал жасаған кезде, оған төтеп беру қиынның қиыны. Әр адамға алдымен, өзінің ішкі сезімдер тәртібін тізгіндеп үйрену керек. Мектепке келген оқушы балаға, қолына кітап алар алдында, осы сезімдерді бақылауға үйрету керек, міндетті түрде. Біз тамақ ішер алдында қолымызды жуамыз, осыны бала кезден дағдыланып алдық. Енді тура сол тәсілмен, бала кезден балаға кітапті немесе басқа білім көзі болған ақпарат көзін оқу алдында, ойымен өзін тексеріп, ішкі сезімдерін қажетті тәртіпке келтіріп алу керек. Асығып келіп, қолға алған білімнен еш пайда болмайды. Іштегі ойы жүйіткіп, шауып кететін болса, көзімен оқып отырған әріптер миыға қонбайды. Есте тек, құр бос сөздер қалып қояды.

Эмоцияларды тізгіндеудің өзі өнер болады. Жоғарыда жазғандай, адамның түпсанасы шексіз ой мен мәліметтерді зерттеп алатын шамасы бар. Оған керегі тұрақты ережелер тәртібі. Екі жүзділі ұстанымдар түп сананы шатастырып жібереді. Қате шешімге апаруы мүмкін, сол себепті эмоция келбеті құбылмалы болып тұрады. Соған қоса, әр бір ойға байланысты эмоция арқылы адамның өзіне сай эгрегорға қосылуы мүмкін. Мысалы екі адам бір оқиғаға тап болады. Біреуі қорқыныш сезімге ерік беріп қояды, ал екіншісі ашуын шақырып шығады. Екеуіне сай, екі бөлек эгрегорлар іске қосылады. Содан эмоцияға беріліп, өздері не істерін білмейтін болса, оларға билік жүргізген эгрегорлары керек қиялды салып жібереді. Содан олар санасы құл болып, эгрегор алгоритмына сай әрекет жасайтын болады. Тағы үшінші адам, осының барлығын көріп тұрып, іште сабырлық сақтап тұрады. Ондай адамға эгрегор жүйесі санасына қосыла алмайды. Себебі эмоцияға билікті бермей, адам өзі тізгіндеп тұр.

Жындар адамдарды сол эмоциялар арқылы билейді. Алдымен адам ойға ерік береді, сонда ойдан шығатын эмоцияға қатысты эгрегор қосылады. Ал керек эгрегорды жалғайтын күш ретінде жын шығуы мүмкін. Әрине, егер адам өз ойына ерік бермей, бақылап отырса, онда эгрегордың күшті ықпалы әсер етпейді. Алайда егер, адам ойларына ерік беріп қоятын болса, онда жындар осыған

лайық етіп, өзіне керек еткен эгрегорларды салып жіберуі мүмкін. Сондай кезде, адамы өзіне өзі қожайын болмай кетеді. Эмоцияларға беріліп, талай қылмысқа да баруы мүмкін. Осы жерде есте қалатындай етіп, бір қиссаны айтып өту керек. Сонда эмоциялардың эгрегормен қалай байланыс жасайтынын көретін боласыз.

## Жын және байлаулы ешкі.

Баяғы кезде бір ауылда болған оқиға екен. Көрші болып, екі отбасы тұрған екен. Жазды күні бір ешкі қазығына байлаулы болып тұрған еді. Жын келіп, осы ауылдағы адамдардың ойларын маза еткен эмоцияларға қарап, солардың қандай эгрегорларға қосылып жүргенін байқайды. Содан ол бос тұрған ешкінің бауын шешіп, босатып жібереді. Ешкі босай салысымен, көршінің бақшасын меңзеп, бірден сол жаққа кетеді. Көп ұзамай, бақшасындағы барлық жасыл шөп жемістерін жей бастайды. Соны көрген бақшаның иесі, барып барлық өзінің малын көршісінің бақшасы жағына айдап салады. Содан екі көршінің арасында жан жал басталады. Екі жақтың ағайындары мен ұл балалары көп екен. Барлығы қолдарына таяқ алып, бірін бірі сабауға кіріседі. Артынан қан жоса етіп, бірін бірі сабаған екен. Содан ауылдың ақсақал абыздары келіп, екі жақты эзер тоқтатыпты екен. Осының барлығын көріп отырған бір әулие ата жыңды шақырып алып, сұрайды одан:

- Сен оңбаған, не істедің! Мынауың не қылғаның?

- Ой бай! Мен не істеппін сонша? Мен бар болғаны, ешкінің бауын шешіп жібердім, ғой! Қалған істі жасаған мен емес, адамдардың өздері... - деп жауап берген екен, әлгі жын.

Міне осылай, әр адам өзінің ойларымен көптеген эгрегорларға жалғанады. Одан кейін, жындары адамның ойлауын тексеру үшін, өзіне лайық эгрегорын қосып көреді. Онысы адамның есіне көп жаман ойларды толтырып жібереді. Егер адам өзінің ойларына ие болмай қалса, онда сол жаман ойлардың жетегімен кете береді. Тереңге батқан сайын, жын да одан бетер, теріс ойлардың легін көпіртіп салады. Солардың салмағына шыдамаған бейбақ, ауызына темекі салып, шөлмектен бір ұрттап алады. Спирт қанға сіңген кезде, денесі балқып, эгрегордың алдамшы ойларына сұңгіп те кете береді. Осылай міне, кеше тәуір болған жас ақын, бүгін арақтан ауызы босамай, теріс ойлар жетегінде адасып жүреді. Бұл жерде тағы қайталап айту керек. Эгрегор емес жаман, жын да емес жауапты, бұл жерде. Өзінің ойларына ие бола алмай қалған, ақыл иесі азамат кінәлі болады. Иесі болмай өзінің эмоцияларына, кез келген эгрегордың жетегінде құл болып, қалады адам. **Есті** сөзі міне осы жерден көрініп тұр, өзінің эмоцияларын тізгіндей білген адам **Есті** болады.

Эмоциялардың шығатын себебін тағы бір айтып көрелік. Адамның ақылы қалай жұмыс істейтіні туралы айтып өтелік. Мысалы сіз достарыңызға қызық әңгіме айтып отырсыз, делік. Кенет, сізге бір дыбыс естілді делік. Сонымен қоса, көз алдыңызға ұшқан бір титтей нәрсе көрінеді. Тағы бір ызыңды қолдың терісі сезіп қалады. Содан осы үш сигнал тіркеліп, миыға кетеді. Қолыңыз сезіп қойған ауаның толқыны, құлақ естіген ызың дыбысы және көзге түскен шыбын бейнесі. Осы үш сигнал бөлек жолдарымен, миыдың ішіндегі бір жеріне жиналады. Содан кейін, олар миы ішінде өз ара бірігіп алады. Енді, осындай сигналды қабыл алған ақыл жүйесі, жадының ішінен осыған ұқсаған бейнелердің қиялын іздей бастайды. Бәлкім бұл піл шығар? Жоқ ұқсамайды. Әлде терек па екен? Жоқ ол емес. Осылай жылдам тексеріп, онысы шыбын екенін анықтайды. Шыбын бізге қауыпты ма? Жоқ. Онымен не істеу керек сонда? Шыбынды қолымен ұстап алуға болады. Демек

оны ұстап көрейік. Ол үшін не істеу керек? Қолды қарсы сермеу керек. Оң қол ма, әлде сол қолы ма? Оң қолы делік. Шешім қабыл болды, қимылға сай қиял түрі шақырылады жадының ішінен.

Енді мынаған назар салып көріңіз. Алғашқы шыбын ызыңы естіліп, көзге көрінген сәттен бастап қолға бұйрық берілгенге шейін, қанша уақыт өтті деп ойлайсыз? 0.3 секунд! Бұл деген, 300 мили секунд уақыт екен. Енді 0.3 секунды ішінде, әлгі шыбын бір талай ұшып үлгереді емес па. Сонда қалай біз, бала кезде ұшып бара жатқан шыбынды ұстай білдік? Оның жауабы өте қызық! Біздің ақылымыз, болжам жасай алады екен. Ол шыбын қай жаққа қарай ұшып бара жатқанын есептеп, 0.3 секунд ішінде шамасы қай жерде болатынын біліп отырады. Және қолға бұйрық берген кезде сол аралықты есептеп алып, береді екен бұйрығын. Бала бір жасқа толған кезде, өзі денесіне көз салып, үнемі тексереді. Міне сол кезде, әр адам өзінің шамалап, неше милисекунд кешігетінін өз жадысына жазып алады екен.

Күнделікті істі жасаған кезде, байқаған шығарсыз, ас үйдегі үстелді біреу қозғап қойса, соған сіз аяғыңызды соғып аласыз, байқамай. Неге? Себебі сіздің ақылыңызда, үстелдің тұрған жері басқа жерінде болған еді. Солай жаттанды қадам жасап, аяқ барып соғылады. Сондай кезде, ақыл іште тексеру амалдары жүріп, қиял жүйесіне өзгертулер салады. Және артынан сіз, аяқты байқап басу арқылы, сол өзгерісті ескеріп жүресіз.

Сонда эмоция легі қайдан шығады екен? Жауабы өте қызық. Біздің ақылымыз осы шақпен емес, келер шақпен жұмыс істейді. Әр сәт сайын, алдыдағы 0.3 секунд ішінде не болмақ екен деп, өзі болжам жасауға барлық күшін салады екен. Соның нәтижесінде, күтетін болжамы шығады ақыл жүйесіне. Қайдан шығады? Түпсанадан шығады екен. Ағзамыз әр сәт сайын, сезіп көргенін жеке алып, түпсанаға жібереді. Есептеп берші маған деп. Ал түпсананың қуаты шексіз. Көп мәліметті түпсана жүйесі жылдам есептей алады. Содан соң, ақылымыз үнемі болжам ретінде, түпсанадан өзіне керек 0.3 секунд ішінде болатын, келешектің болжам бейнесін қабылдап отырады. Сондай болжам ақпаратты түпсана қалай береді ақылға? Эмоция арқылы. Түпсана жауап ретінде беретін бір ғана амалы бар екен. Онысы эмоцияның түрлері.

Енді мынаны қараңыз. Егер адам баласы, өмірге немқұрайлы қарайтын болса, онда көп ақпараты ақылға бейсаналы түрінде жазылады. Демек жадының іші реттелмеген мәліметтерге толып отыр және түпсанамыз оны дұрыс бағалай алмайды. Қайсы жақсы, қайсы жаман екенін білмейді. Осы кезде, түпсанамыз не жауап бере алады? Өткенге өкініш және келешекке үреймен қарап, жауабы сондай болмақ. Ал егер керісінше болса ше? Адам әр істе ой салып, зейінмен сұрыптап отырады және барлық болған оқиғасына бағасын береді. Содан кейін, екіжүзді ережелерді үнемі байқауға тырысып, түпсананың ішінен оны тазалап отырады. Сонымен қоса, асқақ арманын жүзеге асыру үшін, алдына арнайы мақсаттарды белгілеп, олардың тізімін түпсанаға салып отырады. Мақсаты орындалу үшін, қандай амал әрекет бірінші кезекте жасағаны дұрыс екенін, түпсанаға тиянақты етіп, түсіндіріп береді. Содан кейін түпсанамыз, болашақтың болжамы ретінде беретін жауабын, көретін болсақ. Онысы әрине үмітке толы болады және адамға жылы сезімдерді ұсынады.

Ал енді Құдайға мүлдем сенбейтін адамның ақылына көз салып қараңыз. Ондай адамның ақылы жақсы мен жаманды қалай айыра алады? Кез келген оқиғаны кездейсоқ деп, ойлайтын болса. Өзі түпсанаға не құндылықтарды жазады екен? Немесе сайтани психикасы қатарына жататын адамы туралы ойланып көріңіз. Өзіне керек адамды бүгін жақсы деп, ертең онысы керек болмай қалып, түпсанаға оны жаман деп айтса, ондай түпсанасы әбден шатасып қалады ғой. Эмоциялары толы сезім болып, сабыр деген атымен жоқ болады соларда. Эгрегорлардың құлы болмай қайтсын?

Енді эмоциялардың табиғатына қарайық. Адам қай кезде күледі және қай кезде ашуланады? Осы сауалдарға жауап беріп көрелік. Түпсанадан үнемі келешектің болжауын алған соң, сол болжамы орындалғанын күтеді адам. Егер нәтижесі өзі күткенінен жаман болса, адам ашуланып, жылап та қалуы мүмкін. Ал егер қол жеткізген нәтижесі, күткенінен әлде қайда жақсы болып шықса, адам ондай кезде күліп жібереді. Бір эмоциясы минус, екіншісі плюс болып шығыпты. Ал егер күткен нәтижесі, тура сол күткеніндей шығатын болса қалай? Мысалы сіз жоспарлап әрекет жасадыңыз делік. Түпсанаңыз сізге осындай нәтижесі болу керек деп, жауабын беріпті. Және нәтижесіде, сіз күткендей болып шықты. Сондай кезде сізде қандай эмоция екен? Ішіңіз тыныш болады. **Сабыр** деп, айтады сондай эмоцияны. «Сабыр түбі сары алтын», дегені тағы бар. Сабырлы болған адам жүрегі, жылылыққа толы болады. Өзінің және айналадағы адамдардың әр қимыл әрекетін ескере отырып, келешегін жоспарлай білген адамда, сабырлық пайда болады. Ондай адамдар, көп сөзді айтпай, өзінің қалауын ымдап білдіріп отырады. **Жүрек жылылығы**, қасындағы адамдардың ішкі сезімдерін ескеруі арқылы білінеді. Тағы сол, көрегендік жоспарлау философиясын алдымыздан көріп отырмыз. Жоспарлау өз ретімен, жауапкершілік арқылы, өзінің алыстағы мезгілін іліп, көз салады болашаққа.

Эмоцияның табиғатын біраз ашып алған соң, енді **жылы жүрек** ұғымына көз салып көрелік. Кез келген істе, адам алдымен ақпарат көзі ретінде жоспарын құрайды. Содан кейін жоспарға сәйкес әрекет қылады. Артынан нәтижесіне қарап, өзінің жоспарымен салыстырады. Міне осындай кезі адам ішінен эмоциясы шығады. Адамның ішіндегі **мөлшері сезімі** баға береді. Сол алған бағыты дұрыс па, әлде жоқ па. Осы жерде жүректің жылылығы зор көмек береді адамға. Қатесіз кім бар бұл әлемде? Қатесіз өмірлік тәжірибе алу мүмкін емес қой. Жапон елінде мақал бар: кім төрт рет құласа, сол бес рет тұрады деген. Сол сияқты, қателік жасаған кезде, іштегі мөлшері сезімі айтар адамға, эмоция арқылы өзінің бағасын. Көбінесе адам сондай кезде өзін сөге бастайды. Адам іші ашуланып кетеді. Қолымнан келмейді деген эмоциялар толқытып жібереді адамды. Эгрегор күші өзінің ықпалын тағы қосады. Содан еңсесі түсіп кеткен адам, қолын сілтеп, тастап кетеді ісін.

Сондай сезімдер адамды неліктен басып тастайды? Себебі, адам өзіне кешірім жасауды білмейді мүлдем. Оған ешкім үйретпеген онысын, ал өзінің батылы жетпейді. Жүректің жылылығы ондай кезде кешірімді болуды үйретеді оған. Ең алдымен адам баласы өзін кешіріп үйрену керек. Соны үйренген адам, қателік шыққан кезде, өзіне кешірім жасап алады. Өзгелерге жамандықты істеген болса, олардан да кешірім сұрауды үйрену керек, әрине. Тағы сол, ұлудың шиыршығын бейнелеп елестеу керек, көз алдына. Ұлу, әр бір қалқанын епті қылып жасайды. Солай әр адамда тиянақты жасап үйрену керек. Асығыс жасаған кезде қателік көп шығады ғой. Жүректегі жан жылы сезімі, үміт сыйлайды адамға. Онысы іштегі **мөлшері сезімі** арқылы болады. Мысалы тамаққа тұз салар кезде, ешкім грамдап өлшемейді ғой, іштегі сезімі арқылы өзі біледі. Міне осылай іштегі сезімін тыңдап үйренген адам, өзіне сенімді болады. Сонымен қоса, адамның өзіне алған жауапкершілік деңгейіне қарай, іштегі мөлшері сезімі өсетін болады. Тағы адамның санасы, саф заңдылықтары туралы біліміне сай, осы мөлшері сезімін дамыта алады.

**Мөлшері сезімі**, адамға эмоциялар арқылы сездіреді не дұрыс екенін және несі бұрыс екенін. Өзі ішінен байқап үйренетін болса, ондай адамның жүрегі жылы болады. Ал егер керісінше мөлшері сезімін елемейтін болса, ондай адамды біз «бетпақ» деп айтамыз. Жаны ашымайтын тас жүректі біреу екен, деп айтамыз. **Мөлшері сезімі**, адамға Құдайдан берілген. Адасатын кезде ең алдымен адам, осы мөлшері сезімінен айырылады екен. Сондай кезде, «өзің білмей, білгеннің тілін алма» деп, ойына келгенін жасайтын болады адам. Өмірде көп кездесетін шығар, күтпеген жерде адам,

жол тауып кетеді. Сондай кезде барлығы тамсанып қарап, қалады. Одан артынан сұрап көрсеңіз, ол білмеймін, солай жасап көрейін деген едім, деп жауап береді. Іштегі мөлшері сезімі сол кезде оған, тығырықтан шығатын жолын аян арқылы ашып береді. Тағы керісінше болады. Кей кездері шешімі көз алдында болса дағы, соны көрмей қиналып тұрады ғой адамдар. Сонысы тағы іштегі сезімнің әлсіздігінен болып тұр. Осыған арнайы Құрандағы «Ағраф» сүресінен, үзінді келтіреміз (7:179): *«Рас тозақ үшін көптеген жындар мен адамдар жараттық. Солардың жүректері бар, алайда олар онымен түсінбейді. Көздері бар, сонымен көрмейді. Және солардың құлақтары бар, ол арқылы естімейді. Олар хайуан тәрізді, тіпті одан ары адасуда. Міне сондай жандар мүлде қаперсіздер.»*

Жаратқан ием әр адамды ерекше етіп жаратқан. Саусақ таңбалары дараланып тұрғаны тәрізді, әр адамның ішкі мөлшері сезімі де қайталанбайды. Ерекшелігі осыдан білінеді. Сол сезімді көрудің өзі мүмкін емес. Оны біз эмоция арқылы сеземіз. Іште бір сезім тұрады, соны кей адам интуиция деп айтады тағы. Алайда, интуицияның өзі сол мөлшері сезіміне негізделіп шығатын дүние. Сол туралы, Құрандағы «Бақара» сүресінен, үзінді келтіреміз (2:53): *«және тура жолына келуі үшін, Мұсаға Тауратты және жақсы мен жаманды айырушы (мөлшері сезімі) нұсқауын бердік».*

Сонымен, қорытындылап айтатын болсақ. Адамның эмоциялары түпсанадан шығып отырады. Іс қылған кезде, эмоция арқылы, түпсана бағасын береді. Түпсананың есеп қылу мүмкіндігі шексіз болады. Тек түпсанамыз өздігінен жақсы мен жаманды айыра алмайды. Оған адам, саналы түрде құндылықтардың ережелерін, үнемі бекітіп отыру керек. Ережені бекітетін кезде, қателік жасауы мүмкін деп, өзіне өзі кешірім беру керек түпсанада. Өзін кешіре алған адам өзгеге кешірім жасай алатын болады. Осы жерде жүректің жылылығы ашылады. Дұрыс немесе бұрыс па деп, мөлшері сезімі арқылы біледі адам. Осы сезімін жақсы игеріп алу үшін, түпсанадағы ережелерді тексеріп отыру керек, ішіндегі екіжүзді ережелерін іздеп отырып, жою керек. Жігерін қайрап, жаңа білімі ақылға қонатын болса, соған сәйкес түйсіктегі түйіндеме сөздер өсіп жатса, соның барлығы ішкі түпсанаға құйылып жатады. Жаңа технология саласынан адам хабардар болса, осының барлығы, түпсананың ішінде сұрыпталып жатады. Және адамға қажет болған кезде, бірден жауабы эмоция арқылы бетіне шығады. Түпсанадағы ережелердің тәртібі Ұнарды құрайды. Осы Ұнарға сәйкесті етіп, жан арқылы аян беріледі адамға. Оны біз іштегі мөлшері сезімі арқылы білеміз. Ақыл ішіне осының барлығы, эмоция арқылы шығады. Эмоциялар ағымын өте мұқият тексеріп отыру керек. Себебі эмоция арқылы ой өрісін көреміз. Біздің қоғамда, сондай көз қарас қалыптасқан. Ой тегіс адамға тиесілі деп байланыстырамыз. Онысы қателік. Егер адам сабыр күйде болса, ондай кезде ойдың иесі өзі болар мүмкін. Бірақ қашан біз сабыр болған едік? Көпшілік уақытта, эмоциялары төрге шығып, ойларды шапқылатып жүреміз. Осындай кезде ойдың тегі, эмоция арқылы эгрегор жүйесіне жалғанады. Егер сондай кезде, ойларымызға ие болмайтын болсақ, жындар бірден осы кейіпін сезіп қояды, адамның. Сосын өзіне лайық етіп эгрегорларды салып қояды санасына қиял арқылы. Адам санасына эгрегор жалғанып қойса, ақылдың ішіндегі ойлардың көбісі өзінікі емес болады. Көп жаман ойлары эгрегордан құйылатын болады адамның санасына. Осыдан абай болу керек. Осыған ие бола білген адамы, өзіне өзі қожайын болады. Есті деп айтамыз сондай адамды біз. Негізі бүгінде ғалымдар осы туралы, Эмоцияналды Интеллект есімді ғылым саласы деп, көп зерттейді екен.

Сонымен Абайдың айтқан сөзін тағы бір қайталап өтелік: Жылы жүрек (эмоцияналды интеллект және іштегі мөлшері сезімі), ыстық қайрат (тән), нұрлы ақыл (ақпарат көзі). Осы үшеуіне билікті жүргізіп, ие болған адам есті болады. Психология ғылымы осыған арналған. Соны әр адамға оқу керек. Өзіне қожайын бола білген адам, кез келген өнерді игеріп алады. Асықпайтын, ұлу тәрізді

епті болып, қадам жасау арқылы өзінің мақсатына жетеді. Алайда, адамның асқақ арман мақсаты Жаратқан иемнің ұлы жоспарына сай болмаса, онда адам өзінің Мөлшері сезімінен айырылып та қалуы мүмкін. Мөлшері сезімін дамыту үшін, саф заңдылықтарын ескеру керек. Соған қоса тағы жауапкершілік деңгейіне қарай, аян көзі беріледі адамға. Осының барлығын есте сақтай отырып, киелі Шежірені жазуға, әр азамат кірісу керек. Шежірені не үшін жазу керек деген сауалға жауап беріп көрелік.

## Шежірені қалай жазамын?

Шежіре сөзін, Шындықты Жырлау деп, мағынасын ашуға болады.

### Ең әуелі Шежіренің ішіне не жазу керек?

Қоғамға, түрлі ықпал арқылы басқару әдістемелері туралы жазған едік. Солардың барлығына бір тарау арнап, Шежіреге жазу керек осыны.

1. Өміртану, дүниетану әдістемелері;
2. Хронологиялық (тарихи) ықпал ету әдістемелері;
3. Идеология (үгіт-насихат) арқылы ықпал ету әдістемелері;
4. Экономикалық және қаржы арқылы ықпал ету әдістемелері;
5. Қоғамға геноцид қаруы арқылы ықпал ету әдістемелері;
6. От қаруы мен ыстық соғыс арқылы ықпал ету әдістемелері.

Алдымен әрине, дүниетанымдық тақырыптарға мән беру керек. Жоғарыда жазғандай, Жаратқан иемнің ұлы жоспарына сай етіп, көзқарасты ашығынан жазу керек. Саф заңдылықтардың өмірге қалай ықпал ететіні жайлы, адам өзінің көзқарасын ашық айту керек. Бәлкім, қателік көзқарасты болып шығуы мүмкін. Қате жазудан қашпау керек. Диалектикалық сұрақтар қойып, соған жауап ретінде, түсінгенді ашық жазу керек. Сіздің ойыңызға қарап, келешек ұрпақ өзінің тұжырым ойы желісін өрбітетін болады. Әр заманға сай, халық ішінде қалыптасқан дүниетанымдық көзқарасы қай дәрежеде болғанын жақсы білетін болады. Осы жерде тағы бір қайталап өтелік, Ең жоғарыда Жаратқан ием тұрады, содан кейін ұлы жоспары бойынша әлем құрылады. Алып әлемнің өзіндік даму жоспары беріледі. Оны Ноосферада айналдырып шығарады. Сол ноосфералық даму жолын іске асыру үшін, періштелер жұмыс жасайды. Ноосфераны түрлі ойларымен, адамзат толтырады тағы. Соның ішінде, біздің қоғамға болашақта қандай өмір салты керек болады деп, әр адамның өзінің ішкі ойы бекітіледі. Ол үшін адам, ашық түрде өзінің ұрпағына жазып, қалдыру керек ойы мен армандарын. Егер адам әлеуметтік желіде ашық жазатын болса, кітап етіп елге жариялайтын болса, онысы жәй, әшейін құр сөз болып қалады. Ал егер, өзінің ұрпағының бақытты болуын өзі тілеп ішінен, соған ең лайық жолы осы деп Шежіресіне белгілеп қоятын болса, онда сонысы бар ынтасымен, шын пейілімен жазылғанын білдіреді. Еш бір адам, өзінің баласына жаманшылықты тілемейді ғой. Таза ниетімен, ең қолайлысы деп, бақытты ғұмыр тілеп жазады. Сондай ашық әрі ұзақ мерзімді арман тізбегі Ноосфераның ішіне тұрақты жазылады. Шежіре ұзақ мерзімді алады және соны мәңгілік үзбей жазылуын қадағалау үшін, әр адамға Құдаймен тікелей байланыс құру ауадай қажет. Тәңірім қолдау берсе, Шежіреңіз мәңгілік үзілмейді ғой! Демек оны жазатын киелі **АрҚан** арқылы жалғанатын ұрпақ көзі, мәңгілік жасайды жер бетінде.

Одан ары, тарихтың басын тарқатып жазу керек. Бүкіл әлемнің тарихың жазу керек. Ерінбей, бар ақпаратты зерттеп отырып, өткеннен бүгінге шейін болған тарихты бір келкі жазған абзал. Әлем тарихын әлі талай өзгертетін болады билік басындағылар. Оны бүкіл адамзатқа жасалып жатқан науқан деп есептеу керек. Барлық мұражай архивтерде, құжаттарды ауыстырып жатыр. Осындай мақсатпен арнайы құпия топтар жұмыс жасайды. Солардың бізге белгілі болғаны, Иезуиттер топ құрғанын білеміз. Ал қаншама топтары тасада қалып, бізге беймәлім. Сол себепті әр үйдің ішіне бүкіл әлемнің тарихы жазылған кітап томдары тұру керек. Компьютер арқылы көп ақпарат көзін сақтап алуға болады. Және тарихты көшіріп қоймай, жеке зерттеп отырып жазу керек. Тарихтың мағынасы өте зор. Бүгін көп архив құжаттары жабық құпия болып жатыр. Неліктен соларды елге ашпай жатыр деп ойласыз? Себебі ішіндегі көп құжаттарды өзгертіп жатыр. Ертең ашқан соң, ел назарына мүлдем басқа, жалған құжаттарын салып жібереді. Оның шын екенін тексеріп алуға өз күшімізбен біз жасай алмаймыз. Ал егер, әр үйдің ішінде өзінің тарихи жазбалары сақтаулы етіп жатса, онда ертең архив қоймаларын ашқан кезде, ішіндегі жалған мәліметі көрінетін болады.

Жалпы тарихқа қатысты айтатын болсақ, кез келген халықтың тарихы қайталанып отырады. Сол себепті, мұқият бақылап отыру керек әр бір оқиғаны. Сонда, келесі болайын деп жатқан тарихын алдын ала болжай алуға мүмкіндік ашылады. Оқиғалардың қайталануы бір ғасырдан артық болу мүмкіндігін ескеру керек. Мысалы 150-200 жыл бұрын болған жағдайлар, осы күндері тағы бізге қайтып келуі, әбден мүмкін. Егер содан біз хабарсыз болсақ, онда Иезуиттер тәрізді құпиялы топ өкілдері, соны алдын ала біле отырып, өзінің қитұрқы саясатын жүргізетін болады елімізге. Осы тәрізді мысал ретінде, біздің елді қуаңшылық басқалы жатыр. Жеріміздегі су көлемі күрт азайып кеткелі жатыр. Шалғай ауылды жерлерде, ішетін су тапшы болады. Осыған, қоғамда дайындығы қалай болып жатыр бүгін? Бұл жерде біз тек Қазақстан жерін айтып отырмыз. Оған көрші болып отырған елдердің тарихын қосатын болсақ, солардағы қайталанатын жағдайы бізге әсерін береді тағы.

Келесі тақырып ретінде, діни көзқарастарды ашық айту керек. Біздің елдегі дәстүр салтын ашық түрде көрсетіп, ішіндегі жақсысын белгілеп қою керек. Кері әсерін беретін салтына, түсініктеме беріп, осал жерін тағы көрсету керек. Жоғарыда жазғандай, Шиит және Суннит қауымы арасына соғыс ашқалы жатыр. Сол себепті, діни ағымдардың арасында бейбітшілік сақтап қалуына бөлек тоқталып өту керек. Әлемнің тыныштығы бізге аманат. Сонымен қоса, әлемде көптеген жаңа дін жүйелері шығатын болады. Қазір цифрлық әлемде, «**Матрица**» киносына сай етіп, діни ағымдар пайда болады. Голливуд тарапынан көптеген фантастикалық шытырман бейнелер шығып жатыр. Солардың барлығын көп ақша шығарып бекерге жасамайды. Артында діни эгрегор жүйесін қосу үшін, әлем халықтарының назарын өзіне қаратып алу үшін жасалады. Соның барлығы діни күші зор болып, қоғамға ықпалын салады.

Одан кейінгі маңызды тақырып ретінде, қоғамның экономикалық даму жолдарына, назарды салу керек. Кооперация туралы жазып, Хрематистика тақырыбын ашып жазу керек. Банк жүйесі ақша көзін ауадан қалай жасап отырғанын, ашық айту керек. Мультипликативты коэффициент негізіне сүйене отырып, банктер ауадан ақшаны жасап алады. Ал қарызды халықтың басына аударып, өзі күнәсіз болып қалады. 2026 жылы Қазақстан халқы Атазаңды қайтадан қарастырып еді, өзгерісті талқылаған кезде, ешкім ақшаға қатысты талқылауды ашпады. Қазір заң бойынша, ұлттық банкі Қазақстан мемлекетіне тәуелді емес болып тұр. Оған халықаралық қаржы орталық тарапынан не бұйрық келеді, соны орындауға тырысады. Біздің елдің мүддесін қалай қорғаймын деп отыр өзі? Осындай тақырыптарға немқұрайлы қарамай, әр азамат өзі ізденіп, ғаламтордан барлық ақпарат

көзін таба алады. Бұндай қаржылық жағдай барлық елдерде бар. Енді осыған не шара қолдануға болатыны туралы, Шежіреге жазып отыру керек.

Келесі тақырып ретінде денсаулық жайлы жазу керек. Жеті Ата дәстүрінің бір қасиеті денсаулық сақтау үшін, көмегі зор. Ал бүгін, адамзатқа көп әсер беретін зиянды ықпал ретінде, химия және радиация саласы. Сонымен қоса, ақпарат әлемінде көп жаман ойлар, насихатталып жатыр. Соны жеке тексеріп отыру керек. Осыған арналған зерттеулерді қарап отыру керек. Барлығының ықпал әсерін жазып отырсаңыз, келешек қоғамға көмегі зор болады. Тұқым қуалайтын аурулары алдын ала тексеруден өтсе, көмегі зор болады. Қазір ағзаға көп улы заттар жиналып жатыр. Адамға оны сездірмеуі де мүмкін. Дегенмен, келешек ұрпақ денсаулығына әсер береді. Оны шөпшек, немене деңгейінде жаман ауру етіп бірақ көретін боламыз. Сол кезде емдеу тіпті қиынға түседі. Геноцид түрі осылай, бүкіл қоғамға ауыр салмақ болып басылады. Билік тарапынан, көмек күтіп отыруды қою керек. Барлық осындай тақырыптарды, әр адам Шежіресіне жазу керек. Ноосфера жақтанда келер көмек көзі, осындай ойлардан жиналады. Ал егер біз, қолды сілтеп қоятын болсақ. Осыған қатысты барлық әрекет, Ноосфера тарапынан қарастырылмай қалады. Себебі халық өзіне қандай болашақ қажет екенін ашық жазбай отыр дегені.

Тағы маңызды тақырып болғаны, тәрбиелік жүйенің жұмысы. Мектеп жүйесінің сапасы туралы, міндетті түрде жазылу керек Шежіренің ішіне. Оған қоса Ғылыми зерттеулердің сапасы. Отбасы аясында балаға берілетін тәрбиенің дәстүрін атап өту керек. Соған Мемлекет жүйесінің құрылыс негіздері қандай болу керек жайлы арнайы атап өту керек. Жалпы ғаламторда Мемлекет жүйесін талқылап жүрген зерттеушілер аз емес. Солардың ішінде жақсы талқыланып жатқан арнасы деп, Dao Governanace over Web3 есімді қозғалыс бар екен. Ғаламтордан өзіңіз тауып аласыз. Алдымен болып жатқан саясаты туралы пікіріңізді жазу керек. Содан соң, жағдайды қалай жақсарту керек жайлы, тағы ойыңызды көрсетіп қоясыз.

Келесі тақырып етіп, жауапкершілік дәрежелерін ашып жазу керек. Адамның өзі еркімен алатын жауапкершіліктер тізімі:

1. Жеке басының мүдделеріне қатысы бар жауапкершілік;
2. Туысқан, отбасы, достар арасындағы, күйбең тіршілікке қатысты жауапкершілік;
3. Қаржы және кәсіби салаға қатысты жауапкершілік;
4. Таптық (бай – кедей, жеке меншік - қоғамдық) көзқарастағы жауапкершілік;
5. Түрлі ұлттар арасындағы қарым қатынасқа қатысы бар жауапкершілік;
6. Діни салаға қатысы бар жауапкершілік;
7. Жалпы мемлекеттік дәрежедегі жауапкершілік;
8. Бір неше мемлекетке қатысы бар регион көлеміндегі жауапкершілік;
9. Жер бетіндегі барлық адамзатқа қатысы бар жауапкершілік.

Содан кейін Шежіренің ішінде саф заңдылықтарын ашып айту керек. Тіршілік аясын толығымен қамтыған заңдылықтар тізімі:

1. Жер шардың жалпы биосфералық заңдылықтары;
2. Адамға тән биологиялық заңдылықтары;
3. Ноосфералық және Сенін-нанымдық қарым қатынас заңдылықтары;
4. Әлеуметтік және мәдени негізін құрайтын заңдылықтар;
5. Шаруашылық істерді тындыратын экономикалық заңдылықтар;

6. Елді өз ара ұйытып, іс барысында адамдарды берекелі басқарудың заңдылықтары.

Үлгі ретінде, осылардың барлығын ашып, көрсетіп қойдық бұл кітаптың ішінде. Соған қарап, өз ойларыңызды жаза аласыздар. Қате болады-ау деп, қорықпау керек. Кітапты қолға алып, жазуды бастасаңыз, ғайып әлемінен сізге көптеген ойлар тізбегі аян арқылы өзі түсетін болады. Соларды тек жіберіп алмай, уақытылы қағазға түртіп үлгерсеңіз игі. Аруақтар да, бізге өзінің көп көмегін беруге ынталы, тек соны жазып алатын жан болсайшы!..

Тағы, кітапты жазудағы есте сақтайтын мәселе, ойыңызды ашуланбай жазу керек. Өмірден үміті үзілген адамның, түңіліп кеткен сөздеріне ұқсайтын етіп жазбау керек! Керісінше, көп мың жыл бойы қиналып келген халқымыздың, тығырықтан шығатын жолын тапқандай, елге қуаныш және үміт әкелетін кең дариялы жол іспетті қылып, жазу керек ойларды. Сондай кезде, келешек ұрпақ өзінің мақсатын айқын көретін болады. Ғайыптан бізге аруақтар көмек береді. Ноосфера тарапы, періштелер арқылы бізге көмек береді. Құдайдың жүрек арқылы тікелей байланысы киелі Рұхын жіберіп, жолдың дұрыс бағытын көрсетеді. Қазақстан халқының әр азаматы, болашағын мәңгілік етіп қалыптастыру үшін, қандай амал әрекет жасау керегін, іштей біліп отырады. Осыған көңілді бөліп, Шежіренің баянды тарихын өрбіту керек.

## **Шежірені не үшін жазу керек?**

Еркіндікті сақтап қалу үшін жазу керек. Ата бабаларымыз кезінде, саналы түрде қазығын қазып алып, қалалық өмірден бас тартып, далаға көшіп кеткен еді. Еркіндікті сақтап қалу үшін, сондай әрекетке тәуекел етіп, барған еді. Сол кездері ұлы дала табиғаты құбылмалы болғанын біле тұра, мың жылдар бойы аштық пен жұтқа қиналып жүрген еді. Мың өліп, мың тірілсе де, аманат етіп, еркіндік жолынан бастарпаған еді. Бүгін біз, мың жылдар бойы сұрыпталған, көшпенді салттың дәстүрін ұстанып жүрген жоқпыз. Бүгін қалалық тұрғындардың саны, ауылдағылардан көп асты деп жатыр статистикасы. Бірақ көшпенді болудың бастапқы мақсаты, еркіндік еді. Ұрпағы бөтен елге құл болмасын, әр ұлымыз жеке басымен хан болсын деген асқақ арманы бар еді сол заманда және бүгін соның ізін көре аламыз. Қазақстанда ғана өзінің ұлдары мен қыздарына «хан» есімін береді екен. Бүгін бізге, еркіндікті сақтап қалудың жалғыз жолы, осы Шежіреге негізделіп отыр.

Тағы айтып өту керек, еркіндік деген жауапкершіліктің көлеңкесі. Көзі ашық адам, қаншалықты жауапкершілікті мойнына алатын болса, соншалықты еркіндікке ие болады. Баяғы заманда жер шалғай, көп халықтар бірімен бірі араласуға мүмкіндігі жоқ еді. Сол себепті, барлығының елдері өзінің даму жолымен ғұмыр кешетін. Бүгін заман басқа, жер шардың бетін байланыс көзі торлап тастады. Ғаламтор желісімен, жер шардың арғы жағындағы адаммен байланысқа шығып, онлайн сұхбат құруға болады. Шекара алыстығы кедергі болмай қалды. Соның салдарынан, мәдени күш арқылы, кез келген елге ықпал етуге болады. «Жауды жеңем десең, ұрпағын тәрбиеле», деген сөз бекер айтылмаған ғой. Шет елден келген өзге мәдениет күштері ықпалын жасап, жас буынға көп әсерін салып жатыр. Осылай жіберіп қоятын болсақ, екі ғасыр ішінде, мүлдем басқа елі болуына әбден мүмкін.

Осыған бір мысал айтайық. Көне Қытайдың жазбалары өте күрделі болған еді. Соның көне көзін көру үшін, бүгінгі Тайвань еліндегі жазуларына қараңыз. Қытай елінде революция болған соң, өз

қаріптерін жеңілдетіп алды. Онысы, жаппай қара халықты сауаттандыру үшін жасаған еді. Одан кейін, Қытай елінде көп адам жазу мен сауатын ашып алды. Енді бүгін, Ұлы Британия ықпалына көз салып қарайтын болса, олар не істеді? Солары әлемге компьютерлік жүйені ағылшын тілінде енгізіп салды. Содан кейін Қытайдың адамдары қайтып, өзінің таңбаларын компьютер және өзге смартфон құралдарына енгізеді екен? Барлығы алдымен, латын қаріпін қолданып, сөзге лайықты бір екі әріпті тереді екен. Былай қарасаңыз, онда тұрған еш нәрсе жоқ сияқты. Алайда, сөйлемді құру үшін, әріптерді көз алдына елестету керек. Содан кейін олар, керек таңбаны еске салу үшін, латын әріптерін қиялынан алып шығады. Міне осылай, Қытай елдің халқы, смартфон тәрізді тоқ құралдарымен жұмыс істеуі үшін, миына латын әріптерін жазып, сақтап отыр. Сонда тұрған несі бар, деген сауалға жауап берелік. Егер барлық жастары, Қытай әріптерін жазу үшін, алдымен көз алдына, латын әріптерін қиялдан еске салатын болса, онда Ұлы Британияның мәдени ірі ықпалы жастарға насихатталып жатыр. Осыған тосқауыл қоймаса, екі ғасыр ішінде Қытай халқы, латын әріптерімен ойланатын болады. Суық қарудың ауыр ықпалы осылай жүріп жатыр.

Үнді елінде, әлемге әйгілі болған Махатма Ганди өмір сүрген еді. Сол кісі қалай танымал болған туралы айтып өтейік. Екінші дүниежүзі соғысында, Үнді азаматтары Ағылшын әскерінде Жапон және Германия еліне қарсы соғысқа қатысқан еді. Сол мезгілде, Үнді елінде бір қаһарман азамат болған екен, есімі Субхас Чандра Бос. Бұл кісі Жапон және Германия билігімен келісіп, тұтқынға түскен барлық Үнді азаматтарын өзіне бергенін тілейді. Соғысқа қатысып, әскери тәжірибесі бар ондай жігіттерге қару беріп, Ағылшынға қарсы соғыс ашпақ ойы болған екен. Ағылшындар, осы адамның маңындағы көп әскер күшін көрген соң, бірден алдыға Махатма Гандиді шығарады. Ол кісі барлық Үнді халқына үндеу салады, бейбіт жолмен, қан төгіске жібермей, ағылшынға бодан болмай, бостандық алудың жолы деп айтады. Ағылшындар барлық күшімен, төрге Махатманың айтқанын алдыға тартып, Үнділермен соғыспай, тез шығып кетуге тырысады. Содан бүгін, бүкіл әлем Махатма Ганди десе бас иеді, ал нағыз Үнді елінің еркіндігі үшін, соғысуға әскер дайындап және қалың күш жинаған ерді, ешкім аса біле бермейді, әлемде. Калькутта қаласына барып, жол түсіп жатса көріңіз. Сол қаланың әуежайы осы кісінің атымен аталады.

Қытай тәрізді, халық саны көп болған елге сондай әрекет жасалып жатыр, Қазақстан халқы одан мүлдем аз болған соң, бізге оп оңай күш салауы мүмкін ғой. Әскери соғыссыз, бейбіт және ашық саясатымен, мәдени ықпалын жүргізіп отырады. Содан екі үш ғасыр ішінде, өз қазығын ұмытып кеткен біздің ұрпағымыз, бәрінен айрылуы мүмкін. Сол себепті, тілімізді, тарихымызды, мәдени құндылықтарымызды сақтап қалу үшін, Шежіреге соны жазып отыру керек.

Билік тарапынан осындай мәселелердің шешілуін күтіп керегі жоқ, ағайын. Алдымен барлық үй ішіндегі, шаңырақ аясында, өз ара талқыланып, Шежіре ішіне керек барлық құндылықтар тізімі жазылу керек. Содан кейін, күнде кешке, отбасы мүшелері арасында, соларды оқып тәрбиелік іс әрекет ретінде, дәстүрі қалыптасу керек. Содан кейін, осы салт бойынша, жаңа буын жастар легі тәрбиеленіп шығады. Сондай жастарды бізге Ноосфера тарапынан періштелер жіберетін болады әлі. Міне осы жастардың легі, билік басында орын алған соң ғана, биліктен қайырлы ия берекелі дүниенің басталауын күтуге болады.

Баяғы заманда, біздің аталарымыз философиялық көрегендік танытып, өздерінің ұрпағы қандай ғұмыр қалағанын, жоғарыда айтқан едік. Соны тағы бір қайталап өтелік. Ең алдымен, өзгелердің құлы болмасын деп, еркіндікті пір тұтқан. Құлдық сана қалалық жерден шығады деп, ұлы далаға көшіп кетті. Табиғаттың ауыр жағдайына шыдай білсін деп, Шежіресін тарқатып жазатын болды солар. **Шежіре**, жыр, дастан, тәрізді мәдени құралдар арқылы, өзінің тарихын сақтап жүрген еді.

Отбасындағы татулық пен береке болсын деп, **Жеті Ата** дәстүрін енгізді. Шежіресі мәңгілік күш болсын деп, Құдайдан көмек сұрап тілеген. Соның дәлелі болған, «*жаным Арымның садағасы*», мақалы бізге жетіп отыр. Еш соғысқа қатыспасын деп, **Сақтан** саясатын аманат етіп, тапсырған біздерге. Сөздің төрелігін құрметтеген бабаларымыз, **Төре** ұғымды енгізді санаға. Осыны қабыл еткен барлық көшпенді жұрт, өздерін **Көк Түрік** деп, атады. Содан соң, елдің ынтымағын сақтап қалу үшін, қазықты өзімен бірге алып жүргендігін ұмытпасын деп, **Қазақ** есімді қабыл алды. Ал енді, біздің жаһандану заманында өзіміздің қазығымыз жоғалып кетпес үшін, бізге киелі Шежіре кітабын, жазуды қолға алу керек. Оған орасан көп батылдық керек. Құлдық санамен өмір сүретін адамға, ондай шаруаны тындыру мүмкін емес. Ал мың жылдар бойы, еркін өмір сүрген адамдар, болашақ үшін өзінің мойынына жауапкершілік алатын азамат, осыны жасай алады.

Енді армандап көрелік. Әр үйдің ішінде, өзінің киелі Шежіресі жазылатын болса, ондай халықта нағыз еркіндік нышандары қалыптасады. Әр адамның қайталанбас отбасылық тарихы бар. Жеке дара тәжірибесі бар, қайталанбас өнегелі нақыл сөздері жазылған, іші толған қазына болады. Ал осыны бала кезден оқып білген азамат, өте дарынды болып өседі ғой. Ондай адамға: сен өскенде кім боласың? Деген сауал қоюдың өзі қисынсыз болар. Жердің қай бетінде көшіп жүрсе дағы, өз үйіндегі осындай киелі Шежіресі болса, ондай адам Қазақ болады. Ұрпағын соған үйретіп, солар өзінің ұлтын, ұлттық құндылықтарын сақтап жүреді. **Қыпшақ** сөзі де, соны айтып тұрғой негізі. «**Қылып Сақ**» дегені, өзінің негізін сақтап жүрген адамды айтады.

Тағы қайталап өту керек, біздің болашағымызды Иерофант өкілдері жазып қойған әуелде. Сонау Ырым империясының дәуірінен, көшпенді барлық елдердің тағдырын өзіне тиімді қылып, терең стратегиялық жоспарын жасап қойған еді. Және онысын Ноосфераға тапсырып та қойды. Ендігі қалғаны, Қазақстан елінің тарапынан қарсылық болама екен деп, жоғары жақтан күтіп отыр олар тағы. Егер біздің елдің ішінен, ешкім өзге болашақ нұсқасын ойластырып жазбайтын болса, осы қалпында біздің тағдырымыз, Иерофант нұсқасымен бекітіліп қалады. Оның бір мысалы ретінде Голливуд түсіретін шытырман бейнелерін қараңыз. Әсіресе фантастика жанры бізге болашақтың неше түрлі қиялдарын шығарып жатыр. Солардың барлығы өзіне тиісті эгрегорын құрып жатыр. Және оның барлығы бірден Ноосфераға жазылып жатыр ғой. Соған альтернативасы, бейбітшілік өмір салтын насихаттайтын болашақтың қиялын, біздің қоғам жасау керек. Осы жерде қарсылық амалы деп, солармен соғысу емес керегі. Құдайдың ұлы жоспарына сайкес келетін, өзімізге шын лайықты болашақтың үлгісін ойластырып жазу керек. Егер осы тақырыпты ашық түрде жазатын болсақ онда шет елден өзге саяси күш иелері бірден араласып кетеді. Ал ендеше, әр бір қазақтың шаңырағында, жекелетіп киелі Шежіренің нұсқасын жазатын болса, сондай кезде ешкімі араласа алмайды. Әр үйдің ішіне кірудің өзі мүмкін емес. Сондықтан, **өз сырым ішімде** деп, барлығымыз жазатын болсақ, Ноосфера қарап отырған, Құдайдың ұлы жоспарымен сайкес келетін нұсқалары міндетті түрде шығатын болады. Онысы бірден қабыл болып, сондай болашақты періштелер бар күшімен қорғайтын болады.

Неге Шежірені барлығына ортақ етіп, ашық түрде жазуға болмайды? Сондай сауалға жауап беру үшін, бұл жерде «Парламент» деген ұғымды айтып өту керек. «Парламент» сөзі француз тілінен «**тілмен орақ оратын үй**» деп аударылады. «Парле» сөзі «сөйлеу» деген мағына береді, ал «мент» сөзі «жеке орын» деген мағына береді. Сонда сөзінді айтып алуға мүмкіндік беретін жері, баяғы заманда Парламент болып, бекітілді. Оны не үшін жасаған еді? Кітап барысында бір айтып едік, кезінде Тамплиерлер жүйесі, Еуропада күшін жинап алған деп. Сол кезде, Франция патшасы бар күшін салып, өзінің бір бұйрығымен соларды жазаға тартқан еді. Солай, бір адамның қолындағы күш жиналатын болса оған қарсы тұру қиын болады. Сол себепті, жер бетінде ешқашан бір адам

осындай күшке ие болмау керек деп, бюрократиялық жүйесі ретінде, Парламент енгізген еді. Ал енді, осының басқа мақсатын тағы бір көрелік. Егер мысалы, кез келген елдің ішінде, еркіндігіне қарай саяси шешімдер қабылданатын болса, онысы бірден көзге түсіп отырады. Және бюрократ жүйесін қолданып, соған тосқауыл жасауға мүмкіндік болады. Және орнына, Иерофант өкілдері өзіне тиімді амалдарын салып жібере салады. Сол баяғы, көне заманнан келе жатқан, қитұрқылы саясаты. Екі жақты, біріне бірін шағыстырып қойып, екі жақты әлсіретіп салу және өзіне байлық дүниесін тартып алу. Ал енді бүкіл халық, жаппай Шежірені құпия түрде жазатын болса, сондай амалға қарсы шығу мүмкін емес болады. Себебі әр адам, өзінің келешек ұрпағына тиімді жолын зерттеп алып, саналы түрде жазып отырады. Соған қарап, келешек ұрпақ тәрбиесін алады. Еркін болып өскен әр азамат, ертең билік басына барған кезде, ойындағысын ашық айтпай, Шежіредегі жазылған өнегелі болашақтың негіздерін орнататын болады.

Шежірені жазу бір бөлек, ал соны ұрпақтан ұрпаққа үзбей жеткізу, мүлдем басқа дүние. Дәстүрі етіп халықтың, аманат етіп әр азаматқа ұғындыру тағы бар. Осы жерде тағы бір айтып өту керек, Құдаймен тікелей байланыс құрудың бірден бір жолы осы Шежірені жазу. Қолыңа қалам алғаны, бір бөлек. Ал өткен бабалардың көзқарасын түсіну, солармен сұхбат құра білу, және келер ұрпақ тағдырына көз салу үшін, зор батылдық керек. Сондай кезде, Құдаймен ақылдасып отырған кісі, жырлап жазатын болады шындықты. Шежіре сөзі – шындықты жырла деп тұр ғой. Әр адам жеке дара жаратылған себебі де осында жатыр. Осы дүниеде адам баласынан басқа, Құдаймен тікелей байланысын ешкім құра алмайды. Ғайыптағы көптеген тылсым күштер иесі, Құдайға сөз де айта алмайды. Барлығы Құдайға жол тауып алғысы келеді, алайда онысы тек Адам баласына берілген қасиет қой. Соны жүрек арқылы жасай алады әр адам. Ол үшін жүрек жылылығы өте қажет.

Өткен тарихқа, қалыптасқан мәдениет дәстүріне сын көзбен қарауға батылдық керек. Барлығына келісіп отырмай, ішіндегі осал жерлеріне сын айтып, оның дұрыс жолдарын ашық айту абзал. Өз өмірінің тағдырына, қожайын болған адам, солай жасайды. Мысалы, адам пәтер жалдаған кезде, өзін қожайын деп санамайды. Сол себепті, пәтер ішінде жөндеу жұмыс жасамайды. Ал қожайын болған адам, қисайған жерін түзетуге тырысады, оны жөндеп жүреді. Мейлі қате жасап қойса да, өзінің қожайын екенін білдіреді. Тура солай, өмірдің қожайыны деп есептеген адам, өз Шежірені толықтырып жазуға тырысады. Ішіндегі барлық тарауға өзінің жеке көз қарасын айтуға тырысып көреді. Әр адамның өмірлік тәжірибесі ерекше, дүние танымдық көз қарасы дара келеді. Осыған арқа сүйеп, өзінің тұжырымды ойын айту абзал! Батыл және зерек ойды көрген балаңыз, осыдан ертең үлгі алып өседі.

Тағы бар ұсыныс ретінде, Шежіренің түрлі саласын, туысқан ағайын арасында әр тақырыптарды бөліп алуға болады. Мысалы экономикасын бір ағасы жазып, әрі тарихын екінші ағасы зерттеуін жасасын дегендей. Барлық туысқандар басын қосатын кезде елдің сыртынан өсек айтуды қойып, өзінің Шежіресіндегі тақырыптарға арналған талқылауды жүргізетін болса игі.

Кітап жазатын кезде, дайын жауаптардан абай болу керек. Оның орнына Диалектикалық сұраққа зор ықыласты бөлу керек. Ақиқатты іздеген кезде, Диалектикалық сұрақ қойып, соған жауап алу өзі бір өнер. Себебі алған жауабына қарасаңыз, онысы өзімен бірге, тағы жүз сұрақтың басын өз кезегімен, алып шығады. Үлгі болсын деп, осы кітаптың ішінде үнемі, сондай Диалектика сұрақ тізімін жазып отырмыз. Мысалы, дайын жауапты жазатын болсаңыз, келешек ұрпақ соны қабыл алып, өздері тарапынан ізденбей қалуы мүмкін. Баяғыда бабаларым айтып кеткен еді осыны деп. Ал егер, Шежіренің іші толған Диалектикалық сұрақтар болса, сонда соларға жауабын іздеген әр

адам, өзінің санасын дамытатын болады. Құдайды толық тану мүмкін емес деген тұжырым арты осындай Диалектикалық сұрақтарға түрткі болсын, деген тәрізді ғой!

Бәлкім осы кітаптағы тақырыптар, дұрыс ашылмаған шығар, немесе оқырман ойындағы мүлдем басқа тараулары бар шығар. Соларын әр азамат өзінің Шежіресіне жазып қойғаны игі. Қазақ елін құрайтын он екі миллион адамы, Құдаймен тікелей байланыс жасап, өзінің Шежіресін жазатыны үлкен олжа әкеледі елімізге. Себебі әр адамға, Жаратқан ием жеке ой өрісін салатын болады. Сол ойлардың тізбегі, халық мәдениетін дұрыс бағытқа нұсқайтын болады. Әлеуметтану ғылымы әрі қоғамды түзейтін құрал көзі осында жатыр.

Енді мынаған көз салып қарайық, егер барлық азамат Шежіреге, келешек ұрпаққа лайық етіп, өз болашақ жобасын жазатын болса. Соған қарап өскен келесі буын жастар, күнделікті өмірінде сол бақытты қиялдың бейнесін көз алдына елестетіп әрекет жасайтын болса, күндердің күнінде ұзақ және берекеге толы бақытты болашақ кезі орын алады, жер бетінде. Мысалы билік басындағысы бір заң мен қаулысын шығарды делік. Заңды орындайтын халық қой, қарыны қампиыған бастық, оны барып жасамайды ғой. Сол бұйрықты жасайтын қарапайым қызметкер. Ал егер, Шежіресіне қарап өскен азамат болса, ондай кезде заңның болашаққа қаншалықты тиімді екенін өзі шешетін болады ғой. Егер бұйрығы елге зиян болса, соған қарымта амалын қарастырып қояды. Оған тіпті ақыл айтып, түсіндірудің еш керегі жоқ. Өздігінен барлығын жайратып салады. Қазақстан елінде қандай Идеологиясы жұмыс істеп тұр деген сауалға, әр үйдің ішіндегі Шежіресі жауап береді.

Жоғарыда біз Психология ілімін ашып көрсетуге тырыстық. Сонымен қоса, кітап барысында көп Диалектикалық сұрақтар қойып отырып, соларға жауабын беруге тырыстық. Және киелі Шежіре жазу арқылы, Әлеуметтану ілімін көрсеттік. Кітап басында Тарихтың басын ашып, көрсеткен еді тағыда. Осылардың барлығы ғылым болады және олардың өмірдегі күнделікті тіршілікке қандай ықпал беретінін ашып көрсетуге тырыстық. Ендігі келесі үлкен тақырып болған, сол Философия ілімі. Адамзат қолданатын ғылымдарың ішіндегі төресі осы ғылым болып есептеледі. Соны әлгі екі топ Иерофант өкілдері, әдейілеп тұрып шатастыруға тырысқан еді. Себебі осы ғылымды бәрі білетін болса және жеке өмірінде соны қолданатын болса, ондай адамзатты ешкім құл етіп жасай алмай қалады. Ал жақсы, адам құл болмай ақ қойсын делік, сондай еркін адамға қандай болашақ керек өзіне сонда? Міне осы жерде терең сауал жатыр. Еркіндікке ие болған адам, өзінің бақыты мен болашағын, өзі құрастырып алатынында жатыр. Егер өзін еркін деп жариялап отырып, Адам өзіне қандай болашағы керегін білмесе, қайтеміз? Демек Иерофант өкілдері сондай адасып кетіп бара жатқан тобырға, өздеріне тиімді қылып, жоспарланған болашақты ұсынады.

Ал егер біз, еркіндікті қастерлеп отырып, өзіміздің болашағымызға толық жауапкершілік алатын болсақ. Және құр сөзбен Парламентке шығып, орақ орып отырмай. Барлық саласына көңіл бөліп отырып, терең зерттеу жасап қойсақ. Соны жеке Шежіресіне жеті қырлы, мың сырлы етіп жазып отырсақ. Ондай миллиондаған санасы ашық халықтың көз қарасы, толықтай Ноосфера жүйесіне барып жазылады. Қандай ақыл иесі болмасын, ешқандай құпиялы топ өкілдері, миллиондаған ел мүддесін бақылай алмайды. Неліктен барлық адамға, әлеуметтік желіде өзінің ойын ашық айтып отыруға шақырады? Неге сондай көп көмпютер жүйесін, тегін елге беріп қойды? Себебі барлығы не ойлап жүр екен деп, соны бақылап отырғысы келеді. Бірақ егер, әр адам жылы жүрегі арқылы Құдаймен тікелей байланысын жасап алатын болса, ондай адамдарың ішкі ойын сезіп, бақылауы мүлдем қисынсыз.

Міне осы жерде Философия деген ғылымның, не үшін керек екенін білуге болады. Әр бір адамы өзіне ғана емес, келешек ұрпаққа лайық болашақ үлгісін, қиял арқылы зерделеп ой жүгіртіп, сол көңіліндегі ойларын Шежіреге жазып отырса, онда болашақтың нұсқасы қалыптасатын болады. Міне сондай ниетпен, мен келесі тарауды жазып отырмын. Бұның барлығы менің арман қиялым деп есептеу керек. Оны мен үлгі ретінде жазып отырмын. Құрметті оқырман, сіздегі болашақ ой өрісі мүлдем басқа болуы мүмкін. Оны ешкімге айтпай, жеке өзіңіздің ұрпағыңызға жазып қойса болады. Әр адамның ішкі ойындағысын, жалғыз Жаратқан ием ғана оқи алады! Басқаға жол жоқ.

## Қазақтың өмірлік философиясы

Осы жерде, бізге керек болашақ үлгісі қандай екен, деген сұрақ шығады. Соған жауап табу үшін, алдымен Диалектикалық сұрақтарды қойып үйрену керек. Сол сұрақтарға жауабын іздегін кезде біз өзімізге, ішінен тиімді нұсқасын көретін боламыз. Сонымен, келесі сұрақтарға көңілді бөліп, қараңыз.

### Диалектикалық сұрақтар легі

Болашақта, бәлкім мың жылдан кейін, шығар. Уақыт ұзақтығы аса маңызды емес. Біздің тікелей ұрпағымызға қандай болашақ өмір сүргені көп бақыт әкеледі? Әрі сонысы, Тәңірім ойластырған ұлы жоспарына сәйкес болғаны абзал. Енді осы ережені есте сақтап, сұрақтарға көшелік.

- Болашақта еркек пен әйел жұптасып шаңырақ көтереді ма? Әлде құмырсқа тәрізді, керек нәрестелерді көп жұмыртқадан өсіріп шығарады ма?
- Болашақта қылмыс жасау болады ма? Соған қоса, қылмыстық жазаны өтеуі үшін, абақты бола ма?
- Болашақта аурулар болады ма? Аурухана болады ма? Сол адамдар мезгілден бұрын дүние салады ма?
- Болашақта адамдар қалада өмір сүреді ма? Жоқ әлде ауылды жерде тұрады ма?
- Болашақта адам баласы тер төгіп, ауыр жұмыспен айналысады ма? Жоқ әлде әр жұмысты құлдарға жасатып қояды ма? Құл деп, бәлкім темір робот болатын шығар. Бар маймылды үйретеді ма?
- Егер жейтін тамағы дайын болса, баспанасы болса, киетін киімдер және қалаған дүниесін алатындай мүмкіндігі болса, сонда адам баласы болашақта не кәсіпке әуес болады? Қалай адам бос уақытын өткізу керек? Мысалы сіз, не істер едіңіз сондай кезде?
- Болашақта ақшалар қажет па? Ақшасы көп бай мен құр алақан кедейлер болады ма? Егер болсын десек, арасында қызғаныш сезімі болады ғой, оны қайтеміз?
- Болашақта шекара болады ма? Жоқ әр адам қалаған жеріне көшіп келетін еркі болады ма?
- Егер барлық адамдарға, көшіп келу еркіндігін беретін болсақ, содан кейін жерімізге, көп өзге ұлт өкілдері басып кіретін болса, қайтеміз?
- Болашақта адамдар өз ара сөйлескенде, бәріне ортақ бір тіл болады ма? Немесе көп тілде сөзін жеткізе алатын адамдар болғаны дұрыс па? Жоқ әлде техникасы жылдам аударатын құралдары болады ма?

Бүгін біздің адамзат, барлық келіспеген мәселені соғыс арқылы шешуді ғана біледі. Кімнің күші басым болса, соның айтқаны жүреді. Қарсы болғаны соғыс ашып, өзінің мүддесін қорғау керек, немесе көніп қалу керек. Сол себепті біздің жер планетасында, соғыс ешқашан тоқтамаған екен. Болашақта соғысты болдырмау үшін, келіспеген мәселесін қалай шешуге болады? Осы сұрақты өте маңызды деп айту керек. Себебі, осы сұраққа жауабын тапқан соң, жер бетінде **Армагеддон** мезгілі орын алады. Онысы соғыс болмайтынын көрсеткені.

- Мысалы делік, ертең Тынық мұхиттың дәл ортасында, терең су астынан жаңа жерлер көтеріліп, алып көлемді жаңа арал шығыпты делік. Көлемі жарты Австралия тәрізді болыпты-мыс. Сонда осы жаңа аралдың иесі болып кім шығады? Қандай ережемен соны адамзат шешу керек?
- Болашақта адамдары, Ай мен Марс планетасына ұшып барады делік. Осы мекендегі жер телімін қалай бөлісеміз? Және Жер бетінде сондай мекені бар ғой. Антарктида құрлығы. Көлемі өте үлкен. Бүгін сол құрлықта өмір сүруі қиын болып тұр. Бірақ ертең табиғаты жылынатын болса, қалай сондай жерді бөлісіп аламыз?
- Болашақта адамда жалғызсырау сезімі болады ма? Жалғыздықтан қорқатын болады ма?
- Болашақта мектеп керек болады ма? Ұстаздар керек болады ма? Диалектикасы керек па?
- Болашақта адамдар жүрек арқылы Құдаймен тікелей байланыста болады. Сол заманда мешіттер қандай әлеуметтік құндылықтарды қамтитын болады?
- Болашақта темір және тас жол болады ма? Жоқ әлде барлығы ауада қалқып, ұшады ма?
- Болашақта адамдар аң аулап, жәндіктерді өлтіріп қызық көреді ма? Ет жейді ма Қазақтар?
- Болашақта адамдар былапыт боқтау сөздерді айтады ма? Қарғыс айту болады ма?
- Болашақта жұмыссыздық деген кесел болады ма? Жұмыс таба алмай, қиналады ма ел?
- Болашақта кәсіпқой спорт жарыстары болады ма? Көне Ырымдағы гладиатор шайқасады ма? Елдің барлығы эмоцияға беріліп, жанкүйерлері бірімен бірі төбелесетін?
- Болашақта адамдардың есте сақтау қабылеті дамып, көп жырларды жатқа айта алады ма?

Міне осындай сұрақтарға жауап іздеген сайын, қиялдағы ойдың өрісі алыстағыны шалатын боп, адамның арманы өзіне керек болашақты құрастыратын болады. Солардың барлығын Шежіренің ішіне жазып қою керек. Бәлкім кей бір ұсыныстар қате болады. Деген мен, ойдың өрісі маңызды болғанын ескеру керек. Сондай ойға арқа сүйеп, келешек адамдар дұрыс қадам жасайтын болар.

Көп сұрақтарға біз бұл жерде жауап бермейміз. Оқырман өзінің арман ойларын жұмсап, болашақ жаққа көз салып, қарай берсін. Ал біз тек шет жағасын, аздап көрсетеміз. Үлгі үшін, мысал үшін ғана. Адамзаттың ең қымбат қасиеті, өзінің болашағын құрастыра алуында. Сонысы Философия деп аталады. Егер сізге Философия деп, қайдағы жоқ түсініксіз сөздерді айтатын болса, ондайын қабылдамау керек. Түсініксіз дегені, сізді адастыру үшін деп, қабылдау керек. Айтар сөзім өзіме, өз сырым ішімде деп, Шежіреге ойларыңызды ашық және түсінікті етіп жазыңыз. Келер ұрпақта осындай үлгісін қолданып, жазатын болсын.

Ислам дініндегі **Иман** ұғымы осындай кезде білінеді. Адамның ішіндегі иманы берік болса соны келешек ғұмырды құрастыру үшін жұмсай алатын болады. «*Сен тұр, мен айтамын!*» - деп, ішкі мөлшері сезімін қолданып, ұрпағына бақыт әкелетін болашақ үлгісін, қиялдан шығаруға батылы жететін болады. Және керісінше, иманы жеткіліксіз болған адам, өзінің ұрпағына бақыт әкелетін келешектің бейнесін көз алдына елестете алмайды. Сонысымен, өзгелердің құрастырған құлдық жоспарына, өзінің ұрпағын байлап кетеді. Жер бетінде көшпенді елдерден басқа ешкім еркіндігі толған мың жылдықтар мезгілін, басынан өткізбеген. Біздің геніміз осыған дағдыланған. Ал енді

уақыты келгенде, осындай міндеттен бастартып отырған адамға, құлдықтан басқа не бұйырады? Жаратқан ием әр қашанда көмек беруге дайын, егер саф заңдылықтарды ескере отырып, тәуекел деп, жауапкершілікті толығымен мойнына алған адам, жүрек жылуы арқылы, ұрпақ келешегін армандайтын болса, сол арманы міндетті түрде орындалады!

## Болашақтың көркем бейнесі

Сонымен, бүгін бізді қандай қиындықтар басып жатыр. Соларға көз салып, шешімін тауып алып қойдық деп есептелік. Бірінші деп, электр тоқ қуатының аздығын айтуға болады. Демек, мүлдем өшпейтін, мәңгілік қозғалтқыш түрін тауып алдық, деп армандайық. Оның көп түрі болады екен деп қояйық. Мысалы мұхит суының толқындары мәңгілік. Соларды бір ретімен, жасауға болады екен. Тағы, биік таудағы қар бітпей, үнемі сарқылдап ағады екен. Демек, қолдан тауларды жасап, солардың төбесіне бұлттар үйірленіп, онысы қарға айналып, төмен қарай су ағады. Біз гидролық тоқ шығаратын генераторын қойып жасаймыз. Осылай электр-тоқ қуаты барлық жерде болады.

Келесі мәселе, жердің құнарлығы азайып барады. Көп жерлер шөл далаға айналып жатыр. Солар болашақта дұрыс жоспар арқылы, құнарлы жер болып. Сансыз ағаш пен бұлақ көздері ашылады, барлық жерде. Осылай біз, қуат және жер құнарлығын шешіп аламыз. Сонымен қоса, ішетін суы тапшы болмайды жер бетінде. Жердің беті көгеріп шықса, аң мен құстар сансыз көп болады. Енді адамның табиғатына ауысайық. Диалектикалық сұрақтарды қойып, әр ақиқаттың көзін аша алатын адамзат болады. Демек құпиялы ақпарат бәріне мәлім болып, Апокалипсис деген заманы солай келеді. Осы кезде барлық адамдар үшін бірінші заң ретін: **Арым – жанымның садағасы!** Деген мақал бекітеді.

Егер ішетін тамағы дайын болса, киетін киімі, баспанасы дайын болса, ақша атымен жоқ болып. Адам баласы өзіне не кәсіп қылады, деген сауал шығады. Осы сауалға жауап беріп көрелік. Тағы қайталап өтемің, бұл қиялдан шығып тұрған ақпарат. Келешектегі адамдардың не ермегі болары туралы ой жүгіртіп көрелік. Сонымен, адамға және табиғатқа зияны бар, барлық ауыр өндірістік зауыттардың ордасы, ғарышта орналасуы керек. Сол жерде жұмыстың барлығын робот құлдары жасайтын болады. Адамдар жер бетінде отырып, алыстан соларды басқаратын болады. Мысалы Марс планетаның арғы жағында, астероидтардың белдеуі бар. Солардың көлемі планетадан кем емес. Ішінде өндіріске керек барлық шикі зат түрлері ғарышта қалқып тұр. Демек ұшатын робот өндіріске керек шикі зат көлемін, сол жақтан алып келіп, зауыттарға тапсырады. Содан кейін кез келген керек дүниесін, шығарып береді.

Сонымен қоса, әр үйдің ішінде бір неше 3Д принтер болу керек. Үйге керек ұсақ түйек заттарды, осы принтері арқылы шығарып алуға болады. Мысалы, үйдегі тұрмыстық техникасы бұзылатын болса, соған керек бөлшегін тексеріп, 3Д принтер арқылы шығарып алуға болады. Солай құралы мәңгілік қызмет көрсетіп тұрады. Әр адам зерттеу жұмыстарын жасайтын болса, соған Жасанды Интеллект нағыз көмекші болары анық.

Енді ғарыштағы жобаларға ауысайық. Ең алдымен Жерді айналған сақина тәрізді үлкен өндірісті орталық жасау керек. Содан кейін, Айдың сыртына сақина салу керек. Одан кейін, Марс планета өзінің сақинасын киеді. Енді ұшатын робот Жер сақинасында жиналатын болады. Содан Айдағы сақинаға ауысады. Айдың бетінде жұмыс атқаруы керек болса, сол жаққа ұшып барады. Ал егер, Марсқа ұшамын десеңіз, Айдан ары қарай Марс сақинасына ұшып барады. Содан соң, Марстың сақинасынан төменге қарай қатынайтын болады. Барлық жұмысты жердегі адамдар бақылап, өзі жасайтындай етіп ЖИ қолданады. Марс бетінде температура көлемі -250 градус. Тым суық екен.

Сол себепті, биологиялық өмір өсіру үшін, алдымен жылудың мәселесін шешіп алу керек. Және осындай тәсілмен, Шолпан планетасын айналатын сақинасын жасап қоямыз. Содан Шолпан беті адамға лайық болу үшін, өзгертілетін болады. Мысалы қазір, Шолпан беті +450 градус ыстықты көрсетіп тұр екен. Ауасы толған көмірқышқыл газ екен. Жер бетінде балдырлардың түрі өте көп. Солардың ішінде фитопланктон тәрізді бар екен теңізде. Егер солардың көп көлемін Шолпанның ауасына жіберіп қойса, бір неше мың жыл ішінде олары, Шолпан атмосферасында оттегілі газын көп етіп шығара алады. Содан Шолпан ауасы, адамға қауіпсіз дем алуға болатыны әбден мүмкін.

Міне осылай, адамзат өзіне екі планетаны ыңғайлы етіп, жасай алады. Стратосфераға көп көлемі бар жүкті көтеру үшін, бүгін ракета керек емес әсте. Аэростат деген ұшатын кемелер бар. Олары осыдан жүз жыл бұрын ұшып жүретін еді, әуелі. Осы қауіпсіздік мәселесі толық шешілмеген еді сол кезде. Апатқа ұшырап, кейін оны қолдануды тоқтатты. Бүгін осы технологиясын қайта қолға алып, көп елдер дамытып жатыр. Ондай аэростат, көп тонналы жүкті жоғары қарай көтере алады және оған жанармай жағудың керегі жоқ. Ауалы қысымы арқылы көтереді. Жоғары көтерген соң ары қарай ракета тәрізді, ұшып кетуге болады. Ең көп жанармай көзі, Жер бетінен алғаш қозғалу үшін жағылып кетеді. Ал стратосфера жақта Жердің тартылым күші азая түседі. Күн жүйесін өзі айналып жатқан көптеген планеталар көп және астероид тастар сансыз. Солардың барлығын, бір жүйеге келтіріп, әр планетаның сыртына ауыр өндірістік сақинасын жасаудың өзі неше мың жыл уақыт алады. Осымен адамзат айналысатын болса, соғысу керек болмайды. Жасанды Интеллекті әр адамға керек ақпарат көзін ашып береді. Әр адам, өзінің қиял арманын орындауға мүмкіндікті жібермей, барлық жер бетіндегі тіршілікке көмек беретін болады.

Осы жерде, тағы бір құпиялы ақпараттың көзін ашып берейік. Ғарыштағы жұлдыздардың басым көпшілігі қос жұлдыздан құрылған екен. Біздің Күн жүйесі де сондай. Күн жұлдызының сыңары бар ғарышта. Тек ол нұр шашып, сәулесін төкпейтін жұлдыз екен. Салмағы өте ауыр, **Қара Күн** деп атайды оны. Ғаламтордан іздеп көрсеңіз, ол туралы көп мағлұмат табуға болады. Біз білетін күнді айналып жүреді екен және бір айналғанына 25 мың жыл уақыт кетеді екен. Сол Қара Күні қай жақта қалқып жүргенін іздеп табуға болады.

Осындай құпиялы заттарға толы ғарыш желісі адамзатты күтіп отыр. Жер бетіндегі көп елдердің аңыз дастандары соларды сақтап келеді. Бізге соның барлығы қол жетімді болып тұр. Осыған ой жүгіртіп, түрлі технологиялардың әдістерін ойланып, іздену керек. Жаратқан ием адам баласына барлық мүмкіндікті беріп қойды. Ынтымағы жарасқан ел болсақ, осының барлығы бізге қызмет қылуға дайын. Ал соған қол жеткізу үшін, алдымен Ноосфераны арман қиялымен толтыру керек бәрімізге. Құр сөзбен емес, жауапкершілік дәрежесін өз мойнына алып отырып. Нұрлы ақылы, ыстық қайраты мен жүрек жылуы керек. Осының барлығын үнемі дамыту керек. Сонымен қоса, Құдайға тікелей байланыс көзін орнатып, киелі Рұхтан кеңес алып, түпсанадағы Ұнар ережелері үнемі бақылауда болу керек. Себебі екіжүзді ережелердің ықпалы, бейсаналы түрде ішке кірмей, түрлі эгрегорлардың жетегінде кетіп қалмау керек. Ол үшін адамға мөлшері сезімі берілген екен. Мысалы кез келген тамақты мөлшерінен асырып жейтін болсақ, ұланып қаламыз. Баланы жылы жүрек сезімге баулып өсірсе жақсы, ал егер тым еркелетіп жіберсе, ынжық болады. Және адамға берілген мөлшері сезімі осыған байланысты. Барлығы мөлшері сезімін ескеріп отыруы керек. Ал оның дұрыс немесе артық болғанын, адам баласынан басқа ешкім білмейді. Жасанды Интеллект оны білмейді. Демек осыны адамның өзі бақылап, үйрену керек. Сонда өз ара үйлесімдік, адамға тән қасиет болып шығады.

## Түйін сөз

Жаратқан ием адам баласына барлық керегін, әуелден берген болатын. Керек қасиеттің дәнегі, әр адамның бойында жатыр. Және қасиеттерді дамыту үшін, нұрлы ақыл, ыстық қайрат және жылы жүрек берілген адамға. Тірі жүрген адам, Құдаймен тікелей диалог жүргізе алады. Құдай мен әр адамның арасында, не туралы сұхбат болатыны жайлы, ешкімге білуге рұқсат жоқ! Оны сіз және Жаратқан ием біледі. Адам өзінің бойындағы Мөлшері сезімін жақсы игеретін болса, қалағанын арман арқылы жүзеге асыратын болады. Адамның Халифа болу міндеті, осыдан шығып тұр. Көп жұлдыздар бізге қарап: *шіркін осындай Жер шарды мекен еткен адамдар, бізге жұғысты болар ма екен?* - деп, көз алмай бақылап отыр бізді. Өмірден өтіп кеткен Аруақтар әлемі, бізге демеуін беруге ынталы. Келер ұрпақ легі, Шежіресі бар әулеттің жалғасы болуға құмар. Ноосфера әлемі, адамзаттың дамуына ынтызар болып тұр. Білім бұлағын ашып қойдық, қолыңызды бос қойдық!

Осы кітаптағы тараулардың барлығы толықтай жазылмаған еді. Шет шағасын ашып, тақырыпты жағалай өтіп, сәл көз салдық ішіне. Оның себебі оқырман кейін, өзінің ойларымен жалғастырып жазуға мүмкіндігі, деп білерсіз. Бәлкім осы кітап ішіндегі айтылған ойлардың негізі қате шығар. Сондықтан, оны түзетіп, өзінің ойындағысын дұрыс етіп, жаза берсін деген мақсат жатыр.

Бұл, аяқталмаған кітаптың қаңқасы деп есептеу керек. Кей жерін өзгерту керек шығар. Артынан осыны қағазға бастыру үшін, тағы көп қаражат инвестиция керек. Егер осы кітапты қағазға басу керек деген жомарт жандар болса. Кітаптағы байланыс мекеніне хат жазып хабар берсін. Егерде кітап ішіндегі жазылған ойлар тізбегі, көңілден шығып жатса және кітапқа қатысты кей ұсыныс болса, кітап басындағы емэйл арқылы хабарласуға болады. Кітаптағы мәліметке қатысты болған жаңалықтарды, беттің төменгі жағында көрсетілген, ғаламтордағы сайт парақшасын ашып, көре аласыз.

Кітап барысында айтқан едік, адам бұл дүниеге шешім қабылдап үйренуі үшін келеді, деп. Соны үйренуі үшін тәуекел етіп, шешім нәтижесіне адам өзінің өмірін тігеді. Болмысымен жауап беріп жүреді. Осыны бейсаналы түрде сезетін адамдар, шешім қабылдаудан қашуға тырысады. Алайда онысы да шешім болып есептеледі. Сондай кезде, адам айтатын сылтауы: - *мен білмедім ғой*, деп өзін ақтап алуға тырысады. Осы кітаптағы мәліметтерді оқыған адамға, енді ондай сылтау айтуы қисынсыз болады. Себебі өзіне алған жауапкершілік деңгейіне қарай, еркіндікке қолды жеткізуге болады.

Қазақстан елінің туында, күн бейнеленген. Сол күннің 32 сәуле шуағы тағы бар. Онысы әлемдегі ірі отыз екі Түрік тілді халықтардың бірлестігін көрсетеді. Бәріне ортақ құндылық, көне тарихы. Осы кітаптағы ақпаратты, барлық түрік тектес халықтардың тіліне аударып жеткізсе игі. Әлемде көптеген Түрік тілдес туысқан халықтарға, ортақ ақпарат көзі жазылған осы ойлар, оларға демеу болатыны сөзсіз. Егер оқырман өз ынтасымен, осы кітаптағы мәліметті, өзге тілдерге аударамын десе, қарсы болмаймыз. Аударған кезде, ойдың мән мағынасын кері өзгертпей, аудару керек.

Көңіл бөліп, назар салғаныңыз үшін көп рахмет. Жаратқан ием жар болсын сізге!

## Мазмұны

Алғысөз.....	3
«ҚАЗАҚ» сөзі не мағына береді?.....	4
Жұлдыздардың қазығы не?.....	5
Бізге оның не қатысы бар?.....	7
Алғашқы қалалар қалай пайда болды?.....	8
Қала болмаған кезде ауыл тұрмысы қандай еді?.....	9
Қалаға кімдер барған сонда?.....	10
Қала әкімі болу қандайды?.....	11
Алғашқы ақша қалай пайда болды?.....	12
Құлдық деп нені айтамыз?.....	13
Қалада алғаш билік қалай пайда болды?.....	16
Ауылдар енді қалаға қалай тәуелді болып қалды?.....	17
Алғашқы дін қалай пайда болды?.....	19
Егіншілік науқаны дінге не қатысы бар?.....	22
Тойымсыз шамандарды қайтеміз?.....	24
Бетімен кеткен әкімге кім тоқтау салады?.....	26
Соғыс деген қандайды?.....	29
Патшалық деген қандайды?.....	32
Экономикалық соғысу тәсілі қандай?.....	35
Дала тарихы қалай басталды?.....	38
Көшпенді ел қалай пайда болды?.....	41
Дін арқылы елді билеу қандайды?.....	45
Дін, әскер әлде сауда күшті ма?.....	48
Құдайға сенудің қандай жолдары бар?.....	51
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек!.....	56
Діни ілімдерінің ықпалы қандайды?.....	60
Құпия екі биліктің көзі қандайды?.....	65
Тарихтың басы қалай басталды?.....	72
Ежелгі Греция елі қалай пайда болды?.....	75
Ырым империясы қалай пайда болды?.....	81
Көшпенді елдің империясы қашан болған?.....	86
Ислам халифаты қандайды?.....	92
Шыңғыс хан империясы қандайды?.....	96
Византия империясы қандайды?.....	102
Қазақ ордасы тарихы қандайды?.....	107
Қазақ мемлекетіне қайтпек керек?.....	114
1. Жердің жалпы биосфералық заңдылықтары.....	118
2. Адамға тән биологиялық заңдылықтары.....	123
3. Ноосфералық және Сенін-нанымдық қарым қатынас заңдылықтары.....	129
4. Элеуметтік және мәдени негізін құрайтын заңдылықтар.....	136
Біздің ауылдың молдасы.....	138
5. Шаруашылық істерді тыңдыратын экономикалық заңдылықтар.....	144
6. Елді ұйытып, берекелі басқарудың заңдылықтары.....	152
1. Өміртану, дүниетану әдістемелері.....	155

2. Хронологиялық (тарихи) ықпал ету әдістемелері.....	157
3. Идеология (үгіт-насихат) арқылы ықпал ету әдістемелері.....	159
4. Экономикалық және қаржы арқылы ықпал ету әдістемелері.....	162
5. Қоғамға геноцид қаруы арқылы ықпал ету әдістемелері.....	166
6. От қаруы мен ыстық соғыс арқылы ықпал ету әдістемелері.....	169
Әлеуметтану ілімін айталық. Оның ішіне кемінде келесі ғылыми бағыттар кіреді:.....	173
Екі топ Иерофант дін өкілдері қандайды?.....	174
Одиссей және Полифем соқыр туралы аңыз.....	175
Диалектика деген қандайды?.....	179
Философия деген қандайды?.....	184
Шежіре мен Жеті Ата ұғымы.....	187
Идеология негіздері қандайды?.....	190
1. Өміртану, дүниетану әдістемелері.....	190
2. Хронологиялық (тарихи) ықпал ету әдістемелері.....	191
3. Идеология (үгіт-насихат) арқылы ықпал ету әдістемелері.....	193
4. Экономикалық және қаржы арқылы ықпал ету әдістемелері.....	194
5. Қоғамға геноцид қаруы арқылы ықпал ету әдістемелері.....	196
6. От қаруы мен ыстық соғыс арқылы ықпал ету әдістемелері.....	198
Адамның өз еркімен алатын жауапкершіліктер тізімі.....	200
1. Жеке басының мүдделеріне қатысы бар жауапкершілік.....	200
2. Туысқан, отбасы, достар арасындағы, күйбең тіршілікке қатысты жауапкершілік.....	201
3. Қаржы және кәсіби салаға қатысты жауапкершілік.....	201
4. Таптық (бай – кедей, жеке меншік – қоғамдық) көзқарастағы жауапкершілік.....	202
5. Түрлі ұлттар арасындағы қарым қатынасқа қатысы бар жауапкершілік.....	203
6. Діни салаға қатысы бар жауапкершілік.....	204
7. Жалпы мемлекеттік дәрежедегі жауапкершілік.....	205
8. Бір неше мемлекетке қатысы бар регион көлеміндегі жауапкершілік.....	206
9. Жер бетіндегі барлық адамзатқа қатысы бар жауапкершілік.....	207
Психология деген қандайды?.....	209
1. Ақпарат көзі.....	210
2. Жігер қайраты (тән көзі).....	214
3. Жылы жүрек – Мөлшері сезімі (эмоциялық орталық).....	216
Жын және байлаулы ешкі.....	217
Шежірені қалай жазамын?.....	221
Ең әуелі Шежіренің ішіне не жазу керек?.....	221
Шежірені не үшін жазу керек?.....	224
Қазақтың өмірлік философиясы.....	229
Диалектикалық сұрақтар легі.....	229
Болашақтың көркем бейнесі.....	231
Түйін сөз.....	233